

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

Мұхтар Әуезов

ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ
ЕЛУ ТОМДЫҚ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ

28-том

МАҚАЛАЛАР, ЗЕРТТЕУЛЕР,
ӘҢГІМЕ, ПЬЕСА

1946–1949

“ДӘУІР”
“ЖІБЕК ЖОЛЫ”

АЛМАТЫ
2014

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз-7
Ә 82

*Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды*

Редакциялық кеңес:
Кеңес төрағалары – М. Құл-Мұхаммед, А. Сәрінжіпов

Жалпы редакциясын басқарған – ҰҒА корреспондент мүшесі,
филология ғылымдарының докторы У. Қалижанов

Кеңес мүшелері:
*Әкім Т., Әуезов М., Жұртбай Т., Кекілбаев Ә., Қанатиянов Б., Қасқабасов С.,
Қирабаев С., Қонаев Д., Қошанов А., Құрманғали Қ., Мағауин М., Мұртаза Ш.,
Нұрпейісов Ә., Оразалин Н., Сүлейменов О., Тасмағамбетов И., Ыбырай Ш.*

Әуезов М.

Ә 82 Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: “Дәуір”, “Жібек жолы”, 2014.
28-том: Мақалалар, зерттеулер, әңгіме, пьеса. 1946–1949. – 440 б.

ISBN 978-601-294-170-8

Мұхтар Омарханұлы Әуезов шығармаларының елу томдық академиялық толық басылымының 28-томына “Асыл нәсілдер” пьесасы мен әңгімесі, “Ертегілер”, “Қыз Жібек”, “Қозы Көрпеш – Баян сұлу”, “Ворошилов атындағы колхозда”, “Проблемы изучения истории казахской литературы”, “Жамбылдың айтыстағы өнері”, “Қазақ әдебиетінің тарихын жасау мәселелері”, “Үшқоңыр жайлауында”, “Біздің елдің салт-сауығы”, “Әлішер Науаи” сияқты зерттеулері мен мақалалары енді.

Кітап ғылыми жұртшылыққа, қалың оқырман қауымға ұсынылады.

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз-7

ISBN 978-601-294-170-8 (28-том) © М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2014
ISBN 978-601-294-142-5

**Мақалалар,
зерттеулер**



ЕРТЕГІЛЕР

Қай елдің ауызша әдебиет шығармаларын алсақ та, барлығында ертегі халықтық шығармалардың мол саласы екенін көреміз. Сол барлық елдер фольклорында “ертегі” деген атау әрі саны мол, әрі алуаны көп шығармалардың тобына арналған жинақты атау болады. Жалпы, барлық ертегілерге ортақ ерекшелік: бұлар қара сөзбен айтылатын оқиғалы көркем әңгіме. Ғажайып хал, қиял әңгімелер түрінде, немесе орасан оқиғалы қызғылықты әңгімелер ретінде құрылған ертегінің бәрі де негізінде шаруа кәсіппен, қоғамдық құрылыс тартыстармен, тарихпен байланысты боп келеді. Осы аталған қызғылықты әңгіменің бәрі-бәрі де ертегінің түрлеріне қосылады.

Сондай көп алуандас тақырыптардан құрылатын ертегілік қор – советтік фольклористика ғылымының түгел шолып, зерттейтін бұйымдары. Орыстың ұлы революционер-демократтары айтқан, халық шығармалары жөніндегі пікірлерді еске алсақ, Белинский сол шығармалардан халықтық көзқарасты айыра білу керек, халық шығармасы “Халық жанының айнасы” – деген. Сонымен қатар Белинский халық шығармасынан тарихтық жайды аңдау керек екендігін, халық поэзиясында қоғамдық тартыстың сәулесі барлығын, онан соң, көркем әдебиетті туғызушы және сақтаушы да халықтың өзі екенін айтқан болатын.

Добролюбов та ертегілер жайын сөз қылғанда, ең алдымен сол ертегілердің халық ортасында сақталу, айтылу жағдайларын сипаттау керек дейді. Сонымен қатар ертегіге халықтың өзінің бейілі қандай екенін ашуды шарт етеді. Добролюбов: “Ертегі – бізге ең алдымен халықты мінездейтін материал есебінде қажет” деген.

Қазақ ертегілерінің жеке түрлерін тексеруден бұрын бұл уақытқа шейін сол қазақ ертегісін зерттеуде істелген

еңбектер жайын қысқаша шолып өту қажет. Жалпы алғанда, қазақ ертегілері негізінде орыс оқымыстыларының еңбегімен жиналып, зерттеле бастайды. Бұл жай, әсіресе өткен ғасырдағы және ХХ ғасыр басындағы революциядан бұрынғы жайларды еске алсақ, әсіресе айқын көрінеді.

Қазақ ертегісін зерттеу жұмысының басы сол ертегілерді жинап, жариялаудан басталады. Бұл жөнде бір топ зерттеушілер қазақ ертегілерін қазақ айтушылардың аузынан қазақша жазып алып, жинап бастырған. Ал тағы бір топ зерттеушілер қазақ ертегілерін орысшаға аударып, орыс тілінде жариялайды. Алғашқы түрде еңбек еткендер – В.В. Радлов, И.Н. Березин, Ә.А. Диваев сияқты кісілер. Екінші түрде орыс тілінде қазақ ертегілерін, аңыздарын мол жариялаған адамдар – Алекторов, Г.Н. Потанин, Ә.А. Диваев және басқа бірнеше жинаушылар бар. Орыс тіліне аударып, қазақ ертегілерін, аңыздарын көп таратқан бірталай баспа орындары да бар: “Акмолинские обл. Ведомости”, “Оренбургский листок”, “Особое добавление к областным Ведомостям”, “Киргизская степная газета”, “Тургайская газета”, “Туркестанские Ведомости”, “Астраханский вестник”, “Русские Ведомости”, “Тургайские обл. Ведомости”, “Оренбургский губ. Ведомости”, “Волжский вестник”, “Этнографические материалы (Средняя Азия)” дегендер сияқты орыс тілінде шығатын көп кезекті баспасөз беттерінде орыс оқымыстылары мен қазақ зерттеушілерінің жинаған көп ертек, аңыздары басылған. Ертегілердің өз үлгілерін жариялаумен қатар, Шоқан, Радлов, Потанин, Алекторов сияқты адамдардың сол қазақ ертегілері туралы айтқан азын-аулақ үзінді пікірлері де бар. Мысалы, Шоқан қазақ ертегілерінің көпшілігінде Афанасьев жариялаған орыс ертегісіне ұқсас әңгімелер көп екенін айтады. Бұл пікірді Алекторов та қостайды. Ол қазақ ертегілерінің көбінде солтүстік елдер ертегісімен және кейбір Шығыс елдерінің ертегілерімен ұқсастық бар екенін айтады¹.

Радлов ХІХ ғасырдың бойында бұның алдында Шоқан Уәлиханов дұрыс байқап, қатты наразылықпен айтқан бір жайды дұрыс дәлелдеп сөйлейді. Ш. Уәлиханов татар молдаларының қазақ ортасынан діншілдік, фанатиктік исламшыл аңыз, қиссаларды көп жинағанын қатал сынаған еді.

Радлов өзі жиған, қазақ ортасына жайылған ислам дінімен жалғас тарап жүрген ертегілік аңыздарды бастырып жария-

лайды және солардың ішінде “Кітап өлең” деген бөлімде қазақтың халықтық шығармаларына араласа тарай бастаған “Жұм-Жұма” сияқты әңгімелерді ХІХ ғасырдың соңғы дәуірлеріндегі жасанды жаңалықтар есебінде сынайды.

Жалпы, революциядан бұрын қазақ ертегілерін жинап жариялаушылар арасында ғылымдық жолмен еңбек етіп зерттеуші – сол академик В.В. Радлов болған. Оның жазып алған ертегілері (кейбір жерлерде Радловтың қазақша сөйлесуге жатық болмағандығынан жаңылыс түскенімен) ертектің өз тілін бар ерекшелігімен өте дәл береді. Бұған кездескен ертегішілер өзгеше айтқыр, тілі бай, анық өнерлі ертегішілердің өзі тәрізді. Олардың айтуында ертегінің дағдылы бастамалары, аяқтауы, ертегінің өзіне лайық тілі, әрбір орынды жерлерде қолданылатын мерзімді ертегілік сөйлемдер және айшықты, орамды сөз құрамдары ұдайы кездесіп отырады. Қысқасы, ертегінің әрбір айтушыға байланысты жекешелік түр, тіл жаңалықтары да және осы алуандас халық ауыз әдебиетінің көркемдік түр, стиль өзгешелігі де бұл айтушылардың айтуынан және Радловтың ғылымдық ұқыптылықпен дәл түсіріп жазып алуынан аса айқын байқалады.

Осылайша өзі естіп, өзі көрген, жазып алған тіл деректеріне қарап, Радлов қазақ халқының тіл өнері жөнінде тұтас пікір айтады. “Өзге туыстас елдерінен қазақтың ерекшелігі – сөз орамына шебер және тамаша шешен” деген. Бірақ өзге қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін жазғанда қолданған әдеті бойынша өткен ғасырдағы буржуазиялық фольклористиканың дағдысына түсіп, Радлов өзіне ертегі айтып берген адамдардың аттарын, жөндерін жазбайды. Олар жайын елемей, атамай өтеді.

Бұл тұста Радлов халықтық шығарма, атсыз ақындар, айтушылар таратып жүретін көптік шығарма деген түсінікті, буржуазиялық фольклористиканың үстірт, теріс түсінігін қолдайды. Халық ауыз әдебиеті коллективтік түрде туып, сақталумен қатар, жеке халық өнерпаздарының қатынасуы мен творчестволық араласуы сияқты туып, дамитаынын аңдамаған. Ал Г.Н. Потанин қазақтың ертегі мен аңыздарын жинап, орыс тіліне аударып бастыруда Радловтан басқаша әрекет етеді. Ол көбінше өзіне белгілі ертегі, аңыз-әңгімелерді айтып берген адамдардың аттарын, тұрған болыстарын, ауылдарын атап отырады.

XIX ғасырдың 90-шы жылдарында және XX ғасырдың бас кездерінде қазақ ертегілерін жоғарыда аталған – орысша кезекті баспасөз беттерінде жариялаушы Алекторов сияқты оқымыстылардың көпшілігі де өздеріне ертегі айтып берген адамдардың аты-жөнін, тұрған жайын атап отырады.

Қазақ ертегісінің өзге халықтық ауыз әдебиет үлгілеріндей ең мол жайылып, ретті түрде жазылып, топталып зерттелуі және жариялану кезі Ұлы Октябрь революциясынан кейін ерекше үдеп дами түсті. Бұл жөнде қазақ ертегілерінің аса көп түрлері арнаулы экспедициялар еңбегімен көп жылдар бойында Қазақстанның көп-көп өлкелерінен жазылып, жиналумен келеді. Қазақстан Ғылым академиясының Тіл мен әдебиет институты талабымен жиналған ертегілердің саны қазір әлденеше жүзден асты. Социалистік мәдениет дәуірінде қазақ халқының өзге барлық Одақтағы туысқан елдердің қазыналарындай қымбатты бұйымдары, ауыз әдебиет үлгілері ұлы орыс халқының тілінде жиі жарияланып келеді. Москвадағы баспа орындарының еңбегі бойынша қазақ ертегілерінің бір тобы қазақ әдебиетінің антологиясы ішінде жарияланды. Тағы бір топ қазақ ертегілері орыс тілінде жекеше кітап боп Москвада² және Алматыда³ жарияланды.

Қазақ ертегілерінің орыс тіліне аударылған мол бір тобы 1952 жылы Москвада профессор Сидельников басқаруымен және де басылып шықты⁴. Қазақ тілінде мектеп оқу құралдарының барлығында да көп жылдардан бері халық ертегілерінің әр алуан үлгілері жарияланып, зерттеліп, оқылып келеді. Бірақ осы соңғы жаймен байланысты айрықша атап өтетін елеулі кемшілік, орасан қателіктер болғанын да әдейілеп атап айту қажет.

Қазақ ертегілерін зерттеуде, жинап, топтап жариялауда үш түрлі ерекше қателіктер болған. Ең әуелі ертегілердің анық халықтық үлгілерінің өзін ғана іріктеп, талдап алып тексеру ісі ретке қойылмаған. Сондықтан халық ертегісінің қатарына халықтық санаға жат хандық-феодалдық салт-сананы, кейде байшыл-ұлтшылдық сананы дәріптейтін және де халыққа қас ниетте болған хан тұқымдарын дәріптейтін ертегілер халық ертегісі қатарында талғаусыз немесе буржуазиялық-ұлтшылдық ниетпен әдейілеп басылып, жариялана берген. Екінші бір өрескел кемшілік – қазақ ертегі-

лері қазақ халқының жалпы тарихынан бөлініп алынып, өз бетінде бір бөлек дүниедей жалпы қоғам тарихынан оқшауланып тексерілетін. Мәдениет халықтың тарихымен бірге жасап, бірге өзгеріп отыратыны жөнінде айтқан ғылымдық ойлары бұл жөнінде ескерілмеген. Қазақ халқының жалпы тарихымен және әр дәуірлердегі тарихтық-қоғамдық өзгерістермен байланыстыра тексермегендіктен, ертегілер тек жанр түрінде ғана топталып, жіктеліп, қоғам тарихынан тысқары, заманы жоқ беймезгіл бір туындылар есебінде, шалағай тексерілетін болған.

Бұл жөнде марксизм-ленинизм классиктерінің ғылымдық негізгі көзқарасы, фольклор әр дәуірде өзгеріп отыратын тап тартысының айнасы, айғағы дейтін ең өнімді, жемісті ойлары тексерілмеген.

Үшінші зор қателік: ертегілер жөнінде Лениннің “Әрбір ұлт мәдениетінде екі мәдениет бар” деген қағидасы ескерілмеуі себепті халықтық ертегілердің негізгі үлкен өзгешелігі еленбеген. Ертегіні зерттеуде Энгельстің, Лениннің, Горькийдің айтқан басшылық пікірлері бойынша халық ертегісінің анық қоғамдық, саясаттық мәнін ашу қажет және әрбір нақтылы тарихтық-ұлттық жағдайдағы тарихтың ролін айқындап ашу қажет еді. Ертегіні зерттейтін ғылымның жүйелік негізі марксизм-ленинизм классиктерінің халық шығармасы, халық көркемөнері турасындағы ғылымнан туады. Ертегілер жөнінде В.И. Лениннің даңғыл пікірі бойынша: “ертегіні қоғамдық-саяси тұрғыдан қарап, халықтың арманы мен мүддесі тұрғысында зерттеу, жазу керек”. Және де халықтық “ертегілер”, халықтық шығарма Ленин пікірі бойынша: “Біздің уақытымызда халықтың психологиясын зерттеу үшін керек, қажет бұйымдар” деп бағаланады.

Осы айтылғанға сәйкес қазақ ертегісін дұрыс зерттеудің ғылымдық-жүйелік, идеялық-тарихтық бағыты айқындалады. Ленин айтқан мақсатпен зерттеу жүргізгенде халық ертегісінің мазмұнынан танылатын өзгеше қасиеттерін айрықша атап өту керек. Сонда ертегі әр заманның айғағы болғандықтан, онда білім берерлік, халықтық, өнерлік қасиеттер бар екенін алдын ала есте тұту шарт. “Сөз өнерінің басы фольклорда” деген Горькийдің айтқанын еске алсақ, ертегіде білімге жалғас өнер де, көркемдік

те егіз сыңар болатынын аңғарамыз. Сонымен қатар, әсіресе халық ертегісін зерттеудегі ең зор мақсат сол ертегілердің негізгі идеялық мазмұнын саралап, айқындап ашу да. Бұл жөнде ең алдымен халық ертегісі халықтың қанаушыларына қарсы, сол халықтың таптық жиренішін қалай көрсететінін ашу шарт. Халық санасындағы отаншылдық сезімді, халық ұғымындағы адамгершілік гуманизмді, халықтың қанатты үміті оптимизмді және өз қуатының жеңгір қасиетіне сенгіштікті көрсететін барлық ерекшеліктерін айрықша бағалау қажет.

Марксизм-ленинизм негізіне құралған советтік фольклористиканың ең алдымен зерттейтін жайы – сол жаңағы саналған салаларға арналады.

Халық шығармасы жөніндегі ғылымның методологиясын дамытуда зор еңбек еткен А.М. Горькийдің ертегіге жанастыра айтқан біраз ойларын және де еске алу қажет. Бұл жөнінде Горькийдің аса маңызды пікірінің бірі – халық ертегісінің негізі еңбекке сүйенетіндігін ашады. Әрекет, кимыл, тартыс үстіндегі адамның еңбегін қадірлеу халық ертегісінің ең зор қасиеті екенін айтып, Горький ғылымдық ойды тың соныға бастай түседі. Горький “поэзия, тілден туған көркем шығарма еңбек екпінін қоздыра түседі”⁵ деген. Осы еңбек жайын ертегілер ішінде әсіресе айқындап таныту үшін Горький және бір күрделі ой таратады. “Тек осы өз еңбегін поэзияға айналдыру сияқты бақытты өнер ғана баяғының жұпыны адамының екінші бір өрлей түскен өнерін өсіріп, болашағын болжауды да үйретті деп ойлауға болады. Бұл болжаудың аты – фантазия (қиял) болатын”.

Горький ертегі фольклорының қасиеттерін зор бағалау жолында адам бейнесінің сол ертегілерде әсіресе мол тұлғалы, келісті, кескінді болып қалыптасатынын айрықша атап өтеді. “Кейіпкерлердің ең терең, ең айқын және көркемдігі жағынан әбден жетілген түрлері – типтері фольклорда, еңбекші халықтың ауыз әдебиетінде жасалған. Геркулес, Прометей, Микула Селянинович, Святогор сияқты толық бейнелерді, онан кейін доктор Фауст, Василиса Премудрая және ісі оңына келе беретін аңқау Иван сияқты толық бейнелерді және де докторды, попты, полицейді, шайтанды, тіпті өлімді жеңетін Петрушка сияқты көркем бейнелерді жасауға халықтың ақыл-ойы, үлгі-тәжірибесі, сана-сезімі бірдей тегіс қатынасқан. Бұлай келуі фольклорды туғызушы-

ның болмысты жасауға, өмірді жаңғырту күресіне тікелей қатысы болғандықтан деп білу керек”.

Міне, қазақ ертегілерін зерттеуде негіз етіп алатын ғылымдық, идеялық бағыт осы аталған жайлардан құрала-тынын атап өтеміз. Осындай негізгі мәселелермен жалғыз Горькийдің: ертегіде және барлық басқа халықтық фольк-лорда еңбектің орны өзгеше екенін танытқаны қазақтың халық ертегілерін зерттеуде негізгі арқау есепті болу шарт еді. Горький: “Фольклор деген сөзбен халықтың еңбек тәжіри-бесінен туып, дамыған барлық білімнің жиынын атаймыз. Ол білімдер ұзақ ғасырлар бойында жасаған: малшылардың, аңшылардың, диқаншылар мен ұсталардың, құмырашылар-дың, омарташылардың, балықшылардың, балташылардың және басқа талай бағзы замандардан бергі мәдениет негізін салушылардың еңбектерінен туған білімдер”, – дейді.

Міне, қазақтың да халық ертегілерін зерттеп, тексерген-де, ең алдымен еңбек иесі болған халықтың еңбек адамы ту-расында тудырған ертегілерін зерттеуді советтік фольк-лористика ғылымының ең қадірлі міндеті деп ғылымдық тексеру жасау қажет. Онан соң осы ертегілерді бір ғана дәуірдің туындысы есебінде түсінген бұрынғы теріс әдісті жойып, оның орнына қазақ ертегілерін өзге ауыз әдебиет үлгілеріндей белгілі қоғамдық-тарихтық дәуірлерге бөліп, соларға байланыстырып, жалғастыра отырып тексеру қажет.

Осы ғылымдық бағыт бойынша біз қазақ халық ертегі-лерін де тарихтық үш үлкен дәуірге бөліп талдаймыз. Бұның бірінші дәуірі – есте жоқ ескі замандардан басталып, өткен ғасырдың 60-шы жылдарына дейін созылған Қазақстандағы феодализм дәуірімен байланысты ертегілер болады. Екінші топ ертегілер – 60-шы жылдардағы Россияда және сол Рос-сияның бөлімі – Қазақстанда болған реформалардан соңғы тарихи дәуірдің шаруашылық-қоғамдық, тарихтық ерекше-ліктерімен байланысты болған ертегілер тобы.

Үшінші топ социализм дәуірінің ертегілері есебінде топталып тексерілетін болады. Қазіргі ең алдымен зерт-теліп талданатын бірінші дәуір – феодализм дәуірінің ер-тегілерін жалпы советтік фольклористика ғылымы қолдан-ған методология бойынша шартты түрде үш салаға бөліп зерттеу жүргіземіз. Олар феодализм дәуіріндей: қиял-ғажайып ертегілері, хайуанат жайындағы ертегілер және салт ертегілері болады.

Қиял-ғажайып ертегілері

Бұл топқа қосылатын ертегілер көбінше көне замандар айғағы, барлық ертегілер тобының ішінде аса ескі заман ұғым-нанымдарын, тұрмыс-болмыстың ең көне түрлерін көрсететін әңгімелер. Бірақ туысында ерте замандар туындылары болғанымен, әрине, бергі кейінгі замандарда айтылу, қолданылу арқылы сол кейінгі соңғы замандар әсерлерін жұрнақ-жұғындарында әңгімелік құрылысына, идеялық мазмұнына, тіл, түр ерекшелігіне соңғы үстемелер, қоспалар есебінде ілестіре жүрген ертегілер болады.

Бұл алуандас ертегілердің ең көне арғы түбі халықтың мифтік ұғым-нанымдарымен байланысты түрде туған. Дүниенің жаратылыс сыры, адам тұрмысы мен ертеде иланған көп құдайлары, қас ие, дос иелері жөнінде неше алуан бұлдыр-долбар сырлы қиял-ғажайып ұғым-нанымдар жасап алып, ерте күндегі халық соны дін және білім есебінде тұтынған. Табиғатты нақтылы, деректі білім ұғымымен баурап танып алғанша, адам ең болмаса қиялмен танып меңгеріп, табиғатқа өз ықпалын жүргізуді арман еткен. Бұл турада К. Маркс айтуынша: “Әрбір мифология табиғат күштерін қиял бойынша жеңіп, бағындырып, дегеніне жүргізеді, сол қиял арқылы баурайды. Олай болса, сол табиғат күштерін анық шынымен жеңіп алған заманда ол мифология жоғалды”, – деген.

Қазақ халқының да жаңағыдай табиғат пен адамның шарпысу шартында туған қиялдық, мифтік түсініктері – сол ертегі, аңыз әңгімелер түрінде туып тараған. Ол ертегіге заманның білімімен жалғас ең алдымен қоғамдық тартысы да, күштісінен көпшілігінің көретін қиянат, зұлымдық-зорлығы да және халықтың әділет, арман туралы ұғым-нанымы да түгел жиналған. Сол күндегі адамның шама-шарқына қарай құралған, өзінше асыл қазынасы болған. Жаңағы аталған қиял тудырған көркем ұғым-нанымдарының өзінің де негізінде затты, тіршілікті, нақтылы болмыстың белгілі елесі, сәулесі болатынын және де есте тұту керек. Сол қиял-ғажайып ертегілерінің өзіндегі қиялын да А.М. Горький деректі затты болмыстан туған деп бағалайды.

Бұлай болғанда қиял-ғажайып ертегілеріндегі сол қиял тудырған образдардың өзі арқылы да халықтың еңбекпенен

табиғат күштерін творчестволық түрде жеңбек болған қиялы көрінеді, арманы танылады деп ұғыну керек. Бұл жөнінде, адам баласының кейінгі дәуірлерде техника жөнінде тапқан сол техникалық прогрестің бірталайын ертегінің қиял бейнелері алдын ала болжап өтіп, бұлдыр түсте аңғартқандай болады.

Аяғына тас байлап жүгіріп, безінген киіктердің алдын орайтын желаяқ адам да осы тектен туған. Ер Төстікке серік болатын көреген батыр, естігіш батыр, таусоғар – бәрі де адамның сол бір ұлы армандарын білдіреді. Сыры жат табиғаттың, жер мен аспанның көзге көрініп тұрған белгілі қабатынан өтіп, “Ішін шарласам, сырын ақтарсам, бермесін алсам” деген ізденгіш, өршіл ойын танытады. Сондайлық алға бастар асыл тілекті, жалпы адамзаттың тілегін іздетіп, ерді кездіріп отырған құр еріккеннің ермегі емес. Кейін адам қауымын нақтылы білімге, өнер табысқа, Горький атаған техникалық прогреске жеткізген ізденгіш ойдың түртініп, тімтініп жүрген ерте шағы сол қиял-ғажайып ертегілерінде туған. Ертегі осындай қазынаны сақтаған. Және сол талапқа беттеген ерлерді қатты мадақтаған. “Жүрген аяққа жөргем ілінеді” деп, сол сүйген жандарды қайтыс сапарда неғұрлым табысын мол етіп қайтарады. Жер астына түскен ер бірде алтын, гауһар күреп қайтса, тағы бірде асыл ару құшып, мәңгі “мұрат-қасыл” етіп қайтады. Қиял ертегісі – адамзат туралы, адам қуаты туралы қасиетті ой ойлаған шынайы үмітшіл әңгіме. Сондықтан ол өзінің еліне “ізденсең – табасың, алыссаң – аласың” деумен қатар, жабайы жайын табиғатқа шұлғи берме дейді.

Табынып, бағынып жүрсең де, дүниенің көп күшімен алысып-арпалыс дейді. “Жалынған – бас қорғау емес, жағаласқан – бас қорғау” дегенді жұмбақ табиғаттан қорқа жүріп-ақ адамзат ерте аңғарған.

Осындай совет фольклористикасының ғылымдық тірек ететін негізді көзқарастарын ескере отырып, қиял-ғажайып ертегілерінің ішінде қазақ халқы айтатын көне түрлерін айтсақ, бұлардың ең ескілері – аңшы-мергендер жайындағы ғажайып-қиял ертектері болу керек. Бұлар: “Еділ-Жайық”¹, “Құламерген”², “Жерден шыққан Желім батыр”³, “Аламан мен Жолаламан”⁴, “Күн астындағы Күнекей”⁵ сияқты ертектер.

Мергендер жайындағы ертегілермен ілес-қаралас ербатырлар жайындағы ертегілер жүреді. Осы мерген мен ер-

тегі ерлерінің жайындағы қиял ертектері бір қазақ емес, сонымен туыстас, көршілес түрік тілдес елдердің ертеектерінде де бар. Онан соң көп заманғы көршілік қатынас себебінен орыс халқының ертеектері мен монғол ертеектерімен де көп ұқсастық байқатады. Қазір жиылып жарияланған бурят, ойрат, якут, қырғыз, қарақалпақ, түрікмен, өзірбайжан, татар, башқұрт, өзбек, қазақ ертегілерінің бәрі де көп жақтарынан өзара ұқсас болудың үстіне, барлығы да, әсіресе жоғарыдағы айтылған ұзақ уақыттық аралас, айластық себебінен, орыс халқының қиял-ғажайып ертегілеріне де көп ұқсастық көрсетеді. Бұндай ұқсастық себебі тек қана көпшіліктен емес, кейде бірінен-бірі алыс, шалғай замандарда, жырақ жайларда мекен еткен халықтар фольклорында да кездеседі. Затшылдық дүние тану жүйесіне сүйене отырып, осындай ұқсастыққа Плеханов дұрыс шешу айтқан. Шаруашылық және содан туатын қоғамдық құрылыс қалыптары бір сатыда болған елдердің дүние тануы, салт-саналық ұғым-нанымы да ұқсас еді. Сондайлық түп себептері ұқсас болу арқылы бұндай елдер тудырған ауыз әдебиет үлгілері де жер не тіл, тарих жақындығына қарамай-ақ ұқсас бола береді деген Плеханов.

Әрине, қиял-ғажайып ертегілерінде біз атаған “мерген, ер батырларымыз” – бәрі-дағы эпоста, батыр жырларында аталған батырлардан әрірек заманда туған, тарихтан бұрынғы дәуірлер тумалары, алыс заман айғақтары болады. Оның айқын белгісі сол қиял-ғажайып ертегілеріне араласатын қиял тудырған неше алуан жан иелерінің қалпынан көрінеді. Қазақ айтатын қиял ертегісінде адамзаттан мерген араласса, немесе ғажайып жар – “ай десе аузы, күн десе көзі бар”, әлдеқандай Күн астындағы Күнекей сұлу, Ай астында Айбарша не Алтын шашты қыз араласса, солармен қатар әлденеше жат сырлы кейіпкерлер де адамға қас, не дос күйде көп көрінеді. Бұлар қатарында жалмауыз кемпір, жеті басты жалмауыз, қазық аяқ, қарға тұмсық кемпір, мыстан кемпір, жезтырнақ және неше алуан алыптар араласады.

Қиял тудырған жануар затынан: “айдаһар, жеті басты жылан, қарақұлақ қорқау қасқыр, алып қара құс, тұлпар ат, басы алтын, арты күміс киік” сияқтылар қатынасады. Бұлардың бір тобы ертегінің еріне дос болып, бір тобы ұдайы қас күш есебінде әрекет етеді. Жалғыз көзді жалмауыз, жеті басты

жалмауыз, мыстан кемпір, айдаһар, жезтырнақ сияқтылар – үнемі айнымас жаулар.

Алып қара құс, тұлпар ат және неше алуан тоқпақ, кездік, қазан, жүзік, айна, дастарқан, қырық құлаш семсер сияқты заттар ердің көмегіне, керегіне әрекет етеді. Осылай екі жар болып бөлінген ғажайып жан иелері мен зат бұйымдар арасында кейде дос, кейде қас болып кездесетін бір алуан қиял кейіпкерлер бар. Олар: алыптар, таусоғар, көлжұтар, желаяқ, саққұлақ сияқты бір топ жандар және осылардай екіұдай атқара жүретін жылан патшасы, басы алтын киік, жады кемпір, жұмбақ жар сияқтылар болады.

Ертегіде кездесетін жоғарыда айтылған адамға қас күштер турасында, оларды тудырушы себеп жайында Горький шешу айтады. “Көне ертегілердің геройлары сорақы, сұмырайлар, Жалғыз көзді Лихо, Өлмес Кашей, Жалмауыз кемпір сияқтылар болады. Бұлардың бәрі де табиғатқа құдіреті жүретін ерекше күш иелері және өздері адамға өзгеше қас-ызалы. Осыларды кім тудырған, бұлар қалайша араласқан және бұлар кімді қорқытады, ол арасын айыру қиын, бірақ, мөлшермен болжағанда жасырын білімнің қуатын билеуші осы сұмырайлар оқиғаларға араласқанда әдейі қорқыту, шошыту үшін араласатын сияқты”, – дейді.

Қиял ертегісінің тарихтан бұрынғы замандарынан келе жатқан қазақ ертегісінде айқын көрінетін бір тобы – дүниенің өзін біреу емес, бірнешеу етіп айтатындары. Жоғарыда аталған “мергендер” мен “ерлер” ескі ертектің көбінде жердің үсті ғана емес, салт ертегілерде кездеспейтін тың дүниелер болады. Ол бірде жердің үсті, кейде жеті қабат жер асты, бір кезек алып қара құс ап кететін аспан үсті. Ол арадан жер тоқымдай немесе тебен иненің жасуындай болып көрінеді. Кейде Күн астында Күнсұлу, Ай астында Айсұлулардың, Айбаршаның адамзат баспас, бармас мекені болып келеді. Бұл мекендер көбінше от дариясының ар жағы, әлдеқандай “Барсақелмес”, сиқыр аралға айналып кетеді. Болмаса адамзатқа жұмбақ жай – жалмауыз мекені, немесе су асты болады. Сол дүниелерден барып шығатын мерген мен ер арманына, не бақ-дәулетіне жетеді.

Сондай жайларға басқан ертегі адамның жайын байқасақ, айқын көрінетін бір ерекшелік – сол жұпыны адамның қуатына өзгеше сену бар. Мол, жарқын наным бар екенін

аңғарамыз. Бұл адам – еңбек, қайрат, қажырлы, қимыл-әрекет адамы. Сондықтан әртүрлі ғажайып достарынан көмек алып, нелер “Барса келместерге” жетіп, қолдан келместі келтіріп жүргенде бұл адам тек өзінді ғана алмайды. Көмектер үстіне өзі де ер, қажырлы, есті және бұл да өз тарапынан көмекке, керекке жарағыш жан болады.

Осындай адамның жолын болдырып, нелер сұмдық қорқынышты қуаты бар қас дұшпанды жеңгізген қиял – халық қиялы тегін емес. Ол “Еңбек түбі жеңбек” дегендей ой түйгізеді. Еңбек иесі, жазықсыз, адал қайрат иесі адамды қай заманда болсын халықтың қанаушы топтары сүймеген. Бұл жөнде Горькийдің тағы бір фольклорға байланыстыра нақтылап айтқан пікірі бар. “Еңбекші халықтың ой өмірінің әміршісі болғандардың толып жатқан қылмысты қаскөйліктерінің бірі, сол халықтардың барлығына ортақ ұстазы – еңбекті қорлап, былғаған еді”, – дейді.

Ал халықтың қиял-ғажайып ертегісіне келсек, жаңағы Горький айтқан, халыққа жау ортаның дегеніне қарсы алысып, қарысқан еңбек иесін көреміз. Және соны жақтап, құптап отырған ел санасын аңдаймыз. Анығында, ертегі ішіндегі күшті мен тістіге, көрлі мен зәрліге, сиқыр, тылсым, жатбауыр-жау ортаға, адамзат баласы басып көрмеген бытқыл қиынға кім барады? Жапа-жалғыз және көптің бірі, жұпыны ғана адам барады. Оның күші өзгеше ерекшелігінде емес, тек қана еңбекке, әрекетке, тартысқа барымен берілген тәуекелінде, өзіне сенуінде. Осы адам мерген бе, ер ме, бәрібір өзі және халық адамы болады. Адамзат өкілі болумен бірге, ол анық бейнетқор халықтың нағыз өзінің қалың ортасынан шыққан жан. Ол көп ертегілерде не әлсіз бала жігіт, не кедейдің жалғыз немесе момын ата-ананың жан деген жалғызы, немесе әділетсіздік, зорлық-сұмдықтан, әсіресе хан сарайы, уәзірдей әкімдер ортасынан азап шеккен, саза тартқан көп момын айыпсыздың бірі.

Кей шақтарда бұл герой көп жұрттан онаша, оқшау күйде жапан түзде тек өзінің әділ, адал еңбегімен күнін кешкен тәуекелшіл мерген, ер өнерпаз болып келеді. Ертегіде, міне, осы адамның аты жақсылық, осының жолы жақсы адамзат жолы болып шығады. Бұған достық еткеннің бәрінің жиын аты да жақсылық. Ал бұған қарсы әрекет етуші күштің де бәрінің жиын аты – жаманшылық, зұлымдық. Ол да көп

пішінді, мол мүсінді. Жақсылықтың айқын, жарқын бейнесі қаншалық бадырайып тұрса, мына жаманшылық, қастық та соншалық жансебіл, жыртқыш жүзімен балғын-батпан болып, жиынды бейне, үйінді жауыздық болып келеді.

Ертегі, әсіресе қиял-ғажайып ертегісі осындай екі алуан қарама-қарсы күштің алысуын тақырып етеді. Жақсылықтың жеңуін арман қып, сол идеяны ғана баян етеді. Осылайша баяндаумен тыңдаушысын тәрбиелейді, баулиды. Қас дүниені алғанда тек адамнан тыс ортаны ғана ертегі геройына қарсы қоймайды. Қиял-ғажайып ертегісінің тілі мен қазақ ертегісі кейде адамға дүниенің ішінде сол адамның ішінен шығып, өзіне жау болған ерекше жауыздық қалып көрсетеді. Бұл тұста Горькийдің жоғарыда, жасырын қуат иесі болған күштердің адам ортасынан шығып, көпшілікті қорқытып, шошытып отырып бағындырып ұстағысы келген жайды шешкен пікірін еске алу керек.

Қиял ертегісінің үлгі, өнегесі бойынша жаңағы айтылғандай қауымға қас қара күшті де баттитып, жиренішті, өрескел етіп, ірі бейнеде суреттейді. Сонда қазақ ертегісі суреттейтін “жалмауыз” бейнесі ерекше қызық, өзінше, Горький айтқандай, реалдық болмыстан туған терең сырлы боп көрінеді.

“Еділ-Жайық” ертегісінде батыр барып тұтқынға түсетін, тосып тұрған ажалдай кезігетін жалмауыз қандай өзгеше! Оның қалың дәулеті бар. Дәулет болғанда, бұл қоралы қой иесі бай, өзі бір өлкеге жан баласын бастырмай, жалғыз баурап, жалмап жатқан бір обыр. Баққан қойынан ішіп-жеп қызық көрмейді, тек қана көзі тоймай, көбейтіп өсіре бермек. Және сол малымен өзі де бірге өріп, бірге жусайтын, қойымен бірге қуыс тасты аңша мекен ететін үлкен бір дүлей болып шығады. Сөйтіп тұрып өзінің жейтіні – адам еті. Әсіресе жеріне, шегіне басқан адамзаттан аяп қалар қастығы жоқ. Осы кім? Малқорда, құлқыны бұзық, сараң, зорлықшы Қарынбай, Шығайбай, Қарабайлардың ертегілердегі анық арғы түбі, тегі емес пе? Адам қауымында зиянды өзімшілдікке басқан, еңбек елін қанаушы топтан шыққан жауыз, жыртқыш жандарға ертегі тілімен, шебер бейнелеу жолымен жасалған сын – жиреніш сын осы емес пе?

Толып жатқан мыстан кемпір, қазық аяқ, қарға тұмсық кемпір, жезтырнақтар да осы сияқты ұлғайтып суреттелген

жауыздық бейнесі. Адамның өз ортасында бар қанаушылық, қаскөйліктей озбырлық тұлғасы болады. Тек бұл соңғылар көбінше жалмауыздай көрінеу жау емес. Сырты момын, іші зәр, монтаны аяр бейнелі келеді. Бұлар да шындық, болмыс міндерінен туған. Соны ертегі тілімен өсіріп өсірелеп, өрескел жиренішті етіп көрсеткен халық қиялының шеберлігін танимыз.

Халықтық қиял ертегілерінің енді адамға дос күштерін аңғарып қарасақ, онда да көп мағына, көп сыр бар. Жанды-жансыз, жақсы заттың бәрі де адамзаттың алыстан келе жатқан арманын танытады. Ертегінің ерін қиын қиянға апаратын алып қара құс, өзі ұшатын кілем, тұлпар ат – бәрі де қиял пырағы. Жерде жүрген жүрісі өндімеген, өзінің талаптілегі таудай адамзат “аспанда ұшар ма едім” деген арманды ертеден ойлаған, үзбей ұзақ ойлаған. “Жалпылдап ұшқан жапалақ пен қадірсіз қарға шыққан көк күмбезге мен де сондай биік самғасам, сондай шапшаң жүйткісем” деген арман қиялы әкеп “алты айлықты алты аттайтын” тұлпарға, алып қара құсқа сайған.

Кейінірек заманда мұны батырлар жырында, қаһармандық дастандарда Тайбурылдар, Тарландар, Қарақасқа аттар деп, үзбей қиялдайды.

Қиял ертегісі адамға тәлім айтқанда, қияға құлаш сермер адам бол дейді. Суырдай ін аузындағы жайылысынды ғана танып, інде өлме дейді. Қиял-ғажайып ертегіде халық өкілі – герой аса қатерлі жаумен алысады. Ал жау күштер аса қаскөй, ерен қуатты болып отырады. Бойына біткен келбеті адам шамасынан сонағұрлым артық болу үстіне, олардың ажал жеңбейтін, оңайлықпен өлмейтін жансебілділігі басқаша келеді. Кейбір жалмауыз алыптардың жаны өз кеудесінде болмайды, не судағы балықтың ішінде, немесе кең даланы кезген киіктің ішінде, көкала үйрек ішінде болады. Бір жан емес, он жаны, қырық жаны болатындары да бар: “Ер Төстік”⁶, “Күнекей сұлу”⁷, “Елгезер батыр”⁸.

Осындай жаумен алысардан бұрын ертегінің ері әуелі жауының жаны жүрген қиуасыз қиындағы жәндікті бағады. Жаны не жұмыртқа, не балапандар түрінде, әлдеқандай үйрек түрінде болып табылып, қолға түскен соң да жаудың оңайлықпен өлмейтіні болады. Ол көп алысып барып қана қаза табады.

Аярлыққа салынған жәдігөй жау бұдан да қатерлі. Ол кейде мүләйім пішінде боп, сынықсып, кішік болып келеді. Не қойынға кірген жар болып, немесе жарымжан өлмелі кем-кетік болып келіп, кейде ұйқыда қапыда басады. Тағы бір кезекте алданған әйел, азғырылған қарындас арқылы, елеусіз жан күйер жақындар арқылы қиянат ойлайды. Немесе ердің жауына болысып, аса қатерлі қастан зат болып шығады. Тылсым сиқыр иесі сол болады. Адамды жадысымен буып, тас қып тастайтын, болмаса ит қып, есек қып құбылтып, қор ғып жіберетін болады.

Бұлар мұсылманша жаду дұғасын оқыған сиқыршылардан шығады. Мұндай жау ашық, айқын келмей, түс бояп құбылып келгендіктен және андаусыз, жақыннан шыққандықтан ең қауіпті қас болады. Ертегі ері көретін анық қорлық, кешетін бейнет шағы осындай дұспанға кездесумен басталады. Кейде бұндай ертегілер неше алуан ғажайып құбылыстар туғызып, ертегілік алмасулар жасайды (ертегі трансформациясы) – ертегі геройы мен жауының кезектеп құбылулары: кейде құс болу, кейде ұсақ хайуан – мысық, тышқан боп кету, кейде тары тәрізді өсімдік боп кету, осылайша әр алуан ауыса құбылу қиял-ғажайып ертегісінің жанағыдай жәдігөйлікпен байланыс халдерінен туады: “Қанай-Жанай”⁹, “Жалмауыз кемпір”¹⁰, “Қарғабай”¹¹.

Тағы бір ескеретін елеулі жай: бұл алуандас ертегілердің бірталайы орыс халқының қиял-ғажайып ертегілерімен де ұқсас келеді.

Мысалы, жәдігөй жаудың жанын іздеу “Ер Төстікте” Шойынқұлақ туралы болса, орыс ертегісінде – Өлмес Кашейдің жанын тауып ап, Иван Царевич алысады. “Үш қыз” деген қазақ ертегісінің түбегейлі әңгімесі Пушкиннің “Сказка о царе Салтане” деген ертегісіне ұқсайды. Әсіресе, оның халықтық варианттарына жақын келеді. “Үш ағайынды жігіт” деген қазақ ертегісінің басы әсіресе орыстың “Сивка-Бурка” деген қиял-ғажайып ертегісімен ұқсас екенін профессор Сидельников дұрыс көрсеткен. “Оренбургский листоктің” 1892 жылғы 45-санындағы “Қарғабай” деген ертегі орыстың “Морской царь”, “Василиса Премудрая” ертегісіне ұқсатып айтылған.

Қазақ ертегілерінде кейде Солтүстік елдерінің ертегілік әсері байқалып, “Баба яга” сияқты заттар араласады. “Тіл

кататын хайуандар қатынасып жүреді”¹² деп, Алекторов орыс ертегісі мен қазақ ертегісінің ұқсастық жайын дәл айтады. Ертегілерді әңгімелеу жөнінде қазақ халқының тіл орамында келісті байлығы бар, шешен тіл дей отырып, академик Радлов: “Сөздік жағынан қазақ тілі, әрине, солтүстіктегі орыс көршілерінің әсерімен де байи түскен”¹³, – дейді.

Жоғарыдағы аталған заттар ғана емес, орыс ертегісінде кездесетін Таусоғар (Горокат), Көлжұтар (Опиваль), неше алуан мешкейлер (Объедало), Желаяк (Ветроган) сияқтылар қазақ ертегілерінде аумаған ұқсас қалпында кездесіп отырады. Қазақ ертегісінде Жалмауыз кемпір – Баба яга болып кеп көрінуден басқа және қазақ ертегісіндегі “Жалғыз көзді жалмауыз” орыс ертегісінде “Лихо одноглазие” болып аталады. Әрине, осы тұста аталған орыс ертегісіне қазақ ертегісінің ұқсастығы сонау көне замандар кезінде туған жоқ. Шамасы XVIII ғасыр ортасынан, соңынан бастап, Россия мен Қазақстанның шаруашылық-саясаттық, мәдениеттік қарым-қатынастары дами түскен сайын көбейе түскен ұқсастық болады.

Қиял-ғажайып ертегілері жөнінде тағы бір айтатын өзгеше ерекшелік – бұлардың бірталайы мысқыл сатира түрінде туған әңгімелер болады. Негізінде қанаушы тапқа халық қарсылығын көрсетуші ертегілердің бәрінде көркем бейне арқылы тап тартысы айқын сезіліп отырады.

Сол ретте қиял-ғажайып ертегілерінде де, өзге барлық ертегілер түріндей, сатиралық ертегілер өзгеше орын алады. Қанаушыл, зорлықшыл, қаскөй күштерге қарсы арналған халықтың ащы мысқыл, аямас ажуасы бұл жөнінде де үлкен қызықтық үлгілер тудырады. Қиял ертегілерінде бұл топтар қиянатшыл хандарға қарсы, уәзірлерге қарсы, әр алуан обыр байларға қарсы, зорлықшыл, содыр және өздері көп жуан, зорлықшыл айғайларға қарсы туған сатиралық қиял-ғажайып ертегілері: “Тоғыз тоңқылдақ, бір шіңкілдек”¹⁴, “Қанбақ шал”¹⁵, “Үш ағайынды жігіт”¹⁶, “Хасен”¹⁷, “Айлакер шал”¹⁸ сияқты ертегілер.

Қиял ертегілері жайындағы сөзді аяқтай келе, тағы бір атай кететін нәрсе, олардың тіл кестесі, сөздік құрамдары, жалпы әңгімелену ерекшелігі туралы. Бұл ертегілердің айтылу әдетінде өзінше басталу, өзгеше аяқтаулар болады. Әңгімелеу үстінде белгілі бір кезеңдерде арнаулы кейіпкерлер оқиғаға араласқанда айнымай айтылып отыратын сөз

айшықтары, оқшау сөйлемдері бар. Ертегі басталарда: “Есте жоқ ескі заманда”, “Баяғы өткен заманда”, “Ертек, ертек ерте екен, ешкі жөні бөрте екен, қырғауылы қызыл екен, құйрық жүні ұзын екен!” деген сияқты желдірмелі жаяулатқан өлеңсымақпен басталатыны да бар. Бітер кезде: “Барша мұрат басына жетіп, сақалы сирағына жетіп, бір жан өтіпті” деген сияқты аяқтаулар болады.

Әңгіме ортасында құбыжық пішінді жат жандар: “Аблақтай анам-ай, қайдан келдің, балам-ай” деп оқиғаға кіріседі. “Адамзат исі шығады”, – деп сөйлей бастайды. Қызды айтса: “Ай мен күндей, әмбеге бірдей”, – деп келеді. Оқшау мекенді айтса: “Ай далада ақ отау”, “Жұлындай жерден жіптіктей түгін шығады” дейді. Жер бітімінің қиынын айтса: “Тескен тау” дейді, “Жер ортасы – Көктөбе”, – дейді.

Қиял-ғажайып ертегілер бұл сияқты тіл, сөздік айшықтарды әсіресе мол көрсетеді. Тек ертегіні жазып алушылардың ұқыптылығы мен жауаптылығы, ғылымдық нақтылығы жеткілікті болған кездерде ғана бұл алуандас ертектердің тіл мен түрдегі көп ерекшеліктерін айрықша бағалай тануға болады. Ертелі-соңғы қазақ ескілігін жинаушы адамдар арасында бұл жөнде В.В. Радловтай ерекше ынталы, ұқыптылық көрсеткен оқымысты жоқ деуге болады. Ол жазып алған “Хан Шентей” деген бір ғана қиял-ғажайып ертегісінде төмендегідей ертегілік айшықты тіл, түр нақыстары бар екенін көреміз. Мысалы: “Таусылмас азық алды, тозбас киім киді”, “Атса мылтық өтпесін, шапса қылыш өтпесін”, “Қабырғанда қаяу жоқ, омыртқанда буын жоқ”, “Мандайым тасқа тиіп, табаным жерге тиіп”, “Ұшқан құстың қанаты күйеді, жүрген аң тұяғы күйеді”, “Қара құлақ атың астыңда, ақ шамайдың үстінде”, “Заманды күндер болғанда”, “Дөң жерді ой қылды, ой жерді дөң қылды”, “Майысқақ жирен астында, солқылдақ қызыл найза қолында”, “Қаракұсқа қоң етін кесіп береді”, немесе “Еркелі айдар” деген ертегіде: “Қотыр тай ұстағанда құнан, жүгендегенде дөнен, ерттеп мінгенде бесті ат болады”, “Тар құрсақта жатысқан, таласып емшек еміскен” деген сияқты ертегілі әңгіменің көркін, сырын айшықты шешен сөзбен толықтыра түсетін тіл, түр өзгешеліктері болады.

Осындай толып жатқан айрықша сөйлем, сөздік өрнектер де өзге ертектер қатарынан бөлекше боп қалыптанатын қиял-ғажайып ертегілерінің ерекшелік бейнесін танытады.

Хайуанат жайындағы ертегілер

Хайуанат жайындағы ертегілер – барлық елдердің ауыз әдебиет қорындағы сияқты, қазақ халқының ауыз әдебиет қорында да ескі ертегілер түрінің бірі. Тарихтан бұрынғы дәуірлер мен Қазақстанда феодализмнің ең алғаш орнау стадиясынан бастап, XIX ғасыр орталарына дейін созылатын феодализм дәуірі осы ертегілерде көп елес береді. Бұл алуандас ертегінің де ұзақ ғасырлар бойындағы қоғамдық-тарихтық экономикалық жайларды, еңбек иесі болған халықтың таптық арман, мүддесін әр алуан түрде көрсетіп отыратыны мәлім. Сондайлық мән, мағына бұл үлгілерде де аса мол, терең және өзгеше қымбат қазынадай деп тану керек.

Хайуанат жайындағы ертегілер жөнінде Ленин айтқан өзгеше ғылымдық зор мәнді пікірлер бар. Добролюбов та хайуанат жайындағы ертегілерге айрықша мән беріп, көп көңіл бөледі. Бұл ертегілерде еңбек елінің жуан, содыр, айлалы, зорлықшыл әкімдеріне, неше алуан қанаушыларына қарсы арналған сын мен ызалы қарсылық ойы мол екенін ол адамдар ашып айтысқан. Әсіресе тап тартысының бітімсіз қайшылықтары, қиын, шегін түйіндер көрсетілетіні аталған. Және сатираның ең бір өтімді, көпшілік көңіліне қонымды, шебер, келісті құрылыстары осы хайуанаттар жайындағы ертегілерде тамаша тапқырлықпен көрсетілгені айтылады.

Хайуанаттар көне ертегілерін аңдасақ, кейбіреулерінде өте көне заманды, жанды, жансыз табиғат турасындағы бұлдыр түсініктерді байқаймыз. Ондай ертегілер хайуанаттармен байланысты туған мифтік, діндік түсініктерді, әр хайуанды ғажайып сиқырлы сыры бар деп таныған тотемдік түсінікті аңғартады.

Бұл жөнде мифтік, діндік және ұғым-нанымдар көп ертегілердің тууына түпкі себеп болғанын есте тұту қажет. Сол ретте қазақ халқының кейбір аң, құс, хайуанат жөнінде өте ескі замандарда сол жәндіктерді ғажайып сиқырлы сыры бар деп таныған ескілікті, шалағай, бұлдыр ұғым-наным, жартылай діндік тотемдік түсінік бар екенін көреміз. Бұндай жәндіктерді дағдылы тіршіліктегі қалпынан, болмысынан, шындық бейнесінен өзгертіп, ауыстырып әңгімелейді. Оны жат сырлы, өзгеше сипатты етіп тандана суреттейді: “Қасқыр мен жігіт”¹, “Сырттан”², “Көгершін ертегісі”³, “Байғыз”⁴.

Ғажайып күшіне, күдіретіне қатты сенгендіктен иланып, табынғандық та болады. Осының салдарынан талай елдердің ескі ерте тірлігінде әртүрлі жыртқыш аң, немесе үй хайуандарының кейбіреулерін киелі, күдіретті деп қастерлеу болған. Ие, кие, қуаты бар деген хайуанат ішінде: арыстан, аю, қасқыр, жылқы сияқтылар болғаны бар. Кейбір ескі діндер бұл нанымды діндік шарт, парыз етіп көтергені де көп.

Қазақ халқының да ертегі ескілігі мен көне дініне қара-сақ, сол жаңағы нанымдарға көп орын берілгені байқалады. Осы текті ертегілерде қазақтағы хайуанат жайында мифтік, тотемдік (белгілі аң, хайуанды киелі санап, қастерлеу) нанымы бар. Сондай аңның бірі – қазақ ертегісінде қасқыр болады. Бізге мәлім қазақ ертегісінің ішінде қасқыр екі түрлі әңгімеленеді. Бір түрінде, ең ескі түрінде, қасқыр ертегі ішінде әрі қасқыр, әрі адам жынысына киелі дос болып әңгімеленеді. Екінші түрінде қасқыр өзінің дағдылы қасқырлық, қастан мінезімен суреттеледі.

Алғашқы түрдегі әңгіменің мысалы – “Ақ қасқыр” ертегісі. Мұнда жас жігіт жат үңгірдің ішінде ақ қасқырға, қаншық қасқырға үйленеді. Қасқыр күйеуіне қырық күнге шейін шыда, не көрсең де, көнбіс бол дейді. Қырық күнге шейін ол қасқыр кейпінде болады да, артынан әсем сұлу адамзат қалпына түседі. Елден асқан ақылды, асыл жар болып шығады. Сынына шыдаған ерін бақ-дәулетке жеткізеді.

Қасқыр тағы бір ескі ертегіде адам затын құбылып алдайтын қас күш болып суреттеледі.

“Күйеу қасқыр” деген ертегіде жас, жақсы қызды қасқыр күйеу болып алады. Басында, қызды айттыра келгенде, қара жорға ат мініп, қара құлын жарғақ киіп, қара түлкі тымағы бар, әлемде жоқ сұлу сымбатты жалғыз жігіт болып, айттырып алып кетеді. Оңаша шыққан соң, аунап түсіп, көкжал қасқыр болып шығады. Бұл ертегі қазақ әйелінің халін аса аянышты қайғылы күйде суреттеумен қатар, тағы да қасқырды адамға қатал, ерекше күш иесі дұшпан қып сипаттайды. Киелі, сиқырлы жау етіп ұлғайтып көрсетеді.

Әсіресе бұл жай бұрынғы қазақ әйелінің патриархалдық үй ішіндегі халімен байланысты бір жайды еске түсіреді. Ол – үй ішінде қазақ әйелі күйеуге тию кезеңінен қатты үркіп, уайыммен жасқанатын. Өйткені қалыңмалға сатылған, ата-ананың бұйыруымен өзі білмес елге, ерге алғаш бара жат-

қан қыздың бәріне алдыңғы өмір тас қараңғы, қорқынышты, күдікті жұмбақ болатын. Әйел халінің осындай күйін Поль Лафарг өте дұрыс, терең күйде бейнелейді. Көп елдерде “...әйелді ерінің артынан еруге зорлап, күшпен көндіретін. Үйлену зорлықпен аралас болатын”, – дейді ол. Және де осы жайдың сырын аша келіп, Лафарг: “Күйеуге тиюден қорқу патриархалдық үй ішіндегі өмірден туған ең алғашқы қатты қорқыныштан, қауіптен тарайтын”, – дейді.

“Сырттандар” деген ертегіде қасқырдың, иттің, жігіттің сырттаны, аттың тұлпары алысқа араласады. Бұл ертегіде қасқыр нақтылы айқын, қастан күш, адамға өш, зұлымдықтың жиынтық бейнесі болып кейіптеледі. Қасқыр сырттаны жалғыз баланы туысымен, соны жемекке бола жасайды. Баламен бірге оның жау тағдыры, қазасы қоса туған болады. Сол жігітпен бірге оның дос серігі болып, ажалына арашашы болып, құлын-тұлпар да қоса туады. Кейін жігітке жәрдемші болып, ит сырттаны араласады. Сол ат, ит достығы арқылы қасқыр сырттаны жеңіліп, жігіт аман қалады да, үлкен сыннан жеңіп өтіп, үлкен шыңға шығады.

Хайуанаттар жайындағы ертегілерді неше алуан қасқырлар жайындағы ертегілерден бастадық. Өйткені бұл алуандас ертегілерінің саны да көп, орны да зор. Бірақ хайуанат турасындағы қазақ ертегілері тек қасқыр жайындағы әңгімелер емес. Және қасқырдың өзін де тек, осы жоғарыда айтылған түрде ғана әңгімелейді.

XIX ғасырдың орта кездеріне шейін созылған ұзақ дәуірлер бойында хайуанаттар жайындағы ертегілерде көп құбылыс, өзгерістер, жаңғыру, даму кезеңдер болғанын аңдаймыз. Бұл ертегілердің сондай жайларында тарихтық әр алуан дәуірлердің өзгеріс құбылыстары айнаға түскендей әсер етіп, елес беріп отырады.

Әсіресе фольклорды зерттеуде бұл күнге шейін өте аз ескерілген көркем тіл, көркем стилін халықтық-поэзиялық шығармалардың ерекшеліктерін талдау проблемасымен байланыстыра ұғыну қажет.

Осы тұрғылардан қарағанда, хайуанаттар жайындағы ертегінің де совет фольклористикасы ашатын ең мәңгі ғылымдық-тарихтық зор мәселесі: осы алуандас халық ауыз әдебиетінің идеялық мазмұнын ашуда. Хайуанаттар жайындағы ертегілердің сол өзгешеліктері көп кезде ірі сатира

түрінде келетінін еске алып, қазақтағы бұл алуандас ертегідегі сатиралық элементтерді айқындап ашу қажет. Көркемдік, шеберлік ерекшеліктерін алғанда қазақтың да хайуанат жайындағы ертегілерінің бейнелегіш образдары тамаша келеді. Оқиға-тартыстың сұрыпталып, сығымдалған жинақтылығы және дөп тигіш мәнділігі айрықша талдауды қажет етеді. Көркемдік қасиеттерін, поэтикасын талдауда бұл ертегілердегі жәндіктерді сөйлестіру – диалог формасы ерекше шебер келтірілетінін еске түту қажет.

Бұндағы шеберлік қасиетінің бір алуаны – бейнелеу (олицетворение). Сол тәрізді көркемдік әдістер арқылы, көбінше неше алуан айуандар, жыртқыш аңдар, қанқорлар арқылы хандардың, билердің, байлардың, ілгері-соңғы әкімдердің жайлары, таптық-қоғамдық тұлғалары көрінеді. Солардың қанағаштық сырлары ашылатынын әшкерелеу шарт. Осыған байланысты қазақтың хайуанат жайындағы ертегілері қоғамдық сатира екендігін, сол арқылы тап тартысының астары, тамыры тереңдеп ашыла отырғанын, көп уақытта юморлық мысқыл, ажуаның, өтімді, күлдіргі тілдің тамаша шебер үлгілерін танытатынын есте түту шарт.

Бұл ертегілер де ескі заманнан келе жатқан ең көне түрдің бірі. Адамның өзінен өзге, жанды-жансыз дүниенің ішінде, ерте күннен ең көп араласатын ортасы осы жан-жануар, неше алуан дос-қас хайуанат ортасы. Ол сан алуан, сан сырлы, санап бітіргісіз жұмбағы көп, ерекшелігі, ерсілігі көп ең дүние. Есте жоқ ескі заманнан бері қарай адам сол жануар, хайуанат дүниесімен әр күйде айласу арқылы олардың алуан-алуан жаратылысы, мерзім-машығы, тілек-тәсілі өзгешеліктері туралы көп нәрсені білген, таныған. Тіс, тырнақты жыртқыштың қалың сауыр мықтысы, қанаты қырағы ұшқышы, су асты, жер астының жайыны мен долысы, қаскөйі мен момыны, жеміті мен жемі, ұлысы мен кішісі, әлдісі мен айласызы – бәрі де ертедегі адамды сансыз көп қиялға, ойға, тәсіл-тәжірибеге, алыс-айлаға салындырған.

Бұл дүниенің бәрінен адам қорқатын, жеңілетін, бірін керегіне, көмегіне жаратып, ішіп-жеміне жаратып, пайдаланып салмақ болатын. Мысалы, барлық ұзақ тарихи тіршілігін үй хайуанымен, мал атаулымен нық байланыстырған елдің бірі – қазақ халқы және қазақпен туысқан талай ескілі-жаңалы елдер. Жаңағы ұзақ айластық арқасында бұл елдер өздері істес

болған жан-жануарлардың бәрін тек біліп қана қойған жоқ, олар жайында толып жатқан аңыз-әңгіме, арман-қиял, нелер сұлу, саналы жыр, ертегілер де тудырған.

Жақыннан таныған қол мүлкі, малының жаратылыс, мерзім-машығын білуден басқа, олардың сыртқары жайы – жабайы хайуанаттар туралы да сансыз көп тәжірибе, түсінік, білім жайлы талай көркем әңгімелер тудырған. Жанды заттар дүниесін өзіне де дос күш, қас күштерге бөліп, тірлік үшін жасалатын алыс-тартыстың неше алуан құбылыс халдерін әңгіме еткен.

Жан-жануар мінезінен адам қоғамында болатын таптық қанаушылық, қомағайлық, қорқаулық, аярлық, долылық, кекшілдік, сотқарлық сияқты көп-көп күйлердің елесін көрген. Хайуанат тірлігімен, мінез тартыстарымен адам тірлігі, адам мінез тартысы арасында ерекше ұқсастық барын тауып таныған. Сол мінездерді ұлғайтып, адам санасындай санаға, есепке, ақыл-тәсілге жеткізіп, тіл орамға келтіріп әңгімелейтін болған.

Хайуанат жайындағы әңгіме аңыздардың бір алуаны осындай болса, мұның екі түрі бар еді. Бірінде хайуан мінез-құлықтарын дәл хайуанның өзін суреттеу үшін айтпай, адамдағы мінез-құлыққа бейне, тұспал, мысқыл есебінде қолданылған. Адамдағы кемдікті, мінді бадырайтып, ұлғайтып, жиренішті етіп көрсету үшін, сондай сын арқылы жаманшылықпен алысу үшін мысал етіп алу болған.

Қазақ ертегілерінде, мысалы, әр алуан арыстан, аю, жолбарыс, қасқырлар бейнесінде қазақтың хан, бай, уәзір, саудагер сияқты көпке залалды, тойымы, тыйымы жоқ, жуан қанқор содырлары әңгіме етіледі (“Түлкінің алдағаны”, “Түлкі, түйе, қасқыр, арыстан, бөдене”)⁵. Сонда жаңағы аталған әр алуан жыртқыш аңдар арқылы қанаушы ортаның әр тұлғалы содырларына әр бөлек мінездер беріледі. Бұл алуандас ертегілердің жалғыз қазақта ғана емес, қазақпен аралас көп елдерде бар екені мәлім. Сол ретте, әсіресе қазақ ертегісіне аса мол әсер еткен орыс халқының хайуанаттар жайындағы ертегілері екенін аңғару қиын емес.

Мысалы, бір ғана аңды алғанда, оның ақылсыздау, қорқақтау және қопал, орашолақ мінезді болып келетін жайы орыс ертегісінде қандай болса, қазақ ертегісінде де және

чукот, эскимос, коряк сияқты елдер ертегілерінде де солайша қалыптанатынын аңғарамыз (“Аю, түлкі, қойшы”⁶).

Бұл жайлардың барлығы, Ш. Уәлиханов айтқанындай, қазақ сияқты Россия көлеміндегі елдердің барлығының хайуанаттар ертегілерінің көп әсері болғанын көрсетеді.

Хайуан мінездерін әңгіме етудің екінші бір түрі бар. Олар хайуанды анық хайуан етіп суреттейді. Оның жанды-жансыз дүние арасындағы өз қалпы, кейпімен жүрген шындығын, болмысын адам өз түсінігі арқылы анықтап, айқындап, жетілте көрсетеді. Бұл соңғы түрде де әсерлеп ұлғайту қосылатын кездер бар. Бірақ дәл бір түрдегі ұлғайту адамға айна қып көрсету емес, мысқыл емес. Хайуанаттардың ерекше сырына, жұмбақ бітім жайына, өзгеше өмір тәсіліне, жат сырына таңдану болады.

Біз тексеретін бір топ ертегілерде өзге хайуандар ішінде тағы да қасқыр кездеседі. Бірақ оларда қасқыр өзге елдердің ертегісіндей анық қасқырдың өз бейнесіне жақын суреттеледі. Ондағы аңның бәрі де ескі үнді жұртының, ескі орыс ертегісінің ішінде суреттелген аңдарша адам қауымындағы өрескел, қорқау мінездеріне мысал, аллегория ретінде бейнеленген болады. Арнаулы бір келеңсіз бітім, тұлғаның қалпында кейіптеледі. Бұл алуандас мол ертегінің көптен көбі мысқыл ажуаның өзін де еңбек тартыс тәжірибесінен алады. Айналадағы жанды-жансыз дүниеге адамның іс-әрекеті, еңбек тартыс арқылы қатынасуы адам қауымы мен табиғат арасындағы мысқыл етерлік ұқсастықты байқатады.

Көп ел ертегілеріндей, қазақта да талай ертегілерде бірнеше аң-хайуан бірге жүреді.

Мысалы, қасқыр мен түлкі, қасқыр, аю және түлкі, кейде қасқыр, түлкі, арыстан, түйе аралас жүреді (“Арыстан, қасқыр, түлкі, түйе”⁷, “Түйе, қасқыр, жолбарыс”⁸). Бұларды ертегінің әдісінше біріктіретін әңгімелік себеп, мотив – оқыстан кезігу болады. Әрбір аң айнымас мінез иесі болады. Арыстан – әр зорлықтың, асқақ күштің иесі; қасқыр – тойымсыз қомағайлық, жемтік мінез иесі; түлкі – пәле басы және жауырыны жерге тимес, аяр алдамшы, өзінен өзгенің бәріне іші қас, сырты дос болып жүреді. Ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүріп, ұшқан құс, жүгірген аңның бәрін мазақ етіп, алдап соғып жүреді. Бұл және әр кезде хайуанаттар жайындағы әңгімелердің күлдіргісі болып араласады. Оған сөйле-

ген анның бәрі “түлкі-түкім” деп, айласынан еріксіз именіп, жағына сөйлейді. Өзінше, біралуан келеңсіз, ақылсыз қара күштің иесі болып аю жүреді. Орыс халқының ертегісіндей, қазақ ертегісінде аю күлкі, масқара болып қалғыш, өрескел бітімде болады.

Момын, жазықсыздан, кең тазалықтан осы хайуандар арасында жүріп жем болатын түйе бар. Қазақтың бұл алуандас ертектерінде (“Түлкі, аю, қойшы”⁹) көбінше қойшы аралас жүреді. Ол кейде түлкіні өзіне серік етіп, аюдай алып күштерді айласыз, қара күшті тәсілмен ұрып жүреді. Түлкі мен адам алдасып айлакестік салыстыратыны да осы қойшы, түлкі, аю әңгімесінде болады. Көптің есесін жеп жүрген түлкі адамнан алданып, өзі жер қабады.

Қазақ ертегісінде түлкіні алдап жеңетін жалғыз адам емес, кейде елеусіз кішкентай мақұлық та болады. “Арыстан, қасқыр, түлкі, түйе, бөдене”¹⁰ деген ертегіде: бөденеден басқаның бәрін жеңіп жүрген түлкіні бөдене алдап кетеді. Бөденені түлкі аузына тістеп тұрып, балаларыңды шақыр дегенде, бөдене “маңғыт” деп өзің шақырсаң, балапандарым келеді дейді. Түлкі “маңғыт” деп аузын ашып қалғанда, бөдене “аузыңа саңғыт” деп ұшып жөнеліп, түлкіні мазақ етіп кетеді.

Хайуанат жайындағы осы алуандас ертегілердің көбі балаларға арналған күлкі, жеңіл әңгіме болып та кетеді. Ол: “Құйыршық”¹¹, “Қотыр торғай”¹², “Мақта қыз бен мысық”¹³, “Шудалы торғай”¹⁴, “Күшік пен мысық”¹⁵ сияқты көптеген ертегілер. Құйыршық ғажайып түрде ешкінің құйыршығынан біткен кішкентай бала болады. Ол қасқырды, жолаушыларды, үй иесін – бәрін алдап соғады. Ажалдан қалып, әкешесіне келеді. Бұл алуандас ертегілер орыста да бар. “Бармақтай бала” деген ертегі кішкене балаға: “Өз қайратыңа сен, қорғаншақ, жасқаншақ болма, батыл бол, тірлік үшін алысуды үйрен” дегендей үгіттерді танытады. Түйеден адамды оқшау ету, жатырқату емес, батыл табыстыру – қиялы, санасы бар ертегілер. Хайуанат жайында балалар үшін айтылатын қазақ ертегісінің бір алуаны – “Күшік пен мысық”, “Қотыр торғай” сияқты кішкене жануарлар жайындағы ертегілер. Ақылсыз күшік, айлакер мысық балаға әр жәндікті, әр кейіпті танытумен бірге, күлкілі, көңілді, баланың өз мінезіндей ойнақы күйде әңгімеленеді.

“Қотыр торғай” ертегісінде әңгімелік құрылыс жағынан қызық айтылатын, ерекше түр бар. “Қотыр торғай” жағымпаз, қотырын ауыртқан шеңгелге ашуланып, ешкіге шағады. Ол тілін алмаған соң, қасқырға шағады, одан жылқышыға, оны байға, байды кемпір шешесіне, шешені желге шағады. Содан қайтадан жаңағылар бірін-бірі қуып, ақыры ешкі кеп шеңгелді жейді. Қотыр торғайдың кегі қайтады. Дәл осы алуандас ертегі орыста да бар. “Ешкі мен жаңғақ” деген ертегі аумаған “Қотыр торғай”. “Ешкі жаңғақ жеуге кетеді. Теке ешкіні қайырып кел деп, қасқырды жұмсайды, ол тілін алмаған соң адамды, одан әрі аюды жұмсайды. Ақыры әңгіме қайтадан құлдилап, ертегі кейіпкерлері бірін-бірі қуып кетіп, ең аяғында ешкі жаңғақты алып, текесіне қайтады”.

Мұндай құрылысы бар ертегілерді тізбекті (кумулятивный) ертегі дейді.

Қазақтың хайуанат жайындағы ертегісінің тағы бір мол тобы үй хайуандары болады. Айнымас берік, есті дос иттен басқа, тұлпар серік аттан басқа, “Бозінген”¹⁶ сияқты түйе жайындағы әңгіме ботасы өлген інгеннің зар, шерін айтады. “Тепеңкөкте”¹⁷ иелерін байытқан бөйге ат өзгеше әңгімеленеді. Малды білген, оны сүйген қазақ халқы үй хайуандары жөнінде оларды мінезді, есті, мұнды, зарлы етіп, жаны ашып, дос тұтып әңгімелейді.

Әлі түгел жиылып, жіктеліп болмаса да, қазақ халқының хайуанат жайындағы ертегілері осында саналған түрлерінің өзіне қарағанда да, мол қор екенін танытып тұр.

Әңгімелену ретіндегі тіл кестесіне қарағанда, бұл ертегілер қиял-ғажайып ертегілерінен басқаша келеді. Бұнда хайуанаттарды бір-бірімен тілдестіру, әңгімелестіру көп. Әсіресе көп сөйлейтін түлкі, байғыз, қасқыр сияқтылар. Бұлардың өз мінездеріне лайық бір алуан тіл, сөз беріледі. Ертектің шебер не олақ айтушы екені бұл түрлі ертеkte өте айқын көрініп тұрады. Шешен айтушының әңгімесінде түлкілер мәтелдеп, мақалдап та сөйлейді. “Түлкі мен маймыл” ертегісінде түлкі маймылды “патша қылам” деп алдап, қақпанға түсіреді, балықты өзі жейді, маймылға “тепкілесен кетпейтін темір бақ қонды” деп ажуалайды, “екі бақ бар – бірі басқа, бірі аяққа қонады” деп, мазағын, аярлығын соншалық шешен, терең мағыналы сөзбен жеткізеді.

Өзге ұсақ жәндіктерден, құстан шыққан сүйікті заттарды да жаңағыдай шешен, білгір, ділмар етіп сөйлету – қазақ халқының хайуанаттар жөніндегі ертегілерінің үлкен бір ерекшелігі. Түр байлығымен қатар, әңгімелеген тіл байлығы бұл топтағы ертегілердің стильдік, көркемдік өзгеше қалпын танытады. Осы ретте қазақтың хайуанат жайындағы ертегілерінің ішінде үй хайуандары турасындағы ертегілердің орны зор екенін есте тұту керек. Олар жайындағы ертегілерде еңбек, тартыс үстінде адамға қанат – серік болатын малдың жайы өзгеше бағаланады. Сонымен қатар әр түлік малға қазақ халқының еңбек тәжірибесі ретімен жақсы танып белгіленген мінез әрекеттері қонымды келеді. Малға еңбек адамының, халықтың сенімі, достығы, сүйеніші аса көркем әңгімеленеді. Сол жөнінде және де қазақ халқының тілін байытуға үй хайуанатымен байланысты туған көп-көп атаулар, ұғымдар, ақындық, образдық, стильдік теңеу сөздер аса мол екенін көреміз.

Салт ертегілері

Жалпы ертегілер тобында салт ертегілерінің орны өзгеше. Бұлардың арасында феодализм дәуірінің ең ескі болмысынан туған немесе одан арғы тарихтан бұрынғы дәуірлердің елесін беретін ертегілер бар. Және сонымен қатар кешегі бергі заман болмысынан, шындығынан туған, нақтылы тарихи дәуірлермен нық байланысты көп ертегілер де анық, айқын аңғарылады. Осы ертегі түрінің таптық, қоғамдық мазмұны, идеясы қазақ еңбек елінің тартыс, тағдырының шындығымен байланысқан күйде өткен ғасырдың 60-жылдарында басталатын, реформадан соңғы дәуірдің ертегілерінде ұштасып, жалғасады.

Салт ертегілерінің қазақ ауыз әдебиетіндегі ірі өзгешелігі, ерекше қасиеті – бұлардың ең зор, ең мол мазмұны еңбек халқының тірлік жағдайынан, ауыр халінен туған. Сол себепті бұл ертегілерде қанаушыларға қарсы арналған еңбек халқының ызасы, таптық жиреніші аса өткір түрде қалыптанады.

Орыс халқының салт ертегілерінде патшаға, баринге (мырзаға), саудагерге (купецке), попқа қарсы ертегілер мол болғанындай, немесе буряттар сияқты қазақ халқының ша-

руашылық-қоғамдық жағдайларымен жағдайы ұқсас ұсақ елдердің салт ертегісінде жауыз хандар, шамандар, ламалар жайындағы өткір сынға, жиренішке, сықақ-ажуаға толы ертегілер мол болғанындай, қазақта да осы салт ертегілерінің зор өзгешелігі – сол өзіндегі қанаушылар ортасына аяусыз сын, соққы беруінде. Қазақ ертегілерінде де ханға қарсы, уәзірге қарсы, байға қарсы, қомағай саудагерлерге қарсы, бақсы-балгер, құшнаштарға, сиқыршы молдаларға қарсы туған салт ертегілері, сатиралық ажуа, мысқыл, күлкі әңгімелері көп екенін көреміз. Бұл ертегілерде ұзақ заманның тарихтық-дәуірлік ерекшеліктерін көрсете отыратын жағдайлармен қатар, әр уақытта қанаушы таптар адамдарынан халық адамының ақылы, адамшылығы әлдеқайда зор, жоғары қасиетті боп келеді.

Салт ертегілерде көбінесе күлкі, ажуа, сайқымазақ, сатира тап тартысының құралы есебінде қолданылады. Көп салт ертегілерінде еңбекші шаруаның алдыңғы қатарлы топтарының салт-санасы көрінеді. Бұл ертегілердің осындай тарихтық-қоғамдық өзгеше бағалы мән-мазмұнын ескеруде біз Энгельстің халық кітаптары турасында айтқан келелі пікірін еске аламыз.

“Халық кітаптарының міндеті күні бойы ауыр жұмыс істеп, арып-талып қайтқан шаруаның көңілін көтеру, ойын ояту, ауыр азабын ұмыттыру, оған өзінің тастақ даласын исі жұпар аңқыған гүл бақшасы етіп көрсету болады. Халық кітаптарының міндеті қолөнерші ұстаның іс дүкенін, жапаланып жүрген ұста шәкіртінің лашық үйін жұмақ етіп, олардың жұпыны әйелдерін таң-тамаша сұлу етіп, патша қызындай етіп көрсету болады. Сондай-ақ халық кітаптарының міндеті ... олардың сана-сезімін, ықылас-жігерін, Отанға деген махаббатын ояту, оларға өздерінің күшқуатын, правосын, бостандығын аңғарту болады.

Сондықтан, егерде халық кітаптарына, тегі, олар мейлінше көркем, өткір тілді болу керек деген талап қойылса, біз осымен қатар халық кітаптары заман тілегіне жауап берерліктей де болу керек деген талап қояр едік”, – дейді Энгельс.

Салт ертегілері – қазақ ертегісінің ең мол түрі. Топталып аталған атынан-ақ бұл ертегілердің тегі, мәні мәлім болғандай. Қиял ертегілері мен хайуанат жайындағы ертегілерден бұл топ мүлде бөлекше, ерекше келеді. Салт ертегіге

халық өзінің дүние тануындағы, қоғам тіршілігіндегі, үй тұрмысындағы, бас тірліктегі барлық мұң-мүддесін, тартыс-таласын жиып түйген. Бұл тектес ертегілердің ескісі де көп, бергінде туған жаңасы да мол. Әрине, бұдан да айрықша еске алатын бір жай бар. Ол салт ертегісінің арасына халық шығарған үлгілерден басқа, жат саналы бөтен тап, жау ортаның патриархалдық феодалдық салт-санамен тудырған, таратқан ертегілері де болады. Бұрын-соңды қазақ ертегілерін жинап таратушылар арасында әдейі сондай үлгілерді дәріптей түсіп, молырақ үгіттеген жат саналы байшыл-ұлтшыл зерттеушілер болғаны да бар. Сондықтан енді біз анық халықтық сананы танытатын, еңбек адамының қиялы, еңбек тәжірибесі мен ұғым-нанымын білдіретін ертегілерін талдап бағалаймыз.

Бұл ертегілердің бір түрлері көнелік есебінен ескі ұғым-нанымдарды және патриархалдық ортаның халық санасына еткен кертартпалық әсерін көрсетеді. Бұрынғы қиял ертегілеріне шектес, ұқсас келе отырып, бұндай ертегілердің тағы бір түрлері бергінде шыққандықтан, күндегі өмір, тартысқа өте жақын, аса шебер шыншыл реалистік әңгімелер болады. Осы алуандас ертегілер құр ертегі ғана емес, ауызша айтылған шебер көркем шығарма болып, халық романы, халық повесі, әңгімесі, новелласы болып та кетеді. Және осы сияқты ертегілерде қоғамдық тартысы, тап қайшылығы, қанау, зорлық, соған қарсы еңбек елінің сыны, наразылығы, алыс-тартысы, ұзақ арманы – бәрі де айқын көрінеді. Тегі, барлық ертегілерде қоғам тірлігі, халық мүддесі, зорлық-озбырлық үлкен сыр болып бөлініп отыратыны мәлім болса, мына түрдегі ертегілерде сол жайлар аса айқын шығып, андыз-дап тұрады. Ончуков жиған орыс ертегілерін оқып шығып, В.И. Ленин ертегілерді: “Қоғамдық, саясаттық тұрғыдан ұғыну керек, осы материалдарға сүйене отырып, халықтың арман мен мүддесі туралы тамаша зерттеу жазуға болады” десе, сол ұлы пікірдің шындығын осы топтағы қазақ ертегілері де анық, айқын дәлелдейді.

Фольклор қай елде, қай заманда болса да шаруашылық құрылыстың болмысынан және тап тартысының шындығынан туған. Сол тартыстың құралы болудан арылмайды. Тек қана кейбір фольклор түрінде осы шындық, сол болмыс тартыс түйіні теңеу үлгісімен, бейнелеумен көрсетіліп, үстірт қараған көзге айқын көрінбей тұратыны болады. Грек эпо-

сы туралы жазған сөзінде Маркс, орыс ертегісі турасында айтқан пікірінде Ленин – осы көмескі көрінетін болмыс шындығын, таптық сырды тереңдеп ашу, бойлап ұғыну қажет екенін айтады.

Ал сол ертегінің тап тартысының ертегісі екенін әсіресе нақтылап айыру жолында ауыз әдебиетінің бұл түрінен ең алдымен типтік белгіні ерекше алу керек. Типтік дегеніміз – көркем шығармалардың ішінде белгілі ортаға айрықша тән болған тенденцияны, қасиетті, озғын тенденцияны айрықша бағалауда. Сонда типтік дегеніміз – саны көп немесе статистикалық орташа мөлшер емес, ол алдымен қоғамның өсу перспективасымен, өмірлік тарихтық бағалы сипатымен ерекше болған деп танылуы керек.

Салт ертегісін тудырып, таратушы қоғамды, ортаны алсақ, мысалы, орыстың еңбекші шаруаларына арнап айтқан пікірлерінде В.И. Ленин ол ортаға ерекше тән тенденция – демократиялық тенденция дейді. В.И. Ленин шаруалар жөнінен жазған сөзінде: “Бұның орасан мол көпшілігінің халі соншалық ауыр. Алпауыттардың жер қожалығы, бұларға көрсететін қысымы соншалық күшті, ал шаруашылық жайлары сорақы күйде нашар, теңсіздік сондай масқаралық халде зор, сондықтан бұл ортада демократиялық көңіл мен талаптар тұрғанда, аңдап болмастай стихиялық, амалсыздық қалпы да туады”, – дейді.

Және де Ленин: “Примитивтік крестьян демократиясында ғасырлар бойындағы крепостной құлдықтың, чиновниктік озбырлықтың, талаудың, шеркеу аярлығының, алдамшы бұзықтығының бәрі жиылып тудырған таудай ыза, жиреніш те бар”, – дейді.

Қазақтың да еңбекші халқын алғанда, салт ертегілерінде барлық ызалы сынды: хандарға, байларға сол таудай ыза мен жиреніш түрінде қалыптағанын көреміз.

Әрине, осы айтылғандармен қатар, қазақтың салт ертегілерінде, халықтық ертегі болған күйдің өзінде де, таптық сананың өсу шамасы тарихтық жағынан жеткілікті болмағандықтан және тар көлемді болғандықтан, оның үстіне, көпшілік санасына қанаушылардың салт-саналық ызғары, тізесі, зорлығы әсер ететіндіктен, кей кездерде анық көрінетін қайшылық та болады. Сондықтан кейбір салт ертегілерінде өзінің теріс мінезінен өкініп, қайта түзеліп кететін зорлықшыл хандар кездеседі. Тағы бірта-

лай ертегілерде “жақсы хан” болды-мыс дегендей жайлар байқалады.

Бұл күйді талдап ұғынуда екі ерекшелік бар екенін есте тұту қажет. Ең әуелі еңбек елі өз ортасынан шыққан еңбек иесі боп, өнер тапқан өжет адамды хан етіп, әңгіме аяқтағыш келеді. Бұндағы таптық, қоғамдық бір сыр: бейнет елінің, көпшіліктің жайын, күйін білетін, арманын ұғатын адам әкім болса, жақсы болар еді деген түсінік, наным да байқалады. Сондай адамын халық хан қояды. Ал хандықты, ескілікті тар көлемді түсінік бойынша, хандықтың өзі де адам басына келетін бақыт, жақсылықтың ең зоры деп түсінген. Жоғарыда айтылған таптық сананың жетіліп өспегендігінің нәтижесі де білінеді.

Осы айтылған жайлардың барлығы қазақтағы салт ертегілерінің мәнін, сырын шешуге, бұрын қазақ ертегісін зерттеу жөнінде қолданылып жүрген идеялық қателіктерден, құрғақ тамашалағыш буржуазиялық-ұлтшылдық және әр алуан “бірыңғай ағым” (единый поток) түсінігінен тазарған, анық марксизм-ленинизм негізіне сүйенген тексеру қажет екендігін аңғартады. Ғылымның міндеті, зерттеушінің борышы еңбек елі шығарған халықтық шығармадан сол халықтың таптық мүддесін тануда. Қоғам тарихының ертелі-соңды күндеріндегі шындығын айқындап, жүйелеп таратып беруде.

Салт ертегілері қазақта ұшан-теңіз болса да, әлі тегіс жиналған жоқ, ерекше зерттелген де емес. Бірақ бүгін туып отырған көркем прозаның (роман, әңгіменің) мол іргесі, кең қоры осы түрде екенін даусыз дәлелдейтін ауызша айтылған салт романы (халық романы), тарихи ұзақ әңгіме (повесть), тарихтық хроника, ең алғашқы қысқа әңгіме (новелла), қызық құрылысты өткір әңгіме, өсиет әңгіме, күлкі әңгіме, геройлық аңыз, шебер өмірбаяндық әңгімелері, жорық-жортуыл әңгімелері сияқты – құбылысы көп, қиын түйінді, шытырман оқиғалы (приключенческий) әңгімелер – бәрі де осы топтан табылады.

Мұндай алуан түрі, көркі көп халық қорына қарағанда, жазба әдебиеттен бұрын-ақ көркем қара сөз туғызушы атсыз әңгімешілер еңбегімен, қалың халық даналығымен бірге қазақта аса шебер жанрлар (түрлер, үлгі, өрнектер) туып, өсіп қалғанын көреміз.

Көркем поэзияға ауызша поэзия қаншалық бөгетсіз, са- тысыз көп қор құйған болса, бүгінгі көркем прозаға да ха- лықтың ауызша әңгімесі сондайлық жатық жолмен көп ара- ласып, қабысып жатыр. Бұл жай қазақтың салт ертегілерін тексеру мен көркем прозасын талдап ұғынуда ғылымдық үлкен түйінді, проблемалы мәселе есебінде зерттеліп, тек- серілу қажет. Әсіресе, осы жайларды тақырып таңдаудан, әңгіме желісін таратудан, адамды бейнелеуден және өте- мөте әңгімелеу тілінің, сөз кестесінің ұқсастық, тектестік жағынан қарап зерттеу, талдау шарт.

Салт ертегілер қазақ фольклорында сан жағынан аса көп болумен қатар, бірнеше айқын түрлерге де бөлінеді. Соның алдымен көзге түсетін түрі – тұрмыс-салт ертек- тері.

Жалпы ертегі ішінде салт ертегілер көп болса, соның өз тобындағы ең молы – тұрмыс-салт ертегілері. Бұл ертегінің көптігіне орай тақырыбы да мол. Оның ішіндегі бастыла- рын санасақ: пайдалы өсиет, ақылды жігіт, ақылды қыз, қиянатшыл жар, өгей шеше қастығы, хан қиянаты, әке мен бала, ағалар мен інілер арасы, тағдыр мен бақ, ұрылар мен аярлар әңгімесі сияқты неше алуан болып шығады. Бұлар- дың жалпы тобынан туатын идея, қоғамдық салт-сана: үстемдік пен теңсіздікті, зорлық пен қарсылықты, байлық пен кедейлікті, бақ пен сорды, жақсылық пен жамандықты, ақыл мен ақымақтықты қарсы қою түрінде болады. Осы қатарда үй іші тұрмыстың адалдық пен қиянаты, беріктік пен алдасуы да көп ертегінің идеясын ашып отырады.

Жоғарыда айтылған тақырыптар ретімен қарасақ, пайда- лы өсиет жайындағы салт ертегілері өз алдына бір мол әңгіме- лер болады. “Білгір адам”¹, “Қарттың ұлына өсиеті”², “Үш ауыз сөз”³, “Үш өсиет”⁴, “Өнеге”⁵, “Алпысқа келгеннен ақыл сұра”⁶, “Үш кеңес”⁷ деген ертегілердің барлығы осы бір та- қырыптың көп түрлі әңгімесі, кең қайталамасы есепті.

Салт ертегісінің бұл түрінде адам жай ғана қалыпты адам болып кездеседі. Ертегі ері мұнда батыр да, бағлан да емес, көптің бірі және айласыз, әлсіз жалқы адам болады.

Көбінше өмір тартысына, талқысына бұрын түспеген, көргені мен тоқығаны аз жас болады. Сондықтан бұл адам көптің бірі, тірлікте, қоғамда күнде кездесетін жас буын- ның өкілі. Ендеше, ертегі осындай жасөспірімге серік етіп, өзіндей жасты әңгіме етіп, нақыл, ақыл береді. Тірлік үшін

алысудың тәсілін, құралын бермек болады. Міне, бұл түрлі ертегіден туатын тәрбиелік, ұстаздық мағына осындай – өмір құралы жазылмаған кітап нәріндей болып келеді.

Тұрмыс-салт ертегілерінің тағы бір көп қайталайтын тақырыбы – ақылды жігіт, ақылды асыл қыз жайындағы ертегілер. Бұл ертегілердің ескі түрі қиял ертегілерінің әсерін көрген, сондағы ертегілік қиын жол, қыспақ хал сияқтының бірталайын ішіне ала жүреді. Қыз ақылды, жігіт жақсы болып қиядан табысатын бір нұсқалары болса, сонымен қатар кей ертегіде қыз ақылды дана, бірақ жігіт олақ болып кездесіп, арадағы ақылды дос жігіт, не дос көмек етіп, “мұраты хасыл” болады. Осы алуандас ертегінің бір үлгісі – “Жалайдар хан мен Сағат”⁸. Мұнда ақылды сұлу хан қызы жігітке ғашық, іздеп табуын тосады, аңсайды. Жігіт өзі жете алмастай, сонда ақылды досы Сағат жәрдемші болады. Жол ауыр, өткелсіз қиын. “Тозбас тон, азбас ат” керек ететін жол деп, ертегінің өз тілінде баян етіледі. Бейнетпен жетеді. Бірақ жігіт ғашығына жолығар түнде ұйықтап қала береді. Қыз белгілер қалдырып отырады. Ақыры Сағат көмегі, ақылымен қыз жігітке қосылады.

Осы түрде әңгімеленген ертегінің бәрінде жұмбақ, әрекет көп келеді. Қыз үнсіз, бірақ зат қалдырып, ылғи жігітін сынап, із тастап отырады. Ақылды қыз әңгімесі тағы бір осындай ескі ертектен хан қызы болып, бірақ әкесінің қатал кәріне ұшырап, жазаға бұйырылып, сол жаза түрінде қайыршы жігітке беріледі. “Жақсы әйел” деген ертегі де солай келген. Ерік, ықтияр жоқ, күндік күйдегі әйел халі өзгедей емес, хан қызының басында да бар. Қиянатшыл, қатал, қаскөй хан жұрт қызына қысым көрсетумен тұрмай, өз қызына да сор тудырады. Бірақ ертегінің ақылды қызы қайратты да, мінезді де. Ол көп жерде, шын қасиетімен хан қызы емес, халық қызы болып кетеді. Сондықтан қайыршы күйеуін, не кем-кетік, не ақылсыз қор болып жүрген, “жаман” деген атқа ілінген күйеуін адам етіп, жақсы етіп, биік баққа жеткізіп отырады.

Ақылды жігіт әңгімесі де осы ақылды қыз сияқты сан түрлі, көп алуанды болып кетеді. Соның бірі – “Қарт пен тапқыр жігіт”¹⁰ деген ертегідегі жас. Ол бірге жол жүріп келе жатып, қасындағы қартқа екі-үш түрлі жұмбақ, қиғаш сөз тастайды. Сонда “арқаласайық” дегені – әңгіме айтысайық дегені екен.

Өлген адамның жаназасына кезігіп, “өлмеген екен” дейді, пісіп тұрған егінді “желінген екен” дейді – бәрінде де ақылды, терең мағына бар болып шығады. Жұмбақты үйге келгенде шалдың қызына да тастайды. Бірақ қыз бәрін шешіп, ұғынып, дана жігітке жар болып қосылады.

Ақылды жігіттің бір алуаны әділ шебер кісі болып, елге, жұртқа даңқы жеткен “Аяз би” сияқты болады. Мұнда елдік абыройды алған жақсы жігіт көбінше елеусіз көптен шыққан, қалың ел ортасынан келген жалғыз жігіт болады. Ол жігіт елге жаққан, қиынның ебін, қиынсыздың бабын тапқан ақылды болғандықтан, хан сарайын да өз дерегіне мойындатып, үлкен күш иесі болып кетеді. Қарадан шығарып, “Бақпен асқан патшадан миымен асқан қара артық” деген халық әңгімесі ондайды хан қоятыны да бар. Халық, бұқара көпшілік хан мен әміршінің ақылсызынан, қиянатшылығынан зығыр жеген кезінде ең болмаса осындай үлгілі ертегісі, әңгіме-қиялы арқылы дауласа күресіп, өз мүддесін айтады.

Бұл жөнде Добролюбовтың орыс ертегісі жайында айтқан елеулі үлкен ойының бірін еске алу қажет. “Өзге ертегілердің көпшілігінде кулық пен айлакерліктің, зорлықшыл күштің басым екендігін байқауға болады: бұл өте табиғи хал, ақыл санасы өсу жолында зорлықшыл күштен көп бөгет көретін адамдар арасында болады. Сол зорлық себебінен, тура жолмен алысудан тайқып, кулық, айлакерлік жолына амалсыз ауысады”, – дейді.

Қазақтың айлакер, ақылды, алғыр және күлдіргі мазақшыл тазшалар жөніндегі ертегілері және әсіресе “Алдар көсе” жайындағы ертегілері Добролюбовтың осы айтқан пікіріне анық айғақ бола алады. Халық ортасында туып тұрған, хандарға қарсы ертегілер айлалы ақылдының қара күшті, жауыз зорлықты жеңіп қана қоймай, масқаралаған, мазақтап кетіп отырғанын да танытады.

Сондай кездерде тұрмыс-салт ертегісі қырсықты ханды жеңген жанның бәрін көп дәріптейді. “Кесір хан мен тазша”¹¹ деген ертегіде осындай қырсықты хан – қыз болады. Басын үш рет сөзбен көтерткен кісіге тимек, көтерте алмағанның басын алады. Салт ертегісінде көп кездесетін осындай сертті жазаларға, қатал сынға шыдап барып, жүлде алып келетін әрдайым, тағы да халық өкілі болады. Мынау ертегіде сол талапкер – тазша болады. Ол хан

сертін әдейі айтылған қияс даумен мысқыл етіп жояды да, жеңеді. Қызды, ханды ақылы мен тәуекелінің жүлдесі етіп, көнбесіне көндіріп отырып алады.

Осы алуандас тағы да өмір шындығынан туатын салт ертегісінің бірталайы – қиянатшыл өгей шеше жайындағы ертегілер. Бұл тақырып, тегінде, жалғыз қазақ емес, көп ел ертегісінде бар. Өгей шешенің қыз балаға сор туғызатын қастығын әсіресе орыс халқының қиял ертегілері де, салт ертегілері де көп әңгімелейді.

Ал “Бақа”¹² деген ертегі – тағдырға иландырам деген ертегілерге қарсы, әдейі әзіл, мысқыл есебінде туған әңгіме.

Онда Бақа деген шал “көріпкел” де, сәуегей де емес. Бірақ еріксіз балгер, болжаушы болады. Өзі тілемей, ешбір дайын болмай, сол міндетті атқаратын болады. Жай жазықсыз таза адам. Өзінің мынадай өрескел халінен барды беріп құтылуға ынтық. Қашпақ та болады, бірақ құтылар шара жоқ, балгерлік етпесе, қауіп төніп, тосып тұрады. Бұның халі әрі уайым, әрі күлкі. Сонда болымсыз, ойда жоқ себептер Бақаның сандырақ сөзін – ем сөз қып шығарады. Бақаның қадірі артады. Тағы қысылып, тағы сәтпен айтқаны келеді. Үшінші қысталаң сында мұның Бақа деген атының өзі шалдың бағы болып шығып, сол құтқарады. Сөйтіп, бақ деген нәрсе арзан, оңай жолмен Бақа шалға ойда жоқтан өзі келіп оралады. “Жалғыз балгер”¹³ мен “Ойда жоқ”¹⁴ деген сияқты ертегілер дәл осындай.

Бұл әңгімелердің түп мағынасы бар, тағдыр деген үгіт, өсиеттерге қарсы елдің сыншы, мысқылшыл, толғаулы ойы тудырған бір алуан күлкі, ажуа, сыншы әңгімесі, тапқыр әңгімесі болады.

Тұрмыс-салт ертегілерінің тақырып түрлері бұл саналғандармен бітпейді, көп те, кем де келеді. Бірақ осында тексерілген ертегілер арқылы ашылған ерекшеліктер, қоғамдық, сыншылдық сырлар, таптық идеялар, композициялық ерекшеліктер бәрі де тұрмыс-салт ертегісінің байырғы, туынды түрлеріндегі ескілі-жаңалы жалпы бітімді аңғартуға жарайды.

Салт ертегілері қатарындағы алуаны бөлек бір топ – күлдіргі ертегілер. Бұл ертегілер бала мен үлкенге бірдей ортақ, тапқыр күлкіге, қызықты жеңіл түйіндерге құрылған әңгімелер болады. Алдымен бұндай ертегілердің оқиға ортасында жүретін бас геройының өзі ерекше. Оның бар іс-

мінезінен бұрын аты-қалпы, кескін-ұсқыны да күлкі, оқыс келеді. “Ши бұт, қағанақ бас, қыл тамақ”¹⁵, “Ұр тоқпақ”¹⁶, “Қаңбақ шал”¹⁷, “Байбай шал”¹⁸, “Айлалы тазша”¹⁹, “Қу тазша”²⁰, “Тазшаның қырық өтірігі”²¹, “Қу бала”²², “Екі еріншек”²³ деген сияқты болып, ертегінің аты мен адамынан да әңгіменің ойнақы, күлдіргі жаққа қарай бейім тұрғаны мәлім болады.

Бұл қатарда қазақ халқы айтатын күлдіргі әңгімелер ішінде алдымен аталатын “Алдаркөсе” болуға керек еді. Бірақ ол жайындағы әңгімелер ілгеріде айрықша тексеріледі.

Жаңағы алғашқы саналған күлдіргі ертектердің өзіне оралсақ, ең алдымен олар жайында байқалатын бір өзгешелік, көбіне ортақ бір сипат осы. Күлкі оқыстан туған, келте қайырылған тар жердің тәсілі, ұйқы-тұйқысы тәрізді болады. Оқиғалы тартысы күлкі болғандай, ойда жоқ күлкі хал көп қимыл-әрекеттер туғыза келіп, бірінің үстіне бірі қат-қабаттап үйіле, жұмарлана түссе, сонда күлкі әңгіме жетісе түсіп, күлкісі, қызығы үдей береді.

Сондай, мазмұнға сай құрылыс жағынан қарағанда, “Тазшаның қырық ауыз өтірігі” анық күлдіргі ертегілердің ең шебер үлгісі деп атауға татиды. Мұндай күлкіге бейім біткен ерекше жайлардан тыс, бір ауыз сөз жоқ. Өтірікшіге қыз бермек болған хан сертінің өзі бір әсерленген, дағдыдан тыс хал. Содан басталған тазша өтірігі: “Мен анамның құрсағында жатқанда, тумаған ту атамның жылқысын бақтым”, – деп кетеді. Мұндағы өтіріктің себебі: ертегінің әдейілеп, нақтылап алған күлкілік мақсатынан туған. Өзі ылғи ғана болмас, иланбас суреттерге құрылу керек. Және өтірік құр татымсыз емес, аса қызық тапқырлық бар. Әдейіленген жасанды көркем шығарма болу шарт. Тазша соны түгел ақтап, адақтап шығады. Ең аяғында хан әдейі қиын тосқауыл жасап, оқыс сұрақтар береді. Тазша өзге әңгімесін бұрын ойлап келді, енді мұның шын өнерлі өтірікші екенін сынау үшін осы арада, тұтқиылда қысып көру керек. Сондықтан хан: “Бәйтерегің қысқа шығар”, – дегенде, тазша шұғыл сұраққа іле жауап беріп: “Болса болар, түбінен таңертең ұшқан күйкентай басына кешке жетіп қонушы еді”, – дейді. “Күн қысқа шығар”, – дегенде: “Болса болар, таңертең қашқан марал кешке бұзаулаушы еді”, – деп тағы да

үдеп кетеді. Және осы оқыс сұрақтарға берген жауаптары бұрынғы айтып келе жатқан бастан бергі өтіріктерінен өзгеріп, ауысып кетпейді. Дәл солардың үлгі, бітіміндей “үйлесімді” болып бітеді.

Бұл күлдіргі әңгіменің бір ерекше қасиеті – өзі жан иесінің бәріне мәлім, бәріне ұғымды көріністерді, жанды, жансыз табиғат көріністерін алады. Солардың болмас, көнбес, қиғаш суретін тыңдаушының көз алдына өз басының ісімен, қатынасымен байланыстыра айтқанда, еріксіз, өрескел, күлкі күйлер туады. Ұғымдылығы мен күлкілігі тек қазақ тіршілігінің ерекшелігінен ғана туған емес, әрі қазақ, әрі бар адам баласына түгел жетерлік мөлдір айқындығында.

Күлдіргі әңгіме, тегінде, анық шебер құрылса, осындайлық көпке мәлім, көпке қанық жайдан алыну керек. Ол үшін күлкілік хал барлық жұрт білетін көптің көз алдындағы табиғат ішінен алынатыны – халық күлкісінің бір ерекшелігі, даналығы.

Қазақтағы күлдіргі ертегінің осы алуандас бір мысалы – “Ши бұт, қағанақ бас, қыл тамақ”. Онда да адам өрескел кескінде болғанмен, тағдыры табиғат көрінісімен байланыстыра алынған. Бұты шидей, басы қуық қағанақтай, тамағы қылдай кісілер әңгіменің басынан-ақ оқшау тұрпатымен көпке күлкі болып тұрады. Олардың өрескел кейпіне қарай ісі мен өлімі де күлкі, оқыс болады.

Әңгіме өте қысқа, сол қысқалығы да мазмұнынан туған соншалық түсінікті, заңды түр. Атына затын сай келтіретін күлдіргі ертегінің бір тарауы қайшы халге, контрастқа құрылады. “Қаңбақ шал”, “Байбай шал”, “Шал сияз” сияқты ертегілерде шалдың қарттық себебіндегі әлсіздігі алынса, сонымен қатар тапқыр, айлакер, қулығы алынады. Әрі әлсіз, әрі өзі ақылды, сол ақылдылығымен мықты болған қайшылық күйі бұл алуандас әңгімені де өткір күлкі етіп шығарады.

Қаңбақтай құраған шалға алып дәумен шайқасуға тура келеді. Қаңбақтай шал дәуден күш асырған болып, жердің ішегін теуіп шығарады. Түлкіні алдайды. Үш дәу бірігіп көп алыспақ болғанда, “жоғарғы дәудің басын ас, төменгі дәудің төсін ас, ортаншы дәудің өзін ас” деп айламен үркітіп, қу болып саналады. Қаңбақ шал қысылған шағында айла мен өтірікті еппен құрал етеді. Мұндайлық өтірікке құрылған әңгіменің сөз кестесі де соған бейім, сай келеді.

Күлдіргі ертегілердің ендігі бір алуаны “Ұр тоқпақ” сияқты жансыз, елеусіз заттардың ойда жоқ, қырғын-қызық өрескел әрекетіне құрылады. Бұған “піс қазан”, “бас ноқат”, “шырт ноқат” деген сияқты ойда жоқ оқыс күлкі туғызатын заттар халдері мен істері де қосымша мысал болады. Күлдіргі ертегінің бұл түрінде адам ықтияры, асыл қайраты көп іс өндірмейді. Адам не күлкі, не күшті күйге ауысса, жаңағы тілсіз заттарға ертегі бітірген ерекше қуат, сыр арқылы ауысады. Сол заттар істейтін оқыс істер болмаса, бұл ертегілердегі жеке адамның, үй ішінің – қоғамның тіршілігінен әңгімеленетін хал-жайдың бәрі салттағы, күнделікті шындық, болмыстың өзінен алынған болады.

Қазақ ертегісінде көп күлдіргі әңгіменің ортасында жүретін әдейі айлалы, тапқыр етіп кейіптелетін бір жан тазша болады. “Айлалы тазша”, “Қу тазша”, тағы әлденеше тазша боп әңгімеленетін күлдіргі ертегілерде мағына да мүлде мол болады.

Тазшаның сол “тазша” дегеннен басқа аты да жоқ. Өзі кедей, жалғыз, бұған ешкімнің жәрдемі, жақсылығы болыспайды. Бірақ нелер қиын халден, қысталаңнан аман шығып жүреді. Өз ақылы, қайраты, тынымсыз әрекеті, тапқыр сезгіштігі арқылы аман шығады және бір айқын сыры – тазша ылғи ханмен, патшамен, уәзір, жендетпен тартыса жүреді.

Қазақтың салт ертегісіндегі тазшалар орыс ертегісіндегі батырақ малай, солдат жайындағы әңгімелерге аса жақын келеді. Сонымен қатар қырғыз, бурят, якут сияқты елдер ертегілеріндегі айлакер кедейлер, малшылар жайындағы әңгімелерге қатты ұқсас болады. Бұл ертегілердің бәрінде де еңбекші малшылар арасынан шыққан халық өкілі айлакер, ажуаға жүйрік малшы, тазша халық юморының, мысқылының тамаша үлгілерін талантты түрде танытады. Қорқау, зорлықшы, қанқор хан, уәзірді әшкерелеумен қатар, обыр, жеміт байларды да масқаралаумен болады.

Солардың бәрін ақыл-айламен, алдаумен жеңеді. Бұлармен тартысу жөнінде өтірік айтса, теріс істесе, қулығын жалғанға жұмсаса, айып емес. Өйткені ол ортаға сондай әрекет істемесе болмайды дегендей болып, халық әңгімесі тазшаға ойдағысын істетеді. “Айлалы тазшаның” ханнан қысылып, байды алдап, жасауылды алдауы, оларды өзі “құтқарып” алғаны, ханға болысатын бақсы кемпірді өлтіріп, оның

жаласынан және құлан-таза құтылып, ақыры мақтан алуы сол айланы өзі алдампаз ортаға қарсы құрал етіп жұмсағанын көрсетеді.

Кейде тазша құлығымен мысқыл еткенде ұрыдан ұрлық, аярдан аярлық асырып, түбінде барып, тағы екі ханды алдап маскара етеді.

Жалпы, тазша әңгімелерінде тапқырлық мысқыл, ажуа бар болса да және сол айла-тәсілді халық сүймейтін қанаушы ортаға қарсы жұмсаса да, кейде тазшаның өзі халыққа да ерсі, теріс көрінетін бұзақы қылмыс істеп жіберетіні де болады. Бұл осы алуандас халық әңгімесіне үстем таптық, жат ортаның қосқан жамауы болуға тиіс.

Алдаркөсе

Алдаркөсе жайындағы қазақ айтатын аңыз ертегілер де көпке мәлім, көп қызықтаған, алыс заманнан келе жатқан әңгімелер.

Алдаркөсе жайындағы аңыз жалғыз қазақта емес, сыбайлас, туыстас қырғыз, өзбек, қарақалпақ, түрікмен елдерінде де бар. Онда да Алдар бір пішінді күлдіргі алдағыш, мазақшы болып көрінеді.

Бұларға қосымша Алдар жөнінде қазақ айтатын күлдіргі аңыздың үлкені – “Шықбермес Шығайбайды алдау”. Ол қоғамдық мәні зор әңгіме болғандықтан, барлық Алдар күлкісінің халықтық мазмұн-мүддесін танытады. Осылайша Орта Азия елдерінің көпшілігінде айтылатын Алдаркөсе аңыз ертегілері ескі замандағы қоғамдық мінез, қатынастарды мазақ ететін, көпке қызықты, мысқыл күлкі болып шығады. Әрбір әңгіме ажуа түрінде айтылады.

Кейбір қоғамдық жай-күйлерді, сорақы мінез-құлықтарды көп шақта халық аңызы күлкісіз, салқын жүзбен, жиренумен, ашумен айтатын болса, сонымен қатар көп жерде осы Алдаркөсе әңгімелері сияқты сынағыш, шанышпа, мазақ еткіш сөздермен айтатыны бар.

Халық өте сүйген өнерінің бір түрі – осындай күлкі әңгімелер. Бұлардың шеберлік, өткірлік, тапқырлық күйлеріне қарап, сол әңгімелерді шығарған ортаның талантын,

өнерпаздығын тануға, бағалауға болады. Алдаркөсе әңгімесімен қатар, осындай тапқырлық, жүйріктік, шапшандыққа құрылған күлкі мысал әңгімелер өте көп. Соның барлығы ел іші әр заманда да жаппай әңгіме қылатын, көпшілік ортасында ешуақытта ескірмей, көп-көп заман бойында ұмытылмайтын, жойылмайтын әңгіме болып келген.

Алдаркөсе әңгімесінің жеке-дара, өз басына келсек, ең алдымен мұның әуелгі туған заманын дәлелдеп айтуға болмайды. Пәлен ғасырда, пәлендей қоғам ішінде туды деп, бір дәуірді бойлап айту қиын.

Алдаркөсенің өз туысы, өмірбаяны туралы да ешбір мөлшер, дерек жоқ. Өйткені революцияға дейінгі тапқа бөлінген рушылдық-феодалдық қоғамды алсақ, соның қай дәуірі, қай кезі болсын, барлығына да Алдаркөсе әңгімелері, оқиға тақырыптар қона кетеді. Алдаркөсе әңгімелерінің шындығын сол заманның қайсысынан да болса табамыз.

Ел қиялы Алдаркөсенің басына сансыз көп, шексіз кең оқиға, әңгімелердің бәрін жамай, құрай берген. Алдаркөсенің аты сондықтан да жеке-дара ат емес, мысал сөз түрінде жаппай ат болып кеткен.

Алдаркөсе әңгімелерінің бір зор ерекшелігі осы. Мұның алғашқы, ерте кезде шыққан бір топ әңгімесін сүйіп, көп қолданып кеткен ел бері келген сайын, сол алғашқыға тың әңгімелер қоса берген. Сонымен қатар, жалпы ауызда жүретін әңгімелердің қалпы бойынша, бұның ең алғашқы әңгімелерінен ұмытылып, жоғалып қалғандары да болған. Бүгінгі бізге жеткен әңгімелер де ел аузындағы қыдырып жүріп келген әңгіменің бәрі емес. Бұл бергі айтушының құлағына тиген үзінділер ғана.

Алдаркөсе әңгімелерінің негізгі тақырып, мазмұнын алсақ, бұл – көпшілік бұқара, қалың еңбекші ел санасынан туған шығармалар. Сол көпшіліктің бір уақыт сараң, жеміт, сасық байға арналған таптық, қоғамдық мысқылын білдіріп, Алдардың Шықбермес Шығайбайды алдап, мазақ еткенін көрсетеді. Алдар жайындағы өте өткір, күлдіргі, шебер әңгіменің бірі осы. Мұнда көпшілік бұқара дүние-қоңыз, шірік, арам қолды байдың сұм құлқынын өлтіре мазақ етеді. Тағы бір ауық ой-санасы ашық, сыншы көпшілік Алдаркөсе арқылы діннің қараңғы нанымдарына да шабуыл жасайды. Алдардың шайтанды алдауы да өте

мағыналы әңгіме. Дүниенің жаралуы турасындағы фанатик молдалардың ертегілерінің бәріне елдің сау ақылы иланбай, күлкі етіп, ажуа қылғаны көрініп тұр. Және шайтанды жан иесінің ең қуы етіп, адам ақылын оның қасында әлсіз етіп, бір қараңғы бұлдырға таза ақылды тұсап берем деген талаптың бәріне де көпшілік түсінігі қарсы. Сондықтан Алдаркөсе шайтанды өзінің өткір, тапқыр ақылы бойынша өз мінездерін өздеріне істеп алып та, шалып та жығады.

Осымен қатар өткір, алғыр, шапшаң ақылды бағалайтын ел неше алуан аңқаулық, аңғырттықты да мазақ етеді. Қомағай, ел жегіш, тегіннен пұл жинағыш саудагерді бір кезде аңқау етіп көрсетіп, оның өгіздерін Алдарға алғызады. Немесе бақсы, балгер, дию, пері деген сияқтыны шығарып, ел ақылын тұсап, надандық, қараңғылық қалпын молайтқан наныммен алысып, мыстан кемпірді қор етеді. Жұртты алдаймын дегендердің өзін алдап, жер ғып кетеді. Алдар әңгімелерінің тағы бір өткір мысқыл ажуаны, мықты мазақты қоғамдық, халықтық тұрғыдан танытатын тобы Алаша ханды масқара күлкі еткен аңыздан байқалады. Бұл әңгіме біреу ғана емес, біріне- бірі жалғаса беретін бір топ күлкі, мысқыл оқиғалар болып келеді.

Сол қатарда жеміт айлакер, алдампаз саудагерді Алдарға мазақ еткізу де осындайлық таптық, халықтық санадан туған.

Сонымен қатар, әрине, Алдар әңгімесіндей көпті мәз қылған, халыққа жаққан, ауызда жүрген әңгімені бұқараға жау тап та пайдаланғысы келген. Сондықтан бұқараның оларға қарсы арнаған кұралын үстем таптың бұған қарсы қайта кұрал еткісі келген талабы да болады. Сондаймен Алдар әңгімесінің кей жерін өзгертіп, мысалы, өгізінен айрылушыны саудагер бай емес етіп көрсететіні бар. Осы сияқты аңқаулықты, бос нанғыштықты қалжың ететін ел сынын қазақтың кедейіне, “Таз қойшыға” арналған ажуа есебінде ғып жіберген жерлері де бар.

Бірақ мұндағы, Алдар әңгімесінің негізіне, бағытына, қоғамдық мазмұнына қарағанда, әдейі бұрып айтқан жамау сияктанып тұрады.

Оны ауызша әдебиеттің барлығына еріксіз кіре жүретін, бөтен тап қоспасы деп түсіну керек. Ал, одан басқа мазмұн-

мағынасын алған Алдаркөсе әңгімелері – нағыз сыншы, шебер күлкіге ұста қалың қара бұқара туындысы болады.

Алдаркөсе күлкісінің түр, құрылысындағы өзгешеліктеріне қарасақ, ең әуелі күлкі, қызық өрескел жай адамның атында тұр. Су жұқпас Көседен шыққан мысқылшы, нысаналы, туысы бөлек, тұлғасы басқа адам болып келеді. Алдар деген аты да әйгілі. Ол жасырынбай, шынын жарыққа салып, “мен мазақ етем, мен ажуалаймын” деп тұрған ашық жағы. Қайда қу мен сұм, қайда құнсыз, топас келеңсіздер болса, соның бәрін де жығам, жеңем деп ізденіп шығады.

Халық әңгімесі бұған кездестірген бөгет қарсылықты да ойда жоқ қиыннан, қиюсыздан құрайды.

Алдарға сараңның бермесін алғызады. Алдампаздың ең зоры – шайтанның өзі ұттырады. Елді, жұртты жебей сауып, алдап жүрген саудагерді тонатады. Сыр, сиқыры бар “көріп кел” бақсыны мазақ еткізеді. Соның бәрінің қатарында кәрі күшті, кегі қатал, ажалдай болып тұрған хан сарайын масқара еткізеді. Осының баршасы да қиыннан туған бөгетті жеңген тартыс күлкісі. Оңайдан туған арзан күлкі емес, аса мазмұнды күлкі.

Алдар әңгімелерінде күлкі-мысқыл қоғам құрылысының, қоғам тартысының құралы болғандықтан осылай. Және бұл құрал, бұл күлкі – өлмес елдің өшпес күші. Сондықтан ол үнемі жаңғырып, өсіп, көбейіп отырады. Сол себепті де қазақ аңызы Алдарды өлді деп айтпайды. Алдар аты – күлкі аты, күлкіге өлім жоқ. Ендеше, сол күлкі өшпейтіндей Алдар да өлмес жан бейнесінде әңгімеленуі шарт. Қазақ аңызында Алдардың туысы айтылмаса, өлімінің де айтылмайтын мәні осыдан.

Асанқайғы

Алуаны бөлек, ерекше бір аңыз ертегінің адамы – Асанқайғы. Бұл тарихта болған адам. Бірақ тірлік еткен заманы Жәнібек ханның тұсы дегені болмаса, дәлді кім еді, қай ортадан шығып еді, қандайлық еңбек, әрекет етіп, қандай өмір кешіп өтіп еді. Ол жайының ешқайсысынан дәл дерек жоқ. Тарихта болған адамдар ішінде өмір сорабы, іс-

еңбегі халықтың нағыз ертегісі болып, тек сол қалыпта ғана ой-жадында сақталған адамның бірі – осы Асанқайғы.

Асанқайғы өзінен қалған қысқа сын болжаулары, өсиеті арқылы өзінің жайынан да, заман аңғарынан да бірталай көрініс-елес, білік-дерек береді.

Фольклор көлемінде біз Асан бейнесінің айналасына халық жиған аңыз-ертегіні тексереміз. Мұндағы Асан – ақын Асан, көркем сөз шығарушы Асан ғана емес, өзі халық шығарған көркем әңгіменің геройы болып кеткен Асан. Бірақ осы қалпында да Асан туралы екі түрлі, біріне-бірі қайшы, қарсы екі алуан аңыз әңгімелер бар. Соның алғашқы мол тобынан халықтық сана көрінсе, екінші саны азырақ түрлерінде өте кертартпа, реакцияшыл хан-феодалдар санасы танылады. Сөйтіп, бұл бейне айналасында ауыз әдебиетте екі түрлі таптық тартыс идеялар бар екенін көреміз. Тексеруге алғанда халықтық үлгілерді аламыз да, жат саналы аңыздардың таптық сырын әшкерелейміз.

Енді сол халықтық аңызға оралсақ, онда Асан халық мұңын арман етіп, алысты меңзеген адам болады. Асанның өмірі мен еңбегіндегі, өлең-өсиетіндегі нәрлі, сырлы қасиеттерін алып, соны халық ұлғайтып, өсіріп, даңқ етіп әкеткен. Мұндай шығармаларда Асан бейнесі – халықтың қиялы мен өнері туғызған өзі бір әдебиеттік бейне.

Асан жайындағы аңыз ертегілері ерте күннен бастап, бергі замандарға шейін халықтың үнемі қоспа қосып, түрлеп, өсіріп келген шығармалары болады. Әсіресе осы күнгі қазақ мекен етіп отырған жер-сулар, қоныс-қыстаулар жайындағы “Асан айтты” деген сынсарап, барлау, болжау сөздердің көпшілігі сол жерлерде бертінде келіп қоныстанған елдердің өз жерінің сырын, жайын түсініп, танып болған соң, көп тәжірибе жылдарынан соң, Асан атынан қосқан өз шығармалары, өз сындары болады. Асан жайындағы халық аңызы әр дәуір, әр буын тұсында түлеп, өсіп отырды дегеннің мәнісі, дәлелі осы.

Асан жайындағы аңыз ертегінің ең мағыналы көріктісі, халық үшін қызықтысы – оны малға мекен, елге ырыс жер іздеуден бұрын желмаяға мініп, қазақ жайлап отырған орын, өрістің бәрін шарлап, тыным таппай шарқ ұрып кезетіндігі жайында. Көрген қоныс, мекеннің біріне

қанағат қылмайды. Арманды бір жер барын сезеді. Оның аты – қиял мекенінің аты болмақ – “Жерұйық” деп ат қояды. Сонда жетсе ғана, соны мекен етсе ғана, халқы бақытты болмақ. Игілікті ырыс атаулының жанды көрініс, белгісі болып “қой үстіне бозторғай жұмыртқаламақ”. Мұнда малға, шаруаға да береке бар, адамға да бақ-ме-реке, тату-тыныштық, шат-шадыман тірлік бар. Міне, осындай жерді өзі үшін емес, елі, жұрты үшін іздеген Асан – ел қамқоры.

Ол мұны іздеуді өздігінен таппайды. Елдің сол күнгі шаруашылық, қоғамдық тірлігіндегі болмысына, күй кескініне қарап, қанағат етпей, торығып барып іздейді. Шаруашылық болмысына да, қоғамдық құрылысына да риза емес. Және қалың ел қандай риза емес болса, бұл да соншалық, сондықтан риза емес.

Осы риза еместік жаңа дүние, жаңаша бір бөгде, өзгеше болашақты, бақ қиялды тілетеді. Тілеп, аңсап іздеуге талпынтады.

Сол қиял мекеннің аты бірде “Жерұйық” аталса, кейде “Жиделі байсын” делінеді. Бұл орынның екеуін де Асан өз тірлігінде таппайды. Өйткені ол мекен өзі келмейді, оны халық өзі қалың бейнетпен таппақ керек. Ер еңбегін кешіп, өз талабымен, ұзақ қысталаң, сыннан соң жетпекке керек.

Ер жар төсегінен түңіліп, мал төлден тыйылып, шексіз ұзақ сапарға жылдар бойы әзірленіп, төзу керек. Сондай қиын қымбат кешуден өтіп барып қана, ел сол еңбегі үшін, үнемі жидесі таусылмайтын жағалай жасыл дәулет, бақ мекеніне жетпек.

Мұндай қиял мекенін бір қазақ емес, өз ертегілерінде ел тудырған. “Суы – сүт, жағасы – балқаймақ” өзен мекенді орыс аңызы да көп айтқан.

Бірақ, Асанның елі сияқты, барлық ел ол қиял мекеніне сол аңыздарда жетпей қала береді.

Міне, халықтық көркем аңыздың бір геройы Асан жайындағы әңгімелердің осындай мән-жөні бар.

Ал, осымен қатар Асанқайғы жайындағы әңгіменің екінші, халыққа жат, бөтен саналы бір түрлері тағы бар дедік.

Ол аңыздағы Асан – халық мүддесімен қабысатын Асан емес, хан сарайының ақылды сыншысы, санашылы

болған Асан. Бұл Жәнібек ханға ақыл айтады. Құладыңға ку ілдіргенің – жаман ырым, қала салғаның – жаман қылық деп сынап-шенейді. Мұндағы Асан кертартпа феодалдық заңның санашылы болып шығады. Хан мен халық арасындағы қайшылықты айтқанда, ол хан жағының таптық мүддесін жақтап, жоқтап сөйлейді.

Онан соң бір үш ауыз толғауда “мұнан соң қилы-қилы заман болар” деген сөзінде және де хан үстемдігінің жоқшысы болады.

Саны ап-аз болғанмен, Асанның “Жәнібекке айтты” деген сөзі және кейін Бұқар шешетін, “Асан айтыпты-мыс” деген қысқа толғау – екеуі де халық сүйетін Асаннан басқа бөлек, жат саналы адамды танытады.

Бұл – үстем тап санасының анық, халықтық аңызға қосқан қосымшасы. Халық ортасына аса даңқты, абыройлы болған адам атына хан мен билер ортасы өз үгітін, таптық санасын, мүддесін қосып әңгімелеп, Асанның тұлғасын өз жағына бұрып айтады.

Осымен ауызша аңызда біріне-бірі қайшы екі алуан әңгіме бар екенін көреміз. Сонда негізгі, күрделі, көркем әңгіме халықтыкі. Ол қайғылы Асан жайындағы әңгіме. Екінші Асан қайғылы емес, ол өз үстемдігін жүргізіп тұрған адам болса, қайғылы болу жол емес, алдыңғы образға қарсы, қайшы, контраст образ болады. Мұны осылайша айырып талдап түсіну қажет.

Жиренше

Ескі фольклор ішінде Алдаркөсе мен Асанқайғы әңгімелеріне ұқсайтын шығармалардың бірі – Жиренше әңгімелері. Мұның да дәлді қай заманда туғаны мәлім емес. Бұнда да Алдар әңгімесі сияқты алғашқы шыққан түріне кейіннен қосылған қоспа, жамау көп.

Жиренше әңгімесі де халық аузында көп айтылатын, көпшілікке өте мәлім әңгіме. Жиреншенің аты да Алдардың аты сияқты жаппай атау болып кеткен. Алдарға мұны ұқсататын тағы бір ерекшелігі – бұның жайы да қара сөзбен айтылатын қысқа-қысқа жеке әңгіме болып құрылады.

Жиренше әңгімелерінің Алдардан бөлек бір ерекшелігі: бұғара бұқара ортасынан шыққан әңгімелерден басқа, үстем тап санасынан ауысқан жамаулар көбірек.

Жалпы алғанда, Жиренше әңгімесінің көпшілігі де бұқара санасынан туған, мұндағы негізгі әңгімелердің мазмұны сол бұқараның шешендік, шапшаңдық, тапқырлықты қоғамдық, таптық құрал етіп пайдаланғаны көрінеді.

Сонда, көп жерлерде кедей, әлсіз Жиренше үстем таптың өкілі болған ханнан зорлық, қорлық көрмеу үшін алысады.

Ал ел әңгімесі Жиреншені бір арам, зорлықшы ханның қасына жолдас етіп береді. Хан мұның әйеліне қызығып, көзін жоймақ болып, басына қастық етумен болады. Жай адамның қолынан келмейтін істермен сынап, үнемі оның аяғы тайғанын аңдып отырады. Жиренше сол хан зорлығының бәрінен өзінің ақылы, айласы, шеберлігі арқылы зорға құтылып жүреді.

Ел әңгімесі тапқыр, жүйрік Жиреншені ешбір ханға да, хан сияқты бөтенге де жеңгізбей қояды. Жалғыз-ақ оны жеңетін – әйелі Қарашаш болады. Әңгіме Жиреншеге Қарашашты әдейі көңілдегідей мінсіз, жақсы жар етіп қосады. Сол себепті Қарашаш “бай еді”, “хан еді” деп бөтенге қызықпайды. Ақылы, қасиеті артық Жиреншеге берік дос болып қалады. Кедейлігін де елемейді. Қарашашты аламын деген хан талабынан Жиренше өмір бойы құтыла алмай қойғанда, өз басын өзі құтқарып, Жиреншенің қасында қалу жолын да Қарашаштың өзі табады. Қарашашты ханға аудармай, ұдайы Жиреншенің басына берік етіп, қасында қалдыру – елдің Жиреншені сүйгендігін білдіреді. Жиренше әңгімесінің негізгі тақырыптары, мазмұны осындай.

Қорқыт

Қорқыт жайындағы аңыз ертегісінің бірнеше түрі бар. Соның барлығында Қорқыт өзіне тән бір кейіпте, бір зор мүдденің соңында болады. Ол арман-мүддесі – өлімге қарсы алысу, өлмеске бір шара іздеу. Қазақтағы аңыз ертегінің Қорқыт турасындағы негізгі тақырыбы осы.

Бірақ Қорқыт жайындағы әңгіме, аңыз тек қазақша ғана емес, өзге, қазақпен тектес елдердің көбінде бар.

Қазіргі күнге шейін өз фольклорында Қорқыт атын сақтап келген: қазақ, өзбек, түрікмен, қарақалпақ, қырғыз, башқұрт, азербайжан елдері.

Азербайжан, түрікмен, башқұрттар оның жайында “Дәдә Қорқыт” деп мол әңгімелер айтады. “Китаби дәдәм Қорқуд” деген атпен түрікмендер, азербайжандар ұзақ-ұзақ дастандар, нақыл әңгімелер жинағын тізген. Бұл елдер өздерінің оныншы, он бірінші ғасырлардағы фольклор, әдебиет ескілігін осы Қорқыттан да бастайды. Қорқытты түрікмен, өзбек “Қорқыт ата” деп әңгімелейді. Қарақалпақ, қазақ, қырғызда тек Қорқыт атымен жүреді. Ескі рулар аңызында суреттелген Дәдә Қорқыт қазақ аңызындағы Қорқыттан басқа бейнеде.

“Китаби дәдәм Қорқуд” бойынша Қорқыт үлкен бір қарт, қария, ақылгөй дана кісі болып, әр кезде жыр толғаумен үгіт-өсиет айтып отырады. Ол кітаптағы Қорқыт араласатын үлкен оқиғалы бір әңгіме “Бамсы Бәйректе” Орта Азия елдерінің батыр жыры – “Алмапысқа” ұқсаған мол сюжет бар. Қорқыт сол әңгіменің көп жерінде араласып отырады. Балаға ат қоюда, оған қалыңдық айттыруда жүріп әрекет етіп, ақыл-парасатымен көп жәрдем етеді. Әр кезде бұның айтқан болжауы дәл келіп отырады. Көп іс пен мінездер жөнінде терең, кемел толғау, сындар айтып қояды. Сол айтылған толғаулары көбінше өлең, жыр, көркем жыр болып, ел жадында қалып отырған. Өлең толғауларына қарағанда, Қорқыт қазақтың батырлар жырларында көп кездесіп отыратын Сыпыра жырау сияқты. Толғауды сол сыншы жырау айтатын кездерде айтып отырады, дегені де сондай болып келіп, айтқан ақылында ақау болмайды. Тек Сыпыра жыраудан айырмасы – бұл мінсіз дұрыс адам, жөні дұрыс, оң кейіпкердің жәрдемшісі болып жүреді. Және үнемі хан қасында отырған Сыпыра жыраудай хан сарайының ғана ақылшысы емес, баласыз атаға, панасыз жасқа да аталық жәрдем, жақсылық етіп жүретін көмекші қария болады. Бұл соңғы кескін-бітім кейде қазақ аңызындағы Асанқайғыға ұқсаңқырап отырады.

Міне, Қорқытты дастан етіп сақтаған елдердің бір тобында оның бейнесі, оның жайындағы әңгіме өрісі осылай келеді.

Ал қазақтағы аңыз ертегілер бұл Қорқыттан басқа бейнені суреттейді. Бұндағы ең зор ерекшелігі, Қорқыт сөз атасы емес, күй атасы, жер үстіндегі адам баласы білген ән-

күйдің өз атасы болады. Және бір зор, айқын тұрған ерекшелігі – өлімге қарсы алысуы. Бұл мұсылманшылық ұғымында құдай бұйрығына, тағдырға қарсы шыққан күпірлік есепті болғандықтан, шығыстағы көп әңгіме Қорқытты тек ақылгөй, дана қарт қып әкетсе де, қазақ әңгіме-аңызы оның қасиет-ерекшелігін сол тағдырмен алысушы болуына саяды.

Қорқыт адамның тірлігі шақты болғанына наразы. Өлім деген обыр барына наразы. Өлімнен құтылам деп шарқ ұрады, шартарапты кезеді. Бірақ қай тарапқа барса да, алдынан азынап тұрған көр шығады. “Кімнің көрі?” деп сұраса: “бұл – Қорқыттың көрі”, – деген жауап алады, дейді.

Осы әңгіменің өзін де халықтың жеңіл ғана, үстірт қана емес, мұндағы “көр” дегені дәл көрдің өзі емес, әрбір тозбақ, өлмектің бейнесі, елесі деп білу керек. Шартараптың бәрінде Қорқыт көрдің өзін көрмейді, жүгірген аң өлексесін, ұшқан құс жемтігін, құлаған ағаш, қураған шөп қалдығын көреді. Оларда да бір шақта өмір, тірлік болған, енді сол өмір бітіп, жоқтық жұтып бара жатқан халдерін көргенде, осы жайларды “көрге” санайды. Бұлар осылай өлді, сен де солай өлмексің, бітпексің деген елесті береді, ойды ойлатады.

Қорқыт – әр заттың өлімінен өзінің ажалы мен көрін көргендей болады. “Қайда барса Қорқыттың көрі” дегеннің халық аузындағы мағынасы осы. Философиялық, поэзиялық зор мағына.

Өзі тынымсыз ойшыл, өзі өнерлі, дана Қорқыт содан кейін қалың оймен қатты толғанып жүріп, өзгеше бір өнер табады. Су үстіне кілем жайып, ағын сумен бірге өмір ағынындай жылжып ағып отырып, өзі жасаған бірінші қобызбен, жер үстіндегі ең тұңғыш күй аспабымен “күй” атты сәнді сыр шертеді. Қазақ аңызы бойынша жер-жиһан күй дегенді естімеген шақта, адам баласы ән-күй білмей тұрған шақта осы өнерді бірінші аспаптың қылына оралтып шығарған Қорқыт еді дейді. Сондықтан Қорқыт жер үстіндегі күй атасы болды дейді.

Су үстінде Қорқыт ағып келе жатып, өлімге қарсы мәңгі өмірді мадақтайтын күйді тартқанда, хайуанат, ұшқан құс, жүгірген аң – қысқасы, барлық тірлік иесі жанжануар өзен жағасына анталап кеп тындасады. Құптап тыңдайды. Жағадағы тау-тас та сол тірлік күйін жаңғыра күңіреніп тыңдайды. Аңыз осылайша баяндап, Қорқытты

құптаушы, қостаушы, қадірлеуші жан-жануар қаншалық көп болғанын білдіреді. Қорқыт атының өлмей, өшпей сақталуына адам нәсілі өзі кепіл дегендей болады.

Қорқыт осындай өнер туғызып, артына, адам нәсіліне соншалық асыл мұра тастап кеткендіктен өлмеді. Өлімге қарсы амал тапқан жан болды. Өйткені бұл аңыздың өмірлік, философиялық шын терең мағынасы – өзі өлсе де артына өлместік мұра қалдырған адам, өлмеген адам деп саналуға тиіс дейді.

Міне, Қорқыт жайындағы негізгі аңыз ертегінің мазмұны осылай. Екінші бір алуан аңыз ертегіде қазақ әңгімесі Қорқытты әзірейілге кездестіреді. Әзірейіл мұның жанын салып алатын сандық істеп әкелген. Қорқыт әзірейілмен жауаптасып тұрып, сандықтың ішіне әзірейілдің өзін алдап салады да, сандықты бекітіп, суға ағызып жібереді.

Әзірейіл көпке шейін судағы сандықтан шыға алмайды. Сол кезде көп уақыт ешкім өлмей, жанның бәрі аман жүретін біраз дәурен болады. Бірақ судағы сандықты бір балықшы шал аумен ұстап алып, аузын ашқанда, әзірейіл ішінен шығып, сол арада жаңағы шалдың өз жанын алыпты дейді. Бұл бір үлкен мысқыл, сыншы әңгіме. Мұнда да аңыз етуші халықтың тілеуі мен достығы, жақсы бейілі дін жағында емес, Қорқыт жағында екендігі көрінеді. Қорқыт өзі бұл әңгімеде ойнақы, мысқылшыл, әзіл-айлашыл жан болып көрінеді. Жас, ойыншы, айлакер болып сезіледі. Жалпы, қазақ әңгімесі Қорқытты қарт қып суреттейді. Алғашқы әңгімелердегі және мына әңгімедегі Қорқыт жалынды жас кескінінде болғандай. Бұлай болса, осы қазақ айтатын әңгімелер, жалпы Қорқыт жайындағы барлық әңгіме, аңыздардың ішінде қарт Қорқыт емес, жас Қорқытты айтқан ерекше бір бөлімдері болу керек. Өмірді сүюді соншалық оттай, жанды күйде суреттеу арқылы халық Қорқытты өмір, тірлік үшін алысушының ең зоры еткен. Сол себепті кейін шаманизм наным бойынша ауруды бағып, өліммен алысқан бақсы атаулының барлығы Қорқыт күйін тартып, алысатын болған. Ол күй өмір тірлікті қорғау, арашалау күйі болғандықтан, бар бақсының сиыну күйі болды.

Дүние жүзінің фольклорында, әсіресе ескі мифтік, діндік ертегі аңыздарында осы Қорқыт сияқты өмір үшін,

өлімге қарсы алысқан бірнеше ұлы бейнелер бар. Бұлардың бәрі түбін ойлағанда құдай бұйрығымен, ажалмен ғана алысушы емес, сол алыс арқылы құдайдың өзімен де алысқандар деп саналады. Соның бірі грек мифінде – Прометей, осетин аңызында – Амран, үнді аңызында – Сидхарта болған болса, қазақ ескілігінде – Қорқыт болады. Қорқыт жайындағы халық түсінігі осылай болса, оның бейнесін үстем таптың кертартпа санашылдары басқаша етіп ұғындырғаны да бар. Өзінің үстемдік дәурені өтіп, құлап, күйреп бара жатқан кей топтар “қайда барсаң Қорқыттың көрі” деген нақыл шығарып, Қорқытты айықпас пессимизм айғағы етуге тырысқан. Осыны қазақтан шыққан ұлтшыл алашордашыл, контрреволюция әрекетіндегі кей ақындардың әдейі мадақтап, бұрып, бұзып әңгімелегені де бар-ды. Бірақ халық ұғынған Қорқыт пессимист емес, өмір үшін қатты алысушының бірі. Және сол көп алысушылардың ішінде дегеніне жеткен, өлместің амалын, шарасын тапқан жанның бірі Қорқыт деп саналады. Салт ертегілерінің тіліне қарап, халық поэзиясының жазба әдебиет тілінен басқаша келетін өзгешеліктерін, ерекше қазыналық қасиеттерін зерттеу қажет. Ал салт ертегілерінің және сонымен қатар жалпы қазақ ертегілері түр-стиль өзгешелігін, татымды қасиеттер жағынан бағалай отырумен қатар, олардың көркемдік құрылысындағы бір қалыпты қайталағыш, жылжымас тұрақтылық тәрізді олқылық жайын да атап өту керек. Ауыз әдебиетінің көпшілігіне ортақ бұл өзгешелік жөнінде Чернышевский айтқан түйінді бір пікірді еске аламыз. Чернышевский: “Халық поэзиясы айтам деген жайын өзгеше көркемдікпен айтады. Оның кемшілігі мүлдем басқа түрлі, бұнысы бір қалыпты аумас күйінде. Сонысы орасан сұрғылт күйге (монотонность) айналып отырады. Патриархалдық өмірдің мазмұны жылжымас халде, ол өмірдің түрлері де қатып тұрғандай, жылжымастық өзгерісі аз түр. Халық поэзиясында да дәл осындай күй бар”, – дейді.

Бұл пікір ұзақ ғасырларға созылған қазақ халқының шаруашылық-қоғамдық тіршілігіндегі патриархалдық-феодалдық болмыстың жылжымас, аумас мешеулігін таныды. Сол халдің қазақ ертегілерінің де кей түрлеріне, стильдік өзгешелігіне әсер еткендігін айрықша тануды керек етеді.

Біз осымен қазақ халқының ертегі тобын шолып өттік. Қорыта айтқанда, ертегінің қай түрін алсақ та, ол еріккеннің ермегі емес, зор қоғамдық, тарихтық сыры, мәні бар әңгімелер екенін көреміз.

Фольклордың барлық түрінде, ертелі-соңды өткен қоғамдық дәуірлердегі таптық тартыстың шындығы көрінеді десек, ертегіде соның неше алуан күйдегі құбылыстарын танимыз.

Кейде ертегі геройына қарсы алысушы айдаһар, жалмауыз, жезтырнақ кейпінде болса, онда да халық, сұмырай жауыздық түрінде өз тұсындағы қоғамдық қиянат, озбырлық, жауыздық тұлғасын бейнелеген. Бертінде салт ертегілердегі қиянатшыл хан, уәзірлер кескінінде де сол қоғамдық, таптық тартыс сыры ашылады. Не жеке бір адам, немесе жеке бір үй өмірінің, жалғыз-жалқы халық ұлының жауыздықпен күресуі арқылы да сол жалпы қоғамдық-таптық мүдде, тартыс-талап көрінеді. Барлық басқа жұрт ертегілерінің сырындай, қазақ ертегіінде де осындай терең тарихтық мән бар екенін айрықша ұғыну шарт.

Реформадан соңғы қазақ ертегілері. 60-шы жылдарда болған реформадан бастап Ұлы Октябрь революциясына шейінгі дәуірдің ертегілері...

Қазақ тарихының ендігі экономикалық қоғамдық-тарихтық өзгерістері, сан салалы жаңалықтары тексерілетін дәуірдің ертегілері де өзінің үлкен әсерін тигізді. Бұл дәуірдің ең зор жаңалығы – қазақ халқының және барлық Қазақстан өлкесінің экономикалық-мәдениеттік тіршілігі Россияның экономикалық-мәдениеттік, қоғамдық болмысына қосылуында. Ал Россиядағы 60-шы жылдардың басынан басталған жаңа тарихтық, қоғамдық-экономикалық дәуір капитализмнің дамып, өсу кезеңі болады. Сол Россиядағы үдеп өсе бастаған капитализмнің арнаулы әсері қазақ мекендеген өлкелердің бәріне де көп салалармен ықпалын жүргізе бастайды. Қазақстан сияқты патшалық Россияның отар өлкесі болған аудандардың өзінің де Россиядағы капитализмнің үдей түсуіне сеп-себебі бола жүреді.

Бұл жөнінде Ленин айтқан: “Оңтүстік және Түстік-Шығыс Европалық Россия, Кавказ, Орта Азия, Сібір орыс капита-

лизмінің отарына айналып, оның тереңдеп те, кеңейіп, қатты өсуіне себепші болады” – деген пікір сол жаңағы атаған тарихтық экономикалық жағдайларды анықтайды. Ендігі қазақ ертегілерінің барлық түрлеріне де сол тұрмыс-болмысқа кірген жаңалықтардың неше алуан ықпалы, әсері араласады.

Бұл әсерді жаңағы аталған дәуірде айтылатын ескі заманнан келе жатқан қиял-ғажайып ертегілерінің өздеріне қосылған үстеме жаңалық, жаңғырудан да байқауға болады. Көп ұғым-нанымдарда жаңа дәуір белгісі басым болғандықтан, қиял-ғажайып ертегілерінің өздерінде де қоғамдық сарындар, сана, мүдделер молая түседі. Бұл қазақ аулындағы таптық жіктің айқындалуына, тап тартысының ендігі тірлікте шиеленісе түсуіне байланысты жаңалық болады.

Хайуанат жайындағы ертегілердің орыс және көршілес өзге елдер әсерімен жаңғырып, байып, өзгере түскенін көреміз. Осы дәуірде және де хайуанат жайындағы ертегілердің көпшілігі орыс ертегілерінің үлгісімен балалар ертегісінің қалпына айналады, ауысады.

Ал салт ертегілеріне келсем, онда қоғамдық мінді әшкерелеу тенденциялары бұрынғыдан да басымдап, үдей түседі. Сырт көзге қаншалық киюсыз халдерді, жағдайларды баян етсе де, ендігі салт ертегісінде ертегілік геройлардың мінездері, тартысқа түсетін ортасы көбінше шындыққа жақын болып белгіленеді. Соның барлығымен салт ертегісінің идеялық, тәрбиелік, көркемдік бағасы арта түседі. Әсіресе бұл дәуірдегі салт ертегілерінде бұрынғыдан да үдей түскен сатиралық мысқыл, ажуа, үлгі тақырыптарының мол екенін байқаймыз.

Бұл алуандас ертегілердің тағы бір өзгешелігі, қоғамдық шындықты кейіптеу, баяндауында реалистік әдістер басымдайды. Осы аталған күйлермен қатар, халық мұңын жоқтаушылар жөніндегі және халықтың қоғамдық арман, мүддесі жөніндегі ертегі, аңыз әңгімелер үдейді. Дәуірдің тарихтық үлкен жаңалығы есебінде бұл шақта Қазақстан өлкесінде де алғашқы өндіріс орындары орнай бастаған. Енді қазақтың еңбекші көпшілігінің арасынан алғашқы буын жұмысшылар шығып, молая береді. Сол жұмысшылар ортасының ауыз әдебиет үлгі, өрнектері де бұл дәуірдегі қазақ фольклорының бұрынғы ғасырларда болып көрмеген жаңалық белгі-

лері есебінде туып, тарай бастайды. Бұл ортада, ең алдымен, алдыңғы дәуірлерде айтылып жүрген қиял-ғажайып, немесе салт ертегілерінің де қайта жаңғыруы, жаңаланып айтылуы өзінше басқаша болады. Әсіресе осы ортада мысқыл, ажуа, сатира өрнектері көбейе бастайды. Солардың үстіне дәл осы жұмысшылар ортасының өздеріне ғана тән болған ерекшеліктердің, өмірлік шындық жағдайлардың нәтижесінде айрықша жұмысшылар ертегілері, аңыздары, нақылдары (сказы) туып, тарайды.

Жоғарыда саналған өзгешеліктердің барлығы сияқты, бұл соңғы айтылған, XIX ғасырдың екінші жарымынан бері қарайғы ертегілерде байқалатын жаңалықтардың баршасы да тап тартысының елесі есебінде туады. Ендігі ертегінің көбі сол күндегі қоғамдық қалыпқа сын есебінде шығады. Сол себепті анық шындық жағдай, барынша анық қарым-қатынастар сол сын, мысқыл, ажуа ретінде қалыптанады. Осы қатарда, ендігі дәуірде молырақ әсерін тарата бастаған дін-үгіт өсиеттеріне қарсы әңгімелер молаяды.

Сөйтіп, саналған жалпы ерекшелік жайлардың барлығы да реформадан соңғы қазақ шаруасының, қазақ еңбекші жұмысшыларының таптық салт-санасынан туып, тарайтынын байқаймыз. Біз жоғарыда бұл дәуірдің ең үлкен анықтауыш ерекшелігі Россиядағы капитализмнің қазақ шаруашылығына, қоғамдық-тарихтық болмысына ықпалы тарай бастаудан туады деп едік. Сол жайдың шындығын нықтай түсу үшін енді біраз нақтылы шаруашылық – тарихтық жаңалықтар жайын атап өтейік.

Россия капитализмінің ауқымына Қазақстан шаруашылығы қосылу нәтижесінде ең әуелі сауда қарым-қатынасы күшейді. Орынбор, Сібір аймақтарында үлкен айырбас сауда орындары күш ала бастады. Жан-жақтан созылған саудалы керуендер Орынбор, Троицк, Қызылжар сияқты қалаларға ағылады. 60-шы жылдардың басында орыстың, Қытайдың және Орта Азия халықтарының пұл-заттары бір Тайынша базарының өзіне жайылғанда, жылдық айналма сомасын 5 миллионға жеткізген.

Бірінші фронт аталған Қазалы сияқты қалада орыс саудагерлерінің лавкелері қатарласа, жарыса ашылады. Жергілікті қазақстандық базарлардың көпшілігі Россиядағы Ірбіт, Макаржы (Нижний) сияқты үлкен жәрмеңкелермен

ұдайы жалғас болады. Қазақстан өлкелерінен айырбас сауда ретінде сатылып алынған мал 5-10 мыңдаған отарлар болып, Қызылжар, Түмен арқылы Қазан, Макаржы және Москваға да айдалатын болады. Орта Азия хандықтары Россияға қосылғанша орыс саудагерлері Бұхара сияқты хандықтардың саудагерлерімен талас, жарыс сауда (конкуренция) ретінде әрекет ететін болады. Кейін Қоқан хандығы құлап, оның өлкелері Россияға қосылған соң орыс саудагерлері Сырдың бойын өрлеп, Түркістан, Шымкент, Сайрам, Ташкент сияқты қалалардан да барып шығады. Ал Терістік-Шығыс, Орталық және Батыс Қазақстанда бұл шақтарда Қарамола, Қоянды, Ақмола, Атбасар, Ойыл жәрменкелері, Торғай облысының жәрменкелері қатты өседі.

Осы жағдайлардың кезінде Солтүстік Қазақстанда да, Оңтүстікте де қазақ халқының өз арасынан шыққан саудагерлер молая береді. Ақмешіт, Қызылжар, Семей сияқты қалалардан шыққан саудагерлер бір жағы Троицк, Орынбор, Ірбіт жәрменкелеріне барса және екінші жағынан Ташкент, Бұхара, Хиуаға немесе Қытай шегі Шәуешек, Құлжаға дейін сауда жүргізетін болды. Ал Россиядағы қазақ ортасына келіп, сол Қазан, Орынбор, Нижний, Троицк, Қызылжар, Омск, Уфа, Семей сияқты қалалардан шыққан татар саудагерлері молаяды.

Орыс ірі саудагерлерінің жалдама доверенный, приказчиктері болып көп қатар делдалы қазақ арасына мол шығады. Қазақ шаруасының аяқты малы ғана емес, ет, майы, тері-терсегі, жүн-жұрқа, қыл-қыбыры, басқан киіз, елтірісі-сеңсеңі – барлығы да сауда айырбас араласына қатысады. Бұның үстіне, осы кездерде ат-көлік, түйелі керуен сияқты көліктерін сол сауда керектеріне жалдамаға жүргізу де жиілейді. Товарлық қатынас күшеюмен бірге, мал шаруашылығының, аңшылықтың, балық кәсібінің, қолөнер бұйымдарының өнімі өсе бастайды. Және де сол Россиямен экономикалық байланыстар күшею, молаю нәтижесінде әр алуан қолөнер кәсібі үдей береді. Әрине, осы айтылған халдермен қатар, жергілікті еңбек елінің көпшілігіне жер тарлығы, жаңадан күшейген үстем тап зорлығы басымдай түседі. Бай мен бек, болыс, би сияқты реформадан соңғы жағдайларда өз керектеріне мол пайдаланушы топтар, үстем тап қанаушылары күшейеді. Халық сыбағасы болған жердің шұрай-

лысын осылар алады. Сол соңғы топтар патшалық чиновниктерімен, саудагерлерімен қосылып, қазақтың қалың бұқарасын неше алуан жолмен қысып, қанай бастайды...

Осы айтылған тарихтық терең шындықтарға сәйкес қазақтың еңбекші көпшілігінің арасында кедейшілік нәтижесінде жатақ молаяды және орыс крестьяндарының шаруашылық мәдениетінен өнеге алып, отырықшылықты салт ету басталады. Орал, Тобыл және Сырдария, Жем-Ырғыз, Торғай, Тоқырауын сияқты өзендер бойларында үлкен іскерлікпен жасалған тоғандар, арықтар пайда болады. Экономикалық байланыстардың өнімі Россияға ауысумен қатар, қазақ шаруасының да киіз үйіне орыс фабрикалары шығарған пұл-мата, ыдыс-аяқ, қару-сайман, әр алуан аспап-бұйымдары мол келе бастайды. Ендігі қазақ қолданатын киім-бұйымның баршасы россиялық товардан, саудалы қатынастан келеді.

Қазақ аулында бұл кездерде салттың өзгерісімен қатар, аса тереңдеген күйде қоғамдық өзгерістер мол көрініс береді. Үстем таптың өзінің арасында да қалың көпшілікке ықпалын жүргізу ретінде тайталас-бәсеке басымдайды. Бұрынғы хан тұқымы сұлтан дейтіндер, аталы жуан шонжарлар өздерінің бұрынғы Россияға қосылмай тұрғандағы хандық, билік, әмір-күдіретінен айрыла бастайды. Олардың орнына енді малды байлар, айлалы пысық саудагерлер ықпалы асқындай түседі. Бұл кездерде Россиядан келген жаңалықтың тағы бір зор жақсылығы есебінде өткен ғасырдың орта кезінен бастап орысша-қазақша мектептер ашылады.

Және де бұрын қазақ ортасына дегенін жүргізіп келген мұсылман дінбасыларының (ишан-пірлердің, пірәдарлардың) ықпалы да кей жағынан, Россия мәдениетінің тарай түсу нәтижесінен азая бастайды. Бұл ортадан Россия мәдениетіне қазақ халқының көпшілігін жуытпағысы келген, реакциялық әрекет үгіттер мол тарайды. Бұлардың ұранына, жоғарыда Россия саудагерлерімен саудалы бәсекеге (конкуренцияға) түскен Бұхара, Хиуа, Қоқан саудагерлерінің Россияға қарсылығы жалғасады. Әрі фанатиктік ислам уағыз-өсиетін қазақ ортасына көп таратушы, әрі өздері сауда бәсекесінде қазақ даласын өз ықпалында ұстауға тырысатын татардың, қазақтың фанатик, діншіл сауда-буржуазиясы да көп кезде Россияның жаңалықтарына қарсы үгіттер жүргізеді. Бұлардың бәрінің әрекеттері

жоғарыда аталған қазақ ортасындағы бұрынғы хан-сұлтандар, би-шонжарлар сияқты ерте күндегі қанаушылардың бүгінгі наразылығымен табысады.

Осылайша қазақ даласында реформадан соңғы дәуірде біріне-бірі қайшы, қарсы ағымдар, салт-саналар болады. Реакцияшыл консервативтік үгіт таратушы қазақ шонжарлары, татар, Бұхар хазірет, ишандары осы реформадан соңғы дәуірде қазақ ертегі әңгімелеріне де өздерінің діншіл-фанатиктік, реакциялық ықпалын таратуға тырысады. Бірақ қазақ елдігінің ырысына қарай Россиямен қосылу нәтижесінде қазақ халқына келетін зор тарихтық прогрестік жаңалықтарды жақтаушы ұлы қайраткерлер орыс халқының ішінен де, қазақ халқының өзінен де шыға бастайды. Осы аталған дәуірлерде қазақтың ұлы демократ-ағартушылары Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, Абай Құнанбаевтар майданға шығады.

Қазақ еңбекші жұртшылығының ендігі “айтқан мүддесі мен арманын” аңғартатын ауыз әдебиет үлгілеріне Шоқанның түсініктері, онан соң әсіресе Ыбырай мен Абай шығармаларының арманы, санасы, тарихтық мәдениеттік озғын талаптары және де әсер етпей қалған жоқ. Бұл ретте Шоқанның ислам іргесінен тараған діншілдік схоластикалық үгіт-өрнектердің барлығына аса айқын санамен қарсы болғанын білеміз. “Діндар қазақтар Меккеге бара бастады, ал біздің ақындарымыз халық жырларының орнына өлеңге салып ап, мұсылмандықтың діншілдік ертегілерін жырлайды. Жалпы Европа мәдениетіне жеткенде қазақ халқы да, орыстардың византиялық дәуірден өтіп жеткеніндей, татарлық дәуірден өтпей болмайтындай сор тап болыпты” дей келіп, содан тағы арғы сөзінде “өзі ұғымпаз және жас қазақ ендігі татарлық білімінен тек қана ақыл мен сезімді тұсайтын құр ғана өлі схоластикадан басқа не жақсылық күтеді” деген болатын.

Бір жағынан, осылай фанатиктік, қараңғы схоластик удан басқа түк жаңалық әкелмейтін діншіл исламшыл үгіттерді жиреніп әшкерелеумен қатар, Шоқан орыс халқының мәдениетіне және жалпы орыс елдігінің тарихына өз халқының барлық тарихын, тағдырын, тартысын туыстыра қоспақшы болады. Бұл жөнінде оның төмендегі пікірі де дәуір үшін аталған зор бағалы шындық болатын. “Біз орыс халқымен тарихымызбен де, қанымызбен де туыс-

пыз. Шекспир қойғандай “болуға ма, болмасқа ма” дейтуғын байлаулы сұрақ қойылғанда, біздің ойымызша, бүгінгіден көп бейім, көп қамқорлық ететін миллиондаған елдің тағдыры бар. Бұлар өздерінің күдіксіз үмітін азаматтық дұрыс жолмен өсуге арнаған адамзат. Олар өздерін орыстармен бір туысқан отандаспыз дейді және Россияның қоластына өз еркімен қосылған болатын”.

Шоқанның бұл айтқан жайлары қазақтың қалың еңбекші жұртшылығының сол кездегі шаруашылық, қоғамдық, тарихтық даму арманынан туған барынша зор мүддесін баяндайды. Біз атаған, жаңғырған ауыз әдебиет ертегілер үлгісінде анық халықтық бағытты білдіретін шығармалар, негізінде, осындай әлеуметтік сырмен, шындықпен байланысты болады. Сол жолда қазақтың ертегілік, халықтық ұғым-нанымдарына, фольклор қазынасына жоғарыда аталған діншіл, исламшыл үгітшілердің кертартпа күштері әкеп жамаған қоспалары да болған.

Олардың араб шығысының дін тарихымен байланысты, қазақ халқына жат, әр алуан мистикалық ертегі әңгімелері болатын. Бірақ оларды таратушы үгітшілер қазақтың Шоқан айтқандай алымпаз, салт-санасына қонбайтын, дарымайтын қараңғылық үгіті болғандықтан, біз тексеретін дәуірдегі сондай дін ертегілерінің бірталайын өлең түріне аударып таратқан. Осындай үгіт-үлгісінің бір алуанына, айлакер талабына көңіл тоқтатып, В.В. Радлов қызық бір байлау айтқан. “Бір ғана жұм-жұма өлеңі қазақ сахарасын айқыш-ұйқыш кезіп жүрген жүз молданың әрекетінен артық іс етіп, исламшылдықты нығайтып жүр”.

Жаңағы айтылған біріне-бірі қайшы тарихтық, үгіттік жайлардың бір алуан жағымсыз көрінісін орыс халқының үлкен оқымыстысы Радловтың да дұрыс аңғарғанын көреміз.

Қиял-ғажайып ертегілері

Жоғарыдағы кіріспе тексеруде біз дәуірдің, қиял-ғажайып ертегілердің жаңа дәуір әсерімен жаңғырып, жаңғыртылып әңгімеленетінін айтып едік. Бұл жөнінде М. Горькийдің әр заманда, әр ортада ескі ертегінің жаңғырып, өскелеңдеп өзгеріп отыратыны турасында айтқан пікірін еске аламыз: “Ой мәдениеті мен халық шығармасын өсіруде

көне ертегілерді әр жыныстың, ұлттың, әр таптың өзгертіп, қосымша жасап, қолдануының ролі өзгеше болғанына күдіктенуге болар ма екен”¹. Бұлай болса, реформадан соңғы дәуірдегі ертегілердің мол бір тобы алдыңғы дәуірлерде айтылып келген қиял-ғажайып ертегілері болса, енді соларға жаңа заман ұғым-наным өзгешеліктері қосыла отырады. Сонымен қатар жаңа дәуірдің қоспасы есебінде тыңнан туған қиял-ғажайып ертегілері де пайда болады.

Бұрынғы ертегінің өзгерістерін алғанда, мысалы, әйел халіне феодализм дәуірінен гөрі өзгерген халықтық көзқарастар туады. Бұған байланысты өгей шешенің, көп әйел алудың балалар өміріне қырсық, сор болатын жайлары әңгімеленеді. Мысалы, “Өгей шеше қастығы”², “Кісі етіне жерік қатын”³, “Аталықтың шеше кегін алғаны”⁴ деген сияқты ертегілер қара шаруа, еңбек елінің бұрынғы феодальдық-патриархалдық дәуірде орнаған әйел күйінің сорақылығына, үй іші тірліктің жабайылық, масқаралық қалпына қатты сынмен қарай бастаған түсінігін аңғартады.

Сонымен қатар әйел халінің қалыңмалға, неше алуан қорлық, теңсіздікке бағынышты болған халіне де жаңа заман, сын өкілі жиілеп көріне бастайды. Күйеуі қасқыр болып шығатын “Дудар қыз”⁵ әңгімесі, “Ағасы мен қарындасы”⁶ деген сияқты әңгімелер сол әйел халіндегі неше алуан теңсіздік жағдайынан туатын қайғылы оқиғаларды еңбек елінің сын көзімен баяндайды.

Тағы бір топ әңгімелер, ертегілер – хандарға және олардың ұғым-наным, салт-санасына қарсы сын ретінде туған әңгімелер болады. “Ұядағы хан баласы”⁷, “Қыдыр, бақ, ақыл”⁸, “Уәзір қызы”⁹ деген әңгімелер хан, сұлтандар ортасындағы озбырлық, қанқорлық қалыптарын көрсетумен қатар, сол өзімшіл үстем ортаның адам баласына сенбестік, жатбауырлығын да әшкерелейді. Өмірлік “ақыл”, “бақыт” деген жайларға қияс – теріс көзқарастарын да танытады.

Бұндай әңгімелерде де хандар ортасын, салт-санасын еңбек халқының қатты сынмен әшкерелей әңгімелейтінін көреміз. Әрине, халықтың өзі шығарып, дамытып келе жатқан өз шығармаларымен аралас сол халық арасына үстем таптың неше алуан топтары сыншыларды тудырып қосқан. Ханшыл, төрешіл, байшыл, діншіл, құдайшыл,

молдашыл ертегілердің де түрлері көп. Бірақ олар халық санасына жат болғандықтан, халық ауыз әдебиеті қатарынан шығарылады да, зерттелмейді. Жоғарыда аталған анық халықтық ертегілер арасында бұл дәуірде айтылатын қиял-ғажайып ертегілер тобына біртіндеп мол қосымшалар көршілес шығыс елдерінің ертегілік қорынан келіп қосылады. Бұл ретте татар, башқұрттар айтатын өзбек, түркімен, қарақалпақ, қырғыз сияқты тілі жақын және көп замандағы көрші елдер арасында тараған көп қиял-ғажайып ертегілері қазақ арасына тарай бастайды. Осы топтың молы: “Мың бір түн” ертегілері, “Тотының тоқсан тарауы”, “Бақтажар” атты мол әңгімелер болады.

Сол аталған қалың топты көп ертегілердің бәрі де бір жағынан ислам дінін тұтынған шығыстық елдер арасына арабша жазу, хат, кітап арқылы тарағанмен, бұл ертегілердің бәрі де туысында, әңгімелеуінде халықтық ертегілер болады. Бұл жөнде “Мың бір түн” ертегісі туралы Горький пікірін еске алу қажет. “Шаһризада” ертегілері халықтық ауызша шығармалардың тамаша ескерткіштерінің арасындағы ең ұлысы екенін көреміз. Бұл ертегілер ғажайып шеберлікпен, еңбек халқының “тәтті қиял сиқырына” беріле білгендігін, сөзбен еркін ойнай білгендігін және шығыс елдері араб, фарсы, индустардың гүл атқан қиялының күйіндай қуатын танытады. Бұл сөз кестесі өте көне заманда туып, сан түсті жібек жіптерін барлық жер үстіне жайды да, сөз кілемінің сұлулығымен қаптай түсті¹⁰.

Қазақ халқы айтатын қиял-ғажайып ертегілердің санын молайтқан бұл айтылған ертегілер тобына да халық өз творчестволық еңбегін қоса отырған. Ең алдымен сол ертегілердің бар оқиғасын қазақ ертекішісі халықтың өз тілінде әңгімелейді. Бұл жайдың бір өзінде ғана көп тың еңбек бар екені даусыз. Өйткені оқиғалар, адамдар, әр алуан іс мінездер, құбылыс, тартыс халдер жайын баяндауға қазақ халқының өз сөздігі, тіл кестесі, сөз көркі, сөйлем орамы үнемі араласып отырады. Тағы бір елеулі нәрсе, бұл кезде қазақ тіршілігіне жоғары кіріспеде айтқандай базар, жәрменкелер, саудалы қатынастар, неше алуан керуен кешулер, қым-қуыт араласулар мол жаңалық болып қосылғандықтан, сол “Мың бір түн”, “Тотының тоқсан тарауы” сияқты ертегілердің көп-көп жайларын

халық ертектісі өз заманының болмысымен байланыстыра әңгімелейтін болады.

Бұл жөнде ертегінің осылайша мазмұны, түрімен көп өзгеріп айтылуы қиял-ғажайып ертегілер үлгісінде дамыған мәдениеттік жай-жағдайды мәлім етеді. Өзінің баспасөзі, кітабы, мектебі болған шақтарында қазақ халқы барлық ертегілік өнері мен жалпы мәдениеттік даму жолына халықтық үлестер қосып отырған. Бұл жөнде Горький айтқан бір елеулі ойды еске аламыз: “Ертегілердің мәдениеттік әсері жөніндегі дәлелдердің әлі талайы табылады деп ойлаймын. Мәдениет тарихшылары және көркем тарихшылары әзірше ертегінің мәдениетті әсері жөнінде, оның молдығы мен қуаты жөнінде әлі аз және көмескі сөйлейді”¹¹.

Қиял-ғажайып ертегілерінің тобына тағы осы дәуірде қосылатын бір алуан әңгімелер, ертектілер, аңыздар қазіргі советтік шығыс елдерінің ерте замандағы классик ақындары қалдырған ұлы мұралардың ауызша қайталамасы боп та келеді. Бұл ретте парсы, тәжік елінің классигі Әбілқасым Фирдоусидің “Шаһнамасынан” ертегі боп тараған “Рүстем батыр” әңгімесін айтуға болады. Және сол Фирдоуси бастаған классик ақындар әңгіме еткен “Жүсіп – Зылиха” жайындағы немесе бергі әзербайжан, өзбек ақындары әңгіме, жыр еткен “Ләйлі – Мәжнүн”, “Фархад – Шырын”, “Ескендір”, “Бахрам-Гүр мен Фитна” жайлары әңгіме, аңыз болады. Басқа да осылар тәрізді күрделі, қызықты геройлық, не ғашықтық тақырыптардан туған әңгімелердің ауызша үлгілері қазақ ортасында әңгімелене бастағанын көреміз.

Бұлардың ішінде кейбіреулері қазақтың бұрыннан айтылып келе жатқан халықтық әңгімелерінің оқиғаларына қызық түрде қабысып араласады. Кейбіреулері сол шығыстық классик ақындардың өздерінің өмірін аңыз еткен қазақ әңгімесіне айналады. Мысалы, “Сұлтан Хұсайын және оның уәзірі Мир Әлішер” жайындағы әңгіме “Патша қыз бен құл”¹² деген атпен айтылады. Бұл ертегі бір жағынан қазақтың қол тума ертегісі “Аяз би” жайына жақын келеді. Сонда: “Шөп жаманы, құс жаманы, адам жаманы кім?” деген сұрақтарды шешуші қара құл болып шығады.

Ғират шахы Хұсайын Байқара мен оның уәзірі ұлы ақын Мир Әлішер Науаи қазақтың ауыз әңгімесіне осылайша, өзгеше жағдайда қатысады. Ал Ескендір жайын-

дағы осы дәуірде жайылған аңыз, әңгімелердің қазақ ортасында көп болғаны және мәлім. Бұлардың да негізгі түрлері Низами, Науаи тәрізді әзербайжан, өзбек классиктерінің ұлы мұраларынан туып тараған қазақ ортасындағы халықтық варианттар болады. Ол әңгімелердің бәрі хан, сұлтандарға жаңа дәуірдегі халықтың сыншы көзқарасымен байланысты әңгімеленеді.

Сол қатарда, мысалы, Ескендір жайында оның “Қос мүйізі” турасындағы әңгіме мол тарайды. “Шырын қыз” ертегісінде патша зорлығы үлкен, қатал сынмен әңгімеленеді. Ал “Бахрам-Гүр мен Фитна қыз” жайындағы Низами поэмасының оқиғасы қазақ арасында көпке жайылған мақал-мәтелдер де туғызып әңгімеленеді. “Құланның қасынуына мергеннің басуы” дейтін мәтел Бахрам-Гүр патшаның Фитна қызға өлім жазасын бұйырған, қатал қастық әмірінен туған боп әңгімеленеді.

Жазықсыз, теңдіксіз қыздың өзіндегі ақыл, жігері арқылы қылышынан қан тамған шығыстық тиран, қанішер патшаны жеңіп шыққаны баяндалады. Көршілес шығыс елдерінен қазақ ортасына келіп тараған қиял-ғажайып ертегілер қатарына тағы да осы дәуірдегі қоғамдық ұғым-нағымдарға, салт-саналық тарихтық тың түсініктерге сай бір әңгіме сараң бай турасында болады. Дүниедегі ең сараң адам есебінде масқара түрде әшкереленіп, әңгімеленетін “Қарынбай” деген бай жайындағы ертегі бар. Бұл байдың сараңдығы адамзатты қинау, қорлау, түршіктірудің, жирентудің үстіне жанды-жансыз табиғатты да ерекше жирентіп, түршіктірген болады. Сондай сорақы мінез-құлықтарынан “Қарынбайдай” сараң байды барлық малымен, мүлік-мүкәммәлімен, бастығын өзі етіп бір-ақ күнде қара жер жұтып қояды. Осындай құрдым бай жайындағы, жалпы байларға қарсы өткір мысқыл, ажуа әңгіме, аңыз қазақ халқының ортасында, әсіресе еңбекші жұрт арасында ең даңқты аңыз болып тарайды.

Сараң байды айтса, сынаса, “Шықбермес Шығайбай”, “Қарабай”, “Қарынбай” деп еске алғанда, бұл байлардың аты халықты жиренткен лақап аттың бірі боп кетеді.

Міне, көршілес шығыс елдерінің ертегілерінен қазақ ортасына жайылып тарап, өз варианттарын тудырған бағалы, халықтық шығармалар қиял-ғажайып ертегілер тобында осылайша келеді. Ал бұл жайларды атаумен қатар,

жоғарыда кіріспеді айтылған хал бойынша, қазақ даласына исламшыл-діншіл, фанатик, кертартпа үгітшілерінің ел санасын улатып таратпақ болған, діндік, мистикалық, таптық жат саналық ертегі-аңыздары да болады. Ол әңгімелерде дін таратушы Сүлеймен сияқты пайғамбарлар мадақталады. “Қызыр пайғамбар”, “Мұхамбет пайғамбар” немесе соның шадиярлары, әулие болмыстары туралы аңыз, әңгімелер айтылады.

Осы қатарда шығыстың әр алуан тақтарында тирандық, деспоттық әмір-күдірет жүргізген шахтар, халифалар, сұлтандар, хандар мақталып әңгімеленетін болады. Атымтай сияқты байды “мырза” деп дәріптеген әңгімелер де араласады. Бірақ бұл топ ертегілер қаншалық көп болып, діншілдер аузымен әңгімеленсе де, қазақтың еңбекші халқының санасына сіңбейді. Халық әңгімесі болып дарымайды да, тарамайды.

Қайта осы алуандас ертегілерді және неше алуан нағандық өзге нанымды дәріптейтін “қызыр” атымен байланысты “бақ” дегендерді қиялдайтын әңгіме, аңыздарының баршасын да халық ертегілері мысқыл, мазақ етеді. Мысалға, “Қу бас”¹³, “Ұядағы хан баласы”¹⁴, “Ескендірдің мүйізі”¹⁵, “Қызыр”¹⁶, “Қыдыр, бақ, ақыл”¹⁷, “Атымтай”¹⁸ деген сияқты ертегілерді еске алуға болады.

Бұл аталған топтардан өзге осы дәуірде қазақтың қиял-ғажайып ертегілерінің қатарына орыс халқының қиял-ғажайып ертегілері де әр үлгілерін, әр алуан варианттарын тарата бастағанын байқаймыз. “Жалмауыз кемпір”, “Таусоғар”, “Көлжұтар” сияқты алыптар, ғажайып тұлпар аттар жөніндегі және айдаһарлар турасындағы ертегілердің ендігі айтылу варианттарына орыс ертегілерінен, Афанасьев жиған, Ершов шығарған ертегілерден, Пушкин, Жуковский шығармаларындағы ертегілік тақырыптардан көп ауысқан әңгімелер болады. Бұған қазақтан шыққан Шоқан, Ыбырай, Абай сияқты ағартушылардың әсері, еңбегі мол араласады. Сонымен қатар “Орыс-қазақ” мектептері көп ашылып, қазақ жастарының көп буындары ХІХ ғасырдың екінші жарымы мен ХХ ғасыр бойында орысша оқып, орыс мәдениетіне араласа бастауы да себепші болады. Осы тұрғыдан қарағанда, кейбір шығыс ертегілерінің, мысалы, “Мың бір түн”, “Тотының тоқсан тарауы” сияқты ертегілердің өзінің де көп жайлары, үлгілері, ең алдымен,

қазақ ортасына жайылудан бұрын орыс тіліне аударылып, басылып тұрады. Сол әрекет мол болғандықтан, тіпті жаңағы шығыстық ертегілер қазақ ортасына орыс тілінен көп жайылып таралуы да мүмкін. Бұл да реформадан соңғы дәуірдегі қазақ ортасында айтылатын ертегілердің молаю, тарау жолдарын зерттеуде аса ізерлеп, терең тексеретін жайдың бірі.

Қиял-ғажайып әңгімелері турасында соңғы айтатын бір жай, бұл дәуірдегі қазақ ертегілерінің қиял-ғажайып персонаждары бұрынғы шақтардан сонауғұрлым молаю түседі. Шығыс, орыс қиял-ғажайып ертегілерінің қазақ арасына көп жайылған үлгілері ішінде ендігі ертегілерде бұрын болмаған дию, пері, жын, өзі ұшатын кілем, кесе көрінбес тақия (шапка-невидимка), ғажайып сырлы айна, жайылып жиылған дастарқан (скатерть-самоубранка) сияқты жанды, жансыз заттар, персонаждар көп араласады. Бұл да жоғарыда айтылған қазақ қиял-ғажайып ертегісін реформадан соңғы дәуірде жаңғыртып, молықтыра түскен жайларды анықтай түседі.

Хайуанат жайындағы ертегілер

Реформадан соңғы дәуірде, хайуанат жайындағы ертегілер бұрынғы өткен дәуір ертегілеріне өз тұсынан арнаулы жаңалықтарын қосады. Бұл жаңалықтар екі алуан. Біреуі – қиял-ғажайып ертегілері жайында айтылғандай: бұрын әңгімеленіп келген ертегілерге жаңа заманның шаруашылық-қоғамдық, саясаттық жаңалықтары арқылы қосылған үстеме жаңғырулар. Екінші алуаны – тыңнан қосылған, осы екінші дәуір тудырған ертегілер болады.

Бірінші үлгідегі ертегілер бұрынғы өз мазмұндарында болған қоғамдық, таптық тартыс жайларын, ендігі шиеленісе түскен тап тартысы жағдайында және де тереңдеп өткірлей береді, хайуанат жайларын мысал етіп отырып, байлар, төрелер, әр алуан әкімдер, ишан-пір, қажы, молда, қожа және саудагер сияқты қалың елді қанаушы топтарды өткір мазақ, сықақ етіп, мысалдаған сатира түрлерін күшейтеді. Бұл жөнінде орыс әдебиеті мен фольклорының әсері де аса зор болады.

Қазақтың демократ-ағартушылары Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев және басқа ақындардың еңбегі арқылы қазақ тілінде И.А. Крыловтың мысалдары аударылады. Бұл мысалдар аударылып, тарау жағына келгенде, орыс халқына тез ұғылып таралғанындай, қазақ ортасына да аса даңқты болып, тез жайылады. Халықтың өз аузында көп айтылып жүрген бейнелеу түріндегі, сатиралық халық әңгімелері енді орыс ертегілері мен Крылов мысалдарының есебінен өте зор мәні бар қоғамдық-саясаттық және мәдениеттік-идеялық тартыс құралына айналады.

Крылов мысалдарының үлгісінде және орыс халқының хайуанат жайындағы ертегілерінің үлгісінде халықтың ауызша шебер тілді, өткір саяси мазмұнды, сыншылық сарындағы қысқа қазақ әңгімелері туып тарайды. Осымен қатар, бұл дәуірдегі хайуанат жайындағы әңгімелерге түгел жайылатын бір ерекшелік: енді халықтың бұл үлгілері, ауыз әдебиет өрнектері түгелімен ауызша шығарылған халықтық балалар әдебиетіне айнала бастайды.

Қазақтың өзіндік, халықтық туындылармен қатар, ендігі дәуірде күнделік араласы күшейіп, нығайған орыс халқының хайуанат жайындағы ертегілері де көп ауысқанын көреміз.

Балалар әдебиетінің қатарына айқын, даусыз қосылатын хайуанат жайындағы екінші дәуір ертегілері: “Түлкі мен қоян”¹, “Кедей шал”², “Түлкінің арыстанды өлтіргені”³, “Кім неден күшті”⁴, “Күшік пен мысық”⁵, “Қоянның ерні”⁶ деген сияқты ертегілер. Бұлардың көбінде орыс ертегілерінің анық, айқын әсері бар. Мысалы, “Түлкі мен қоян” деген ертегіде түлкінің қоянды алдап, оның құйрығын алып қойып, бермей кеткені айтылады. Ол орыстың мектеп балаларына арналған оқу құрал, хрестоматияларында көп кездесетін түлкінің сан сайқал, алдампаз аяр, айралы істерінің бірі. Ал “Кедей шал” әңгімесінде балықшы шал Хан-Шабак дейтін балық патшасын ауға түсіріп алады. Балықты тілегі бойынша босатып жібереді. Кейін ол құдіретті балықтың қасиетімен үлкен бай болып, бар мұратына жетеді. Бұл ертегіде анық, айқын А.С. Пушкиннің “Балықшы мен балық туралы” ертегісінің әсері бадырайып көрініп тұр. Және “Василиса Прекрасная” сияқты халықтық көп ертегілерде құдіреті күшті шортан балық араласып, адамға жақ-

сылық ететін жайлар жаңағы қазақтың “Кедей шал” әңгімесіне өте дәл келеді.

Басқа балалар мінезіне дәл келетін “Күшік пен мысық”, “Қоянның ерні” деген әңгімелер де балалар үшін әрі күлдіргі, әрі нақыл өсиет танытатын әңгімелер болады. Бұлар алуандас орыс ертегілері және де сансыз мол екенін білеміз.

Хайуанат жайындағы ертегілердің қоғамдық зорлық-озбырлықты, қанау мен қиянатты, жауыз қаскөйлікті шенеп, сынап көрсететін үлгілері де осы дәуірде молая түсті дейміз. Бұның мысалы: “Тышқан мен жылан”⁷, “Көгершін ертегісі”⁸, “Үш жігіт”⁹, “Түйе неге артына қарайды”¹⁰, “Қасқырдың қойдан қорыққаны”¹¹, “Түлкінің арыстанды жойғаны”¹² деген тәрізді ертегілер. Сол ертегілердің бір алуанында жауыздық арты жаза болып бітеді. Енді бір алуанында тапқырлық, әділ билік сияқты мінездерді халықтың қадірлегені көрінеді. Бұлардан өзге бір алуан ертегілерде аңқау, момын түйе сияқты хайуандар арқылы адамның өз басында болатын момын аңқаулық әзіл етіледі.

Арыстандай тісті, тырнақты, қанішер қомағайдың ең зорлықшысы бола тұрып, өз серігі айлалы, аярдан – түлкіден қаза тапқаны мысал етіліп, жуан шонжарлар арасындағы өзара қиянаттар, қаскөйліктер қатты әшкереленеді. Бұл аталғандардан бөлек, екінші дәуірдегі хайуанат жайындағы ертегілердің мол бір түрі бақташылықты кәсіп еткен, үй хайуанымен ұдайы істес, сыр мінез болған қазақ халқы айтатын тың әңгімелер. Бұның мысалына “Тепеңкөк”¹³, “Бәйге құла”¹⁴, “Тұлпар”¹⁵, “Сәйгүлік”¹⁶ сияқты ертегілерді атауға болады. Осы топта көбінше аттар жайы айтылғанмен, қой, түйе, ешкі сияқты мал түліктері жөнінде де қазақ ертегілері мол екенін білеміз. “Шұбар ат”¹⁷ деген ертегі қазақ халқының бар малының ішінде аса қадірлеп сүйген, қанат серігі ат екенін айтады. Сол турадағы қызықты әңгімелердің көптен-көбі әсіресе жүйрік ат жайында болатынын байқаймыз.

Хайуанат жайындағы енді бір алуан ертегілер адамның өмірі турасында ой-өсиет берерлік әңгімелер болады. “Жауыздық неден”¹⁸ деген ертегіде қарға, көгершін, жылан және бұғы төртеуі жауыздықтың себебін өздерінше, әр алуан түрде – аштықтан, махаббаттан, ызадан, қорқыныштан деп шешеді. Төрелік айтқан адам барлық жауыздық денеден, тойымсыз нәпсіден деп байлаулы ақыл айтады.

Бұндай өсиет ертегілердің, аңыздардың арасында халықтық ұғымға шалғай, қайта оған қарсы арналған ерсі мүддесі бар ертегілер де бар.

Ол әңгімелер жат ортаның, қанаушы үстем таптардың халықтық шығармаға өз салт-санасын егіп таратпақ болған талаптарын танытады. Мысалы, “Кедей мен қасқыр”¹⁹, “Байғыз”²⁰, “Сүлеймен пайғамбар”²¹ сияқтыларда дін ұстаздары хайуандарға да ықпалын жүргізеді. Оларды көреген, білгір етіп, әсірелеп әңгімелерде кедейдің кедейлігі – оның жамандығынан деп әңгімелеу, адам басына келген ауыртпалықты – тағдырдың аумас, өзгерілмес жазуынан деп шешу болады. Немесе әйел жынысына феодалдық-патриархалдық және діндік әділетсіз көзқарастарды баян ететін “Байғыз” сияқты әңгімелер де сол үстем тап санасының халыққа жат мүдделерінен туған ертегілер.

Бұларды жоғарыда аталған анық халықтық қасиеті бар ертегілер тобынан айыра түсіну керек. Анық халықтық ұғымға сай келетін ертегілер тобынан, ғылымдық сын арқылы кертартпалық мазмұн санасын ашып, әшкерелеп, бөліп тастау қажет.

Салт ертегілері

XIX ғасырдың екінші жарымы мен XX ғасыр басындағы салт ертегілерінің өзгерістері мен жаңалықтары қиялға жайып және хайуанат жайындағы ертегілерден де елеулі, айқын, кесек түрде болады. Алдыңғы ертегілер түрінде болғандай, бұрынғы замандарда айтылып келген ескі салт ертегілерінің бұл дәуірде жаңғырып, замандық үстемелер қосылып айтылуы, әрине, бұл түрде де басым. Бірақ соның үстіне ендігі салт ертегілеріне тыңнан қосылатын тақырыптар, идеялар, әңгіме үлгілері, түрлері өзгеше күрделі жаңалық болып келеді.

Бұлай болудың себебі, осы дәуірдің ертегілері жөнінде жазылған кіріспеде айтылған тарихтық жаңаша күрделі өзгерістермен байланысты. Қазақ сахарасында тап тартысының сол жоғарыда аталған қалыптарда шиеленісе түсуі, таптық салт-сананың, мүдделердің енбекші қалың шаруа халқына енді бұрынғы замандардан әлдеқайда айқын түсінікті болғандығын айрықша еске алу қажет. Сондық-

тан еңбекші халықтың салт-санасына таптық талабының айғағы болған салт ертегілері қазір өзгеше үгіттік, тартыстық роль атқарады.

Сол үшін де бұл ертегілердің арасында байға қарсы, дінбасы ишан-пір, молда-қожаға қарсы, саудагерлерге қарсы, бұрынғы хандар орнына келген сұлтан-төре, әкім-ұлықтарға қарсы шыншыл және сыны күшті сатиралық әңгімелер өзгеше орын алады. Бұл дәуірдің онан соңғы бір үлкен тарихтық, қоғамдық, таптық жаңалығы: енді қазақ халқының арасынан жұмысшы табы екшеле бастайды. Кең Қазақстан өлкелерінде XIX ғасырдың екінші жарымында және XX ғасыр басында ашылып жатқан кен ошақтары, өндіріс орындары, некен-саяқ заводтар, қалалы жердің өндірістері – барлығы да қазақтан шыққан жұмысшы табының өсіп, қалыптасып, молая түсуіне себеп болады. Ұлы орыс халқының реформадан соңғы дәуірдегі салт ертегілерін тексергенде, фабрика, завод жұмысшыларының фольклоры ерекше үлкен орын алады. Әлі ол дәрежеде болмағанымен, қазақ жұмысшысының арасында да халықтық ауызша әдебиет үлгі-өрнектері сақталуын, өзгеріп жаңғыруларын, жаңадан туып, түрленіп өсу процестерін аса зор ықыласпен ізерлеп, бағалап, талдау қажет.

Қазақ фольклорын революциядан бұрын зерттеушілер, жинаушылар да бұл жайды ескермеген болатын. Ал бертінде, совет дәуірінде ауыз әдебиет үлгілерін зерттеушілердің бәрі де соңғы уақытқа шейін жаңағы аталған жайға көңіл бөлмей келген. Ол – Қазақстандағы советтік фольклористика ғылымы өсу жолындағы үлкен олқылықтың бірі. Ғылымдық, зерттеушілік ойдың жетіспеген шалағайлығынан туған және ауыз әдебиетінің бар дәуірдегі барлық үлгілеріне буржуазиялық объективтік тұрғыдан қарап, бірыңғай ағымға салынудан болған ғылымдық қателік еді.

Осы аталғандармен қатар, Ленин айтқан “Әр ұлттың мәдениетінде екі мәдениет бар” дегендей, айқын, зор шындықты түсініп, қолданып отырып зерттеу жұмысы қазақ ауыз әдебиеті турасында ойдағыдай болмағандықтан туғанды.

Енді бұдан былайғы зерттеулерде реформадан соңғы Ұлы Октябрь революциясына шейінгі заманның ауыз әдебиетін тексеруде бір ғана салт ертегілері жөнінде емес, барлық осы дәуірдегі ауызша әдебиет мұраларының бәрін жинап, зерттеу жолында да сол қазақ жұмысшыларының

арасында сақталған, айтылған, туған асыл жұрнақ атаулының барлығын да фольклордың бар жанры көлемінде, өзгеше ұқыптылықпен жинап, зерттеу қажет болады. Ал салт ертегілерін реформадан соңғы дәуірде әсіресе мол тұтынып, сақтап өсірген қазақтың еңбекші шаруаларының қоғамдық ортасын алсақ, ол ортаның, Ленин айтқандай, айқын тенденциясы – демократиялық бағыт. Сол демократиялық бағыт талабы бойынша, ендігі салт ертегісі анық халықтық үлгісін алғанымызда, ол үгіттік әдебиет бола келіп, еңбекші халықты қанаушы топтарына жиренішпен қарауға тәрбиелейді. Бұл жөнінде Горькийдің айтқан тағы бір пікірін еске аламыз: “Таптық жиреніш тәрбиеленіп өсірілгенде, жауды ең төмен дәрежелі тип деп түсініп, бар қалпымен жирене жек көруден туу керек. Ал жаудың қаталдығы мен қаскөйлігінен қорқу түрінде ешбір таптық жиреніш тәрбиелеу дұрыс емес”¹.

Осы айтылған жайлармен қатар, сыншы, мысқылшы, сатиралық шебер құрылған салт ертегісі анық шындыққа лайық жағдайда әрекет ететін жау таптар өкілдерін көрсетеді. Сонымен қатар, болып тұрған қоғамдық хал-жағдайды жарамсыз деп, қатал сынап қарайды.

Енді осы айтылған тұрғылардан көз жіберіп, бір алуан ескі ертегілердің жаңғырып әңгімеленуін аңдасақ, тағы да хан – әділетсіз әкімдерді таптық тұрғыдан әшкерелеу ісі соншалық өткір, ащы сатира түрінде әңгімеленгенін көреміз. Бұның мысалы “Ежігелді”², “Молданың үйінде оқыған бала”³ сияқты ертегілердің мазмұнынан айқын көрінеді. “Ежігелді” әңгімесінде бұрынғы “Алдаркөсе” жайындағы әңгімелердің бір алуан жаңғырып айтылған қайталамасы білінеді. Бұндағы қоғамдық сатира хан сияқты әкімдерге қарсы еңбек елінің жиренішін шарықтаған қалыпқа жеткізеді. Ханның әшкереленіп, масқаралануы соншалық, оның өз басы қорлық күйде, ұрлыққа түседі.

“Молданың үйінде оқыған бала” деген ертегіде жас буынның қанқор ханға ереуіл, қарсылығы, тартысы көрінеді. Ертегінің геройы болған баланың басын жоймаққа тырысқан ханды өзге көп бала – оқушы балалар қатты әшкерелеп, масқаралайды.

Салт ертегісінің ендігі бір үлгілері – патриархалдық-феодалдық үй іші тұрмысының құрылыс негізіне қарсы арналған әңгімелер болады. “Өгей шеше қастығы”⁴, “Үш

кыз”⁵ сияқты әңгімелер адамдық ауыр драмаларды халық романы ретінде қалыптап, сынап көрсетеді. Бұндай ертегілер тұсында, халықтың творчестволық өнері – баспасөз, кітап, мектеп тәрізді тәрбие белгілері болмаған елде өзіндік зор сыншыл, тәрбиелік міндет атқарады. Сонымен қатар әйелдің үй ішілік, қоғамдық тірліктегі зор орнын, еңбегін, тарихтық ролін бағалайтын салт ертегілері де осы дәуірде туады. Бұл алуандас ертегілердің аса бір көркем үлгілері есебінде “Жұпар қорығы”⁶, “Хан қатыны”⁷ деген сияқты әңгімелерді еске алу қажет.

Екі ертегі де аса дана әйелдердің әрі аналық, әрі әлеуметтік зор қасиет қайратын баян етеді. “Жұпар қорығы” деген әңгімеде жұтап, ашығып, қырылып жатқан, шұбырып кеткен елдің ішінен шыққан саналы, қайратты ана – Жұпар жас жетім балаларын ажалдан, аштықтан қорғап, тірлік үшін, бақыт үшін өлермен еңбек етіп алысады да, дегеніне жетеді. Бар саласы тың, жаңа, мол елдік іргесін кұрайды. Жұпар тапқан жер-мекен ырыс мекені, еңбек, дәулет, таныстық, татулық мекені болып, өзінше бір Асанқайғы таппаған “Жер үйекке” айналады. Ер таппаған жерді ақыл-дана, асыл ана табады.

“Хан қатыны” деген ертегіде ерлер әмір-күдіреті мүлде жоқ, жойылған, оның орнына бар елдікті, әкімдік шаруашылық, қоғамдық тірлікті көгертуші, өркендетуші тек қана әйелдер болады. Олар еңбектің, мінезділіктің үлкен бағалы, әділетті адамшылықтың жақсы үлгісін көрсетіп, өзгеше өмір кешеді.

Міне, осы екі ертегінің екеуінің де негізінде жатқан ұғымнаным, тың көзқарас – еңбекші халық көзқарасын, малға сатылып, нелер сорақы заңға бағынып, ақсақалдық-феодалдық ортаның орнатқан қорлық, күндік халінде жүрген әйел жынысына еңбек халқы ендігі заманда “ұстағанның қолында, жетектегеннің қосарында, ноқтасында кете барма” деген жаңалық, тарихтық талап, түсініктерін танытады.

Тағы бір топ халықтық салт ертегілері еңбекті ерекше қадірлеген халық түсінігін танытады. “Айралы шал”⁸, “Кейдеңнің үш баласы”⁹, “Үш өсиет”¹⁰ сияқты әңгімелерде еңбекті қадірлеу өзгеше. Қажымас жігермен жол тапқан азаматтың бәрінің еңбегі жанып, дегені болады. “Айралы шал” деген ертегіде шартты түрде он жылға дейін патша

болып, кейін өлтірілуге көнген адамның бірі – осы ертегінің геройы, ақылды шал болады. Ол өзінің он жыл әмір-күдірет иесі болған уағында шөл даланы көгертіп, су шығарып, құрғақшылықты жояды. Қала салады. Осындай еңбектерімен өшпес белгі қалдырып, өлмес абырой табады. Және ажалдан құтылып, хандық қалпында қалады. Бұл әңгіменің бір жағы әкімшілік басында еңбек қадірін білетін, еңбектен жеміс, игілік туғыза білетін, көптің ырысын ойлайтын адам әкім болсын деген, шаруа елінің санасы көрінеді. Сонымен қатар, қолынан бар күдірет келіп отырса да, не жақсылықты, не ел-жұртқа деген игілікті ойламайтын арамтамақ хан, сұлтандарды сорақы санап, сынаған ой-сана, халық санасы көрінеді.

“Кедейдің үш баласы” деген ертегіде әрекетке, тартыс-таласқа тәуекелі мол сын сапарға тартынбай барған ер кедейлердің жолы болып, қолы жеткені әңгімеленеді. “Үш өсиет” деген әңгімесінде еңбекпен ішкен астың тәттілігі, адам қауымында досты көбейтудің асылдығы және базарлы жердегі тынымсыз әрекет, қимыл – ерлер тіршілігінің сыны боп танылады. Базар жайында айтылған салт ертегілерінің үлгі, мысалдары осы дәуір әңгімелерінен көп жерде көрінеді. Солардың бір мысалы “Кәрі жілік”¹¹, “Сараң үш терек”¹² деген әңгімелерден байқалады.

Бұл әңгімелерде еңбекпен қатар ажуа боп халықтық са тираның өткір шанышпасына, сынына қомағай, жеміт сорақы мінездер ілінеді. Ендігі көпшілік тіршілігі базармен, саудамен ерікті, еріксіз күйде нық байланысты болғандықтан, сол базарлы, саудалы жердегі ынсапсыз және айлакер, аяр қансорғыштар мінезі де халықтың қатал сынына ұшырап отырады. Бұндай әңгімелердің бір жағында әділ, дұрыс, момын адам қалпында көпшілік еңбекші ел өкілі жүреді де, сонымен қатар, жаңағы аталғандай, айналасын жалмағыш, құны жаман, қаны бұзық қанаушылар жүреді.

Осы аталған ертегілердің көбінде бір жағы ертегілік, екінші жағынан халықтық роман новелла сияқты көркем проза үлгілері де бар. Салт ертегілерінің бұл дәуірде осындай мәдени сапаға ауысуында орыс халқының жазбаша жарияланған ертегілерінің және сыншыл ойға толы, сыншыл реалистік көркем прозасының да әсері жоқ емес. Сондай әңгімелердің, мәдениетті үлгілердің реформадан соңғы

қазақ салт ертегілеріне еткен әсерін зерттеу де ауыз әдебиетін ғылымдық тұрғыдан кең, терең талдаудың міндеті болмақшы.

Жалпы, орыс баспасөзінің қазақ ертегісіне, халық әңгімесіне ететін әсерінен басқа, қазақ халқының ендігі айтатын ауызша әңгімелерінің арасында анық айқын орыс ертегісінің өздері де айтылып, тарап жүретінін көреміз. Мысалы, қазақ ортасынан қазақ тілінде ертерек кезде Березин жазып алған материалдардың ішінде “Орыстың молдасы мен жалшысы”¹³ деген анық орыс ертегісі де айтылып жүргенін көреміз. Бұл атақты “Сказка о попе и его работнике Балде” дейтін әрі халықтың, әрі Пушкин ертегілеріне қосылған көпке мәлім әңгіменің қазақша айтылған қайталамасы болады.

Орыс халқының қалың крестьян тобының арасында туған попқа қарсы (антипопские) ертегілерінің қазақ халқының шаруа арасына сол халықтың өзіндегі молда-қожаларын ажуа, әзіл ететін шығармаларымен қатар тарап жүруі – өте елеулі мағыналы жайдың бірі.

Белинскийдің: “Россияда барлық орыстар үшін поп – мешкейліктің, сараңдықтың, жағымпаздықтың, арысздықтың өкілі”¹⁴ дейтін пікірі қазақ халқының өзіндегі дінбасыларға қарсы арнаған сынында да дәл осылайша көрінетінін байқаймыз. Әсіресе осы ойдың дұрыстығын анықтау үшін реформадан соңғы дәуірде қазақ халқының қалың еңбекші көпшілігіне аса мол жайылған күлдіргі, ажуа, мысқыл, шанышпа, сайқымазақ, сатира әңгімелерін еске алуға болады.

Бұл қатарда біз көп елдер арасына аңыз болып кеткен, ел күлдіргілері, атақты Битан-Шитан қуларын, Қонтай-Тонтайды, Текебай куды, Айдарбек, Торсықбай сияқты талай қазаққа аттары мен күлдіргі мінездері, мысқыл, ажуалары әйгілі болған адамдарды айту керек. Бұлардың істері мен мінездеріне, тапқыр сөздеріне байланысты туған ұзынды-қысқалы әңгімелер қазақтағы анекдот үлгілерін көрсетеді. Реформадан соңғы дәуірдегі халықтық юмор, қоғамдық иронияның жаңалап өскелеңдеген үлгілерін танытады.

Қонтайдың өлерінде: “Жазыла-жазыла қожа-молдадан да ұят болды, енді өлмесек болмас” деп, дәл өлер минутында да “жаназашығырып мал аламын” деп, адамның өмірінен жаназаның, ысқаттың болымсыз ақысын артық

көрген дінбасы атаулының арсыз қомағайлығы Белинский айтқан қалыпта әшкереленеді.

Торсықбайдың жалаңаш күйінде батпаққа аунап, өлген байдың моласының ішіне кіріп жатқан, содан әрі бата оқыр жасап келген байдың бәйбішесі, нөкерлері және әсіресе бай аулының молдасы сияқты адамдардың бәрін көрден шыққан өлік болып, қорқытып мазақтауы діншілдік ұғым-нанымдарға еңбекші халықтың санасы мен сыны мүлде бой ұсынбай, қарсылық жасай қарайтынын көрсетеді. Айдарбек сияқты күлдіргілер қазақ байларының салтындағы “Қыз ұзату, келін түсіру, немесе қыз алып қашып алу” сияқты сорақы әдет кезінде келіп, қыз орнына кемпір салып жіберіп, бай аулын күлкі, мысқыл етіп өлтіре ажуалайды.

Бұл топ әңгімелердің қоғамдық жаңалық-өзгешеліктері, тіл мен түрлері де қазақ ауыз әдебиетін зерттеушілердің айрықша көңіл бөліп, қадала сынап, талдауын күтеді. Анық халықтық үлгілерін, шынайы халықтық күлкілерін орынды бағалауды талап етеді. Осы алуандас реформадан соңғы дәуірде, кітап – баспасөз шыға бастауымен жалғаса көрші елдердің күлкі әңгімелерінен қазақ ортасына Қожанасыр әңгімелері көп тарады. Қожанасырдың өз басы қазақ емес. Және әңгімелері де әуелде қазақ ортасында туған әңгіме емес. Мұның жайындағы аңыздарды алсақ, барлығының ішінде кездесетін базар, қазы (билік айтушы әкім), шәкірт сияқты белгілердің барлығы, ол әңгімелерді шығарған жағдай қазақ елінің бұрынғы ескілікті жағдайынан басқарақ екенін көрсетеді. Әңгіме көбінесе Қожанасырдың шәһәрда тұратындығын айта отырады. Өзінің кейде шәкірттері де бар болып шығады. Осының барлығына қарағанда, Қожанасыр әңгімесін қазақ топырағында туып, тараған әңгіме деп ешкім де айта алмайды. Мұны тудырған жағдай отырықшы қалалы елдердің сауда-кәсіпті жағдайы болады. Сондай ортада туып, содан жайылған. Ол жағынан қарағанда, Қожанасыр әңгімесі көршілес өзбектен ауысып келген деуге болады. Және көбінесе реформадан кейінгі дәуірде кітап, баспа арқылы татар тілінде әңгімелену жолымен де қазақ ішіне жайылған аңыздар деуге сыяды. Бұл әңгімелер өзбек, татар, тәжік, қырғыз, қазақ, түрікмен, қарақалпақ – бәрінде де бар.

Қожанасыр әңгімесін айтушы елдер ол жайындағы естіген сөздерін ғана айтумен қанағат қылмай, әр кезде қазақтағы Алдаркөсе, Жиренше сияқты өз тұстарынан қосым-

Қазақтың айтыс ақыны мен дастаншы жырау ақындарының арасындағы айырмасы аз болатын. Өйткені үлкен жырау айтысқа да жүйрік келеді. Найман ішіне келіп, бір күнде он жеті ақынмен айтысқан Жанақ сол жолдың өзінде “Қозы Көрпеш – Баянды” жаңадан, тыңнан жырлап шыққаны көпке мәлім. Ал, айтыстың Майкөт, Сүйінбай, Жамбыл сияқты ірі ақындары, екінші жағынан, ірі дастаншы ақындар болғаны да мәлім. Сөйтіп, ақпа ақындар өнері шын талантты жыршының тұсында сол дәуірдегі неше алуан көрікті өрнектер туғыза алатынын көреміз. Жалпы алғанда, ақпа ақындар дүниелік ең ірі эпосты туғызушылар болады. Жәкеңдер өнерінің бір қанаты сол сыпатты болады. Дүние жүзі әдебиетінде көне гректің өздеріндей, немесе Европадағы труверлер, фильдер, мейстерзингерлердей елінің эпосын да, айтысын да туғызған. Сондықтан да Одақ елдерінің ішінен шыққан, ең алғаш өз көзі көрген ақпа ақын Сүлеймен Стальскийді тыңдаған жерде А.М. Горький “Біздің заманымыздың Гомері осы” деген. Сондағы Гомер деп атандырғанының ішіне Жамбыл толық қосылатынында дау жоқ.

Міні, сол Гомерлердің бір тобының еңбегінен “Илиада”, “Роланд” жыры, “Эдда”, “Калевала”, “Алпамыстар”, “Кольцо Нибелунгов”, “Илья Муромец”, Скандинавия елдерінің сагалары туса, орыс халқының тарихи жыры, асыл қазынасы “Игорь полкі туралы сөз” де туған. Тағы бірлері сол дастандарды ауызша жырлап таратып, халыққа тәлім-тәрбие беретін өнер таратқан. Көркем қазынаны сақтап, сақтатып, буыннан буынға өнеге қалдырып отырған. Жә, сол неше ғасыр, неше халықтардың неше алуан боп аталған ақындары ауызша жырлағанда нені жырлаған? Ең ал-

дымен олар ер қайратын, ер азаматын қадір тұтып жыр-лаған. Ел ауыртпалығын, ерлік қасиетін, қызық бақыт елесін, арыдағы арманын, заманына айтқан сын назын, наразылығын жырлаған. Жарыса жырлаған. Бірінен-бірі асу үшін өнер шеберлеп, ауызша жырдың көркемдігін асыруға тырысқан. Білімге жүйріктік, тапқырлық, жүйеге жүйріктік, сөзге байлық, үлгілі білістік, өлең шеберлігі – бәрі де жарыстарының өрісі болған. Міні, сондай көп ақын, бірақ атсыз ақындардың ертелі-соңды өткен ата, бала, немере буындары дүниеге, тарихқа ұлы жырлар қалдырған. Біздің Жамбыл да солардың алдыңғы қатарындағы бір буын, бір тұрғы ерекше ақын еді. Бұ да өзінің “Өтегені”, “Саурық”, “Сұраншысы”, өзі айтқан “Көроғлысы”, “Манасы”, “Шорасымен” атсыз ақын болып кеткен болар еді. Бұған ат берген қартайған шағы, сол шағында оны жетістірген заманы – социализм заманы. Екінші бір ырысы – бұның халқында сол ауызша ақын өнері соңғы заманға шейін өшкен жоқ еді, дәстүрі жойылмаған, тозбаған еді. Әсіресе Ұлы жүзде солай еді. Жамбылды сол халқы, сол ортасы кішкентай бала күнінен тәрбиеледі. Тегінде, айтыстың ауыр түрімен қатар, оңай түрі де бар, ол “қайым” айтыс. Бұл – айтысты жаңа үйрене бастағандарға, жастарға арналатын түрі. Ол бастауыш түр болса, содан әрі ауыр түрі шығады. Ақын Нұрпейіс қартпен айтыс жөнінде сөйлескен әңгімелерінде Есмағамбет³ бұрынғы ақындар ұғымынша “түре айтыс”, “сүре айтыс” деген оңай, қиын екі түрлі айтыс барын баяндайды. Жамбыл да сол қайым айтыстан, яки Нұрпейіс айтқан түре айтыстан бастап, сүре айтысқа шейін өсті.

Сонда, бірақ Жамбылдың тобынан өзгеше даралық бір сипаты бар. Социализм дәуірінің ақыны болатын Жамбылдың ішкі сыры, нәрі сонда. Осыны ұғыну үшін Жамбылдың айтыстарын еске алу керек.

Ол Құлмамбетті немен женеді, Сарбасты неден женеді. Досмағамбетті немен тоқыратады, аяқталмай қалған Шашубаймен айтыста немен күшті?

Құлмамбет Жамбылға соқтыққанда:

Болғанда жол ағадан, тон – жағадан,
Арлан бөрі соғады тау сағадан, –

деп, қара борандатып кеп, Албанның көптігі мен байлығын айтады. Жамбыл соған орай өзінің халық мұңшысы екенін танытып:

Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,
Ел бірлігін сақтаған татулықты айт.
Қарымбайдай сараңдар толып жатыр,
Оны мақтап шалықпай жөніңе қайт, –

деп бір тойтарыс береді де, өзінің арманы не екенін танытады.

Берекелі елді айтам,
Ел тұтқасы ерді айтам,
Басымнан сөз асырман, –

дейді. Осыдан кейін Жамбыл халыққа қадірлі асыл азаматы боп, заманының зор адамдары боп батырлардан шыққан саналы ерлер – Сұраншы, Саурықты жыр етеді. Бірақ Құлмамбет бұған тоқтамай, тағы да байлығын айтып кеп, оның үстіне Саурық пен Сұраншының өлімі арқылы Жамбылды табалағысы келеді:

Секендеген серкенің ажалы деп,
Саурық пенен Сұраншың жаудан өлген, –

дейді.

Айтыста жеңу мен жеңілу өлең таппағаннан тумайды, жүйеге, жолға жеңілуден болады. Құлмамбет жаңағы сөзімен өз өкімін өзі айтып, сағағынан ілінеді, қазасына жетеді. Оның қазасы мен үкімін Жамбыл айтқанда, былайша тойтарып түйеді:

Батыр Саурық, Сұраншы жаудан өлген,
Халқы үшін шәйіт болып, жанын берген,
Елді қорғап өлгеннің арманы не,
Қалың қазақ құрметтеп соңына ерген.
Қожалық қып кетті ме Мақсұт ағаң,
Ағайынмен ұрысып, даудан өлген.
Шапырашты Дулаттың бәрі куә,
Шытыр жеген өгіздей аунап өлген.

Мақтаған байларыңның оңғаны жоқ,
Төрт бұрышын төңіректің жалмап өлген, –

деп, Құлмамбеттің қанатын осылайша жүйеге жығып, қырқады. Сарбаспен айтысында екінші бір зор сапаға ауысады. Онда Жамбыл үш кезең жауап айтып, Домалақ, Сұраншы, Саурық үшеуі туралы үш тамаша дастан жырлап шығады⁴. Ұзақ жауабын түйе келгенде:

Көп Дулаттың баласы,
Рас сенен аз едім,
Аз да болса, батыр ем.
Топты жерге барғанда,
Саулап тұрған сөз едім.
Жаулы жерге барғанда,
Атамын деп оқталған,
Көкберен болат кез едім, –

деп, елдіктің ішінде елдік барын айтады. Сапалы елдік, қорбоп кешкен көптік пен барлықтан намысты, қасиетті болған аздықты артық дегізеді. Бұл ақынды да Жамбыл жеңгенде арманы зор, алысты көретін қасиетті адамгершілікпен, зор халықшылдық қасиетпен жеңеді. Бұны да жүйеге жеңеді. Және сонымен қатар білімге де жеңеді. Ақындық сынының бір қанаты – білімділік. Бұл жерде Жамбыл сол сапасымен де озып, ағалап шығады. Ол көп алдыңғы ірі ақындардың сүре айтыстардағы ірі дәстүрі еді. Сол өнерін Досмағамбетпен айтысқанда Жамбыл және де ағыл-тегіл төге көрсетеді.

Пірім бар жыр нөсерін аспанға атқан,
Сұңқардай саңқылдаған ер Сүйінбай, –

деп, бір кетіп, өзге де өзінен бұрын өткен ірі ақындардың аттарын атап кеп, солардың ішіндегі өнерпаздарын санайды.

Ілгері Шөже, Балта заманда өткен,
Асекен, Бұқар жырау арманда өткен,
Солардың әруағы маған қонып,
Ел мұңын жырмен төгіп нөсерлеткем! –

деп, өзінің ел мүддесінің, елдік мұратының жолындағы ерекше саналы ақын екенін танытады. Досмағамбет молда ақын еді. Оның сол молдалығын Жамбыл халықты қанағаштық, құлқыны жамандыққа сайып, мазақ етіп, жерлеп кетеді.

Молда емессің, сиқырсың,
Зікір айтып зарлаған,
Жаназа оқып өлгенге,
Підия алып жалмаған.
Шариғат жолы мынау деп,
Қараңғы надан халықты
Көзді жұмып алдаған.
Кедей өлсе, үйіне
Күңіреніп бармаған.
Аттана шауып, бай өлсе,
Қирағаттап құранды,
Күні-түні сарнаған, –

деп, құнарсыз молдалыққа жалғасқан нәрсіз ақындық сиыр жоғалықты қабат түйреп, төңкеріп кетеді.

Міне, осы айтыстарының бәрінде де Жамбылдың айтқыш ақындығынан басқа азаматтық сапасы да бөлек жатады, өзге татымсызды мақтағыш, ол арман етпейтін ақындардан иығы асып, өктем шығып отырады.

Бар айтысында Жамбыл ел қорғаны болған азаматты арман етеді. Ел бағына туған ұлы азамат шықса, ел көзіндегі жасты тыйса екен, қиял мекеніне жеткізсе екен, жаңа күн туса екен дегеннің арманы. Ол арманның екінші жағы – өз заманындағы байға, ұлыққа, қажы-молдаға, төретілмашқа, болыс-биге ызалы, кекесінді болу. Құлмамбеттің байларын, Сарбастың жуандарын, Досмағамбеттің дін үгітін, Шашубайдың Байбұландай саудагерін, Бақия, Барлыбектей шенді төрешіктерін Жамбылдың кісі құрлы көрмейтіні сол.

Осындай, алысты арман еткен, өзгеше келешекті көксеген Жамбыл Октябрыге жетті. Лениннің ұлы тұлғасын алыстан таныды. Өзінің шығармаларында көне ақындық арманында аты белгісіз болып жүрген алыптарын, ұлы адам алыптарын көрді, көрді де, жаңа туғандай жайнап қуанды.

Кейінгі Жамбыл айтатын көп өлеңнің болашақ сипаты айтыста жатады дедік. Ең әуелгі сипаты осы баяндаманың ең басында айтылған көрегендік пен сезгіштік. Жамбылда тез жер тану бар, дүниені қырағы алғыр көзбен лезде шолу бар. Социализм дүниесін де тарих тұрғысынан, өз өмірінің жүз жылдық тәжірибесінен, ой-қиялының даналық тұрғысынан қарап, Жамбыл тез сезініп, тез таныды. Содан ары, бұрын ер-азаматтың асылын қуана жырлап, танымдыны, ардақтыны аспандатып шалқып жырлап, Құлмамбеттерді басатын, айтыстағы асқақ ырғағына басты. Өзіне қанық, анық, даңғыл түрді алды да, соған жаңа мазмұн, социалистік мазмұн, халықтық мазмұн қосты.

Тарихтардан, буындардан ұлы шындықты іздеген, халық арманының жыршысы ұлы шындықтың өзіне жеткенде, өзге ақындардан соны бұрын таныды. Шын шаттықпен жырлады. Бұл алысы емес, жүрегіне жақыны еді, жатырқайтын, тосаңситын бөтені емес, өзек жарған өзі еді. Жүрегінде осындай ұлына сақтаған асыл сөз кезегін күтіп, кесек гауһардай көптен ұялап, орнап жатыр еді. Сол жылдар, соны жырлар гауһары аталды, ширатыла шалқып енді шықты. Енді Өтегенді, Сұраншы, Көроғлыны бейнелеп жырлап жүрген асқақ әсем жыр бұрынғысынан да жайнай шығып, шарқ ұрды, шығанға шықты.

Кейін Ұлы Отан соғысы уақытында ел өлкесін қатер жаудан қорғап жатқан ер халқына, герой ұлдарына төкпе жырларын ескенде, Жамбыл тағы да сол өзінің шыншыл жүрегінен, халық жүрегінің соғуы мен толқуын тауып, әсем саз созды. Бұнда Жамбыл төкпе ақын, сүре айтыстың төкпе ақыны еді.

Осы соңғы дәуірдегі жырларының екінші саласы жауға арналған ащы зәрлі, ызалы мысқылды, жиреніш жыры болса, ол да бұрынғы айтыстан өз төркінін табады. “Шытыр жеген өгіздей аунап өлген” дейтін Мақсұт турасындағы ызалы күлкі кездейсоқ емес-ті. Жақсыны көксеумен қатар, жамандықты, зұлымдық, сорақылықты көргіш, сезгіш ақын бұрын оларды үнемі әшкерелеп, жазалап жүрген. Бұнда Жамбыл түре айтыстың ақпа ақыны. Көреген, сезімтал, от ауызды айтқыш ақын. Ашуына, сынына кезіккен кісі ажалына кезіккендей болатын. Сол мінді көргіш, көргенін қолма-қол

әшкерелегіш, жерлегіш, сөзі шоқтай күйдіріп түсетін Жамбыл бұрын талай Мәңкедей болыстарды масқаралаған-ды.

Жаңғойлық болысы пысық келеді,
Мұрындары пұшық келеді,
Екі арада ептеп жерінде,
Көздерін қысып келеді.

Исадай парақор жеміт тілмаштарды да сау тастамаған.

Болысқа жолдас болды песір деген,
Жігітке жарамайды кесір деген,
Екейді қаңғып келіп, Шыбыл жейді,
Құдайдың уақыты шығар жесін деген, –

деп әшкерелейді.

Тағы бір кезекте, Мекке жолында қасына еріп барған Тәйти⁵ өлгенде соның пұлын жеп қойған Шыбылдан шыққан Сауырбай қажыға:

Меккеге біреу барса, Шыбыл барсын,
Шыбылдан басқаң барсаң, шығындарсың.
Кебінін өлгендердің жиып алып,
Барғанда қияметке шарылдарсың, –

деп әшкерелеген болатын. Сондағы турашыл, зілді, ашулы ызғарын Жамбыл кейінгі дәуірдегі халық жауына, ел, Отан дұшпанына немесе күндегі тірлік, күндегі құрылыс, болмыстағы үлкенді, кішілі зиянкеске, не тоғышар жарым естерге оп-оңай жұмсайды. Бұл жөнінде қалт еткен мінді қып еткізбей бас салып, сара тіліп, сорлатып шығаратын айтқыштық қазақтың Жамбыл алуандас ақындарында аса көп болған. Дәл Жамбылдың замандас, үзенгілес ақындарының өзінің ішінде де осылай айтатын талай ақты-бозды сан жүйрік айтқыштары көп болған-ды. Жамбыл олардың көбімен үнемі қағысумен, қаржасумен өскен.

Жамбыл ақпа-төкпе ақын еді. Төкпелік ұзақ сүре үлкен толғауда шығып кетеді. Онысы бұрын бірде Өтегендей, Сұраншыдай үлкен эпос туғызып отырса, бірде дәл келелі сүре айтыстың өзінің үстінде Құлмамбет, Сарбасқа Сұраншы тарихын поэма еткізгендей ұзақ сүре әңгіменің жыр желісін тапқызып кетеді. Кейде ескі труверлер үлгісінде –

Домалақ дастанындай тамаша көркем (Сарбаспен айтысында) аңыз поэманы толғап кетеді. Кейде сол сүре айтыста Досмағамбетке айтқандай дін үгітшілеріне қарсы күлдіргі мысқыл әңгіме тізіп, соған төкпелеп кетеді. Сүре айтыста бұл кезекте Жамбыл Европада болған “фабль” үлгісін туғызып өтеді. Шашубаймен айтысында Байбұлан туралы мысқыл ажуаның төбеден түскен жәйдай жайратқыш бір отын атады. Бұндағы Жамбыл гротеск, шарж, мысқылдың неше атасын тапқандай. Қадалған жерінен қан алмайды, жан алады. Мазағына ілінгеннің басына қарай қаптағанда, қатты соққан құйындай үзігін, туырлығын желпілдете түңлік ұшыра соқтығып, ыршытып түсіреді. Оқтай өтімді күлкі табады. Бұл ретте әр теңеуінің өзі жай ақынның жайшылықта күн толғанса таппайтын, аузына түспейтін дөп теңеулер болады. Сондай ызалы сайқымазақта, ажуада, мысқыл, қалжыңда Жамбыл тапқырлығы елден ерек. Жамбыл “Өлең не күлдірмесе, не жылатпаса – өлең емес, нәрсіз сөз, зәрсіз оқ есепті” дейтін. Сол сипатының бәрі Жамбылдың өзінде бар еді. Жамбыл суретші болса шарждың, пьеса жазушысы болса комедияның, гротесктің барып тұрған шебері болар еді.

Жамбылды білген кісінің бәрі байқаған бір ерекше өнері кешегі, бергі күнге шейін өле-өлгенше Жамбыл ақындығының бір зор айқын сипаты болып, үнемі ере келді. Ол шапшаң айтып тастайтын, тез көретін ақпа ақындығына қосымша өзгеше бір өткір әзіл айтқыштық еді. Соңғы кезге шейін қасындағы жақын адамдарына, үй іші, үстел айналасында, от басында отырып айтып тастайтын әзіл-қалжыңдарының өзі де Жамбылдың үлкен ақындығын танытады. Ақпа ақын кейде өлеңмен, кейде жай сөзбен не өзі туралы, не өзі тәуір көрген ақындары туралы мысқыл айтатын.

Өзінің қартайғанын өзі қалжың етіп:

Сақалым темір күрек борға малған,
Селеудей шашым селдір зорға қалған.
Аузыма ақ жабағы жапсырғандай,
Кәрілік немді қойды қорламаған, –

дейді. Осындай әзілді іні ақындарына да жиі айтады. Жәкеңнің жаратылысын тану үшін ол сөздер кейінгіге аса

керек, қымбат бұйымдар болғандықтан, кейбір ақын інілеріне, жақын жандарына Жамбыл айтқан мысқыл қалжыңдарын еске алайық⁶.

Мысалы, Өмірзаққа бір күні Жәкен: “Тасқа жусаған тау текенің сақалындай, немене сақалың шошаңдап кеткен”, – дейді. Тағы бір кезекте: “Басын ұнға тыққан қара мысық сияқты бопсың”, – дейді. Кененге шашы ағара бастағанда: “Басың немене, тұз түйген келсаптың басындай боз ала боп кеткен”, – дейді. Есдәулет ақынға: “Суықтөбенің суыр аңдыған қоңыр ала бүркіті құсап, қопайып қайдан келдің?” – дейді. Орынбайға: “Бұрын да дауысты емес едің, тап тауқұдірет сияқты болыпсың ғой”, – дейді. Әрі ақын, әрі балуан Мақыш демін аузынан алады, зор денелі кісі, соған: “Көкпек жеген түйе сияқты демін аузынан алған неме”, – дейді. Жартыбай ақын туралы: “Суыр сияқты әрі жалтақ, әрі бақырауық”, – деп бір айтса, тағы бір кезекте: “Асыранды жапалақ сияқты”, – дейді. “Кейде жау жапырақ сияқты қалтырап тұрады”, – дейді. Шыныбай деген жігітке: “Қисық өскен картошка сияқты”, – дейді. Өз баласы Аққұлыға: “Інірде ұшқан қара қоңызға ұқсап дарылдаған неме!” – дейді. Ағайыны Әбіл деген жігітке жылмаң мінезі үшін: “Судағы май қоңызға ұқсап жылпылдаған жігіт”, – дейді.

Міні, осы алуандас мысқыл қалжындарды Жамбыл інілеріне, тіпті келіндеріне шейін де түгел айтып отырған. Бұларының бәрінің өзгеше ерекшелігі құр күлдіргілігінде емес, құр ғана шапшаң байқағыш, көргіш, лезде айтқыш ақпалығында емес. Соның бәрін көрсете, таныта отыра осы қалжындарының өзі де бізге ерен шебер ақынды танытады. Ақындық теңеу тілімен сөйлейді, ұғым тілімен сөйлеуді екінің бірі біледі, бірақ оны келістіріп айтқан күнде де ақындық демейміз, шешендік дейміз. Тек шын ақындық қана көңілге қона кететін теңеу, бейнелеумен сөйлейді. Айтқанының, ұқсатқанының дәлдігінен қашып құтыла алмайсың, жалтара алмайсың, тап басады. Ол ақындық үлкен жырда бір танылса, бір-ақ ауыз өлеңмен де солай танылады. Біз көріп жүрген ақындарымыздың ішінде дәл осы жөнде Жамбылдың теңдесі жоқ болатын. Түре айтыста балта сабы жерден “ұрып таста” дегендей дүрсе қоя

беретін тапқыр көрі тарлан елден ерек шығатын. Кейде білімді үнем созарлықпен, азаматтық зор саналы арманмен озып отырса, кейде, кейбір қарсыласын лезде мінін тауып, осылайша тобыққа ұрып, талмау жерден бір-ақ қағып, түсіріп кетіп, тарта беретін.

Жамбыл ақындығының бұл қасиеті де теңеп айтқыштық сипатымен ақынның кейінгі ұлы жырларына ерекше зор көркемдік қосқан. Естен кетпестей әсем айшық бітіріп отырған. Айтыста кейде мысқыл ажуаға келгенде, аузына шапшаң оралатын тапқыр теңеулер, бергі, ескек, терең жырларында ұлы адамның кемеңгер дана бейнесін сүйсіне жырлағанда да, нелер көрікті теңеулер туғызады. Теңеулері ұзақ толғап кеткен жырының өзінде де тауды, теңізді, күнді, айды, барша әлемді лезде кездіріп шығады. Ешбір ақын айтып көрмегендей сөз маржандарын, маржандары емес, меруерттерін тез тізеді. Осында, әрі ауызша шапшаң айтып, әрі ұзақ төкпе жыр қып ең жауапты тақырыпты оңай айтып отырған Жамбылды көреміз. Ерекше шабыты мен дарыны бар алып ақын бұрынғы ақпа ақыннан, айтыс ақындығынан ала келген, төселген шеберлігін көсілте сермеп отыр.

Міні, айтыс өнерінің ақты-бозды жүйрігі, ұлы Одақтың көрі, жасы, бар буынын, бар оқушы, тыңдаушысын ұйытқан ұлы өнерінің желісін солайша арыдан тартып келгенді. Үлгісі мен мектебі алыстан, халықтан, халықтық қалың қазынадан. Сол шыныққан шеберлігіне сай шабыт пен нәрді, мазмұн, маңызды ұлы дәуірі – социализм дәуірінен алады. Халық даналығы, шынайы халық бағы орнаған шақта осылайша шарықтап, әлемге әйгіленгенде осылайша әйгіленген болатын.

1948

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРИХЫН ЖАСАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақ халқының мәдениет тарихында әдебиеттану ғылымының тарихы әзір қысқа. Бұл – жас ғылым. Ол: “Әдебиеттік сын”, “Қазақ әдебиетінің теориясы”, “Қазақ әдебиетінің тарихы” деген салаларға бөлініп, енді ғана дамып келеді. Қазақтағы әдебиеттану ғылымы құралғанда, ол өзінің алғаш туысымен, бүгінгі жеткен сатысымен, барлық бас-аяғын жинағанда – түгелімен, толық мағынасында Социалистік Ұлы Октябрь революциясының жемісі болады. Октябрьден бұрынғы қазақ тарихында біз бұл жөнде, “өскен ғылым” дерлік мардымды мұралар алғамыз жоқ.

Рас, қазақ халқының революциядан бұрынғы әдебиет өрнектерін жинауда және оларды баспасөз жүзінде жариялауда, онан соң ең алғашқы түсініктер беруде көп қызмет еткен орыс ғалымдарының еңбектерін біз ұмытпаймыз. Орыс мектебінен, ұлы мәдениетінен тәрбие алып, қазақ ескілігін зерттеген Шоқан, Әбубәкір, Ыбырай сияқты оқымыстылардың еткен еңбегін де бағалаймыз. Бірақ олардың көп жылдар жасаған пайдалы әрекеттері нағыз әдебиеттану ғылымының өзін тудырған жоқ-ты. Олардың тексеру, зерттеулері бастауыш дәрежеде болса да, қалыптанған “әдебиет теориясы”, “әдебиет тарихы” болып, тым құрса орта мектеп оқу құралы есебінде де тарихқа кірген жоқ-ты. Октябрьден бұрынғы қазақ халқы орта мектеп түгіл, бастауыш мектептің де анық мәдениетті түрін көрген жоқ еді. Рас, сол революциямен бірге жасап келе жатқан қазақ әдебиеттану ғылымы өзінен-өзі ғана туып, өз бетімен ғана жол салып, тек қазақ әдебиетшілерінің өз еңбек өнерімен ғана өркендеп келе жатқан жоқ. Бұрын жабайы отар қалпында болған Қазақстан өлкесіндегі мемлекеттік тіршіліктің бар саласына, революциялық ұлы

жаңалықтар, жаңа туыстар берген ұлы орыс халқының дос мәдениеті бұл салада, қазақтың әдебиеттану ғылымын тудырып өсіруде де өзінің ерекше зор әсерін тигізіп, көмегін көрсетті.

Бірнеше ғасырдан бері көрнекті ғылым болып, дамып, өсіп келген орыс тарихы бар еді. Оның көп жолдарын демократтық жолмен, революцияшыл, бұқарашылдық жолмен бағыттауға ұлы еңбек еткен атақты сыншы орыс ғалымдары, философтары: Белинский, Герцен, Чернышевский, Добролюбовтардың еңбегі бар еді. Өткен ғасырдың соңғы шақтарынан бері қарай басталған марксистік әдебиеттану негізі салына бастап еді. Қазақ әдебиетінің тарихын жасау мәселелері Қазақстанда советтік мектептер туумен жалғас күн тәртібіне қойылғанда, марксизм ғылымының жолымен әр салалы, қоғамдық ғылымдарды жаңадан құру шарт болды. Революцияшыл пролетариат тудырған ғылымның негізінде жасалу қазақ әдебиеті тарихының да ең басты тарихи міндеті, бірден-бір бағыт ететін ұлы арнасы еді. Жоғарыда қазақ әдебиеті тарихы өздігінен ғана туған жоқ дегендегі айтпағымыз осы негізбен, осы айтылған міндетпен байланысты болатын.

Социалистік революция дәуірі қазақтың советтік социалистік мәдениетінің негізін салды. Қазақстандағы әдебиет тарихшыларына да ұлы революция бағытындағы ғылымды жасауды тарихтық міндет етіп артты. Сол ұлы міндетті атқару жолында көп оқулықтар, жетіспеген шалалықтар, саяси зиянды, теріс бағыттар өз әсерін қазақтың жас әдебиеттік тарихына көрсете жүргенмен, жалпы Қазақстандағы әдебиет тарихы ғылымдық қалыптану жағынан қарағанда, жоғарыда айтылғандай, ұлы орыс мәдениетінің ғылымдық әдебиет тарихын жасау тәжірибесінен үлгі алып, үйреніп өсті. Маркс, Энгельс, Ленин еңбектері тудырған революциялық жүйеден нәр алып, соны өзіне ғылым болып қалыптанудағы ең бірінші міндеті етіп өсуді талап етті. Қазақстандағы жас ғылым, әдебиеттану ғылымы Октябрь берген жеміс – советтік социалистік ғылым. Сондықтан мұның туысы мен дамуын, бүгінгі азды-көпті жеткен сатысын, табысын айтқанда, ең алдымен, сол советтік ғылым туға-

нын ерекше бөліп айтамыз. Мұның өсу жолында зиянды, контрреволюцияшыл ұлтшылдықтың еткен теріс әсерін немесе жалған солақайшылықты жамылған ҚазАПП кезіндегі зиянды бағыт әсерлерін атап, әйгілеп отырумен қатар, қазақтың әдебиеттік, советтік ғылымының жасалу, туу тарихы тек солардың әсерінен ғана құралды десек, қателескен болар едік. Сондай залалды әсерлерді әшкерелеп, ашып, жеңіп, шетке шығарып тастап отыру арқылы, солармен алысып, марксистік-лениндік әдебиеттану жүйесін әл-шамасынша қазақ әдебиеті фактілеріне, дәуірлерінде қолдану арқылы өсіп келе жатқан жас социалистік ғылым бар дейміз. Қазақ әдебиетінің тарихы мен әдебиеттану жүйесі бізде орта мектепте оқу құралын жасаудан туды. Енді, соңғы он жылдар ішінде, Қазақстанда жоғары дәрежелі мектептер туып, дамумен қатар, сол жоғары дәрежелі мектептерге сай боларлық, ғылымдық, күрделі оқу құралын жасауды қазақ әдебиет тарихшылары өзінің міндетіне алды. Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл мен әдебиет институты соңғы үш-төрт жылдан бергі және алдағы екі-үш жыл бойында, төртінші бесжылдық бойында әдебиеттану ғылымы жөнінде өздерінің ғылымдық ең зор міндетін атқаруда. Осы ретте жоғары мектептерге арналған төрт томдық әдебиет тарихын жасау үстінде еңбек етіп келеді.

Сол тарихтың бірінші томының фольклор бөлімі өткен жылдың басында біткен болатын. Қазіргі институт ғылыми қызметкерлерінің соңғы жыл бойындағы негізгі шұғылданған еңбегі әдебиет тарихының IV томын – совет әдебиетіне арналған томын жасау мәселесі болды. 1947 жыл бойында сол IV томның қысқаша желісі – проспектісі жасалды. Бір топ әдебиетші авторлардың бірлескен еңбегімен “Совет әдебиетінің очеркі” жазылып отыр.

Бірақ бірінші томның варианты жазылып болғанмен, оның өзіне арналған негізгі мақсаты мен жұртшылық талап ететін зор міндеті атқарылып болған жоқ еді. 1947 жылдың 21 январында шыққан ҚК(б)П Орталық Комитетінің тарихи қаулысында Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты жұмысындағы өрес-

кел саяси қателіктер туралы өзге көп ғылымдық, саяси қателіктермен қатар, әсіресе Қазақстандағы әдебиеттану ғылымындағы идеялық-саясаттық өрескел қателіктер қатты сыналды. Негізді, әділ түрде көп кемшіліктеріміз айтылды. Сол қаулының бір сынаған шығармасы қазақ әдебиеті тарихының бірінші томы болатын.

ҚК(б)П Орталық Комитеті қаулысының алынғанына қазір, міне, он ай болды. Біз, әдебиет тарихшылары және барлық Тіл – Әдебиет институты коллективі болып, қазіргі шақта өзіміздің істерімізге сол қаулының айрықша зор пайдасы тигендігін ең алдымен атап айтамыз. Сыншыл, жетекшіл ой партия басшылығынан объективтік негізділікпен әділ түрде айтылып көрсетілді де, әрбір жеке әдебиет тарихшысын да, жиын боп біріккен авторлық топтарды да анық өнімді еңбекке бастады. Идеялық-саясаттық жағынан дұрыс бағытталған дұрыс еңбекке жұмылдырды. Бүгін Социалистік Ұлы Октябрь революциясының ХХХ жылдық мерекесіне арналған ғылымдық мәжілістерімізде біз осы жәйді айрықша атап, арнаулы қорытынды жасап, “партия бізге өзінің әділ сынымен зор тәрбиелік, саясаттық басшылығын көрсетті” деп қорытамыз.

Бірінші том жөнінде Орталық Қомитет көрсеткен қателіктерді түзеу жолында және сол қаулыны еске ала отырып, жаңадан негізі салынып жатқан “Совет әдебиеті тарихын” жасауда да біздің әдебиет тарихшыларымыз соңғы жылдар бойында едәуір жұмыс істеді. БК(б)П Орталық Қомитетінің “Звезда” және “Ленинград” журналдары тұрасындағы қаулысы және Жданов жолдастың сол қаулы жөніндегі баяндамасы зерттеуші ойдың барлығына үлкен бағыт берді. Совет әдебиетінің тарихын жоғары дәрежелі мектептерде оқыту жөнінде орыс әдебиетшілері жасаған программалары мен оқу құралдарын сынаған және “Культура и жизнь” газетінде, “Большевик” журналында, “Әдебиет газетінде”, орталық “Октябрь”, “Звезда”, “Новый мир” сияқты бүкіл Одақтағы беделді журналдар бетінде жазылған сындардың көмегі де мол болды. Одақтағы кейбір әдебиет тарихшыларының батысқа бас июшілік жөніндегі идеялық-саяси қателіктерін сынаған және Одақтық республикалардағы әдебиеттану жөніндегі жергілікті ұлтшылдық-

ты сынаған Совет Жазушылар одағының бас секретары А.А. Фадеевтің баяндамасы, мақалалары, барлығы да біздің әдебиет тарихшыларының қазір соңғы рет түзеп, баспаға бергелі отырған бірінші томның дұрыстап қалыптануына көмек етті. БК(б)П Орталық Қомитетінің қаулылары мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің жоғарыда аталған тарихи қаулысы біздің әдебиетшілерге тек бірінші том туралы ғана дұрыс сынмен өнімді бағыт беріп отырған жоқ, алда жазылатын барлық үш томның да дұрыс жазылуына да тура жөн, кең өріс берді. Біздегі әдебиет тарихын жасаушы жас ғылымымыздың бойына жабысып келген үлкен саяси-саналық зиянды астары бар қателіктерді ғылымдық дұрыс негізбен талдауымызға көмек көрсетіп, ұстаздық етті. Сол қаулыда тек бірінші томды жазушыларға ғана емес, барлық мектеп оқу құралдарын, әдебиет теориясын жазушыларға, сыншыларға да басшы боларлық арналы, үлкен ойлар айтылды. Қалыптанып келе жатқан жас ғылымның, мектеп оқу құралдарына белгіленген мөлшерінде де, ұдайы қалмай келе жатқан айқын қателіктер бары көрсетілді. Сол қателіктердің басты түрлерін атасақ, қазақ әдебиеті тарихына өзіміз кіргізген ескілі-жаңалы, арғы-бергі дәуірлердегі үлгілер, ақындар, жеке әдебиеттік фактілер туралы бірыңғай мақтай беру, тамашалай, мадақтай сөйлеу күшті еді. Сондай, ғылымға жатпайтын сыңаржақ тамашалаушылық, бұрынғының бәріне бас июшілік басым болды, бұрынғыны мақтан етушілік, арзан, жалған патриоттық, керексіз кертартпа романтика, сарыншылдық бар еді. Шығарманың, жазушының қоғамдық-таптық, тарихтық шынын ашудың орнына, шаруашылдық жағдайдың Маркс-Ленин жүйесі бойынша әр шығарманың тууына себепкер тамырын ашудың орнына, көп мұралардың өлеңдік түрін, шала көркемдік тілін, өзіміз жетіп ұғынбаған сырын көп мадақтаумен болдық. Тіпті кертартпа идеологиясы айқын тұрған ескі шығарма, бұрынғы ақын болса, оны да кешіре сынау көп болды. Ұғынамын деген боп, заманын, надандығын сылтау етіп, сол кертартпа санын ақынын сынау орнына ақтау көп болды.

Шоқанның көзімен қарағанда, Шортанбайлар қалай бағаланаар еді? Абай көзімен қарағанда, Ақылбек Сабалов-

тар қалай танылар еді? Алтынсарин көзімен қарағанда, Әбубәкір қалай бағалану керек еді? Сондай кертартпа санның ақындарын өз заманының ағартушы, халықшыл қайраткерлері шенеп сынаса да, біз орта мектеп оқу құралдарынан кейін қалып қойған ойы күйкі, көңілі надан ақындарды да шамадан тыс көтере бағаладық. Сол сияқты XIX ғасырда шала танылған, шала ұғынылған ақындарды тамашалап, мақтаудың аяғын беріге әкеп, бұрынғыдан да өрескел қателіктер жасадық. XX ғасыр әдебиет зерттеуде, контрреволюцияшыл ұлтшылдық жолындағы кей жазушылардың таптық сырын, орнын тануда да көп адасуларға ұшырағандарымыз болды.

Ленин: “Біз әрбір ұлттық мәдениеттен оның демократтық, социалистік элементтерін ғана аламыз, оны алғанда да әр ұлттағы буржуазиялық мәдениетке, буржуазиялық ұлтшылдыққа қарсы қою үшін ғана аламыз” десе, біздің әдебиет тарихтарымыз жасалуда да осы ой – ең негізгі басшы ой болуға керек. Бұл хал жалғыз қазақ әдебиеті тарихын жасаушылар емес, бізге тілі, тарихы жақын советтік шығыс әдебиеттерін алсақ, солардың бәрінің де әдебиет тарихшыларына ортақ міндет. Революцияшыл әдебиет тарихшысы боп, социалистік ғылымның жаңа мұратын, өз елінің әдебиет тарихын жасауда ойдағыдай орындаймын десе, сол зерттеушінің бәріне ортақ міндет. Осы тұрғыдан қарасақ, әр елдің әдебиет ескілігінде, тарихи ұзақ ғасырлар тудырып келген қазына қорында көп шығармалардың, көп ақындардың мол-мол аттары сақталғаны даусыз. Бірақ ақыннан ақынды, шығармадан шығарманы жаңағы Ленин айтқан тұрғыдан қарап, айыра талдап, тереңдеп ұғынып алу шарт. Осы ғылымдық негіз әдебиеттің ескідегі ертегі аңыздарынан бастап, дәл бүгінгі біздің жасап отырған советтік әдебиетіміздің өз үлгілерін талдап, таңдап алуға шейін түгел қойылатын ортақ шарт.

Дәл осы ойды анықтау үшін әдебиет тарихтарының бірсыпыра мысалдарына тоқтайық. Мәселен, өзбек әдебиеті тарихындағы ақындарды алсақ, Қожа Ахмет Яссауиден – Науаи орны, Софы Аллаяр Мәшруптен Мұқими, Закиржан, Фурхат, Хәмзә орны бөлек боп ерекше тұрған-

дығы айқын. Арғы тарихтың ескілігін, тарихи адамдарын алсақ, Жәләлиддин емес, Мұқанна орны бөлек екені айқын. Әзербайжан әдебиетінде Асли Қәрәм емес, Низами, Мирза Фатали Ахундов, Сабир, Жафар Жабарлы орны ерекше қадірлі екені айқын. Ескілігінде: “Ғазауаты Сейіт-баттал” емес, Бабектің әрекетіне байланысты аңыздардың орны өзгеше. Оның қозғалысы біздің тарихи түсінігімізге жақын тұрғаны айқын. Қырғызды алсақ – Қалығұл, Қатаған емес, халықшыл ақын Тоқтоғұл орны өзгеше, қадірлі екені даусыз. Тәжік әдебиетінде – сарайшыл ақынның көбінен Ахмет Мәхдум Дониш (Кәллә) орны өзгеше, афсаналық ескілігін алсақ (дәуірінің, тарихтан бұрынғы көңіліне қарамай) – ұста Кованың орны бөлек. Сол арғы-бергі замандардың қайсысында болсын, адам баласының жалпы тарихының ілгері басу жолындағы өнімді тартысына үндес болып шыққан шығармалардың тарихтық қасиеті, құны бөлек.

Қазақ әдебиеті тарихы мен көркем әдебиеті, көркем-өнерін алып, дәріптеп жүрген тақырыптардың ішінде, ақындардың ішінде осы мәселеге келгенде парықсыздық жоқ емес. Қайта арғы фольклорды тексеруде, я сол тақырыпта шығарма жазуда талғаусыз болғанымыз бар. Шығарма мазмұнының алға бастар прогрестік бағасынан бұрын екінші, үшінші сыпаттарын ең алдымен елеп, ескеріп жүрдік. Тарихтық құндылық жағынан алсақ, Көроғлы үлгісіндегі шығармалардың ескілері Кова жайы, Бабек, Мұқанна, Қобыландылар жайы болса керек еді. Бұл тақырыптардың шетел басқыншыларымен алысу мазмұндары және халықтың ашуын, кегін қолына ұстап, алысу талаптары көне заман мәселелері ғана емес. Берідегі, халық ортасынан шыққан, шығыс елдерінің геройлары әзірбайжанда – Ханлар, монғолда Сухэ батор, қазақта Амангелділер әрекеттеріне де тақау келетін болады.

Сөйтіп, фольклордың ертегісін тексерсек те, жалғыз жол мақалын талдасақ та, таптық қоғамдық өнімді мағына туғызатын шығармаларды кертартпа санасы бар шығармалардан бөліп, айырып ұғыну керек. Бізде, осы жөндегі кемшіліктің зор болғанын ҚК(б)П Орталық Комитеті айқын

көрсетті. Таптық негіз бен сырды ашып тексеру жоқ деген партия сыны, тереңдеп ұғынсақ, біздегі көп кемшілік, олқылықты танытады. Бұл жағынан қарағанда, патшалық отармен алысу жөнінде туған өлеңдердің барлығы да бірдей емес екенін айыра түсіну керек. Ал, бізде әдебиет тарихшысы емес, ескі тақырыпты алғанда, жазушыларымыздың көбінің де парықсыздығы, терең ұғынбаушылығы, шалағай оймен шығарма жазатындығы танылады. Тілесін-тілемесін, шығармалық нәтижесіне қарағанда, оларда да ескі тақырыпқа барса, романтикалық сарындамашылық көрініп отырады. Бұрынғы кезде кейбір феодал ақындарының кертартпа санасынан туған тақырыпты айта жазуда – олардың санасын, солар берген шолақ мазмұнды, я аз тарихи деректі қайталап қана қойып, осыдан әрі сыншыл ойлары, совет жазушылық міндетін түсінулері алысқа ұзап бара алмай қалатын мысалдар көп. Осы жағынан қарағанда, бүгінгі сахнамызда жүрген көп пьесалар да сынмен, тереңдеп ойлануды керек етеді. Жазушы ескі тақырыпты драма арқылы көрсетуде әдебиет тарихшыларының тереңдемеген, шалағай зерттеулерінен көп әрі ұзап кете алмай, шын творчестволық өнімді терең ойға жете алмай қалып отырды. Әсіресе прогрестік дамыған, терең ой жоқ. Кейде, көбіне XIX ғасырдағы буржуазиялық әдебиеттің жаңа ғана бастаған сыншылық реализмінен ұзай алмай қалады.

Тарихтың орнын терең, кең, көркем мағыналы етіп көрсететін адамдар жайындағы шығарманы тек сол буржуазиялық жазушылар жазған (көп жазған, көп қайталаған) “жастың трагедиясы” деген мазмұнға ғана әкеп сайып қояды. Таптық, тарихтық, халықтық терең сыр ол шығармаларда ашылмайды. Рас, әдебиет тарихтарында болған осындай қателіктер, жаңағыдай біздің көркем әдебиет тарихын жасаудағы талаптарды айтып отырған тексеруге тура қатнасы жоқ тақырып.

Сондықтан жазушылармен бұл жөнінде айрықша сөйлесу шарт. Ол негізгі мәселе. Әзірге айтып кетпегіміз, дұрыстап, тереңдеп қараған өзара сын бойынша айтсақ, жазушылық тәжірибедегі жаңағы кемшілік өзінше үлкен бір олқылықтан туады.

Тарихи тақырыпқа жазғанда зерттеуші, тарихшы – марксистік тарихшы ойымен социалистік реализм жолындағы совет жазушысының ойы қосылу, қабысу шарт. Сонда ғана социалистік реализмді өзінің жазушылық негізі, әдісі еткен жазушының еңбек нәтижесі туады. Осы екі жақты толықтық, кемелдік үшін ортақ шарт бір жерден шықпаса, ондай шығарма тұсында жазушы социалистік реализмді баураған жазушы бола алмайды. Әдебиет зерттеушісі әр шығарманың осы жөніндегі сыр-сыпатын ашып, талғамаса, советтік әдебиеттану ғылымының міндетін орындай алмайды. Бір ойына бір ойы қайшы келуден үлкен сынды, терең сынды көтермейтін, жеткіліксіз нәтижелер туады. ҚК(б)П Орталық Комитетінің қаулысы бір ғана бірінші том емес, осы жаңағы алуандас олқылықты, кемшілікті жайлардың барлығын жан-жақты арылтуға себепші болуға тиіс. Қателікті тек қаулыда атаған ғана еңбектер емес, басқа да зерттеуші, әдебиет тарихшысы еңбегінен де, жазушылық тәжірибемізден де анық танып, табуға сол қаулы жетекші болмаққа керек.

Ойланған әдебиет тарихшысына тек бірінші том емес, келер томдар үшін де әсіресе бағалы болар бет берілді.

Сонымен қатар жоғары дәрежелі мектептер программаларын өзгертіп, былтырғы екінші семестрден бастап, әр әдебиет тарихшысының жоғары дәрежелі мектептер программасы лекциялары жаңаша дұрыс сапа табуға бағытталды.

Орта мектептің жоғарғы кластары тарихи қаулылардың негізіне сүйенген жаңа оқу құралдарын алуына мүмкіншілік туды. Тарихи қаулы фольклордың да көп дүниесін қайта бағалатты. Енді, көп томды әдебиет тарихын жасауда әзірге істелген варианттарын, ҚК(б)П Орталық Комитетінің қаулысынан кейін кіргізілген түзеу негізін, түрлерін айтайық.

Бірінші том қазақ әдебиетінің фольклор бөліміне арналған том болатын. Кіріспесін қосқанда кітап тоғыз бөлімнен құралған еді. Ол бөлімдері: 1. Кіріспе. 2. Әдет-салт жырлары. 3. Ертегі. 4. Батырлар жыры. 5. Ғашықтық жырлары (лиро-эпос). 6. Тарихи жырлар. 7. Шешендік сөздер. 8. Айтыс. 9. Совет фольклоры. Осы бөлімдер ішінен, бірнеше диссертацияларда болған қате-

ліктерге байланысты, үш-төрт бөлімнің орасан олқылық кемшіліктері Орталық Комитет қаулысында көрсетілген. Идеялық, таптық мазмұн жағынан марксизм-ленинизм негізіне жанаспайтын, бұрынғы үлгілерді құрғақ дәріптеу, ғылымнан тыс тамашалау түріндегі негізгі кемшіліктер сол қаулыда және баспасөз жүзіне шыққан кейбір мақалаларда айқындалып, атап айтылған еді. Жалпы кемшілігі, жоғарыда аталған таптық, шаруашылық, идеялық негіздерді советтік фольклористика тұрғысынан, жеткілікті түрде қарамағандық деп аталып көрсетілді.

Біз, авторлар коллективі, ҚК(б)П Орталық Комитетінің қаулысын іс жүзінде сол қателіктерді жоюдағы ендігі еңбегімізге жетекші, басшы, негіз есебінде қолданып, бірінші томды тыңнан тексеріп, түзеп өттік. Бұл жағынан қарағанда, қаулыны – жаңағы аталған үш бөлім емес, барлық том туралы, бастан-аяқ тұтас, тыңнан сынап, түзеп шығуға нұсқалған, тыңнан қойылған зор шарт деп түсіндік. Сондықтан кітаптың кіріспесінен бастап, ең соңғы бөліміне шейін бөлімдері, беттері тыңнан қаралып, көбінше қайта жазылып шықты.

Кіріспеде фольклор жайындағы кітаптарда болатын методологиялық жалпы бөлім, қысқа шолу (обзор) бар еді. Тыңнан жазуда сол бұрынғы зерттеулерде болатын буржуазиялық ғалымдар әдістерінің қателіктері ашылып айтылды, фольклор тап тартысының құралы екендігі және солай ұғынып, солайша зерттеу советтік фольклористиканың ең басты міндеті екені ашылды. Маркс, Энгельс, Ленин, Лафарг және Горький көзқарастары кітаптың соңғы түзелуінде көлемді түрде келтіріліп, бұл кітаптың соңғы идеялық, ғылымдық міндетін кеңірек атап ашуға даусыз ірге, арна есебінде белгіленді. Қазақ фольклоры жөніндегі бұрынғы тексерудің олқылығы, қателіктері және ҚК(б)П Орталық Комитеті қаулысының қазақ фольклорын идеялық-саясаттық дұрыс бағытпен тексеруге ерекше бағасы барлығы айқындап аталады.

Бірінші бөлім – әдет-салт жырлары. Бұрынғы жазылуында, алғашқы зерттеуде бұл бөлімнің бірбеткей, сыңар-жақ жазылған бөлім екені айқындалды. Мысалы, қыз ұзатуда айтылатын “жар-жар”, “беташарлар” бұрынғы

тексеруде әйел жынысының халіндегі, Лафарг айтқан түрдегі қоғамдық теңсіздікті танытады деген тұрғыдан қаралмаған. Салт жырлары ескі салт, әдеттерді көрсетсе, совет фольклористикасы тексергенде, ең алдымен ескергілетін мән-мазмұны қоғамдық, таптық шындықты тануға арналу керек. Бұл жырларда үй іші тұрмысының теңсіздік надандығы ескі кертартпа ақсақалдық жол мен заңнан туып отырғандығын ашпақ қажет еді. Оның орнына бұрынғы жазылуында, бұл бөлімде сол жырларды туғызған әдет-салтты сынамай, сыпаттау көп болған. Нәтижеде, сол жырлардың қоғамдық, тарихтық шындықтарын сыншыл зерттеуші боп ашу орнына, көбінше мақұлдап, құптау тәрізді қателіктер болды. Соңғы зерттеуде осындай негізді кемшіліктер түзелді.

Мұң-шер жырларында да (мысалы, жоқтауда) әйел теңсіздігі және үй тұрмысында рушылдық, ақсақалдық көне заңдардың құдіреті жалпы қазақ әйелін күндік, еріксіздікке салғаны айқынырақ ашылды. Шаруа, кәсіп жырының да ерекше қоғамдық-экономикалық мәні зор жырлар екені дұрыс бағаланды. Шаруа-кәсіп жырларында ескі замандардағы әр алуан қанаушы таптар шығарған сөздер емес, кәсібі мен тіршілігі, күнделік еңбегі, тартысы сол баққан малымен нық байланысты болған анық бұқара, еңбек елінің мал туралы айтқан еңбек жырлары көбірек зерттелді.

Ертегілер бөлімінде, қиял-ғажайып ертегілерінен бас-тап, тарихтық, реалистік негізі бар, мазмұн, тақырыбы бар салт ертегілері мен аңыздарға шейін қайта қаралып өткенде, қоғамдық, таптық мазмұн, ескілі-жаңалы үлгілердің бәрінде де анық, айқын көрініп отыратын ерекше сыр-сыпат есебінде анықталады.

Батырлар жыры бөлімінде, бұрынғы орта мектептер құралы мен кей жинақтарда, журналдық мақалаларда, кейбір кіріспе сөздерде сынсыз, талғаусыз алынып, “халық жыры” деп аталып, бағаланып жүрген бірнеше батырлар жырлары БК(б)П Орталық Қомитетінің нұсқаулары бойынша қайта бағаланды. Халықтық сыпаты бар батырлық жырларынан бөлек, бұрын-соңғы үстем тап, сарай мен хандар ортасының жаршысы болам, халыққа салт-санасы жат

ақындар жырлап жүрген “Едіге” жыры ғана емес, “Орақ-Мамай”, “Шора батыр” жырының да халықтық санаға жат варианттары соңғы тексеруде бірінші томнан алынып тас-талды. Батырлар жырының бұрынғы сынсыз, парықсыз ұғынулар бойынша барлық түрі біркелкі, тұтас бір мұра-лардай танылатын тексеру негізі өзгерді. Кейбірі, мысалы, “Қобыланды”, “Қамбар”, “Тарғын” сияқтыларда халықтық санаға жақын және кейбірінде таптық қайшылықтар да (“Қамбар”) айқын көрінетіні ашыла тексерілді. “Сайын ба-тыр” сияқты жырларда үстем ортаның ақындары қосқан бөтен сананы сынап, мінеп көрсеткен және батыр обра-зын сынмен сыпаттаған халықтық көзқарастың мәні ай-қындалды. Орыс халқымен қастық, өштік сарынында, хан-дар айналасындағы үстем таптар санасының тұрғысынан жырланып келген кей жырлар баспасөз жүзінде жариялан-ған бағаларға сәйкес танылды.

Ашықтық жырлары турасында, кейбір диссертацияда болған қателік, ол қателіктерге жасалған либералдық ҚК(б)П Орталық Комитеті қаулысында атап көрсетілген болатын. Бірінші томның үлкен қателігі бар мінді бөлімі осы бөлім деп аталған еді. Сол орынды сын, бұл бөлімді айрықша қадала қарап, тереңдеп талдауды талап етті. Қазіргі калпында, кітаптың бұл бөліміне кірген, үлкен дас-тандар түрлерін тексеру түгелімен негізінен өзгеріп, түзеліп шықты деуге болады.

“Қозы Көрпеш” “ежеқабыл” салтынан туған жыр болу-мен бірге, сол салт көлеміндегі ұғым санаға бағынған жас-тар махаббатын көрсетеді. Осымен қатар, сол көне салтты қатты құптаған, ескілікті нанымды көрсететін көлемді көр-кем шығарма екенін ашу ғылымдық зерттеудің бас міндеті болып танылады. “Қозы Көрпешті” жырлаған ақындарда, олардың өз замандарының салт заңына бағынған өзіндік таптық санасы жыр варианттарынан айқын көрінетіні та-нылады. Солардың ұғымынша, Қарабай сарандық, жауыз-дықтың жиынтық бейнесі болумен қатар, жол бұзушы, заң-нан азушы, “ақ батадан” аттаушы, қыңыр-қиястық бейнесі болып қалыптанған. Жыршылар санасымен болжағанда, сол ерекшеліктер ол образдың ең бас міні екендігі айқындалды. Қодарды да сол сана бойынша, айнымас заңға көлденең келуші, қарсы әрекет етуші етіп, сонымен, әсіресе зор

күнәсі етіп мінеп, шенеу бар екендігі айқындалды. Шығарманың салттан туған лирикалық туынды екені, ескі заманның көне заңы мұнда – рушылдық ортаның ақындарының санасында аумас, бұлжымас қағида есебінде орын алғаны аталды. Осындай тексеру арқылы жырдың қоғамдық, тарихтық сыры бұрынғы болған тексеру, ұғынуларымыздың барлығынан терең де және ғылымдық дұрыс негізде ашыла түсті деуге болады. Кітаптың алғашқы түрінде сол заң мен жол-жораны құптау, мақұлдау өз заманы үшін десек те, ақтау сияқты позиция бар еді.

Әсіресе осындай дұрыс негізбен тексеру “Қыз Жібек” поэмасын тереңдеп талқылап, дәл түсінуге жәрдем етті. Ол поэманың таптық, қоғамдық негізін дұрыс ашып түсінуге, тануға себеп болды. Бұрын бізде болған сынсыз тамашалау, сарыншылдық пен көне түрге бас ию әдебиет тарихшыларына да, тіпті жазушы мен театрға да аумас, айнымас жол болып кеткендей еді. Соңғы тексеруде біз сол поэманың көпке мәлім вариантын тыңнан талқыладық. Бұл тұрғыдан қарағанда, “Қыз Жібек” жыры әмеңгерлік, жесірлік заңын көркем сөзбен қостаған кертартпа сананы құптап, соны көркем түрде үгіттеген жыр болып көрінеді. Оның бізге жеткен вариантында реакциялық санасы, рушылдық идеологиясы басым болған, ескі заң бектің бірін-бірі, өздері таңдасуы болған жыршы көрінеді. Оның ұғындыруы бойынша, Төлеген мен Жібектің бірін-бірі өздері таңдасып, өзелден тағдыр бұйрығына қарсы етілген әрекет есепті. Олар махаббаты кірсіз, мінсіз болса да, аталар батасын бекітіп құптаған күнде ғана орынды болады. Ата батасын қостамаған махаббат тірлік үшін емес, қарғыс, өлім үшін туған махаббат есепті... Ондай жолға ата батасын аттап өтіп, қадам басқан жас ешбір күнәсіз, себепсіз жаза тапса да, мүрдем кетсе де, өкініш емес. Сондықтан ата батасын атаған Төлеген өледі де, оның қатесін түзеп, атаның батасымен шыққан Сансызбай жеңгесін алады. “Аға өлсе, жеңге мұра, іні өлсе, келін мұра” деген сананы дастанның бас геройының бірі Төлеген өзінің өлімімен құптайды. Жыр басында өзінің өлерін біліп, Қыз Жібекке қайнысына тиюді, Сансызбайға жеңгесі Қыз Жібекті алуды көр аузынан, о дүниеден, әмір-бұйрық еткендей болады. “Қыз Жібек” жырында қазақ әйелінің көп ғасырлық сорына себепші бол-

ған қырсық заң, ең бір надандық, сорақы жол, ескішіл ақынның қызығып жырлауы арқылы, осындай поэзиялық үгітке айналады. Соңғы тексеруде, біз бұл дастанның алға бастар ой емес, кертартпа санаға бағынып, қалыптанған мазмұн тартысын, идеясын толық ашуға талап еттік.

Тарихи жырлар бөлімінде де тыңнан қаралған, түзеліп өткен негізгі жаңалықтар бар. Бұл бөлімде “Абылай мен Кенесары жайындағы тарихи жыр” деген жіктеуге жатпайтын құрама, ұсақ әңгіме-аңыздар көп кірген еді. Солардың көбінде Абылай, Кенесарыны халықтық ұғымнан өзгеше санамен бейнелеу бар-ды. Хан айналасының, хан ордасының санашылы болған қарт-көрия, ақын-жырау, мақтаушы-жыршы ортасы туғызған шолақ әңгіме, аңыздар болатын. Олардың барлығында Абылай, Кенесары, Наурызбайларды сағымды аңыздармен көріктеп, қиялға жайып ертегілер қаһармандарына теңеп, әсірелеген дәріптеулер көп болатын. Бұрынғы зерттеу мұндай әңгімелердің бірден тарихи жыр жанрына жатпайтындығын ескермеген. Және олардың таптық, тарихтық шыны, негізін ақтарып аспаған. Тек бір жақты сүйсіну ретіндегі құптауды ғылымды сыншыл тексерудің орнына жұмсап кеткен-ді.

Бұрынғы қалпында, бірінші томға, тарихи жырлар қатарында кіруге лайығы болмаған – “Қабанбай” жыры да кірген-ді. Бүгінгі Ұлы Одақ көлемінде достас, бауырлас болып отырған кейбір елдерге Қабанбайдың жасаған шабуылын айтатын жыр болғандықтан, бұл жырды да соңғы ісімізде тексеруден шығарып тастадық. ҚК(б)П Орталық Комитетінің қаулысында орынды, дәлелді түрде қатты сыналған бөлімінің бірі шешендік сөз жайындағы зерттеу болатын. Бұл бөлім бұрынғы қалпында, фольклор үлгілерін сынап, зерттеу орнына, көп мысалдарды тізе берген, тек жеңіл, үстірт және қателік бағыттағы құр ғана тамашалау, арзан талдау қалпында жазылған. Осы жанр турасындағы тексеру қазақ әдебиет тарихшыларының ең бірінші рет тапқан, байқаған алғашқы тәжірибесі болса да, бұл бөлімнің ғылымдық жағынан, саясаттық, тарихтық жағынан қарағанда шикілігі көп болды. Қаулыға сәйкес, жаңағы кемшіліктер еске алынып отырып, кітаптың соңғы түрінде бөлім қысқартылып,

бастан-аяқ қайта жазылды. Бөлімнің алғашқы қалпына, екі түрлі негізгі қателік бары айқын танылды. Бұнда бар шешендік үлгілі, афоризм түрінде айтылған қысқа көлемді, бағалы мазмұнды көркем мұралардың барлығын тек билер тудырды деген қорытынды бар-ды. Және сол билерді асыра мақтау көп орын алып еді. Таптық, тарихтық жағынан қарағанда, халық пен қоғам тіршілігіне зиянды әрекеттері мәлім болған билерді де бас ие дәріптеу күшті болған. Кей тұсында бұл бөлім ғылымдық сыншы зерттеу емес, өзінше бір “бинамаға” айналып кеткендей еді. Осы көрсетілген, екі түрлі негізгі айқын кемшіліктер түзелді.

Таптық, тарихтық мазмұнын ашу арқасында шешендік сөздердің иесі, негізінде, үстем тап өкілдері – билер емес, халықтың өзі екендігі ашылды. Билердің көп әрекеті мен сөздерінің тұсында анықтап, ашуға қажет болған таптық сыры, талабы, салт-санасы, өмірге сәйкес шындығы тексерілді. Осы жағынан қарағанда, кей билердің өз аузынан шыққан, кертартпалық мазмұнды кейбір шығармалары әдейі сол халыққа жат мазмұнда екендігі әбден қайталап тексерілді.

Қазақ фольклорында бұрын көп зерттеуге түспеген – бірінші том көлемінде ең алғаш толығырақ тексерілген деген талаппен алынған жанрлардың бірі айтыс еді. Кітаптың бірінші түрінде бұл мүлде ойдағыдай орындалмады. Ол жайдан жазылған зерттеу айтысты ғылымдық айқын жіктерге бөле алмаған-ды. Бар айтыс біртұтас ағым сияқты, тек ақындар аты ғана өзгеріп отырғаны болмаса, парықсыз топталған еді. Айтысқа халық өнерпаздарының халықтық сыр-сипатын беретіні ашылмаған-ды. Сол жанрдың кейбір сыртқы ерекшеліктерін, айтылатын орнын, жалпы жағдайын (өзге жанрлардың туыс көздерінен бөлек туатын жағдайын) пайдаланып, халық ақындары қоғамдық қанауға қарсы құрал етіп пайдаланатыны ашылған жоқ еді. Айтысқан ақындардың таптық санасы, идеологиялық позициясы ашылмай, тек түрлі тақырыпты ғана талдау бар еді. Қазіргі түзеудің нәтижесінде, бөлім ішінен әйел ақындардың айтысы, жалпылаған көпшілік айтысы және Жамбылдың тапшыл ақын айтыстары кеңірек орын алды. Олар тудырған айтыстардың қоғамдық мағынасы, тарихи шын-

дықтан туған ерекше мазмұндары саналы айтыстар ретінде толық бағаланды. Біржан мен Сара айтысы сияқты, тіл мен өлеңдік көркемдігі көпшілікті қызықтыратын және бұрынғы оқу құралдары мен қысқа шолған мақалаларда қоғамдық сыры мен мәні ашылмаған айтыстарға да тыңнан талқылау жүргізілді. Олардың кей кезеңдерінде, яғни бергі айтушылар өңдеуі, қоспалары арқылы өзгеріп кеткен қалпында рушылдық, тар көлемді, ескі саналы қайшылықтар мол орын алып келгендігі анықталды.

Айтыстың өзгеше түр есебіндегі, ерекше бітім қалпы ендігі зерттеуде өзіне лайықты орын алды. Мұнда мазмұны мен байланысы, түр-теңеулері ақындық орын алды. Мұнда мазмұнына сай бір тұтастық тауып тұра алатындығы, бұл жөндегі зерттеу де дұрыс танылған тәрізді.

Бірінші том ішінде көп орын алып, мол көлемде жазылған бөлімінің бірі совет фольклорына арналған бөлім болатын. Бұл бөлімнің бұрынғы желісі түгелімен саналмаса да, сыншы-рецензент болған жолдастар көрсеткен нақтылы методологиялық кемшіліктер бар еді. Бөлімнің соңғы қаралуында тың түзеулер енді. Бөлімнің бұрынғы қалпында орынсыз ұзақтық, сөйлем ауырлығы, тіл мен түр кемшілігі бар еді. Әр үлгінің тұсында бар айтылған пікірлерді ұқсас сөздермен, сөйлемдермен қайталап, еселей беру де көп еді. Онан соң жаңа мазмұн, әсіресе Отан соғысы тақырыбын жырлаған халық ақындары Нұрпейіс, Нұрлыбек, Жақсыбай поэмалары сияқты тың шығармалар бөлімнің алғашқы қалпында талқыланып, сыналмаған. Тек түйсіну, мақтау түрінде дәріптелген, бірақ зерттелмеген шығармалар болды. Осы сияқты совет фольклоры үлгілерінің баспасөз жүзінде көрсетілген орынды аталған кемшілік, міндері және сынаушы-рецензенттер көрсеткен кемшіліктері түзелді.

Осымен жалпы шолғанда, бірінші том бірнеше жылдан бері жазылып, сыналып, тексеріліп, енді, міне, қайта жазылып болып отыр. Соңғы рет түзеп, шама жеткенше қанағаттанарлық толық редакциясын баспаға әзірлеп беру – Тіл мен әдебиет институтының ісінде және барлық автор ісінде ең бір күрделі жұмыстың бірі деп білеміз.

1948

ӨТКЕН ЖЫЛ ЖЕМІСТЕРІ, ЖАҢА ЖЫЛ МҰРАТТАРЫ

Өткен жыл жауапты ойлар мен күрделі еңбектің жылы болды дер едім. Жауаптылық – Отанымыздағы ғылым мен көркемөнер қайраткерлерінің ендігі еңбектерінен өнімді ой мен жаңа сапаны талап еткен БК(б)П Орталық Комитетінің қаулыларынан туған еді. Өткен жыл бойында, бір жағынан, жазушы, екінші жағынан, ғылым қайраткері есебінде екі алуан істер істедік. Жазушы есебінде “Абай” романының екінші кітабы жазылып болды. Ол қазір баспадан да шықты. Бұл кітаптың орысша аудармасы да аз айлар ішінде Москва мен Қазақстан баспасы арқылы жарыққа шықпақшы.

Өткен жыл ішінде драматургиялық екі тақырыпқа жаңа шығармалар жазылды. Мұның бірі – Ұлы Октябрь революциясының ХХХ жылдық мерекесіне Академиялық опера театры қойған, композиторлар Жұбанов, Хамиди шығарған “Төлеген Тоқтаров” операсының либреттосы.

Өткен жылдың драматургиялық тағы бір шығармасы – Академиялық драма театрының репертуарына арналған “Асыл нәсілдер” атты пьеса. Бұл тақырып ғылым мен халық шаруашылық тәжірибесінің қабысып, жалғасуынан туған, осы үстіміздегі сталиндік бесжылдық табысына арналған шығарма болып қалыптану керек. Пьесаның алғашқы варианты жазылғанмен, әлі түгел бітіп болған жоқ. Театрмен қосылып еңбек етіп, сол тақырыпты жетер өрісіне жеткізіп көрсету жақын уақыттың ең бір қызықты, жақсы мұраты деп білемін.

Бұл тақырып бір ғана пьесамен түгел қамтылып, баяндалып болады демеймін. Сондықтан осы “Асыл нәсілдер” тақырыбында көлемді повесть, не роман жазу – алда тұрған үлкен мұраттың бірі.

Қазақ әдебиеті тарихының 1-томы – фольклорға арналған томы Қазақстан Орталық Партия Комитетінің қаулысында әділ түрде, қатты сыналған еді. Ол Қазақстан Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтында істейтін алты-жеті ғылым қайраткерлерінің бірігіп жазған еңбегі болатын. Басқарушысы және авторларының бірі мен едім. Орталық Комитет көрсеткен сол кітаптың қате, кемшіліктерін түгел түзеп, маңызды, көлемді бағалы еңбек етіп шығару ардақты міндет болды. Бұл көлемді кітап – төрт томдық “Қазақ әдебиеті тарихының” бірінші бөлімі болатын.

Қазір осы кітап 45 баспа табақ көлеміндегі, ғылымдық тұңғыш зерттеу есебінде, көп кемшіліктері түзеліп, баспаға әзірленіп отыр. Кітаптың бір авторы есебінде және басқарушы редактор есебінде айтарым: біз осы еңбекті тыңнан түзеп шығу үстіне, өзіміз үшін көп тәжірибе, сабақ алдық. Алдағы еңбектеріміз бен ғылымдық ой талаптарымызға тың жаңалықтар қостық деп ойлаймыз. Бұл жөнде, кімнің болсын ғылымдық ойын дұрыс бағыттаған, сол арқылы байытқан көмекші сынға алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

БК(б)П Орталық Комитетінің берген, беріп жатқан ұлы бағыттарына сәйкес 1948 жылда өз еңбегімізге де, жолдас-тарымыздың ғылымдық, жазушылық еңбектеріне әділ сын, үлкен талап қоюды мақсат етеміз. Биылғы жыл баспадан шығатын “Қазақ совет әдебиетінің очерктері” және биылғы жыл жазылып болатын “Қазақ совет әдебиетіне” арналған көлемді кітап – IV томның ойдағыдай еңбек болып шығуына атсалыспақпыз. Ол кітаптардың жазылуына қатардағы автор болып қатысумен бірге, жалпы салмағы мен құны жұртшылық күткендей болып шығуына сыншының бірі де өзіміз болуымыз қажет. Анық ғылымдық, сыншылық сыпаттары, партия талабына сай, ойдағыдай еңбектер болып шығуына жауапкерлігіміз зор. Сондықтан “өзіміз жазып шығарып едік” деп, кемшіліктері болса көрместей, не кешіргіштей болғымыз келмейді. Бұл еңбек тұсында да жауапты ойы бар жазушының бірі болмақ мұрат бар.

1948

“ҚЫЗ ЖІБЕК”

“Қыз Жібек” әңгімесі – көп заманнан бері ел аузында сақталып, жыр болып айтылып келген әңгіме және ол қазақтың романтикалық ғашықтық жырлары ішіндегі бір көркемі, көлемдісі.

Жырды ең алғаш Зайсан уезінің (осы күнгі Шығыс Қазақстан облысы) бір белгісіз ақыны жазып алып, 1870 жылдар шамасында Қазанда бастырған. Бірақ бұл нұсқа біздің қолымызда жоқ. Кейінде басылған нұсқасында мынадай сөздер ұшырайды:

Басында менен жайылды,
Қисса болып бұл Жібек,
Баспасына қарасам,
Бәрі шала сөзінің,
Еңіреп, жылап, жүр жүдеп,
Қисынсыз болған сөздері,
Жыламақ түгіл, күлмеймін, –

дейді.

Жырдың осы нұсқасы 1876, 1905, 1909, 1911 жылдары Қазанда Хұсайновтар баспасында бірнеше рет басылып шықты. 1925 жылы осы нұсқаны қазақтың ауыз әдебиетін жинаушы Әбубәкір Диваев Ташкентте бастырды. Одан кейін 1933 жылы Қызылордада, 1939 жылы Алматыда “Батырлар жыры” жинағына қоса басылды.

Жібек әңгімесі шын оқиғадан туған, бірақ дәл қай кезде туып жасалғанын кесіп айту қиын. Мөлшермен айтқанда, “Қыз Жібек” әңгімесі XVII ғасырда туғанға ұқсайды. Жырда Жағалбайлы елінің қонысы Қара теңіз жағасы деп келеді. Мұнысы Каспий (Атырау) теңізі болуы керек. Сол кездегі Шектілердің қонысы Ақжайық болған. Бұл еке-

уінің арасы қоныс жағынан шалғай емес. Қазақ даласы патшалық Россияға қарағанға шейін Жағалбайлы елі Ақжайық бойын мекен еткен. Осы кезде де Жаманқала (Орскі), Магнитогорскі маңында Жағалбайлы жұрты аз емес.

Жібек әңгімесінің заманын білуге жолбасшы болатын тарихи деректің бірі – қалмақтардың Ақжайық бойын жайлаған Шекті елін жаулап алуы. Жырдың екінші саласы осы жаугершілік заманға келіп килігеді. Жайық бойындағы аз ру Шектілерге торғауыттардың ол кезде, белгілі бір кезеңде үстем болуы рас.

Жыр геройының бірі – Төлеген. Төлегеннің өмірін сипаттағанда ақын оның туған күнінен бастап, өлген күніне дейінгі ісін суреттейді. Мұнысы жырдың эпос жанрына толық ұқсайтындығын көрсетеді. Соның ішіндегі ең басты сарын Төлегеннің еркін махаббат, азаттық іздеген талабы болып отырады.

Жайыққа алғашқы аттанған сапарында артынан жылап келіп, “барма, қал” деп тілек еткен анасы Қамқаға Төлеген:

Бір сұлу алмай, шешеке-ау,
Сірә да көңілім тынар ма.
Талап қылған ісінен
Ат басын ерлер бұрар ма, –

деп, торықтыра жауап береді. Қыз Жібекке екінші рет жүретін жолында ол артынан жылап келген інісі Сансызбайға:

Батырлық, байлық кімде жоқ,
Ғашықтық жөні бір басқа, –

деп, батырлық пен байлықты мұрат етпей, көбіне сол асыл жар сүюді арман етеді.

Төлегеннің осы сипатын әсірелеп көрсету үшін ақын түрліше композициялық әдіс қолданады. Қыз Жібектің көшін қуғанда Төлегеннің ғашық жарын көруге асыққан көңілін жыршы оның атының шабуынан байқатады:

Жер тарпынып жануар,
Ауыздықты басады.
Алдындағы белестен
Орғытып кеп асады.

Бірақ ор қояндай секіріп, ұшқан күспен жарысып келе жатқан көк жорға аттың жойқын шабысы да Төлегенге текірек сияктанып көрінеді.

Төлегеннің көш қуған жері – ғашық жүрегінде жанған үміттің аса бір жарқын, бақытты, зейнетті кезеңі.

Төлегеннің сүйіспеншілік талабына бөгет болған төрт түрлі қара күш кедергі бар. Бірінші бөгет шөлстан – алыс жол; екінші бөгет – ата-ананың теріс батасы, тағдырдың теріс қарауы; үшінші бөгет – көмексіздік, жалғыздық; төртінші бөгет – Бекежанның жауыздығы.

Жырда Қара теңіз жағасын жайлаған Жағалбайлы елі мен Жайық бойын жайлаған Шекті елінің арасы жүз күншілік шөл жазира, құс қонбас құла дүз болып сипатталады. Сол шөлстанның ең бір жексұрын ұры қарақшы мекен еткен жері – Қособа. Төлегеннің ең рақымсыз, тілсіз жауының бірі – осы Қособа. Мұндай табиғат бөгеті Қозы мен Баянның да түбіне жетеді. Мұның үлкен жұмбағы бар.

Бұрынғы ғашықтардың қай-қайсысын алсақ та, олардың мақсатына жетуі жолында тұрған бөгеттің бір саласы адам жауыздығына байланысты болса, екінші бір саласы табиғат бөгетіне байланысты айтылады. Табиғат бөгетіне жататын нәрселер – аждаһа, жын, сиқыр, өзен, теңіз, алыс жол.

“Қыз Жібек” жырындағы Қособаның шөлі ескі әдет-ғұрыптың одақтасы, жамандықтың бейнесі болған. Сондықтан Төлегеннің ізгі ниетіне шөлстан, ұзақ жол жау болса, Бекежанға дос болып шығады. Бұл жағдай Қыз Жібек заманын тым қараңғы етіп сипаттайды. Барар жер, басар тау жоқ, жан-жағы тұйық, қапас.

Төлеген қоғамнан да, табиғаттан да дос таппайды. Бұл Төлегеннің жалғыздығын, көмексіздігін көрсетеді. Қособаның шөлінде ажал қойнында жатқан Төлеген өзінің алты қазға айтқан тамаша арыздасу сөзінде осы жалғыздығын зар етеді:

Қособаның түбінде,
Қоса кетті дегейсің,
Жылай-жылай бір жалғыз,
Дүниеден өтті дегейсің.

Базарбайдың теріс батасы да оған аз бөгет болмайды. Базарбайдың оң батасын алған Сансызбай мұрат-мақса-

тына жетсе, теріс батасын алған Төлеген мерт болады. Төлегеннің өзі де:

Тілімді алмай кеттің деп,
Бермеді атам батасын, –

дейді.

Теріс батаның түбі ескі салтқа, соның қуатына байланысты. Болашақ үшін атасы мен баласы күреске түскенде, жыршы “ақ бата” мен тағдырдың күшіне көбірек мән береді. Сондықтан атасынан теріс бата алған Төлеген тек феодалдық қоғам салтына ғана қарсы шығып қоймай, өзінің тағдырына да қарсы шыққан сияқты болады. Екі ғашықты тағдыр қоспайды. Қыз Жібектің Төлеген қайтарда көрген түсі, оның аты-жөнін сұратып жіберуі, Төлегеннің жеңгесіне берген жауабы, ол жауапта қалыңдығына Сансызбайдай әмеңгері барын айтуы, інісімен қоштарда “олай-бұлай болып кетсем, Қыз Жібек сынды жеңгенді өзің алып сүйгейсің” деп, Сансызбайға өлердегі өсиетін айтуы сол тағдырдың қаттылығын жыршының күн бұрын сездірмек болғанын байқатады.

“Қыз Жібек” жырының композициясынан идеясын және жеке образдарының жырдағы психологиясын, тартыс мүдделерін зерттеп талдауда қатты ескеретін басты мәселе осы жырдың қоғамдық мазмұны туралы болу керек.

Бұл жыр феодалдық қоғамның болмысынан, шындығынан туған әңгіме болғандықтан, сол ескі құрылыстың ерекше салтын, ұғым-нанымын танытады. Сол салт, сол ұғым-нанымдарды мойындаған, соны құптаған ескішіл сана ең әуелі жыршылардың өз түсінігінен көрінеді. Романтикалық, психологиялық өзгешелігі бар “Қыз Жібек” атты ғашықтық жырда негізгі тақырып жүретін түйіні ескі салт болып шыққан. Ол қазақ тірлігінде көп заман орын алған әмеңгерлік, жесірлік, феодалдық дәуірінің салтынан туған ғашықтық жыры деп ұғыну керек. Мұны әсіресе жырдың екінші бөлімі жөнінде айтамыз. Сонда жырдың негізгі бір сарыны ескі салтқа бағынған шартты ғашықтық болып жырланады. Қазақтағы рушылдық құрылыстың мол бір айғағы, өзгеше ескілікті кертартпа жанның ескерткіші болып қалыптасады.

Осы межеден жыршылар ұғымы мен санасы да аспайды. “Қыз Жібектің” ескі варианттары әлі табылған жоқ. Ал, басылып, жарияланып жүрген вариантты соңғы айтушылар өздерінің таптық, қоғамдық санасын халық тарихының ілгері басқан, дамыған бағытымен қабысқан сала ғып көрсетпейді. Әйел образы неше алуан ауыртпалық, сор туғызған надандық салттың сынаушысы бола алмайды. Бұрынғы ескіліктің жақтаушысы ақсақалша, билерше, сол салтты құптаушы болып шығады.

Осы жайды “Қыз Жібек” жырының екі бөлімді тақырыбынан, әсіресе соңғы Сансызбай – Жібек оқиғасынан айқын көреміз.

Бірақ Төлеген мен Жібек арасын баяндауда жыр анық психологиялық лиро-эпос түрінде бастайды. Төлеген мен Жібек азат сезім, жастық, дұрыс мүдде жолында табысады. Төлеген әке атастырған қызды алмай, өздігімен жар іздеп, ғашықтықты аңсауы және жолда дәл өзіндей ерікті сүйіспеншілік өмір көкसेген Жібекті табуы, таңдауы – бәрі де жыр ішінде заңды, орынды, халықтық дұрыс ұғымды бастағандай болады. Бұрын жұрт аталық ықтияры жастар тағдырын емін-еркін билеуі керек десе, белкүда, ежеғабылдар айнымас жол десе, енді мына жырдың басында өз еркімен қосылған өр талапты жастарды мақұлдағандай болып басталады. Төлеген мен Жібек арасына жарастықты махаббат, терең мағыналы тең достық бергендей болады.

Төлегеннің Жібекке құштар, ынтызар болуын романтикалық жыр көп көштен өткізіп, бір қыздан екінші қызды артық етіп сипаттап, соның бәрінен де Жібек артық, өзгеше дегізумен үлкен динамикалық өріске жетеді. Төлеген Жібекке жетер-жетпестен-ақ ғашық болмасқа шарасы қалмағандай болады. Артынан екеуі анық таза махаббат жоқшысы болып, көркем қосылғандай болады. Бірақ мұның бәрі жырдың алғашқы кіріспе жағы, алғашқы түйіні, бастамасы. Сол бөлімнің өзінде-ақ жаңағы махаббат жолсыздыққа, тағдыр қаталдығына ұшырауға бұйырылады.

Төлеген мен Жібек екеуі де басында еркін, тең болып қосылғанмен, ендігі кезеңде өздері де ескі салт-сананың тұтқындары, құптаушылары болып мойындай бастайды. Жыршының әменгерлік жесірлікті мадақтайтын нанымы бұл жастарды да өз ықтиярына көндіреді. Төлеген Ақжа-

йықтан аттанарда Жібекке, кейін өзі өлсе, Сансызбайға тиюді өз аузынан қарыз етіп кетеді.

Кейін сол Төлеген Жағалбайлыдан аттанарда Жібекті іздеп барып алуды інісі Сансызбайға қарыз етеді. Бұл өсиеті өлерде айтқан ең соңғы тілек есепті болады. Оны орындау Жібек пен Сансызбайға ендігі тірлік мүддесі, міндет болып қалады. Бұл екеуі оны орындамаса, Төлегеннің бір өлмей, екі өлгені деп ұғынады.

Ал, Төлегеннің өлетіні де, жыршының санасы бойынша, айнымас тағдыр жазуындай. Оның себебі Төлегеннің әке батасынан аттап, өз еркімен кетуінде. Олай болса, жырдың алғашқы жағында Төлеген басына берген азат сезім жоқшысы болған ой, енді орынсыз, жолсыз ойға айналды. Ата батасын аттаған кім де болса оңбайды деген рушылдық, ақсақалдық наным жырдағы барлық басқа сезім, арманнан үстем болып шығады.

Кейін ата батасын алып барған Сансызбай ақжолтай болып кетеді. Сөйтіп, жырдағы композициялық құрылыс мүддесі, ғашықтық турасындағы түсінік-наным – бәрі де салтқа бағынған, әменгерлік жесірлікке қол қойған, сол жолға бағынып, талпынған тартыстарды көрсетеді.

“Қыз Жібек” жырын зерттеуде бұрынғы қазақ тұрмысындағы әйел күйін ерекше ескеру шарт. Ерте күндегі шаруашылық-қоғамдық жайлардан туған заң мен сана әйелді мал бергеннің сол малдай меншігі еткен. Қалыңмал төлеген қыз ердің ғана мүлкі емес, ол айттырған рудың да мүлкі деген. “Ерден кетсе де, елден кетпейді” деп, әйел басын ері өлген күнде де мал-мүліктей еріксіз етіп ұстайтын. Барлық жастың санасына сіңіріп, ойы мен ықтиярын тұсап, бағындырып жол-жоралғы жасалған. Ол жол “аға өлсе – жеңге мұра, іні өлсе – келін мұра” дейді.

Ерді де, әйелді де осы жолға, салтқа тапжылтпай мойындатады.

Рушылдық-феодалдық қоғамдағы үстем таптың көпке бұйырған санасы, заңы осы еді. Қазақ әйелі Ұлы Октябрь революциясына шейін осы заңнан қатты сорлап, нелер азап шегіп келіп еді.

Ал, “Қыз Жібек” жырындағы жастар санасы мен жыршылар санасы сол кертартпалық, надандық заңды жарастырып, қиыстырып, қызықтырып жырламақ болады.

Жолға бағынған жақсы аға Төлеген, жорашыл жар Жібек, мұрашыл іні Сансызбай болып – бәрі де үйлескен келісім көрсеткендей болады. Мұны осылай етіп жырлаушы ақындар халықтық сананың жоқшылары емес, ескілік ықпалынан, үстем тап санасынан аса алмаған, қайта соны көп жастың сана-сезіміне нығайта орнатам деген жыршылар болып шығады.

Біз “Қыз Жібек” жырын зерттегенде осындайлық ескілікті, ескішіл нанымды айқын көрсететін ерекшелігін ашық танып отыруымыз керек. Шебер жырланған “Қыз Жібек” жырын ескі заманда болған ескі сана мен салтты өз бойынан айқын көрсететін фольклор үлгісі деп тексеруіміз керек.

Төлегеннің бір жауы – Бекежан дедік. Адам жауыздығы айтылған жерде сол әлеуметтік дүниенің әділетсіздігі әшкереленеді. Төлеген мен Жібек әңгімесінде дәулет теңсіздігі бөгет болмайды. Ескі әдет, әйелдің теңсіздігі тұсау болады. Бекежан – сол ескі әдеттің иесі, күзетшісі.

Сүйіскен жастар жолындағы бөгеттер мен қиыншылықтар – көп жырлардың негізгі арқауы. Онсыз сюжет, оқиға жоқ. Қоғам өмірі, күрес дүниесі, жақсылық пен жауыздық қашаннан бақталас. “Қыз Жібек” жырындағы әртүрлі бөгеттер де осы тартыстың заңы мен қағидаларын терең дәлелдейді.

Бірақ ескі тұрмыстың әділетсіздігіне қарсы күресте Төлеген жалғыздық көргенмен, тыңдаушысының, халықтың бар ниеті арманда кеткен ғашықтар жағында болып отырады. Сол себепті Төлегеннің мерт болып, өлген жері аса қайғылы болып шығады. Төлегеннің елінен бірге шыққан алты қазбен өлерде тілдесіп, қоштасуы, ата-ана, елі-жұртына сәлем айтып, арыздасуы өте әсерлі, қалың шер болады. Ел-жұртын, ата-анасын сүйгендігінің ғана белгісі емес, сонымен қатар ғашық жарына қолы жетпей, опық жеген үміттің, арманда кеткен жүректің де зары. Ол зар Төлеген өлімін тым аянышты етеді:

Баратұғын жеріне
Жетпей кетті дегейсің, –

деп өксиді Төлеген.

Өлер жердегі Төлеген халін тыңдаушының есінде қатты әсерлі етіп қалдыру бар. Оң болмаған сапардың өкінішті ақыры осы демек. Осындай сорға ұшыраған Төлегенге жыршы әдейі тыңдаушының жанын ашыта жырлайды:

Батқан күнмен қарайып,
Аһ, дариға, құда деп,
Жұлдыз шыға Төлеген
Ақырет сапар жөнелді.

Бірақ, сонымен қатар ақын өз тарапынан айтқан толғауында:

Айтып-айтпай немене,
Сол секілді асылдар
Кебіні жоқ, көрі жоқ,
Ит пен құсқа жем болып,
Мұрадына жете алмай,
Арманда болып кетіпті, –

деп, салқын сезімді қалыс көңіл білдіреді.

Төлегеннің “Аспанда ұшқан алты қаз” дейтін толғауы – ел-жұртымен, өмірімен қоштасудың шерлі бір үлгісі. Қособаның көлінде алпыс қарақшы ортаға алғанда, “батар күнмен батайын, жастығымды ала жатайын” деп соғыс ашса да, Төлегенге бұрынғы ұлы батырлар қайраты берілмеген.

Әдейі берілмеген. Бұл халде жоғарыда айтылмаған композициялық терең түйін, анық сыр бар. Сол себепті Төлегеннің астындағы көк жорғасы да жолдасын жауға бермейтін ұлы батыр аты емес. Қайта жау қамалап келгенде, ол басын жерге салып, Төлегенді жауға ұстап береді. Сондықтан да ақын:

Мал опасыз деген сол,
Су ішіп әбден қанған соң,
Бір қарақшы астында,
Ойнақтай басып жөнелді, –

деп, көк жорға атқа да қалыстық мінез береді.

“Қыз Жібек” жырындағы ең басты кейіпкердің бірі – Жібек. Төлеген сияқты Жібек те өзгеше. Жібектің сипатын

білу үшін Ақжайықтың түбегінен шығып, көшті бастап бара жатқан он үш қыз, бір бәйбішенің сәулетіне назар салу керек. Жыршының қызықтыра сипаттауына қарағанда, қызғалдақтай құлпырған сол қыздардың бәрі де олқы емес. Бірінің нұр сәулесі бетінде, бұралып кетіп барады, екіншісі “таң мезгілі болғанда, шолпанның туған жұлдызы, пейіштен шығып келмесе, бұл жалғанда хор қызы”. Бірақ Төлегеннің аңсаған Жібегі ол емес. Келесі қыздардың сұлулыққа сай сән-салтанаты бар: үшінші көшті бастап “толған айдай толықсып, ақ сазандай бұлықсып” бара жатқан қыздың жетегінде отыз түйе бар, “мұрындығы сары жез, бұйдасын ескен жібектен”, “ақ маңдайы жарқылдап, танадай көзі жалтылдап”, төртінші көшті бастап бара жатқан қыздың салтанаты бұдан да асып түседі: “он қыз нөкер қасында, өзі он бес жасында: қазыналы қырық нарға, жібектен арқан тарттырған”. Ал, бесінші көштегі қыз, кілең алтын кигені; “алтын шыны кеседей, екі көздің шарасы, туған айдай иілген, екі қастың арасы”. Осылардың ішінен ең соңғы көшті бастап бара жатқан қыздың бақ-дәулеті тағы да үздік көрінеді. “Қара торқа кигені, қара жорға мінгені, сексен түйе қомдаған, сексені де болмаған”, сол түйелерге алтынды жағдан, аспаһани кілем артқан.

Сипатына қарасаң:

Ақ бетінде кіршік жоқ,
Айдын көлдің қуындай.
Екі көзі жалтылдап,
Батырдың алтын туындай.
Сөйлеген сөзі мазалы,
Аб зәм-зәмнің суындай,
Аузынан шыққан лебізі
Сары алтынның буындай.

Төлегенді көп көштен, көп сұлу қыздың қасынан өткізгенде жыршы аса шебер, психологиялық әдіс қолданады. Бір қыздан бір қыз асып түседі. Төлеген сыртынан қарап, әрқайсысын Жібек екен деп қалады. Жібек болмай шығады. Төлегеннің Жібекті көрсем деген ынтықтығы арта түседі. Ол Жібекке қызықтыру, құмарландырудың әдісі. Үдетпелі, өндімелі әдіс, психологиялық жағынан анық

динамикалы мотив болады. Және Жібектің жақсылығын жеке сипаттап айтпай, өзге нелер сұлу қыздарды көрсетіп, солардың бәрінен де Жібек басқаша деу – салыстыра суреттеудің ерекше көркем, асыл тәсілі. Жібектің сұлулық пен салтанатын мына он үш қыздың тұсында айрықша айтпай-ақ, сөз қылмай-ақ жеткізіп болады. Сол әдіс арқылы Төлеген Жібекке жетпей-ақ, көрмей-ақ ғашық болады. Болмасына шарасы жоқ демек.

Осы үш қыздың бәрінің салтанатын да, сұлулығын да ең соңғы екі жүз түйелі көшті бастап бара жатқан бәйбішенің салтанаты басып кетеді:

Аға Жүніс перідей
Көркі, раушандығы.
Қартайса да ілгері,
Әлгі қыздай салдығы,
Нұрдай болып шайқалып,
Асылдай боп егіліп,
Көшті тартып барады
Жібекті тапқан шешесі.

“Анасын көріп қызын ал, аяғын көріп асын іш” дейді жұрт мақалы. Жыршы соны есте тұтады. Жібектей сұлу қыз туса туғандай бәйбішенің сойы осы еді демек. Сөйтіп, Жібек басқа қыздардан тек сұлулығы мен салтанаты жағынан ғана озбайды, ең қымбатты үлгілі анасымен де озады. Төлегеннің “ақылмен танып тұрған” Қыз Жібегі осы еді.

Төлеген көш-жәнекей Қыз Жібектің күймесіне киліккенде, қыз намыстанып жауап бермейді. Осы намысқойлықтың өзі де Жібектің өзгешелігін көрсетеді. Қыздан тауы шағылған Төлеген: “Қыз түгіл, өз елімде еркек қорыққан қайран басым, бұл жерде бекер болды” деп ызаланады. Және Жібектің “сұлулығынан мін таба алмай, кесір екенсің” деп мін тағады.

Бүйте берме, Жібекжан,
Кесірің жұртқа тимесін, –

дейді. Бұл екі асылдың намыс таластырған, бақ сынасқан ең алғашқы психологиялық айқасы, қағысуы болатын. Төлегеннің “кесірлі екенсің” деген сөзіне Жібек:

Ағыным судай ағады,
Халқым малдай бағады,
Жұртым қойдай қағады, –

деп, өзінің бір елдің еркесі екенін білдіреді. Ол бүкіл Шекті еліне жаққан қыз. Төлегеннің: “Қайдан білдің, Жібек-ау, іздеп келген Төлеген, мал беріп сені алмасын” – деген ірілігіне сай Жібек те ірілік көрсетеді:

Келсең кел шындап қасыма,
Шай мамығым басыңа,
Келмесең, әрмен кете бер,
Бар, дамбалым басыңа, –

дейді.

Жібектің мұнысы тек бас асаулық, пандық емес, бұрынғы ескілікті жырларда келетін натуралық түрмен, тілмен айтылса да, бұнда өзін қымбат тұту бар. “Мен де өзіңдей асылмын, танысаң кел, танымасаң не жүріс” деген. Алғашқы осы қағыс, намыс таласы Төлегеннің ынтықтығын мүлде күшейтеді. Тәкаппар қыз Төлегенге қол жеткісіз биік асқар сияқты болып көрінеді. Сөйтіп, намыс түбі махаббат болып ауысады.

Ұзамай-ақ асау қыздың өзі де махаббаттың тұтқыны болады. Бұрын қызды көруге Төлеген асық болса, енді Төлегенді көруге қыз асық.

Атқан оқтай жылысып,
Ор қояндай ығысып,
Ғашық жарын көрмекке
Шаһзада Қыз Жібек
Жалт-жұлт етіп келеді...
Бір көрмекке ынтық боп,
Төлеген мырза шонықты.

Осы жердегі Төлегеннің менмендік назы да шын сүйіскен көңілдерге жарасқан мінез болып суреттеледі. Оның мәнісі – өзінің қызғанышты махаббатын білдіру.

Жібек үй ішіндегі тірліктің шын ұйтқысы, салтқа да, ерге де опалы әйелдің сойы болып көрсетілмек. Төлеген

еліне жүрерде ол жайсыз түс көріп, жарын қимай қалады. Төлегенді сегіз жылға дейін сарғайып, шыдап, опалы жесір болып күтеді. Төлегенді өлтірген соң, Бекежан той қылып, Жібекті күшпен алмақ болады. Бекежан Төлегеннің өлгенін айтыспен естірмек болып: “Кеткелі жаман жарың көп жыл болды, хабары сол жездемнің бар ма, Жібек?” дегенде: “Артымда жеткіншегім жас деуші еді, қарайлап сұм дүниеге жүрген шығар” дей, жаңағы салтқа берік бағынған көңілін өзгертпейді, үмітін үзбейді.

Бекежанның естіртуі – Жібек басындағы ендігі трагедияның түйіні. Бұл хабар біреудің қуаныш тойын адыра талқан етіп, Жібекті қаралы күйге салады.

Бекежанның бұл сөзі
Мұңлы болған Жібектің
Өкпесінен ұрады,
Өксіп-өксіп жылады,
Ғашық болсаң, сондай бол,
Аһ, дариға, құда деп,
Етпетінен құлады.

Бұл кезде бақытты, балғын өскен Жібек енді бақытсыз, қаралы жан болады. Қаралы жесір болып отырады. “Жайықтың суы ылай-ай, көр болды көзім жылай-ай” дейтін жоқтаулар сол қаралы қайғыны танытады. Бұл жоқтау Төлеген, Жібек әңгімесінің енді екінші оқиғаға ауысар алдындағы шешуіне айналады. Жібек өзге ғашықтық жырлардағыдай жар артынан өлмек емес. Қара тұтып, шыдап отырып, өзін енді кеп алатын әмеңгеріне Төлегеннің тілегін орындап, тимекші. Салттан туған жыр осы санаға Жібекті бағындырады да, енді сол жолда берік жесір етіп, үлгілі жеңге етіп шығармақ мүддесіне ауысады. Бірақ Қыз Жібектің бақытсыздығы жалғыз ғана Төлегеннің өлімімен тынған жоқ, қайғы үстіне қайғы болып жабысқан пәле Қорен қалмақтың зорлап аламын деуі болатын. Бұл пәлелер Жібек басына қат-қабатынан бекер орнап отырған жоқ. Бұлар қазақ аулында бұрын әйелдің әлеуметтік ахуалының тым ауыр, қайғылы болғанын білдіреді. Рушылдық-феодалдық қоғамның ішкі әдет-ғұрып қайшылығына келгенде, Жібек өзінің сүйгеніне қолы жетпей, соққыны бір

жесе, одан жаман қинауды сыртқы қиыншылықтан көреді. Қоғамның ішкі құрылысы әйел үшін ол заманда қаншама қапас, қатал, тілсіз жау болса, сыртқы жауға келгенде де іргелі елдік көрсетпейді. Шекті елінде қалмақтарға қарсы тұрарлық күш болмайды. Сондықтан осы шарасыздық отына тағы да қазақ әйелі, қорғансыз Қыз Жібек күйетін болады. Бұл жағынан қарағанда, Жібектің Жағалбайлы елін жоқтап жылауы жалғыз ғана Сансызбайға ынтызарлық емес, Шектінің “от басына балпаң, сыртқа жалтаң” қайратсыздығын, нашарлығын біліп, шерлену болады. Қыз Жібек ескі салттың әділетсіздігіне төзбейді. Сондықтан қалмақ қоршауында қалған панасыз Жібек батыр Сансызбайды асығып күтеді. Жағалбайлы елінің аты ендігі Жібек үшін медеу, қуат дүниесі сияқты көрінеді.

Салтқа бойсұнған Жібек тек өз басының махаббатын қорғайтын әйел ғана емес, басына күн туғанда елінің де, өз басының ар-намысын жоқтаған әйел болып суреттеледі.

Осы қалмақ алып-ақ,
Құрта ма менің мысымды, –

деп арланады. Қореннің Сандалкөгіне мініп, жеңгесінен сәукелесін сұрап, қоштасқанда:

Басында Жібек атанып,
Кәпірге қатын болғаны.
Есіткен жұртқа мәлім ет,
Ақ сүтін қисын анамыз.
Разы болсын атамыз,
Ел-жұртқа дұғай сәлем де, –

дейді.

Жібектің беріктік сипаты, ерлік намысы осындай. Ішкі қайшылықтарға келгенде, Жібек сүйгенінен айрылған бақытсыз жас, қаралы ғашық, сыртқы қиыншылыққа келгенде, ол қаншама бақытсыздық көрсе де, ауырмалдыққа қайсарлық, қарсылық көрсетеді. Төлеген тұсында еркін, уайымсыз өскен Жібек Сансызбай тұсында жауынгер, ақылгөй әйел болып, қайнысына қайрат, серік болып сипатталады.

Жау көрмеген жас Сансызбай Қорен қалмақтың жолын тосып қалғанда, Жібек бір төбенің басына келіп, аттан

түсіп, Сандалкөктің шылбырын мойнына орап, өзін Сансызбайдың жолына құрбандық айтады.

Жібектің жақсы сипаттарының бірі – тапқырлық, шешендік. Қоренді ол өзінің ақылдылығы, шешендігімен ұршықтай ойнатады. Сандалкөкті алуға келе жатқан Қоренге Жібек: “Ай, тақсыр, неше атаңнан бері хансың?” деп сұрайды. Қорен: “Жеті атамнан бері ханмын” дейді. Сонда Жібек: “Сен хан болмай жерге кір, шын хан болсаң, қойшы-қоймаж сияқтанып осылай жүргенің өзіңе ар емес пе”, – деп алдап, ілгері жібереді. Міне, осындай айлашыл, тапқыр, шешен Қыз Жібек атқа мініп алған соң: “Атаңа нәлет, хан Қорен, мұнда жоқ сенің тең-парың”, – деп, бел көрсетсе, онысы әбден орынды сияқты. Қиын-қыстау күндерде Жібектен үлкен қайсар қайрат шыға алады.

Жібектің жаудан құтылып шығуына Сандалкөкті олжалап алуы себеп болады. Бұл олжа – жеңістің олжасы. Сандалкөк Жібектің қолына түскен соң игілікке қызмет істейді.

Төлегеннің мұрагері – Сансызбай. Бірақ Сансызбай — Төлегеннен басқарақ адам. Төлеген жасынан сері жігіт болса, Сансызбай сауыт киіп, садақ асынған, жаратып ат мінген батыр жігіт болып тәрбиеленеді. Төлеген Жайыққа жүретін екінші сапарында інісіне:

Алтын балдақ ақ семсер
Саған арнап соқтырып,
Салдырып қойдым қынапқа,
Аш беліңе ілгейсің.
Тоғыз қабат көк сауыт
Будырып кеттім кілемге,
Оны үстіңе кигейсің, –

дейді. Сол қоштасудың тағы бір жерінде:

Көк буырыл тұлпар бар,
Былыр құнан, биыл тай,
Мінетұғын бас атың,
Қарағым, саған сайма-сай, –

деп, Сансызбайдың жауға мінетін атына шейін болжап береді.

Сансызбай жақ тартқанда, оның жебесі:

Тоғыз қабат көбедең
Зырлауменен өтеді.
Бір төбеге жетеді,
Үй орнындай бір жерді
Төңкере тастап кетеді.

Сансызбайдың батырлық кескіні осындай. Бұл Төлегендей емес. Жыршының мұны қостайтын санасы бойынша, Сансызбай ата батасын алып аттанады. Мұның жолын болдыру шарт. Сондықтан оған ерекше артықша сипаттар беріледі. Жырда Сансызбай мен Жібек арасында да келелі махаббат бар. Солай болуға керек деп ұғындырады. Әмеңгерлікті айыпсыз ету үшін солай әңгімелеу жыршының мүддесі. Сондықтан “Қыз Жібек” жырында үш адамның махаббаты бір қосылған. Жібек Төлегенді қандай сүйсе, жыр Сансызбайды да сондай сүйгізіп, үлгілі жеңге етеді. “Әйел ерден кетсе де, елден кетпейді” дейтін рушылдық салт бойынша Жібек өзінің бұрынғы қайын жұртын табады. Олай болатыны – ердің мүлкіне оның елі мұрагер. Әмеңгерлік-жесірлік жолы қазақтың бұрынғы тұрмыс ерекшелігінен осындай көп қайшылық, ерсілікті көрсететін оқиғаны туғызады.

“Қыз Жібек” дастанындағы ұнамсыз, қиянатшыл адам – Бекежан мен Қорен. Мұның екеуі де сүйіскен жастардың бас азаттығына ара тұрады. Бірақ мінез-құлқы, жаратылысы жағынан бұл екеуі бір-біріне ұқсамайды. Қорен – бөтен жұрттан шыққан жау, Бекежан – іштен шыққан жау. Қорен жау да болса мәмілеге тұрады, ерлерге біткен аңғалдығы мен мәрттігі бар. Бекежанда бұл жоқ. Бекежан – пасық, зұлым, қауіпті жау. Рас, Бекежан да Қыз Жібекке сыртынан ынтық. Бірақ ғашықтықпен сүйген кісі емес, тек қызығушы және бөтенге бермеймін деп, жалған, қалыс жоқтаушы, зорлықшыл. Оның үстіне, өзі ұры-қарақшы, сотқар. Жібекке сай емес. Ол өзінің мақсатына адал ерлік, шын махаббат жолымен жетпейді, арамдық, қиянат, зорлық жолымен жетпек болады. Жібек оны сүймейді, осыдан келіп, Бекежан зұлымдығы асқындай түседі. Бекежан өзімізді бақталастыққа ауысады. Жырда Бекежанның осы мінездері шебер суреттеледі, жауыздық еткен Бекежанды Жібек:

Атаңа нәлет қарақшы,
Құдайым сені қарғасын,
Қатын-балаң зарласын,
Басыңа қиын іс түссе,
Қасыңа досың бармасын, –

деп қарғайды.

Бұл тек Жібектің өз басының ғана қарғысы емес, жыршының қарғысы.

Қорен бұлай емес, батыр адам. Сансызбайдың артынан қуып жеткенде, Қорен оған: “Менің атым хан Қорен, неден үміт қыласың”, – деп, бірден күш айтады, оның үстіне келген жерден ақырып, Сансызбайды жекпе-жекке, күшпен бақ сынауға шақырады. Бұл – ердің дәстүрі. Қорен Сансызбайдан ер кезегін бұрын сұрап алады. Бірақ артынан өзі де кезек беріп, ажалға қарсы қарап тұрады. Қорен өлімге бар, ерлік жолын қорлауға жоқ. Бекежанның аярылығы мен екіжүзділігі онда жоқ. Бір өзі екі тұлпар мінген Қорен қалмақтың асқан батыры болып суреттеледі. Жыр мұның тұсында Сансызбайдың батырлығын ұлғайта суреттеу үшін жауын мықты, балғын етіп, бірталай жерге шейін оны объективтік түрде зорайтып көрсетеді.

Рас, оның мінезі ұрт, ожар, содырлы. Беттеген ісінен қайтпайды. Бірақ қаншама ожар болғанмен, Қорен жол білмейтін тентек емес. Қаршыға: “Айып өзіңізден, әйелге тұлпар бергенсіз, алып қашып кеткен-ді” дегенде, Қорен сөзден ұтылады. Сөзге тоқтайды. Дегенмен Қореннің де зұлымдығы азғантай емес. Ол Шекті елінің намысын қорлап, Жібекті зорлап алмақ болады. Сондықтан жыршылар оны көп жерде, шындап келгенде, топас, ақымақ адам етіп суреттейді:

Иә, пірім-ау, иә, пірім,
Сандалкөкті жүгіртер,
Қыз Жібек менің қатыным,
Айналайын Жібек-ау,
Ақырын шапшы, ақырын, –

дегені Қоренді мазақтау, кекету.

Жырдың негізгі кейіпкерлері осылар.

“Қыз Жібек” дастанының тілі бай, композициясы тыңдаушыны қызықтырып отырарлық болып шебер

құрылған. Жырдағы адамдардың мінезінен, әрекетінен көшпелі тұрмыстың шаруашылық, көп әдет-ғұрпын, түрлі нанымдарын көресіз. Бұл мотивтер жырдың сюжетіне нық байланысты болып келіп, тартыс оқиғаларын көп өрнек, кестелермен түрлендіріп отырады. Адамдар арасындағы халдер де көп салалы болып, әр алуан бейнелерді жолай кейіптей кетіп отырады.

Күншіл Бекежан, зорлықшыл Қорен қарсысында сүйіспеншілік жоқшысы болған Төлеген мен Жібек, Сансызбай мен Шеге, Қаршыға мен Сырлыбай, тәкаппар Базарбай мен жаны ашыр қыз жеңгесі, рулы ел, көп жұрт болып суреттеледі. Осы адамдар мүдделері, күрестері арқылы жыр өткендегі өмірдің ішкі жарасын да, сыртқы жарасын да, барлық ескілікті жинақтап көрсетеді.

“Қыз Жібек” дастаны қазақтың өткендегі көшпелі тұрмысының да мол айнасы сияқты. Одан көшпелі елдің шұбырып көшкен көп суреті, тігілген шатыр, жапан кезген жалғыз атты жолаушылардың суреті сияқты көп ескілікті көріністер танылады.

Жырда оқиғаны айтып берудің үш түрлі әдісі аралас жүреді. Олар: хикаялау, сипаттау, сөйлету. Жырдың өлең жағында хикаялау аз кездеседі. Бұлар жырдың аяғында кейбір монологтар үстінде, ақынның түсінік сөзі ретінде келеді. Хикаяларға байланысты сөздерді ақын үнемі қара сөз жағына аударып жіберген. Бұл жырдың мазмұнын қызықты етіп шығарған. Жырда сипаттау әдістері де бірсыпыра орын алады. Көштің сәулеті, Жібектің сұлулығы, оның отауға барғандағы келбеті, көк жорға аттың шабысы, Қореннің “жөнелді қалмақ, жөнелді” деген жердегі кейпі, Жібек астындағы Сандалкөктің шабысы, міне, бұлар әрі оқиғаны айту, әрі сипаттау болады. Негізінде сипаттау жағы басым. Мұндай сипаттау әдісі оқиғаны әсерлі, жанды етіп отырады. Сипаттаудың қаншалықты әсерлі болып жасалғанына бірнеше мысал келтірейік. Жібектің атының шабысын суреттегенде ақын:

Табан жолмен тартысып,
Ауыздықпен алысып,
Екі қолы қарысып,
Ұшқан құспен жарысып,

Маядай мойнын созады,
Тарта-тарта Жібектің
Алақаны тозады.
Томаша жерден сырғытып,
Ойлау жерден ырғытып,
Әні-міні дегенше,
Ұйтқып, заулап келеді, –

дейді.

Бұдан жалғыз Сандалкөктің шабысы ғана емес, Жібектің қуанышы да көзге қабат елестеп бара жатқан сияқты. Қореннің шабысы бұдан да гөрі тамаша, жанды болып жасалған:

Жөнелді қалмақ, жөнелді,
Шекбір ұрып келеді.
Көк қабыландай арсылдап,
Төбінгісі тарсылдап,
Құйысқаны сартылдап,
Сауырдан аққан ақ көбік
Омырауда былшылдап,
Шу десе қалмақ дауысы,
Түлек құстай шаңқылдап,
Кәпір қалмақ жөнелді,
Қаһарланып келеді, –

дегенде, қалмақтың суреті тыңдаушының көз алдына дәлме-дәл елестеп тұрады. Жырдағы сипаттаудың бір шебері Көкжорға аттың шабысынан, не болмаса Жібектің жүрісінен сол қаһарманның сыртқы кескіні де, ішкі дүниесі де бірдей көрінуінде. Жібектің отауға бара жатқан сипатын ақын былай суреттейді:

Жібектің жайын сұрасан,
Асып туған анадан,
Шаһзада кісі еді,
Кісі бойы кереует
Алтын тақтың үстінен
Қояндай қарғып түседі,
Ақ маңдайы жарқылдап,
Танадай көзі жалтылдап,
Алтынды кебіс сартылдап,

Жүйрік аттай ойқтастап,
Құнан қойдай бой тастап,
Қалмаймын деп ұялып,
Жан-жағына байқтастап,
Кер маралдай керіліп,
Сары майдай еріліп,
Тәңірі берген екі аяқ
Бір басарға ерініп,
Үйден шықты Қыз Жібек,
Көрінген көзге дүниенің
Баршасынан жерініп.

Не болмаса:

Атқан оқтай жылысып,
Ор қояндай ығысып,
Қылаң етіп, қылт етіп,
Сылаң етіп, сылт етіп,
Мықындары былқылдап,
Тау суындай сымпылдап,
Сүмбіледей жылтылдап,
Буындары былқылдап,
Айдынды туған Қыз Жібек
Отауға қарап жөнеді.

Асыға басқан, жарын көруге ынтызар болған Жібек тыңдаушының дәл көз алдында кетіп бара жатқандай.

Бірақ ақынның қолданатын суреттеу әдісі жалғыз сипаттау емес, ол кезінде сөйлету әдісін де қолданады. Әрбір адамның өзін сөйлетеді. Сөйлету арқылы олардың ішкі дүниесін, күлкі, қуаныш-қайғысын әсерлі етіп береді. Қоштасу, естірту, жоқтау, арыздасу, қорғау, тілек бата, күш таластыру, түс көру, оның жоруы, көңіл айту, өтініш, айтыс сияқты неше алуан көңіл жайымен өлеңді көрнектер өздерінің салт жырларында келетін түр-түрімен осы сөйлету тұсында көрінеді. Бұл жырдың мазмұнын кеңейтіп, көңілге қонымды етіп шығарған. Монологтың көпшілігі қаратпа сөз қолдану арқылы беріледі:

Ау, жеңеше-ау, жеңеше-ау,
Мінезің еді өзгеше-ау!
Төлегенге барып кел,
Тілімді алса жүрмесін, –

дегендегі “ау, жеңеше-ау” дейтін арнау сөздер Жібектің кимастық сезімін білдіреді. Не болмаса:

Күдіреті күшті құдая,
Алыстан жарға ғашық қып,
Әуреге салдың басымды, –

деген жердегі құдайға жалбарыну;

Әуелеп ұшқан алты қаз,
Етің шекер, сорпаң баз.
Қонар болсаң, жануар,
Міне майдан, міне саз! –

дейтін қаратпалар Төлегеннің ауыр қасіретті сезімдерін сипаттайды. Мұндай өлең өрнектері көп қолданылады.

Артық туған көкешім,
Бұл дүниеден кетіпсің.
Ол дүниеге жетіпсің,
Мен мүсәпір ініңді
Қасіретке тастап кетіпсің, –

дейтін қаратпа сөз де сол жайды білдіреді. Шеге Сансызбайға көңіл айтқанда да:

Айналайын Сансызбай,
Көлге біткен құрағым,
Суырылып озған пырағым, –

деп бастайды.

Мұндай қаратпа арнаулар бұл жырда көбіне мұңды сезімдерді білдіреді. Кейде, қарғыс түріндегі қаратпа монологтар да ұшырайды:

Атаңа нәлет Бекежан,
Көрсетпе маған түсінді,
Бітіріпсің ісінді, –

деп қарғайды Жібек Бекежанды. “Айналайын Шеге аға” деген сөз достықты білдірсе, “Атаңа нәлет Бекежан” дейтін сөздер дұшпанға атылған оқтай тиеді.

Сөйлетудің бір қысқа түрі – айтыс. Жырда айтыс төрт жерде келеді. Мұның бәрі де қара өлеңмен айтылады. Бірақ

мазмұны, қызметі жағынан бұл айтыстар бір-біріне ұқсаймайды. Алғашқы айтыс Қаршығаның шатырдағы Жағалбайлы жігіттерімен тілдесуіне арналған. Бұл – қуанышты хабарды білдірген айтыс. Екінші жолы айтыс Төлегеннің Сырлыбайға жолыққан жерінде қолданылады. Мұнда айтыс құда түсу ниетін білдіреді. Үшінші жолы айтыс түрін Бекежан қолданып, Төлегеннің өлгенін естіртеді. Бұл – қаралы естірту. Төртінші жолы айтыс Шеге мен Жібек арасында жүреді. Бұл да қуанышты хабарды білдірген. Ақын айтыс түрінің өзімен неше алуан сыр береді.

Жырда ырым-жырым, түс көру сияқты сезімдерге де мән берілген. Жібек екі түс көреді. Бірі – Төлегеннің өлімін болжаса, екіншісі – Сансызбайдың қалмақтарды жеңетінін күні бұрын болжап береді.

Ақын табиғат суреттерін де белгілі бір сезімге, іске айғақ етіп пайдаланған. Төлеген Жібектің көшіне күн шыға ілесіп, Жібекпен Жиренбай отауында, талма-талтүс шағында жолығады. Бұл кез әлемнің күн нұрына мейлінше бөленген жарқын кезі. Бұл бақыт қуып, өрге басып бара жатқан екі ғашық сезімдеріне де ортақ болып тұр. Ал енді, Төлеген Қособаның түбінде күн бата аттан құлап, қас қарая жан тапсырады. Бұл әлемге қараңғылық орнаған кез. Қара түн Төлегеннің арманда өлген қасіретіне ортақ болғандай.

Дастанның ең құнды жағының өзі оның тілінің таза, бай, көркем болып жасалуында. Сан алуан әсірелеу, көріктеу, ұқсатулардан басқа кейбір жеке-жеке сөздердің шеберлілігі де сұлу, жатық. “Ай қараңғы кешесі, айдың өткен нешесі” дейтін сөз кестесінің көркемдігі бұған дәлел бола алады. Жырда мұндай образды сөз кестесі өте көп. “Асу да асу бел дейді, аса бір соққан жел дейді” дейтін сөз шумақтары да сыртынан қарағанда әншейін ғана бір сөз ұйқасы сияқты. Дұрысында олай емес, бұл сөздер жырда үш рет қолданылған. Алғаш оны Төлегенді іздеп барған жерінде Қаршыға қолданады. Екінші жолы мұны тағы да Қаршыға Төлегенді Жиренбайдың отауына апаратын жерде айтады. Үшінші жолы Жібек Сандакөктің үстінде тұрып жеңгесіне қоштасқан сөзінде айтады. Мұның үшеуінде де “Асу да асу бел дейді” дейтін сөздер не алыстан келген қуаныш хабар, не бақытты жолығыс, не оң сапардың сырынан хабар береді. “Ау, жеңеше-ау, жеңеше-ау”

дейтін сөздердің де белгілі мәні, орны бар. Ол не қауіп, не қимастық сезімдерін бастайды. “Басыр, басыр, басыр-ды, аққа құлпы жасыл-ды” дейтін сөз кестесі көп қыздың ішінде Жібектің “аққа құлпы” болып өзгеше артық туған жан екенін айту үшін тұр.

Ақын сипаттауға келгенде көріктеу, ұқсатулардан гөрі теңеу сөздерді молырақ қолданады. Адам келбетін көбіне теңеумен жасайды. Теңеудің жұбы ретінде алынатын сөздер ай, күн, жұлдыз, алтын, гауһар, тана (тас), хор пырақ, ақша қар, ақ тауықтың қаны, сары алтынның буы, сымға тартқан күміс, орқоян, құнан қой, пейістен соққан самал тәрізділер. Теңеулері өте қонымды, көркем келеді:

Қыз Жібектің дидары
Наурыздың ақша қарындай.
Ақ бетінің қызылы
Ақ тауықтың қанындай.
Екі беттің ажары
Жазғы түскен сағымдай.
Білегінің мүсіні
Айбалтаның сабындай.

Бұлар айналадағы табиғат көріністерінен алынған ұғымды, жатық теңеулер. Қазақтың шаруашылық тіршілігінің негізі төрт түлік малға байланысты теңеулері де көп:

Халқым қойдай қағады,
Жұртым малдай бағады, –

дейтін теңеулер бақташылық өмірінен алынған. Қой бағу, мал күту қазақ үшін өте сүйікті, абыройлы іс болған. Сондықтан Жібек Шектілердің өзіне деген махаббатын осындай түрлі теңеулермен білдіреді.

Қоштасу, қимастық, көңіл айту, оң бата сияқты монологтарда ұқсату (метафора) көбірек келеді. Ондай жерде ақын теңеу қолданбайды. Алты қазға айтқан сөзінде Төлеген:

Қанатымда қияғым,
Табанымда тұяғым, –

деп келеді. Сипаттауларды теңеумен берсе, ауыр сезімдерді ақыл ұқсатулар арқылы суреттейді.

Көлге біткен құрағым,
Суырылып озған пырағым, –

дегенде де солай.

Көкжорға мен Сандалкөктің шабысын суреттегенде, Сансызбай мен Қореннің ұрысын, кештің сәулетін айтқанда ақын әсірелеу қолданады. Мысалы, Сансызбайдың атқан жебесі Қоренді құлатып, одан өтіп, үй орнындай бір төбені аударып тастайды. Аттар шапқанда ұшқан құсқа жетеді. Бұл жерлері батырлар жырындағы үлгілер. Соны ақын дұрыс қолдана білген. Кейде ақын кішірейту түріндегі сөздерді өте орынды қолданады:

Дария шалқар көліміз
Жер болып қалған суалып, –

дейтін сөздер Сансызбайдың суалған көңілін білдіреді.

Сонымен, ақын көріктеу, теңеу, ұқсату, әсірелеу сияқты көркем сөздерді қалай болса солай орынсыз қолданбайды. Әрқайсысының тиісті орнын табады. Беталды теңеу қуып, эпитет ауламайды.

“Қыз Жібек” жырының тілі, өлеңдігі көркем, ажарлы болып шығатын себебі осындай нақыстардан туады. Өлеңнің ұйқастары да, дыбыстық құрылысы да жатық, үндесіп келеді.

Асу да асу бел дейді,
Аса бір соққан жел дейді, –

дегендегі а-а, с-с, е-е сияқты ішкі дыбыс үндестіктері күшті. “Қыз Жібек” дастаны батырлар жырынша жеті буынды жырмен жырланған. Ұйқасы екі-үш жол аралап, еркін келіп, ерікті ұйқас болып отырады, көп жерде жырдың ұйқасы тек сыртқы жағынан ғана емес, көбіне ішкі жағында болады.

Жырда қоштасу, естірту, жоқтау, арыздасу сияқты өлеңдері көп: осының бәрі жырдың лирикалық қуатын күшейтек. Оқиғаның қызықтылығы мен лиризм бұл жырдың мазмұн, композициясын көркейтеді.

1948

СОСТЯЗАТЕЛЬНЫЕ ПЕСНИ И ИСКУССТВО ИМПРОВИЗАЦИИ У ДЖАМБУЛА

(К юбилейному пленуму ССПК)

Вековая деятельность великого акына Джамбула воплощала в себе многовековое искусство песнетворчества. Мы лучше поймем Джамбула только тогда, когда ясно представим себе особую природу его устной импровизации. Народ называл акына импровизатора “суырып салма акын”, т. е. его искусство должно бы быть такое же острое и быстрое, как отточенный меч в ножах.

А импровизаторское искусство проявляющееся еще в состязании – являлось свидетельством самого высокого мастерства поэта.

Если поэзия в целом есть выражение особой зоркости, острой впечатлительности и особенного умения художественно-словесного воплощения этого видения и чувствования – то акын-импровизатор доводит эти качества до самой предельной быстроты и творческой активности.

Вдохновенный акын в импровизации должен быть подобен орлу в час охоты, столь же строго зорким и пламенным.

Все чуть приметное, едва зримое как слабое место у соперника он должен улавливать вмиг и должен направлять свой меткий удар по этому изъяну.

Но не скоро акын обретает подобное искусство. За исключением редчайших дарованных приобретающих мудрый опыт импровизатора в ранней юности, огромное большинство постигает это мастерство в результате многих и долгих поединков-схваток, после многих и многих поражений и побед.

Но достигнув такого мастерства, акын его уже не теряет. Годы не уменьшают его блеска и силы, ибо старит-

ся человек, но не старится поэт. Такое именно качество акына являл своим искусством великий Джамбул.

Сто лет его жизни представляли собою столетний путь восхождения, закалки акынской мощи в нем.

Доклад посвящен состязательному мастерству Джамбула.

Он участвовал в этих состязаниях начиная с ранних отроческих лет, до 70 лет своей жизни. А за последние 30 лет Джамбул сам непосредственно не участвовал в настоящих, широких состязаниях. Акыны младшего поколения не вступали с ним в поединок, только избирали его в своих турнирах поэтическим арбитром, поэтом-судьей их песенной борьбы. Но зато импровизатор акын за последние 30 лет не уменьшил своего дара, а наоборот, оставаясь импровизатором же, восходил на новую, высокую поэтическую вершину. Плодотворный, непревзойденный певец своей социалистической родины, Джамбул обнаружил в эту последнюю стадию своей деятельности изумительную силу поэтического гения.

Какова же внутренняя творческая, органическая связь состязательных песен прошлого с вдохновенными творениями Джамбула последнего периода, с творениями, сделавшими его имя самым популярным и чтимым в нашу эпоху? Проанализировать, доказать наличие этой связи через идейно-художественную последовательность пути акына, через внутреннюю логику эволюции его творчества – составляет основную цель доклада.

Джамбул, многоопытный акын айтыса (состязательной песни) с выделяющей его (из среды его противников в айтысах) импровизаторской песней, подготовил себя для последующей стадии своего творчества. В длительном, трудном пути многочисленных состязаний акына как неприменные, обязательные элементы айтыса были две особенные стороны этого творчества. Одна из них – петь восторженно, любовно, одически возвышенно о том, что вызывает его восторг, поклонение. Вторая – петь осуждая, иронически высмеивая и гневно обличая все то, что позорно для достойного имени гражданина, представителя племени, для достоинства народа.

Примеры положительного, вдохновляющего акына, оптимистическое отношение к миру Джамбул высказал в своем состязании с Кулмамбетом в импровизации:

О народе достойном пою,
О сыне, заступнике народа, пою,
Ничья песня – не превзойдет мою!

Примеры позорного, недостойного общественного поведения он изобличал в песне “Остепке” (“Выставка”) обращенной к волостным управителям, угодничавшим перед Верненским губернатором:

Засуетились, увидев начальство.
Подобно камышам в бурю,
Клонитесь долу...
Не стану я сгибаться, подобно вам.
Не приму ваших даров,
Смерть позору предпочту,
Останусь верным песне моей!..

Так гневно и гордо возносит независимое знамя песни акын – совесть народа.

Ясно, что в ту пору своего творчества Джамбул не сразу достиг такого высокого гражданского сознания. Народный акын долго рос в колыбели, в золотой колыбели народной, истинно народной песни. Его песни зарождаются из истоков, из прозрачных, ярких, мудрых источников народных творений. Необходимо в этой связи вспомнить акынов – предшественников и современников Джамбула. Обычно в подобных случаях мы всегда вспоминаем знаменитого Суюмбая, о котором Джамбул пел:

Дух-покровитель мой – Суюмбай.
Не молвлю слова, не вспомнив его,
Его мудрые речи – воспринял я.
Когда пою, призывая его имя,
Песня неукротимо летит ко мне,
Как неотразимый никем
Самум упрямый, все сметающий...

Но не у одного Суюмбая учился Джамбул. В его родном краю, в пору ранней юности Джамбула, жили и пели знаменитые акыны: Майкот из рода Дулат, Кабан и Бактыбай из рода Жалаир, Кулмамбет из рода Албан. У всех

этих акынов, начиная с самого Суюмбая и кончая молодым Джамбулом, существовала постоянная, огромная связь также с певцами – носителями киргизской народной поэзии. В Киргизии в эту эпоху выступали высокоодаренные эпики, популярные жомокши – Балык и Тыныбек, выступали ырши-акыны – Калыгул, Катаган, Арыстанбек, Найманбай. Из современников, сверстников Джамбула были широко известны: Калмырза, Шойке, Сагымбай, Кара-ыршы (Жакшылик), Тоголок и др.

Суюмбай и Джамбул были лично знакомы со многими из этих акынов, и почти со всеми с ними пели одновременные импровизации на совместных казах-киргизских сборах, празднествах. Суюмбай и Джамбул черпали знания, обучались акынскому искусству, обращаясь к духовным сокровищам обоих народов – казахского и киргизского. Соседние и родственные две народности вскормили многоопытными, многосведущими, вдвойне мудрыми этих акынов. Помимо того, и среди казахов Семиречья, особенно среди рода уйсунув, было большое количество современников и сверстников Джамбула. Так, из дулатов известны Сарбас, из албанов – Кулмамбет, Калабай, из ысты – Куандык, из кораласов – Кожметай, из жалаириров – Досмагамбет, из тилеукабыла – Амир и др.

Все эти акыны были знаменитыми певцами в своей среде. Кроме этих сверстников Джамбула из других родов еще из самого племени шапрашты, в том числе из его подрода екей (откуда родом Суюмбай и Джамбул) вышло поистине огромное множество акынов:

У екейцев пятьдесят акынов, восемьдесят баксы,
А у айкымов шестьдесят акынов, девяносто баксы.

Так подтрунивал над обилием акынов-сородичей Джамбула в небольшом состязании с ними старик из рода шыбаыл. А в другом моменте того же состязания тот же акын пел:

У екейцев пятьдесят баксы, восемьдесят акынов,
На конях холеных гарцуот они.
Кобызы их и домбры, сливаясь в единый хор,
Как бесы роем голоса – вечерней порою.

Это не упрек, а лучшее свидетельство песенного богатства родной среды Джамбула. Действительно, начиная со времени Суюмба и особенно в пору становления Джамбула акыном, здесь импровизаторская песня нашла свою новую колыбель, свой Парнас. Не только акыны мужчины, но и девушки-акынши стяжали громкую славу в этом кругу пятидесяти или восьмидесяти акынов-екейцев. Не на одних семейно-увеселительных вечеринках молодежи, не на одном тое, празднествах вступал в состязание с такими девушками Джамбул. Сам Суюмбай еще чуть не потерпел поражения от девушки Кунбала, а долго и достойно состязавшиеся с Джамбулом девушки-акынши Айкумыс, Сайкал, еще дочь Болека не однажды брали дары победы над сильнейшими акынами-жигитами своего времени.

Не раз восхищался Джамбул блистательным остроумием в импровизации своих ближайших друзей Кыйсыбая и Тилемиса.

Мы еще мало знаем о прежних годах акынской деятельности Джамбула, мало вникли в индивидуальную, особенную природу его дарования. Не все, а наоборот очень немного записано, собрано из ранних его творений. Только за последние годы жизни великого акына успел сделать замечательно ценные записи секретарь Джамбула поэт Орманов Гали. Наряду с ним, в эти же годы, путем внимательной, умелой и долгой работы собрал очень много материала к биографии и творчеству Джамбула серьезный и вдумчивый исследователь, поэт Бегалин Сапаргали. По утверждению тов. Бегалина, большинство перечисленных выше предшественников и сверстников, современников Джамбула, будучи мастерами айтыса, одновременно, как импровизаторы, являлись также и эпиками, слагателями и исполнителями многих эпоей-дастанов. И у самого Джамбула, начиная еще с юных лет его, были равно полноценными оба таких качества. Этот момент также делает для нас понятным возникновение порой у Джамбула пространной песни-поэмы, дастанов о выдающихся государственных деятелях нашего Советского государства.

Сейчас айтыс в полном его виде сохранился в Советском союзе у трех народностей – у казахов, у киргизов и

у каракалпаков. Но в ранние эпохи импровизаторы профессионалы были так же на Востоке, на Западе и в русской старине. Среди этих импровизаторов были и акыны айтыса, как арабские поэты в состязательной песне на ярмарках, создававшие особый вид песен-диалогов – “мугаллакат”. Авторитетный ученый, известный академик А.П. Веселовский в своих исследованиях эпических традиций у многих народностей, во многих эпохах доказывает, что кельтские филы, и северо-французские труверы раннего средневековья, и мейстерзингеры средней Европы, так же отчасти русские скоморохи, скандинавские скальды – в большинстве случаев вступали между собой в песенные состязания, айтысы. А мейстерзингеры в иные эпохи устраивали песенные состязания в храмах на религиозные темы. Этот последний пример почти буквально совпадает со случаем состязаний Шоже и Кемпирбая у казахов. В начале они состязаются в знаниях религиозно-книжных преданий сотворения мира, людей и прочих тварей, а под конец Шоже требует у Кемпирбая разъяснить смысл известной суры из корана, начинающейся с фразы: “уаттури, уаззайтуни”. Кемпирбай, доселе остроумно и достойно ведший поэтическое состязание с знаменитым своим противником, срывается на этом месте, ввиду своего незнания содержания беседы Моисея с богом, с горы Синая, по мусульманской версии с горы “Тур”...

Между казахским эпиком и акыном айтыса не было существенной разницы. Эпический певец должен быть также мастером “айтыса”. Прибывший в среду найманов знаменитый Жанак выдержал состязание с семнадцатью акынами этого рода, и в этот же приезд спел впервые свой вариант известной народной лиро-эпической поэмы “Козы-Корпеш – Баян Слу”, локализовав место действия поэмы в пределах кочевий рода Найман, т. е. в землях своих первых слушателей.

Каждый талантливый акын айтыса, импровизатор является творцом и носителем всего лучшего, выдающегося из словесно-поэтического, устного творчества его эпохи. Такого типа акыны мира и создавали, обогащали мировой эпос в поколениях. Потому и отозвался так восторженно о первом, так

близко узнанном им импровизаторе ашуге Сулеймане Стальском А.М. Горький, назвав этого акына Гомером нашего времени. Нет сомнения в том, что к числу этих Гомеров нашего времени с полным правом относится и Джамбул.

О чем же и о ком, главным образом, слагали истинно поэтические ценности, дорогие для народа, памятные для поколений ценности, эти акыны?

Они пели о благородном, о возвышенном, о том, что неувыдаемо величественно, как подвиг духа. Так же они пели о бедствиях народа, и точно так же о великой мечте и чаяниях поколений, о чаяниях обращенных к грядущему. Пели акыны, соревнуясь в эпохах, состязаясь в благородном искусстве песнетворчества.

Петь, превосходя предшественника, петь, обновляя и обогащая круг и мир представлений, обогащая тему и содержание, приемы и краски словесной ткани, – все это и отмечало движение вперед словесно-творческого процесса, отличало акына поздней эпохи от акына прошлого.

Так, от поколения к поколению повышалась культура песни эпической и мелкой формы, повышалась особенно там, где не застыли эти традиции устного словотворчества. И Джамбул являл собою некий огромный синтез прошлых лучших традиций с обновленной устной песней возрожденного Октябрем нового, советского народа. Не было бы революции или не дожил бы до нее Джамбул, и он бы прошел в истории со всеми своими героическими и историческими поэмами об Утегене, “Кор углы” “Манасе”, “Шоре” и песнями о Суранши, Саурыке и также со всеми замечательными песнями состязаниями – безымянным, неизвестным для истории даже казахского народа акыном прошлого, как многие и многие талантливые предшественники и современники его, не дожившие до революции.

Старость Джамбула украсилась счастливой долей – его рождением для истории не племени екей, а для истории великой и необъятной родины. Правда, немало дожило до революции и других стареющих или престарелых, как Джамбул, акынов. Но он, Джамбул, именно он заслуживал это величайшее счастье благодаря отличающим его от большинства, индивидуально присущим только его акынской природе, исключительно благородным чертам.

Эту его особенность обнаруживают песни состязания с Кулмамбетом, Сарбасом, Досмагамбетом, Шашубаем, обнаруживают ту неизменную особенность, которая по суду народа-слушателя еще и в ту пору приносила ему победу, утверждала его песенное превосходство над своими соперниками.

Свое превосходство над Джамбулом и его сородичами Кулмамбет обосновывает на многочисленности его рода Албан, на его богатстве. А Джамбул противопоставляет ему достоинство человеческое, достоинство народов (цитата).

Дальше он поет о заступниках народа, спасших его честь в тяжелые годы, он упоминает о Суранчи и Саурыке; Кулмамбет в ответ иронизирует над их гибелью от рук врагов.

В айтысе победа и поражение акынов определяется не тем, что иссякнут песни, а степенью и силой логики тяжущихся. Издеваясь над гибелью героев, Кулмамбет сам выносит свой приговор. Смерть смерти рознь (цитата).

Есть смерть достойная героя, за что чтит его память народа, но есть смерть, позорящая целое племя, как смерть брата Кулмамбета Максута, погибшего в родовой расправе, как “смерть вола, обожравшегося белены”.

В состязании с Сарбасом Джамбул выступает в ином, еще более высоком и благородном качестве. Его ответное пение распадается на три повествования – поэмы о легендарной проматери его и Сарбаса – Домалак, о Суранчи и Саурыке. Каждый раздел данного ответа – это законченная поэтическая новелла, причем в каждом повествовании один итог, философско-афористический смысл которого: чем быть многочисленным, да бесчестным, лучше быть малочисленным, но достойным для жизни. И Сарбаса он побеждает возвышенным благородством, логикой своей и, кроме того, своим превосходством в знании народной мудрости. В состязаниях так называемых “суре айтыс”, т. е. айтыс “долгого бега”, каковыми являются приводимые здесь айтысы Джамбула, испытания в широкой осведомленности, в познаниях играют также решающую роль. Это мерило давнее, от него исходили все лучшие предшественники Джамбула.

В состязании с Досмагамбетом Джамбул в назидание своему молодому противнику перечисляет имена Суюмбая, Асан Кайги, Бухар-жырау, Шоже и Балта, завещав-

ших ему помнить великие традиции и петь о тех “кто народа горе горевал”. Это истины вечные, непреходящие и это не то, о чем поет Досмагамбет-мулла – носитель прописной морали, стяжатель и ханжа (цитата). Мулла – слушатель богатеев и вымогатель среди бедняков.

В каждом из этих состязаний помимо меткости и остро смелых нападок своих Джамбул становится на голову выше противников своим почитанием гражданского величия, правды и силы справедливой, независимой и непокорной.

О рождении сына героя, великого заступника народа мечтает Джамбул, о стране обетованной, где братство и дружба сольют силы людей, о стране, о которой грезил Асан Кайгы – печальник народа, поет Джамбул. Одновременно с этим, в том же состязании, он поет о своем презрении к баям, чиновникам, к ханжам-муллам, к волостным и биям.

С такими истинно народными, идейно высокими качествами своих песен дожил Джамбул до Октября. Он узрел издали, понял сердцем величие образов Ленина и Сталина. Это были те истинные великаны человечества, герои, заступники народов, которые жили доселе лишь в его мечтах, еще не названные и не воспетые акыном. И дальше, как превосходил он Кулмамбета в воспевании подвигов народных героев, так же и еще восторженнее и радостнее запел он о вождях, истинных любимцах трудового люда.

Имя Сталина для акына в его обобщающем восприятии стало одновременно воплощением и именем социализма, именем обновленной истории великой эпохи и счастья человечества.

Другой основной мотив творчества Джамбула в наше время составляло гневное изобличение врагов его родины, врагов народа, осмеивание недостатков и пороков в любой среде. Здесь Джамбул так же прекрасно пользовался приемами быстрой импровизации в состязаниях, приемами острых и смелых выпадов на всяких носителей зла и пороков. Не однажды и раньше осмеивал он управителей типа Манке (цитата), переводчиков, чиновников в лице Исы (цитата). Горько осмеивал ханжество богатого, но жадного хаджи Сауырбая, обворовавшего даже в пути в Мекку своего больного спутника (цитата).

Всю правдивую, гневную и острую свою сатиру из состязательных песен Джамбул легко обратил после против

всех тех, кто мешает на пути новой жизни возрожденных народов Союза.

“Песня должна вызвать или смех, или слезы, иначе это холостой выстрел”, – говорил Джамбул. Смех и иронию в состязаниях акын избирал своим верным оружием очень часто. Также смех – остроумие, меткое смешное сопоставление он употреблял во всех случаях жизни, почти до самой своей смерти. В этом качестве он не имел себе равного среди акынов, своих современников. Оставаясь акыном короткой, остроумной схватки с противником, в состязании Джамбул легко и быстро слагал также и шутки – остроты в куплетах порой невинных, но неотразимых в своей правдивости. Так, в последние годы своей жизни он шутил и над своей старостью, и над тем, как заметно стареют отдельные ученики акына.

В шутках, остротах, акын не делал исключения никому. Его меткие, шуточные удары не щадили и акынов друзей, и близких сородичей, также сыновей и снох его. Не только находчиво смешными, но исключительно образно-поэтическими были эти его шутки-сопоставления. Здесь акын блистательно проявлял свой замечательный дар образного видения или осмысления всех явлений действительности. Такое искусство акына, как факт высокого мастерства, находило свое место и в состязательных, коротких, но горячих схватках, и также долгих восторженных песнях толгау, посвященных Джамбулом возвышенному, героическому или какому-либо радостному событию.

И эта счастливая особенность Джамбула петь зачастую образно убедительными, образно насыщенными тирадами, выгодно отличавшими его песни от песен противников в айтысах, помогла ему также легко и мастерски воспевать образы вождей, особенно образ Сталина с исключительно богатыми сопоставлениями, с богатейшим живописным орнаментом словесной ткани.

Так вдохновенно использовал Джамбул столетний опыт песнетворчества, мастерство даровитого акына, черпая мотивы и содержание своих бессмертных новых песен из новой счастливой эпохи в истории народов, из эпохи сталинской.

ЛЮБИМЫЙ ПОЭТ

Вместе с Узбекистаном 500-летний юбилей Алишера Навои празднует весь казахский народ. Уже много столетий имя Навои широко известно в Казахстане. Сюжеты бессмертных поэм “Лейли и Меджнун”, “Фархад и Ширин” пересказывались и перепевались множеством казахских поэтов.

Влияние Навои ярко сказывалось на раннем творчестве известного казахского поэта Абая. Пробуя силы в поэзии, он обращается к памяти великих поэтов Востока, чтобы они укрепили в нем вдохновение; первым среди них Абай называет Навои.

На творчестве великого узбекского поэта учились казахские стихотворцы XIX века Шангирей и Шади, поэт-композитор Ахан-Сере.

Близко и дорого казахскому народу имя великого узбекского классика.

1948

ҮШҚОҢЫР ЖАЙЛАУЫНДА

Таудың жалтыр, ашық күні қуанта шықты. Биіктен қарағанда көкжиек шексіз боп кеңейіп, жырақтаған. Аспанда шаңқылдаған қыран ғана жүреді дегендей биікте отырмыз. Әуе таза, дүние жым-жырт. Биіктеген сайын үнсіз, мол сабырлы, кең тыныштық бар. Табиғат даналық танытады.

Зор биіктің бәрінің басы ұзақ тыныштыққа шомып тұрса керек. Тегі, үлкен атаулының бәрі айғайсыз, дырду-сыз болғандай. Өз күшін танығанға да, танымағанға да бір қалыпты тыныш қана, елеусіз қарайтын тәрізді.

Бұл өлке Үшқоңыр жайлауы аталады. Биікте Үшқоңыр, Екінар, Түлкілі сай. Баурайда: үш сала боп ағатын Шың бұлақтар бар. Төскейлерде: Сәт жайлау, Қасқасу деген кең қоныстар, мол өрістер бар. Жайлай отырып, пішен шабатын мол шалғындар және бар. Ол Үлкен Дегерес, Кіші Дегерес аталады. Жанама, Қаратау, Ақшоқыдай қырғызға қарай асатын асулар бар. Қырғыз бен қазақ арасына ортақ жайлау Еңсу, Жасылкөл де жақын. Мынау биік жайлау, салқын белде отырса да, бізбен әңгімелескен колхозшылар Жасылкөлді өзгеше мадақтайды.

“Онда қымыз айрандай” деседі. Ол өңірді жайлаған мал да қысқа алабөтен мықты болады деседі. Қаладан келген бізге Жасылкөл жақсылығынан осы жайлаудың өз жарастығы да олқы емес, өзгеше рахат көрінеді.

Тау ішінде болсаң да, дөң басынан дүние бейнебір сарадағыдай. Өзгеше кең тәрізденеді. Солда, бір шетте, жырақ жатқан Суықтөбе. Онда, онан да жырақ шекте Талғар биігі. Ауыл қасында, тай шаптырымда, тағы да қарлы биік бар. Басында түндегі жауыннан қар болып түскен боз көрпе жатыр. Мұсылман шалдарының тықыр өскен шашындағы молайып, өсіп келе жатқан буырылы тәрізді. Дүние мол,

бірақ сол мол дүние мынау ерте шақта тегіс дыбыссыз. Тек сол жым-жырт тау жайлаудың жанды өмірінің үзілмес белгісіндей боп бір суыл келіп тұр. Ол мәңгілік тектүрлардың, терең құз бен шаттардың ерекше демалысы, тынысы сияқты. Сарындаған тынысы. Ол – сонау терең шатта тасқын-даған тау бұлақтардың үздіксіз ағын сарыны.

Күн әлі көтерілген жоқ. Сондықтан көк қойнауларда, төскей алаңқайларда орналасқан мал атаулы да зор тыныштыққа бой ұрған. Өрген, жайылған мал қыбыры білінбейді. Жиілеп орналасқан отарлар, ауыл-ауылдар да әлі ояна қойған жоқ.

Үшқоңыр жайлауы – Жамбыл, Қаскелең сияқты аудандардың колхоз жайлауы. Бірнеше совхоз бен ауыл шаруа ғылымдарының тәжірибе шаруасының да жайлауы. Мұнда “Ленин” колхозы, “Амангелді”, Киров, “Луч Востока”, “Работник” сияқты талай бай колхоздар малдары кеп орналасқан. 10 мың, 14 мың, 20 мың қойлары бар колхоздар. Шаруа жарастығын келістірген совет жұртшылығының мүліктері. Сол колхоздар арасында ауыл шаруа ғылымының тәжірибе институты КИЖ-дің мал-мүлкі ерекше орын алады. Мұнда бір қой ғана емес, жылқының да неше тұқымы, түйенің де бар Қазақстаннан жиылған неше атасы бар.

Қой түлігін алсақ, ғылымдық тәжірибе жөнімен талай тектерді араластыра туыстыру үшін түгел жиған. Жер жүзіндегі қой тұқымының жүні асыл, еті жақсысы, жайылысқа берігі, құм мен тауға мекендеуге бейімі дәл осы шаруада сынға түседі.

Ойдағы құм мен осы тауды қыс – қыстау, жаз – жайлау етіп, түбегейлі мекені етіп кетуге жарайтын ең асылдар таңдалып алынбақ. Сондай сын-талғауға алынған тұқымдар саны мұнда мол. Жер шарының бір үйегінен, барлық мемлекеттерінен жиылып, осы институт оқымыстыларының, шабандарының сынына берілген 26 түрлі қой тұқымдары бар. Бұл күнде барлық шаруа түгел қызығатын, түгел өсіріп келе жатқан, сұрыпталып шыққан тұқымдар да бар. Ол – осы тауларда ата-тегі туып өскен қазақ қойлары ғана емес. Соңғы жылдарда бүкіл Одақ көлемінде атақ алған “ақ қойлар” дейтін асыл жүнді бір тұқым. Бұл – қазақ қойы мен европалық прекокс екеуінің қосылуынан пайда болған жаңа тұқым. Оның жүні жібек, еті мен сүті бұрынғы қазақ қойы-

нан кем емес, өсімі онан молырақ. Ал, қысқы құмда, жаз тау жайлауда жайылуы мен тойынуы қазақ қойынан артық болмаса, кем емес. Осындай өзгеше сапалы мал тұқымын тудырғаны үшін, Қазақстандағы кейбір мал маманы ғалымдар өткен жылдарда Мемлекеттік бәйгені де алған-ды. Ғылымдық ойды бастаушылар ғана табысқа жеткен жоқ. Алматы облысында бұл қойлар талай шабандарды, сан колхоз бригадирлерін де ірі табыстарға жеткізген.

Мынау қоныс-қоныста иіруде жатқан қой ажарына қарасаң, бәрінің де баққаны – сол “ақ қойлар” екенін көресің.

Күн көтеріле түсті. Отарлар ояна бастады. Қалың шалғында, көк беткейлерде жусап қалғыған жылқылар да ояна бастағандай. Бұрын олар шашыраған қалпында, әрбір орында кесек-кесек томардай, мызғымай сілейіп тұрып қалған еді. Түнгі жайылыстан тойып шыққан мал таңертеңгі шығырмақ күні бой қыздырып жатқандары жатқан күйде, тұрғаны тұрған қалпында соңғы бір тәтті ұйқыда болатын.

Оянған жайлаудың үндері үзіліп-үзіліп естіледі. Бірер рет қой маңырады. Жаңа ұйқыдан тұрып, енесін қасынан таппаған жас құлын шіңгір-шіңгір кісінейді. Ерте өрген сиыр мен теріс жайылып бара жатқан қой алдына бұйрықты үн берген шабандар даусы келеді. Адам үніне елігіп, қостан үрген иттер даусы естіледі. Жиі қонған отарлардың бозғыл үйлерінің түңліктері ашыла бастаған. Желсіз тыныш, тынық аспанға жіптіктей жіңішкелеп көк түтіндер көтеріле бастады. Әр отардың жанында әлі өріп кетпеген мың-мыңдаған қоралы қойлар иіріліп жатыр. Тығыз, тұтас жайласқан. Кей қойлар отары бертін – төменірек, кейбіреулері жоғарырақ – төскейде, кейбірі, тіпті, тасқа жабыса, аршаға араласа барып, өрлеп қонған. Үйірімге тығылған ақ көбіктей боп тұтасқан қоралы қойлар енді-енді қыбырсыз тыныштығын бұзып, әр тұстан маңырап, өре бастады. Енді жайлауға жан кіреді. Мал қыбырлап, адам үн қатып, қой-қозы маңырап, ат-айғырлар кісінеп, тыныш жайлауды оятты. Кейде алыс төскейден, терең шаттан, кейде Шың бұлақтардан немесе биік жота басынан, қалың арша арасынан, мол көгал жазықтан ерте шақтың үндері – сан түрлі үндер келеді. Халық малы жайыла жазылып, иен дүниені шұбарыта басып, маңырасып, маңғыстап барады. Бір белден қашаған қуған жылқышылар ағызып, тасырлатып шауып шықты. Өрге

шапқан жүйрік ат, бедеу биелер қашағандарды қуа жүріп, қатты демігеді, ауыр тыныс-тары естіледі.

Ақ қойлардың үлкен тәжірибелі бақташысы – Естеместің отары беріде болатын. Соның мың қаралы қойы жақын белден бері қарай асып, жайылып шықты. Аршалы биік төскейге екінші қарт шабан Түрекең отары мамырлап, өрлеп барады.

Ерте тұрып, малдарын өргізіп, басқарып, өрістетіп жіберген кәрі-жас шабандар біз отырған төбеге жиыла бастады. Жайлауға жаңа келген тәжірибелі шабандар биылғы жайлау шөбін, малдың жиылыс ынтасын, тойынын сөз қыла келеді. Бізге қарай жақындап келе жатқан Естемес қойларына қарап, ақ қойларға әр алуан мақтаулар айтысады.

Бұл қойлардың жайылысы да бөлек. Тұтасып аққан қалың жауын селіндей боп өрген қойдың алды иін тіресіп, жиі келеді. Шұбырмай ендеп, алды іркіліп қалындап, көбіктенген толқындай боп иіріле толқып алға басады. Бұл қойлардың жайылысы қазақ қойынан басқарақ екенін айттықанымызда, әңгімеші, шешен қарт Түрекең ақ қойдың қасиеттерін санайды.

– Ақ мал жайылыста жосымайды. Тұмсығы ілінсе, тұрып алады, – деді. – Қазақ қойы мұндай емес, елендеп жүреді. Айт десең де, ысқырсаң да жапырылып береді. Мынау жайылысқа бір шыққан соң, басын жерден көтермейді. Жабысып жүріп жер табандап нәр жияды.

– Қыстыгүні құмда да осылай!

– Қатты қыстың жұтынан қорықпайтын болды ғой.

– Құм мен таудың өз тумасы боп кетті ғой.

– Алғашқы келген кезінде прекос қандай сұм еді, – десіп, шабандар осы ақ қойдың ата-тегі прекосты еске алысты. Оның жүні асыл болғанымен, қазақ қойына шатысып, жаңа тұқым шығарғанша, алғашқы өз тегі өте әлсіз болатын. Қыс құмда күн көру былай тұрсын, осы тауда да жайылысқа жоқ еді. Қозысы қандай қызылшақа боп туып, адамның баласынан бетер күтім тілейтін. Бүгін мына қойлар ішінде жап-жас ақ қозылар да бірге жайылады.

– Мұның шымырлық, беріктігі осы тауда туып-өскен елік пен тау ешкінің лағынан кем емес, – деп, бір шабан мақтау айтты. Түрекең бұл тұқымның асылдануы шынықтырудан екенін аңғартады.

– Баяғыда айтпаушы ма еді. “Баланы жастан, келінді бастан” деп. Бұл қозының енесі қыс бойы құм кезіп, өз аяғымен, тебінмен күн көреді. Сонда бұл қозы ене құрсағында бір шынықты. Туғанда да көктемнің қара суығында, құм-шұқырда туып, ауызданады. Тәрбие мен тәжірибе дегенінді ғылым бастағанда, мал сапасы осылай болады екен ғой. Шынығып, шымырлап, енді міне, асыл қой, ақ қойдың өзі де өзгеден озды. Бізге де береке таптырып отырған жоқ па! – деді.

Осы кезде, әңгімеде отырған бәріміздің төбе жағымызда, биікте суылдап аққан бір оқшау дыбыс оқыс естілді. Отырғандар тегіс жоғарыға жалт-жалт қарасты. Сүйтсек, аспанда екі бүркіт бір суырды кезектеп көтеріп, ақ қарлы Үлкен Нардың шың биігіне қарай әкетіп барады екен. Біреуі бірталай жер апарып, қанаты талғанда түсіріп жіберсе, екіншісі қағып алып, өрлей жөнеледі. Түрекең мен аңшы-бүркітші шал, қарт колхозшы Жансейіт бір-біріне таңдана қарасып, ұғысқандай бас изесті. Жансейіт:

– Кешегі айтқан қызыл балақ қыран. Суырды тағы қиядағы ұяға, ойдан тартып барады! – деді.

– Анық қанды көз қыранның өзі. Жаман бүркіт болса, ұяны төменге салып, суырды жоғарыдан тартар еді. Мынаның өрге басып баратқанын көрмейсің бе? – деп, Түрекең аспанға қарап, тамашалап отыр. Ол осы бүркіт туралы бір жақсы аңыз айтты.

– Бұл – дағдылы қырандар тұқымы. Мынау Нарлардың ар жағында қырғызбен шекарада аса қиын бір күз бар. Сәті келген жылдарда бір жыл қырғыз, бір жыл қазақ аңшылары 12 арқан жалғап, сол ұяға кісі салдырып, осылардың балапандарын алады. Ал, бұл жақсы бүркіт екені мынадан мәлім. Дәл осы тұқымның ұябасары жұмыртқалағанда, жалтыр тастың басына, үскіріп тұрған аязда, ақпан-қаңтарда жұмыртқалайды. Содан жұмыртқасын баспай, тек қасына қонып отырады. Кей жұмыртқасы аязда шытынап, жарылып та қалады. Жарылмай қалған жұмыртқаны қыран ана көктем шығып, күн көзі жылынған соң ғана бауырына басады. Міне, қыран шыққанда, жаңағыдай асыл қыран шыққанда, сол қыста туған жұмыртқадан шығады, – деді.

Бұл әңгіме колхозшылардың көбін таң қалдырды. Жұрт басын шайқап, тамашалап, таңдай қағысты. Жиын ішінде

мынау ақ қойлар шаруасын өндіткен ғылым-тәжірибе институтының директоры Хасен бағанадан үндемей отыр еді. Енді сол жаңағы қарт әңгімесіне қатты сүйсініп, қуана күліп қостай жөнелді.

– Түреке, мынау әңгімеңіз анық асыл сөз екен. Халықтың даналығы деген дәл осы ғой. Жаңағы бүркіт турасындағы сөзді соның алдында өзіңіз айтқан ақ қойлар тұқымын шынықтырып өсіру жөніндегі тәжірибемізбен салыстырсаңызшы. Ойласаңыз, екеуі бір жерден шығып жатқан жоқ па! Ол да уыз бала күнінде шынықтырады. Біз де ана құрсағында қиын суық жағдайда шынықтырып, жаңа тұқымды өз жеріміздің өзгешелігіне көндіріп, үйретеміз. Солай өсіріп, өндіреміз деп отырмыз. Бұл екеуінің жөні, жолы бір жерден табысып жатқан жоқ па, Түреке! – дегенде, Хасенді тыңдаған колхозшылар бастығы Түрекең боп түгел қостады.

– Рас айтасың, біреуі бүркіт, біреуі қой. “Екі арасы жер мен көктей” десек те, тегі, бұл жанды заттың ұқсауын айтсаңшы? – деп, Түрекең ойланып қалды. Хасен енді ғылымдық байлау айтты.

– Ұқсайтыны даусыз, оларды ұқсатып отырған жаратылыстың ортақ заңы. Бұл екеуінің сырын да биология ғылымы шешіп, тауып отыр. Біздің осы өңірдегі бар тұқымдарды араластырып, жаңа нәсілдер туғызамыз, өсіреміз деген тәжірибемізді бастап отырған зор ғылым да сол биология ғылымы, – деді.

Осы кезде бұл жиынның қасына жігіт жүріп, бір салт атты жас жігіт келді. Күміс ер-тоқым ерттелген күдістеу келген семіз тор жорғасын деміктіріп келіп, біздің қасымызға жетіп еді. Жұртқа сәлем берді. Көңілді шыраймен амандасқан жігіт Әсембек атты атақты бір жас шабан болатын. “Работник” колхозының бір отар қойын көп жылдан бері бағып, ойдағыдай өсіріп жүрген шабан еді. Ол жыл сайын колхозынан мол сый алатын. Қазір кеудесінде екі ордені бар. Өкімет сыйлықтарын да жастайынан жақсы алған еді. Осы Әсембектің биыл-ғы табысы тіпті өзгеше болды. Ол сыйлыққа бір басы осы көктемде 80 қой алған еді.

Бүгін сол Әсембек той жасайды екен. Бір қуанышы – алған сыйы, екінші қуанышы – жақында келіншегі босанып, еркек бала тапқан еді. Түрекең бастаған барлық

жиынға Әсембек қонаққа шақыра келген жайын өз аузынан айтты. Ақылды қария жас жігітке арнап, өзге жиынға де мезгеп, бір жақсы нақыл айтты.

– Еңбекті еткен абзал, еңбекпен қатарыңнан өткен абзал. Бірақ қуанышыңда кіммен кісі болып, кіммен жақсылық табатыныңды ұмытпасаң, сонда жақсы болғаның! – деп, бір тұспал айтты да, Әсембекке қарап арнай сөйледі.

– Жиренше шешен айтқан екен: “азаматтың жақсысы бір жан емес, бір өзі емес, төртеу, төрт сыпатты болады”, – депті. “О қалай?” – деп сұрағанға айтқаны: “біреуі – өзіңсің, екінші – ақылың, үшінші – досың, төртінші – халқың”, – депті. Міне, біз де солай “халқыңмен азаматсың, азаматыңмен халқысың” дейміз, – дегенде, жұрт аса сүйсіне күліскен еді. Түрекең ойы бүгін бір шабытты, тапқыр шағында екен. Ол тағы бір нақыл айтып кетті.

– Жас кезімде, бір жиында, бір топ шешен қариялардың бір сөзді арлы-берлі топшылап, көп қағыстырғаны есіме түсіп отыр. Сонда “басшы пашша болса, елі кеше болар” деген сөз қалай айтылады екен!” – деп, біреу бастағанда, әр қария әртүрлі айтып келісе алмап еді. Бақсам, сондағы сөздің түйінін бүгінгі заман шешті ме деп тұрмын. Пашша кеткелі, елден кешелік кетіпті. Еңбекпен мына жаңа дүние, жаңа нәсіл тудырыппыз. Кешеліктен еңбегі асқан талапкер болса, қойшы демей, жалшы демей, бүгін, міне, бір кісінің еңбегіне 80 қойды өзі алыпты. Қанжайлаудың елін бір ғана қойшы қонақ еткелі отыр! – деді.

Әсембек ақсақал әңгімесіне алғыс айтып, ауыл жағына асыға қарап, бұл жиынның да тез жетуін өтінген еді. Жақын жердегі кең көгалға тігілген көп ақ үйлер осы Әсембектің қонақ шақырған үйлері болатын. Соған жан-жақтан аттылы қонақтар бірі жарысып, бірі салмақпен, аяңмен жылжып, топ-топ боп келісіп жатыр еді. Дөң басындағы жиын ішінен кей-біреулер күдік айтып қалысты.

“Таңертеңгі шайды ішкен жоқ едік. Үйге барып, шай ішіп барамыз” дегендер болды.

Оған Әсембектің аулынан келіп отырған аңшы қарт Жансейіт үн қатты. Ол осы жиынды қазір-ақ түгел апармақ еді. Жаңағы іркілгендерге қарап:

– Түрекең әңгімесі шайдан қалдырса да, үйге бармай, анау қонақ үйге жүріңдер. Әңгіме де, шай да, басқа талай жай да сонда өзір тұр. Неқыласыңдар! Дәл бір жиырма

самауыр, мен көргенде бағана быжылдап, қашан ішесіңдер, – деп, сендерді тосып тұрған. Тек, жүрсеңдерші, – деп, жұртты күлдірді де, бастап кетті.

Малдың бәрін кең жайылысқа, мол суға өргізіп салған, күтім қамын қамтамасыз еткен шабандар Үшқоңыр жайлауында бүгін бір мол қызық, асыр салды. Түс кезінен бастап асқа тойып, атқа мінген соң, неше алуан ойынсауық болды. Балуан күресу, ер сайысу, қыз қуу, құнан шаптыру, дәмелі жүйрік аттарды мәз салысып, жарысқа салып, сынасу болды. Бұл тойда қаладан келген атақты әншілер әсем ән шырқады. Ақындар айтысты. Ат үсті жиынға жаршылар өлеңдетіп жар айтып жүрді¹. Алғашқы осындай көп түрлі мол мауықтар бір кезде Алатау елі ерекше сүйетін атақты көкпарға ауысты. Тау жайлауының тарлығына, шабар жердің өр-қиясына қарамай, сан жүздеген сәйгүлік мінген ер-азамат күні бойы, тіпті ымырт жабылып, сам жамырағанша додаға түсіп, көкпар тартумен болды. Сан шабандоздар мен әлденеше додашыл, көкпаршыл жүйріктер бүгін көрсеткен өнерлері үшін, осы іңірде, барлық Үшқоңыр жайлауларында, барлық ауыл-отарларда мақтан алып, ауызға ілінді.

Жайлаудың жалынды, қызық, әсем күнінің бірінде ер жігіт пен жүйрік ат атаулы өздері туралы жаңа аңыз-әңгімелер, мақтау өлеңдер туғызып жатты.

1948

“ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҰЛУ”

I

“Қозы Көрпеш – Баян сұлу” дастаны – қазақтың ғашықтық жырлары ішіндегі ертеректен келе жатқан және қазақ арасына өте көп жайылған түрі. Бұл жыр “Қыз Жібек” хикаясы сияқты тек қазақтың өз тумасы ғана емес, мұның әңгімесі қазақтан басқа елдерде де бар. “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” әңгімесінің бір түрі орыс тілінде 1812 жылы Қазанда басылып шыққан. Барабин татарларының және қазақ арасында айтылатын нұсқасын Радлов жазып алып, бастырған. Ойрат тілінде “Қозын Еркеш” дейтін жыр бар. Солардың бәрі де “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырын өзіне меншіктейді. Қазақ арасында бұл жырдың 16 түрлі нұсқасы бар. Көп заман бойында көп ақындар жырлағандықтан осындай әлденеше варианттар пайда болуы фольклор көлемінде заңды саналады. Бізге мәлім болған “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырларының кейбір варианты ертедегі заманның өзіне байланысты айтылса, енді біреулері бергі XVIII–XIX ғасырда өңделіп жаңғырған. Және кейде “ноғайлы” деген ескі атаулары жойылып, оның орнына Кіші жүздің Шеркеш руы, не Орта жүздің Бағаналы (Найман) руларының аттары аталады. Бірақ, бұл нұсқалардың қай-қайсысын алсаңыз да, алғашқы сюжет асылы – біреу. Әр дәуірдің, әр жердің ақындары өз ортасындағы тыңдаушыларының ыңғайына тартқанымен, оның негізгі мазмұны, оқиға желісі бір арнаға саяды.

“Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырын 1870 жылы қазақ арасынан жазып алып, орыстың атақты ғалымы, академик Радлов немісше және қазақша бастырған (шығармалар жи-

нағы, III том). Екінші түрлі бір көркем нұсқасын қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлиханов атақты Жанақ ақынның өз айтуынан жазып алдым дейді. Бірақ бұл қымбат вариантты кезінде Шоқан бастыра алмағандықтан, зерттеушілерге әлі күнге шейін мәлім емес болып келе жатыр.

Шығыс әдебиеті мен араб тілін зерттеуші орыс ғалымы Саблуков 1830 жылы “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” хикаясын бұрынғы Семей губерниясы, Көкпекті маңындағы бір жыраудың аузынан жазып алған. Оренбург музейінің басқарушысы, орыс тарихшысы Кастанье өзінің “Қазақ даласы мен Оренбург өлкесінің белгілері” дейтін кітабында “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырының он түрлі нұсқасынан дерек береді. Және өзі сол кітапта бұл жырдың толық аудармасын берген. Мұнысы Ғылым академиясының Петербургте шығатын Вестнигінде басылған. Кастаньенің аудармасы бойынша “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” хикаясының мазмұнымен қазақ тілін зерттеуші орыс ғалымы Мелиоранский де таныс болған. Жетісу облысының губернаторы Колпаковский 1870 жылы Семейден Қапалға бара жатып, жолай Аягөз маңындағы Қозы Көрпеш – Баянның моласы дейтін моланы көріп, Лепсі уезінің начальнигіне осы екі ғашықтың әңгімесін жинап алуды тапсырған. Сол Лепсі уез начальнигінің тапсыруы бойынша “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырының бір нұсқасын орман қарауылы Салағаев дейтін кісі жинап, кейін орысшаға аударған. Кастанье орысша әңгімелеп бастырған вариант осы әңгіме делінеді. Онан соң “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырын Петербург университетінің профессоры Березин жинап, 1876 жылы өзінің “Түрік хрестоматиясы” деген кітабында басып шығарған (III том, 162–170 беттер, 1876). 1899 жылы “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” хикаясының бір нұсқасын Баранов ел аузынан жинап алып, Петербургтегі “Нива” журналының қосымшасында басып шығарған.

Осы орыс зерттеушілерінің ішінен Радлов пен Березин жырдың қазақша нұсқасын бастырған. Кастанье толық және маңызды аударма берген. Ол кезде “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” хикаясын қазақ мәдениетін зерттеуші орыс ғалымдарының оқып, білмегені кемде-кем. Бұлардың кейбіреулері жырдың өз нұсқасын жинамай, тек ел аузынан ес-

тіген әңгімесінің ғана мазмұнын орысшаға аударған. Мәселен, 1868 жылы Қапал приказын ұйымдастыруға келген патша ұлығы Абрамов жолай Қозы мен Баянның бейітін көріп, оның әңгімесін Тобыл губерниясының “Вестник” журналында орысша бастырған. Түркістан өлкесінің археологиясын зерттеуші Пантусов дейтін ғалым да 1898 жылы Қозы мен Баянның бейітін зерттеп, бұл хикаяның бір нұсқасын Ташкентте, одан кейін Қазанда “Орта Азияның ескі заманы” деген кітабында бастырған. Бұлардан басқа осындай орысша нұсқаның бірі 1877 жылы “Ақмола облыстық ведомостінде”, 1877 жылы Омбыда шығатын “Дала уәлаяты” газетінде, 1901 жылы “Торғай облыстық ведомостінде” шыққан.

“Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырын көп зерттеп, оған үлкен мән берген кісінің бірі – Сібір ғалымы Г.Н. Потанин. Ол кісі “Вестник Европы” деген журналда (1890 жылы, 9-кітап), одан соң “Русское богатство” деген журналда (1896 жылы, № 8) бұл жырға айрықша тоқталып, оны жоғары бағалайды. Потанин “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырын Батыс Европаның, орыстың, шығыс елдерінің бірнеше халық дастандарымен салыстыра келіп: “Бұл жер жүзіндегі ең қымбат әдебиет мұраларына жататын шығарма”, – деп бағалаған. “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырына орыс зерттеушілерінің осыншалық зор еңбегі сіңген.

“Қозы Көрпеш” жыры туралы Ұлы Октябрь революциясынан бері қарай қазақ тілінде жазылған түсініктер, мақалалар, оқу құралдарының бөлімдері де аз болған жоқ. Бұл жөнде бірнеше ғылымдық диссертациялар да болды. Соңғы үш-төрт жыл ішінде сондай боп қорғалған арнаулы диссертация Ысқақ Дүйсенбаев жолдастікі. Ол “Қозы Көрпештің” ертелі-соңды бар варианттарын түгел тізіп, толық талдап, шолып өткен.

Бұрынғы белгілі, жоғарыда саналған “Қозы Көрпеш” түрлерінен басқа Ы. Дүйсенбаев тағы екі зерттеушінің ертеде тапқан варианттарын атап, талдап өтеді. Оның бірі – Фролов варианты. Екіншісі – Дербісалиннің жинап алған түрі болады. Дәл соңғы кезде Алтай елінің жас зерттеушісі, ғалымы С.С. Каташ және де “Қозы Көрпешті” Алтай елінің “Қозын Еркеш” деп аталатын халықтық жырымен салғас-

тыра зерттеген еңбек жазды. Бұл жөнінде Каташ Қазақстан Ғылым академиясында жақында кандидаттық диссертация қорғады. Каташтың зерттеуінде “Қозын Еркеш” қана емес, Алтай елінде “Қозыке – Баян ару”, “Қозыке – Баян сұлу” деген аттармен біреулері қазақ жырына өте жақын, тағы бірі ол жырдан қашаңдау болса да, негізінде осы “Қозы Көрпеш” жырымен желілес бірнеше халық жыры бар екені анықталды.

“Қозы Көрпеш – Баян сұлу” тек ғалымдардың ғана ескерген шығармасы болған жоқ, орыс жазушыларына да мәлім болған.

Орыстың ұлы ақыны Пушкиннің бір қолжазбасында “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” атты дастанның орысша жазылған сюжеті табылған. Совет өкіметі тұсында көкшетаулық орыс ақыны Тверитин “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырының мазмұнын өлеңмен орысша жазған. Тверитиннің бұл көркем поэмасы 1928 жылы Қызылорда қаласында, содан соң 1941 жылы Москвада жеке дастан болып басылған. Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы Бейсембай деген ақынға “Қозы Көрпеш – Баян сұлудың” жаңа айтқан вариантын хатқа түсірткен. Осы Бейсембайдың аузынан алынған Жанақ айтты дейтін “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырының бір-екі қолжазбасы бар. Бірақ Бейсембай алғашқы Жанақ вариантының аяғын өзгертіп жырлаған. Осы Жанақ – Бейсембай вариантын Мұхтар Әуезов 1936 жылы Алматыда жеке кітап қылып бастырған. Және бұл нұсқа 1939 жылы басылған “Батырлар жырының” 1-томына енгізілген. Әзірге “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырының баспаға шығып, көбірек мәлім болған нұсқасы осы. Радлов жинап бастырған “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жыры революциядан кейін, 1925 жылы Москвада қазақша жеке кітап болып басылған. Сәбит Мұқанов пен Х. Бекхожин 1939 жылғы орта мектептерге арнап құрастыратын хрестоматияда осы вариант үзінді түрінде басылған. Бұлардан басқа Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтында Шөже ақын айтты дейтін тағы бір көркем, ескілеу нұсқасы бар. Бұл нұсқаны Мәшһүр Жүсіп жинаған, әлі баспа көрген жоқ. “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырларының ішіндегі айрықша назар салатын бір тәуір нұсқасы осы. Бұдан басқа Ғылым

академиясында 1905 жылы Павлодар уезі, Баянауыл қазағы Молда Мұқан Машақұлынан Жақыпбаев жазып алатын “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырының екінші түрлі бір қол-жазбасы бар. Бірақ бұл вариант, кейбір өзгерген сөздерін, кісі аттарын айтпасақ, Шөже нұсқасынан алынған көрінеді.

“Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырларын көп басып, халыққа таратқан орынның біреуі – Қазандағы Хұсаиновтар баспасы. Бұлар “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” дастанының түрліше нұсқаларын 1878, 1890, 1896, 1909 жылдары қазақша кітап етіп бастырған.

Осылардың бәрі “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырының қазақ арасына өте әйгілі, көп тараған және халықтың аса қадірлеп сақтаған қазынасы болғанын көрсетеді. Жырдың нұсқасы қанша көп болса, мұның айтушылары да сонша көп. Бұлардың ішінде Шөже, Жанақ, Сыбанбай, Бекбау сияқты халық ақындарының аты айтылады. Қазақтың хикаялы жырларын сақтап келген кісілердің өзі осындай жыраулар, айтушылар. Бірақ “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырын айтушы жыраулар жайындағы мағлұматтар бізде әлі жеткілікті жиналған жоқ.

“Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырын халық көп заманнан бері сүйіп тыңдаған. Мұны осы екі ғашықтың әңгімесіне байланысты қойылған жер-су аттарынан да танимыз. Өлеңті өзені Қарабай мен Сарыбайдың қонысы деседі. Баянауыл тауында Баян туды-мыс, Қарқаралы тауында Баянның қарқарасы қалады, Өлеңтіде той болып, өлең айтылады. Ай, Таңсық өзендері Баянның апаларының атына қойылады. Қодар Таңсық көлін жасайды. Осының бәрі халық аузында сақталған қызық аңыздар. Сол аңыздардың бір парасы Баянның бейіті жайында айтылады. Ол бейітті 1858 жылы Абрамов көріп, Аягөздің шығыс жағасында, жарты шақырым жерде тұр деп сипаттаса, 1898 жылы Пантусов көріп, бейіт су жағасында 50 метр жерде тұр деп жазады. Бейіт қасында тастан ойған көп сурет болған: бірі – Баян, бірі – Қозы, өзгелері қыз апалары мен Айбас болар делінеді. 1898 жылы Пантусов бұл суреттер сынып жатыр еді дейді. 1897 жылы сол суреттің бірін Шығыс Африкадағы неміс губернаторы майор фон-Биссаман алып кеткен.

Баян бейітіне байланысты ертегілер әлі түгел жиылып болған жоқ.

“Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырының ең ескі нұсқасының бірі – Шөже варианты дедік. Бұл жыр:

Жаратқан жан біткенді бір құдайым,
Жаратқан жарық үшін күн мен айын.
Бұрынғы ноғай-қазақ заманында,
Сөйлетейін Қарабай мен Сарыбайын.
Жарасқан нар түйеге биік өркеш,
Мен сөйлесем, жұрт тыңдар ертеңді-кеш.
Екеуін сәтті күні құдай қосқан,
Баянға ғашық болған Қозы Көрпеш, –

деп басталады.

Жырдың толығырақ мазмұны мынадай: Ноғайлы жұртында Қарабай мен Сарыбай дейтін екі бай болады. Екеуі де перзентсіз екен. Анда жүріп дос болады. “Үйдегі кісіміз жүкті” деп, екеуі де буаз маралды атпайды. Әйелдері жүкті екенін біліскен соң, бала тумастан бұрын іштегі балаға ежеғабыл ретімен белқұда болысады. Ұзамай сүйіншіге екі адам келіп, Сарыбайдың әйелі Мамабикеден ұл туғанын, Қарабайдың әйелі Қарагөзден қыз туғанын хабарлайды. Екі әке серттесіп, ұл мен қызды қоспақ болады. Сарыбай құдалықтың қарғы бауы үшін Қарабайға Айбас дейтін құлын береді. Бірақ Сарыбай үйіне жетпей, аттан құлап өледі. Қарабай антын бұзып, “қызымды жетім ұлға бермеймін” деп, Өлеңтінің аяғын өрлей Аягөзге көшеді. Бұған Әлжаппар дейтін құлы мұрындық болады. Қарагөз наразы. Көшкен күні Қарабайдың сабасы жарылады. Сол жер Ақкөл, Жайылма атаныпты. Қырық нары арып, жолда өледі. Аягөзге барған соң, Ноғайлының биі Сұлтанғазы Қарабайдың аулын ерулікке шақырғанда, Ноғайлы Шақшақ байдың баласы Қодар Баянға ғашық болады. Тоқсан мырза Баянды алмаққа Қарабайға жалшы болады. Айбас Баянға: “Алтын айдар, шоқ белбеу жарың бар, соны әкелемін” деп, қанатты қара биеден туған Бақа айғырға мініп қашады. Сәлемдемеге Баянның домбырасын, бет моншағын, қарқарасын, алтын сандығын, ақ жамшысын алады. Айбастың қашқанын біліп, Қодар сегіз құлмен Итішпес

көлінде қуып жетіп, атысады. Айбас Қодарлардың мініп келген он алты атын атып түсіріп, шөлде жаяу қалдырады. Қодарларды жеңіп, ілгері жүреді. Бірақ адасады. Алдынан өткелсіз қалың орман шығып, Баянның домбырасы мен моншағын ұмытады. Содан ол жер “Домбыралы”, “Моншақты” атанған дейді. Сандығы қалған жер – “Алтын сандық”, “Ақшатау”, Бақа айғырдың тоқтаған жері – “Тоқырауын жәмшілі”, қарқарасы түскен жер – “Қарқаралы-Қазылық”, Бақа айғырдың жауыр болған жері – “Жауыр бұғы”, Баянның туған жері – “Баянауыл” атанған. Мамабикеге барса, ол Айбасқа: “Балама Баянды білдірме, қайта бер”, – дейді.

Қозы Көрпеш батыр жігіт болып өседі. Бір кемпірдің үйін садақпен атқанда, ол: “Батыр болсаң, жарыңды тап” деп қарғаған соң, шешесінің қолын ыстық бидайға қақтап, Баянның аты-жөнін сұрап біледі. Жылқыға барып жүгенін сылдыратса, бір қотыр тай қарайды. Ер-тұрманын салғанша қотыр тай арда күрең бесті тұлпар болады. Қоралы қойын қасқырға, түйесін Алакөлге, жылқысын Жидебайға, шешесін құдайға тапсырып, Қозы Көрпеш Аягөзге тартады. Шешесі: “Барғаныңнан келме” деп қарғап қалады. Қозы жолай Айбасты қуып жетеді. Аягөзге барған соң, Қозы боранда тоңып өлген бір тазша қойшының киімін киіп, қойға шыққан Баянға жолығады.

Қозы Көрпеш үш жыл қой шетінде жүріп, Баянмен қызық дәурен сүреді. Баянның отауында жатқан Қозыны жеңгесі көріп, Қарагөзге айтса, ол: “Жатса жатсын, өз жары” дейді. Бірақ Қарабай Қодардың тілімен Ноғайлыны жиып, көр қаздырып, Қозыны құпия өлтірмекші болады. Жиналып келген жаудан Қозы қашып шығады. Баян Қозының хабарын өзінің қара торғайын жіберіп біліп тұрады. Торғайды бір жолы қырғи қуып, қыздың мақпал шапанын киген жеңгесіне тығылғанда, жеңгесі торғайдың төбе жүнін жұлып өлтіреді. Ол Қодарға жақ еді, бұдан соң Қодар, Қарабай, Әлжаппарлар торғайдың өлердегі “шоқ” деген сөзінен Қозының жатқан жерін біліп, Шоқтерекке барып, алаңсыз ұйықтап жатқан Қозыны атып өлтіреді. Қыз ызаланып, әкесіне “енді мені өзің ал” деп қарғайды. Баян ботасы өлген бозінгенді жетегіне алып, екеуі қосыла зарлай-

ды. Қарабай аулы көшкенде, қаралы Баян жүдеп, жұртта қалады. Сонда Қодар келіп: “Маған ти” дейді. Қыз: “Тие-йін, бірақ Қозыны бір көрсет” деп жауап береді. Шокте-рекке барған соң, Қодар Баянның бұрымынан ұстап, құдыққа түскенде, қыз шашын қиып жібереді. Баян Қозы-ның басына келіп, оны жоқтап отырғанда, көзі ілінген Баянға қырық шілтен аян беріп, Қозыны үш күнге тірілтіп береді. Екі ғашық үш күн, үш түн бас қосып, дәурен сүреді. Үш күннен кейін Қозы қайта өледі. Бірақ қырық бір Қызыр жолығып, екі ғашыққа отыз бір жыл жұбайылық өмір береді. Қарагөз түс көріп, шөлде қалған Баян мен Қозыға Бақа айғырды ерттеп жібереді. Екі ғашық өзі іздеп барған Бақа айғырға мініп, Өлеңтінің бойында отырған Қарабайдың аулына келеді. Той жасап, екі ғашық қосыла-ды. Өлеңтіде өлең айтып, той қылған, Ақжар Қарабайдың той ошағы болған деседі. Бұдан соң Жұпар қорығында отырған Сарыбай аулына ұзатылып барады. Барса, Жиде-бай дейтін құлы Қозының шешесін азапқа салған екен. Қозы шешесін жылқы сүтіне шомылдырып, уайым-қайғысын кетіреді. Құл мен күнге азаттық береді. Ұлы думан той жасап, отыз бір жыл дәурен сүреді. Отыз бір жыл толған соң, екеуі Қызырдың аянымен Аягөзге келіп, Қозы өледі, Баян тағы да жоқтап жылайды. Сол кезде үстіне бір топ керуен келіп, Баянға ғашық болады. Қозыға бейіт орнатады. Баян ақылы асқанға тиемін деген соң, ке-руеншілер өзді-өзі төбелесіп, қырылады. Баян бейітке кіріп, өзін-өзі өлтіреді. Сол керуеншілерден үш адам құты-лып, үш рулы елге барып, Қозы мен Баянның хикаясын өлең қылыпты, – дейді. Жырды айтушы мұны Шөжеден естіп едім дейді.

Мұнда жырдың екі саласы бар. Бірі – екі ғашықтың са-манда кетуі, екіншісі – тіріліп қайта қосылуы. Кейінгі са-лықтың екі ғашыққа жаны ашыған, өкінішіне қарай өзгер-ген жасанды түрі болу керек. Екінші саласында дін сары-ны басым екенін көреміз.

Молда Мұқан Машанұлының қолжазбасы да дәл осы жырға ұқсас, тілі де, мазмұны да бір. Жалғыз-ақ мұнда ұл Қарабайдікі болады да, қыз Сарыбайдікі болады. Бұл нұсқада Баянның торғайын жеңгесі өлтіргенде, соны Баянның сұрап жалынатын жері толығырақ айтылған.

1909 жылы Қазанда басылған “Қисса Қозы Көрпеш” деген кітаптың мазмұны бұлардан да бірқатар өзгешелеу. Бұл жыр:

Жасым бар жиырма бесте, жылым – мешін,
Өлімнің кім біледі ерте-кешін.
Айтайын бес-алты ауыз, құлағың сал,
Қозы Көрпеш, Баянның әңгімесін.
Ел болар он екі ру, бірі – Шеркеш,
Қом жасап сары атанға бітеді өркеш.
Бес-алты ауыз айтайын, құлағың сал,
Баян мен ертеде өткен Қозы Көрпеш, –

деп басталады. Мұның он екі ру деп отырғаны Кіші жүз. Шеркеш – соның бір бұтағы. Жырды айтушы Гурьев (Үйшік), Орал жағынан шыққан ақын болу керек. Айтушы:

Қарабай, Сарыбаймен бай өтіпті,
Ноғайлы ертеде өткен заманында, –

деп, ескі заманды сөз қылады. Бірақ мұнда да қыз әкесі Қарабай емес, Сарыбай болған:

Дабысы Сарыбайдың желдей есті,
Сұқсырдай сұлу Баян болып өсті.
Қызымды жетім ұлға бермеймін деп,
Сарыбай жұртыменен тұра көшті, –

дейді.

Жырдың бұл нұсқасында ата-ананың теріс батасына үлкен мән берілген. Батыр мінезді Қозы бір кемпірдің өрмегін үзіп, шешесінің қолын бидайға қақтап, Баянның хабарын білгеннен кейін Бозшұбарға мініп, Баянға кетпек болады. Шешесі әкелген қызға Қозы қарамайды. Қозыға шешесі: “Төрт түлік малың қалды, оны қайтесің” дегенде, Қозы: “Жылқымды қалмақ алсын, түйем Сарысудан қырылсын, қойыңа топалаң келсін” деп жауап береді.

– Жолында Оюлының он бөрісі, Қиюлының қырық бөрісі бар, одан қалай өтесің? – дегенде, Қозы Көрпеш:

– Оюлының он бөрісінен айқай салып өтемін, Қиюлының қырық бөрісінен қиқу салып өтемін, – дейді.

– Ну шеңгелден қалай өтесің?

– Өрт қоямын.

Бұларға тоқтамаған соң, шешесі: “Ен дария емшек сүтім, көрім тұтар”, – дейді.

Ен дария емшек сүтің, көрің тұтса,
Өтермін онан-дағы кеме мініп, –

дейді Қозы.

Шешесі: “Бұл жолың оңғарылмас, балам!” деп қала береді. Жолай әкесі Қарабай түсіне кіріп: “Қайт, балам, жол көрінбейді, барғанмен Сарыбай саған қыз бермес” дейді. Ақын Қозыны батасыз кеткені үшін:

Ата тілін тыңдамай кеткен бала,
Жолынан аман қайтып, үйін көрмес, –

деп жырлайды.

Бақытсыздыққа осы себеп болды деп ұйғарады. Қозы әкесіне: “Батаңды бермесең де, жол сілте” дейді. Әкесі: “Қырық бір күнде Аягөз барасың, сонда бір кемпір кез келер”, – деп жауап береді. Кемпірге келсе, ол:

- Атың арық, жүзің сарық, жол болсын, балам! – дейді.
- Ерні сетік сары атан көрдің бе? – дейді Қозы.
- Ерні сетік сары атан қайын атаң Сарыбай болмасын?
- Сылаң аяқ құба інген көрдің бе?
- Сылаң аяқ құба інгенің қайын енең Құба кемпір болмасын?

- Жез бұйдалы нар тайлақ көрдің бе?
- Ол сүйген жарың Баян шығар? – дейді кемпір.

Қозы кемпірден су сұраса: “Саумал ішкен бала едің, су сұраған не еткенің?” – деп тәлкек қылады, су бермейді. Шөктерекке келген Қозының хабарын қыздың торғайы біліп, оны отауға әкеледі. Қыз жеңгесі сүйіншіге көк етігін алады. Бұдан арғы жері Шөже вариантына ұқсас, жалғыз-ақ Қозымен отыз бір жыл өмір сүру оқиғасы жоқ. Тек Баян Қозының үш күндік өмірін сұрап алып, екеуі бір жерде өледі. Жырдың аяғы да Шөже нұсқасындағыдай:

Қозы Көрпеш, Баянның болған жайы,
Нұрланып бәйшешектей толған жайы.
Қозы Көрпеш өлгенде, Баян да өлген,
Өркімнің сондай болсын алған жары, –

деп бітеді.

Мұнда да Қарабайдың аты Сарыбайға таңылған. Айбас, Тайлақ жоқ. Жырға Қозыдан басқа Әлжаппар, мыстан кемпір енген. Шөже нұсқасындағы отыз бір жыл тіріліп қосылу, бейіт соғу оқиғалары жоқ.

Бұл үш нұсқаның үшеуінде де жырдың аяғы қайғылы трагедиямен бітеді. Жырдың алғашқы идеясының өзі де осылай болуға тиіс.

“Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырының 1910 жылы Кастанье орысша бастырып шығарған нұсқасы да бұл хикаяның ел ішінде айтылып жүрген аса бір құнды түрі көрінеді. Анда жүргенде екі бай дос болып, әйелдері қыз туса, екеуі бірге туғандай сіңлі болсын, бірімізден ұл, бірімізден қыз туса, екеуі ерлі-зайып болсын деп анттасады. Сол кезде Сарыбайдың басына бір қара торғай қонады, одан Қарабайға қонады. Қарабай мұны жақсылыққа жорыса, Сарыбай жамандыққа жориды. Айтқанындай, Сарыбайдың әйелі қыз туды, Қарабайдың әйелі ұл туды деген хабар келіп, ауылға қайтып бара жатқан кезінде Сарыбай аттан құлап өледі. Қарабай балгерлерге бал аштырса: “Бұл екі жас қосылса, бақытсыздыққа ұшырайды”, – деген соң: “Тумай жатып әкесін жалмаған қызды балама әпермеймін” деп, Қарабай Алатаудан Аягөзге қарай көше жөнеледі. Сарыбайдың Әпесбай деген інісі болады. Қалмақтың асырап алған баласы Қодар Сарыбай өлген соң Әпесбайды шеттетіп, Баянды өзі алмақ болады. Әпесбай Баянның хабарын беруге Аягөздегі Қозы Көрпешке аттанады. Бұл кезде шешесінен Баянның хабарын естіген Қозы да Баянды іздеп шыққан еді. Қозының алдынан бір мыстан сиқыр шығып, оны адастырмақ болады. Бірде мыстан адам жегіш, күркіреуік түйе, бірде ит өтпес тоғай болып бөгет жасайды. Тоғайды қылышпен шабады. Одан соң алдынан түлкі болып шығып, жолдан адастыруға тырысады. Түлкі қашып, бір інге тығылады. Оған найзасын сұқса, найзасы алтын жалатқандай жылтырап шығады. Осы ретпен Қозы өзінің барлық ер-тұрманын және айдарын да алтындап алады. Қозы Баянның жұртына келсе, аулы көшіп кеткен. Алдынан тек Қозыны іздеп шыққан Әпесбайға ғана кездеседі. Қартайған Әпесбай Баянның басындағы ауыр ахуалды, оның ғашықтығын айтып, сол жерде өледі. Қозы қотыр тазша болып, Сарыбайдың жылқысын

бағады. Бір күні Қодар қалмақтардың тойына кеткенде, Баян бастаңғы жасап, қотыр тазшаға домбыра тартқызады. Алтын айдарын көріп, танысады, сүйіседі. Қозыны Баян өз қолына құл қылып алады. Қодар Қозының бұл мінезін біліп, сынамақ үшін жұртта қалған ауыр балғасын әкеуге жұмсайды. Қозы балғаны қақпақыл ойнатқандай алып келе жатқанда, Алакөлге түсіріп алады. Екеуі сайысып, Қозы Қодарды аттан аударып алады. Қодар таудан қалмақтарын ертіп әкеліп, соғысады. Мұнда да жеңіліп қалады. Баян екеуін жарастырып қояды. Екі жас дос болып, жаулық істемеске ант ішеді. Бірақ Қодар антын бұзып, қыздың ата-анасын, жеңгесін, ноғайлы елін өзіне қаратып алып, Қозыны өлтірмек болған соң, ол Шоктерекке қашып құтылады. Қодар Шоктеректе жатқан Қозыны іздеп тауып, тағы да құшақтасып дос болады да, абайсызда атып өлтіреді. Басын найзаға іліп, Баянға әкеледі. Баян Шоктерекке барып, өзінің ғашығын үш күнге тірілтіп алады. Қырық ту бие, қырық ту қой, қырық тумаған нар, қырық ту сиыр сойып, Қозының асын беріп, ақ жауып арулап көмеді. Құдыққа су алуға түскен Қодарды бұрынғы нұсқаларда айтылған түрде Баян өз бұрымын қиып жіберіп, құлатып өлтіреді. Құба түзде Қозы басында зарланып отырған Баянға бір топ керуен жолығып, олар Арғанаты тауынан Аягөзге қолымен тас жеткізіп, бейіт салады. Бейіт біткен соң Баян өзіне-өзі қанжар салып өледі.

Мұның мазмұны да қызық. Шөже жырында түрлі бөгет Айбастың алдынан шықса (орман, шөлстан, жау), мұнда мыстан, Қодар, түйе, орман, түлкі, шөлстан сияқты бөгеттер Қозының өз алдынан шығады. Бұл жырдағы Сарыбайдың басына қонатын қара торғай мен Әпесбай басқаларында жоқ. Қозы Қарабайдың ұлы делінсе, Баян Сарыбайдан туады. Қашатын қыз жағы емес, ұл жағы. Қодар – Сарыбайдың асыранды баласы, Қарабай тағдырдың жазасынан құтылу үшін, баласын ала қашады. Бірақ тағдырдан жеңіледі.

1958 жылғы Абрамов жазып алған “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырының мазмұны да осыған жақын. Мұнда да ұл Қарабайдікі, қыз Сарыбайдікі. Абрамов жырды XVII ғасырда шыққан дейді. Мұнда Айбас Баянды іздеп барса, Сарыбай қызын Қодарға бермек болғаны анықталады. Баянның қарқарасын, алтын бақанын да алып, Айбас Қозыға қыз-

дың сәлемін жеткізеді. Қозы Баянды той үстінде алып қашып, тауға жасырынады. Содан ол тау “Баянжүрек” атанған. Ай және Аягөз (кейбірінде Айғыз) деген қыздарын ертіп, Сарыбай Баянды іздейді. Бірақ екі қызы Баянды издеспей, тас болып қатып қалады. Ай және Аягөз өзендері содан қалған дейді. Қашып жүрген Қозы мен Баянды Қодар тауып, тауда Қозыны өлтіреді. Қодарды Баян құдыққа түсіріп өлтіреді. Сол жерде Қодардың тас суреті қалған (Қызылқиядан тоғыз жарым шақырым, Кіші Аягөз жолында). Баян Қозыны азалап отырғанда, қырық шілтен оған үш күндік өмір береді. Баян да сол жерде өлген. Бейітті қыздың ата-анасы салдырады деп әңгімеленеді.

1898 жылы Пантусов жазып алған “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырының да аздап жаңалығы бар. Бұл жыр Кастанье аудармасына жуық. Мұнда да ұл Қарабайдікі, қыз Сарыбайдікі. Қарабай бал аштырып, екі жастың бақытсыздыққа ұшырайтынын білген соң, “тағдыр жазасынан” қорқып, ұлын Аягөзге алып қашады. Сарыбайдың әйелі Қарабай кеткен соң, Баянды қалмақтан асырап алған өгей баласы Қодарға қоспақ болады, Айбас бал аштырып, Қозының келетінін Баянға мәлімдейді. Қодар Қозыдан қашып, Алатауға көшеді. Ел көшкенде, Қозы жөнімді тапсын деп, Баян жолай алтын тарағын қалдырады, содан Алтын тарақ тауы қалған. Баянның үш қыз апасы өліп, Баян Қодарға Таңсық моласынан үлкен көл орнаттырады. Таңсық көлі содан қалған. Қодар көлге суды меспен тасиды. Көл жасаған Қодар үлкен қайрат иесі адам ретінде суреттеледі. Қозының Баянды іздеп шыққан жері мұнда да Кастанье нұсқасына ұқсайды. Қозының жолынан күркіреуік түйе, өткелсіз өзен, ит тұмсығы батпайтын орман, алдамшы түлкі, ін сияқтылар кездеседі. Бейітті Шөже жырындағыша керуендер салып береді.

Ескі әңгімелерінің әр алуанын еске алып қарасак, “Қозы Көрпеш – Баян” жайы көбінше екі жастың қайғылы қазасымен бітеді. Әуелі Қозы Көрпеш өледі, содан кейін ғашықтық дертінен Баян да өледі. Бұлар өлгеннен кейінгі бірнеше оқиғалар әр алуан баяндалады. Сол оқиғалардың бастысы: Баян мен Қозы қайтадан тіріліп (кей әңгімеде үш күнге, кейбірінде үш жылға, тағы бір кезде отыз бір жылға созылған), жаңа, бақытты өмір бастан кешіріседі.

Осы алуандас тағы бір оқиға Қозы мен Баянның бейіті және бастарына орнатылған мола турасында әр алуан болып айтылып, қайталап жүреді. Ауызша айтылатын аңыздың бірінде Қозы мен Баян екеуінің бейітінің үстінен екі гүл шығады да, біріне қарай бірі созылып ұмтыла өседі. Бірақ екі ғашықтың арасына қойылған Қодардың бейітінен көк тікен өсіп, жаңағы екі гүлді қоспай, айырып тұрады екен дейді. Бұлай болатын себебі Қодарды Баян қырық құлаш құдыққа түсіріп жіберіп, өзі кесекпен атып өлтірерде, Қодар айтқан сөз бар: “Тірлікте екеуіңді қоспап ем, өлсем де екі араңа көк тікен боп шығармын” депті. Осы тұсында “Қозы Көрпеш – Баян” жырының аяғы түгелімен қазаққа көршілес, туыстас Орта Азия елдерінің арасына мол жайылған “Таһир – Зуһра” атты халық дастанымен өзгеше ұқсас болып шығады.

Әсіресе сол жырдың түрікмен классик ақыны Молла Непес қайта жырлап, XVII–XIX ғасырлар жапсарында жарияланған түріне өзгеше үйлеседі. Ол жырдың аяғында да Таһир мен Зуһраны екі айырып келген Қарабек батыр екі ғашықтың ортасына жерленген болады. Ғашықтар бейіттерінен гүлдер шыққанда, Қарабек бейітінен көк тікен шығып, гүлдерді қоспай, айырып тұрады. Ол ғана емес, “Таһир – Зуһраның” жыры да әуелі екі жастың қайта тірілген жайын, содан соңғы көп жылға созылған бақытты ұзақ өмірін баян етеді. Екі ғашықты тірілтетін Ғайса мен Қызыр болады. “Қозы Көрпеш” жырында тірілтетін жалғыз Қызыр. Бұл саналған ұқсастықтардан басқа қазақ жырына “Таһир – Зуһраның” дастанындағы бар оқиғаның басы да ұқсас келеді. Онда да қартайған екі ата: біреуі хан, біреуі уәзір, перзентсіз жүріп, достықпен серт егіседі. Екіқабат әйелдерінің перзент күтіп жүрген шағында бірінен ұл, бірінен қыз туса, некелеп қоспақ болысады. Ұлдар туса, достар болсын дейді. Кейін балалар туғаннан соң ұлдың (Таһирдің) әкесі өледі де, қыз әкесі сертінен айнады. Кейін ол Таһирға жаулық етіп, ұлдың өліміне, қыздың қазасына, Қарабай тәрзіді, себепшінің басы болады.

Сол қастан әкенің көмегін көрген Қарабек деген батыр – қаскөй адам, Таһир мен Зуһраның тағы бір бас дұшпаны болады. Себебі ол Зуһраны әке көмегімен алмаққа бекінеді.

Осылайша “Қозы Көрпеш – Баян” жырына Орта Азиялық халық дастанының басы да, аяғы да ұқсас боп шыққанын көреміз. Бұл ұқсастықтың екі түрлі мәні-жайы бар. Бір жайы бойынша, “Қозы Көрпеш” жыры “Таһир – Зухра” жырынан ескі болғандықтан, өзінен кейін туған дастанға әсер еткен болу керек. Бұл пікірді сол Орта Азия елдерінің дастандарын зерттеуші бірнеше ғалымдар айтысқан болатын. Сонымен қатар, екінші жай бойынша, бір кезде өзі “Қозы Көрпеш” әңгімесінің негізінде туған “Таһир – Зухра” дастаны баспаға шығып, көп аузына жайылған соң енді XIX ғасырдың бас кезі, орта кезінде ауызда жүрген “Қозы Көрпешті” жырлаушы қазақ ақындарына (мысалы, Шөжеге, Жанаққа) жаңа мотивтер, әңгімелер қосуға дем берген, әсер еткен тәрізді. Сонымен, өлгеннен соң екі асықтың қайта тірілуі, оларды бір әңгімеде (“Таһир – Зухра”) Ғайса мен Қызыр пайғамбарлардың тірілтуі, екінші әңгімеде (“Қозы Көрпеште”) жалғыз Қызыр пайғамбардың тірілтуі, содан әрі бейіттер әңгімесі, гүлдер мен көк тікен аңызы – бәрі де “Қозы Көрпеш” жырына кітаптық дастанның кейіннен әкеп қосқан қоспасы боп айқын тұрғандай.

Жалпы, “Қозы Көрпеш” әңгімесін ендігі тексеру, зерттеуде “Алпамыс” жырымен де көп жайда ұқсастығы бар екенін, мол екенін және де ескеру керек. Байбөрі мен Байсары да қартайған шақтарына шейін перзент көрмеген, балаға зар аталар болады. Екеуінен туған ұл мен қызды Қарабай, Сарыбайша олар да ерте күнде ежеғабылмен атастырады. Кейін қыз әкесі, Қарабай сияқтанып, ұзаққа көшіп кетеді. Есі кірген ұл – Алпамыс жыраққа кеткен жарын жалғыз іздеп, жалғыздық тартыста жүріп, ғашық жарын табады. Бұл жайлар “Қозы Көрпеш – Баянның” көп оқиғалық тартыстарын еске түсіріп тұрғаны даусыз. “Қозы Көрпештей” қазақтың ескі бағы заман болмысын, санасын, салтын баян ететін жырды бұдан да арырақ дәуірлердің қисынға келетін жыр, аңыздарымен салғастыра тексеру теріс болмайды. Сонда ескі оғыздар эпосы болып саналатын “Ата Қорқыт кітабы” (“Китаби Дәдәм Қорқуд”) әңгімелерінің тобымен де шенестіре салғастыруға келетін жайлар бар.

Мысалы, “Дерсехан ұлы Бұғашхан” әңгімесі де Байбөрі, Байсары сияқты, Қарабай, Сарыбай сияқты пер-

зентсіз, тұрғылас көрілердің зар шерінен басталады. Сол оғыз дастандарының жинағы болған “Ата Қорқыт кітабында” тағы бір еске алуға тұратын аңыз дастан бар. Ол – “Бамсы-Бәйрек” әңгімесі. Бұл дастанның көп оқиғасы, тартысы “Алпамысқа” ұқсап келеді. Алпамысқа ұқсас тағы бір бала оқиғалары “Қозыға” да ұқсап кетуі ғажап емес. Ал, “Бамсы-Бәйрек”, “Алпамыс” әңгімелері алтайлықтардың “Алып-Манаш” деген дастанына тағы да ұқсайды. Бұл айтылып отырған жайлардың бәрі, тегінде, “Қозы Көрпеш” тәрізді қазақтың ең көрнекті, көп түрлі дастанын, ғашықтық жырын бір ғана қазақтағы варианттарын салыстырып тексерумен қанағаттану керек емес екенін аңғартады. Бірақ ол түрдегі салыстыра тексерулер арнаулы монографиялық іздену, шолудың нәтижесінде туады. Ал, біз әзірше бұл еңбек көлемінде жаңағы жайларды ескертумен қатар, әзірше “Қозы Көрпештің” қазақ ішінде сақталып қалған түрлерін айрықша, жекелей тексеруді мақсат етеміз. Соның өзінде де “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” атымен байланысты туған жырлар варианттары жоғарыда аталғандай көп және әр алуан. Енді сол жырлардың өздеріне айрықша тоқталамыз.

II

Бұл жырлардың бәрінде де хикаяның ақыры аянышты, қайғылы болып біткен. Бірақ кейбір нұсқаларында халық Баян мен Қозыны мұрат-мақсатына жеткізіп қояды. Бейсембай жыраудан жазылып алынған Жанақ нұсқасының аяғы осындай. Сүйте тұрса да, Жанақ нұсқасының тілі “Қозы Көрпеш – Баян” нұсқаларының көбінен көркем және бұл кезге дейін баспаға түсіп, жұртқа көбірек мәлім болған түрі болғандықтан, бұл еңбекте біз талдауды сол Жанақ нұсқасынан бастадық.

Жанақ нұсқасының мазмұны мынадай: он сан Ормамбет елінде Қарабай және Сарыбай дейтін екі бай болады. Қарабайдың тегі – түрікпен, Сарыбайдың тегі – ноғайлы. Қарабай мен Сарыбай Балталы, Бағаналы еліне көшіп келеді. Балталының елі, оның биі Тайлақ бұларға ерулік беріп, жақсы құрметтейді. Бірақ дүниеқор Қарабай Балталыға

көмек беруге жарамайды. Жомарт Сарыбай қойшының сыбағасын тоғыз қылып, сый-сияпатпен қайтарады. Балталы, Бағаналы елі Сарыбайға риза болып, оны өз елінің қадірлі адамы етіп таниды. Сарыбай мен Қарабай аңда жүріп дос болады. Екеуі де перзентсіз екен. Достық белгісі үшін екі бай іште жатқан екі баласын бір-біріне қосып, белқұда болады. Сарыбай өзінің ұлын көрместен буаз маралды Қарабай тілегі бойынша атқаны үшін қарғыс қаза табады. Қарабай “жетім ұлға қызымды бермеймін” деп, бұзыла көшеді. Антын жұтады. Жолай шөлден жылқысын өткізе алмай, сандалған жерінде Қодар ұшырасып, құдық қазып, Қарабайдың 90 мың жыл-қысын қырғыннан құтқарып, Аягөзге жеткізеді. Осының есесіне Қарабай Баянды Қодарға қоспақ болып серт етеді. Бірақ Баян оны сүймейді.

Қозы ержете бастаған соң, Тайлақ бидің інісі Айбас Қарабайдың қыз бермей кеткеніне арланып, Баянды іздеп шығады. Қыздың сәлемдемесін алып, Қозыға Баянның ғашықтығын мәлім етеді. Қозы ел-жұрты Балталымен қоштасып, мал-жанын Тайлақ биге тапсырып, Аягөзге барады. Елеусіз тазша болып, қой бағып жүріп Баянмен қосылады. Аңдушы кемпір осы сырды біліп, Қодарға айтады. Қодар мен Қарабай сол елдің жауыз биі Сасанмен ақылдасып, Қозыны тойға шақыртып, оған у береді. Бірақ Баянның апалары – Ай мен Таңсық Қозының қашып құтылуына жәрдем істейді. Баянға ғашық болған тоқсан жігіттің бірі Көсемсары еді. Ол Қодарға сыйыса алмаған соң, Шоқтеректе жатқан Қозыға келіп, екеуі дос болады. Баян күнде қыз апасын жұмсап, Қозыдан хабар алып тұрады. Қодар Шоқтерекке ұрланып келіп, ұйықтап жатқан Көсемсарыны Қозы деп өлтіреді. Бұл кезде Қозы түлкі қуып кеткендіктен, ажалдан аман қалады. Көсемсарының өлгенін біліп, Қозы Қодар мен Қарабайды өлтіреді. Ел қорыққаннан Баянды Қозыға қосады. Бұлардан Күлеп дейтін батыр туады.

Жырдың мазмұны осындай. Дұрысында “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырының басқа нұсқаларында өлетін Көсемсары емес, Қозы. Бұл жері өзгерген. Жанак, Бейсембай нұсқасының бұдан басқа да өзгешеліктері бар. Мәселен, мұнда Айбас құл емес, Тайлақ бидің інісі. Қарабай жағынан Са-

сан дейтін би қосылған. Баянға ғашық болатын тоқсан серінің ішінде Нұрқара бидің баласы Көсемсары мен Қаратоканың баласы Бұланқара дейтін батырлардың аты айтылады. Жанақ нұсқасының бергі жердегі Арғын, Найман ақындарының аузынан шыққаны көрініп тұр. Жырдың басында Сыбанбай, Жанақ, Бекбау сияқты айтушылардың аты көрсетіледі. Бұлар Қарабай мен Сарыбайдың көшіп келген елін Балталы деп жырлайды. Балталының биі Тайлақты дәріптейді, ...Қозының жұрты да Балталы болып шығады. Жер-су, адам, ел аттарын жырау мүлдем жаңартып алады. Мәселен, Семей, Лепсі, Үржар дейтін сөздер беріде шыққан ұғымдар. Қозы Көрпешті мұратына жеткізіп қою айтушының тілегінен туған өзгеріс сияқты. Бірақ біз Жанақ нұсқасының бұл жерінің бәрі де болған өзгеріс дейміз. Жырдың ең қызығы, әсерлі жері оның алғашқы бағытының сақталуында болуға тиіс. Сондықтан “Қозы Көрпеш – Баян” жырының аяқ жағын оның басқа жырларында айтылатын мазмұнына қарай талдадық.

Жырдың негізгі тақырыбы – әдет-ғұрып қиыншылығы, содан туатын ғашықтық. Жыршының айтуынша, ата-аналары бұл екеуін іште жатқан күнінде-ақ баталасып, қосып қояды. Жырдың бұл жері шығыс әдебиетінде көп ұшырайтын ғашықтық дастандарына ұқсайды. Әсіресе “Боз жігіт” киссасына ұқсастығы күшті сияқты.

Баян мен Қозы махаббаты да дәл сондай күшті, әсерлі, аянышты болып жырланған.

“Қозы Көрпеш — Баян сұлу” жырында ғашықтық тақырыбы қазақ халқының бұрынғы құрылысында, тарихында болған ескілікті салтпен нық байланысты. Ол салт – рушылдық, феодалдық қоғамдар туғызған, заң еткен салт. Әйел халін, жастар тағдырын аталық өмірмен, баталасумен сырттан шешетін заңды көреміз. Бұл өте ескі жыр болғандықтан, баталасудың ең бір көне түрі көрінеді. Ана құрсағында жатқан балалар “белқұда”, “ежеғабыл” деген шарт батамен қосылуға міндетті болады.

Жырдың жазбаға түскен барлық варианттарында осы мотив ауыспастан, ұдайы қайталап отырады. Барлығында да Қарабай мен Сарыбай баталасады да, екі әкенің бірі (бір вариантта Сарыбай, екінші вариантта Қарабай) сол бата шартты өз өлімімен, өз қанымен нығайтып, бекітіп,

енді қайтып бұзылмастай, өзгерместей етіп кетеді. Рушылдық, феодалдық құрылыстың санасында жыр жырлаған бұрынғы-соңғы ақындардың барлығы осы түйінді өз варианттарына негізгі сюжеттік себеп, арқау етіп алады. Ол сана бойынша жаңа туып, ержететін Қозы, Баяндай екі жас та осыны өздеріне өмірлік қарыз, міндет санап, жыр бойында арман етіп көксейді. Сол жолда алысып, талпынумен барлық негізгі варианттардың ақырында трагедиялық қазаға ұшырайды.

Ғашықтық турасындағы романтикалық эпос, сөйтіп, бұрынғы қоғамдық құрылыстың ерекше ескі салтымен дәлелденіп жырланады. Жырдың ұзақ бойында ол салтты “теріс еді, ежеғабыл өрескел кертартпа, ауыр салт еді” деп, сынап қарау, мінеп-шенеу жоқ.

Қозы Көрпештің біз талдап тексеретін Жанақ вариантын, аяқ кезіндегі Бейсембай қосқан жасанды өзгерісіне қарамай, барлық композициялық құрылысымен алсақ, мінеп-сынағанда салттың өзін кінәламайды. Тек сол батаны бұзған сараң, қатал, құлқыны жаман, арам кеуде Қарабайды жауыз етеді. Сол батаны бұзам деп, жастардың ажалына себеп болды, қиянатшыл ата, құнсыз жан болды деп суреттейді. Негізгі ғашықтық сияқты, романтикалық тақырыпқа құрылған лиро-эпос “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” барлық дүние жүзіндегі фольклорда кездесетін, осы алуандас романтикалық эпостардың заңы бойынша өрбиді. Өзінің композициялық құрылысында адам мінезін, көп тартыстарын, психологиялық ішкі сезім дүниесін тереңдеп, шеберлеп берумен қалыптанады. Сонда Қарабай психологиясы неше алуан міннен, сорақылықтан, өрескелдіктен құрылған болады. Өзі тоқсан мың жылқы айдаған, бірақ ешбір жанға, тіпті өзінен туған баласына да рақымы, мейірі жоқ обыр бай, жауыз, қомағай бай болады. Оның бейнесінде жыр халыққа аса жиренішті, қоғам мен жеке адамдар тіршілігіне қастық, зиянды сипаттарды әшкере-леп, таңбалайды. Осы жаманшылықтар қатарында Қарабайдың әсіресе өрескел, қиянаткер ісінің бірі етіп, жаңағы бата бұзуын, жастарды сорлауын қосалқы арқау етеді.

Сол жайлар психологиялық шебер, қиын түйіндерге құрылады. Композицияның күрделі, шытырман байланыстарын қалыптайды. Бұл жағынан қарасақ, Қарабай екі жақ-

ты, контрасты іс, мінездер көрсетіп отырады. Ол әуелгі баталасушының біреуі өзі болғандықтан, жастарды қосушы да өзі. Кейін бата бұзушы болғандықтан, өзі қосқан жастардың тағдырын бұзамын, күйретемін деп, алысушы да өзі. Жанақтың шеберлеп құрған сюжеттік композициялық вариантында екі жастың трагедиясы Қарабайдың: “жетім ұлға қыз бермеймін” деп, “мені жұтатын жалмауыз туыпты” деп, “тумай жатып әкесін жалмады” деп, айнуынан басталады. Осының бәрін сұмдық белгілердей танып, құдалықтан, батадан бұзылуы жыр ішінде құрылатын ең алғашқы үлкен тартыс, түйін болады. Содан әрі Қарабай көше қашады. Көш Жанақтың шебер жырлауында соншалық ұзақ, шексіз шарлауға айналады. Ақырында ит арқасы қиянға, көз көрмес, құлақ естімеске Баянды алып қашып, Қозыдан жырақтатып әкетеді. Бұл әрекеттің барлығы да, жалғыз ең алғаш түйілген тартыс түйінінің ілгері қарай дами түсіп, өскелеңдеп, шиеленіп, қиындай беруінің жолдары. Баян мен Қозыны кейін де қоспас үшін жас қыздың басын жаңа серт, уәдемен тағы шырмайды. Өзінің күнсыз, арам көңілі малына табынған Қарабай тоқсан мыңның қырылып өлетін қазалы кезеңіне келіп шырмалады. Сонда мұның бар арманын орындап, тоқсан мыңды аман алып қалатын Қодарға Қарабай барынша табынатын болады. Баянды Қозыға қоспаймын деп жүрген талабы бойынша, өзі табынған қара күш иесі Қодарға қоса табындырмақ болады. Меншікті етіп, басын байлап беруге тырысады. Алып қайратын көрсетіп, тоқсан мыңды жалғыз өзі аман алып шыққан Қодарға Қарабай Баянды қалыңмалсыз, қарызсыз бермек болады. Анығында Баян қалыңмалсыз тиген емес, тоқсан мың жылқы қалыңмал берген Қодарға, соның қарызын өтеу орайына, ақыға берілген қыз болады. Бұл кезеңде Қодар да, Жанақ айтуынша, оның шеберлеген психологиялық реалдық мотивтері бойынша, жазықты емес. Себебі Қарабай бұл қызын “басқаға батамен атастырған қыз еді” деп айтпайды. Қодар болса, адал ақы еңбегіме, жүлдеме алатын сыбағам деп ұғынады. Сөйтіп, әуелі Қозы іздеп таппастай алысқа шырқап кеткен Баян, енді және де қолға түспес қиынға, қияға кетіп, жырақтай береді. Бұрын Қарабай қарсылығы, үлкен тартыс әрекеті жастардың қосылуына бір бөгет болса, енді

Қодар басына берілген ерік қыз айналасына тас қорғандай орнайды. Қиын қамау болып, тағы да қат-қабаттай түседі. Баян айналасында Қозыға мұны бұйыртпастай етіп әкенің ендігі ықтияры, Қодардың ендігі алып қуаты мен орынды талабы бірнеше қабат жаулық болып, тұтасып жатады.

Бірақ осыншалық қарсылықтарды жастардың ғашықтық талаптарының жолына бөгет қылып қоюшы Қарабайдың екінші бір әлсіз, дәрменсіз, шарасыздық жағы тағы бар. Жырдың жоғарыда айтылған рушылдық санасы бойынша, жыршының құптайтын ежеғабыл салты бойынша, Қарабай қанша әлек салып арпалысқанмен, батаны бұзуға дәрменсіз. Себебі бата екеудің арасында, екі атаның туар өмір алдында бірігіп отырып жасаған байлауы болатын. Ол бұзылса, тек сол екеуінің қайтадан бірігіп отырып ынтымақпен ғана бұзуына болады. Бірақ жырда сол қайта бұзуды мүмкін етпес үшін әңгіме Сарыбайды алғашқы батаның үстінде, сол сәттің өзінде құрбан етіп қойған. Ол тағдыр кітабына жазылғандай, бата байлау бұзылуға мүмкін емес. Оны жоқтаушылар да шығады. Сол жоқтаушылар қаншалық әлсіз болса да, қаншалық аз, көмексіз болса да, “біз бармыз, батаның орындалуын біз жоқтаймыз, бізге жол бересің” деп шыққан халде, барлық мықты, дүлей, бітеу кеуде қарсылық, жауыздық күштің барлығы еріксіз әлсіремей қоя алмайды. Ол жоқшылар жыр ішінде біріне-бірі көрместен-ақ аңсап, ынтыға құштар болып, ғашықтық жалынмен ұмтылатын Қозы мен Баян болады. Бұл екеуінің ғашықтығын әуелде бата бұйырып, шешіп қойса, кейін Қарабай әрекеттерімен қатар, әлсіз ғана болса да, бірақ үзілмей ширатыла созылып отыратын нәзік сыршыл бір мотивтер жалғастырып өсіре береді. Жанақтың композициялық құрылысы Ай мен Таңсықты батадан кейін туар ғашықтықтың екінші сатыдағы жақтаушысы етеді.

Қарабай көше қашарда Қозының жөргегінің үстінде:

Баянды бермей кетер саған боқты,

Айым, күнім атарсың қазалы оқты, –

деумен екі қыз алыс-тартыстың, Қарабайға қарсылықтың сюжеттік желісін бастайды. Содан Қарабай Баянды айырып әкеттім деп, ұзақ шырқап кешіп жүрген кезде, жаңағы екі жасты жалғастыратын ғашықтықтың тілеулестік жыры

Баянның бесігінің үстінде үзілмей жырланып созыла береді. Содан әрі, Баян өсіп жеткенше, кейін Қозы өктеп талпынып келгенше, қыздың өзі өсумен бірге ішіндегі ғашықтық та, Қозы деген арман да бірге ұлғайып, дамып өсе түседі.

Баян ержеткен кезде Қозы жағынан келуші Айбас, екі жастың арасына Ай мен Таңсыққа қосылып септеуші болады. Екеуін бар арман-мүдделерімен жалғастырып қосушы қайрат иесі батыр дос болады. Жыр сюжеті қатал қайсар қарсылықтың қара күшіне бұрын әндей, жырдай нәзік қыздар наразылығын қарсы қойса, енді әділ кекті, әділ намысты бел қылған елеулі қайратты да алысушы етеді. Бұл оқиғалар араласу арқылы жыр ішіндегі психологиялық, драмалық тартыстар қиындалып, күрделі болып түйіліп, өскелеңдей түседі.

Жырдың осыдан арғы композициялық дамуында Қозы мен Баян біріне-бірі талпынған ғашықтар, Қодар арадағы үшінші қаскөй күш болады. Барлық романтикалық эпостарда, поэмаларда жүретін қиянатшы, айырушы болып қалыптана береді. Ол жағында жырдың композициясы дүние жүзілік фольклорда, ескілікті поэмаларда болатын дағдылы сюжеттік схемадан көп шалғай кетпейді. Соның көбіне ұқсас болып баяндалады.

Жырдың алғашқы бөлімінде Қодардың Баянға деген талабын оның еңбек ері болған өрен қайратымен және Қарабай малына сіңген еңбегімен орынды деп дәлелдесе, жырдың екінші бөлімінде Баян – Қозы бірігіп және ғашық болысып, жыр басындағы аталған алғашқы тартыс мүддесін орындаушылар болып шыққан кезде, Қодар енді зорлықшыл, қиянатшыл қара күштің жиынтық бейнесі ретінде кейіптеледі. Малынан басқа досы да, туысы да жоқ жауыз бай – Қарабайдың қара шоқпары, қараңғы күш есебіндегі сұмырай серігі болып шығады.

Жанақ вариантында кейін Бейсембайдың қосқан аяқтауы – жалпы “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырына жанаспайтын өрескел, орынсыз жамау. Бірақ ол тегін жамау емес, халық айтып жүрген жырға халық ұғымынан тыс, үстем тап санасының өкілі болған ақынның қосқан жамауы. Бұл жырдың бұрынғы барлық варианттарында үнемі келетін бір идея, күрделі, көрнекті идея бар еді.

Бұрынғы салт пен заңдардың жастар тағдырын сорлата-тын заңдар екенін тереңдеп, қамтып мінесе де, Қозы мен Баянның трагедиялық халі арқылы зор ауыртпалықтар-ды, толып жатқан қоғамдық қайшылықтар арқылы, объективтік шындықпен ашу бар-ды. Сондықтан жырдың бұрынғы құрылыс қалпында ол күндегі салттың міні көрінетін. Ол замандағы жастардың соры әңгіме етілетін еді. Талай жақсы жастар, иелер жазықсыз таза арманда-рымен шер шырмап, зар жұтып, қанды қаза тауып еді де-ген, дұрыс идеяны жыр барлық мазмұнымен танытушы еді. Мынау Бейсембай қосқан қоспа сол қоғамдық ерсілік қайшылықтарды жамап-жасқап, жоқ етеді. Белгілі шамаға шейін болса да, сыншы ойы бар жырды халық ұғымына жат, жалған жамаумен жұқалап, жеңілдетеді, арзандатып әкетеді. Сол заманда, сол жастар ырыс тауып, дегеніне жетіп, бақ мерейлі болыпты деген идеяға әкеп соғады.

Анығында “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” әңгімесінің аяғы, Бейсембай айтқандай, мұратқа жетумен бітетін болса, онда бұрынғы заманда бұл оқиға жыр да болмас еді. Тіпті азған-тай аңыз да болмай, елеусіз қалар еді де қояр еді. Олар жайының жыр болуы, шынында, екі жастың бір арман жолында жалындап жанып, ынтыға ұмтылып, қайғылы қаза табуынан туған. Қозы мен Баян жайын ғасырлар бойы қазақ халқының жыр етіп сақтауына, ақындардың талай буында-ры қызығып жырлауына себепші болған шындық осы. Біз осы айтылған тексерулермен, “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырының өзіміз талдауға алған Жанақ вариантындағы композициясын, идеясы мен сюжеттік құрылысын талдап өттік. Енді жыр ішіндегі басты образдарының айрықша қалыптанған тұлғаларына бөлек-бөлек тоқтаймыз.

Жырдың бас геройы Қозы Көрпеш жастайынан еркін махаббат аңсаған және ер болып суреттеледі. Оның ісі әділ, мінез-құлқы ұнамды. Айбас Баянның ғашықтығын білдіріп, Қозыға алтын жүзік сәлемдеме әкеліп бергенде, жігіт те қызға көрместен ғашық болады. Қозы жолда тұрған қауіпті қиыншылықтарға қарамастан, өзін ғашық жар жолына құрбан етеді. Шешесімен қоштасқан сөзінде:

Алдымда неше қатар тұрса да оқ,
Тартынып бұл сапардан қалуым жоқ,

Сұлуын дүниенің жисаң-дағы,
Бір жарымдай болмайды көңіліме тоқ, –

дейді.

Қозы Көрпеш Баянды іздеп тауып, оған сырласудың амалын таба алмай, қой жайып жүргенде:

Дүниеде ғашық қатты екен,
Көңілді бұған бұрғызды.
Бере ме тәңірім, бермей ме?!
Ынтықты болған бір қызды.
Қосылғанша мен соған,
Ішіме қайғы толғызды, –

деп зарланады.

Қозы Баянның жолында жапа шегіп, құлқыны жаман Қарабайдың жалшылығында азапты өмір кешіреді. Елі-жұртынан безеді. Баянға тез қосыла алмағанын арман етеді. Сөйтсе де, ол өзіне-өзі дем, қуат беріп:

Сенен басқа хор қызы
Болса да, көңіл салмаспын.
Шашы күміс, басы алтын
Болса-дағы алмаспын.
Танымасаң, қыз Баян,
Танытқалы бармаспын.
Сені алмасам осы жол,
Тірі де жүріп оңбаспын, –

деп ант-серт айтады. Қозының алған мақсатынан қайтпайтын ер көңіл, опалы ғашық екенін оның алдында тұрған бөгеттерді жеңіп өтуінен де байқауға болады. Жоғарғы айтылған нұсқаларында Қозы Баянның жолына өзінде бардың бәрін құрбан етеді. Жылқысын жауға, түйесін шөлге, қойын аш қасқырға тапсырады:

Ақылым бұл уақытта зерек емес,
Көп тұрса, ертеңгі күн болады кеш.
Сансыз жылқы, сан қойым қалса артымда,
Бір күнде қырылса да керек емес, –

деп, Қозы мал-дәулеттің бәрін тәркі етеді.

Қозы жолында тұрған екінші бір қиын бөгет – артында қалып бара жатқан жалғыз анасы, елі-жұрты еді. 1909 жылы Қазанда басылған “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырында Қозы “Сапарыңды қи, барма” деген жалғыз анасының да айтқанын істемейді. Сол үшін анасынан теріс бата алады. Ананың ықтиярынсыз сапар шегеді. Жанақ нұсқасында бұл жер мүлдем өзгертілген. Баласының алған бетінен қайтпайтынын білген соң:

Қапы қалма, қарағым, дұшпаның көп,
Жолың болсын, бар енді рұқсат бердім, –

деп, шешесі оң батасын береді. Сол сияқты Тайлақ та Қозыға оң батасын береді.

Шырағым, қайратыңа көңілім еріп,
Мен келдім қалайын деп сені көріп,
Токтатар сапарымды деп ойлама,
Амандасып қаламын бата беріп, –

дейді. Сөйтіп, Қарабайдың барған ел-жұрты бастығы Сасан би болып, Қодар жағына болысса, Балталы жұрты басы Тайлақ болып, Қозыға болысады. Жанақ жырында Қозы халыққа арқа сүйенсе, жырдың өзге нұсқаларында жалғыз шабады. Ата-ана, ел-жұртының оң батасын алған жерде Қозы мықты жауларын жеңіп, Баянға қосылады да, жалғыз шапқан жерде арманына жете алмай, мерт болады.

Қозының мақсатына жетуіне жол бермейтін үшінші қырсық тілсіз жау болған – табиғат бөгеті. Бұл бөгет – мыстан кемпір, түйе, орман, қасқыр, түлкі, шөлстан. Оқиғаның аяғы қайғылы болып біткен Қозы шөлстанда арып-ашады, зарығады, тарығады. Бұл бөгеттер Қозының жалғыздығын, айласыздығын, жапалы мүскін, жаралы ғашық екенін білдіреді. Жанақ нұсқасында Қозы бұл бөгеттерді оңай жеңеді. Қозының шөлде жүдеп жатқаны шешесінің түсіне кіріп, бүкіл елі жиылып, Қозының тілегін тілеп, құрбандық шалады. Жұрттың тілеуіне сай шөлде аты арып, өзі қамығып жатқан Қозыға бір ақ сақалды кісі жолығып, бата береді. Бұдан кейін Қозы Аягөзге жетеді.

Қозы алдында тұрған төртінші бөгет – Қарабайдың опасыздығы, Қодардың жауыздығы еді. Шөже жырында осы жауыздық Қозының түбіне жетеді. Жанақ – Бейсембайда жырдың аяғы қуанышты болып біткендіктен, трагедия болмағандықтан, ер, айлашыл Қозы бұл бөгетті де жеңіп шығады.

Жанақ жырында оның жеңімпаздық сипаты күшейтілген. Қодардың ауыр балғасын ол ұршықша ойнатады, өзін аттан аударып алып, қабырғасын күйретеді. Бойы кең, күші басым болғандықтан, ол Қодарды өлтірмейді, көп елемейді. Жанақ жырында қара ниет Қарабай мен мысық тілеулі Қодар Қозының қолынан сазайын табады.

Бірақ Қозының аңғалдық, ақ бейілдік, сенгіштік сипаттары күшті. Өзінің ата жауы Қодармен ол дос болады. Сасан би Қозыны тойға шақырып алып, өлтірмек болғанда, қауіпке бір өзі қарсы барады. Жанақ жырында сонымен қатар Қозы тым айлашыл, ақылды, тапқыр болып та кетеді. Бұл осы жырдың жалпы композициялық жүйесінен туған жай. Сондықтан Қозы қандай қиыншылықтан болса да құтыла береді. Сасандар у бергенде, Баянның отауында жау ортасына түскенде де Қозы дұшпанына пенде болмайды.

Қозының ерекше бір жақсы сипаты – әділдігі, ізгі мінезділігі, адамгершілігі. Ол досы түгіл, жауына да жамандық ойламайды. Әр нәрсеге ақ ниет, адал жүрегімен келеді. Қиянат, зорлықтың жолына түспейді, сол үшін еліне де қадірлі. Көсемсары сияқты жауларын да өзіне тартып дос етеді. Жырда айтушының да, тыңдаушының да бар тілегі Қозы жағында отырады.

Жоғарыдағы тағы бір басты қаһарманның бірі – Баян. Оқиға желісінің өзі де осы Баян үшін болған тартыстан басталып, Баянның өзін-өзі ғашықтық жолына құрбан етуімен аяқталады. Қозы сияқты, Баян да ескі әдет-ғұрыптың торынан құтылуға талпынған жас. Жырдың желісіне, Қарабай, Қодар сияқты жандардың қиянатына қарағанда, Баян заманының тым қараңғы меңіреу, әділетсіз болғаны байқалады. Ол кезде Баян сияқты өзінің сүйгеніне қолы жетпей, арманда өткен қазақ қыздары аз емес-ті. Баян осы әділетсіздіктің, аталық, феодалдық кертартпа салттың құрбаны.

Баян – ақылды, өр мінезді қыз. Өзінің сүйіспеншілік сезімін ажалдан да жоғары бағалайды, оған кір жұққызбайды. Оның махаббат жолындағы қасиетті ерлігі жер жүзі дастандарында, ең көркем үлгілерде ғана ұшырайтын зор қасиет болып суреттеледі. Жырдың осы сияқты ерекше сырын орыс ғалымдары да ірі бағалаған. Қазақ ауыз әдебиетінде “Қозы Көрпеш – Баян сұлудай” даңқы мол жайылған жыр жоқ деуге болады.

Қозы мен Баянның махаббаты іштен туа болған дедік. Мұнысы шығыстың атақты махаббат жыры “Ләйлі мен Мәжнүннің” сүйіспеншілігіне ұқсайды және екі жастың сүйіспеншілігі де ерекше күшті, берік болады. Бұл дүниеде қосылуға тағдыр қоспаған соң, екеуі ол дүниеде қосылады дейді. Жырдың тұсына діншіл жыршылардың ұғым, нанымдары да әсер еткен. Қозы келген жерде Баян да өледі. Баян мен Қозы өзінің Қарабайдай қатал ата бұйырған тағдырына қарсы тұрады. Жырдың ең күшті тартысы осы қиыншылық, қақтығыста. Әйелдің ғашықтық жолында алысуы шығыста Жүсіпке ғашық болған Зылихадан басталады. Бірақ Зылиха тек азап қана шегеді, зарығады, тарығады. Ақыры дегеніне жетеді. Ал, Баян азаптан ажалды артық көреді. Низами жырлайтын “Қысырау мен Шырын” жырында да Шырын Иран патшасы Қысырауға тиіп, оның баласы Шируя өз әкесін өлтіріп, өгей шешесі Шырынды алмақ болғанда, Шырын Қысыраудың бейітіне барып, өзіне-өзі қанжар салып өледі. Баян мен Қозы трагедиясы бұдан да гөрі аяныштырақ. Себебі мұнда екі ғашық бір-біріне мүлде қосыла алмай кетеді. Баян жырының трагедиясы Науаи жырлайтын “Фархад – Шырын” дастанындағы Фархад моласында өлетін Шырынға ұқсайды.

Баянның Қозыға кейін ғашық болатын жайын Қарабайдың екі қызы Ай мен Таңсық сөздерінен байқатады. Балталыдан ауа көшер жерде:

Қозыке, піспей қалған сіз бір алма,
Бойыңа қуат бітіп, күш толар ма,
Қозы Көрпеш күйеу боп, біз қайын боп,
Иілісіп тұратын күн болар ма? –

деп, екі қыз бесікте жатқан Қозыға жас Баянды қосуды арман етеді. Сол Қозы мен Баянға да арман – серт болсын

деп, тілек арнайды. Қозы ержете бастаған соң, Баянды іздеп барғанда, үш қыз оған:

Сәлем де олай болса дұғай-дұғай,
Біз жүреміз қайысында жылай-жылай, –

деп зарланады. Шөже жырында Баян Қозыға апаларының айтуымен сырттан ғашық болады.

Сәлем де ініңізге, іздеп келсін,
Келмесе, сорлы Баян дегені өлсін.
Көңілім кетті Қозыға, жаным мұнда,
Айтқан сөзді ініңіз қабыл көрсін! –

дейді.

Екінші бір сөзінде:

Құдая, сапарыңа дем бере көр,
Ағаеке-ау, жылдамырақ жөнеле көр, –

деп, Баян ғашық жарын көруге асығады, ынтызарлық мінежатын айтады. Бұдан әрі Баянның махаббаты дамылсыз өрлеп, күшейе береді.

Анда-санда болмаса сөйлеспейді,
Жалғыз жатып Қозы үшін қылады зар.

Қыз махаббатының қуаты әсіресе Қозының өлімі үстінде көрінеді. Қарабай Қозының өлгенін естіріп: “Қозыкеден артыққа қосамын, жылама” дегенде, Баян:

Етегімді жел ашып жүрген емен,
Қозыкеден басқамен күлген емен,
Әке, неке қи-дағы, енді өзің ал,
Елден бура салғандай інген емен, –

деп, ашынған ызалы, қайғылы сезімдерін қатал кекесінмен білдіреді. Бұрын Баян ата-анасына ашық қарсы келмеуші еді, бұл жолы атадан да, ата-ананың дәстүрінен де қол үзеді:

Баян сұлу қолына айна алады,
Қозыкеден айрылып қиналады.
Өзіменен қосылып зарлансын деп,
Ботасы өлген бозінген қолға алады.

Баян жібек белбеуін белден шешті,
Қозыкеден айрылып күйге түсті.
Баян сұлу тұра алмай, жұртта қалды,
Ертең тұра Қарабай аулы көшті.

Қаралы Баян Қозының дертінен орнынан тұра алмай,
жұртта қалады.

Шөже жырындағы Баянның Қозыкені жоқтауы да ауыр
толғау, ащы зармен келеді:

Ботасы өлген бозінген алып келдім,
Мен Баян, тал отындай жанып келдім.
Қодар құлды құдыққа құлаттым да,
Аза тұтып басында налып келдім.

Қозыкем, жатырмысың жер бауырлап,
Қарға жүнді қамыс оқ соны ауырлап.
Тұрар болсаң, тұр-сана, Қозыкежан,
Құдай қосқан қосағың келді зарлап!

Баян мен Қозы екі жақ бірдей сүйісіп қосылған,
жұбайылық некені жақтайды. Осы Шөже жырында жылап
отырған Баянның түсіне Қырық шілтен еніп: “Қозыға неше
күндік өмір тілейсің?” – деп сұрайды. Сонда Баян: “Ұзақ
өмір тілеп мен неғылайын, үш күн, үш түн ойнасам, бо-
лар”, – дейді. Қырық шілтен: “Артығырақ сұрамадың
ба?” – десе де, Баян үш күннен артық өмір сұрамайды.

Баян жастың тілеуін құдай берді,
Ер Қозыке сілкініп тұра келді.
Шын ғашықтың жандары өзінде емес,
Үш күн, үш түн бас қосып дәуір сүрді.

Шөже жырының бұл жері Қозы мен Баянның арманды
махаббатын аяп, жоқтап, күшейту үшін қосылған. Бұл
қиял, бірақ Баянның өлер алдындағы жалғыз талшық жұба-
нышындай. Тірлікте жетпеген арманға тым құрса түс қиял-
мен жеткенде, сол жұбаныш болсын дегендей. Бұдан әрі
құшақтасып өліп жатқан екі ғашықтың үстіне қырықтың
бірі Қызыр душар болады. Қараса:

Екеуі жатыр екен мойындасып,
Құшақтап, бірін-бірі қойындасып.

Өлі десе, ажары бір тайған жоқ,
Тірі десе, жайы жоқ нұры тасып.

Қызыр “жаралған жеті ғашықтың бірі екен деп” дұға оқып, екеуіне отыз бір жылдық өмір беріп, қайта қосады. Бұл да халықтың Баян мен Қозы оқиғасына жаны ашығаннан туғызған қоспасы. Мұндай қоспа Баян мен Қозының бейіті жайында айтылған бір ертегіде бар. Қозының бейітіне екі гүл шығыпты, оның ортасына бір тікен бітіпті. Гүлдер – Қозы, Баян, екеуінің ортасына шыққан көк тікен Қодар екен деседі.

Баян – алған бетінен қайтпайтын ержүрек қыз, шын опалы жар. Шөже жырының артында:

Қозыке мен Баянның болған шағы,
Бәйшешектей қуарып солған шағы.
Қозыке өлген жерінде Баян да өлген,
Әркімнің сондай болсын алған жары, –

деп, Баянның ел ардақтысы, ерге арман болған жар екенін дәріптейді.

Баян – жұрттан асқан сұлу қыз. Оның сұлулығын, даңқын естіп:

Тоқсанбайдың баласы тоқсан серің
Сыртынан көзі көрмей ғашық болған, –

дейді жыр. Мұның бәрі де ғашық болып жаһан кезген адамдар еді. Баян бұларға ойыспайды. Осылардың ішіндегі ең көзге ілінері Қодар болса, оған да іші әсте жібімейді:

Қара көзін қан басып қарағанда,
Маңына жоламайды Қодар үркіп.

Баянға тек сүйген жары ғана қымбат. Осы жолда ол жалғыз Қодармен ғана күрескен жоқ, атасы Қарабаймен де, бүкіл елі-жұртымен де ұзақ күреседі. Баян жауымен күресе білетін әрі ақылды, әрі қайратты қыз. Сол қайратты бітімін Баян Қозы өлген соң аса айқын көрсетеді. Өзге ғашықтық жырларда ұшырамайтын, әсіресе ғашық әйел жасамайтын қайрат көрінеді.

Баян арманда кеткен жары үшін өзі кек алады. Қодарды құдыққа түсіріп, кесекпен атып өлтіреді. Бұл әрекетте

халық жыры қазақ қызын ғашықтық үшін алысуды үгіттейді. Кескілескен кектен де тартынбай, өзің алыс, жан аямай, жауыздықты жазалап алыс дейді. Мұнда өмір үшін алысудың реалистік талабы – психологиялық терең сырға жетеді. Құр аһ ұру мен өлу аз, қатал қайрат, қатты кек болсын. Содан да өз қолың, өз жүрегің тартынбасын. Жасып жылап өлмей, жарғыласып, адал арманыңды ақтап өл деген, тәрбиелік сананы көрсетеді.

Жырда мінез-құлқы, іс-әрекеті аса толық суреттелген жанның бірі – Қарабай. Оның айқын сипатының бірі – сараңдық, малқұмарлық, құны жаман қомағай байлық. Малдәулет қасында оған туған ел, дос-жар, іштен шыққан баланың көз жасы түк емес. Бұл жағынан ол Шықбермес Шығайбайға, қарғыс бейнелі Қарынбайға тартқан. Елдің жауыз байды жиренішті етіп көрсеткен бір мол көрінісі осы образда. Сексен бес жасқа келген Қарабайдың бәйбішесі қыз туып, бір сақау қатын өліп-өшіп Қарабайдан сүйінші сұрай келгенде, құлқыны жаман бай оны “былшылдама” деп сөйлетпейді. Әйел сонда да:

Қартайғанда көріпсіз бір перзентті,
Шыныменен бір шапан бермейсіз бе! –

дегенде:

Сегіз өрме, бұзау тіс қамшысы бар,
Сақауыңды кетеді бартылдатып, –

деп сипаттайды жыр.

Тоқсан мың жылқысы бар Қарабайдың пейілі сонша тар, сараңдығының үстіне Қарабай малын ішіп-жеуге кимайтын нағыз сасық бай. Жырда ақын оны:

Тоқсан мың жылқы айдаған бай болса да,
Үйінде сілкіп киер шапаны жоқ, –

деп бейнелейді. “Ұнамаған адамға шөл арықпын, қулық қылған кісіге қас шұнақпын” дейтін сөздерді Қарабай үнемі мерзім алған. Қарабайдың жүрегі үнемі аяуды білмейді, жақсылыққа меңіреу, Сарыбай “үйдегі кісіміз жүкті” деп, буаз маралды атпағанда, “өлсем де бір тояйын, атып берші” деп, Сарыбайға зорлық істейді және:

Кез келген сен атпайсың бұйрықты анды,
Достықтан шыныңменен безгенің бе, –

дейді.

Достығын ол бір маралға сатуға бар. Өйткені марал оған азық, үнем, табыс.

Антына опашыл Сарыбай киікті атам деп қаза табады. Сонда Қарабай:

Қасында Сарыбайға қарамайды,
Маралдың жаны шықпай ішін жарды.
Ішінен қос қодығы мөңіреп шықты,
Қодығын тыпырлатып бауыздайды.

Бұл мейірімсіз қара жүректің белгісі еді. Ондай адам ешкіммен еміреніп дос болмақшы емес. Болам десе де, оған мән бермейді, опа таптырмайды. Ол Сарыбай өлейін деп жатқанда, досының басын сүйеуге де жарамайды.

Маралды егіз қодығын теңдеп алып,
Достасын бек сөйлескен кетті тастап.

Мал қызығына батқан дүниеқор, сараң Қарабайда ар, ұят, әділет жоқ. Ол – ерге де, елге де опасыз, тасбауыр, өзімшіл. Сарыбай өлген соң, Қарабай бата оқуды ойлап, жиырма шапан, тоқсан саба қымыз әзірлеп, Сарыбайдың аулына бармақ болады. Бірақ өзі әуелі салт барып, баланы көреді де:

Мені жұтар жалмауыз туыпты деп,
Тантық шал Бақа айғырға міне қашты, –

дейді.

Қарабайдың малсақ, қызғаныштығы ілезде күш алып, ол баяғы Сарыбайға берген антын бұзады. Қайтып келіп, тоқсан нарға теңдеген сабаларды пышақпен жарып тастайды. Ақты төгеді, ақ ниеттен таяды. Ақты төгу, ант бұзу – қазақ ұғымында үлкен кесепаттық. Жырда Қарабайдың осы мінезі жақсы көрсетілген. Жанақ Қарабайдың рақымсыздығын оның осы мінез-құлқы, пейілінен деп табады.

Қарабайда мейірім, адамгершілік жоқ. Адамды бағаламайды. Соның ішінде өзегін жарып шыққан баласына да мейірімсіз, қатты.

Жас құлыным қырылды тамам, Қодар,
Бір су тауып бере көр маған, Қодар,
Сен шөлдетпей малымды алып өтсең,
Ақ Баянды беремін саған, Қодар! —

деп, өзінің қызын жылқыны шөлстаннан аман алып өтпекші болған Қодарға беруге уәде қылады. Жас қыздың бақытсыздығына себепші болады.

Қарабайдың мейірімсіздігі жатбауыр тұрпайылыққа айналған. Ол адам баласын сүймейді, жиренеді, елден-жұрттан қашады. Ақын Қарабайдың сараңдық, өзімшілдігін соншалық терең, дәлелді етіп суреттейді. Халықтан қашқан дүниеқор, қара көңіл Қарабай жырда кейде алаңғасар, ақымақ ретінде көрсетіледі де, ақын оған сықақ қолданады. Бірақ, сонымен қатар Қарабайдың қаттылығын басынан аяғына дейін бәсеңдетпей, барған сайын тереңдетіп, күшейте береді. Мұның аяғы қайғылы трагедияға соқтырады. Қарабай кейпі — халықтың, елдің сипатын қорлайтын, бұрынғы құнсыз байлар тұрмысының ең зиянды, жаман мінездерінің жиынтығы.

Қарабайдың кейбір іс-әрекеті арқылы жыр бұрынғы шаруашылық салттың міндерін де сынап, шенейді. Ол әсіресе көшпелі салтты сынау түрінде, Жанақ вариантында толық суреттелген. Сахараның дауылы қуған қаңбақтай баянсыз, тынымсыз болып Қарабайдың үрдіс, ұзақ көшулері жырдың құптаған, қостаған жайы емес. Мал аяғымен бірге, байыздамай, қоныстамай, кезбелікке салыну сорлылық, сорақылық есепті сыналады.

Мұнда бір Қарабай емес, бұрынғы шаруашылық құрылыстың, кезбе жабайылық салттың жалпы қазақ байларында болған, көпшілік тірлігінде болған құнарсыз күйі сыналады. Және сондай шаруа қалпында еңбекті қанаудың түрлері де көрінеді. Қарабай сараң, малқор, құрдым бай өзінің малын баққызған топты жанды айлалап, тәсіл қулықпен тұсап ұстайды. Тоқсан мың соңында қысы-жазы тынымсыз жүретін тоқсан құл тегін алынбаған. Бұлар басында “тоқсан сері” десе де, кейін тоқсан құл болып кетеді. Қарабай бастығын Қодар етіп, бұның бәрін қызы арқылы шырмап, құлақкесті құлдай ұстайды. Өз малының қарақшысы етеді. Бұрынғы байлықтың еңбекті қанаудағы тұрпайы, өрескел дағдысы әшкереленеді.

Қарабайдың әйелі мен қыздарында Қарабайлық мінез жоқ. Қарабай құдалық антын бұзып, Балталыдан ауа көшпекші болғанда, әйелі:

Байғұс-ау, қандай адам серттен таяр,
Біліп пе едің тайғанды құдай аяр? –

деп, үйін жықпайды.

Бұл басымды кеудемнен кессең-дағы,
Бір отырған орнымнан өлсем тұрман, –

деп, ел-жұртынан айрыла көшуге наразы болады. Ел-жұртын, туған жерін қимау Қарабайдың Ай, Таңсық деген екі қызында да күшті. Қарабайдың екі қызының туған ел, өскен жерімен қоштасуы Жанақ жырында аса көркем, шебер және аянышты түрде айтылады.

Қыздар көшкен ауылдан бөлініп, әдейі жұртта қалып, кешке дейін жорғамен жұртын айналып жүріп қоштасады. Бұл қоштасу өзгеше көркем болғандықтан, бірқатар жолын мысалға келтіреміз:

Балталы, Бағаналы ел, аман бол,
Бақалы, балдырғанды көл, аман бол,
Кірім жуып, кіндігім кескен жерім,
Ойнап-күліп, ержеткен жер, аман бол!
Қара басқан қашқынды қоя берме,
Ел жақсысы, Тайлақ би ақылы мол.
Осы ізі тоқсан мыңның соқпақ болар,
Жоғалмас қайда барса қазылған жол.
Тайлақтың енді аман бол қалған елі,
Аман бол, қалың ағаш, аққан селі,
Теруші ем ермек етіп еріккенде,
Екпе жиде, алма ағаш көлеңкелі...

...Жібектей шалғынына ойнап өскен,
Сегіз сай, тау біткенді, сала аман бол!
Үйеңкі, қайың, терек, тал, аман бол,
Халайық, қалған елдің шалы, аман бол!
Қарабай қайын атаң сенен қашты,
Жөргекте Қозы Көрпеш бала, аман бол!

Ақын тілі наразы көңіл мұңдарын осынша терең, әсерлі етіп береді.

Жырдағы сүйіскен жастардың азаттық аңсаған талабына балта шапқан ұнамсыз кейіптің бірі – Қодар. Қарабай жырда өзінің қаттылығы, өзімшілдігі, малқұмарлығы арқылы көзге түссе, Қодар өзінің қиянатшылдығы, зорлығы, сұркиялығы арқылы көзге түседі. Сараңдық жолына түскен Қарабай да, мінез өзімшілдігіне түскен Қодар да рақымсыз, қаражүрек ант бұзғыш. Екеуі қиянатшыл қара күштің екі жағы сияқты. Жеке меншіктен туған бектік ортаның психологиясы, дүниелік амалы осындай болмақ. Мұндай адамдарға өзінен басқа жол жоқ, өзінен басқа дүние жоқ.

Қодардың да жауыздығы күншілдік бақталастыққа шауып, барған сайын күшейіп, аяғы Қозы мен Баянның өліміне соқтырады. Жыр адамның сезім дүниесін өте шебер көрсетеді. Шөже вариантында Қодар ноғайлының атышулы мырзасы Шақпақбайдың баласы делінсе, кейбір вариантта қалмақ батыры болады. Үшіншілерінде Қарабайдың асырап алған еншілес баласы. Кейде жай құлы. Қалай деген күнде де, бұл жағдайлар Қодардың мінін жеңілдетуге ем бола алмайды. Бәрінен де өзімшіл, күншіл, қиянатшыл, озбыр Қодар алдыңнан шығады.

Қодардың барлық жауыздық істері Баянға құмарлықтан туған. Шөже жырында ноғайлының ерулігіне барған Баянға Қодар бір көргеннен ынтық болады:

Баянға ауызба-ауыз бір тілдесу
Қодарға жұмыс болды көкейкесті, –

дейді жыр. Баян оған:

Тимеймін ноғайлыға, арым бар-ды,
Алтын айдар, шоқ белбеу жарым бар-ды, –

деген соң-ақ, Қодардың құмарлығы бірден оजारлыққа, қара күшке дейін келеді. “Берсем де әке-шешем сені алармын” деп ерегіседі. Көлеңкедей болып, Баянның соңынан қалмайды. Жанақ жырында Қодар Қарабайға:

Асыраған қызыңды мен алманмын,
Жалғыз қызың Баянды мен аламын, –

деп, Баянға ғана құштар болады. Бірақ Қыз Жібекті айла, арамдықпен алмақшы болған Бекежан сияқты, Қодар да Баянға бір жақты сүйіспеншілік міндетін артады. Содан барып оның құмарлығы зорлық, өшпенділік, қиянатқа айналады.

Әйтсе де, Қодардың қиянатшылдығы қаншама ауыр болғанмен, жырда оның Баянға шын қызығуы да айтылады. Баянды алу жолында Қодар сұрапыл ерлік көрсетеді. Азап шегеді. Пантусов жазып алған жырда Таңсық деген апасы өлгенде, Баян Қодарға соның моласына меспен су тасып, үлкен көл жасатады. Жанақ жырында Қодар құс ұшпас құла түзден күн сайын төрт-бес құдық қазады, әр құдығы жүз кісілік. Су шықпай қалған құдыққа басқа құдықтан меспен су тасып толтырады.

Антұрған білдірмейді Қодар жасып,
Әр жерден жүз кісілік құдық аршып,
Су шыққаннан су шығар құдығының,
Суы жоғын толтырар меспен тасып,
Сол кездегі жандардан Қодар асып,
Мінезіне қайраты құп жарасып, –

дейді.

Қодардың алып қимылына оның астындағы байталы жарамай қалады. Сонда Қодар суды меспен жаяу тасиды:

Жаяу жүріп көреді көп бейнетті,
Етік қажап, бақайы қанап кетті, –

дейді жыр.

Бұл жағынан қарағанда, жырдың кей варианты объективтік түрде еңбекті жырлайды. Қодар белгілі мөлшерге шейін еңбек ері болып сипатталады. Ол Баянға қосылу үшін үш жылдай Қарабайдың қойын бағады. Ұқыпты жылқышы атанады. Жырда бұл тұстарда Қодар жазықты емес. Қарабайдың алдауымен шырмауында жүреді. Мұнда күрделі құрылысты көрсеткен жырдың көп қайшылықты жиған түйіндері, психологиялық шытырманы сезіледі. “Қозы Қөрпеш – Баян сұлу” жырының бір өзгешелігі осында. Қодар қаншама ауыр азап шексе де, қынжылмайды, қайта асқындай түседі:

Жайнаған жан қуанар қыз көрген соң,
Баянды аламын деп көңілі ток.

Қодар еңбек арқылы тілегіне жетпекші болады. Бұған оның қайраты жететініне сенеді. Бойы он кез, жауырыны үш кез, сыңар жұдырығы қолағаштай. Қодар шын алып. Аяғөз барған соң, Баянға таласатын тоқсан ерге қарсы бір өзі айғай салып, жалғыз тиеді. “Ықты-жарды білетін Қодекең бе, сол жерде тау соққандай араласты”. Бұл – Қодардың жақсы жағы.

Қодар – алып. Бірақ батыр емес, тек жай ғана қайрат иесі. Өзінен бағы, күші артық батыр кез келгенде, жасқаншақ, қорқақ. Жомарттығы да жоқ. Жауын жеңсе, аяуды білмейді. Жеңілсе, жалына бастайды, намыссыз. Қодар өзінің бақталасы Қозымен қыз үшін ашық майданда жан қиып күресе алмайды. Ұйықтап жатқан жерінде ұрланып өлтіреді. Мұнысы қурайды паналап келіп, Төлегенді атқан Бекежанның қаскөйлігіне ұқсайды. Қодар пасық адам болып, енді екінші ұнамсыз кескінмен көрінеді.

Қарабай сияқты, мұның да берген анты мен айтқан сертінде баға жоқ. Қозыдан жеңілген жерде онымен төс тиістіріп дос болады, ал артынша жаулыққа кірісе бастайды. Достық анты оның қара ниетін орындауға құрал болады.

“Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жыры – адал достықты жырлайтын дастан. Мұнда халықтың дұрыстыққа деген тілеулестігі жырланады. Ұнамды кейіптер арқылы жоғары бағаланады. Осындай ұнамды кейіптердің бір алуаны: Сарыбай, Айбас, Тайлақ – Қозының батагөйі, тілектесі. Жастай жетім қалған Қозыға үнемі аталық достық етеді. Сарыбай – дұрыс ниетті, ақ пейіл ата. Оны жұрты сүйеді. Сарыбай өлгенде, Тайлақ он сан жұртын жиып алып, Сарыбайдың сүйегін тауып, азалайды. Қарабай Сарыбайдың өлігі қайда қалғанын да айтпаған болатын.

Баянға құда түсу үшін Қарабайға он бір елші жібергенде, Қарабай сабап, олардың басын жарып жіберсе де, татулық сақтаған Тайлақ кек аламыз дегендерге басу айтып, тоқтатады.

III

“Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырының идеясы, композициясы түрлі вариантта әртүрлі өзгере отыратыны бар. Топтап келгенде, соларды негізгі екі салаға бөлуге

болады. Жырдың көпшілігінде романтикалық сарын басымы болады да, жырдың аяғы трагедиямен бітеді. Шөже, Кастанье, Радлов, Березин, Пантусов, Абрамов нұсқалары және 1909 жылғы баспасы осылай. Бұларда бұл дүниеде қосыла алмаған Қозы мен Баян ол дүниеде қосылады. Мұнда “Ләйлі – Мәжнүн” хикаясына ұқсастық бар. Бірақ “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырында өзін ғашық жолына қыз құрбан етсе, онда еркек (Мәжнүн) құрбан етеді. “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырындағы басты қаһарманның Баян болатыны да осында. Бұл қазақ әйелінің сол ертедегі ауыр халінен белгі береді. Жырдың көпшілігі рушылдық-феодалдық қоғамның әдет-ғұрпындағы әділетсіздікті баяндайды.

Жырдың екінші бір саласы – Жанақ нұсқасы. Мұнда реализм басым. Жанақ, Шөже варианттары бір алуандас. О дүниедегі бақытты көздемей, ғашықтардың бұл дүниедегі бақытын арман қылады. Осыдан келіп ол екі ғашықты қосып қояды. Көшпелі тұрмыстың әдет-ғұрып қайшылығын оңайлатады, соны жеңілейткен жамау-жасқау бар. Жырдың осы екі түрлі саласына сай оның композициясы да өзгеше. Жанақ жырының байланысы екі байдың достығынан басталып, шарықтау шегі – Көсемсарының ажалы, шешуі – Қодардың өлімі арқылы аяқталады. Мұның арты – қуаныш. Басқа нұсқаларында шарықтау шегі Қозының ажалы, шешуі – Баянның өлімі арқылы тынады. Арты қазалы, қайғылы.

Ғашықтық тақырыбын алсақ, Жанақ нұсқасының негізгі сарыны да романтикалық махаббат жүйесіне құрылған. Бұл романтика ескі тұрмысты, жабайы көшпелі салтты жоқтау емес, адамның бас азаттығын іздеу жолындағы романтика.

“Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырында ғибрат беру сарыны күшті. Жырда өмірдің нағыз шындығы, қайшылығы суреттеледі. Адамдарының мінез-құлқы тұрмыстан туған. Қаһармандарының бір парасы жамандықтың үлгісі болса, екінші парасы жақсылықтың үлгісі болып көрсетіледі. Қатты Қарабай, жауыз Қодар, сұм, мыстан Сасан би, опасыз жеңге – зұлымдықтың жоқшылары. Оларды халық қарғайды. Қозы, Баян, Айбас, Ай, Таңсық – ізгіліктің,

әділеттің жоқшылары. Жыршының бар тілегі осылар жағында отырады. Жырда жауыздық пен әділет дүниесінің тартысы суреттеледі.

Жырдың тағы бір өзгешелігі – мұнда көшпелі ел тұрмысының тағылық, өрескел салтын сынау бар.

“Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырының тілі ескілеу, бірақ нағыз халық тілі. Жыр үнемі қара өлеңмен айтылады. Жеті буынды жыр, өлең Жанак нұсқасында екі-ақ жерде кездеседі (Қозының зары, тазшаның Сарыбайдың өлімін естіртуі). Жырда халық аузында айтылып жүрген салт өлеңдердің сарыны, үлгісі күшті, қаһармандардың сөзі (монолог) үш-ақ жерде кездеседі (екі қыздың ел-жұртымен қоштасуы, естірту, Қозының зары). Айтыс та, монолог та өзіне лайықты орнында беріліп, жырдың әсерін күшейткен.

Жырда көркем сөздер мол. “Қарабай қайын атаң пейілі тар”, “Қайран балам, кімдерге күн боларсың” деген сөйлемдер, “қыпша бел”, “қолаң шаш” деген сияқты сөздер бұндағы өлең кестесін көріктей түседі. Теңеу сөздер де кей адамның сыртқы кескініне ғана жұмсалмай, ішкі мінез-кұлқын да сипаттайды. Мысалы:

Қодардың өзі дардай, сөзі дардай,
Жүреді жанның бәрін көңіліне алмай, –

дегендегі “дардай” деген сөз Қодардың тасыр, даңқой екенін ұғындырады. “Қодардың атасы жел, анасы жел”, “Көрмесің Қарабайдай жарыместі” деген сияқты теңеулі ұқсатулар да белгілі бір көркемдік мақсатпен жұмсалады.

Бірақ дастанның суреттілік қасиеті оның жалғыз тілінде емес, көбінше идеясында, адам образдарында, оқиғасының қызық, шебер аянышты болып суреттелуінде.

“Қозы Көрпеш – Баян сұлу” дастаны – қазақ әдебиетінің зор мұрасының бірі.

1948–1954

ҰЛЫ ОЙШЫЛ, СЫНШЫ

Июньның 7-сі күні орыс халқының ұлы ойшыл философы, кемеңгер сыншы, әдебиетшісі және демократ революционері В.Г. Белинскийдің өлгеніне 100 жыл толады.

Белинский 37 жасында қайтыс болған. Саналы еңбек өмірі ұзақ дәурен кешпеген. Бірақ аз жылдық қадірлі еңбек кезеңінде соншалық өнімді өмір кешіп өткен. Тереңдігі мен молдығын теңіздей еңбек деуге болады. Осы еңбегінің үш түрлі ерекшелік сипаты бар еді. Ол: әлеуметшілік, ойшылдық, сыншылдық. Еңбектерінің барлығын халыққа пайда келтіріп, жәрдем ету үшін сарп еткен. Бұл – бір сипаты. Әрбір еңбегін қоғам тартысына арналған акт, үлкен әрекет есебінде түсінген. Бұл жағынан өзі туралы “Мен бұл әлемде алысушымын” деген-ді.

Екінші сипаты – үлкен ойшылдық қасиеті берік еді. Ол жазушылық, сыншылдық еңбектің барлығының негізінде терең ой, тұңғыық мол ой жатсын деген. Осы ретте өзі айтқан тағы бір нақылы еске келеді. “Көркемөнер ойсыз болса, жансыз дене есепті, ол өлік”, – деген.

Үшінші ерекше сипаты – өнімді ойды серік етіп алысушы болғанда, халық үшін, халықтың азаттығы, болашақ бақыты үшін алысу шарт деп білген еді.

Біздің дәуір Белинскийді қадірлегенде осындай сипаттарының өзгешелігін еске ала отырып қадірлейді. Россия тарихында қоғамдық ойдың даму жолында Белинский үлкен бел. Ленин оның барлық еңбегінің нәтижесін қорыта келіп, баға бергенде: “Біздің бостандық жолындағы қозғалысымызда, крепостнойлық правоның тұсында-ақ бұқарашыл топтың өкілдері дворяндарды толығынан ығыстыруына жол салып берген Белинский болды”, – деген.

Белинскийден қалған мол мұралардың ішінде Отанын сүйгендік, орыстың халқын сүйгендік ерекше айқын орын алады. Өз Отаныңды сүю – сол Отанды адам баласы арманының іске асуына бар ықыласыңды салып, қолыңнан келгенше соған көмектесу деген сөз. Осы жағынан алғанда, Белинский көп ақынға, жазушыға тәрбие болатындай ақылдар айтқан. Сондай ой толғауының бірінде “ақын қандай болу керек” деген сөзге жауап беріп: “ақын барлық қоғамның ең қасиетті күйсандығы есебінде болсын. Қоғамның өзіне-өзі соншалық анық емес қасиетті сырларының да үншісі болсын”, – деген-ді. Бұл жөндегі Белинский қасиеті Жданов жолдастың “Звезда”, “Ленинград” журналдары туралы айтқан баяндамасында аталып еді. “Белинскийден бастап орыстың революцияшыл-демократияшыл интеллигенциясының таңдаулы өкілдерінің бәрі “таза көркемөнер”, “көркемөнер – көркемөнер үшін” деген нәрсені мойындаған емес. Олар халық үшін жасалатын көркемөнердің, оның идеясы және қоғамдық маңызы жоғары болуының жаршысы болады”, – дейді. “Совет әдебиетінің ең жақсы дәстүрі XIX ғасырдағы орыс әдебиетінің жақсы дәстүрінің жалғасы, біздің революцияшыл ұлы демократтарымыз – Белинский, Добролюбов, Чернышевский, Салтыков-Щедрин жасаған, Плеханов ілгері бастырған, Ленин ғылыми жағынан шешіп, әбден негіздеп берген дәстүрдің жалғасы болып табылады”, – дейді тағы да Жданов жолдас.

Белинский турасында осы айтылған ірі баға, үлкен сөздер оның қандай қасиеттерінен туған? Ең алдымен, Белинский орыс мәдениетінде азаттық қозғалыстың ең ірі өкілінің бірі болады. Бұл күнге дейін Белинскийді тану жөнінде жат сананың өкілдері ол туралы көп теріс сөздер айтып келген. Солардың көбінше қайталап айтатын теріс бір пікірлері – Белинскийдің ойшылдығы мен өсуі тек батыстың ойшылдарына кезекпе-кезек еліктеуден туған дейтін. Бір заман ол Шеллингтің әсеріне түсті, одан кейін Фиктенің, сонан әрі Гегельдің ізіне түсумен болам дейтін. Анығында, Белинскийдің ой-өрісінде іздену жаңағылардың көзқарастарын қабылдау мен құптау емес болатын. Қайта оларды мақұлдамай, сынап, идеалистік философияны мінеп, оған жеткенінен әрі асыра ой жүргізген. Олардың

жолымен жүру емес, қайта сонымен алысу – Белинскийдің өсуіндегі ерекше қадірлі сипат еді.

Белинский Россияда марксизм дамымай тұрып дүниеден қайтты. Бірақ Белинскийдің еңбегі арқылы Россиядағы әлеуметтік ой революциялық тартысқа, социализмнің санасына қарай анық ауысты. Осы жөнінде 1837 жылы 15 июньде Белинскийдің Гогольге жазған хатын – оның революциялық программасының ең айқын, ең толық түрі деуге болады. Ленин бұл хатты Белинскийдің әдебиеттік еңбектерінің ең үлкен қорытындысы деп білген. Россиядағы цензура тұмшалап ұстаған баспасөздің ішінде патшалықпен, крепостнойлықпен алысқан ең бір асылы осы деп бағалаған.

Белинский халық атынан, қанауда жатқан сан миллион шаруа атынан ой жүргізген, тартыс бастаған ірі әлеумет қайраткері еді. Осы жөнде Белинский заманындағы орыс әдебиетіне үнемі сын бере отырып, ұлы ой, ұлы арманға қарай бағыттап, бастады. Өзінің сынын жаңа әдебиеттің қалыптануына, жаңа үлкен сипат тауып, өрістеуіне жетекші етіп жұмсады.

Орыс әдебиетінің XVIII–XIX ғасырдағы бар жазушысын алсақ, солардың кейбіреулерін мақтап, кейбіреулерін мінеп сөйлеген Белинскийдің сөзі баршаға мәлім. Әсіресе бағалы бір өзгешелігі – шығармаларды соншалық әділ, барынша шыншыл жүрекпен талдайтын. Ол Пушкиннің бар қасиетін танытып, орыстың жаңа әдебиетінің негізін салушы деген бағаны берді. Ол Грибоедовтың “Ақылдың қайғысы” деген шығармасын Россиядағы сол замандағы болмысқа қарсы наразылықтан туған ірі шығарма деп бағалады. Лермонтовтың жаратылысынан ол анық халық ақынының сипатын тапты. Идея жөнінде, көркемдік жөнінде Белинский жаңа дамып келе жатқан талай жазушыға жетекші болды. Некрасовтың, Тургеневтің, Гончаровтың ең алғашқы адымдарын алыстан танып, ілгері қарай өнді басуына көмекші болды. Ең алғашқы бір әңгімесінен Достоевскийдің де үлкен жазушы болатынын айқын таныды.

Белинскийдің ең үлкен қасиеті – өзінің сыншылдық еңбегінің барлығын реалистік әдебиет туғызуға арнады. Қалың халық топтарына түсінікті, жақын боларлық және

озат ойды танытатын көркем сапасы мен құлашы зор әдебиет үшін алысты. Бұл жағынан алғанда, Белинский орыстың әдебиет тарихы мен сынының ғылымдық берік іргесін қалаушы деп танылады.

Ұлы сыншы “көркемөнер – көркемөнер үшін” деген бағыттың зияндығын да аша білді. Ол өмірге ден қоймаған, халық мүддесінен қашықтаған өзімшілдер түсетін жол екендігін ашып берді.

Әдебиетті ыстық жалынмен сүйген Белинский шын зор әдебиет – халықты тәрбиелейтін құрал болсын деді. Николай патша тұсындағы Россияның тарихы мен жағдайларын ойлай отырып, күйіне сөйлеген уақытта: “Халық орыс жазушыларына өзінің жапа-жалғыз көсеміндей, қорғаушысындай қарайды. Патшалықтың жауыздығынан құтқарушы деп санайды”, – деген. Сол себепті жазушы халық алдындағы өз жауаптылығын ұмытпайтын болсын дейді. Сондықтан да, Гогольдің қателескен шағында, оған өзінің атақты хатын жазады. Хатында қайнаған ызамен, халық үшін намыстанған зор ашумен, наразылықпен сөйлейді.

Әдебиеттің халықтық сипаты туралы да Белинский мәселені өз заманында жаңаша шешіп берген. XIX ғасырда кейбіреулер жазған халықшылдық жолына түсіп, халық санасындағы патшалық дәуірдің таңбасы есебінде болған кейбір кертартпа жайларды мадақтаған еді. Патша әкімшілігіне бағынғыштық, діншілдік, жалған момындық халдері “халық сипаты” деп ұғындырушылар болып еді.

Белинский шын халықтық қасиеттің басқа екенін және оның өзінше, өзгеше сыры барын ашты. Әдебиеттегі халықшылдық азатшыл ойды көрсететін, оның жаңалық тұғызар сипатын танытсын, халық ішіндегі өршіл ой мен сенімінің барлық нәрселерін танытатын әдебиет болсын деді. Бұл жөнінде ол өзі туған орыс халқының бұрынғы тарихындағы геройлықты, халық бойындағы ақылдың, таланттың молдығын анық көрді. Өзінің ұлы халқы бір заманда кең құлаш сермеп, дүниеде ең зор өріске жететініне барынша сенді. Россияның келешегін ойлағанда Европаның бар халқынан орыс халқы әлдеқайда ілгері келетінін таниды. Бүгінгі күні бізді таң қалдырарлық терең болжауларды келешек туралы айта келіп, ұлы сыншы “Асылы, Россия Европаға қарағанда әлеуметтік мәселені әлдеқай-

да жақсы шешіп, капитализм мен жеке меншікті құртып жіберуі ықтимал”, – деген еді. Осы жағынан қарағанда, Белинскийді біздің социалистік дәуіріміздегі идеологиялық ұлы мұрат тартысымыздың ерте күндегі серіктесі, әрі қайраткері деп танимыз.

Белинский тек әдебиет сыншысы, әдебиет тарихшысы ғана емес, ол социализмнің ұлы армандары үшін алысқан анық революционер-демократ. Россия халықтарының ойшылдығы мен санасы даму жолында оның еңбегі ұшан-теңіз. Ол халықтың санасын оятумен, өсірумен бірге, әдебиетте әлденеше талантты жазушының, ойшылдардың тәрбиесін бастады. Әрбір жазушыға өзінің туған халқын сүюді үйретті. Өзі орыс халқын жанындай сүйді. Орыс халқы туралы айтқан бір сөзінде: “Мен орыс халқын жаныммен сүйемін, оның намысы мен абыройы, атағы жолында қалың ел қатарында бір томар есебінде керегіне жарасам, бар арманым ақталады деп білемін”, – деген. Заманның қараңғылығын сынап, патшалық құрылыстың кері кеткен кесір-кескінін жиренішпен аластап: “Жасасын асыл ой, өшсін зұлмат қараңғылық” деген ұранын тастап, дәуіріндегі зұлымдықты жою үшін тартысқан еді.

Сол қатарда Россияның жарыққа шығуы өнерде, білім мен үлкен гуманизмде деп білген. “Россияға дін үгітшісі қажет емес, оны ол аса көп тыңдаған-ды. Мінәжат діндарлық қажет емес, оған намазды да көп оқытқан-ды. Біздің халқымызға оның адамдық қасиетін таныту – жазушы атаулының ең үлкен арманы болсын”, – деген. Осындай ұлы сипат, асыл қасиет иесі, орыс ойшылы Белинский қазақ халқының есеюі тарихынан да өзінің ерекше орнын алады.

Қазақ халқының ХІХ ғасырда оянуы мен жаңғыруына басшы болған Шоқан, Ыбырай, Абайлар Белинский ойлары мен өсиеттерінен, үлкен сындарынан мол нәр тәрбие алған. Абай шығармаларындағы, Алтынсарин өсиеттеріндегі халық қамын жейтін сан толғауларда Белинский еңбектерінен ауысқан өнімді ойлар әсерін тану қиын емес.

Бір Абайдың өзінің мұраларына көз салсақ: “Қалың елім, қазағым, қайран жұртым” деп бастаған сарында ел үшін ширығып сөйлеп жатқан сана сезілмей ме. Өнерді өнер үшін емес, ел керегіне жаратамын деген ойды білдірген де сол Абай:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін, –

десе және де Белинскиймен туысып жатыр. Жас буын, келер ұрпақ адамгершілік, әлеуметтік сипатта жаңа қасиет тапсын деген үлкен ұран жатыр.

Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ, –

деген жолдарда талай терең әлеуметтік сырлар бар. Ақындық еңбекті әлеуметтік әрекет есебінде түсіну танылады.

Белинский эстетикасы бойынша, ақындық еңбекті бүкіл қазақ әдебиеті тарихында, өз дәуірінде өзгеше жаңа сапаға бастаған Абай, поэзия тек өмірді танушы емес, оған үкім де айтушы деп білді. Сол үкім айтушы асыл еңбектің арман ететіні құр жылтыраған сырт келісім емес болатын. Өнер – өнер үшін деп, жырдың сылдыраған сырт сұлулығын Абай қостаған емес. “Іші алтын, сырты күміс сөз” дегенде, Абайдың эстетикасы түрден мағына, мазмұнға ерекше артық баға беріп жатқаны көрінеді. Бұл жөнінде де қазақтың ұлы ақыны Абай орыс халқының революцияшыл-демократ, ойшылдары: Белинский, Чернышевский, Добролюбовтармен іштей үлкен, терең түрде табысып, туысып жатқанын білдіреді.

Міне, осындай белгілерінің өзіне қарағанда, Белинский мұралары жалғыз орыс жұртшылығы емес, бүкіл Россиядағы ерте оянған көп елдеріміздің көп классиктеріне анық жақын дос, қымбатты тәрбиеші, жетекші болғанын көреміз. Сол себепті, Белинскийдің асыл мұралары бүгін социалистік мәдениеттің барлық табыстарына ұлы орыс халқымен бірге ортақ мұрагер болып отырған қазақ халқына да ерекше қымбат. Ол аса сүйікті. Біздің де социалистік буындарымыз терең түсініп, жете білуіне қажет қазына.

1948

БІЗДІҢ ЕЛДІҢ САЛТ-САУЫҒЫ

Гүлденіп тарих, көркейіп өмір, дәурен жаңғырған заманда сан алуан салт та жаңғырады. Өнер, білім тауып өскен елдің салтына да өнер, білім үлгісі, өрнегі кіреді. Бұл жөнде бұрынғы ауыл салтын санап, бүгінгі аулымыздың жаңалықтарын жалғастырып айтсақ, көп сөз болар еді. Жалпы, салт дегеннің өзін де сансыз көп салаларға бөліп, таратып айтса, сөз ұзақ болады. Біз бұрынғымен салыстырмай-ақ сөйлейік. Салт деген ұғымның өзінің де кең мағынасындағы барлық бұйым-белгілерін, бар-тұрманын түгендеп тереміз демейік. Салтты біз екі жақтан сөз етпекпіз. Оның бірі – тұрмыс салты, екіншісі – сауық салты. Осы екі жай біздің бүгінгі өнерлі қаламыз бен өскелең колхоздарымызда қалай қалыптанып келеді, соны айтайық.

Тұрмыс салты дегеніміз – үй тұрмыста, қоғамдық тұрмыста және мемлекеттік дәстүрлерде көрінеді. Үй тұрмыс салтын алсақ, жаңаланған дәуірінде аталық пен аналық мінезінен, ер мен жар жарастығынан, балалық тәрбиетәлімнен көрнек береді. Бізде бүгінгі ата мен ана үй тұрмыстың босағасы болғанда, тек сезіммен табысқандар. Бірін-бірі танып, таңдаумен қосылғандар. Бұлар үшін білім-өнер, қызықты еңбек және бала тәрбиесі өмірдің ең әсем көркі болып саналады. Еңбексіз ата-ана жоқ. Сонда көбінше аналықтың өзі бізде аса қадірлі еңбектің зоры деп саналады. Біздің мемлекеттік жаңа дәстүріміз бойынша көп баланың анасы, ең қадірлі құтпан ана саналады. Көп баланың анасы болған әйелге Отан бәйгесі, үкімет сыйлығы беріледі. Он баланың анасы болған әйел “Даңқты ана” (герой ана) деген атақ алады. Оның аты бір Қазақстан емес, бүкіл Одаққа ардақты ат болып жарияланады. Оған орден мен атақ берудің үстіне, мемлекет қаржысынан ақша-мүлік

сыйлары беріледі. Бұл тек он бала тапқан анаға ғана көрсетілетін сый емес, 6-7, 7-8, 8-9 бала тапқан аналарға да өз ордені, өз сыйлықтары болады.

Біздің өз тұрмыс салтымыз – қоғамдық жаңа дәстүріміз бойынша бала қадірі, балалыққа беретін бейіліміз де бөлекше. Совет баласы біздегі бар буынның ішіндегі алақанға салып, аялап өсіретін бөбектеріміз, ең ардақты буынымыз, қазіргі совет аулында жас бала мектепте алатын тәрбиесінен бөлек, сол мектеп жасына жеткенше де, өздерін күтетін арнаулы орындардың тәлім-тәрбиесін алады. Оларға арналған балалар бақшасы дейтін әсем күтім орындары бар. Онда үш-төрт жасар балалар айрықша тәжірибелі, өнерлі аналар, апалар қолында күндізгі уақыттарын өткізеді. Тәртіпті ойын, ән, өнер атаулыдан үйреніп, өзінің жас шамасына лайықты тәлім алады. Оларға арналған балалар театры, балалар киносы, балалардың ауруханасы, балалар тынығатын курорттарға шейін бар. Мектеп жасындағы балалардың жаз демалатын мекендері өзіне бөлек. Осы істерді жеке әкелер міндетіне алып атқармайды. Біздегі жас буынның қамын мемлекеттік орындарымыз – ағартушы, тәрбиеші орындарымыз өзінің мемлекеттік міндетіне алады. Оқу жасына жеткен балада осы күнгі қазақта оқу тәрбиеден қақас қалатын ұл мен қыз мүлде жоқ.

Мектепті алсақ, оның қамы қай күнде болсын ең үлкен қам-қарекеттің бірі. Ол бар жағынан қамтамасыз етілген. Қоғам мен мемлекет ойынан бір шақ та, сәт те ұмытылмайтын өзгеше орын болады. Мұның белгісін жылда Қазақстандағы мектептерге шығарылатын қаражат молдығынан байқауға болады. Барлық советтік Қазақстанның жылдық, мемлекеттік қаржысының ең мол үлесі сол балалар оқитын мектептерге, денсаулық жұмысына, жалпы көркемөнер, өнерлі мәдениет дамытуға арналады.

Балаусалап тал өсед,
Балапандап төл өсед.

Біздің балапандап өсетін жас буынымыз өзінің ендігі өсіп, ұлғайып, азаматтықа жетуін саты-саты мектептерден оқу тәрбие алып, өрлей беруімен өлшейді. Бастауыш оқуды ауылда оқыған бала орта оқуды ауданда, Қазақстан

қалаларында оқиды. Содан әрі өрге басқан ұл менен қыз Алматыдай астанасында, немесе одан әрі одақтық зор мәдениет иесі астанамыз Москва, Ленинградта жоғары дәрежелі білімдер алады. Осылайша күн шуақты, балауса атқан балалық жастықты қадірлеу, аялап өсіру, күту біздің үй тұрмыстағы, қоғамдық құрылыстағы мемлекеттік жол-жорамыздағы ең асыл, айнымас салтымыз болған.

Тұрмыс салтының тағы бір жақсы дәстүрін ер мен жар болған жастар өмірінен де көреміз. Қазіргі қазақ елінде ер қуанышы, жар жарастығы аталық өмірі мен талабынан тұмайды. Құдалық, қалыңмал, баяғының ежеғабыл, бел құда, бесік құда сияқты салтын бүгінгі біздің жаңғырып өскен жаңа буын, жас төліміз мүлде білмейді. Айтсаңыз, “ол немене?” деп, ұқпайды да. Бүгінгі екі жасты біріне-бірін дос етіп, қадірлі етіп табыстыратын салт-дәстүр мүлде басқа. Олар бірге оқыған оқуда, қатарласып қанат қаққан өнерде, қадірлейтін еңбекте табысады, сондайлық өздерінің мінезінде, адамгершілікте, азаматтық сын-сипатта бір-бірінің жайларын жақсы біліскен жастар тең болып табысады. Сондықтан бүгінгі қазақтың жаңа үй тұрмысында еңбегі егіз жастар ер мен жар егіздігіне өзгеше нәр қосып қабысады. Ол кейде қатар өсіп келе жатқан ерлі-жарлы оқымысты ғалымдар болады, кейде қатар өрлеп келе жатқан советтік қызметкерлер болады. Кейде көрікті табыстарымен өз өмірлерін де, жұртшылық өнерін де көркейткен өнер қайраткерлері болады. Тең түрде кездесіп, асыл азамат қайратымен, еңбегімен сынасып табысқан ер мен жар қазақтың бүгінгі советтік аулында, қалың колхозында, өрге басқан өндірісінде жаңа елдіктің жаңа салтын орнатты. Жаңа тарихтың жаңғырған нәсілі орнатқан сапалы асыл салт.

Осылайша, қысқа шолып айтсақ, совет елінің сауығы да өзгеріп, қызғылықты болып жаңғырған. Тегі, сауық та салттың бір түрі. Салтсыз ел болмағандай, сауықсыз да ел болмайды. Бірақ тарих жаңғырып, өнер-білімі өсе келе есейіп, мәдениеттенген жаңа буын, жаңа қоғам өзінің сауығын да нәрлі, өнерлі етіп өзгертеді. Сол жөнмен қарасақ, біздің елімізде сауықты да, жоғарыдағы тұрмыс салтын айтқандай, екі-үш түрге бөлуге болады. Ол: үй тұрмыста жеке адам, жеке үй ішінің қызығынан туатын сауық, қоғамдық сауық, мемлекеттік сауық-салт түрлеріне бөлінеді.

Үй тұрмыс сауығы – қазақ халқының бұрынғы елдік дәстүрінен келе жатқан және барлық халықтардың бәріне ортақ себептерге арналған сауық. Ол – бізде бала туғанда, екі жас үйленгенде, үй ішінің бір мүшесі, я азаматы, я анасы, не қызы бір үлкен мұрат, мақсатқа, табысқа жеткенде болатын үй мерекесі. Бізде бұрынғы елдің салтында бала туса, шілдехана, қынаменде¹ болса, бұл күнде де бақытты советтік үй ішінде баланың туысы ата-ана, бауыр, туыс, дос-жаранның сауығын жасайды.

“Туғанда дүние есігін ашады өлең”, – дегендей, ән-сауық, той-қуаныш, мәз-мереке келеді.

Бұл жөніндегі біздің жаңа сауық-салтымыз, бала, балапанды қуанышпен қарсы алуымыз баланың алғаш туған күнінде ғана болып қоймайды. Ол баланың туған күні келер жылда да, әр жыл сайын той болып отырады.

Екі жастың қуанышты, қызықты түрде табысқан жаңа тірлігін тойлауда үй ішілік үлкен мереке болады. Мұндай дағдылы, белгілі себептерден басқа бала оқу бітіргенде, үл менен қыз абырой тауып, атақ алғанда үй ішінің қуанышы көптің қуанышына айналып та кетеді. Бір жастың табыс, талабын тойлау кейде бүтін колхоздың, көп қауымның сол жас қуанышына қоса қуанған той-мерекесіне айналады.

Қазақтың қазіргі советтік аулында, бұл тойларда отырып сауық ету, үйде сауық ету үстінде ән салу, би билеу, әсем өнерлі күй аспаптарымен баян, скрипка, күйсандық сияқтыларға қосылып, әнмен қоса сән түзеу болады. Айттыс та, әзіл-сауық та әсемденіп шығады. Осы қуаныш, мереке ат үсті сауыққа да айналады. Көкпар тарту, құнан шабу, балуан күресу, ат шабу, қыз қуу – халықтың бұрынғы ат үсті өнерімен байланысты түріне айналады.

Бұдан бөлек, үй-тұрмыстық мерекесінен басқа советтік ауылда қоғам сауығы бар. Ол қызыл отауда, мектепте, көпшілік сауығына арналған, әрбір колхозда, ауданда болатын ортақ үй, өнерлі үй-клубтар бар. Бұларда күндізгі еңбек соңынан кешкі демалыстарын көңілді, өнерлі түрде өткізу үшін кәрі-жас тегіс жиналып, неше алуан сауықтар жасайды. Жастардың ән-биі – талмас, қажытпас қызығы. Мұнда тілеген жұрт газет-журнал, өлең кітаптар оқып,

тындайды. Өнерлі жастар күшімен қойылған театрлық сауық ойындар болады. Бұл клубтарда неше алуан кино-сурет көрсетіледі. Радио арқылы Қазақстанның және барлық Одақтың үлкен қалаларында тартылып жатқан шебер күйлер, әсем әндер тыңдалады.

Дүние жүзінің шартарабынан хабарлар есітіп, ауыл адамдарының білімі, естігені, ұққаны көбейіп, жаңғырып отырады. Осындай қоғамның сауық орны да біздің қазіргі салтымызға соншалық жақсы орнаған, молынан енген, күнделік тірлік тынысындай боп кеткен салтымыз, сауық салтымыз, шырайлы шындығымыз.

Осындай колхозды ауыл клубтарына, қызыл отауларына облыстық қалалардан, астаналардан, басқа республикалардың туысқан өнерпаздарынан сый, қадірлі қонақтар келіп отырады. Олар совет аулының азаматтарына ән-күй, би өнерлерінің неше алуан көркем, әсем үлгілерін әкеп айтып береді. Халық артисі аталған қазақтың өнерпаздары өз өнерін ауылға, көпшілік халыққа жеткізуге өздерін міндетті санайды. Тек қазақ артистері емес, туысқан, бауырлас еліміз ұйғырдың әнші өнерпаздары, татардың, өзбектің, қырғыздың және әсіресе орыс халқының бізге аса қадірлі өнер үлгілерін ауылға апарды. Сондай үлкен, кең қатынас, араластар арқылы қазіргі қазақ жастары бір қазақтың ән-күйі емес, жаңағы елдердің ән-күйі, билерін сүйеді, біледі, орындап та жүреді.

Бұдан да үлкен сауық-салтымыз – мемлекеттік үлкен сауыққа айналатын кездері бар. Олар жылдық зор мейрамдарымызда болады. Қазақтың еңбек елін бақытты шаттық дәуренге жеткізген Ұлы Октябрьдің мейрам күндері бір бөлек. Дүние жүзілік еңбек елінің ортақ тойы, мереке күні – Май мейрамы бір бөлек. Қазақстанның өз алдына ерік алып, советтік республика болған мереке күндері бір бөлек.

Қыста Жаңа жылдың келісі, балалардың қысқы оқуында болатын аз үзіліс, демалыс кезі – бәрі де мемлекеттік үлкен кең мереке болады. Ол күндерде бүкіл Одақта, барлық Қазақстанда қалалар мен өндірістерде, колхоз аулында, мал өрісінде, отарында демалысын, ел мерекесін қуанышпен өткізбейтін жан жоқ. Бұл күндер театрлар әдейі әзірлеген жаңа операларын, спектакльдерін қояды.

Жаңа киносуреттер жарыққа шығады. Әншілер топтары қызыл-жасыл жарқырап, жаңа әндер жалын атады. Мемлекет қуаныш, сан алуан өнерпаздарды достық бәсекеге түсіреді. Өнер жарысы басталады. Көріктенген, мағыналы өнер жарысы. Бұл күндерде бар буынның барлығына арналған, өзіне бөлек сауықтары боп жатады. Мектеп жасына толмаған балалар сауығы, мектептегі балалар сән-сауығы өз театрларында, мектептерінде, балабақшаларында өзінше буы аспанға атып, шат-шадыман болады.

Үлкендер, өз тілегі бойынша, біреулері филармонияда ән-күй тыңдайды, бір топтары операда жаңа спектакль көреді, тағы біреулері драмаға барып, ол театрдың мәнді, терең мазмұнды ойындарын қабылдайды. Күндізгі көрік, түні той жағалай жайнаған өнер-сауық шарқ ұрады. Бұл күндер денешынықтыру өнеріне шеберленген жігіттер, қыздар арнаулы алаңдарда, стадион, ипподром аталған, халық, ел жиналатын кең майдандарда өз өнерлерін көрсетеді.

Сауық күнінің сәнді киінген, рахатты қызық іздеген қалың топтары бес мың, он мың, жиырма, отыз мың жандар болып жиналып, күндіздің сауығында болады. Мұнда мықтыдан шыққан балуандар, шебер ойыншылар шығады. Үлкен бәсеке жарыс, бәйгелі жарыстар өткізеді. Доппен ойнайтын футболшылар бәйгесі болады. Жаяу жүйріктер жарысады. Велосипедшілері тызағай ойнайды. Ипподромдарда (кругте) қазақ халқының бұрынғы ат үсті, өнерлі-қайрат танытатын ойындары мыңдаған халықтың алдында ер-азамат қайратын сарапқа салады. Серке тарту, додаға түсу, шабандоздар атағын асырады. Сайыс, бәйге аттар жарысы, жорға жарысы, қыз қуу сияқты, халықтың өнерлі қыз бен жігіті көрсететін, ат үсті ойындары көрнекке шығады. Бұл мерекелерде қазақтың аңшылары да сол ипподромдарға келіп, талай мың жанның алдында өз өнерлерін көрсетеді. Ондаған бүркітшілер, тазы иті бар аңшылар келіп, тірідей ұстап әкелген түлкілерін, қасқырларын қашырып, соларға ит қосып, қыран бүркіттерін салып, олар да өзгеше өнерлерін танытады.

Міне, біздің мемлекеттік мерекелеріміздің осындай барлық халыққа ортақ, шексіз қызық сауық-салты бар.

Мемлекет тойларында барлық қоғам қуанып тойлаумен бірге, әрбір жеке үй ішінің өз тойы, өз қызық сауық-сайраны қатарда жүріп жатады. Бұл күндерде шарықтап ән, сызылып күй, сәніменен бұрала ырғалып би өнер атады.

Оқымысты қазақ қауымында қазір ән салмайтын, би билемейтін, күй қадірлемейтін жан жоқ. Өйткені біздің жаңа салт пен сауығымызда, барлық азаматтық өзге қасиеттеріміздің қатарында сауық сәніміз, көркемөнеріміз аса қадірлі қасиеттіміздің бірі саналады. Бұ жәйді тек оқымысты, зиялылар ортасы ғана емес, бүгінгі советтік аулымыздағы барлық еліміздің ата-аналық, бала-бауырлық буындарының баршасы да толық түсінеді. Түгел сүйсіне қос-тайды.

Міне, біздің бүгінгі еліміздің салты мен сауығы осындай.

1948

ӘЛІШЕР НАУАИ

Өзбек халқының ұлы ақыны, ескі Шығыстың атақты зор ойшысы Әлішердің туғанына 500 жыл толып өтті.

Әлішердің шыққан заманы бұның алдында 40-50 жыл бұрын болған Ақсақ Темір патшалығының екі жікке бөлінген кезі еді. Бір бөлігінің саяси, мәдени орталығы Фират, екіншісінің орталығы Самарқан қаласы болатын.

Өз тұсында Алтын Орда, Иран, Кіші Азия, Үндістанмен соғысқан, көп апаттар жасаған Ақсақ Темір бертін келе патшалығын Түркістан, Ауғанстан, Иран, Оңтүстік Кавказдан құрады. Талай жұрттың ескі мәдениетін ойрандап, ел-жұртын егер қып жүрген кезінде, Ақсақ Темір бар табысын Самарқанға тасыған. Халық үстіне ауыр-ауыр салық салып, Самарқан қаласын салтанатты сарайлармен, зор ғимараттармен безендірді. Жеңген елдердің көбінен имарат салатын ұсталар, оюшы суретшілер, дәрігер, білімпаздар сияқты талай жандарды сол Самарқанға жиды. Темірдің өз тілек-талабы ірі феодалдар мен үлкен саудагер тобының мақсат-мүддесін көздеген болса да, халықтар тарихының кеңірек тілегімен қабысқан білім-өнерді өз бетімен молырақ өндіре бастады.

Сөйтіп, бертін келе Самарқан қаласы көп білгір, шебер өнерпаздардың жиын орталығы болып алды. Ескі грек, рим мәдениеті, үнді, араб, парсы мәдениеттерінің неше алуан салалары Орта Азиядан кеп орын тебуге айналды. Өнер-білім тілі де жалғыз түрік елдерінің тілі боп қалған жоқ. Араб, парсы сияқты бұрын ысылған өскелең тілдер дендей бастады. Оқу-білім жалғыз дін оқуы емес, философия, тарих, көркемөнер, география, есеп ғылымы, тіпті астрономия ғылымы сияқтыларға айналды. Темірдің бір немересі Ұлықбек Самарқанның патшасы болып отырып, аст-

рономия ғылымына көп еңбек етті. Әлі күнге ғылымдық бағасын жоймаған “астрономия таблицасын” жасады.

Ғиратта да 15-ғасырдың орта кезі білім-өнердің бірталай өрістеген дәуірі болады.

Өнерлі елдердің үлгісіне қол артқан өзбек әдебиеті өз тілінде жаңа сапа таба бастайды. Иран, араб әдебиетінің мәдени әсерін ала отырып алға басады. Лутфи, Атаи, Сәккәки сияқты ақындар бастаған, өзбек тілінің көркем поэзиясы өркендейді. Араб, иран тіліндегі ірі шығармалар аударылады. Сол 15-ғасырдың 70-жылдарында Әлішер араласқан кездерде өзбек әдебиеті қаулап өседі.

Бұл кездер иран әдебиетінің де жемісті болған кезінің бірі еді. Жами, Исмат, Бухари, Хұсаин, Уаиз сияқты сұлу жырдың жыршылары осы заманда пайда болады.

Көркемөнер көлемінде де үлкен жаңалыққа жол бастаған музыкашылар шығады. Ірі суретші, өрнекші, миниатюрші және хұсни-хатқа (каллиграфияға) шебер өнерпаздар болады. Бейзад, Сұлтан-Әли, дәруіш Мұхаммед, Мир-Әли Қылқалам сияқты атақты суретшілер болады.

Бұрын барлығы әдебиет пен көркемөнердің дін ноктасынан босаңқырап, өмірге, күнделік шындыққа қарай жақындай бастағанын көрсетуші еді.

Тірлік-барлықты тануда бұл заманның софылық ағымы – нәкшбенділіктің өзі де дүниеден оншалық безіне алмады. Өзге замандарда аса қатал болған дін фанатизмі бұл дәуірде бәсең болады. Осындай бір кезеңде еңбек еткен Әлішер софылық тұсауының босаң болған жағымен пайдаланып қалады. Патшалыққа, дінбасыларына, шарифатқа қарсы беттеген өз жырларын батыл айтады. Шығыс әдебиетінде бұрыннан басымдап келе жатқан софылық ағымы әдебиетті де өмірден алыстатып, құдай жолына мүлгіте беруші еді. Әлішер тұсында адамның ой таланты, өнер еңбегі қоғамдық тірліктің пайдасына арналып, кеңірек өріс алады. Әлішерді шығарған заманның жалпы аңғары осындай еді.

Енді сондай дәуірде майданға шығып, адам баласының тарихына ұлы мұралар қалдырған Әлішердің өз өмірі мен ақындығы туралы біраз сөз айтайық.

Әлішер 1441 жылы 13 февральда Ғират қаласында туған. Ата-аналары мен ағайын-туғандары сарай қызметінде

жүретін ақсүйектер ішінен шығады. Өз әкесі Фиясиддин кішкене Әбулқасым Бабирдің сарай қызметкері болып жүріп, біраз уақыт жеке қалаларға әкім де болады.

Жас уағында Әлішер сарайдағы бек балаларымен бірге тәрбиеленеді. 1450 жылдарда Қорасанда тұрып, оқу оқиды. Парсы тілі бұл балаларға ана тілімен тең болған. Ерте кезде Сағдиде оқып өседі. Фәридин Аттардың “Ман-тихуттаир” (кұстар сөзі) деген кітабы Әлішердің аса құмартып оқыған кітабы болады. Бергін, ұлғайып келген кезінде, Әлішер сол балалық шағында үлкен әсер еткен кітапты еске алып, “Лисануттаир” деген кітап шығарған.

Фиясиддин баласының оқу тәрбиесіне қатты зер салады, мықтап оқытады, әсіресе әдебиет пен көркемөнерді сүйгізуге тырысады. Әлішер Қожа Юсиф Бұрхан деген кісіден музыка оқуын оқиды. Хұсни-хатқа (каллиграфияға) машықтанады. Иран әдебиетімен түгел танысады. Заманының ғалымдарын, музыкашыларын, суретшілерін де тегіс біледі. Өз бойында ерте оянған талант арқылы жаңағы адамдардың барлығына сүйікті бола бастайды.

1453 жылы Әлішер Қорасан патшасы Әбулқасым Бабирге қызметке кіреді. Жырлар жаза бастайды. Бұл уақыттарда Әлішер жалғыз парсы емес, арабшаға да жетілген болатын. Алғашқы шығармаларын кейде парсы, кейде өзбек тілінде жазады. Парсыша өлеңдерін “Фани” атымен, өзбекшелерін – “Науаи” атымен таратады. Бұл шығармалары замандас жазушы, суретшілер арасында жақсы бағаланады. Әлішерге “зуллисанян” (екі тіл иесі) деген ат беріседі.

1457 жылы Бабир өледі. Әлішер Қорасанның орталығы Мешхед қаласында тұрып қалады да, ғылым жолына беріледі. Осы жылдар философия, есеп ғылымы, дін кітабы сияқтыларды көп зерттейді. Жазушылыққа да анықтап бой ұрады. Бұл кездегі ынтық ақыны Қожа Хафиз Ширази болады.

Әлішер өзінен жасы үлкен, тәжірибесі мол ақындармен көп танысып, олармен кездесіп отырады.

1464 жылы Әлішер Ғиратқа қайтады.

Ғираттың ол күндегі патшасы Абусәид болатын. Бұған қарсы, патшалық тағы үшін, Хұсаин Байқара алысып жүретін. Әлішердің екі нағашысы Хұсаин жаққа шыққандықтан, оларды Абусәид өлтірткен еді. Әлішердің өзі де Хұса-

инға тілеулес болған. Сол себепті Абусәид Әлішерді сенімсіз көріп, 1465 жылы оны Самарқанға айдады.

Самарқанда Әлішер сол заманның үлкен ғалымы Қожа Жалалиддин Абуллаистың медресесінде оқытушы болады. Бір жақтан ақындық жолына беріледі. Тегінде, Әлішердің жас кезінде жазған жырларының қолжазбалары сақталмаған. Бірақ кейбір диуандары (ұсақ өлең жинақтары) сол шақта жазылған болу керек.

1469 жылы, Абусәид өлген соң, Ғират тағына Хұсаин отырады да, Әлішер Ғиратқа қайтады.

Әлішер жас балалық шағында (6 жасында) Хұсаинмен бірге оқыған. Ғиратқа келген соң, Хұсаинға арнап “Хилалия” деген қасида (жыр) жазады. Хұсаин қасиданы ұнатып, Әлішерді сарайға тартады, мөршілік қызметін береді. Осыдан бастап Әлішер саясат жұмысына араласып, халық игілігіне пайдалы адам болмаққа талпынады. Сарайдың патша, уәзір, бектерінен бөлек жол тұтып, аз уақыт ішінде әділ, абыройлы, әсерлі кісінің бірі болып алады.

1470 жылы Хұсаинға қарсы, Астрабадта Ядғар Мұхамедтің көтерілісі болады. Патша Әлішерді ертіп соғысқа кеткенде, Ғират халқы көтеріліс жасайды. Бұл патшаның әмірлері мен бектеріне қарсы және салық саясатына қарсы шыққан қозғалыс еді. Хұсаин осы жұмыс жөнінде Әлішерді жұмсайды. Әлішер бүлінген елдің ортасына келіп, Хұсаинның бұйрығын білдіреді. Ол бұйрықта халық тілегінің біразына көну және соны іске асыру жолдары айтылған еді. Әлішер жұрт тілегін орындап, халыққа қаты қиянат еткен уәзір, төрелердің бірталайын орнынан түсіріп, қамауға алғызады және бірталай әмір мен бектерді жазаға тартуға патшаның бұйрығын жасатады. Осындайлық елге жаны ашыған істері үшін, Әлішер халық ортасында аса абыройлы, мәлім кісі болады.

Бірақ Әлішер сарай қызметінен босанып, жазуға берілмекші еді. Өз тілегі бойынша, мөршілік міндетінен босап алған кезінде, Хұсаин бұған уәзірлікті ұсынады. Әлішер бұл орыннан қашса да, құтыла алмайды. 1472 жылы уәзір болады. Бірақ сол орынға келген күнінен бастап үлкен рудан шыққан уәзірдің көбі бұған қарсы қызғаныш ойлап, іштен түйіледі.

Әлішер оларға қарамайды, өзінше үлкен жолдармен іс етпек болады. Алдымен Ғират қаласын зор мәдениеттің орталығы етуге кіріседі. Өз айналасына заманның ірі кісілерін – ғалым, суретші, музыкашы, архитектор, ақындарын жияды. Бәрін де мемлекет ісінің кеңесіне алады. Сол күндердің ең үлкен ақыны Абдурахман Жами¹ және Саид Хасан Әрдашер сияқты ақындар Әлішердің ақылшылары болады. Жами сарай маңынан алыста жүрсе де, барлық Орта Азияға мәлім еді. Ол Әлішерге ұстаздық етіп, ақыл көмегін көп беріп тұрады. Хұсаин өзі де өлең жазушы еді. Ол Ғиратты көркейту талабына қарсылық етпеді. Бірақ аз заман ішінде ішкілікке беріліп кетеді. Оның жалғыз өзі емес, ұлдары, әскері – барлығы да соған салынады да, қазынаны құрта бастайды.

Осы кезде Әлішер басының бұлты қоюланып келе жатты. Жаулары мұның өзіне де, достарына да қарсы қимыл етіп жүреді. Бірақ мемлекет ісінде жүргендердің ішінде, аз да болса, халық жайын ойлайтындар бар еді. Соларға сүйеніп жүріп, Әлішер өз істерін істей берді. Бір жағынан, патшаның өзіне халық алдындағы міндетін айтып жүрді. Әлішердің өз басы сарай былығынан күн санап жиреніш тартты.

Қолынан келгенше ол халыққа пайдалы әрекеттер істеді. Ғират қаласында бірнеше үлкен үйлер салғызып, медресе, кітапхана, аурухана, моншалар ашқызды. Мешхед қаласында да имараттар салғызды. Егіссіз шөлдерде каналдар қазғызбақ боп, үлкен пландар жасайды. Бірнеше ғалым, ақын, тарихшыларға үлкен кітаптар жазғызады. Оларға үнемі жәрдем етіп отырып, өзі де үлкен еңбектер жазуға кіріседі. Әлішердің үміт талабы бұл айтқандардан да зор еді. Бірақ Хұсаин сарайы мұндай жолдан қашықтай берді.

70-жылда, Әлішер жазаға ұшыратқан тентек, бүлікшіл сұмдар енді күн санап бел ала бастады. Олар қанаттасып, бірлесіп ап, Әлішерді сарайдан абыройсыз етіп айдауға тырысты. Өсек шағымдарын патшаға жиі жолдайтын болды. Хұсаин да бұзыла бастады.

Әлішердің ендігі сөзін құлаққа ілмейтін болды. Осыны байқаған соң, Әлішер 1476 жылы уәзірліктен босап шықты. Содан кейін, он бір жыл бойында әкімшілік ісіне араласпады.

1476 жылы Жамиге бағыштап жазған парсыша кітабы “Тухфатул әқфарда” патша сарайына қатты наразы боп шыққанын ашық айтады. Ең үлкен қорытындысының бірінде: “патша – халық басындағы пәле” дейді. Тұспалдап сөйлеп кеп: “жерге әрекет етуде шошқа мен диқан екі басқа іс істейді. Диқан жаман жерді жақсы етсе, шошқа жақсы жерді жаман етеді” – дейді.

Сарай бұл кезде Әлішерге қатты сенімсіздік жасап, сыртынан тыңшы қояды. Әлішер бұл күйді сезсе де, сонша іркілмейді.

Әлішердің әкесінен қалған өз мүлкі бар еді. Соның да бірталайын кітапхана, монша, ауруханалар салуға жұмсайды. Ескі имараттарды түзеттіреді. Әлішер салғызған үйлердің бірталайы Ғиратта әлі күнге бар. Үлкен жолдар үстіне керуен сарайлар салғызады. Бұл реттегі әсіресе көрнекті ісі – өлген ақындарға мазарлар салғызуы.

Әлішердің өз үйінен ылғи жақсылар жиыны арылмайды, сол жиындарда айрықша әдебиет мәжілісі, сындар, айтыс-таластар болатын. Мұқтаждық көрген ақын, артистерге мол-мол сыйлар беріп тұрған. Өзбек тілінде үлкен шығармалар туғызуды қатты арман етеді. Осы бетте кім, не жақсы еңбек тудырса, алғашқы жәрдемді Әлішерден алушы еді.

Ақын Әлішердің өз басының да үлкен, күрделі еңбектер берген жылдары осы мезгіл болады. Атақты “Хәмсә” (Бес кітап) дейтін шығармалары туады. Бұл бестің бірінші кітабы – “Хайратул әбрар” (жақсыларды таң қылу үшін) деген шығарма. Екіншісі – “Ләйлі – Мәжнүн”. Бұл дастан – 7200 жолды, үлкен жыр. 1483 жылы жазылған. Ләйлі – Мәжнүннің ауызша әңгімесі арабтан шыққан, XII ғасырда алғаш рет дастан етіп жазған кісі Өзербайжанның ұлы ақыны Низами Ганжеуи еді. Иранда бұған еліктеген кісілер көп болды. Оны Хисрау Дехлеуи, Абдрахман Жамилер де жазған еді. Әлішер бұл әңгімеге жаңа мазмұн, жаңа идея беріп, қайтадан жазды. Екі жастың қайғысынан қоғамдық мағына туғызып, байытып жазды.

Әлішердің үшінші дастаны – “Фархад – Шырын”. Бұл – ең ірі кітабы, 11 мың 404 жол, 1484 жылы жазылған. Жырдың түп әңгімесі Ирандікі болатын. Ең әуел дастанға айналдырған Әбулқасым Фирдоуси еді. Кейін көп еңбек

етіп, “Хисрау мен Шырын” деп жазған Низами. Содан бері “Хисрау – Шырын”, “Шырын – Хисрау” деп жазғандар көп болды. Бірақ Әлішердің жазғаны өзгенің бәрінікінен бөлек боп шықты.

Хисрау Паруиз зорлықшыл патша еді. Соны өзгелердің мақтап жазғанын Науаи қатты сынады да, Фархадты көтереді. Дастанның негізін достыққа, халықтар жарастығына құрады. Әділет, гуманизм идеяларын ардақтайды. Қытай жасы Фархадтың қасиетін ұлғайтып, геройлық, махаббат, достық сипаттарын береді. Талантты, білгіш, зор ақыл иесі, идеал адам етеді.

Жаһанда ғылым қалмай ол жетпеген,
Іс қалмай тәсілмен тербетпеген, –

дейді.

Ерлігі ел жұрттың пайдасына жұмсалып алғыс әперсе, бұның махаббаты да адамды тазартатын махаббат болады. Сүюді білмеген жақсылық жоқ деген мағына туғызды. Махаббаттың өзін алғанда, ол достық, тұрақтылықпен өрімдес болсын дейді. Және бұрынғы софылықтың мистикасынан аулақтап шығып, шын “сүю өмірден бездірмеу керек, қайта тірлікті де сүйгізетін болсын” дейді. Мұндай сүю адамға батырлық, даналық, сәулет бітіреді. Бірақ бейнеті көп. Оған мықты, мінсіз адам ғана жарайды дейді. Әлішердің әйелге деген көзқарасы да осы дастанда мол танылады. Мұндағы әйелдер ақылды, қабілетті және ерлермен тең, туыс келеді. Маһибану, Шырын сияқты әйелдер, ең алдымен, мәдениетті, ақылды және мемлекетті жақсы басқара алатын әділ, Отанын жаудан ерше қорғай білетін мықты әйелдер, заманның алдыңғы адамдары өздері боп шығады.

Дастан ішінде осылардай жақсы, арлы, намыскер, таза адамдарға қарсы залым, әділетсіз адамдарды да көрсетеді. Әлішерде олардың өкілі боп, бұрынғы ақындар дәріптеген Херау патша шығады.

Хәмсәнің төртінші кітабы – “Сәбғәй сәярә” (жеті планета). Ол 9 мың 710 жолды дастан, 1484 жылы жазылған. Әңгімесі Иран патшасы Баһрамның басынан кешкен бір жайды баян етеді. Бұл тақырыпта Низами (“Нафт пайкар”), Хераулар да жазған.

Әлішер өз жырында Баһрам жайына келгенде, жаңағы екі ақынды сынайды. Бір маскүнем патшаны соншалық несіне жақтаған, “өз заманының тұрғысы болған екі шәйір сол надан үшін хәмсәлерін былғар ма?” – дейді. Әлішер жеті планеттің әңгімесін өзгертіп, өзінікі қып әкетеді.

Бесінші дастан – “Сәдди Искәндәри” (Ескендір дуалы). Бұл – 14 мың 392 жолды, үлкен әңгімелі жыр, 1484–85 жылдарда жазылған. Бұрын осы тақырыпқа Низами, Хисрау, Жамилер де “Ескендір-нама” деп, әлденеше рет жазған болатын. Әлішер бұл әңгіменің туысында да бірталай жаңалықтар қосты. Кей кезде екі патшаның соғысын жиренішті қантөгіс түрінде көрсетіп кеп, өз тұсындағы патшасы Хұсаин Байқара туралы тұспал беретіні де бар.

Темір нәсілінің соңғы дәуірлері тыныштықсыз, берекесіз өзара соғыстарға толып, ел мазасын қатты кетіріп еді. Әлішер мына дастанда кей-кейде соны тұспалдап, соны кінә қылады. “Хәмсәға” кірген бес кітаптың жайы осындай. Жалғыз өзбек әдебиеті емес, заманындағы барлық шығыс әдебиетінің биік шоқысы есепті болған “Хәмсәни” Жами сол жылдардың өзінде де қатты мақтаған еді.

Бірақ патша сарайы Әлішердің атақты, абыройлы кісі боп аман тұрғанын көтере алмады. Хұсаин Байқара астанадан Әлішерді кумақ болады. Қуғанда түп-тура айдап тастау оңай емес, ұлы ақынды сүйетін, қадірлейтін жұрт көп. Сол себепті сылтау тауып, Астрабадқа әкім етіп жібереді.

Әлішер аты ол жақта да мәлім екен. Астрабад үлкен құрметпен қарсы алады. Келген жолын құттықтап, білім иелері хаттар жазады, ақындар жырлар арнайды. Тіпті түрікпен ханы арасында парақорлық, зорлық дегендер аса күшті екен. Әлішер ел қамын ойлап, жаманшылықтармен алысуға кіріседі. Хұсаинға мемлекет қамын, парызын айттып, өзінің үлкен пікірлерін айқындап, толық хат жазады. Хатында жаңа тәртіптер туралы көп программалар аталған. Бұл хат Әлішер Науаидың мемлекет жөніндегі үлкен мұңдарының бір жақсы белгісі.

Астрабадта тұрған кезінде Әлішер өзінің ғазалдарын (лирика) және басқа жырларын молайтады. Барлық көркем ұсақ шығармаларын бір жинақ қып топтайды да, 45 мың жолдық “Хәзаин-улмиани” (“Мағыналар қазынасы” яки “Шардеуан”) деген атақты кітабын өзір етеді. Әлішердің

Ғиратқа қайтқысы келсе де, Хұсаин қайтармайды. Оның орнына, Әлішер басына қастық ойлап, бұрынғыдан да өшігіп жүріп, бір уақыт ішер асына у салғызып береді. Бірақ Әлішер сезіктеніп қалып, өзі ішпейді. Удың жайын анықтайды. Осы жөнде Хұсаинды ұялтып, кінәлап отырып, хат жазады. Хұсаин Әлішер хатынан қысылып, ақталмақ болады. Амалсыздан, Әлішердің дегеніне көніп, Ғиратқа қайтуға рұқсат етеді.

Осыдан кейін бірталай заман Әлішерді Балхыда тұрғызады. Соңғы жылдарда, Хұсаинның өзі мен Бөдиюз-заман деген баласының арасында араздық басталып, ұзақ жаулық – соғыс боп кетеді. Әлішер бұл шатақтан халық ауыртпалығы артқанын көріп, әке мен баланы жарастырмақ болады. Бірақ ол дегеніне жете алмайды, тыныштық орната алмайды. Осы кезде Хұсаин маңайын тастап, басқа бір жұртқа кетуді де көп ойлайды.

Бірақ жазушылық еңбегінен қол үзбейді. Жоғарыда айтылған ірі кітаптардан басқа Әлішердің “Мухакаматуллуғатаин” (тілдер таласы) деген аса бағалы ғылыми кітабы жазылады. Бұл кітапта өзбек тілін бұрынғы кітапшалардың асыра мақтай беретін парсы тілімен салыстырады. Өз елінің тілі анау сияқты өнерлі, өскелең деген тілден тіпті де төмен емес, қайта байырақ екенін анық көрсетеді.

1498–99 жылдарда Әлішер “Лисануттаир” (құстар тілі) деген кітабын жазады.

Өмірінің соңғы шағында, 1500 жылда жазған үлкен шығармасы “Мәхбұлбұл қулуб” (көңіл сүйгені) деген кітап. Мұнда өмірдің тәжірибесі, көрген-білген үлкен халдер, қоғамдық халдер туралы өзінің қорытынды пікірлерін айтады. Халық қамы мен патшалық ниетінің арасындағы бітімсіз жаулықты танытады. Елдің ызасын, жиренішін, қорлығын айтады. Жуандардың әділетсіз, залымдығын, жыртқыштығын таңбалайды. Жұрт мұңына соншалық жақын келген бұл шығармасының тілі де халық тіліне, халық шешендігіне, мақал-афоризмдеріне аса жақын, асыл, бай өрнектеп жазылған.

Әлішер 1500 жылы ұзақ ауруға душар боп, көп заман төсек тартып жатады. Достары жиған дәрігерлер ем таба алмайды. Сөйтіп, 1501 жылы 12 январьда ұлы ақын қайтыс болады.

Әлішердің өліміне қайғырған халық сансыз еді. Сол жұрт ішінде өз уайымын жырмен айтқан Әлішердің досы Мәулен Саһиб Дара деген кісі, ол ерекше жоқтау жазды. Бұл жоқтаудың әр шумағынан Әлішердің туған жылы мен өлген жылы көрініп отыратын боп жазылған.

Артына ұшан-теңіз мол мұра қалдырған Әлішер Науаи жалғыз өзбек әдебиетінің көлемінде қалған жоқ. Бертін келе Орта Азиядағы, Шығыстағы көп елдің әдебиетіне үлкен әсер етті. Әзербайжан, түрікпен, татар, осман түріктерінің әдебиетіне тараған үлгісінен басқа, қазақ әдебиетіне де көп нәрлі жемістер берді. 19-ғасырдағы қазақ әдебиетінің Абай, Шәңгерей, Шәді, Шортанбай, Ақан сияқты ірі ақындарын еске алсақ – бәрінен де Әлішер ғазалдарының, дастандарының айқын сарындарын сезіп отырамыз.

Өз дәуірінің мәдениет, әдебиетіне соншалық көп еңбек еткен және кейінгі ғасырларда көп халықтардың көп заман қадірлеген ұлы ақыны Әлішер Ұлы Октябрь революциясына шейін өз мұраларына лайықты бағаны ала алмай келіп еді.

Бақытты Отанымызда ғана атақты Әлішер Науаи шын ардақты атқа ие боп отыр. Бұдан былай қазақ халқы үшін де Әлішер аты Пушкин, Шота, Шевченко, Абай, Низами, Фирдоуси, Мақтұмқұлы, Токтағұл сияқты қадірменді аттармен қатар аталатыны күмәнсіз.

Әлішерден қалған ақындық мұра ұшан-теңіз. Қазақ оқушыларына бір жыл ішінде барлық ірі шығармаларын аударып, басып, танытып беру оңай емес. Біздің баспа өз оқушыларын өзбек халқының ұлы ақынымен аз да болса таныстыру үшін осы кітапты ұсынып отыр. Бұнда “Шардеуанға” кірген “ғазалдардың” (сыршыл жырлардың) үлгілері бар. Хәмсәнің ішінен “Фархад – Шырын” деген үлкен дастанынан үзінділер берілген.

Осы үлгілердің өздерімен де түгел танысқан оқушы Әлішердің асыл қазынасынан, әсем өрнегінен толық әсер алады деп білеміз. Қазақстан баспасы Әлішер мұралары туралы осы бір кітаппен тоқтамақ емес, әлі де үлкен шығармаларын қазақ еліне таныстыра беруіне тілектеспіз.

ЖИВОЙ НАВОИ

Пятивековой истории узбекского народа неугасимо яркими светилами сопутствуют творения гениального Навои. Один только объем оставленного им многообразного поэтического, прозаического и научного наследства делает его наиболее продуктивным поэтом и мыслителем среди других классиков древности.

Столь же много и написано о Навои, посвящено ему. Эти произведения легко можно разграничить на две группы. Первую из них составляют памятники, возникшие как при жизни самого поэта, так и в течение ряда последующих веков. Ко второй группе принадлежат произведения узбекского социалистического искусства, зародившиеся после Великой Октябрьской революции.

При жизни своей Навои деятельно способствовал появлению различных видов искусства в Герате. Так, например, в музыке знаменитые композиторы Кул-Мухаммед и Хусейн Уди воплощали многое из идей и музыкально-творческих поисков Навои. В живописи друг поэта, высокоталантливый художник-миниатюрист Бехзад первый оставил нам портрет Алишера. Он отразил в своем творчестве высокую идею служения народу, заступничества за него.

В этом глубоком осмыслении взятых им тем, в посвящении своего труда высоким идеалам на Бехзада оказывал огромное влияние Алишер Навои. Не случайно при изображении Бехзадом момента постройки большой Самаркандской мечети при Тимуре смело показана тяжелая доля подневольных тружеников. Бехзад в этом случае своими миниатюрами подтверждал назначение художника, которому Алишер завещал:

Если ты человек, не называй человеком
Того, кто не заботится о народе.

Не только памятники богатой архитектуры или оригинальное искусство каллиграфистов Герата отразили на себе влияние замыслов Алишера. В трудах его современников мы встречаем литературное описание жизни и деятельности самого Навои. Живую обрисовку образа его мы видим в трудах историков Гиясиддина Хондемира, Давлетшаха. Один из талантливых воспреемников Навои, поэт и мемуарист-историк Захирэддин Бабур в своем “Бабурнамэ” также оставил нам красочный портрет поэта.

Многие узбекские поэты последующих веков справедливо считали себя наследниками и учениками Навои, в ряде своих произведений отразили моменты жизни и борьбы самого Алишера и его героев. Так жил Навои в творчестве Мухаммед Салиха, Нушаты, Тарди, Фазди, Гюльхани, Мукими, Фурката и других.

Но подлинно широкое место в истории культуры заняли произведения Навои и художественно воспроизведенный образ самого поэта только в советскую эпоху.

В социалистическом искусстве Советского Союза, в том числе и узбеков, память о Навои живет в двойном смысле. Многие советские художники черпают темы, сюжеты и идеи из творений Навои. В другом случае Навои сам фигурирует в качестве основного героя произведений разных видов искусства и литературы.

С самого начала возникновения советского театрального искусства Узбекистана вплоть до последних дней создано много пьес и либретто на темы творчества Алишера. Это – музыкальная драма “Фархад и Ширин”, опера “Лейли и Меджнун”, балет “Сухейли и Мехри”, построенный на сюжете поэмы “Семь планет”, и другие.

В итоге творческого содружества композиторов, драматургов, режиссеров, актеров, балетмейстеров, театральных художников Узбекистана ряд ценнейших спектаклей, связанных с именем Навои, прочно вошел в репертуар академических и областных театров. Так новое театральное искусство утверждает великую память бессмертного гуманиста.

Но, пожалуй, более ответственная, трудная, хотя и благороднейшая задача, – воссоздание образа не героев поэта, а самого их творца.

Уже давно делались попытки воспроизвести образ Навои в живописи. Известно немало действительно ценных полотен – работы художников Узбекистана, изображающих Навои и отроком, и юношей, и в полном расцвете физической и духовной зрелости, и в преклонных годах. Особо выдающимися в этом отношении признаются заслуги художников Уфимцева и Тансыкбаева.

Память поэта будет хранить и спектаклями на своей сцене и самим наименованием знаменитое здание Узбекского академического оперного театра имени Навои. Это здание справедливо названо красивейшим Дворцом Советского Востока, а строители его академик Щусев и народные мастера и художники Мурадов, Асланкулов, Джамиллов, Балтаев, Ахмаров, Балта и Джамал Джураевы удостоены Сталинской премии 1947 года.

Наиболее полно, законченно и ярко образ Навои запечатлен в трех выдающихся произведениях советской литературы и искусства.

Мы имеем в виду кинокартину “Алишер Навои”, драму “Алишер Навои”, поставленную в настоящем сезоне в академическом театре им. Хамза, и широко известный роман крупнейшего узбекского писателя Айбека “Навои”. Сценарий кинокартины “Алишер Навои” создан совместными творческими усилиями узбекских и русских писателей: Изат Султанова, Уйгуна, Спешнева и Шкловского.

Картина “Алишер Навои” по достоинству получила высокое признание советского зрителя, и ее режиссер-постановщик Камил Ярмагов, а также ведущие актеры, исполняющие роли Навои и Хусейна Байкара, – Разак Хамраев и Асат Исмагов получили Сталинскую премию 1947 года.

Главной заслугой авторов пьесы и картины считается достойное воссоздание обаятельного образа самого Алишера. Стержневой темой этих произведений проходят деятельная борьба и благородные порывы поэта-гражданина, избравшего себе в удел заступничество за народ, самоотверженное служение родине и ее культуре. Перед зрителями постепенно разворачивается тернистый путь боль-

шой поучительной жизни благородной личности в сумрачную, далекую, феодальную эпоху.

В этих произведениях дан убедительный и исключительно притягательный образ борца за высокие идеалы человечности и нравственности.

Отдельные недостатки этих произведений связаны не с изображением Навои. Так, например, в пьесе считается несколько односторонней обрисовка образа Байкара, этой сложной и противоречивой исторической личности. Самый серьезный упрек кинокартине и пьесе – это изображение борьбы героя в пределах феодально-дворцовой среды и в некоторой изолированности от борьбы народных масс. В тесной связи с этим замечанием возникает и другой законный упрек – отсутствие полноценно очерченных образов представителей народных низов.

Несмотря на наличие указанных недочетов, оба эти произведения являются одними из лучших памятников, воздвигнутых нашей культурой великому Навои.

Особо выдающимся произведением этого порядка, по нашему глубокому убеждению, должен считаться исторический роман Айбека “Навои”, удостоенный в 1946 году наивысшей оценки нашей страны – Сталинской премии первой степени.

Следуя в освоении исторической темы методу социалистического реализма, автор сумел широко раскрыть далекую эпоху гератской культуры, создал огромное полотно высокой познавательной ценности.

Здесь в числе многих персонажей романа, представлены носители характерных типических черт весьма разнообразных социальных слоев, находящихся между собой в глубоком конфликте.

Убедительно раскрыты нравы ханско-феодального двора со всей его иерархической лестницей духовных и светских правителей. Не только фоном, а волевой, активно действующей силой выступает в романе и народ – труженик, творец, носитель глубокого протеста против мира зла и главное, народ – источник мудрости, питающий животворными соками все новые творения своего гениального сына – художника. В романе мы видим целую галерею живых образов из народа.

Не впадая в схематизм и шаблонность, автор умело и полно развенчивает жадных и хищных визирей, глухих к народному голосу коронованных особ, всяческих стяжателей и ханжей из гератского двора.

И в пору господства таких личностей проходит в романе большой период жизни поэта, становящегося на глазах читателя самой светлой вершиной поэтической, научной и общественной мысли своей эпохи. Человек, переросший современное общество на несколько голов, Навои формирует вокруг себя среду поэтов, художников, ученых.

Полноценно показан Айбеком тот Навои, который был самоотверженным почитателем, организатором и неутомимым вдохновителем труда прогрессивных деятелей, кому были дороги идеалы свободы и торжества разума, идеалы великого счастья народных масс.

Заметным недостатком романа является скудость изображения в нем личной, интимной жизни поэта. И особенно ощутимым пробелом надо считать ограниченность показа в романе творческой психологии героя. По одному только количеству созданных произведений Алишера мы можем судить, что в его интеллектуальной и эмоциональной сущности наибольшую долю жизненно-творческой энергии и времени должен поглощать именно творческий процесс, и поэтому естественно ожидание читателя, что в романе будут раскрыты моменты творческого преобразования поэта в заветные часы вдохновенья.

Роман, как и картины, уделил больше внимания Алишери – государственному деятелю и деятелю культуры, но в нем досадно скупо отображен внутренний мир столь интересной для художественного воссоздания многогранной творческой личности.

Приведенным здесь перечнем созданных в нашу эпоху произведений искусства, посвященных Навои, далеко не исчерпывается весь их богатый и разнообразный ряд. Можно сказать с полной уверенностью, что нет ни одного поэта Советского Узбекистана, который не посвятил бы отдельные строки Навои.

Особо выделяем поэтические и научно-исследовательские труды по изучению наследия Навои таких выдающихся поэтов-ученых, как Гафур Гулям, Максуд Шейхзаде.

Коллективными трудами всех деятелей искусства и литературы Узбекистана и Советского Союза великий Навои оживлен для нашей эпохи.

Пройдя дали веков, он как бы повсюду сосуществует с нынешними счастливыми поколениями родного народа. Верное ощущение этой правды, очевидно, и дало повод Шейхзаде в его балладе сказать:

О, товарищ Навои, огромный и быстролетный,
Ты живее многих живых поэтов!

К новой жизни Алишера воскресила наша социалистическая эпоха, слившая воедино поэта с народом!

1948

НА КРЫЛЬЯХ АЛЫП-КАРАКУСА

В недавнем историческом прошлом Казахстан считался самым отсталым среди сопредельных стран. Да это так и было. Достаточно бросить один взгляд на прежнюю карту Казахстана. Лежали пустынные дали, необъятные степи, неприступные горы... Кто может одолеть их! Разбросанный в этих широчайших непокоренных просторах малый народ, казалось, самой судьбой был обречен на гибель, на вымирание. Даже в этом несоответствии населения и пространства было заключено одно из тяжелых противоречий прошлой нашей жизни.

Но народ – всегда оптимист. Хотя бы в своем воображении, хотя бы в сказочных видениях он являл пример мужественного одоления этих пространств. Народное творчество создало могучую птицу – Алып-каракуса. На своих крыльях эта птица переносила пытливого юношу через огненные моря, поднимала его в поднебесье, открывала ему чудо-сады. Отважный одинокий странник с помощью волшебной птицы обретал свое счастье. Так мечталось человеку – сыну беспомощного отсталого народа.

Ныне мощные крылья Алып-каракуса явились реальностью самой благодетельной, самой великой революции. Обетованный край, рисовавшийся в смутных видениях и загадочных далях, стал теперь живой явью социализма. Волею великих сынов и вождей народов – Ленина и Сталина, волею самой справедливой партии мира – большевистской партии – преображены и земля наша и люди.

В нашем былинном эпосе нетрудно заметить стремление фантастически приукрашивать человека. И еще одна черта характерна для старинных сказаний: они объемлют целые столетия, ибо медленна была поступь истории в

нашей степи. Но ведь эпос и ныне жив, и ныне рождается. И вот здесь я хочу сказать о его коренном отличии от наших прежних степных былин. В наше время эпичен сам человек. Героический эпос прошлого складывался веками и отражал века, а теперь жизнь одного советского человека может послужить материалом для целого цикла эпических творений. Каждый этап жизни нашего живого современника являет великое и невообразимое в прошлом.

Работая над образом Абая, восхищаясь его борьбой в эпоху безвременья, я одновременно не могу не сопоставлять его жизнь с жизнью любого среднего человека – казаха в наши дни. Какие взлеты ожидают нас и в юности, и в зрелом возрасте. Знатность в нашей стране приходит к юноше и девушке и к человеку преклонных лет. Молодой джигит становится героем, прославленным на всю страну. Он приобщается к активной государственной деятельности, к профессии ученого, к творчеству писателя. В нашей обновленной стране труд и прежде всего труд приносит славу. Свободный труд свободных и счастливых людей выдвигает знаменитых деятелей во всех отраслях производства, науки, техники и культуры.

Только клеветники, только скудоумные продажные писаки, коим нет дела ни до исторической истины, ни до счастливой судьбы народов бывших колониальных и полуколониальных окраин дореволюционной России, возрожденных Великим Октябрем, только лжеинформаторы из “Голоса Америки” могут распространять дикие небывлицы о якобы подневольном труде в СССР, в Казахстане.

Карагандинские и лениногорские горняки только недобро нахмурят брови, услышав такое: до чего же вы заврались, господа! Вы спутали время! Да, здесь был подневольный труд в черные дни концессий, и об этом мы знаем не только по книгам и музейным экспонатам, но и по шрамам от побоев, которые сохранили на всю жизнь почетный шахтер Тусуп Кузембаев, старые риддерские горняки. Для нас это время безвозвратно прошло.

Стоит вспомнить в майский день биографии сынов и дочерей казахского народа, оглянуться на пройденный ими путь от родительского очага под пологом юрты в раннем детстве до кафедры университета, до звания акаде-

мика, до поста министра. И тогда легко убедиться, что на протяжении жизни не нескольких поколений, а на протяжении жизни одного поколения, только за тридцать коротких лет так необычайно изменился и вырос народ, переродилась наша земля.

Советский Казахстан служит поучительным примером сопредельным странам Востока, стонущим под игом империалистов. Советский Казахстан – страна всеобщей грамотности, страна расцвета хозяйства и культуры в их широком многообразии.

Возмужал, вырос, окреп мой народ!

Он обрел крепкую дружбу своих братьев, неразлучных, родных, во главе с великим русским народом. Не абстрактно, не в декларациях эта дружба: она – на колхозной полосе; она – в лабораториях ученых; она – испытана в шахтах; она особенно проверена и укреплена в окопах в суровые годы гражданской и Великой Отечественной войн.

Бедствие прошлого – религиозный фанатизм, тяжкий институт патриархально-родового быта, национальная разобщенность навечно сданы в архив истории.

Коммунистическое воспитание создает поколения, для которых весь великий Союз Советов – и колыбель, и семья, и бескрайнее поле деятельности.

В детские годы мы знали 90-летних стариков, проживших всю долгую жизнь только в одной долине, у одних подножий, у скудных берегов одной малой реки. В представлении такого старика весь мир кончался за пределами видимого горизонта – тесный примитивный мир. Пусть читатель представит и молодого, и старого казаха, находящихся сейчас в той же долине, у тех же подножий, у берега той же реки, несущих ночной дозор возле отдыхающей отары. Девушка поет песни восторга, уверенная в том, что она заслужит честь носить Золотую Звезду Героя. Старик – многоопытный, колхозный чабан приобретает славу на весь Союз. Его труд будет описан в книгах ученых и распространен на джайляу, находящихся за тысячи километров от этой малой речушки. О нем будут слагать стихи поэты. Счастливый своими победами своего народа, он ощущает вторую молодость. Вдохновенен и благостен его труд!

Новыми гигантскими масштабами меряют свои трудовые усилия представители всех поколений и профессий в нашей стране. Может быть, это слишком смело, но я утверждаю: нет молодого ученого-казаха, который бы не мечтал о разрешении мировой проблемы в избранной им отрасли любимой науки.

Так преобразован полупустынный край, который сказочники соседних народов рисовали “страной, где у птицы крылья, а у коней копыта сгорают”.

Возрожден народ, преобразен облик страны. И страна со всеми своими сынами и дочерьми как бы перенесена на крыльях Алып-каракуса – Великого Октября из дальних бесплодных времен средневековья в эру полного воплощения мечтаний наших предков.

Международный праздник Май для нашего Отечества, для всех тружеников нашей Родины давно стал смотром побед и достижений. И сам новый праздничный день нынче словно поражается всему тому, что прибавилось за год в любой части нашего Отечества. А советский социалистический Казахстан вот уже который раз выходит на этот смотр, приравнивая каждый новый год к каждому веку прежней своей истории.

К светлому весеннему коммунистическому празднику мы приносим новые победы тружеников заводов и полей, своих ученых, своих работников искусства, своей литературы. Мы не просим скидок на нашу молодость. Достижения ученых Казахстана неотделимы от достижений ученых всей советской науки. Они могут быть обнародованы с любой кафедры любого университета страны. Творения оперного искусства Казахстана с полным правом могут исполняться нашими талантливыми актерами на любой сцене. Месяц май приятно ознаменован для казахской литературы смотра ее достижений на московской декаде.

Казахский народ, обретший впервые за свою историю землю обетованную, пользующийся всеми благами своего Отечества, и Родину свою мыслит не как Казахстан, а как весь великий Советский Союз. Он впервые обрел и национальное достоинство, и национальную гордость, и социалистическое интернациональное чувство солидарности со всеми народами мира.

Сегодня мы не можем не пожелать добра и мира, свободы и независимости, культуры и вдохновенного труда народам Индии, которые, по словам газеты “Амрита ба- зар патрика”, переживают “время трагедий, несбывшихся мечтаний и не исполненных надежд, безрезультатных усилий достигнуть мира и благополучия”.

Сегодня горняки Алтая, Караганды и Коунрада шлют привет и пожелание свободы рабам “самоуправляющейся” английской колонии – Южной Родезии, добывающим голыми руками за колючей проволокой драгоценную руду для своих хозяев, цинично кричащих о рабском труде в СССР.

Наши сердце бьются в лад с теми, кто водружает сегодня народно-революционные знамена победы в городах освобожденного Китая.

Наши голоса сливаются с мужественными голосами представителей Советского Союза и всех тех, кто на Всемирном конгрессе сторонников мира дал жестокий отпор поджигателям новой войны.

Мой народ, в высоком порыве созидательного труда, в кровном, неразъединимом сталинском братстве обретший свою историю, всегда готов к защите священных пределов нашей Советской Родины.

Алып-каракус обладала удивительным свойством: в сказочном полете она могла перенести путника и в чудесный сад, и в заоблачный мир, и в подземные недра, и в огненные моря. Но этими качествами обладает и наша реальная Алып-каракус. И если для нас Алып-каракус приготовила сегодняшний светлый, как сады весной, праздник, то наших врагов, рано или поздно, она унесет в огненное море вечной гибели.

1949

ИГІЛІКТІ САПАР

Қазақ совет әдебиетінің Москвада өтетін онкүндігі сүйікті астанамыздың және бүкіл Отанымыздың жұртшылығы алдына біздің социалистік мәдениетіміздің елеулі табыстарын тартады.

Бұл оқиға қазақ әдебиеті, мәдениетінің өсіп, даму жолындағы зор кезеңінің бірі: үлкен сын кезең. Онкүндікке біз ерекше қолайлы, қуантарлық жағдайда келіп отырмыз. Ең әуелі бұл игі жағдайға партия мен үкіметіміздің Москвада қазақ совет әдебиетінің онкүндігін өткізу туралы қаулысы жасалды.

Екіншіден, бұл жауапты сапарға біздің әдебиеттік табыстарымыз ойдағыдай әзірлікпен баруына Қазақстан үкімет, партия басшылығының айрықша зор ықыласы және күнделік көп көмегі болды.

Үшіншіден, Бүкілодақтық Жазушылар одағының ұзақ уақыттық қолма-қол көмегі де ойдағыдай болып келді. Москвадағы орыс жазушыларының біздің шығармаларымызды орыс тіліне аударуда творчестволық, достық еңбектері де аз болған жоқ.

Москвадағы ірі әлеуметтік маңызы, даңқы бар баспасөз орындары онкүндік алдында қазақ совет әдебиетінің өсуіне, елеулі табыстарына арналған жеке кітаптар шығарды, мәні зор мақалалар жарияланды. Олар одақтық жұртшылықтың назарын қазақ әдебиетіне молырақ аударуға көп тілеуестік, достық жағдайлар жасады.

Онкүндікке әзірлік ретінде Қазақстан мемлекеттік баспасының өзі сіңірген еңбек те өнімді болды деп айта аламыз. Орыс тілінде аударма түрінде шыққан шығармалардан басқа, соңғы бірнеше ай бойында қазақ оқушы жұртшылығына арналған ана тіліміздегі кітаптардың да саны мол болды.

Міне, бұл саналған жағдайлардың барлығы онкүндікке әзірлік жолындағы көп күрделі істердің бастаушы, ұйымдастырушы, орындаушы мол әрекеттері еді.

Бұлардан тыс, онкүндіктің алдын ала болып өткен, қазақ совет әдебиеті үшін айрықша зор маңызы бар тағы бірнеше жағдайларды еске алу керек. Оның ең елеулісі 1948 жылдың декабрь айында болған Бүкілодақтық Жазушылар одағының XII пленумы кезіндегі жаңалықтар еді. Пленум қазақ совет әдебиеті жөнінде арнаулы баяндама тыңдады. Одақтық аты, беделі бар және қазақ совет әдебиетіне үлкен достық, тілеулестік, сыншыл көмек көрсеткен жазушылар біздің әдебиетіміз туралы өнімді ойлар айтты. ССРО Жазушылары одағының бас секретары А. Фадеевтің қазақ совет әдебиеті туралы сол пленумда айтқан және бейбітшілікті жақтаушылардың Парижде өткен бүкіл дүниежүзілік конгресінде айтқан пікірлері – барлығы да ұмытылатын сөздер емес.

Жазушылармен қоса, Москваға искусство қайраткерлерінің де үлкен талантты, өнерпаз топтары бірге аттанып отыр. Бұл сапарда олар өздеріне арнаулы жеке міндет алмаса да, қазақ совет әдебиетінің, әсіресе поэзия түріндегі үлгілерін әсем әнге, көркем күйге бөлеп, жеткізу жолында бізге үлкен достық жәрдем көрсетпекші.

Міне, бұл сияқты істер де онкүндіктің жақсы жағдайларын жарастыра, жайната түсетін қызғылықты шарттардың елеулісі.

Енді, онкүндіктің өзінен және оның нәтижесінен не күтетінімізді алдын ала шолып өтсек, қандайлық заңды, орынды ойлар оралады, үміттер туады? Соған аз аялдайық.

Онкүндіктің уақытында біздің ең алдымен күтетініміз: одақтық жазушы, сыншы, дос жұртшылығымызға бүгінгі әдебиетіміздегі барлық табыстарымыз тегісінен кең танылса екен. Жазушылармен жазушылар болып кездесетін талаптары зор жиналыстар түгел әдебиет үшін, жеке жазушылар үшін пайдалы үлкен ойларға сайса екен. Жалпы әдебиетіміздің әр жанрларындағы табыстар мен олқылықтарымыз, жеке жазушыларымыздың іздену, өсу жолындағы жетістіктері мен кемшілік жайлары ашылып айтылса, пайдалы, әділ, достық және талабы зор сынға қорытылса екен.

Осылайша көп кездесулерде туатын ой, пікірлер тек мәжілістерде сөйленіп қалмай, Қазақстанның барлық оқушы жұртшылығына мәлім және қадірлі орталық баспасөз орын-

дары: “Правда”, “Культура и жизнь”, “Известия”, “Литературная газета” сияқты баспа жүзінде қорытылып айтылған үлкен мәнді, нәрлі мақалалар тудырса дейміз. “Новый мир”, “Октябрь”, “Знамя”, “Звезда”, “Дружба народов” сияқты журналдарда одақтық аты, беделі, еңбегі үлкен басшы жазушылардың, ірі сыншылардың кең көлемді сыны, зерттеу мақалалары басылса дейміз.

Онкүндікте қазақ совет әдебиетінің басты-басты табыстары сыншылық, зерттеушілік ойларды қызықтырып тартуға жараса, жақын айлар ішінде біздің әдебиетіміздің өсу, даму жолындағы ізденулеріне арналған жеке кітаптар, мүмкін, монографиялар да туса екен...

Осылайша әдебиеттің қай жанрын болсын, қай ақын-жазушыны болсын бастап, қаруландырып, алдағы табысқа қарай қанағаттандыра жетектеп отыратын негізді, большевиктік жәрдемдер болса дейміз.

Сол жәрдемші, сыншы ойлар Қазақстандағы сын, әдебиеттану ғылымының, әдебиет тарихы ғылымының бұдан былай идеологиялық, методологиялық және ғылымдық жөнде, марксизм-ленинизм жүйелерін ойдағыдай, дұрыс қолданып жоғары дәрежеге жетуіне себепші бола түссе дейміз.

Осындай шығармалық және ғылымдық іздену жолдарымыздағы одақтық жазушы, сыншы, жұртшылықтан алатын көп түрлі пайдалы көмек, жаңалық нәрлеріміз барлық жазушыларымызға үлкен жемісті жаңалықтар қосса екен. Сондай жолмен, жана ойлармен, іздену, талаптанумен жаңғыра түскен әдебиетіміз, бүгінгі табысынан да ілгері ұзап басатын жарқын өріске бет қойса екен. Сондайлық үлкен ізденулер нәтижесінде, қазақстандық және бүкілодақтық оқушы жұртшылығына тағы да мол, зор жаңалық айтқандай еңбектер туғызсақ. Осындай іздену, өр талапқа басу, үлкен сапаны мұрат, мақсат ету белгісін, жемісті нәтижесін Қазақстанның 30 жылдық мерекесі қарсаңында, социалистік мәдениетіміздің мақтан табысы есебінде тарту етуге жетсек.

Онкүндікті өткізу үстінде, қазақ совет әдебиетіне шын тілеулестік, достық жәрдем еткен, іс жүзінде сыналған, атақты орыс жазушыларынан шыққан қымбат, қадірден достарымыздың қатары бұрынғыдан да молая түссе екен.

Қазақ совет әдебиетінің өз кадрларының қажырлы еңбек, талабымен және сенімді достар көмегімен ойдағыдай боп толысып туатын шығармалар молайсын!

1949

БАҒАЛЫ ЕҢБЕК

Қазақтың академиялық театры биылғы сезонның Әлжаппар Әбішевтің соңғы пьесасы “Бір семьяны” қоюмен аяқтады. Советтік репертуар жасауда қазақ драматургтері мен драмалық театрлар соңғы жылдар ішінде ұдайы олқылықта келген еді. “Бір семья” спектаклі жұртшылықтың жақсы бағасын аларлық толық сапасы бар, нәрлі табыс боп шықты. Реалистік сипаты келісті шыққан пьеса академиялық драма театрының сахнасында көптен күтілген, талап етілген, бірақ қолдан келмей жүрген анық маңызды, реалистік спектакль туғызуға себепші болды.

“Бір семья” пьесасын жазушы жұртшылығы алғашқы вариантынан-ақ тәуір бағалаған еді. Драматургияның табыстары аздығын айтқанда, Әлжаппардың “Достық пен махаббаты” және осы “Бір семьясы” көрнекті жаңалықтай ауызға алынып келген-ді. Өткен қыстағы Жазушылар одағы пленумында, жақында болып өткен қазақ әдебиетінің онкүндігінде Қазақстан жазушылары жасаған баяндамалардың бәрінде осы соңғы пьесаға жақсы үміт артылған-ды.

Бірақ сахна – сыншы. Театр – таразы. Соңғы сөз театрда соңғы шымылдық жабыла бере айтылады. Оқушының көзінен көрушінің көзі көреген келеді. Сөйтіп, пьесаның байлаулы бағасы спектакльмен қабат айтыла жүретін дағды бар. Мынау пьеса жөнінде сол алдыңғы үміт пен соңғы сын қабысқандай. Ол “Бір семья” пьесасының ой қозғарлық маңызынан туып отыр.

Пьесаның қасиеті реалистік толық нәрінен тарайды. Идея мен образдар бұл пьесада жалған тартыспен, үстірт бояумен суреттелмеген. Ізденгіш ойлар жаңаша өрістеп, өрлейді. Социалистік реализм – өмір, еңбек, талаптың үлкен арнасымен қадам басқан совет адамын бейнелеуді тілейді.

Ол үлкен арна партия ұранына, социалистік құрылыс мүддесіне өзінің өнерін, қайратын, адамгершілік қасиет, қабілетін молынан жұмсаған жандардың тартысынан туады.

“Бір семьяда” тартыстың екі арнасы бар. Ұлы арна мен қосалқы арналар. Драмалық шығармаға заңды, келісті бітім беретін қос арна. Бұндағы басты геройлар: Айдос, Жанар, Кремлев, Богдановтар зор мүдделі, ауыр салмақты, әлеумет ісінде сыналып, шындалады. Еңбекпен сыналады. Пьесаның үлкен тартысы мен асыл арманы осында. Және де сол адамдар өмірлік шындық, тартыс талқысында өздерінің адамдық сипаттарын танытады. Партия тәрбиесінен, отаншылдық дәстүрден көп үлгі, өнеге алып, жаңғырып өскен жаңа адамның ішкі бейнесі көрінеді. Пьесаның өндіріске арналған еңбек арқауы – теңіз жасауда. Оған қайрат ететіндер: Айдос, Богданов, Жанар және көп көмекші достар, оның үстіне көп халық. Кремлев доктор – сол құрылыс қайраткерлерінің зор көмекшісі, емші қамқоры. Айдос – үлкен қайрат, берік мінез, толық білім иесі. Ол соғыс арқылы өмірдің ауыртпалығын қатты татқан адам. Көп жапа шеккен жан. Жақындары үшін оның тағдыры бір жара болса, өзі бейбітшілік тірлікке де ауыр жарамен қайтқан адам. Бірақ ол сынбаған, күйремеген. Сау сана, сергек қуаты бар істің адамы боп, алдыңызға шығады. Үлкен қайраткер тұлғасын көрсетеді. Осы Айдос пен Жанар, Кремлев үшеуінің арасы пьесадағы үлкен тартыспен, еңбек тартысымен қатар жүретін екінші бір адамдық тартысты көрсетеді. Пьесаның екінші арқауы осыдан туады.

Жанар да сыр-сымбатқа, азаматтық қасиетке толы адам. Ол колхозшы жұртшылықтың таңдап тауып, жауапты орынға лайығымен көтерген адамы. Сол жауаптылығына сай оның істе, өндірісте үлкен ерлігі бар. Партия басшылығының (Богдановтың) тапсыруы бойынша, оның колхозы 30 мыңдаған колхозшының көсем тобы болады. Үлгілі, қажырлы, басшы топқа айналады. Пьесаның басынан аяғына шейін сол өскелең жеңімпаздық қалпынан Жанар төмендемейді. Бұл оның совет азаматы болған әлеуметтік сыпаты.

Кремлев – орыс халқының тәрбиелі, адал, әділ, білімпаз ұлы. Ол совет адамдары арасындағы бар мінезде, жаңа дәстүрде, өмір шындығында барынша жарқырап табылатын адам. Жайдары, дос-жар жүрегі бар зор қасиет иесі.

Өзі білгіш және еңбек елінің үлкен тартыс (соғыс, құрылыс) үстіндегі айнымас жәрдемшісі, қажымас досы. Ары таза, арқалығы биік біткен бейне.

Осы үш адам әрі үлкен өндірісте өздерінің білім, қажымайтын азаматтығын жақсы алып жүріп, әрі сонымен қатар үшеуінің арасына түскен бір жарықшақ жөнінде іштерін ашу шарт. Пьесаның негізгі екі арқауы, сайып келгенде, осы үшеуіне тіреледі. Ал, араларындағы сол жарықшақ турасында бұл үшеуі айыпты ма? Айдос өзі келмес бұрын болған халге мүлде айыпты емес. Бұрын бір хал – Кремлев пен Жанар арасында болғаны анық. Бірақ ол серттен аспаған сыр еді. Кінәлі жол мен жүрек, сезім кірлеткен адамдар бұл екеуі емес-ті. “Айдос өлді” деген хабардың соңынан туған табиғи хал есепті болатын. Жақсы адамдар арасындағы жақсы бір қадірлестік, дос сыйластық қалпынан аспаған үлкен серт – өмірлік серт еді.

Бұл жөнде Жанарды да, Кремлевті де мінді адамдар деп айту қиын. Әйтсе де осыдан туған түйін бар. Ол арзан тартыс емес. Жақсы, адал, ақкөңіл, ірі бітімді адамдар арасында туған түйткіл-түйін болғандықтан әсіресе арзан емес-ті. Советтің жақсы үй ішінде, жарқын достарының арасында үлкен шыншылдық, турашылдық бар. Қалтқысыз ашық, айқын достық бар. Оның бәрі ақаусыз, сызатсыз болсын. Белгілі адам, білгілі үй іші ойдағыдай нәрлі күйде болуы үшін айнадай тазалық болсын. Ол тазалық биік бағалансын, зор қасиет деп аталсын. Бұл – совет адамдарының моралі. Және бұрынғы үй іштері білмеген қасиет, социалистік қарым-қатынастың жаңа адам нәсілін жаңаша қалыптауынан туған зор тазалық. Бұлар істері лас, айыптары үлкен болғандықтан азапқа түскен адамдар емес. Ішкі қасиет пен талаптары, адамгершіліктері бойынша өздеріне өздері қоятын шарттары, ар қарыздары мол болғандықтан туған ауыр күй, қиын тартыс бар. Осы алуандас өзгеше халді Әлжаппар анық ойлы жазушы боп, шеберлігі өскен, реалистік шындықпен көрсете білген.

Ол пьесаның үш адам арасына арналған көріністерінің көбі психологиялық шебер түйіндерге соғады. Көңілге қонымды, болмысқа дәл үйлесетін тартыстар тудырып отырады.

Адам психологиясы бар да, бірақ күйректікке түскен психологизм жоқ. Бұлардың арасында дарашылдықтан ту-

ған, ұсақ менменшілдіктен пайда болған міндер, мінездер жоқ. Бәрі кесек адамгершілік үшін алысатын болғандықтан, өздерін кей мінездер тұсында сүрінгендей санайды. Айдос тірі боп қайтқан соң, Жанар Кремлевке берген серті арқылы сондай сүрінген адам қалпында жүреді. Өзін-өзі ойда жоқ ауыртпалыққа шырмап алғандай қиналады. Толғануда, толқуда жүреді. Бұның жүрегінде, сол қалпының өзінде де мол ұялаған жақсылық, тазалық бар екені байқалады. Адамшылығына кір жұқтырған, арының ақауы бар адамдар бұлар емес. Жаратылысында мінді, жарықшағы бар жандар емес. Драманы анық міні бар жандардың тартысына құрса, жазушы теріс жолға түскен болар еді. Мынада біз кейбір өмір талқысы қиындыққа салған жақсы адамдарды көреміз. Және әсіресе сол қиындықты бұларға жеңгізуге себепші болған. Осы адамдардың жүрегіндегі, мінезіндегі советтік тәрбиенің жақсы сыпаттарын тани түсеміз. Олардың арасын шатастырған халде жайшылықтағы бейбіт өмірдің күндегі болмысы емес. Кешегі қанды жолдан, жау салған әлектен туған қиындық. Жаралы, өлмелі боп қайтқан Айдос жүрегінде “мені сақтаса нетті” деген жазықсыз наз болуы заңды. Бірақ ол белгілі, мөлшерлі кезге шейін ғана заңды.

Жанар болса, Айдос қаза тапты деген хабарға көп қайғыра жүріп, оны ұмытпай жалын жұта жүріп-ақ, ол қазаның шындығына иланғандығынан жазықты. Өз жүрегінен Айдостың бейнесін, елесін бірде-бір өшірген Жанар жоқ еді. Ал, Кремлев Айдос алдында мүлде жазықты емес.

Үшеуі де іші жазықты кісілер емес. Бірақ сыртқы қарым-қатынастарында бастарына қиын салмақ түскен кісілер болады. Осылардың арасындағы хал анық драма екені даусыз. Пьеса көруге қызықты болғанда, осындай өмір шындығынан туған драмалық конфликті айқын болғандықтан қызықты.

Сонымен қатар бұл пьесаның тағы бір қасиеті, осы адамдар арасындағы драманы дауасы жоқ түйін етіп жасамаған. Буржуазиялық драманың шешілмес түйініне душар болған, тағдыры тапталған, дарашыл жандар драмасы бұнда жоқ. Бұл жасанды драма да емес, өмір шындығы басым көрінген тартыс бар. Советтік пьесаның реалистік дәлелді тартысы өрбиді. Жасанды драмадан реалистік шығарма тумайды.

Жалған тартыс, жалған психология, адам нанбас мінез – схема туады.

Әлжаппар пьесасының қасиеті көңілге қонымды шындығында. Бұл түйін осы геройлардың бас қосып отырып, бір сөйлесуімен шешілмейтін түйін. Сөзбен ұшықтап, жадыратып жіберетін арзан, жалған күдіктер емес. Мезгіл емдеп, еңбек, адамгершілік қасиеттер ашыла түсу арқылы ұзақ барып шешіле түсетін түйіндер деп тану керек.

Пьесада осы адамдардың бас өмірінен өздеріне қымбаттырақ көрінетін қоғамдық, отандық еңбектері бар. Сол биіктеп өсіп, өз мұратына жеткенде, бұл адамдар өздері де іштен түлеп, өзгеріп, асылданып, жаңғыра береді. Өзінше асылдың шыныққанындай сыпаттар табылады. Түлеп өскен қалпында бұлардың арасында жүрген жаралары сол түлеген терімен бірге түскендей болады. Мезгіл емдейді, адамгершілік қасиет бір кезде жаңсақ басылған аяқтың қаталығын түзейді.

Осы тартыстар бойында бұл адамдар үнемі қатесіз боп отырмайды. Психологиялық, реалистік дәрежеде көңілге қонымды болып ашыла отырып, кейбіреулерінің сәл адасқан қателіктері көрінеді. Мысалы, Айдос ең соңғы сәтке шейін Жанарды кінәлаған өкіміне сын жасай алмай келеді. Жанар Кремлевтің Айдосқа операция жасауын көпке шейін мақұл көрмей келеді. Бұл екеуінің осы жаңылыс қателіктері де оларды айыпты ететін мінездер емес. Екеуінің де сол күндерде, сол халдер мен іс-мінездер үстіндегі өзіндік ерекше психологияларынан туатын қателесуі болады.

Осы адамдарды үлкен еңбекке, оптимистік қажырлы тартысқа сезімталдық, көрегендікпен бастай білген партия басшылығы енді екеуінің жаңағы жаңсақ түсініктерін де түзейді. Үлкен арнадағы еңбек жеңіп шыққанда, пьесаның екінші арқауы да шешіліп, жадырайды. Сөйтіп, пьесаның бар тартысы бастан-аяқ өзінше дәлелді байланыстармен келісті боп құралған шебер композицияны көрсетеді. Бір арқау ілгері, бір арқау кейін жатқан олпы-солпылық жоқ.

Реалистік пьесаның тілі де, әр адамға берілген сөз, мінездемесі де, ой-сезімдері тегіс жағымды, қонымды жазылған.

Әлжаппар “Бір семья” пьесасымен қазақ совет әдебиетінің соңғы жылдардағы өсуіне, жаңалық табыстарына елеу-

лі еңбек қосты. Жаңа тақырыпты жақсы меңгерді. Ұлы еңбек майданында партия басшылығымен ұлы қасиеттер көрсетіп жатқан совет қайраткерлерінің үлгілі бейнесін көрсетуде “Бір семья” пьесасын анық бағалы табыстың бірі деп санай аламыз. Барлық көркем әдебиетке шарт болған социалистік реализм әдісін жазушының терең түсініп, жақсы қолданып өскенін көреміз. Бұл еңбекте ізденумен өскен өнімді ойлар бар. Пьеса – ойлы, саналы пьеса. Сол себепті “Бір семья” пьесасы әлі де ойдағыдай тола түсу үшін, кейбір даулы жайларын, кемшіліктерін де айта кету керек.

Ең алдымен, пьесаның композициялық құрылысында, тартыстың өсіп жеткен шырқау сатысында дау айтқызатын бір жай бар. Ол – Кремлев, Жанар, Айдос үшеуінің арасындағы халді операция столында шешу. Осы пьеса көлемінде бұл халдер осылайша шешілуге тиіс болғанмен де, дәл осындай драмалық түйін бұрын советтік бірнеше пьесада болып өткен еді. Ең әуелі сондай хал Корнейчуктің¹ “Платон Кречетінде” жазылған. Кейін Гусевтің “Слава” деген пьесасында осы хал қайталанғанда, сын пікірлер сол қайталауды “еліктеу” деп, мінеп сөйлеген болатын.

Әлжаппардың өз шығармаларында да геройлар арасындағы кей тартысты осылайша шешкен мысалдар бар еді. Сондықтан мынандай тың тақырыпты жаңа талаппен, жаңаша, соны жолмен шешемін деген творчестволық іздену үстінде бұрын бірнеше рет кәдеге жараған, бірақ өзінше схема боп қалған әдісті қайталау керек емес еді.

Еліктеу – үйренудің, үлгі алудың шебер жолы емес, оңай сатысы. Ол – соқпаққа түсу. Әр соқпақ жазушы үшін – қайталау. Аз ізденудің айғағындай болады. Онан соңғы кемшілік: екінші қатардағы кейіпкерлер жөнінде байқалады. Бұлардың ішінде толық жетіліп болмаған, босаң бейнеленген адамдар бар. Сол қатарда Дәурен, Күлпан, Балқия образдарын атауға болады. Бұларға жас нәсілдің өкілдері болғандықтан, жаңа мінез, қызғылықты сипаттар бере түсу шарт еді.

Жақсылардың жақсылықтары да әр алуан болу керек. Шынайы толыққанды, реалистік шығарманың бар түйіні де, тіпті түймесі де өзінше толық қалыптансын. Жақсы Таусоғар, жақсы ана бейнелерімен қатар, Айдос, Богдановтар образдарымен қатар, мынау жастардың жақсылық-

тары өздеріне тән, асыл нышан көрсетсін. Жаңа буынның жаңалық лебі аңқып, танылып тұрса, келісе түсер еді.

Қоқым сияқты адамның да суреттелуінде олқылық бар. Ол алғашқы перденің бойында жағымсыз кейіпкер болып, маскүнемдікке салынады. Бытқыма берекесіз боп жүреді. Жақсылық пен жамандықтың екі аралығында “тең тарта” жүрген, құнарсыз адам. Кейін сол Қоқым жақсы адам болып шығады. Бірақ Қоқым образы сөзде, драмалық мінезде, типтік айқындықта қай кезеңінде қызықты десеңіз, өкінішті болса да, жазушыға жәйсіз қорытынды жасатады. Сахналық, драмалық сипаты жағынан алғанда, жазушының бояуды мөнерлеп, қызықты етіп беру жағынан қарағанда, алғашқы пердедегі жағымсыз Қоқым кейінгі түзелген Қоқымнан әлдеқайда айқын, есте қалғыш боп суреттелген. Түзеліп, жақсылыққа бейімделген Қоқым күлдіргі сөзден, өзгеше мінезден тегіс ажырап, образ болмай, құр ғана бір сұлдер боп қалады.

Әлжаппарда жақсы мысқыл да бар. Өзіндік өзгешелігімен жасаған кейіпкерлеріне әзіл-мысқылды әдемі, қонымды, тиімді етіп бере алады. Бұл жағынан қарағанда, Жаңыл образы бастан-аяқ толықша сыпатталған деуге болады.

Жалпы алғанда, “Бір семья” пьесасы жаңағы саналған кейбір кемшіліктеріне қарамастан, Қазақстанның советтік драматургиясының өсу жолында көп жағынан көркемдік тауып, жақсы қалыптанған бағалы табысының бірі деп саналу керек.

Академиялық драма театры коллективіне жаңа тақырыпты, татымды шығармалар беру жөнінде біздің көбіміз мол қарыздармыз.

Жақсы пьесаны жұртшылықпен қоса, достық пейілмен аңсап, тілейтін біздің академиялық театрдың коллективі қолына тиген пьесаның бағалы сапасы болса, оны биік өріске көтере түсіп көрсетуге театрдың барын салатыны мәлім.

“Бір семья” пьесасын, жалпы алғанда, театр коллективі толық көріктеп көрсетуге тырысқан. Суретші жасаған декорацияда ұқыпты, жинақты көріктілік бардай, спектакльдің барлық элементтерінде осындай біркелкі, тұтас, көркем бітім бар. Бытыранды, құрама, аламаштық жоқ. Спектакльдің композициясы да пьесаның өзекті ой-сезімдерімен үнемі үндес, үйлес шыққан. Автор мен театр бір-біріне

жақсы түрде иық сүйескені байқалады, ұғысқаны сезіледі. Театр коллективі пьесаның сахнаға толыса түсіп, шынығып шығуына да еңбек еткен. “Бір семья” автор мен театрдың бірігіп іздену, толғануы нәтижесінде туған табыс.

Спектакльді қоюшы Дьяков жолдас реалистік спектакль жасау жөнінде көркем шындықты көп іздегенге ұқсайды². Спектакльдің жұртшылық бағасына татырлық, көркем қызықты боп шығуы да сол ізденудің көп талабы табылғанын байқатады.

Жанар ролінде Римова³ жауапты еңбекке жаңа шыққан болса да, қолынан елеулі өнер келетін қайраткер екенін көрсетті. Оның даусында, жүзінде көп сезімдік, сипаттарында – көрушіні иландырып тартатын шындық бар. Жасандылық аз. Қонымды әрекеттері реалистік пьесаның негізгі, мағыналы бояуларын көңілге сенімді етіп жеткізеді. Осындай мінез, әрекет Айдостың роліндегі Өгізбаев⁴ бейнесінен де айқын, әсерлі боп көрінеді.

Кремлев ролінде Әділшинов спектакльдің көрікті бояуын көтеріп, сүйеуге жараған еңбек көрсетті деуге болады. Өз образдарының көлемінде Елебекова (ана), Жандарбекова (Балқия), Қойшыбаева (Жаңыл) сенімді түрде ойнап, көрушіге рольдегі бар сипатты толық жеткізе білді.

Таусоғар роліндегі Толыбаев туралы да осыны айтуға болады. “Бір семья” спектаклінде ойнап жүрген образдарымен әлі қабысып, үйлесіп болмаған, сол себепті ол образдардың пьесадағы салмағына сай әрекет көрсете алмай жүрген екі актер бар. Ол – Богданов роліндегі Сыздықов, Мәжел роліндегі Сәлменов⁵. Телғараевқа Қоқым образының өзі екіұдай болғандықтан, әзірше қояр кінә да жоқ⁶.

Қорыта келгенде, академиялық драма театры келесі сезонын бастағанда “Бір семья” спектаклін үлкен ықылас, бейілмен тағы да толық еңбек қоса түсіп, биік дәрежеде қолға алуына керек. “Бір семья” спектаклі қоюшы режиссердің де, ойнаушы барлық актерлердің де өсіре еңбек етуіне татитын спектакль екенін ұмытпау керек.

Соңғы жылдардың репертуарына кіріп жүрген қазақша пьесалардың көбінің қатарынан “Бір семья” сияқты спектакльді жоғары бағалау шарт. Оны көп еңбек сіңіріп, жаңғыртып өсіре түсу – автордың да, театр коллективінің де міндеті.

1949

Әңгіме



АСЫЛ НӘСІЛДЕР

(Бірінші нұсқасы)

I

Түн ортасы боп қалды. Бірақ Әсияда ұйқы жоқ. Күзет қамы да емес, ой ұйықтатпайды. Бұл ой бір бүгін емес, соңғы екі жұмадан бері ішінде жүр.

Түн желді, суық, қыстың түні еді. Әсияның киімі жылы. Үстінде атасы Есіргеіптің үлкен сеңсең тоны пұшпағына түсіп, бойын қыздырып, тоңдырмайды. Әсия екі қолын жеңіне сұғындырып, қотанды айнала баяу басып, тынымсыз жүріске ауысқалы көп болды. Кейде ақырын айтса да, әсем нақыстап, аса бір ырғақты көркем ән созады.

Асыл жар, сәлем жаздым алыс жолдан,
Айнымас сағынышқа көңіл толған...

Әні де, сөзі де ыстық. Жас әйел жүрегін біресе өзіне қарай балқыта тартып, осы бір толқын мендеп кетеді. Бұның қатарында сан бұралып, сағыныш орала созылады... Жар сағынышы...

Аласа, бозғыл беткейді толтыра жатқан бір қора қой. Мың қоралы қалың тобы қыбырсыз тыныштықта. Ақырын пысылдап тын алады. Осы қойдың күзетінде жүрген Әсияның ойында әр толқын бар. Соның бірі – әлдекімнен қысылу, ұялу.

– Білсе, ренжи ме?.. Жазығы жоқ жандар еді. Әй, ренжиді-ау. Көп жыл тату келін боп келіп, өкпелесем бе?.. Әлде айрылысам ба? – деп қобалжиды.

Әсияны осындай ойынан иттің үргені алаң етті. Қой шетінде жататын үш-төрт иттің арасында шолақ күйрық, шұнақ құлақ, арабы қара төбет бар. Өзге ақ қаншық, ала

күшік, ақ төс, көк дүрегей тазыдан бұл төбеттің мінезі бөлек. Қалған иттер не болса соған үре берсе де, қара төбет тегін үрмейді. Ол төбеттің аты Таймас еді. Бұл үрсе не қасқырды, не ұрыны, немесе суыт жүрген бөгде жолаушыны көргенде ғана үретін. Өзінің жаңағы ойынан ояңған Әсия, Таймас үрген жаққа қарай қадам басты. Қараңғы, желді түннің меңіреуіне жас көзін қадап, әлденені көрмек болады. Бірақ ит қанша қадалып, шәншіле үргенмен, Әсия іштеңені болжай алған жақ.

Бүгін түн желі қатты екен. Аспанда қалың, қара бұлттар тұтасып, жәй салмақпен ауып келеді. Айсыз, жұлдызсыз, декабрьдің түні, қою қараңғылық қапталған, саңылаусыз түн. Бірқалыпты ызғырықтан қатаң соққан түн желі өтімді, суық. Таймастың зор дауыспен, қайратты зілмен қысқа қайырып, бапылдап үргенін, түн желі қағып әкетіп, ық жаққа, алысқа жеткізіп жатыр.

Тегін үрмейтін Таймас Әсияның ойын “әлдебіреу ауылды торып жүр ме?” деген күдікке аударды. Ит бұл жолы да тегін үрген жоқ екен.

Алыстан, жел жақтан Таймас естіген сарын түнделетіп келе жатқан жүргіншінің белгісі болып шықты. Аз уақытта Темірқазық жақтан, ойдағы құм жақтан келе жатқан жалғыз аттының қарасы көрінді. Қора шетінде өзге иттерді бастап Таймас жүргіншінің алдынан жүгіріп үрді. Бірақ аз үріп барып, келе жатқан аттыны танығандай тоқтап, қой шетіндегі жалғыз үйге қарай бұрылды.

Жүргіншіні Әсия да таныды. Бұл келген екі күннен бері жолаушылап құмға кеткен Әсияның қайын атасы Есіргеп еді. Кеш бойы қой шетіне жалғыз шыққалы, Әсияның бір ойлаған кісісі осы атасы болатын. Қазір жүргіншіні танығанда, жас әйел тағы ұялды. Бірақ амалы жоқ, атасының алдынан көлденеңдеп жүріп кеп, кішілеу киіз үйдің сыртында тосып алды.

Есіргеп қараңғы түнде астындағы боз биесін деміктіріп, терлетіп, қатты жүріп келген екен. Келіні алдынан тосып тұрып: “Жәке, ат-көлігіңіз аман ба?” – деп, именіп ақырын сөйлеп, боз биенің шылбырынан алып, атасын аттан түсірді. Басында үлкен, дөңгелек, қалың қара бөркі бар, жылы киінген Есіргеп келінімен амандаспай, үнсіз түсті. “Шаршап келдіңіз ғой!” деп, келіні атасымен тағы жауаптасайын деп еді, ол ұзын жеңімен қолын бір

сілтеп, жауап бермеді. Сырт айнала беріп, өзіне-өзі айтқандай:

– Шаршамасы бар ма? Шаршаттыңдар ғой түгі, құрып қалғырлар! – деді.

Әсия бұдан әрі үн қата алмады. Ат қасында үнсіз тұрып қалды. Атасы үйге кіріп, орта жасты әйелі Балжанды оятты. Әсияның қайын сіндісі Қанипа шешесінен бұрын оянып, үй ішіне от жақты. Әсия үй сыртында тұр, кіруге батылы шыдамай, қой шетіне қайта кетті.

Есіргептің жаңағыдай суық үнмен жауап қатқанын, ұрыса сөйлегенін, әсіресе бұны ұрсып сөйлегенін Әсия бұрын естіп көрмеген еді. Енді аттан түспей жатып, ыза-сын, кекесінің ірке алмай, жаңағыдай қатқыл сөйлеу Әсияға бар жәйді айтқызбай-ақ түсіндірді. Өзін қысылдырған күй бұрын атасына белгісіз болса, қазір түгел мәлім екенін келін анық аңғарып тұр. Әсия сырын Есіргеп осы сапарға аттанарда, өзінің кәрі жолдасы Балжаннан естіп кеткен болу керек.

Әсия атасынан ұялса да, өз ішінде енжар боп, қиналған жоқ. Әлгі бір кезде үзілген ән тағы өзіне тартады.

Асыл жар, сәлем жаздым алыс жолдан...

Сол әнмен ілес, жас көңілге ыстық бір шақ елесі келеді.

Биыл аса жәйлі, жылы болып өткен сентябрьдің бас кезі болатын. Отарлар ол кезде күмда емес, ұзын аққан Қарғалының бойында. Өзен бойы, ұзақ шақырымдарға созылып қонған КИЖ* шаруасы мекендеген Есіргептің отары өзіндей көп қойлы отарлардың орта тұсын қоныс еткен. Ұзын Қарғалының екінші жағасына созыла қонған, көрші аудандардың колхоз малдары болатын. Күздің бас кезінде отарлап мал жаятын совхоз бен колхоздарға Ұзын Қарғалыдан жәйлі қоныс жоқ. Бір жағы жаз бойы соны тұратын, қалың ақ от қаулап өскен көп сары адыр болады. Екінші жағы отар малының ертелі-кеш су ішіп, жағалай жайылатын өзені – Қарғалы. Бұл өзеннің алқабы кең. Екі жағасы шалғынды, шымы тұтас, сазды көгал болады. Күндіз де бір мезгіл жайылыстан қайтқан қалың қойлар өзеннен тыным алады. Шөбі қалың, суы мол және ауыл қонарлық қойнау-қойнау алаңы көп өзен бойында бұрын-

* КИЖ – Қазақстанның мол шаруа ғылым институты.

ғы күндерде де, көктем мен күз кезінде қалың ел, мол малымен, осы күндердей иін тіресе отыратын.

Әсияның есіне түскен кеш жарық айлы, үнсіз, жымжырт жылы кеш. Сол Қарғалының бойында отырған қалың елдің бірталай қауымы жиылып, өзінше бір қызық сауық еткен кеші болатын. Әсия мен оның тату досы, қайын сіңлісі Қанипа екеуі Отан соғысынан қайтып келген бір ағайындарының үйінде болды. Қатерден аман қалған тату құрбы, осы шаруаның шабаны Түсіпжанның үйіндегі тойда болған. Сонда бұған өздерінің құрбысы Молтай деген жігіт оралды. Бұл күнге шейінгі өмірде ешуақытта аузына алмаған, ойына келмеген бір сырын Молтай Әсияға өлең арасында ашқан болатын. Молтай әрі әнші, әрі айтысқа жүйрік еді. Сол Молтай айтқан сырдан бұрын Әсияның көңілі соғыс басталғаннан бері жабырқау еді.

Соғыс басында, 1941 жылдың жаз ортасында, жайлауда бұның сүйікті жары Сайлыбек әскерге кеткен болатын. Екеуінің үйленісіп, табысқанына бір ғана жыл болған. Сайлыбек – Есіргептің жалғыз баласы еді. Әсиямен екеуі бір жыл бірге кешкен өмірде, еңбекте – серіктес болды. Үй іші тұрмыста қабақ шытысып, ренжісіп көрген емес-ті. Әсия Сайлыбектің жары боп Есіргеп үйіне кіргелі осы мынау қой шетіндегі жалғыз үйдің үзілмес ұзақ, мол қызығы туғандай еді. Түз еңбегі жарасып қосылған, біріне-бірі сай жастарды Есіргеп қарт пен оның әйелі Балжан қатты қуаныш ететін.

Сол Сайлыбек жылаға толар-толмас қана үй іші өмір кешті де, қатері көп белгісіз ұзақ сапарға, Отанын қорғау сапарына аттанып кетті. Жарқыраған жаз ортасында қадірлес ата-анасын қалдырды. Аялап сүйіскен Әсиядай жарын қалдырды. Жайлы жылы жаз дәл қазіргі Әсия көз жұмбай жүрген қыстың қара түніндей боп кетті. Қызыл жүзді, нұрлы келген қой көзді, бұрын әнші, күлкіші Әсия қайғы тартты.

Әлі де міні, мынау жеті түнде, зауал уақытта, Әсия бір шындықты өзінен де, әлемнен де, қазіргі ашулы, өкпелі атасынан да жасырмай, ұялмай айта алады. Шын көңілінде Сайлыбек басына қиянат етермін деген бірде-бір ниет жоқ еді. Бірақ бір Әсия емес, оның атасы мен енесі де, қайын сіңлісі Қанипа да Сайлыбек жәйін талай улы жаспен жуа-жуа мұңдаған. Сайлыбектің командирінен хат келді. Москваны қорғағанда Сайлыбек үлкен ерлік көрсетіпті. Кейін жауды Москвадан қуып ұзатып әкетіп бара жатқанда, Вязьма

түбінде қатты қырғын соғыс үстінде сол Сайлыбек қаза тауыпты. Сайлыбектің ата-анасына осы хабарды білдірген командир Андреев шын отаншыл ер жауынгерді жоқтағандай сөз жазыпты. Сондай адал ұлды өсірген ата-анаға сай-сүйекті босатқандай көңіл айту, жұбату сөз жазыпты. Майданнан баласы, інісі, жар-жолдасы туралы ауыр хабар алып жатқан ата-аналар, ағалар, жарын тосқан әйелдер бұл сияқты қаралы хабарды “қара қағаз” деп атандырған-ды.

Әсия мен Қанипа бала күндерінде мектепте оқыған жастар еді. Сұмдық хабардың шындығына олардың көздері әбден жетіп, оңаша ұзақ жыласатын. Бірақ қарттарға осы хабарды өздері әдейі жеңілейтіп, үміт қалдырардай қылып айтқан. Есіргеп пен Балжанды бұл үйдің оқымысты, білімді досы, КИЖ малының үлкен бір басшысы Бобров та жұбата сөйлейтін. “Сайлыбек жаралы болып, өз бөлімі емес, басқа бөлімнің санитары соғыс артынан алып кетіп, командир Андреевке белгісіз госпитальға түсіп, содан басқа бөлімге ауысып кетуге де мүмкін. Жарасы ауыр болғандықтан, не басқа дімкәстікке ұшырағандықтан үйіне хабар ете алмай жүруге мүмкін” дейтін. Бобровтың осындай әр алуан, “дертке дәрмен” жорамалдары қарттарға соңғы таяныш еді.

Содан бері сарғайып тосумен айлар өткен, алғашқы қаралы жыл да өткен. Бір жыл емес, міні ұзақ сарылған үш жыл өтті.

Сол үш жылдан соң Әсия өміріне жаңа бір сәуле беріп араласқан сонау жарық айлы кеш. Қазір қой шетіндегі Әсияның көз алдында сол кештің бар сәті айқын тұр. Әнменен, қалың думан, жастар сауығымен, әр алуан көңілді ойынмен, әсіресе бір айтыспен қызықты болған кеш.

Әсия айтысқа жүйрік болса да, соңғы жылдары қойып кеткен еді. Айтысса әріптесін күлдіргі сөздермен, өткір әзілмен қатты қағытып өлеңдететін. Сол кеште ойыншыл, қалжыңқой Молтай бұны айтысқа жетектей берді. Ол да өлеңді шапшаң, ұшқыр айтатын. Жиылған жұрт екі жас бір-біріне өнер көрсетсін деп, айтысуларын өтініп еді. Әсия басында айтысқа түспеді. Сайлыбек өлген соң өзіне-өзі салған тыйымы бұл жолы да бойын тежетті. Бірақ ойынға епті, орамды, тәсілқой Молтай Әсияны сөйлетудің емін тапты.

Ол бұған тимей, қалжың айтыс өлеңін Қанипаға жолдады. Қанипаның айтыспайтыны белгілі. Соған өлең арнаған Молтай Қанипаның өзіне ғана тиіп қоймай, отарға,

ондағы мал күткен топтың бәріне соқтықты. Әдейі мінеп, сынап сөйледі. Зілсіз-ақ, күле отырып сөйлесе де, Қанипа мен Әсияның еңбегіне, намысына тиюге айналды.

Қанипа ыза бола бастап еді. Бірақ өзінен шығар өлең жауабы жоқ. Әсия осы кезде өзінен-өзі шешілді де, Молтаймен айтысып кетті. Жұрт бұл екеуінің өлеңдері басталысымен өзге жердегі айтыстарды тоқтатып қойып, “е!”, “е!”, “соқ!”, “пәле!” десіп, қостап кетті.

Әсия Молтайға мықтап түйілді. Бізасыз, ренішсіз, қатты мысқылмен түйреді. Екі-үш қағысып өткенде Молтай отары мен Әсиялар отарының арасында биыл өткен социалистік жарыс жәйі білінді. Ол жарыста Молтайлар жеңілген-ді. Әсия әуелі осыны жиынның есіне сала кеп: “Біз совет мүлкін көбейтіп, қой айдаған ек, сен шығының асқан соң, сөз айдаған екесің” деп бір ілген. Молтай социалистік жарыста жеңілгенде, биыл жайлауда жиырма қозысын бұршақ соғып өлтіріп, содан жеңілген-ді. Соны кездейсоқ қаза, күтімнен тыс оқыс шығын, жәй түссе, өзің де өлесің, оған не дауа деп еді...

Әсия осының жауабын да күле отырып айтты.

Қызыл жүзі нұрлана балқып, үлкен көздері шұғыллаланып отырып, өлең мысқыл айтты. “Ол айтқаның рас. Ендеше, бұршақтан, қатерден өлмей қалған сен ерді айтсаңшы жұрт! Жиырма қозы алтын басыңнан садаға. Қозыны бұршақтың соққысына тастап, өзің қашып тығылған, ақылың асқан азаматым. Сенің сол құтылғаныңды тойламаған бізді айтсаңшы. Өзінді орденге ұсынбаған КИЖ-ді айтсаңшы. Ал, біз, Қанипа екеуміз, ақылымыз жоқтықтан, сол сізге жауған бұршақтың астында қалып, қозымызды жақын тұрған қарағай түбіне қуып тығып, амалдап қап ек. Бірақ ол ақылды кім білмейді. Ел ептеген ырымды еткен сені айтсаңшы!” – деп, үйдің ішін ду күлдіріп тоқтаған.

Молтай сол арада жеңілді. Бірақ сонысын әдемі күлдіргі өлеңмен, өзін-өзі әзілге аямай айтты: “Мойны астынан кеп жығылды деген осы, Молтай” деп, көлденең кісіше сөйлеген. Өзінің ол күні отарда бола алмағанын, басқа тығыз жұмыста болғанын айтып та, ақталған жоқ. Қайта жеңілгенін мойындаумен бірге, жұртпен қоса “осы жеңілгенің тіпті өкініш емес, Молтай. Көптен Әсияның үнін жұрт естімей қалып еді. Соның көңілін қозғап әуенін аштың. Сенің енді ішің кепсе де, ештеңең кетпей-ді...” деді. Бұнысы, жеңіле тұрса да, жақсы

қалжың болды. Тіпті басында Қанипаға тиісуінің, енді кеп жеңілуінің бәрінің де есебі, әлемі түгелденгендей болды.

Әсияға Молтай осы мінезімен, ашық-жарқын, жұғымды мінезімен өмірде алғашқы рет қатты ұнады...

Сол түні Молтаймен екеуі оңашада көп сөйлесіп, іштей қатты сыйлас, қымбат достардай боп айрылысты...

Осының артынан тағы бірнеше күн бойында Әсияның түнгі күзетте оңаша отырған кезінде, Молтай келіп бірге отырып, ұзақ сөйлесіп қайтушы еді.

Молтай арзан тілек айтқан жоқ. Енді екеуінің өмірлік достығын тілегенді.

Сайлыбектің өлгеніне көзі жеткенін білсе де, Әсия соғысты айтып, әлі Отан қорғау қарызы Молтай мойнында да барын айтып, берік жауаптан тартынып еді. Молтай ол қарызды өзі де ойлайтын. Жүрермін деп, іштей әзірленетін еді.

Бірақ КИЖ шаруасы бұны, екінші ферма бастығы кеткендіктен, енді сол орынға қойып, алып қалатын боп отырғанын айтқан. Осыдан соң екеуінің уәде серті келіскен еді. Бұлар біріне-бірі ынтық, сүйіспендікпен ерлі-зайып тірлігіне көшетін болды.

Әсияның соңғы бір тоқтауы Есіргептер болатын. Сыйлас ата-енесі, әсіресе кимас тату досы Қанипа бар. Олардың ырзалығы бірге босын деп еді. Соны өзі кеп Қанипамен ақылдасқан, әуелі Қанипа қиналып, жауап бермеді. Ағасы Сайлыбектің өлгенін ол білсе де, ішінен өз үйінен Әсияның кетуін және жалғыз ағасының орнын қимайтын.

Осы күйді сезгенде Әсия жылаған еді... О да қимай қайғырған. Бірақ Қанипа екі күндей үнсіз мұңмен жүрді де, ақырында өздігінен сөз бастады. Молтай мен Әсияны қасына бірге алып отырып, турашыл, ашық совет жастарының жолын ұстанды. Екеуіне қайырлы өмір тіледі.

Есіргептерге айтамыз ба деп, Әсия мен Молтай ақылдасқанда, Қанипа өзі айтпақ, әзірлемек болды.

Әуелі Сайлыбектің анық өлгенін білдірмек еді. Бірақ Әсиямен екеуі де соған қарттарды тағы аяп, бірер жұма айта алмай жүрді. Бұл кезде Молтай мен Әсия ерлі-зайып боп өмір тілектерін қосқан еді...

Енді Есіргептерге білдіретін күнді айтып, жаңа соған тақап келіскенді. Дәл осы күнде Молтай халі шұғыл өзгерді... Оны соғыстан алып қалу мүмкін болмай, КИЖ-дің жаңа бір топ жігіттерімен бірге әскерге шақырылды да,

алыс майданға ол да жүріп кетті. Енді Есіргептерге жастар сыры тағы ашылмай қалды.

Әсия жүрегінде естен кетпестей боп, Молтаймен бірге кешкен аз-ақ ыстық жалын түндері қалды.

Майданнан жазған хаты бар. Сонда “Асыл жар...” деген өлең сәлемі келді. Сол өлең Әсияның ендігі бар әнінің бір ғана айнымас серт сазы болды.

Бірақ жарық айлы түндердің ыстық сыры құпиялық күйінде қалмады. Ол сөз өсек болып, білінген жоқ, Әсияның өз ішінен туды да, өсті де, дүнияға жасырынсыз, жалтарусыз “мен шындық”, “мен сондағы жарық айлы түндер айғағы” – деп, білінетін боп тұр.

Екі жұма боп қалды, Әсияның жас өмірінде бойына ең алғаш біткен ұрық ана құрсағында әуелі бірінші рет сәл бүлк етіп білініп еді. Енді күн сайын өзінің барлығын, ғажайып тірлігін жас анасына танытып, жиі-жиі қозғала бастады. Бұл күйін жасырып болмасын енді білген соң, Әсия осы соңғы күндерде, ең алдымен қайын сіңлісі Қанипаға айтқан. Әсияның түсі бір көгеріп, бір аппақ боп бозарып, жіп-жінішке сарғыш қастары түйіліп тұрды. Ол өз сырын бастағанда бұған соншалық тілеулес және шын берік дос Қанипа бірге қызарып, бірге қуарған-ды. Бұл екі жас әйел бала күндерінде бастауыш мектепте бірге оқығанда, бірнеше жыл бойындағы татулығы мен сырлас жолдастығы бірде-бір кез бұзылып, құбылып көрген емес-ті. Кейін КИЖ шаруасында екі жас қыз ер-азаматтан бетер, санаулы жас қайраткер боп алды. Еңбекпен көзге ілінген кезде екеуінің сырластығы бұрынғыдан да асып, өсе түскен. Бертінде, Әсиямен жалғыз ағасының қосылуына да үй іші кеңесінде себепші болған Қанипа еді.

Тұнжыраған, қап-қара көзді, қызғылт, жылтыр, жылы ренді Қанипа, Әсия сырын естігенде жылап жіберіп, жеңгесін құшақтай алған.

– Айтпағын, тегі-тегі, – деп, жеңгесінің қасынан бір тұрып кетіп еді. Әсияға қайта ұмтылып кеп, жұбату айтты.

– Қайтесің, қайғырғанда қаякқа барасың? Молтай болса, о да жоқ. Жәкем мен апама өзім айтайын, жасың тый, тегі! – деген. Алғаш ашылған Әсия сырын қоса күйзелумен қабыл алған.

Содан бері үш-төрт қана күн өтті. Әуелі Қанипадан Әсияның енесі Балжан естіп, бір күн, бір түн ас іше алмай,

бүктүсіп жатты. “Желім ұстады” деп Есіргептен жасырып, уайыммен өзі болды.

Заты момын Балжан бар шерін жасына артып, Әсияға бір ауыз сөз қатпады. Бірақ әлденеден, келініне ұғымсыз себептен бұрынғысынан да мейірлі боп, асының алдын, нәрлісін ылғи соған ұсынады. Қабақпен ішін танытып, Әсияға әншейіндегісінен әлдеқайда көбірек қамқорлық етеді.

– Тоңбасын, шаршамасын, аш болмасын! – деп, Қанипаға сыбырлап, қысқа-қысқа аналық қам айтады,

Бірақ, осымен қатар Әсияның ұялуын күшейтіп, күндіз де, түнде де өзін-өзі аңдамай, момын Балжан “аһ ұрып”, күрсіне береді. Алдыңғы күн таңертең Есіргеп ақ шеке биені мініп жүрмек болды. Қыс қатайып келе жатқандықтан, мынау қалың қойға құм ішінен қонар өріс – қоныс, жәй іздемек еді. Ері жүргелі тұрғанда Балжан тысқа шығып, қарт серігінің қасына жаяу еріп, көп жерге шейін ұзатып, бірталай сөз айтып жіберді. Мұны алыстан шолып жүріп, өзінің сырын ата-енесі сөз қып бара жатқанын Әсия да білген еді.

Әншейінде бір жаққа шығып, үйге қайтса, ең алдымен Әсияға амандасып, отар жәйін, мал күйін, амандық хабарын тек қана Әсиядан сұрайтын Есіргептің соңғы келісі салқын болды. Әсияны қатты жат көріп, сыртқа теуіп, “құрып қалғыр” деп атағаны тегін емес. Есіргептің ішінде әлі тұнып, тыныштық тауып болмаған үлкен шердің толқыны жатыр. Соның ызғары Әсияның ұятты жүзін жаңа аяздай қарыды. Жас келін тыным ала алмай, қыстың ұзақ таңын дамылсыз сергелдеңмен өткізді.

II

Есіргеп қайтқан соң, түн ортасына шейін жалғыз үйде шам сөнбеді. Қиын жайдан үй ішінің ауыр кеңесі болғанын Әсия қой шетінде жүріп аңғарған-ды. Таң ата үйге кіріп жатса да, Әсияның ұйқысы шала болды. Қалың көрпе астында күрсіне түсіп, Әсия ояғанда Қанипа әлі қойға кеткен жоқ екен. Әкесі мен қыз арасында ұрыс тәрізді сөз бар еді. Екеуі де күбірлеп сөйлейді. Кейде шалдың кеудесінен ашулы сөз булыққан сыбырдай шығады. Қанипа әке ырқына көнбей қарсы ұрсып:

– Кім қиналмай отыр? Әсияның бүгінде ішкені зәр, кинама! – дейді.

– Қинама... Қинаған емес. Мені бұ қорлықты көргенше, бұл ұятпен ел бетіне қарай алмай жүргенше, жер жұтсын деп жүргем жоқ па?

– Не қыласың сонда?

– Кетем сендерден. Қаңғып кетем, тегі, жоғалтам көзімді.

– Ақылың мол әкесің. Бірдеңе таба ма десем, сөзің со ма?

– Іштеңе табарым жоқ. Өлімнен ұят күшті. Сендер қалындар. Қалғын бәрің сонда. Сайлыбектен айрылып та өлген жоқсың, түге. Мен де қарамды өшірейін. Бұл өңірде тұрмайым.

– Тапқан екесің! Малды қайтесің? Ақылды, сенімді шабан деп саған сеніп жіберген елді қайтесің? Кеше серт бермеп пе ен?

– Серт берсем, сендерге сеніп, Әсия екеуің серігім болады дегем. Соғысқа кеткен азаматымды, Сайлыбегімді жоқтатпайды деп бергем. Екеуің бірігіп ап, мені мұндай отқа салсаң, кәрі Есіргепте не қуат, не дәрмен қалушы еді? Мені мұнда тұрсын десең, осылай етер ме едіңдер? Жақсы ит өлексесін көрсетпей өледі. Тегі, сол ит кұрлы болмаспын ба? Кетем сол. Әсияны қостасаң, қал осында қасында. Мен сендерге жоқпын! – деп, шал өзінің өзгерместей байлауын қатты түйіп айтты. Әсияның аңғаруынша тұрып кетіп бара жатқан сияқтанды. Қанипа ұмтылып барып, әкесін ұстай алған тәрізденді. Бұл уақытқа шейін Балжанның үнін Әсия естіген жоқ еді. Қазір соның булығып:

– Құдай-ау, не сұмдық! Ұстағын, жібермегін, Қанипа! Ағадан бір, әкеден екі айрылдың ба?! – деген зарын естіді.

Әсия көрпесін ашып, жастықтан басын жұлып алды, өмірінде бірінші рет атасына тік қарады. Жасқа толы қой көздерін Есіргепке қадап сөйледі:

– Жәке, Жәкетай, күнім ағатай! Сөзімді тыңдағын, Жәке! Сізді күйдірген мен ғой. Мен тұрғанда сіз неге кетесіз? Кәрі басың қайда қаңғисың? Сіз кетпеңіз, мен кетейін. Қайда кетсем де көзіңізден жоғалайын. Қазір-ақ мен кетейін! – деп, атып тұрып, киіне бастады.

Қанипа біресе есік алдында аңырып тұрып қалған әкесін құшақтап, біресе ұмтылып Әсияны аймалайды. Екі арасында, күйік үстінде, жылдам жанған жалындай шалқиды.

– Жәке, Әсия, тыңдағын. Қойғын, тегі! – деп, сөз таба алмай екеуіне кезек жалынып тұрып, аяғында Әсияны

құшақтай алды. Оны әке ашуынан өз денесімен тасалап, қорғағандай боп тұр. Және бір қайрат тапқан, сүп-сүр болған жүзбен Есіргепке қарап:

– Жәке! Үйдің де, малдың да иесі сенсің. Бізге де ақылшы, пана сенсің. Сен кетем дегенің сөз болмайды. Шыныңды айтқын. Бұл сөзің “Әсия кетсін, онымен бірге тұрмаймын” дегенің ғой? – деп, қатты айғайлап жіберді. Әкесінің көзіне зілмен қадалып тұрып:

– Солай дегін, айтқын шыныңды! – деп, ақырып қалды.

Есіргеп үн қатқан жоқ. Үй іші аз уақыт жым-жырт еді. Тек өксіп жылаған үн Балжаннан ғана шығады. Қанипа әкесіне ұзақ қарап тұрып:

– Әсия кетсін дейді екесің. Олай болса, мені де ұстамағын. Қазір қош айтысып, Әсиямен бірге мен де кетем. Қалғын! Екеуің жерің кеңісін. Үйіңе, малыңа ие боп қалғын әне екеуің, – деді. Әсияға шұғыл бұрылып:

– Әсия, сен кетсең, мен сені жалғыз жібермеймін. Қаңғытпаймын жалғыз басыңды. Сенің жарың майданға кетіп жалғыз босаң, менің де күйеуім сонда кеткен, мен де жалғыз. Сенде түк жазық жоқ, жасыма. Бір тамшы жас ағызбағын. Мені қайда кетсең, ерте кеткін. Болды, қазір екеуіміз де кетеміз, – деді.

Есіргеп енді қызыменен жауаптаспады. Көзін төмен салды да, бар денесін сілкіткендей қатты күрсініп алып, шығып кетті. Балжан қызы мен келінін қоса құшақтап, аяғандай аймалап жүр.

– Қойғын, жандарым, қоя қойғын. Не деп тұрсын екеуің, тегі. Әкемен ұрыссаң да, сол сөз бе еді айтарың? Кетем деп шал қорқытады. Кетеміз деп екеуің үркітесің. Ол әкең болса, мен анаң екеуіңнің де. Біріңмен-бірің ұрыссаң да, отқа салатының мен бе? Сөйлесе шал сөйледі, мен қайсыңды тілдедім? – деді. Жылап тұрған қызы менен келінінің беттерінен сүйгенде, екі жас әйел ұялғаннан қоса жылап, үн қата алмады. Жазығы жоқ ана мейірі мен күйгі бар. Дәрменсіз әлсіздігі тағы мәлім. Сол хал қайратты екі әйелдің бар ашулы қуатын еріксіз жеңгендей.

Балжан сирек сөйлесе де, адамның ішін долбармен, зерек танығыш еді. Үнсіз тұрған Әсияның көгеріңкі жүзінен әзір ашудан басқа ешнәрсе түйе алмады. Бірақ өзінің қызы Қанипада Балжаннан алған мейірімділік мұрасы бардай

көңілшек еді. Соның қазір тез өзгергенін қарт ана анық таныды. Аңғарды да, енді қатқыл үнмен қызына әмір етті:

– Қой өріп кетті. Қасқыр араласпасын, сен сөзді қойғын да, шапшаң атыңа мініп, қойыңа барғын. Әсиямен өзім сөйлесем, алаң болмағын. Бар малыңа, бар, – деп, Қанипаны тез киіндіріп, қойына аттандырды.

Осы күн түс шағында күпсек қар басқан төбенің үстінде, екі жас әйел оңаша сөйлесіп тұр еді. Әсия отын іздеп келген, Қанипа қойын алыс өрістен отарға қарай жақындатып келген екен. Қалқан құлақ, көк бастау келген ақ қойлар осы отардың жаңа тұқым, асыл қойы. Сол қойлар әйелдер тұрған төбенің күнге бетіне жабыса жайылып, тебіндеп жатыр.

Атынан түсіп, қоңыр биенің ауыздығын алып, ұзын шылбырмен оттатып тұрған Қанипа, бұл шақта Әсиямен ақырын сөйлеседі.

Біріне-бірі сирек жауап берісіп тұрған халінде екі дос, екі құрбы әйел, іштерімен ұғысқысы келеді. Әсия өзінің көп толғанған ойын айтады. Бірақ ол шарасыз. Қанипа оны жұбатпақ, тыныштамақ болады.

– Ұялғанды қойғын, тегі. Алаң болмағын. Ендігі қалған сөздің бәрін өзіме бергін, – деді. Бірақ келешек екеуіне де мәлім емес.

Молтайдан амандық хабар келмегенге де бірталай болды. Ол хатты жиі жазушы еді. Неліктен хабары үзіліп тұрғаны мәлім емес. Бұл бір күдік. Ол өзі жалғыз жігіт еді. Артында Әсия мен екеуінің сырына ие боп қалған ата-анасы да жоқ. Әсия болса және сондай. Бұның әкесімен туысқан көп балалы ағасы болмаса, өзінде шеше де, бір туған да жоқ. Егер Әсия бұл үйден кетсе, қазіргі екіқабат жайында сүйеу болар кісі жоқ. Есіргепке бар шынды ашайын десе, оған Сайлыбектің өлімін ең алдымен естірту керек. Бұған Қанипа бекінсе де, Әсия рұқсат бермейді. Өзінің қысылғаны үшін қарттарды ауыр уайымға сала алмайды. “Олардың жарасын мезгіл емдер, өздері жүре-жүре күдер үзер” десетін екі дос әйел. Оның үстіне, қазіргі сынға шыққан үлкен еңбек сапарында оларды зор уайыммен қажытуға болмайды. Көп шабандар ортасында отырса бір сәрі. Бұл отардың бар адамы алған мемлекеттік зор міндеті бар. Социалистік жарысқа отар мен отар боп түспек серттері бар. Енді бұлар бірінен-бірі ажыраса, ол бір сергелдең. Осындай ойлар екі әйелді көп толғандырады. Не қыларды шеше

алмайды. Тым құрса КИЖ-ден біреу келсе екен деп, сондай дос көмекке үміт артысады. Бір кезек екі жас әйел алдағыны мезгілдің шешуіне бергендей болады. Күнгей бетте шашырамай, тығыз жанасып, жайылып жатқан қойларына қарасады.

– Бұ қойлар жазды күн емес, қысты күн жайылғанда да біріне-бірі жабысып, тобын жазбай жүреді екен. Ыстықта бірін-бірі көлеңкелеп сүйте ме деуші едім. Қазақ қойынан осы ақ қойдың мінезінің бәрі бөлек екен, тегі, – деді Әсия.

Ол қойды түнде күзеткені болмаса, күндізгі өрістегі жайылысын Қанипадан азырақ білетін. Қанипа болса, осы құм ішіне тақаған жайылыстардың бәрінде ақ қойлар мінезін әртүрлі жағынан бақылайтын. Бірақ жаңағы Әсиядай қысқы-жазғы мінездерін қорытқан жоқ еді.

– Рас айтасың, тегі, қазақ қойын бағудан осы қойды жаюдың бір оңайы бар. Бұлар тіптен шашылмай жайылды. Қасқырдан сақтау да оңай. Тек изені бар жерге жеткізсең болғаны. Қатар тұрып жабысады да қалады. Бір жердің шөбін тақыр тауысқанша жүгіріп, жортпайды. Жалғыз-ақ бір күн жайылған сай, төбеге тек екінші күн жаюға болмайды. Құмда шөп сирек қой. Бір күн жайылса, тап-тақыр құрттып кетеді. Бұның осындай да мінезі бар. Бобров келгенде, ақ қойдың осындай мінез алғанын айтам деп жүрмін, – деді.

Қой турасын бұл екі әйел тату күндерде Есіргеппен де қосылып, ұдайы сөз қылатын. Мал мінезін бұлжытпай танығыш, байқағыш Есіргеп екі серігіне ақ қойлар туралы көп-көп сөздер сөйлейтін. Өзінің болжалын да көп айтатын. Әсіресе, үшеуіне күн-түн естен шықпас бір міндет ерекше мәлім болатын.

КИЖ биыл дәл осы қойлар арқылы батыл бір іске шыққан. Ақ қойлар биылғы жылы құмға текке келе жатқан жоқ. Ғылым үшін аса құнды болатын сыннан өтпек. Халық шаруасы үшін де бағасы ерекше зор сыннан өткелі келеді.

Ақ қойдың атасы жүнді тұқым – прекос. Шешесі – қазақ қойы. Солардың бірнеше рет қоздап өткен нәсілінен құбылып, өзгеріп кеп қалыптанған бір буын – осы. Оны бағу қартаң шабан Есіргепке және Әсия, Қанипаға тапсырылған.

Жүні әбден асылданған, бойы қазақ қойынан ересек, еті мол, ақ қойды білетін бір КИЖ-дің мал мамандары

екен. Алматыдағы мал тұқымын зерттейтін зор ғылымдық орындардың бәріне мәлім. Сондағы білімпаздардың тұқым ауыстыру тәжірибесімен дүниеге келген болатын. КИЖ көп жылдан бері көп тұқымды қойларды арлы-берлі алмастырып көрді. Алыс Американың “рамбульесі”, Англияның “прекосы”, батыс Европаның “вюртембергi”, ыстық шығыстың “гиссары”, “саргиджасы” Ұзын Қарғалының топырағын татқалы талай заман. Солар Қазақстанның құм шөлі мен асқар Алатауында, аязды қыс Сарыарқасында өрбіп-өсіп келген “еділбайлар”, “Шу” қойларымен әлденеше рет айқыш-ұйқыш қан қосып, тұқым араластырып, туысып кеткен. Осы ұзақ тәжірибелердің әрі ішкі зерделі, әрі ізденгіш, білгіші – Бобров Ұзын Қарғалының бойында тәжірибемен сол жаңа тұқым, жаңа нәсілді дүниеге келтірген болатын.

Бұл тұқымның Бобров пен Есіргепті енді соңғы рет сынға салып жүрген бір жайы бар. Онысы – қысқы тебінде шыдамдылығы жөнінде. Тау жайлауда қай қой болса да, шыбынсыз жазда, салқын белде семіре алады. Бірақ қазақ сархасының иен дүние, кең-байтағы өзгені күтеді. Миллиондаған мал бесігі боларлық құм менен далада қатты қыс бар. Сонда өз аяғымен күн көріп, жайылыспен шығатын шыдамды, көнпіс тұқым керек. Барып тұрған ауыр сын, ең зор бәйге осында. Дәл осы қыстың аяғында ақ қойлар бүкіл Қазақстан алдында, қала берсе, бүкілодақтық халық шаруасын меңгеретін зор орындар алдында Бобров пен Есіргепті сынға салмақ.

Дүние жүзіндегі әзіргі барлық саны биыл екі мыңға ең алғаш қана толған ақ қойлар қазір бір атаның ұлы есепті. Осы Қанипа мен Әсияның алдындағы жайылып жатқан сол жаңа қойдың жарымы. Бір мыңы жеке бір отар болатын. Бұның екінші бір мыңы кейін, тауда қалды. Оны баққан да дәл осы Есіргеп сияқты қарт, білгір шабан Керей. Оған да КИЖ мың қойды тәжірибеге берді. Биылғы қысты оның отары да жайылыспен өткізбек. Бірақ құм емес, тауды қоныс етіп көрмек. Қысқы жайылысқа тау жағдайын бұл тұқым қалай өткереді, соны білмек. Рас, онда да тебінмен шығу керек. Сөйтіп, екі қарт шабан екі жақты сынды атқармақ. Бұл отарлар арасында өзінің ғылымдық тәсілін сынап жүрген КИЖ және соның білімпазы Бобров ұдайы қатынасуда болатын.

Отар құмға қарай көшкелі биылғы қыс шырайы өзге жылдардан өзгеше, жаман боп тұр. Қатты қысылып кет-

се, үйіп қойған маяларға, әр алуан жемге сүйенетін КИЖ фермалары ұзақта, алыста қалды. Жұма сайын Алатаудан аса соққан ызғарлы, қарлы қыс Есіргепті құмға қарай, алыс елсізге қарай ысқырып, өкшелеп келеді. Осы кездің өзінде, декабрьдің аяқ шағында Әсия, Қанипалар Сартауқұмның шетіне кеп қап отыр.

Бұл мал, тегінде, жұтарманға жетсе, сүйеніш ететін қоры жоқ емес. Ол қамды ғылымдық институт жаздығүні еткен-ді, қазір отар отырған Сартауқұмнан кейін қалған, фермаларға жақын, тағы бір құм бар. Ол белгілі “Қарой”. Сол Қаройда осы қойға арналып үйілген маялар бар. Бірақ оны жеп, қолдан асыралып қыстан шығатын жаңа тұқым болса, ол ешкімге мақтан емес. Ғылым үшін табыс та емес. Құмда қолдан асыраса, қой түгіл, ешкі де қыңқ етпейді. Бобровтың, КИЖ-дің мақсаты ол қой емес. Құмды, тауды қыстағанда өз аяғымен тебіндеп күн көретін қой тұқымын шығаруды көкесп жүр. Есіргеп сол мүддені ғана біліп жүр. Қаройдан пішенсіз шығуды бұл тіпті Кереймен социалистік шартқа да жаз деп, Бобровка тапсырып кеткенді. Шаруа мұңы мен қысылшаңы осындайлық. Оның өзі де қиын күйге соққалы келе жатыр.

Соңғы екі күн бойында, үй ішіндегі уайымын елемей, елсіз құмға жалғыз кетіп, белгісіз бейнеттер шегіп қайтқан Есіргептің оқшау жүрісі де осы күйден туған. Арттағы Қарой пішеніне жалтақтамасқа бекінген соң, не де болса сенімді құмды іздеп, ұзап сіңе бермек. Малының күйлі кезінде сол құм жақсы болса, жетіп, ілініп алмаса болмайды. Есіргеп қалың құмды көп шарлап, шөп сыңайын, мал отын өз көзімен барлап келген-ді. Түн күзетте құмның қомағай көкжал бөрісінен ақ қойларды қорғап, Әсия тыным таппайды. Күндіз болса, әкесі айтқан төбе, сайларға қойларын үнемі жылжытып аударып салып, Қанипа тыныштық таппайды.

Екеуінің жаңағы бір кезде қойға ауысқан әңгімесі, әншейінде көп сөйленбейтін бір жайға соқты. Ақ қойлардың өзгешелігін Қанипа айтады. Сүйте тұрып:

– Қозысынан қолымызда туды. Ер-азамат кеткелі сарп еткен еңбегіміз осылардың үстінде бопты. Биылғы қыста осылар жұтап қалса, еңбегің еш, тұзың сор деген сол болар еді-ау, – деді.

Қанипаның бұл айтқаны бір жағынан Әсияға ой салу болатын. Әсияның жауапты ой ойлайтын, азаматтық санасы

бар. Үй ішімен қанша өкпелесе де, өзінің бас мұңын жұмыс үшін құрбан ете алады. Оны осы соңғы үш-төрт жыл бойында нелер қатты қысталаңда Әсия танытқан болатын.

Қанипа сөзінің түп мақсатын Әсия жақсы аңғарды. Ендігі бір сөзді ол жаққа өзі бұрды.

– Өлімнен ұят күшті дейді. Менің ұятым екеу боп тұр. Бір жағы Жәкемді өкпелеткен ұятым. Көз көрмес, құлақ есітпеске кетсем болар еді. Бірақ осы мал, осы қойларды қайтем? Екеуміз бес жыл бойы өзіміз өсіріп келе жатқан осы малдың бәрі шұбырып шулап, мені қорғап қалатын сияқты. Қайрат етеді деп, сеніп жіберген жұртшылық қайда? Сен екеумізді саналы совет жасы дейді ғой. Одан көретін ұятымнан да, өлгенім артық та. Қайтерімді білмей тұрмын. Бәрінен қиыны, Жәкем екеуміз енді, тегі, бір үйде сыйысып тұра алар ма екеміз. Шатағы осы боп тұр ғой. Жә, мен үйге отын жеткізейін, – деп, әңгімесінің аяғын оқыс бітіріп, жүруге айналды.

Ұзын жүні бозғыл тартқан, екі бүйірі күптей боп қампиган сүр есек көптен бері Әсияны тосып тұрған. Үстіне теңделген мол отын – сүткен бар. Бұл өңірдің құмда жағатын отыны. Әсия есегін айдап, ауылға қарай жүріп кетті, Қанипа Әсияны тоқтатқан жоқ. Оның сөзіне аз да болса, жаңа сөз қосқан жоқ. Есіргеппен ренжісуде Әсия жастығымен, ызамен сыңар жақ ойлап кете ме деп еді. Жаңағы Әсия сөзі олай емес екенін білдірген соң, Қанипа әдейі үндемей, іркіліп қалған.

Ол осы бетімен күні бойы қой ішінде болды. Бірақ түстен бері Қанипаның мазасызданып ойлаған бір жайы бар. Қойдың бір күнгі жайылысына изені жетеді деген екі-үш төбе, мынау қойлардың жарым күн-ақ тебіндеуіне жарады. Изен мен “еркек” дейтін шөптерді жиі жайылған қой тауысып қойды. Енді Қанипа аңғарып тұрса, бұның жем іздеген қойлары қарды бос тебіндеп жүр. Қанипа қазір қалың қойдың арасына кіріп, қабағын түйіп, күдігімен тамсанып, шарасыздық халін білдіреді.

Қой ішінде Қанипа күйзеліп жүргенде, Есіргептің үйінде дәл осы мал күйі туралы тағы бір кеңес болып отыр. Бүгін таңертең Есіргептің отарына екі жолаушы келген. Оның бірі – бұл отардың қысқы-жазғы қамқоры профессор Бобров. Екіншісі – КИЖ-дің зоотехнигі, мал маманы, қазақ жігіті Асан. Осыдан екі ай бұрын Бобров дәл осы үйде ұзақ күндер еңбек кешірген. Отардың тұқым беретін

тұсақ, саулықтарын октябрь аяғында бөлгізіп алған. Өз көзімен басқарып, өзге серіктері соның нұсқағанын істеп, қойларды апрель басында қоздайтын етіп, ұрық септірген. Бұл шаруа бұрынғы сахара тәжірибесімен күйек байлап, күйек алып жүрмейді. Қоздарлық қойға болашақ қозының ұрығы түтікпен егіледі. Сол келген жолында Бобров Есіргепке “осы қыста құм ішіне кетсең де, артыңнан жетемін” деп, бір уәде берген. Ақ қойлардың қандайлық қайрат, төзімділік көрсете алатынын өзі де бақыламақ еді.

Бобров пен Есіргеп бірін-бірі көптен біледі. Екеуінің еңбектері аралас болудың үстіне, жастары да шамалас. Бобров қазақтың тілін үйренгелі көп жылдар болған. Осы Есіргептей көп шабандармен жақсы араласу арқылы білген. Шабандармен жазы-қысы бірге жатып, бірге тұрып, мейлінше сырлас еді. Барлық жайдан еркін әңгімелесе жүріп, қазақ өмірін де жақсы білген адам.

Есіргептің үй ішіне Бобров аса жақын, жақсы дос. Жастарына қамқор әке, аға есепті боп кеткен.

Бобровтың бұл жолы асығыстау келген жайы бар. Ала-тау алабына биыл қар қалың түсті. Қыс ерте қатайып бара жатыр. Сол асықтырды.

Жолаушы қонақтар келгенде, кешегі ұзақ жүрістен қажып келген Есіргеп қоңыр үйінің ішінде жылы бүркеніп, тыным алып жатыр еді. Балжан үй ортасына от жағып, сары самауырынға оқта-текте шоқ салып, қыздыра түседі. Кейде ақырын ғана күрсініп, Есіргептің оянғанын тосып отыр. Сақ ұйықтайтын қарт шабан Бобровтардың ат дүбірінен оянды. Балжанға:

– Шығып білші. Кім болды екен, – деген еді.

Бобровтар үйге кіріп амандасқанда, Есіргеп тез тұрып, киіне бастады.

От басында қолдарын жылытып, беттерін уқалай түскен қонақтардың қасына кеп, қатар отырды.

– Үй жанына келгенде аттың дүбірі көп еді, келген екеу-ақсыңдар ма? Әлде өзгелерің де бар ма? – деді.

Бобров Есіргептің байқағыштығына таңырқай түсіп, күлді де:

– Есіргеп, сен ұйықтағанда да бір құлағың ұйықтап, бір құлағың естіп жатады. Бұл жерге қанша ат келді? Айтшы, – деді.

Бобровтың мезгілімен келгеніне қуанып қалған Есіргеп әңгімеге, әзілге өзі де әзір екен.

– Мені қойдан басқаны аңдамайды, санай білмейді дейсің бе? – деп, қонақтарын күлдіре түсті. – Аттарыңды мен айтайын, келген кісің екеу болса, жетегің бар. Оның бір-бірден болу керек. Төрт ат үй жанына келген емес пе? Айтқын, таптым ба, жоқ па? – деді.

Асан таңданып, күліп жіберді. Бобров әзіл етіп:

– Сен мына керегенің арасынан көріп, санап алып айтасың, – деді.

Есіргептің тапқанын, дәл айтқанын теріске шығарған жоқ. Есіргеп тағы да мысқылдап:

– Е, іргеден қарап, мен қыз ба, келін бе? Аттың дүбірін айыра алмасам, мен малда неғып жүрейін, – деді.

Бобров енді шынға көшті.

– Күздігүні сен “биыл қыс жаман болады, құмға кететін болсам, ең керегі ат болады, мықты, семіз аттар құм ішінде жер қарауға, қоныс көруге керек болады” деген емес пе едің? Саған екі семіз ат әкелдім, – деді.

Осыдан соң Балжан жасап, баппен құйған қою шайды үй іші асықпай, ұзақ іше отырып, шаруаның қамына кетті.

Есіргеп “Алатау бөктерінде де қыс қатты ма?” деп сұрап еді, бұның оқымысты қонағы биылғы қыс туралы екі түрлі белгіні айтты. Біреуі – Есіргептің өзі күздігүні айтқан, күн райына қарап айтқан тәжірибе. Және Алматының ескі қарт бақшашылары айтатын тәжірибе болатын. Соған қосып ол Есіргепке екінші деректі тағы айтты. Бұнысына Есіргеп аз сеніп, аз ілтипат жасаса да, Бобров әсіресе даусыз сенетінін білдірді. Қыстың бұл өңірде биыл қарлы, суық, ұзақ болатыны туралы күн райын бағатын институт пен станциялар долбар айтады екен.

Бобров ақ қойларының қамын отарға келгенде ғана ойлап қоймайды. Алматыда өзінің кабинетінде, ғылым институтында және Жер Комиссариатында да үнемі ойлайтын. Есіргепке қыс жаманатын айтумен қатар, Асан екеуі малдың мұндағы күйін сұрай бастады.

Шайды Есіргеп пен Балжан әрдайым ұзақ ішетін. Бұлар үйіне келгенде қазақпен қазақ боп, шабанмен шабан боп кететін Бобров Есіргеппен жарысқандай боп, шайды сағат бойы ішуге бар еді. Қазірде сол шайды ұзақ сілтеп, әңгімеде отыр. Есіргеп отардың қысылып отырған жайын мәлім етті.

Бірақ осындай күйін біле отырса да, Асан бұл отардың Кереймен социалистік жарысын еске салды. Екі отардың

шарт қағаздарын осы жолы ретке салып, алып келген екен. Есіргепке бұны бере отырып, атасқан серттерін айтысып берді. Осы қыста қой өлтірмей аман шығарып, қозыны жүз қойға жүз он бестен беріспек.

Есіргеп Керейдің жағдайын өз халінен артық дейді. “Ол немене? Тауда, Назарбай Ашыда отыр. Қасында маясы тұр. Түнде қойына жылы қора бар” дейді. Асан мая мен қора Қаройда, бұның отарына да әзір екенін еске алып еді, Есіргеп “Мен оны әдейі сүйеніш етпедім. Қойдың бұрынғы қазақ қойынша төзімді болуын тілеп, сол жағынан сынайтын болсақ, қора мен маяға арқамды тіреп отырып нем бар? Сынаған соң сын босын, тәжірибе боса, тәжірибедей босын. Керей жарысқанмен, менің күйімде емес қой”, – деді.

Асан Керейдің жерінде қар қалың болатынын айтты. Және онда да шөпті пайдалану шарттан кем түсу болатынын білдірді. Қораға да қойып жатпайды. Тек ығында ғана түнейді екен... соны айтты. Есіргеп “осының тек дегендей босын, Керей соған шын төзіп көрсін” деп қойған. Ендігі әңгімелері мына отардың күйі турасында.

Қазіргі бұлар отырған жер құмның дәл өзі емес. Құм менен даланың дәл жапсарласқан тұсы. Бұл араны Қарашеңгел дейді. Қыстыгүні де қатпай жататын қайнар бұлағы бар. Есіргеп қыс қарсыз болса, құмға мал бара алмайды, онда су жоқ деп, осы соңғы суға арқасын тіреп, тым құрса қыстың ортасына шейін осы қоныста болмақ еді. Енді міні, қар түсті де, өріс қысқарып қалды. Құмға көшпей айла жоқ екенін білдірді. Осыдан соң өзіне ауыр тиген уайымға көшті. Бобровқа қарап сөйлеп отыр.

– Осындай ойда жоқта сен келгенде өзімнің туған інім келгендей қуанып қалатыным бар ғой, тегі. Жаман үйімізде, етегің төсек, жеңің жастық боп жантая кетіп, өзімізше жатып, тұруың бар. Соныға қарап, сенің Алматыда, Қазақстанда дәу атың барын, шоң оқымысты екенінді ұмытып, еркімізбен сырласа береміз, – деді. Ақылды, шешен кісінің үлкен бір сыр айтардағы, саналы толғауын бастап алды.

Бобров күрең шайды сілтеп отырып, қасқа маңдайы мен әжімді, қызыл сары жүзіне шыққан терді таза орамалымен сүртіп отыр.

Есіргеп болса, Бобровпен сырластық бойынша, одан ештеңе жасырмауға бекінді. Екеуінің қасындағы таза мінезді жігіт Асаннан да именіп, іркілген жоқ.

Сөйтіп, ендігі айтылған сыр, уайым Бобровқа да, Асанға да ойда жоқ оқшау, тосын хабар болды. Рас, Бобров Есіргепті жақсы біледі. Барлық шабан атаулының тұрмысын, тілін, сыртқы өмірдегі әдет жайын да жете таниды. Бірақ дәл мынандай күйдің үстінде қазақша не сөз айту керек? Бір үйдің ішкі, қиын сырына қалай араласады? Бабын таба алмады. Қысылғаннан қызарып, терши түсіп, көпке шейін үндемей отырды. Тек бірталайдан соң ғана өзінің не істеуі керек екенін аңғарды. Жәй өмірдегі турашыл, оқымысты, әділ адамның қалыстық пікірін айтуды дұрыс деп білді.

– Есіргеп, сендерге мен не айтайын. Бұл айтуға қиын жұмыс. Қайғырған сенікі де дұрыс, ол да әлі өмір сүрмеген жас адам. Әсия жаман адам емес, білесіңдер. Оның бір ғана жазығы бар, онысы жас болғаны. Бірақ оған не айла бар? – деп, басын шайқап, тағы да қысылды. Тершіп отырып, бұндайда ешкімге жаман ойламайтын ақ көңілді, таза тәрбиелі адамның дағдылы бір адамгерлік сақтығын айтты:

– Ойлау керек, Есіргеп, Балжан. Сендер әке-шеше, сендерде ақыл бар. Өмірді білесіңдер. Араз болу оңай, адамды жазалау оңай. Бірақ көп-көп ойлау керек, – деп тоқтады.

Есіргептің әлі не істеп, қалай шешері мәлім емес. Бірақ бір ауыр сөзі бар. “Бұл келін баламның намысын қорлады. Менің қарт басымды жұрт көзінде жер қылып, жаман ұятқа қалдырды. Енді ол менің үйімде қалай тұрады? Ол тұрса, оның бойындағысын көріп, мен қайтіп бұл үйде тұрам? Екеуміз екі айрылу керек. Ал, ол кетсе, мына қыстың ішінде мұншалық малды қайтем. Балшықтан кісі жасай алмай отырғанда, бұл отарды қайтіп сақтаймын. Құмға көшсең, оның қасқыры да қатты. Кейде суық дауылы да болады. Түн күзеті Әсия қолында болғанда, қысы-жазы уайымым жоқ еді. Енді міні, кісім де жоқ, басқа күшім тағы жоқ. Екеуің жақсы кепсің. Бірақ мен жаман боп отырмын. Малда жай жоқ. Менде күй жоқ. Дағдарып отырғаным мынау. Бірақ не болса да, бұл келін енді тұрмақ жол емес деп отырмын”, – деген.

Бобров, бір жағынан, Есіргептей қарт адамның өзінше қыңыр ұғымын толық түсінеді. Екіншіден, Әсияның жайын да ұғады. Сонымен қатар ақ қой қамын еске алса, ол бұның өзін де қатты қинайды. Неғыларды білмей, ашу намыспен Есіргеп толғанды. Енді не қыларды білмей, өзінің ғылымдық үлкен тәжірибесі үшін, жауапты ойды шеше алмай, Бобров та қатты сергелдеңге түсті. Шай ішуі тоқталып,

үнсіз томсарып, папирос артынан папирос тартып, түтінін будақтатып, ойланып қалды.

Осы кезде отынын алып Әсия да жеткен еді. Қонақтар онымен шолақ қана амандасты. Үй ішінде барлық сөз үзіліп, жым-жырт болысты. Тек Балжан ғана сыртқа шығып, Әсияның отынын түсіріп жүр. Өзіне:

– Тондың ғой, балам, отыршы, жылыншы. Күндіз ұйқын да шала болды, тыным алмадың ғой. Ас ішіп, жылы бүркеніп жатып, көзіңнің шырымын алшы, – дейді. Дағдылы адал, момын бейілімен келіннің қамын жейді.

Асан өзі әкелген көп газеттерін, азын-аулақ кітап, журналдарын Әсияға берді. Ол қызара түсіп, көңілденіп алып еді. Соның артынан Асан қойнынан бір хат шығарып: “Қанипа, екеуіңе мынандай хат та бар” деп ұсынды. Әсия қуанып, күліп жіберді де, сол арада ашып, оқи бастады. Молтайдан еді. Аман, әлі аман екен “асыл жар”. Бірақ сол қуанышы ұзақ болмады. Хаттың аяғына қараса, жазылғанына көп болыпты. Осыдан бір ай бұрын бір хат алып еді. Соны жібергеннен үш-ақ күн кейін салған хат екен. Тек қана кешігіп жүрген сәлем болды. Сонда да ыстық еді. Кейінгі айларда хабарсыз болған Молтайдан бұрын өзі кеп тұрғанын да Әсия әлдеқандай көреді. Ол хатқа қадалған.

Әсия келіп, үй ішінің сөзі тыйылған соң, Есіргеп пен Бобровқа Асан жаңа бір ұсыныс айтты.

– Қойдың жайылысы қалай, күйі қалай, далада жүргенде барып, көзбен көріп, аңғарсақ қайтеді? – деген.

Осы сөзді Бобров тез қостады да, екеуі қастарына Есіргепті ертіп, атқа мініп, өрістегі Қанипаның қойына қарай кетті.

III

Қой ішіне келгенде, Қанипадан Бобров соңғы күндердегі жайылыстың қиындап бара жатқан барлық халін жақсы ұғынды. Түгел отардың тыным таппай жүргенін, қойларға жақындай бере, Есіргеп пен өзі де анық аңғарып келген еді.

Енді Қанипа да бұларға Қарашеңгелден көшпесе, отар жайы жаман болып жатқанын айтты. Кейбір қойлардың жүдеп, бүйірі солып, ашығуға айналғанын да айтып берді.

– Қаны, жүргін, өздерің көзбен көргін. Қандай қойлар ашыға бастағанын да айтайын, – деп, астындағы қоңыр биені тебініп, топты бастады.

Алдымен жүдей бастаған қай қойлар екенін білу керек. Әлі жүдемей, мойымай келе жатқан мықты қойлар қайсы екенін білу Бобровқа, Асанға да ерекше қажет. Олар қойныңдағы қағаз, қарындаштарын алып, ақырын ғана, асықпай, Қанипа көрсеткен қойлардың бәрін түсіп ұстап, жазып алысып жүр. Есіргеп те жүдеген қойлардың қай топ екенін жақсы аңғарып, өзінше топшылап, түйіп келеді. Ізерлі, тәжірибелі, білгір топтың барлығына айтпастан мәлім болатын бір жай бар.

Жаз басында КИЖ шаруасы осы Бобров бастауымен өздерінің ғылымдық үлкен бір әрекетін, тәжірибе науқанын атқарған. Онысы ақ қойларды тұқым, текке бөліп, анықтап жіктеу ісі болатын. Ұзақ күндерге созылған бұл істі “бонитировка” дейді. Сол бонитировкада өсімге жіберілетін тұсақ саулықтардан браққа шығарылатын қойлар ажыратылған. Өсімге жіберілетін саулықтардың өзі де бірнеше класқа бөлінеді. Көбі-ақ бірінші, екінші класқа бөлінген болатын. Үшінші класс – нәзік бітімі бар топ деп саналады. Бірақ осы ақ қойдың нәсілін шығаруда бір буын солардан болмай және болмайды. Сол бонитировка уақытында қазіргі Қанипа алдындағы мың қаралы қалың отар қойы түгелімен номерленіп, құлақтарына өз номерін тағып шыққан. Қазір жүдеулік ретімен қағазға түсіп жатқан көбінше үшінші класс қойы. “Құмға баруда ауыр сыннан өтуі қиын-ау” деп осы қойдан Қанипа мен Есіргеп те сескенетін. Бар қойдың көпшілігін аралап, жүдеулерін санға алып, Бобров тоқтаған кезде, Есіргеп өзінің көлденеңнен түйген тәжірибе ойын айтты.

– Сен нөміріңмен қағазыңа тіркедің ғой. Қай қой жүдегені жазуың бойынша өзіңе айқын шығар. Мынау үлкен сипырынды танымаймын. Бірақ осы жүдеген қойдың бәрі тек үшінші класс екенін түйіп тұрмын. Осыным тура емес пе, айтшы өзің? – деді.

Бобров көзін сығырайтып, күлімсірей түсіп, Қанипаға қарап:

– Қанипа қалай ойлайды? – деп сұрады. Қанипа да іркілген жоқ.

– Жәкем жер қарап құмға кетіп, төрт күннен бері жайылыстағы қой ішінде болған жоқ. Қойдың жүдегені осы төрт күнде мүлдем көбейіп кеткен еді. Меніңше, бұ кісінің сөзі тура, – деді.

Есіргеп ақ қойдың осы бір алуанын әр кезде ұнатпайтын.

– Қыстың басына жаңа кірдік. Бұл тілеуің құрғыр болса әлі әзір, құлқын сәриден құмның қысын ұнатпай жатыпты. Бұған февраль, мартта не тауып берем? Осыны да бір браққа шығармадың, тегі, – деп, Бобровқа әр кезде айтатын қияс бір дауын тағы айтып тұр. – Тым құрса күзгі күнгі қашыруда бұларды аз қосуы керек еді. Көктемге шейін арықтап, аман қалған күнде де қоздай алмай жүрсе қайтем. Қоздаса да, арық болып, қозысын жарытпай, төл шығыны мол болса, құрығаны да бар еңбегіміз. Қинадың, қинадың биылғы мына ауыр қыста, – деген еді.

Қанипамен екеуі Асанға да осы қоймен байланысты күдіктерін айтқанда, “Керей социалистік жарыста бізден осы қой арқылы асады. Ол болса, бұл қойды маяға тыққан болар” дейтін еді. Асан күле тұрып түсінік берді. “Қораға, маяға тығып амалдап шықса, ол жағымен сендерден оздым дегеніне жұрт көне ме? Ол да жайылыспен мықты боп шыққанын танытады. Одан саспаңдар”, – деді.

– Тек сонысына куә болыңдар. Жарысым жарыс. Бірақ жарыста бір шарт айтып, бағуда маяға сүйенсе, онда қарық қыпты. Онда, тегі, мен де жетінші қашарда, немесе Қаройда жатып алмас па ем, – деп қойды Есіргеп.

Өз жауаптылықтарын ерекше қамқорлықпен ұғып тұрған шабандарға Бобров бұл уақытқа шейін үн қатпаған. Барлық сөздерін аса үлкен ілтипатпен тыңдап тұр еді. Енді Қанипа мен әкесіне осы қыс бойына көңілдеріне күдік қалдырмайтын тиянақты бір жауап керек. Өз тәжірибесінің ғылым үшін, мемлекеттік халық шаруасы үшін не байлауы бар екенін білдіруге бекінді. Оның ендігі сөзінің ұзын ырғасы мынау еді:

“Осы жүрген отардың мың қойы тегіс көктемде қоздайтын қой. Бонитировканың өзінде де бұлар бір-ақ түрлі қой, бір класты ғана алған жоқ. Әдейі осы үшінші класты да қосқан. Брақты бөлгенде бұлардың ішіндегі ең жақсы, ең мықтысын осы отарға шығарған. Күзгі күнгі қашыруда да әдейі жіберген болу керек. Ақ қойдың бәрі бірдей бір тегіс емес. Ғылым тәжірибесі ылғи таңдаулы қоймен жасалмайды. Екінші класс пен үшіншіні қатар алмаса, бұл тұқымның жақсысын да таңдап алуға болмас еді. Қыс бұл қойларға да, бұлардың тәжірибесіне де қатты сынның қысы, КИЖ-дің барлық шаруасы үшін тәжірибе бәрінен қымбат. Құмға қысқы жайылыста, аталары, шешелері ешуақытта жүрмеген преқос, рамбульені де бұлар тәжіри-

беге салған. Жүз он алты, жүз он килограмм салмағы бар, кермеде бәйгі алған қошқарларды да сол тәжірибе үшін құмға жібергені бар. Соның көбі өліп те қалған. Бірақ тәжірибе үшін, қымбат тәжірибе үшін, сол тұқымның өзін де құмға айдатқан. Енді ол күндер кетті. Үшінші класс қойы, қазір өзге қойдан бұрын ашыққанмен, бұл қыстың бейнетін тартады да, көтереді. Есіргеп қозылар үшін қорықпасын, сол қозылардың келесі жыл құмға өздері мықты боп келуі үшін, еселерінің ішінде осы күннің өзінде бейнеттің бәрін көріп өтуі қажет. Өлгені өледі, ал өлмей қалғаны Есіргеп отарына келесі жылы балуан қой боп қосылады. Және арықтағанмен, әлі де осы класс қойының өзінде де көп күш бар. Бұл отар қойлары “элит” қойы, тұқым қойы болып бөлінгенде, бәрі бірдей болмайтыны мәлім. Бірталайы Қанипа мен Есіргепті қинайтыны мәлім болатын. Бірақ оның жауабын Бобров бір жағынан өзіне, өзінің жауаптылығына жазыпты. Бұны доклад жазып, КИЖ-ге де, Жер Халық Комиссариатына да білдіріп қойыпты. Сондықтан отар құмға көше берсін. Шапшаң көшсін деген” нұсқаулар айтылды.

Осыдан соң қойдың күйі туралы сөздері аяқталды да, Бобров Қанипаны бөліп ап кетіп, оңаша әңгімесін Әсияға арнады. Қанипа Бобровпен еркін әңгімелесетін.

Әсияны кінәламайтынын және бұрынғысындай дос көріп, қазірде әсіресе жаны ашып, жақсы көретінін білдірді. Бірақ осымен қатар әкесінің ашуы, өкпесі қатты екенін айтты. Сөзінің аяғында:

– Біздің үйдің жәйін өзің білесің ғой. Сайлыбектің өлгенін сен де білесің. Әсия екеуміз де білеміз. Шал, кемпірге айта алмаймыз. Әлі де айту керек емес. Осы уақытқа дейін де түстерінде көріп, аман деп қуанысады. Ал, Әсия болса, күйеуге тиіп қойған. Тек жұртқа білдіреміз дегенде, күйеуі тез әскерге кетті. Ол Молтай болатын. Мен өзім бар сырларына ортақ ем. Молтай үйде болса, Әсия қазір сонымен бірге тұрар еді. Кейін Жәкеме өзім айтып, тоқтатам деп, Әсияның көңілін жай қып едім. Енді үй ішінен су шыққандай қып, Әсияның мынадай кезінде жалғыз басын қудалап, күйдіре берсек, не болмақшы? Өзің шалды ақылға көндір. Көнбесе, “бір айдан соң кісі тауып жіберем. Әсия қолыңда тұрмасын десең, тым құрса сабыр қып бір ай шыдағын” деп, соны айтып кет. Болмаса, отар жаман болады. Талай жылғы еңбек құмдай шашылады, – деген.

Бобров бағана шайдан бергі, өзі бабын таба алмаған ойдың бар тетігін Қанипа тауып бергенде, қатты ырза болды. Қой шетінде жүрген қоңыр, момын Қанипа қандай? Жел қағып, күн күйдірген қара торы жүзі бар. Сұлу, тұнжыраған көзді жас әйелге Бобров адамшылдық, аталық мейіріммен, алғыспен қарады. Бобровтың бұл отардағы кәрі-жас достарының сырты жұпыны. Бірақ бәрінің де ішінде шыншыл, адал жүректі адамгершілік бар. Талай оқыған адамдардың үй ішінде табылмайтын жақсы мінез бен зор адамгершілік осы қой шетіндегі қоңыр лашыққа нық ұялағанына кейде тереңдеп ойлап, қатты таңырқайды. Қанипаға аса жақын, сырлас жүзбен жылы қарап, ақырын сөйлейді.

– Қызым, сен жақсы адамсың. Мен КИЖ-дің бастықтарына, Алматыға сені “сондай ақылды совет азаматы бар, жақсы комсомол қыз бар” деп, айтып барамын. Әсияны сүйегенің жақсы. Жаман болу әрбір иттің де қолынан келеді. Сенің мінезің – жақсы адамның мінезі. Айтқан ақылыңды алдым. Шалмен сөйлесемін. Ол болмаса, аман жоқ, сендерге көмекке кісі жібереміз. Бірақ ол Әсияға болмайды, білесің. Әсияға да бұл халінде сендерден кеткен жаман. Оған менің сөзімді сен айт. Шыдасын. Ол жас қой, мықты ғой. Досы сен де барсың. Балжан бар. Отардан басқа ешнәрсені ойламай жүре берсін, – деді. Екеуінің біріккен ақылын Қанипамен оңаша, осылайша қорытты.

Осы түнде Әсия қой шетінде күзетте жүргенде, Асан мен Балжанды ұйықтатып тастап, Қанипаға шайды құйғызып отырып, Бобров Есіргепке көп ақыл айтты. Келінімен екеуін татуластырып, жарастырудың ниеті еді. Әр кезде Бобров сөзін Қанипа да: “Осынысы тура ғой, Жәке, қойсаңшы. Жәке, саған не болды?” деп, әкесін ойландырмақ болып еді. Бірақ екеуінің де сөзі Есіргепті жеңе алмады. Оның бар ойысқаны, бір айға шейін өлсе де, мал үшін, шаруа үшін, Бобров үшін шыдап көрмек. Бірақ Әсия туралы айтқаны:

– Баласын бауырына алып, “міні, сендерді алдап, қараңғыда тапқаным” деп жазғызып, емізіп отырғанын көре алмаймын. Онда Сайлыбегім шын өлгені. Бір өлген емес, күнде өлген боп, көз алдымда күйік болады, Бобров, әкем, тегі, мені бұл азаптан, бұл тозақтан құтқар. Бір айдан соң кісінді жібер. Өзге сөзді неғыласың, қайтесің, – деген.

Осымен ұзақ, ауыр әңгіме Қанипаның күндізгі айтқан сөзімен аяқталды. Үйдегінің бәрін де күрсінтіп, ренжітіп барып аяқтаған еді.

IV

Осының ертеңінде Бобров пен Асан Есіргеп үйін өздері жығысты. Қарашенгелден отарды көшіріп, Сартауқұмның қалың ішіне апарып қондырысты.

Құм теңіздің бұйра толқынындай, шошақ-шошақ құм төбелерге толы. Бұнда су жоқ, адам мен мал пана қылатын орын да аз, тек құм төбелердің қалыңдап, түйіскен кейбір жерлерінде ауыл орнындай боп қалған терең, кең алап болады. Құм төбенің басынан қарағанда, бұл алап терең құр апанның түбіндей. Шыңырау түбіндей аясы азғантай боп, дөңгеленіп жатады. Құмды қыстайтын ел осы тостаған аясындай айналасы қоршаулы, ықтасын орынды мекен етеді. Осындайлық қыс қонысты “шұқыр” деп атайды.

Есіргеп екі күн бойы құмды кезгенде жайылыс жағдайын түгел шолған. Биыл осы өңірде қойға азық болатын изен мен еркек дейтін шөптің жеткілікті екендігіне көзі қанды. Қазір үйін әкеп қондыратын шұқырды да сол келісінде белгілеп кетіп еді. Құм арасында жол да жоқ. Тау мен кең біткен сай-сала да жоқ. Біріне-бірі ұқсайтын шошақтар, жасынан осы құмның тағысындай боп, жадысын біліп өскен Есіргеп болмаса, өзге кімді болса да тез адастырады. Есіргеп алғаш келіп қайтарында “көшпен жүріп адаспайын” деп, дәл осы шұқырдың тұсындағы бір құм шошақтың басына қарақшы шаншып кеткен-ді. Бұрыннан құмды қыстайтын ауылдардың әр кезде өз шұқырының тұсына “біз мұндамыз” дегендей қарақшы шаншып отыратынын ол бұл жолы әдейі қолданған. Құм ішіне, осы шұқырға, Қанипаға болысып, ақ қойларды жылжытып айдап отырып, Бобров пен Асан бірге келді.

Асан қайтайық десе де, Бобров асықпады. Әр генерациядан өткен әр кластың тұқымдық қойларының күйін бақты. Әрине, бұл қойларды Қаройдағы КИЖ жиғызған малға жақын ұстаса, ешбір қатер болмас еді. Бірақ тәжірибемен өрбитін халық шаруасының, ғылымның тілегі одан жоғары, әрі жатыр. Осы ақ қойлардан бар Қазақстанға асыл тұқым жаймақ. Ол қойлар барлық пішенсіз құмдарда, Арқаның сары аыздарында өз аяғымен, тебінмен күн көріп шығуға жарайтын қой болу керек. Сондықтан асыл тұқым атын алмақ. Бобров осы сынға мына тұқымды салып отыр. Ал, Есіргеп болса, ғылым талабын іспен анықтап сынап, қорыту үшін

не де болса осы құмға қыстап шықпақ боп отыр. Өршіл ғылым мен ғасырдың халық қажырының қабысқан, түйіскен ісі еді. Ертеден қара кешке Қанипаның қасында Бобров пен Есіргеп екеуі жүріп, қойлар күйін зерттеді. Құм ішінде Қарашеңгелдей емес, қар жұқа, кей жерінде күнгеі беттеріндегі қар тез еріп, тез сіңіп кетеді. Құмның биылғы Есіргеп айтқан тағы бір қасиеті, қойға керек болатын изені етектей боп мол тармақтанып, құнарлы боп өсіпті. Және еркек дейтін екінші шөбі бойшаң боп ұзарып шықпай, қысқа бойлы, нәрлі боп, дәнді боп шығыпты.

Ақ қойлар құмға келгелі Қанипаны алғашқы екі күннің ішінде-ақ ырза қыла бастады. Жүрістері азғана. Болар-болмас қылтанақ болса, қалдырмай жеп, құмның өзін жалап та қорек алғандай. Бүйірлері де тез шыға бастады. Бір жұманың жайылысынан соң, отардың бар адамы боп кешке жақын қойды шұқырға әкелді. Қанипа мен Әсия қойды иірген шақта ерекше ырза қылған үшінші кластың қойы болды. Енді Есіргеп көңілінде әзірше мал үшін тынышталған ой бар сияқты. Қой ішінен үйге келе жатқанда, Бобровқа өз тәжірибесін түйіп кеп:

– Қар қалындаса, құмға бір ілініп алдым, енді осыдан осылай бата берем. Тек бұ құмның да шанда бір құтырып келетін қысы болады. Қары қалың түсіп, боран тұрып кететіні болады. Сондай бір пәлеге ұшырамасам, әлі әзір қорқынышым тегі жоқ, – деген.

Бобровтың да көңілі жайланғандай. Осы түн соңғы рет қонақшыл Балжан мен Әсия қолынан ет жеп, шай ішті. Киіз үйден соңғы рет қалың көрпе астында бұйығып, ұзақ, тыныш ұйықтап алды. Келесі таңертең атқа қонуға айналды. Дәл жүрерінде Әсиямен оңаша сөйлесті.

– Енді шал да, сен де ажырасамыз дейсіңдер. Ол оңай емес. Жақсы да емес. Екеуіне де жақсы емес, бірақ айтқан соң болмайды. Мен бір ай бірге тұрыңдар деп, екеуіңнен де уәде алдым ғой. Бір айдың ішінде орныңа кісі жіберемін. Сонан соң қайтарсың. Жайыңды КИЖ-ға, ферма бастығына айтып кетемін. Бірақ, сенен сұрайтыным мынау, бір айда шалмен ұрыспа. Қайта жақсы бол. Бұлар жақсы адамдар ғой. Кеткенінде де артыңнан жамандамасын. Сондайды тілеймін және соған сенемін, қызым. Ал, сенің төрт жылдан бері жақсы шабан болған қызметіңді мен ұмытпаймын. Менің еңбегімді бағалайтыңдар болса,

Есіргеп, сен, Қанипа үшеуіңнің еңбегіңді бірге бағалатамын. Сол менің саған беретін сертім! – деген.

Әсия Бобровқа жауап айтқан жоқ. Тек оның сөзінің тұсында: “Ұқтым, жақсы... айтқаның босын... Қанипа барды айтты. Қамымды жепсің, ағамдай достық айтыпсың, рақмет, Жәке, рақмет”, – деп, көзіне жас алды. Шын алғысқа толған көңілі Бобровты да бұған балалық бейілімен “Жәке” дегізді. Бобров Әсияның қолын ұзақ қысып қостасты да, аттанып жүріп кетті.

V

Әсия бүгінгі түннің тез өткенін, таңның тез атуын сонша асығып күтеді. Өзіне белгісіз, үркектеген қауіп сезімімен күтеді. Сол қобалжудан ба, ішіндегі кішкентай, ғажайып ұрық та бүгін жиі қозғалады. Оң бүйірін түрте береді. Аспанды төмендеп торлаған, тау салмақты ауыр қара бұлттар қаптап алған. Қараңғы түнде қалың бұлт бірін-бірі қуады. Аспан әлемі қатты бүлінгендей. Тау толқып, аунап ұшады. Жоғарыда құтыра соққан, қатты дауыл бар тәрізді. Шұқырдың айналасындағы құм шошақтардың басында да қатты жел соғып тұр. Бұршақ аралас жауындай ұшқындап, ауыл үстіне түсіп тұрған құм жауыны бар. Әсияның үстіне сол қиыршық құм, ұсақ тас аралас сытырлап түседі.

Іңірден бері басталған осы әлек дүние ауыр толғағы Әсия отырған кішкене шұқырды құлшынып іздеп, қастана қимыл еткендей. Иттерде тыным жоқ, екіленіп үреді. Әсіресе Әсияны қобалжытатын бұның күндегі түн серігі, қара шолақ төбет – Таймастың үргені. Ол қазіргі кезде, түн ортасы тақап қалған шақта осы шұқырға қадалып кеп, камалап тұрған өзгеше қатерлі пәлені сезгендей. Артқы екі аяғын кезек тарпынып, кішкене шұқыр айналасын шапқылай аралайды. Қатты сақайып, тынымсыз айбар шегеді. Әсияның қасынан бапылдап долданып үріп, ағызып өтіп бара жатқан бір кезінде жас әйел оны шақырып, “Таймас, Таймас”, – деп, қасына тоқтатты.

– Не көрдің, Таймас? – деп, басын сипады. Жонынан еркелете қағып, тілсіз серігінен қауіпті түннің күдігін сұрайды. Таймас Әсияның қасында құм шошаққа, батыс жаққа шаншылып үріп, ытқи жөнелді.

Дәл осы кезде ышқына соққан желдің қатты бір лебі шұқыр үстінде үйіріле борандатты. Қыстыға, ышқынып

кеп, құтыра ойнақтады. Бұл күнге шейін шұқыр ішінде, ықта жатқан қойлар тыныш еді. Құм төбені паналап отырған кішкене қоңыр үй де тыныш болатын. Енді осы азғантай аядағы барлық жан иесі мынау төбеден соққан дауылдан тегіс, үрке оянды. Шұқырда тығыз соғылысып жатқан қойлар маңырай түрегелісті.

Ақ қойдың қалқиған құлақтары тынымсыз түннің қатерлі зәрін тыңдай қалған сияқты. Сол шақта жаңағы Таймас шапқылай жөнелген, батыстағы құм төбеден асып, долы түннің бір жайын үні келді. Ол жақыннан шыққан үн. Осы отарға қадалған көр сияқты, аямас қастық үні, ысқырып ызың қаққан түн дауылының үнімен бірге шулап, ұлыған қасқыр үні келді. Біреу емес, толып жатқан қомағай топтың үні.

Әсия қорқақ емес еді. Қолында құлаш төсжара қайың шоқпары болатын. Соны жерге таяп, қысып ұстап, мынау үнді сескеніп тыңдайды.

– Тілеуің құрғыр, құмның бәрі қасқыр ма? Қандай көп өздері. Япырай, таң да атпады-ау, – деп, тағы біраз тыңдай түсті. Мынау асау түнде бұл отарды торыған қасқырдың саны шын-ақ көп тәрізді. Ұлыған үн бір ғана батыс жақтан әлденешеу болып шықса, енді қарсы жақ шығыстан да естілді. Алғашқыдан да тақау кеп өшіккендей. Түн аспанына жәйін үнін қадап тұрып, қатты созады. Қазір Таймас кішкене шұқыр айналасын құйынмен бірге ұйтқып, толассыз шыр айналып жүр. Қасында ақ қаншық, дүрегей тазы да үру мен жүгіруде толас тапқан жоқ. Әсия маңыраған қойдың тобынан да бұның бір өзінен пана тілеп тұрған үндер сезеді. Мынау түнде қасқыр шапса, қалың қойға ие болу да қиын. Аузынан шыққан лебізін дауыл қағып әкетіп жатса да, Әсия бар күшімен жиі-жиі айғайлайды. Жон астындағы қомағай бөрілерге айбар шегеді. Сескенген үн емес, ашулы, батыл үнмен шырқап айғайлайды. Осы айғайын тыймастан, қой шетімен оралып кеп, қоңыр үйге тақады.

Үй ішінде Есіргеп пен Балжан бұл кезде ояу жатыр еді. Балжан түн суығын, дауыл екпінін сезіне сала, Әсияны аяп: “Айналайын-ай, жаурап бітті-ау”, – деп қынжыла бастады. Есіргеп “несіне мүсіркеді” дегендей ұнатпай, қырыстана түскен еді. Соны сезген Балжан: “Аяғы да ауырлап барады” деді. Бұған Есіргеп тіпті шыдай алмай: “Кімнің баласы екені белгісіз ұрықты айтқаны нес?” – деді.

– Белгісіз емес. Ол баланың әкесі бар. Ол – Молтай. Соған тиген екен. Тек мезгілінде айта алмапты. Сен өзің қыңырая бермей, құлақ салсаңшы бір. Молтай – баланың әкесі, – деп тағы айтты.

– Молтай, – деп, Есіргеп үндемей қалды. Молтайды қарт жақсы көруші еді. Әсия әлдекім емес, Молтайды сүйеді екен. Оған тиген екен. Олай болса, мұнда бір терең мән бар екен... Қалай да болса, әйтеуір атсыз, әкесіз бала емес. Бұл Есіргеп ойына шұғыл бір өзгеріс кіргізгендей болды, бірақ сабырлы шал бірден ой тереңіне сүңгімеді, асығыс жорамалдағысы келмегендей. Қазір қой шетіндегі жас келін күйіне, ішінен өзі де үлкен қамқорлықпен қарайтын шалға, тек бұл сөз әлдеқандай бір бұлдыр ой салды. Балжан болса, жаңағы өзі айтқан хабарды соңғы күндер Қанипадан білген. Әсияның іші өсе бастаған соң, Қанипа өз шешесінен енді Молтайды жасыруды мақұл көрмегенді.

Дауылды түнде тыныштығы кетіп жатқан күйде Есіргеп Балжаннан осыны білді. Әсия дәл осы кезде үйге тақап еді. Жаңа бір ышқынып соққан дауыл қарттардың кішкене баспанасын сықырлатып, талқандап кетердей болған. Сол дауыл екпінімен Қанипа да оянған. Әсия үй сыртынан үн қатты. Бір айдан бері атасымен екеуі бір-біріне тура жауаптаспайтын. Қазірде де Әсия Есіргеппі шақырмай, Қанипаның атын атап дауыстады. Үй ішінен Қанипа мен Есіргеп екеуі қатар үн қатып:

– Уа, немене? Әсия, малың аман ба? – десіп дыбыстап еді.

– Әзір мал аман. Бірақ түн дауылдап кетті. Айнала шулап, қасқыр ұлып тұр. Жылдам киініп шықпасаңдар болмас, – деді де, қой шетіне қарай, тағы асығып жөнеліп кетті.

Балжан енді нала қып, асығып киініп жатыр. Әсияны аяп, дамылсыз сөйлеп жүр:

– Қарағым-ай! Жапа-жалғыз... Жаурап бітті-ау! Қасқыры пәлесі тағы анау. Шықшы шапшаң, шық жүгіріп, Қанипа, қасында бол. Жүріңдер, – дейді. Жылдам киініп, есікке қарай ытқыған Есіргеп пен Қанипаның артынан өзі де ұмтылып келеді. Біресе сиынып, біресе қорқады. Әлдекімді қарғай түсіп, қайта-қайта Әсияны аузына алып, құрақ ұшып жүр.

Есіргеп пен Қанипа есіктен аттай бере айғайлап, екі бөлініп, қойды қоршай жүгірісті. Бұл кезде шұқырдың алыс шетінде Әсия тынымсыз айғайын салып, сақайып жүр еді.

Әлі де аспанда ауыр қара бұлттар шарпыса ұласып, біріне-бірі шапшығандай. Түн дауылы түйдектеп айдап, жөңкіліп жатыр. Суық қара жел шұқыр ішінде ақтарыла ысқырып соққанда, қалың жүнді ақ қойлар да тегіс тұрып алыпты. Бет қарай алмай желге жонын беріп, бүрсең қағады. Қотанның әр шетіндегі адам айғайы күзеттің қатайғанын көрсетті. Иттердің үрісі де қарсылықты толас-сыз білдіріп тұр.

Енді бір кезде, батыстағы төбеден қар аралас, қиыршық құм борандатты. Шұқыр үстін әлек дүниенің мұнарлы топанымен басып кетті. Желге қарсы адам айғайы бес қадам жерден де естілмейді. Дауыл барынша пәрмендеп, қатты үскіріп ышқынады. Дәл осы кезде құм белден аса бере, бір топ ұры бөрі шұқыр ішіне қарай ағыза шапты. Қанипаның қасынан үшеу-төртеуі жұмарланып, жұбын жазбай ағып келіп, қойға кірді. Басында шошынған Қанипаның үні шықпай қалып еді. Қақ жарылып, дүбірлеп жүгірген қойлардың арасында бара жатқан бөрілер, оң мен солдағы қойлардың құйрығына, бүйір, тамағына ырсылдап ауыз салды. Осыны көргенде, мал үшін күйген Қанипаның ашуы, намысы қайнап кетті.

– Қасқыр, қасқыр, қасқыр! – деп айғайлағанда, даусы енді ерекше ащы боп, қатты шықты. Қойдың ылди жақ шетінде Әсия болатын. Шығыс шетінде Есіргеп еді. Екеуі де Қанипа хабарын лезде ұқты.

Олар отарға қатты қауіп төнгенін қойдың тас-талқан боп үріккенінен-ақ сезген еді. Екеуі де айғайын салып, қасқыр жүрген жаққа қарай ұмтылып келеді. Бірақ есі шығып, қалың сендей жосылып қашқан қойлар, бұлардың өзін жығып кеткендей. Ілгері жылжытпай, кейін тықсырып барады.

Амалы жоқ, бірақ өлердей күйген Әсия ұзынша шоқпарын қос қолдап ап, қой арасында жұлқынып тұр. Дәл осы кезде мұның айналасындағы қойлар қақ жарылып ағыла берді де, алды ашылып қалды. Босап қалған. Әсияға қарай, ақ қойлардан түсі бөлек, түнде қоңыр түсті көрінген қомағай қас-қыр, азулары ақсиып, тақап қалған екен. Әсия өз бойынан ендігі қайраттың қалай атылғанын өзі де аңғарған жоқ. Қара барқыт қасқыр Әсияның сол жағындағы бір қойға ауызды салып жіберіп, енді жұлқи бергенде, дәл қара тұмсықтан, қой мен қасқырдың құлағының екі арасын мегдеп алып, қайың шокпармен құлаштап тұрып, періп қалды. Тағы

шоқпарын көтеріп, тездетіп тағы ұрмақ еді. Дәл осы кезде Әсияның күтпеген көрінісі болды. Дүңкиген үлкен, долы бөрі тұмсығынан шаншылыпты. Әсияның аяғына қатты құйрығын сарт еткізіп ұрып, тоңқалаң аса жығылды. Әсия жығылып жатқан қасқырды қара тұмсықтан “төбеңнен ұрғыр, жат солай” деп, тағы да табандап тұрып екі-үш рет сарт ұрды. Бірақ айналадағы қой әлі құйын ұйтқытқандай, жосып жүр. Бір жерде дүрегей тазы қаңсылап таланып жатқан сияқты. Даусы қарлығып, өлердей аптыққан Есіргеп бақырып жүр. Жылап зарлаған Балжан да жан ұшырғандай боп, Әсияның қасына жетіп кепті.

– Жаным-ай, сәулем-ай. Еркек сенен садаға кетсін, – деп, Әсия өлтірген қасқырды тұмсығына тепкілеп жүр. Бірақ Әсия енесіне қысқа ғана сөз қатып:

– Тұмсығынан ұрып жықтым, бірақ қайтадан ес жиып кетпесін, мықтап өлтіріп алыңдар. Қойды бөліп ап кетті ғой деймін. Қалғанына ие болыңдар... Мен бөлінген қойдың соңынан кеттім, – дей сала, шұқырдың ылди жағына қарай шоқпарын көлденең ұстап ап, жүгіре жөнелді. Аз уақытта ауыл үсті тынышталғандай боп, қойлардың жүрісі басылды. Олар енді тек бір-бірінен: “Не болды? Не болды?” – десіп, бір ғана сұрақты мың көмеймен қайырғандай. Оқыс соққан құйын дәл шұқырдың үстінде қазір біраз толастаған сияқты.

Есіргеп Қанипамен табысқан жерде, Балжан шүйінші сұрағандай, шаттанып айғайлады:

– Садаға кетейін, Әсия. Әсияны көрдің бе, тегі... қасқырды өлтірді ғой. Өз қолымен ұрып өлтірді ғой. Жүр бері, міне, көр, – деді.

– Айналайын-ай. Азаматым-ай, қайран Әсия-ай, – деп жүрген Есіргеп пен Қанипаны ертіп, өліп жатқан көкбөрінің қасына әкелді. Дәл сол кезде жаңа толастаған құйын дауыл тағы да ышқынып, құм ұшырып, қар боратты. Қиыршық таспен беті-қолды тілгендей ұрып, қайта құтырып соқты.

Есіргеп Қанипа мен Балжанға асыға бұйрық етті.

– Тараңдар, барыңдар қойдың шет-шетіне. Тағы шабады о қу. Сал айғайды, тыным таппа, тегі, – деп, өзі де қойдың бір шетіне шығып алып, айғайын салып жүр. Кейде жүгіре түсіп, қотан айналасын шолып шығып, қойдың азайып қалғанын, шұқырдың бұрынғы шарасынан біраз кеміп қалғанын таныды. Әсиянікі рас, үріккен қойдың біразы жосып, бөлініп кеткен болу керек.

Осы қойдың артынан кетейін десе, Әсияға болысайын десе, мұндағы малдан қорқады. Ауыл үсті әлі қатерде. Қанипадан білуіне қарағанда, қораға шапқан қасқыр біреу емес, бір топ болатын. Солар қайта оралып, тағы да шабуға мүмкін. Бөлінген қой қанша болса да, мынау малдан азғана. Әуелі бұл жақты амандап ап, о жаққа содан соң ұмтылу керек. Және ол қойдың соңынан, қанша қиын бейнет болса да, Әсия кетті. Әсияға қай күнде болса да өзінен асым сенетін Есіргеп осыны да біраз жұбаныш етті. Бөлінген қойды тез тоқтатып, қайта қайырып та алар деген еді. Есіргептің түн баласында Әсиядан соңғы, екінші сенімді сақшысы Таймас болатын, қазір ол да жоқ. Оны да бір медеу көреді.

Осымен шұқыр айналасындағы мал амандығын бағып, Есіргеп көп бөгеліп қалды. Қазір таң да қылаңдап атып келеді екен. Шұқыр үсті әбден тынышталып болды. Енді Есіргеп асығып жүгіріп жүріп, өремен жайылған аттарын іздеп арпалысты. Жақыннан қолына тиген ақ шеке бие болды. Соны ұстай сала, жүгендеп ап, жайдақ қарғып мініп, Әсияны іздеп шаба жөнелді.

Есіргеп іздеп тапқанша, Әсия көрген қиыншылық пен бейнет орасан еді. Ол шұқырдағы қотанды тастап жүгіргенде, біраз кешігіп қалған екен. Тек Таймастың үрген үнімен ғана, бөлініп кеткен қойдың аңғарын білген. Шоқпарын иығына салып алып, ұзақ жүгірген. Дауылды түнде бөрі қуған, безіп үріккен қой шұқырдан ұзап, құм белден асып жосыпты. Дауыл жотаға шыққан қойға қарды борандап, қақтап соғып, ықтырып әкете беріпті. Кем қойса бір жарым шақырымдай жер тынымсыз жүгірген соң барып қана, айғайын үзбеген Әсия қойға жеткен. Мұның айғайы Таймасқа ес болып, Таймастың үргені бұған атой болып, екеуі қой қасында тізе қосты.

Түнгі шабуылдан соң қайта жағалап, қойларды жанасалай шапқан қасқыр біреу екен. Бірақ енді қойға бата алмапты. Түнде шұқырға шапқан қасқырдың саны төртеу еді. Бұлар арлан бөрі бастаған бір ұяның биылғы күшік тобы болатын. Әсияның сәтімен өлтіргені анық арлан долының өзі екен. Бір күшікті Таймас сол түнде бүктеп өлтіріп кетіпті. Қалған біреуін және тақымдап, бөксесін жұлып, жаралап, бездіріп жіберген. Ендігі қалған жалғыз қасқыр бір Таймастың өзінен қасқырлық қастығын асыра алмапты. Әсия жет-

кенде, адам айғайынан және Таймастың көрлі үнінен сескенген күшік бөрі тайқып, жөнеле берді.

Екі өкпесі қабынып, аузына тығылған Әсия қойдың санын барлағанда жетпіс-сексен шамалы екен. Бұл тақай бергенде, Таймас маңырай қашқан қойдың алдын орап, үріп шығып, еріксіз тоқтатты. Әсия да қолындағы шоқпарымен жағалай жасқап, қойларды тоқтатып жүр. Бірақ құм жотасында қарсылай соққан қатты дауыл, бұл қойды ауылға қарай қайта айдауға ырық бермей қойды. Қара төбет пен Әсияның тілсіз ұғысып еткен әрекеті біреу-ақ. Қойларды құм жотасындағы бір болымсыз ойдың ығына жеткізіп, сол арада шырк иіріп, ілгері жылжытпай тұрып алмақ. Қасқыр алғашқы шапқаннан бері толасы болмаған Әсияның қызыл күрең жүзін моншақтап аққан тер басты. Енді ғана бір азғантай тоқтап, ентигін баса бастады. Осы кезде ішіндегі кішкентай жан тағы оң бүйірін қатты соғып қойды.

Тек таң аппақ атқан соң қойдың шұбырындысымен шапқылап асыққан Есіргеп Әсияның қасына келіп жетті. Оның қырағы көзі жол бойында бір қойдың да өлексесі жатпағанын және ақ құм мен алашабыр қар үстінде бір тамшы қан жатпағанын болжап келген. Әсияға жақындап келе, жайдақ атынан секіріп түскен Есіргеп, бұл түнде өр қайратын оттай атқан Әсияға ұмтылып келе берді. Әсияның қазір еткен қайраты бар және Балжаннан осы түнде Молтай туралы естіген хабары бар, бөрі де Есіргеп көңілін қатты өзгерткен екен.

– Қойың аман ғой, Әсия алтыным? – деді. Әсияның көзінен көптен бері шықпаған, жұмарланған бір тамшы жас ыршып кетті.

– Аман, Жәке, Жәкетай, – деп қана, ата алдындағы ұятын мойнына алғандай төмен қарады.

– Қарағым, қарағым, қанатым, серігім, – деді. Ақкөңілді, біртоға мінезді, бурыл сақалды Есіргеп Әсияны құшақтап, маңдайынан сүйді.

Бұл кезде сөз қатуға мұршасы келмей, екі көзін төмен салып тұрған Әсия түн бойы қалың өрт ішінде алысқан, ер қайратты Әсияға тіпті ұқсамайтын еді. Есіргеп өзінің шапанын жұлқып шешіп, ақ шеке биенің тақыр арқасына арта салды. Биені сулығынан тартып, Әсияға әкелді.

– Кел мінгін. Мін де, шапшаң үйге қайтқын. Болды, өлемісің, әкем тегі. Тез үйге барып жан шақыр. Жат, үйге барып, – деп еді.

Әсия қойды көрі атасына жалғыз тастап кетуге көнген жоқ.

– Жоқ, Жәке, түк шаршағам жоқ. Өзіңмен қойды айдап барам. О не дегеніңіз? Атыңа өзің мін. Мінбеймін, – деді.

Есіргеп:

– Жә, қой. Қойғын. Қайтпасаң, тым кұрса мына атқа мініп айдас. Мен жаяу жүремін, – деді де, Әсияны ақ шеке биеге еріксіз көтеріп салды.

Атасы мен келіні сәске уағында боранға қарсы бұл топ қойды жай айдай отырып, ауылға әрең жеткен еді.

Қанипа мен Балжан “бөлініп кеткен қойды қасқыр талқандап қырып бітірді-ау” десіп, Әсия үшін және де жүректері қобалжып, тыным таба алмай отыр екен. Енді Есіргептер қойымен дін аман жеткенде, бұл екеуі қуанып қарсы алысты. Балжан ақ шеке биеге Есіргептің шапаны салынып, Әсия мініп келе жатқанын әсіресе жақсы ырым көрген еді.

Әсия мен Есіргепті де таң атқан соң қойды түгендеген Қанипаның хабары ырза қылды. Қалың топ қасқыр болса да, қарбалас үстінде көп қастық ете алмапты. Мың қойлық отардан өлімші қып жаралағаны тек үш қана қой бопты. Қалған бес қойға тістері тисе де, жеңіл жаралапты. Есіргеп:

– Бұлар өлмейді. Мал аман. Ең шоңын қораға алғаш араласқанда Әсия ұрып жыққан соң, қалғандары қыра алмағанын көрмеймісің. Құдай сақтады, малдарың әмісе осылай аман болсын, қыздарым. Еңбек етсең осылай ет, – деді. Өз көңілін де көтеріп, үй ішінің өзге жандарының да көңілін әбден жайлады.

Осы күні түс кезінде боран басылған соң, изенді төбеге қойын жайып жүрген Қанипаның қасына Бобров жіберген бала жігіт, Әлім жеткен еді. Қанипа бұны білетін. Жасы он алтылар шамасында болғанмен, ол осы КИЖ-дегі босаң, жалқау баланың бірі болатын. Адам табылмаған соң, ер қарасы болса да, барсын деген сияқты.

Әлімнің бір жақсысы көп газет, кітап әкепті. Әсия мен Қанипаға Асан жіберген екен. Қанипа аттан секіріп түсіп, газеттерді Әлімнің қоржынынан өзі шешіп алды. Арада:

– Хат бар ма? Әсияға майданнан келген хат бар ма? – деп сұрап еді. Жоқ екен. Оған қынжылып қалды. Молтайдан әлі хабар жоқ.

Газеттерді сол арада асыға қарап, әр хабарға қомағайлана қадалады. Сөйткенде “Социалистік Қазақстанның” бір бетінен өзіне қызық таныс сурет көрді. Ол “қарт шабан Есіргеп отарының қайраткерлері” деген жазуы бар, өздерінің суреті. Әкесі, шешесі, Қанипа өзі, Әсия боп, бірге түскен суреттері. Аанада Асан түсіріп әкетіп еді. Қанипа қуанып кетті. Өздері елсізде бейнет етіп ұзақ айлар жүргенмен, елі-жұрты қасында екен. Үлкен дүние, қамқор елі бар. Бұларды ол біледі, ойлайды. Тіпті сыйлайды, қадірлей де біледі екен... Кешке қойымен үйіне қайтатын шағына асығып қалды. Осымен қатар Қанипа Әлімнің келісін жақтырмаған да бір жайы бар. Онымен амандасқан жерден:

– Немене, Әсияның орнына келдің бе? Бобров сен бар да, Әсияны қайтар деп жіберді ме? – деп сұраған еді.

Әлім сондай тапсырумен келгенін айтты. Қанипа түсі сұрланыңқырап, қабағын шытынды да:

– Келгенің жақсы, бізге көмегің тиер. Тым құрса қой қоздарда керегің мол болады. Бірақ айтып қояйын, ұғып алғын. Біздің үйге барғанда, “Әсияның орнына келдім, ол қайтады” деген сөзді айтушы болма. Қайта Әсия екіқабат болған соң, қойдың күзетінде соған көмектес деп жіберді, – дегін. Сөз осы, ұқтың ба, – деді.

Иығы салбырап, тұнжыраған босаң бала Әлім, ақ тісін ақситып, ыржиып күлді де, “бопты, айтқаның босын” деп, ауылға қарай жүре берді.

Жыл басынан қатаң боп басталған биылғы қыс ұлан-ұзақ, ауыр қыспақ қысы болды. Суығы бір жағынан, қалың қары екіншіден Алматы, Алатау алабын босатпай қойды. Бұл күнде Алматы маңындағы Іле, Қаскелең, Жамбыл аудандарының малдары және осы аудандардағы үлкен қой совхоздары мен КИЖ шаруасы да қысылшаң күйде. Көптен бері қыс ызғары өкшелеп қуғандықтан, көп мал құмға қарай ауыса бастаған. Қойды тебінге жаятын шаруалар осылай өткен еді.

Бірақ ол отарлардың көбі құмға қыс басынан жетпей, жылдағы күйге сеніп, қарды қалыңдатып алды. Құмға жетер жолдары қарлы болған соң мырза құмның пайдасын молынан көре алмады. Қойлары қалың қарды, аш күйде, шұбыртпамен көшкен соң, құмға жеткенше көп отар тұралап қалған.

Қазірде қыс аяғы тақалса да, талай отар қысылып отыр. Жұт бір колхоздың фермасын етектен алса, бірін жағадан да алды.

Бұл кездер астанаға жақын аудандардың басшылығын да үлкен қарбаласқа салды. Малды жұттан құтқарамыз деген аса асығыс науқанға бәрін де жұмылдырған еді. Астананың өзінде, Алматының облыстық партия комитетінде, атқару комитетінде күндіз-түн мал қамын ойлап, тығыз шараларды қамдап, жиі-жиі өткізіліп жатқан жиылыстар бар. Ісшіл, қысқа мәжілістер Алматыдан аудандарға, құмға қарай көп адамды асықтыра жөнелтіп жатыр. Олар жауапты қызметкерлер, шаруа қайраткерлері, ірі мамандар болатын. Құм ішіне машина – көлік қардан, ұзақ жолсыздан жете алмастай болған соң, дәнді азық топ-топ үлкен самолеттермен, күндіз-түні жөнелтіліп жатқан.

Бұндай қарбалас шараларға келгенде облыс, аудан басшылығына республиканың ең жоғарғы партия, совет орындары өздері де тығыз көмек етуде. Құмдағы мал күйін көз алмай бағуда болатын. Алматының тап ортасындағы Үкімет Үйінде түн бойы еңбек шамы сөнбейді. Жауапты кабинеттерде қазір құмдағы мал жөнінен ақпар берілетін болса, өзге хабардың, қам-қарекеттің бәрінен бұрын кезекті сол алады. Радио хабарлар мен аудандардың телефон сөзі күндіз-түні ең зор түйінді қозғайды.

Сөйтіп, Есіргеп шаруасының мұңы мен жәйі да, март аяғында қой қоздауға тақаған кезде, жаңағыдай қалың жұртшылықтың үлкен қамқорлықпен ойлайтын жәйі болғанды.

Құм ішіне өз отарын өзге шабандардың бәрінен бұрын, ерте апарып жайғастырған Есіргеп, осы өткен айларда малды жұттан арашалау жөнінде өзгеше өнер көрсетті. Қыс бойы үй ішіндегі серіктерімен биылғы бар қиындыққа қасарысып шыдасуға серттесіп алған. Әсіресе январь ішінде, алай-түлей боран ішінде, отарына шапқан қасқырдан малын амандап қалған соң, үй ішімен берік бір байлау жасаған. Онысы – қыстың ортасында қиналудан, күйсіздіктен қорғанбай, жиі көшіп отыру турасында болатын. Шұқырдан соң шұқырды жиі ауыстырып отырмақ.

Алғаш құмға келгенде бұл отар ел-жұрттан жалғыз жырылып кеткен, оқшау отар еді. Қыс қатая бастағанда, қиналып сасқан колхоздар мен совхоздардың бірталай шабандары “Есіргеп ақыл тапты” десті. Олар да Сарысу құмының Есіргеп отарына көршілес көп шұқырларына келді. Құмға Есіргепті өкшелей кеп кірген КИЖ шабандары:

Жүзбай, Қыстаубек, Қожаш сияқтылар болатын. Есіргеп болса, Қанипа, Әсияларға жиі көшу жөнінен ақыл салғанда:

– Біздің баққанымыз құмды алғаш көріп отырған бөлек тұқым. Осының қамын ойлап, “әлдеқандай болды” деп, қорыққаннан елден аулақтап, қыс басында-ақ құмға кеп тығылып ем. Енді көрші боп келген отарлар құмның сирек отын таласа жеп, біздің қойдың өрісін тарылтатын боп отыр. Бұрын келген біз босақ, әзір қойымыз күйлі. Көші-қоннан, құм ішіне алыстап кетуден қорықпайды. Сендерден өтінішім босын. Дәл осы көпір қыс өткенше әлсіремей, жұрт іздемей-ақ шыдай тұрайық. Келіндер, айына екі-үш көшіп, қойдың өрісін үнемі сонылап отырайық. Сол еңбегіне осы қойларың татиды. Еңбегінді артындағы ел-жұртың ақтайды.

Мен жер шалудан, соныдан соны табудан қол үзбейін. Сендер тек “ал көш” дегенде көш те отыр, – дегенді.

Осыдан соңғы қыстың екі жарым айында, апрельдің бас кезіне шейін ақ қойлар отары Сартауқұмның бар-сонысын асықпай шүйгіп жүріп, баптап жеді. Сонада Бобров әкеп берген екі аттың қайраты да көп еді. Күн суытып, құм қары қалындай берсе, не торы төбел, не қызыл атқа мініп алып, бір күн, екі күндік азығын қоржынына салып ап, қайратты қарт Есіргеп жапа-жалғыз, тынбай жортып, құм кезеді. Қардың жұқа жеріне, изен, еркек қалың тұрған жерге көшіреді. Қыс көрінен қысылмады. Қойларын сәл де болса жүдетпеді.

Қой күйлі болғандықтан, бұның жас серіктері де қабақ шытпай, қынжылып жүдемей, құлшына қайрат етті. Жер шалудан, үй көшіруден бос болған күнінде Есіргеп ертеден қара кешке атынан түспейді. Қанипа қасында боп, қойдың жәйлісін бағады. Әр топ қойдың шөп жесін, жүрісін, төзімділігін сынайды. Көп аңысын аңдайды.

Бұл айларда құм қасқыры біліне беретін болған соң және Әсияның аяғы ауырлай бастаған соң, түн күзетін Есіргеп жалғыз Әсияға міндет қылмайды. Қасына Бобров жіберген бала жігіт Әлімді қосқан. Күзет мықты, сенімді болсын деп, түнгі жүріске жылпос, ақ шеке биені Әлімге мінгізіп қойды. Соған тыным алдырмай, түн бойы ауыл айналасын атпен күзеттірген.

Әсия бұл кездерде мол ішікке оранып, жылы киініп отырады. Күнде Балжан өзі баптап салып беретін текемет, бөстек үстіне жайланып отырып, әнменен, сақтық күзет

айғайымен уақыт өткізеді. Ол түн күзетінің басқарушысы болып, қыстың ұзақ таңында бір мызғымайды. Әлімді де тыным алдырмай, қотан айналдырып, жүргізіп қояды. Бұл отарға, осындай сақайған күзет соңынан құм қасқыры қайта беттеп, соқтыға алмайтын болады. Олардың тобы болсын, жекесі болсын, құм шетінде кейіндеп қалған көп отар жағына ауысты.

Март аяқтап келе жатыр, енді аз күнде қой қоздайтын шағы жақын. Ұзаққа созылған қыс керенаулау шеңгелінен құмдағы малдарды әрең-әрең босатып, енді-енді ғана шегініп барады. Құм қары тез еріп, шегінумен қатар, Есіргеп отары сол қарды өкшелеп келеді. Қойды күндегі өрісімен баптап жая отырып, апрельдің басына тақағанда, он күн ішінде алты-жеті көшіп, жылдағы қой қоздата-тын жері – Қанбұлақ, Жылыбұлақ тұсына жетті. Осы арада келіп қона сала, бұрынғы жылдарда, жақсы жылдарда, жас қозыларды паналататын жер үйшікті шапшаң қазуға, түзеуге, тазалауға кірісті.

Мөлшерлі күн, өлшеулі ай жеткенде, Жылыбұлақта отырған ақ қойлар отарының үстіндегі кең аспан мөлдіреп көгере бастады. Жарқырап, жадыраған жылы түн келді. Дәл осы күндерде, жайылысқа мамырлап, ақырын жылжып барып жүрген ақ қойлардың ене құрсақтары жиби түсті. Биылғы жылдың тұңғыш төлдері дүние жүзіне шыға бастады.

Қозы күндіз де, түнде де қауырт туды. Алғашқы үш күннің өзінде жүзге жуық қозы туып еді. Есіргептер әзірлеген үш үйшіктің қасына құрғақ көң себілген болатын. Сол үйшіктердің қазір екеуі толып қалды. Қойдың жиі қоздауынан Қанипа мен Әсия қатты күдіктенеді. “Қалған үйшік біреу-ақ. Қозы сыймайды, ендігісін қайтеміз? Күн жылына бастағанмен, түн әлі ызғарлы, суық. Үйшікке сыймаған жас қозы қатып қалады-ау” деп, қайғыра бастаған еді. Қыста құм кезіп, суық сорып шыққан қойлардың қозысы әлсіз боп, сүті де аз боп туады. Оның үстіне үйшіксіз болса, төлді аман алып қалудан ақсаймыз-ау деп қорқып еді. Қойдың осындай қауырт қоздауы басталып, төртінші күн өткенде Бобров пен Асан тағы жетті.

Көптен көріспеген достарына Бобров дәл бір ұзақ жолға кеткен осы үйдің қымбат, ыстық жақынындай келді. Ол Есіргеп, Балжанмен қол сілкісіп амандасты. Жас әйелдерге амандасарда:

– Амансыздар ма, менің “папаниншыларым”, қосшыларым, – деп күлді.

Оның ойына Арктикада, елсіз тауда, шет теңізде кейде Отанының ұлы тапсырмасын орындап қыстайтын, үшеу-төртеу ғана боп, оқшау өмір, ерлік өмір кешіретін совет қайраткерлері түсіп еді.

Әсияның қыстыгүні қасқырды өлтірген қайратын құттықтап, арқаға қағып, құшақтап амандасты. Үй сыртында атынан түсе сала, ала қоржынды толтырып әкелген сыйларын Қанипа қолына сол арада табыс етіп жатыр. Балжанға деп көп шай әкепті. Жастарына конфет, тәттілерін, шәлі, көйлектерін берді. Күліп қуанысқан жас әйелдерден алғысын алып жатыр. Асанның да жүгі бар екен. Оның көбі газет, журналдар, жастарға арналған кітаптар. Және шаруалық бір аспабы да бар. Ол қозылардың салмағын өлшейтін кір. Осы көктемде биылғы қозыларға айрықша ғылымдық, зерттегіштік баға беріледі. Сонда кір оқымысты адамдардың аса қажет аспабы болады. Бобров Есіргептің қойының дін аман боп, биылғы қатты қысты, ауыр жұтты елемей шыққанын түгел білді. Бұндағы жас әйелдердің қозылар турасындағы, үйшік жетпеу турасындағы қауіп, күдігіне де қанды. Келе сала бүгін туған қозылар мен үш-төрт күн бұрын ең алғаш туған қозылардың салмағын салыстырып, көп өлшеді. Көп жазып отырып, ақыры түске жақын өзін де, Әсия, Қанипаны да анық жұбататын қорытындыға келді. Бобровтың Асанмен ақылдасып отырып түйген ойын қазір Қанипаға Асан айтып берді.

– Үйшік аз деп саспандар. Ақ қой қазақ қойынан уызды болады. Биыл мынау жұт жылдың өзінде онысы аса қымбат сыпаты болып отыр. Үйшікте үш күн тұрған қозылар көп салмақ қосыпты. Енелері бұларды құс төсекте, жылы жайда тірлік етесің деп тапқан жоқ. Үйшікте үш күн тұру жетеді. Енелері шыдағанда, бұлар да көнеді. Үйрене берсін, бұ да тәжірибе. Ақ қойдың нәсілі туралы, тұқымдық сыпаты туралы биыл жасайтын біздің байлаулы қорытындымызға бұл үлкен қосымша болады. Туғанына үш күн болған қозыларды бүгін-ақ үйшіктен шығарып, орнын ендігі жастарына босата беріңдер, – деп, бұйрық, нұсқау берді.

Осыдан кейін шаруа қамқорларының көңілі жайланып, қыстың қысылшаңы күпті көңілдерін жадырата бастады. Бұрын туған қозылар үйшіктен маңырай шығып, кешкі

жайылыстан қайтқан енелерінің бауырына кірді. Алғашқы суық түндердің өзінде-ақ сол енелерінің ығына, бауырына, жүндес бүйіріне тығылып жатып, күйзелмей өткерді.

Бобровтар осы келгеннен, мың қойлы отар түгел қоздап болғанша қайтқан жоқ. Апрельдің орта кезінде тең жарыдан артық қой қоздап болған еді. Ақ қойлардың жұтқа мықты, жайылысқа мығым, құмнан қорықпас, асыл жүнді көп жақсы сипатынан басқа, тағы бір белгісі байқалды.

Қазақ қойының өсімінен бұның төл саны да қара үзіп, озық боп шықты. Бобров КИЖ қойының әр тұқымды баққан отарында боп, биылғы төлді орта есеппен бес жүз қойдан шамалап, есептеп келген еді. Мына отарда ақ қой туралы сол есебін қорытқанда, жүз саулыққа жүз отыз қозы туғанын білдірді. Дәл осы жылда қазақ қойы жүз саулыққа тоқсан сегіз қозы берген екен.

Енді жыл аяғы бұл отар үшін игілікке айналды. Күн мейлінше жылынумен қатар, Жылыбұлақ атырабындағы бозғыл, тақыр төбелерге аласа жусан мен тықыр өскен шағыр, шытыр пайда бола бастады. Күн нұрланып қуанта туады. Қызара балқып, жылы самал кешке айналып, сүйсіндіре бастады. Маңғыстап мамыр баяу көктем келді. Ересек тартып қалған ақ қозылар көктем шаттығын сүтке тойған бойынан ең алғаш білдіре бастады. Топырлап жүгірісіп, қалқан құлақтары сербендеп, секіріп ортқып, ойнай береді. Балжанның қазаны толып, уыз пісіріледі. Тегене, шарасы толып, қаймағы қалың, қою тәтті айран-қатығы молайды.

Жылыбұлақтың қар суымен молайған ағысы алысқа жарқырайды. Кең сайды қуалап, өлке бойына қақ тұрғызды. Көктем көркін айнадай мөлдір бетіне түсіреді. Осы суға ертелі-кеш тобымен ұшқан жыл құсы кеп қонады. Қиқулап, шулап, жаңа көктемді, ақ қанаттарын сабалап ұшып, қошемет етеді. Қаз қаңқылдап, шағала, қызғыш шырылдай созып, үн қатады. Биік көк аспанда әсем көктем ертесіндей боп, шығыс ертегілерінің ақ пері қыздарындай боп, ұзын қатарымен сұңқ-сұңқ үн толқынын салып, аққулар шырқап, өтіп жатады.

Дәл осы апрель ортасында, ең соңғы күндерге шейін түнгі күзетпен, жас қозылар қамынан өзінің ойын білмеген қайратты, төзімді жас әйел Әсия өз өмірінде ең алғаш рет ана болды. Жарым күндей толғатып, түс ауа өзінің алғашқы перзентін тапты. Бірнеше ай бойында, жас ана-

сының құрсағында оң бүйірін түртіп жүрген перзент, ұл боп туды.

Бұл отарда бөгде, бөтен әйел жоқ. Сондықтан кіндік шеше боп Қанипа өзі қам етті. Бүгін күнұзын ат үстінен түспеске бекініп кеткен Есіргеп кешке шейін оралған жоқ еді. Бобров болса, “Әсия халінде әлдеқандай қиыншылық болса, дәрі-дәрмекпен көмегім, себім тиер” деп, ауылда қалған. Әсияның аман босанғандығына Балжан мен Қанипа қатты қуанышты еді. Бобров үй іші әбден жайланып болған соң, әйелдердің ортасына келді. Қызара күліп, әлденеден ұяла түсіп:

– Жақсы болды. Қандай жақсы болды. Бұл бақытты бала болады. Жақсы көріндер. Балжан, Қанипа, сендер Әсиядан да жақсы көріндер, – деді.

Осы жолға келісінде Бобров пен Асан Қызыл Армияның жауыз дұспанды жапыра қуып, қан жоса қып бара жатқанын айтқан. Жауды Берлинге апарып тыққанын және аз күнде Берлин құлайтынын, дұшпанның табан астына түгел түсетінін қуанышты хабар етіп айтып бергенді.

– Жау жеңілді, соғыстан азамат қайтады. Ел қуаныш, жеңіс тойын биыл жаз бойы тойлайды, – деген сөздерді Асан мен Бобров кешкі шай мен ас үстінде көп әңгімелейтін. Есіргеп, Қанипалар соғыстың біту жәйін, азаматтың қайту үмігін Бобровтан сұрай түсіп: “Айтқаның кесін, дегенің босын, тілеуің берсін”, – десетін.

Әсияның босануы осындай бір көп жұбаныш, көп үміттің тоғысқан шағына тап келді. Күліп келген көктемнің мейірлі, шаңқай түсіне дәл келді.

Есіргеп далада, қой ішінде жүрген кезде:

– Шал, қуан. Әсия саған жақсы ұл тапты, – деп, шүйіншіні Бобров өзі сұрады.

Есіргеп үн қатқан жоқ. Тек Бобровтың достығына сүйсінді де, үндемей ғана қолын қысып тұрып, арқасынан қақты.

Көпке шейін екеуі ешбір жайдан сөйлей алмады. Бұлар қойды жайып жүріп, кеш болғанда ғана ауылға қайтысты.

Бұл уақытта Асан мен Қанипа үйге текемет, сырмақтар жайып, өздерінше, жақсы бір көңілді кеш өткізбектей еді. Шілдехана, қалжа күні сияқты. Бобров күнұзын Есіргеп қасында жүргенде, бала туралы көп айтты. Жарытымды жауап ала алмаса да, Есіргепті бірталай жуасытып, мо-

йындатып келген-ді. Осы түнде Есіргеп, өзінің үй ішіне кірген өзгеріс туралы, ас алдында бір-ақ қана сөз қатты.

– Ер-азамат жауды жеңген қарсыда туған екен. Бұның атын “Жеңісбек” қоям, “Жеңісбек” болсын, – деді. – Әлде-қандай бір тілекті, аталық батаны күбірлеп қана айтты да, Балжан, Қанипаларды жылы шыраймен жұбата түсіп, бетін сипады.

VI

Арада жыл жарымдай мезгіл өтті. Бұл мезгіл, ақ қойларды Қазақстан халық шаруашылығы мен бүкіл Одақтық халық шаруасын басқаратын зор орындардың түгел танып біліп, бағалап, қабыл етуінің мезгілі болды. Ақ қойлармен қатар, солар нәсілінің дүниеге жаңа бір тұқым боп келуіне себепші болған әрі ғалым, әрі шабан, зерделі профессор Бобровтың да ірі еңбегін танудың, бағалаудың жылы болды. Профессор Бобров өзін бағалаған жұртшылықтың төменінен жоғарысына шейін, өзімен қатар еңбек еткен, бір топ жас оқымысты мамандарды бірге танытты. Және әсіресе өзі жүріп, Алматыдағы басшылық орындарға өз аузымен ерекше алғыстар, мақтаулар алып, Есіргеп үй ішінің еңбегін де танытып, бағалатты.

Жаңа тұқым туғызу оңай жұмыс емес-ті. Ол он төрт жылдай осы Қарғалы бойында, осы КИЖ шаруашылығының соңында, қысы-жазы қол үзбей тәжірибе жасаудың қорытындысы болып шыққан.

Бұл тұқымды шын, жаңа, асыл нәсіл деп танып, бағалап алу да оңай болған жоқ. Қадағалап, сынаудың талай сатысынан өткен.

Әуелгі саты – Қазақстанның мал шаруасын ғылым жолымен зерттейтін институт – КИЖ болған. Соның оқымыстылар кеңесі, Ауыл шаруашылығы академиясының қазақстандық филиалы – ВАСХНИЛ кеңесінде ақ қойлар дерегін ұсынған. Ауыл шаруашылығы ғылымының Қазақстандағы ең жоғары, ең білімдар, абыройлы орны осы еді. Бұның басында отырған қазақтан шыққан, биология ғылымының докторы Әмір болатын. Ол өзі де, дамылсыз тәжірибе ғылымы болғандықтан, Есіргеп пен Әсиядан басталған құмдағы ауыр еңбек жемісін әр кезде қадағалап сұрап, жақсы біліп жүруші еді. Бобров ісінің де ең зор, ең ынта-

лы тілеулесі, дос көмекшісі осы болатын. Ақ қойлар жәйі бұның қолына келісімен, үлкен істің кең бағасы берілу жолы енді басталды.

Бобров пен ақ қойлар жаңалығы Қазақстанның Жер Комиссариатында, Халық Комиссарлар Советінде, Одақтық Жер Комиссариатында, Москвадағы мал шаруасын зерттейтін атақты ғалымдар арасында, институттар мен академияда бірер айдың ішінде түгел мәлім болды. Ақ қойлардың туысын Әмір Одақ бойына үлкен сенімді қуанышпен мәлім етті.

Осындай үлкен дабыл, ғылым дабылын берген мәлімдемелер соңынан, Москвадан айрықша ірі мамандар комиссиясы шықты. Қазақстан шаруа орындарымен біріккен комиссиялар Ұзын Қарғалы бойына тартты. Есіргептің отарындағы ақ қойларға талай рет келіп зерттегіш, танығыш, білгіш көздермен бар сапасын анықтады. Шын жаңа тұқым, асыл тұқым деп танып қайтты.

Ақ қойлар да жаңа бір ат алды. Енді ол қойлар дүние жүзінің қой жөніндегі ғылымның тілінде “Қазақтың жібек жүн қойы” деп аталатын болды. Сол жібек жүн қойдың жәйі осы жаңа бесжылдықтың алғашқы жылында шықты. Республикалық, Одақтық баспа жүзінде сан рет жазылып, ол жұртшылыққа түгел танылды. Қазақтың жібек жүн қойын білмеген қазақ оқушылары да жоқ еді.

Осындайлық бірі артынан бірі келген игіліктердің, қуаныштардың арты Қарғалы суының бойында, күздің ашық, жылы, жәйлі бір күнінде мамандар мен шабандардың қызықты қызу тойына әкелді.

Қарғалыдағы Есіргептер тойына қуаныш білдіре келген қонақ көп. КИЖ-дің өз қауымынан басқа, көршілес аудан Жамбылдан, Қаскелеңнен келгендер бар. Астананың өзінен де сан машина көп алуан оқығандар жұртшылығын әкелді. Ұзын Қарғалының кең көгал сызатына, ойдым-ойдым көгалдарына қонып, бие байлап, түйе сауған, қалың қойларын семірте жайған көп отарлар болатын. Сол отарлардан Жүзбай, Қожаш, Керей, Есбайлар бүгін Есіргеп үйінің жанына өздерінің үйлерін де көшіріп әкепті. Ыдыс-аяғын, көрпе-жастық, кілем-сырмағын, асжаулық орамалдарына шейін, бар бұйымдарын көмекке әкеліпті. Аттылы, арбалы, түйелі қонақтар Қарғалының жоғары-төменгі бойларының екі жағысынан Есіргеп отарына ағылып келе бастады.

Қатарлап тігілген кішілеу қоңыр үйлер бүгін келіп жатқан қалың қонаққа үнемі үзбестен ас беріп, сыйлаумен болды. Қазір Әсия, Қанипа, Балжандарға қосылған Ұлбике, Бағила, Әнипа сияқты көп кәрі-жас әйелдер самауырлар қайнатады. Жер ошақ басындағы қазандардан табақ-табақ ас тасумен тыным алмайды. Бірақ қонақшыл үйлердің жұртты күтуінде бір ретсіздік жоқ.

Ақырын күлісіп қана қарбалассыз, кейіссіз қимыл еткен әйелдер арасында, қонақ күтуді өзі басқарып, Есіргеп жүр. Оның қасында Асан, Әлім сияқты, Қожаш, Жүзбай сияқты кәрі-жас серіктері де шаң-шұң шығармайды. Неше жүздеген адамдарды бірнеше ғана момын, қоңыр үйлерден тойдырады. Қымыз бен өзге ішкілікке қандырып, қызара бөрттіріп, шығарып жатыр.

Әр үйде әр алуан көңілді жиындар бар. Бір үйде әнші, ақын әйелдер мен жігіттердің айтысы жүріп жатыр. Тағы бір үйде, орталық кең үйде, қаладан келген қонақтар арасында атақты халық әншісі үнді, шешен домбырасын бебеу қақтырады. Мың бұралған, күміс толқынды, сырлы, күйлі әндерін шырқайды. Дәл түс кезінде қонақтар ас ішіп, жайланып болған соң, барлық жиынды сыртқа, кең көгалға шақырған үндер келді.

Дөңгелене отырған жиынның артында түрегеп тұрған ел де көп. Олардың сыртында, аттарына мініп ап, енді ат үсті ойынды күткен жас әйел, жас еркектер топтары тұр. Жүйріктерін зорға тыныштық алдырып, дөңгелек айналып, адуаны бөлек бір жиын жасап, жағалай қоршап тұр. Оқымыстылар мен шабандардың қуаныш тойына өзі басшылық еткен және Есіргептің барлық үй ішінің қатты тату, достық тапқаны Әмір еді. Ол Қазақстандағы ауыл шарушылығы ғылымдарының ең жоғары орны ВАСХНИЛ атынан мәжілісті ашты. Аз сөзбенен қойлардың халық шаруасына беретін зор сапасын айтып еді.

Бобров пен Есіргептер еңбегінен туып, молайған асыл нәсіл биылғы жылы Қазақстанның қақ жарымына тұқым шашуға таратылып жіберілгенін баян етті. Кавказдан, Еділ бойынан, Дон жағасынан, алыс Украинадан осы тұқымды қойлардың сол жаққа барып, ұрық таратуын тілеп жатқан атақты, ірі-ірі совхоздардың талаптарын айтты. Қазақстан сахарасында Сталиндік жаңа бесжылдық жоспары бойынша жанданатын, қазір иен жатқан Бетпақ шөлі, Мойынқұм,

Қарақұм, Қызылқұмдар бар. Құт жайлаулары, салқын, самал белдері миллиондаған қой түлігін тосып тұрған Ала-тау, Алтай, Тарбағатай, Ұлытаулар сияқты, ұлан-ұзақ өрістер бар. Әмір осының көбіне жібек жүнді, еті мол, төзімге берік ақ қойлар тарап орбитінін айтты. Ұзын бойлы, келбетті, сұлу жүзді Әмірдің әр сөзінде Бобров пен Есіргептердің ұзақ жылдар бойындағы қысқы, жазғы қажы-мас қажыр, саналы азаматтық еңбегіне арналған алғыс, шын достық білініп еді.

Осы мәжілісте Ұлы Одақ қаулысымен аталған сыйларды Қазақстан Жоғары Советінің атынан тапсыра келген жауапты хатшы сөз сөйледі. Аққұба жүзі бар, салмақты, сабырлы сөзі бар жоғарғы үкімет уәкілі – Бобровтан бастап Есіргеп, Әсия, Қанипа, Балжандарға шейін арнаулы сыйларды беріп, ордендерін кеуделеріне тағып, барлық еңбек ерлеріне Отан алғысын айтып тұрды. Көңілді, қысқа, салтанатты жиылысты колхозшы ақын ескек жырмен құттықтады. Есіргептерді Қазақстанның көркемөнері де құрметтеді. Өнер тілімен құттықтауға келген дөңгелек, қызыл жүзді, толық денелі сыршыл әнші “Қанатталды”, “Көғаршынды” қалқытты. Шабандар ортасының қуаныш мерекесін бұлбұл сазға бөлегендей боп еді. Үні мен әсем ырғақ әніне бар Қазақстан қанық болған әншіні Ұзын Қарғалы бойындағы колхозшы, шабандар да өз орталарының адамындай біледі екен.

Ат үстінде тұрған көңілді жастар даурыға тілек етіп, әншіге оның атақты “Құлагерін” де айтқызды. Кең өлкеде қоралап қой, үйірлеп жылқы өсірген колхоз елі атақты “Құлагер” сапасындай шабыс өнер тілеп, ат үсті ойынға шықты.

Аттары мен жігіттері сай КИЖ қонаққа келген аудандардың колхозшыларымен бәсеке жарысқа түсті. Күш сынауы қызуында күні бойы сән-сауығын өткізді.

Бобров пен Есіргеп ат үсті қызудан да, көпшілік сауық-сайранынан да қалысқан жоқ. “Додаға” түскен неше жүз атты ойыншылар біріне-бірі серкені бермей, қалың қырқыс, тартысқа түсті. Бобровтың оқымысты жас көмекшілері де көкпарда жүр.

Тегінде, Бобров маңындағы қазақ мамандары сияқты, орыс жастарының бәрі де Бобровтың өзінен үлгі алатын. Шабандар тұрмысына шын бейілімен, өт-бауырымен араласып кеткен болатын. Олар да Бобровша Балжанның қою

шайын сүйеді. Қой қатығына, жазғы қымызына қазақтан бетер құнығып алған. Жатыс, тұрыста, ат үсті шабыс, жүрісте шабандар не істесе, неге шыдап, нені қызық сауық етсе, соны олар да өздерінің аса құмар машығы етіп алған. Бұлардың қазақ тіліне де жүйрік боп алғандары бар. Солардың ішінен қазір додаға бар жанын салып, зор қызумен түсіп жүрген Оксенов Федя, Бойко Семен болатын.

Бобров пен Есіргеп дода үстінде қырқысып жатқан аттылар тобынан биігірек бір төбеге шығып, қызулы жастардың үндерін тыңдайды. КИЖ жігіттері қалың қырқысу үстінде ылғи бірін-бірі айғайлап атап, үн қосады. Сонда кеп шабандар серке тартуға сенімді Бойконы шақырады. “Симон, Симон!” деп бір үн салса, тағы бір кезде Федяны “Петке, Петке!” деп шақырып қояды.

Басындағы қалпағы қайда қалғаны мәлім емес, сұйық, сарғыш шашының түбіне шейін беті-басы қып-қызыл боп қайратқа басып алған Семен, доданың нақ ортасында сұр серкені тақымына басып ап, жүздеген аттардың арасында жиі-жиі көрінеді. Бұны КИЖ шабандары айғайлап шақырса, Семен үнемі айғайлап үн салады. Өзіне сенімді серік болған Қожаш, Қыстаубек, Жайлаубектерді қайта-қайта шақырады. Бір кезек Қожаш қолына серкені берді. Адай айғырға мінген Қожаш топтан сытыла қамшылай жөнелгенде, артынан ілесе шапқан Семен мен Федя “Қожаш, Қожаш!” – деп айғайлады.

Ойын қызу арасынан бір уақыт ауылға оралған Есіргептің алдынан Жеңісбек жылап шықты. Қызғылт жүзді, мөлдіреген мойыл көзді, кішкентай қара кекілі бар Жеңісбек атасының алдынан әлдекімді шағып, қатты жылап келеді екен. Бүгінгі күні бойы көңілді күйінен Есіргептің ең алғаш күйініп өзгергені осы шақ болды. Күн баласындай, көркем, нұрлы Жеңісбек қазір бұған жетімсіреп жылағандай көрінді. Кішкентай баласына жаны қатты ашыды. Ат үстінен еңкейіп кеп, алдына көтеріп алды.

– Әкем, кім тиді, кім жылатып кетті, менің кішкентайымды. Жарығым, жалғызымды, – деп, бауырына қатты қысты. Жеңісбектің тақырлау төбесінен, құлағынан сан рет жабыса сүйді, иіскелей түсіп, еміреніп сүйеді.

Омырауында жаңа ордендері жарқыраған, қонақтарын түгел сыйлап болған Әсия мен Қанипа “Асыл жар” өнін салады. Барқыт кемзалдарын киіп, бастарына қызыл жібек

орамалдарын тартқан көңілді әйелдер шеткі үйдің жанында тұр. Жеңісбек үшін құрақ ұшып, жаны қалмай аймалап келе жатқан Есіргепке қарап, сүйсіне күлісті.

Есті қарт Есіргеп, былтырғы жылы жас нәрестенің атын өзі қойғанда, соғыстағы жеңісті бір мерзім етсе, өзінің қыңырлығын жеңген жаңа туысқа және мойындап “Жеңісбек” қойған екен...

Пьеса





АСЫЛ НӘСІЛДЕР

**Төрт актылы,
жеті суретті пьеса**



Адамдары

Дәуренов Иса – министр, 42 жаста.

Есенов Сәлім – ғылым орталығының басшысы, 40 жаста.

Назарбеков Бек – мал шаруашылық институтының директоры,
35 жаста.

Балашов Василий Иванович – профессор, 50 жаста.

Бектенов Сапар – ғылым кандидаты, жас ғалым.

Есіркеп – үлкен шабан, 60-та.

Әсия – келіні.

Қанипа – қызы.

Балжан – әйелі.

Сейітова Сара – жас маман, Балашовтың аспиранты.

Першин – министрліктің мал маманы.

Молтай – шабан, 28-де.

Бекбол – қарт шабан, Есіркеп тұрғылас.

Ұлбала } шабандар.
Дәмелі }

БІРІНШІ АКТ

Бірінші сурет

Министр кабинеті. Жиылыста Есенов, Назарбеков, Балашов, Бектенов, Сейітова және шабандар: Есіркеп, Әсия, Бекбол, Молтай бар.

Д ә у р е н о в. Одақтық Министрлер Советі Қазақстанның мал шаруасы туралы неше рет арнаулы қаулы алды. Отан соғысы мынау. Сын жылдарда, сын күндерде, құрғана “еңбек етіп жүрмін, қарап жүргем жоқ” деген сөз қанағат емес. Ол аз. Өнер сөзін күтеді жұрт та, жұмыс та. Өнімді ойы бар, бүгін мен ертеңгі үлкен өрісті түгел қамтып ойлайтын табысты ойларыңды естімекпін. Мәжіліс міндеті осы. Сондай кеңеске әзірсіздер ме?

Е с е н о в. Жолдас министр, біз жиын ойларымызды да және таластарымызды да түгел әкеліп отырмыз.

Б е к т е н о в. Таласымыз көп екені рас. Өзіңіз қоятын талапқа қарай айтсақ деген ойларымыз аз емес.

Д ә у р е н о в. Осы жиынның алдында қойылатын талаптың өзін айтайын. Ғылым сіздерде. Халықтың ғасырлық тәжірибесі сіздерде, тәжірибе базасы сіздің институтта. Қолдарыңда он мыңнан аса қой бар, он жылдан аса тәжірибе жасап келесіздер. Жасыратыны жоқ. Мал өнімі нашар. Қыс сайын жұт бар. Жыл айнала өлім бар. Украина – Аскания-Нова қойын тудырды, Кавказда жаңа тұқым рамбулье шықты. Сібір мериносы мынау қасымыздағы Рубцовкада туып отыр. Биология, генетиканың, жалпы селекцияның Қазақстанда мал жөнінде жаңа жеміс берері бар ма, жоқ па? Қазақстанның бұрынғы мәдениетсіз өскен шаруасы пайдаланған Алатау, Алтай, Сарыарқа, Сыр, Жайық, Есіл, Ертіс кең-байтақ өлкелерінің ішінде мал мекендемеген жер бар ма еді? Ол түгіл, мынау Бетпақ, Қызылқұм, Мырзашөл, Мойынқұм, Бозой, Сартауқұм, Қарақұмдардың жылына бір мезгіл болса да мал тұяғы баспаған топырағы, малдың азуы шалмаған қылтанағы бар ма еді. Сол өлкелердің әрқайсысына сәйкес жаңа асыл қой тұқымдарын берсек көп пе еді? Біз бірде-бір жаңа тұқым бермей отырмыз. Бекер ме? Міне, енді бір де болса жаңа

тұқым ұсынасыздар ма? Жоқ па? Ойларыңда не жүр? Қолдарыңда не табыс бар? Қандай таласың, қандай күдігің, қандай сының бар? Соның бәрін ортаға салыңдар.

Е с е н о в. Мынау Қазақстанның мал шаруасы жөніндегі картасы. *(Картаны ілгізіп, жанында тұрып сөйлейді.)* Осы карта бойынша 175 миллион гектар жайылыспен пайдаланатын жер бар. Жаңа жолдас министрдің атаған жерлері. Осы өлкеде малды қысы-жазы жайып бақсақ, 120 миллион қой өсіруге болады. Егер осы жердің пішендігін шауып, малды қолдан асыраймыз десек, жиыны 50-55 миллион ғана қой өсірер едік. Осы 175 миллион гектар жерде қандай пішендік, қай жерде бұлақ, бастау, қай жерде құдық, бос су бар, қай тұсы жайлау, қайсысы қыстау, қаншалық мал сыйғыза алады. Және жүйе жүзінде, жаңа жолдас Дәуренов айтқандай, бағытпен ізденсек, қандай тұқым малды өсіруге мүмкіншілік бар, бұның бәрін біз зерттедік, білдік. Ендігі сөз мал мамандарында. Тек жолдас министрге айтар бір дауым бар. Бізде көбінше ғылым бір бөлек, тәжірибе бір бөлек келеді. Сол айып алдымен мал шаруасын ұйымдастыратын аппарат осы өзіңіздің системаңызда, сіздің аппаратта.

П е р ш и н. Айып жалқаулық, надандықта. Малды өзі туып, өзі өссін дейді, шөп-қор жасамайды. Шаруалар асыл тұқым алғысы келеді, күткісі келмейді. Асыл нәсіл еңбекпен туып, мешеуліктен жойылады. Айып басқаруда емес, мәдениетсіздікте, мешеулікте. Сол мешеулік осы мал шаруа институты, оның тәжірибе базасы өздеріңізде жоқ па? Сіздер мал өлтірмей отырсыз ба? Сіздерге де мешеулікті егіп отырған біздің аппарат па?

Е с е н о в. Мәселені жолдас министр кең қойып отыр. Әңгіме сан миллион қойың жөнінде, жолдас Першин. Мешеулікті айттыңыз, жақсы айттыңыз, бірақ сол мешеуліктің тірі пішіні дәл осы отырған сіз. Сіз бар жерге талғаусыз, ойсыз жаңа тұқымдарды жаппай араластыруға салғансыз да, былықтырып қойғансыз.

П е р ш и н. Не дәлелмен айтасыз бұл сөзді, әлде сіздерді сынауға, сіздермен дауласуға да болмайды деп білесіз бе?

Е с е н о в. Сөзім дәлелсіз болса, дауласыңыз. Сырдағы қой Ертісте өсе алмайды. Алатау өлкесіне үйлескен қой

Көкшетау, Қостанайда өсе алмайды. Сіздің өзіңізге бақтырып өсіру керек еді. Колхоз-совхоздың шабанын кінәламай, сонда өз басыңызды өзіңіз ұрар едіңіз. Уәде бойынша еркін сөйлесейік, шын сөйлесейік. Сол үшін ең алдымен өзін ақтап, өзгені сынап, кінә мен қылмысты төменгінің бәріне үлестіріп беріп, өзі тоғышарлықпен малтығып отыратын мінез соққы көрсін. Қазір бар күдігі мен дауларын ортаға салғандарын көріңіз мына жұрттың. Сөйлеңіздер, өнімді сөзге кірісіңіздер, жолдастар!..

Б е к т е н о в. Жолдас министр! Сіз атаған талап халық шаруасы үшін де, ғылым үшін де ең орынды және ең нақтылы талап. Жаңа тұқым шығарар мезгіл жетті... Соны шығарар үміттерің, сенімдерің бар ма, жоқ па, дедіңіз. Мен осы жөнде мал шаруа институты, оның ішінде тәжірибе базасы профессор Балашов ісін айтамын, Институт бастығы профессор Балашов болып, іздегенін тапқан жоқ. Академик Ивановтың ғылымдық табысты тәжірибесі Украина, Кавказ, Сібірде ғана жаңа тұқымдар туғызып қойған жоқ. Жақын уақытта Азербайжанда да бір жаңа тұқым жарыққа шыққалы тұр. Смарагдов, Садыхов және Қара Мамәт оғлы сияқты үлкен шабанның тәжірибесімен Азербайжан тау мериносы да өз орнын алғалы отыр. Сондағы Көдабек, Шамхор аудандарының тау мериносы жаз Арменияның Севан көлін жайлап, қыс Кураның бойын қыстайды. Қыс қыстау, жаз жайлауының арасында Азербайжан тау мериносы 500-600 шақырым жер жүрді. Міні, жаңа тұқым тудыру деген осылай. Тудырдық па біз жаңа тұқым сондай? Тәжірибеміз он жылдан асты. Тұл жылдар. Тудырғамыз жоқ. Қазақтың қазақы қойы бар еді. Дүние жүзінде ең асыл қой осы еді. Жалғыз міні – жүні. Біз сол қойды өз ортасында өсіре берсек, мал санының басына келгенде бүгінгіден кем қойғанда, екі есе артық малға ие боп отыраар едік.

Б а л а ш о в. Олай болғанда, сізше не істеу керек, жолдас Бектенов?

Б е к т е н о в. Мен Қазақстанның көп облысында өсе алмай, өне алмай жүрген шала меринос, шалағай отарлардың бәрін қазақ қойының өз нәсілімен қайта асылдандыру керек деймін, профессор Балашов. Қазақ малы – ғасырлар тәжірибесінің малы. Соның өзін өз ішінде асылдандыру – бірінші міндет.

Д ә у р е н о в. Тұқым араластыруды қалай дейсіз?

Б е к. Тұқым араластырмау керек дейсіз ғой?

Б е к т е н о в. Жоқ, тұқым аралассын.

Б а л а ш о в. Қашан аралассын? Кейін бе?

Б е к т е н о в. Жоқ, қазір аралассын. Бірақ ол асықпай істелсін. Ол тек тәжірибе жүзінде жүрсін. Әр тәжірибе сыналып қорытылғанда, нәтижесі жаңа тұқым болсын. Сол жаңа тұқым ішінде, менің қиялым, қазақ қойының бар сыпаты сақталсын да, тек жүні асылдансын. Тағы да профессор Балашов тәжірибесін сынаймын. Бұдан тұрақты тұқым шықпайды. Балашовтың қойы мына тұрған Семей облысына барса, бар прекоштай итшілеп таусылады. Ол түгіл, қатты қыста мынау, мыңдаған қойлар өскен Сартауқұм, Бозой, Мойынқұмда бір қыс қыстап шығуға шыдамайды. Сол сыннан өтпей, құрметті профессордың тәжірибесі әлі “бір аяғы жерде, бір аяғы көрде” тұрған, дерексіз тәжірибе деймін.

Б е к. Сіз өзіңіз осы жолда ешнәрсе істедіңіз бе? Балашов тәжірибесін жете білмей жойып отырсыз, өз тәжірибеніз бар ма?

Б е к т е н о в. Бар, мен бастадым.

Б е к. Оныңыз қайда? Жерде ме, аспанда ма?

Б е к т е н о в. Оным сіздің базаның адамдарына да мәлім. Мына жолдас Сейітова мен белгілеген методикамен таныс.

Б е к. Методика бастағы нәрсе. Біз қолдағы тәжірибені сөйлегелі келіп отырмыз, қысыр кеңес емес.

Б е к т е н о в. Білемін, сіз профессор Балашов тәжірибесінің фанатигісіз. Болмаса, істің негізі методикада, дұрыс жасалған методикада екенін аңлар едіңіз.

Б е к. Қой шаруасы құйынды күтпей, құнарлы істі күтеді.

Б е к т е н о в. Методикасыз құнарлы іс болмайды. Құйын деген сол болады. Мен сіздердің тәжірибенізден де арқар қой мен қазақ қойын араластырған Белов тәжірибесінде көп ғылымдық методика бар деп білемін, олай деңіз. *(Шабандар арасында күлкі.)*

Б е к б о л. Ол әлгі мойыны жіңішке, мүйізі арқардай, басын көтере алмай тұрған қой ма?

М о л т а й. Оның есесіне жүйрік қой дейді ғой.

С а р а. Және бір қасиеті иісшіл, дыбысшыл қой.

М о л т а й. Безеген жүйрік болу үшін май да жимайды дейді. Өзі оның бәйге қой болса керек. Мына кісінің айтуына қарағанда, өсіретін қой сол қой ғой деймін. Әрі қой, әрі Шыңбұлаққа көкпарға салатын тұлпар қой болса керек. Шіркін, әрі қойың, әрі атың болатын малдан асыл не босын.

Ә с и я. Әрі иісшіл, әрі дыбысшыл болса, біздің ақ қойды күзететін, сақ төбеттің орнына да жүрет те.

М о л т а й. Е, бір қасиеті тағы шықты. Әрі қой, әрі тұлпар, әрі сырттан. Бектеновтың ғылымы бүйте берсе бізді пыраққа да мінгізер. *(Күлкі.)*

Б е к т е н о в. Жолдастар, күлмеңіздер, сіздер өсіреміз деп жүрген тұқым қора мен маяны ықтамаса, қысқа етер қарсылығы жоқ. Қатты қыстың алдында қасқырдың аузындағы қозыдай. Сын, сын, қыс сыны, құм сыны, бұл тәжірибенің шынын ашсын.

Б а л а ш о в. Менің базада жасаған он жылдан артық тәжірибем бар. Жолдас Бектенов үлкен күдік айтады, өзге көп сөзінің ішінен бір сөзінде дұрыстық бар, ол сын, сын дегені. Құмменен, қыспенен сынау дегені. Он жылдық тәжірибемізді біз де сынсыз аяқтамақшы емеспіз. Жаңа тұқым дүние жүзінің барлығында адамның ұзақ еңбегінің нәтижесінен туған. Бәрінде таңдау менен талғау үстінде табиғат жағдайы және сол жағдайда тәрбиелеу арқылы нәсілдік сыпатты өзгерту ғылымдық негіз болып келеді. Жаңағы құм сияқты, қатты қыс сияқты үлкен сындарды, соңғы сындарды қойларымыз адақтап өтпей, қорытынды айта алмаймын. Сол сынды анықтап, өткізуге күш салысыңыздар, көмек етіңіздер.

Б е к. Мен Балашов жолдастың сөзін түгел қостаймын. Бар көмек, бар ықылас әзір өзгеге шашырамай, әр жаққа алап ұрмай, тек бір Балашовтың ісіне берілсін. Ең болмаса, бірінші жаңа тұқымды туғызсыншы. Соны туғызады деп сенеміз.

Б е к т е н о в. Сіздердің бұл күнге шейінгі тәжірибеңізден мен сол арманыңыз орындалмайды деп есептеймін.

Б а л а ш о в. Біздің нәтижемізге көзіңіз жетпей тұра, сол тәжірибе жасағанымыздың өзін де айып дейсіз бе?

Б е к т е н о в. Шығар нәр жоқ, өзі аса қымбатқа түсетін тәжірибе болса, ондай үшін кінәламақ түгіл, жазалауға да болады.

Б а л а ш о в. Бұның бәрін сіз қазақ қойының өзіне ғана қайту керек дегенге дәлел етіп айтасыз ғой. Мен мәдениетті қой шаруасын өсіруді мұрат етемін. Сіздікі алға ұмтылу емес, артқа айналу! Бекер деңізші осыны.

Б е к т е н о в. Құрметті профессор, сіз бұны менің қазақ қойын атағаным үшін айтып отырсыз ғой. Солай ма? Ол қойды Одақтық Академия және Москваның зоотехникалық институты да атамақ түгіл, зерттеп те жүр. О да артқа қарау ма?

Б а л а ш о в. Олар материал ретінде, танысу ретінде зерттеген жоқ па?

Б е к т е н о в. Сіз академик Ивановтың шәкіртісіз ғой! Сол кісі қазақтың барлық қойын зерттеп пе еді? Жоқ па еді?

Б а л а ш о в. Зерттеп еді. Ірі, орта, ұсақ деп үш топқа бөліп зерттеп еді. Ия, одан не қорытпақсыз?

Б е к т е н о в. Қорытпағым, ол кісі қазақ қойына тек материал ғана деп қараған жоқ. Үстірт қана шолған жоқ, ол қойдың бүтін Қазақстан өлкесінде 22 түрлі географиялық варианты барына шейін айырмап па еді? Текке істеді ме? Сол қой тұқымы керексіз, нәрсіз жарамсыз дегеннен солай істеді ме?

Б а л а ш о в. Академик Иванов қазақ қойы туралы үлкен ғылымдық қорытынды жасау үшін зерттеді. Бұл тұқымның қасиетін атай отыра, барлық сыпаты табиғи сұрыптаудан ғана пайда болған. Онда селекцияның қатынасы жоқ еді. Ал, селекциясыз, жаңа түрлі мәдениетті қой шаруасын жасай аламыз ба, жоқ па? Жоқ, әрине. Сіз бен біз селекцияны қажет десек, қолдансақ қана ғылым қайраткері боламыз. Одан бас тартсақ, кімбіз? Жабайы мал мен жабайы ғана түрдегі көшпелілікті қолдансақ, кім боламыз?

Б е к т е н о в. Сіздің селекцияңыз не берді? Не тапты? Тапқаныңызды кім таныды? Өзгені қойғанда, он жыл қасыңызда жүрген шабандар жұртшылығы қабылдады ма? Қабылдаған жоқ, таныған жоқ.

Б е к. Шабандардың өкілдігін шабанмен бірге еңбек еткен кісі алады. Сізде әлі ол жоқ.

Д ә у р е н о в (*шабандарға*). Біз ендігі ақылды сіздерден сұрайық... Сол өздеріңіз еңбек етіп жүрген тәжірибе базада сіздер нені құптап, нені жақтырмағандарыңыз бар? Соларыңызды енді сіздер ортаға салсаңыздар екен.

Б е к б о л. Көрі қойдың жасы үлкен, ісек қойдың басы үлкен – дейді, шырақтарым. Ісек қой, ғылымды білген өздеріңсің. Біз ғылым адаспайды деп ойланамыз. Бірақ жалпы тұқым араластырып жүріп, жаңа нәсілдерін алып жүріп, бір нәрсені қатты кейіс етемін. Осы тұқымдардың өлім-жітімі көп, қыс қана емес, көктем мен жазда да шығыны көп. “Аллаңнан ойбайым тиыш” деп, мен қазір осы Сапар баланың жолын мақұлдап отырмын. Көшіп шаруа жүргізетін болсақ, осының сөзі сөз ғой.

Е с і р к е п. Барар жерің Балқан тау, о да біздің көрген тау. Бекбол, сен де шабан, мен де шабан, қазақ қойы тұр ғой, онымен көшкен күн де мәлім. Бұрын әр мақұлықты құдай жаратты деуші ек. Енді осы он жыл ішінде құдайсыз да жарататын ғылым құдіреті бар екен деп сенген адаммын мен өзім. Біреу қойдың жүйрігін, біреу қойдың құйрығын көкsep қиялдап жатыр. Мен өзім осы Балашов ұстаған ғылым бұйрығын қиялдап-ақ бір жағаға жетеміз ғой деп сеніп жүрмін. Оған екі түрлі себебім бар. Біреуі Балашовтың өзі. Ол әрі маман, әрі шабан. Қыс болса құмда, жаз болса жонда, үнемі қасында. Шаруаның ыстық-суығына бір күйіп, бір тоңып күн кешеді. Ондай төстабандаған еңбек тек кеткенін көргем жоқ. Екінші сенімім, Балашовтың неге айтпайтынын білмеймін, біздің тәжірибе малымыз бар. Өзін ақ қой деп жүрмін. Дәл осы Балашовтың ақ қойына сене бер. Іс шықса, осыдан шығады.

Д ә у р е н о в. Есеке, сол қойды қатты қысқа, пішенсіз, қорасыз қалың құмға айдап салып, бір жыл сыннан өткізу керек дейді. Мынау Сапардың пікірі сол. Соны сіз қажет деп білесіз бе? Жоқ, әлде сынап болдық дейсіз бе?

Е с і р к е п. Сынап болдық демеймін. Қатты сынау керек, дәл сол айтқанындай сынау керек, онына тұрдым.

Д ә у р е н о в. Әсия не дер еді!

Ә с и я. Мен Балашов пен Жәкемнің айтқанын қостаймын.

М о л т а й. Әркім өзі шыққан тауын биік босын дейді ғой. Мен таза прекостың елекшісімін. Бірақ тәрбие мен тәжірибе дейсіздер ғой, жылдан жыл асқан сайын осы өлкеде осының да шығыны азайып келеді. Бақпағанға бақ келе ме? Мен осы прекоспен әлі де қажымай-ақ әлектенер едім. Осының өзін тәрбиелеп, Алатаудың тумасы етіп алсақ, содан не озсын дер едім.

П е р ш и н. Осы дұрыс сөз. Бұрынғы тәжірибе, міні, осындай талапты, еңбекші шабан қолында осылайша ақталмаққа керек.

Е с е н о в. Рас, ғасырлық тәжірибенің далаға тасталатын күні жоқ, оны қостау құр ескішілдік емес. Бірақ онымен отырар біз жоқпыз. Бүгінгі биология ғылымы сіздердің қолыңызға табиғатты өзгерту құралын береді. Бәріңіздің таласыңызда, еңбектеріңізде Мичурин, академик Лысенко аты аталып жүреді. Лысенко жай табиғаттың талдау, таңдау арқылы кіргізген өзгерісін біз аз жылда басып, жеңіп енгізуіміз керек дейді. Жолдас Бектенов! Ғылымда ертеңіні ойласақ, озғын ой керек. Онда қиял болса, қанат болсын. Ісіңмен, тәжірибеңмен жең. Өнер тауын жең дейміз. Таппай талассаң, ол ертеңгі ойлау болмас еді, кешегіге алаңдап қана қалу болар еді. Ал, Василий Иванович, нәтижеге келгенде біз биылғы жылдарда шын нақтылы жемісті сіздің ғана тәжірибенізден күтеміз. Еңкейсең құм, шалқайсаң Алатау – сіздің тәжірибе майданыңыз. Бар сенімді база да, институт та, ғылым ордасы да, жолдас министр де сізге артады деп білемін.

Д ә у р е н о в. Жаңа тұқым керек. Бір тұқым болса, әуелі соны туғызып беріңіздерші. Төрт облысқа жарамды бір тұқым болса, әзір бәйгенің алды сол. Олай болса, бүгінгі әңгімені, таласымызды екі түрлі қып қорытамыз. Бірінші, профессор Балашов алдағы жаздың бонитировкасы, отбивкасы арқылы алдағы қыс сынына жаңа тұқымды қапысыз әзірлейді. Екінші, біз “сынға алыңдар, қорытынды жасаңдар, жаңа тұқым ұсынамыз” деп, одақтық орындардың алдында сөз көтереміз. Байлау осы. Бәріңіз де өзді-өз қорытындыңызды осыған қарай жасаңыздар. *(Осыдан соң мәжілістің ресми жағы бітеді. Тамақ келеді. Ас үстінде әр жерде қалжың, әзіл сөздер кетеді. Бектенов пен Сара оқшау. Есіркеп пен Бекбол бірге, Молтай мен Әсия бір бөлек.)*

Е с і р к е п. Беке-ау, бұ сенің жаңағы “кәрі қойдың жасы, ісек қойдың басы” деп бастағаның не қылғаның?

Б е к б о л. Е, жолың болғыр, маған мақал айтқызбайын деппең, тегі?

Е с і р к е п. Қой баққан елдің мақалы да қойдан келеді екен демес пе мына жұрт. Сенің аузына тым құрса түйе мен сиыр да түспеді ме?

Б е к б о л. Ия, түйені айтсам, жармаспай қояр ең сен. “Түйенің танығаны – жапырақ” деп, онда да сынамай қалармын деп ең?

Е с і р к е п. Сыналсаң да, “жығылсаң нардан жығыл” деп, әдейі айттым десең, сөзге мығым болмас па ең?

Б е к б о л. Мығым ба, шығын ба бұның? Қарық қылғаның сонда маған жығылғанды айт дегенің бе?

Е с і р к е п. Е, жығылсаң жер көтереді, қайтушы еді? Жығылмағанда жетісіп тұрғаның кәні? *(Күледі.)*

Б е к б о л. Е, сүйтіп мені осы үстел басында, тып-тыныш жерде-ақ бір жарға апарып жығайын деп отыр ма едің. Осы сен, саған ерсем мен қарық болам ғой, тегі, тегі... *(Күлісін кетеді.)*

Бектенов *(Сараға)*. Сара! Жұрттың бәрі сөйлегенде сіз жалғыз тартынып қалдыңыз. Балашов ұстазыңыз, мен замандасыңыз. Сіз қай оймен үндемедіңіз? Енді білсем болар меді?

С а р а. Білмек босаңыз айтайын. Ашық айтқанға айып етпеңіз. Мен сіздің сөзіңіз бен мінезіңізден әрі ұялып, әрі ызаланып отырдым.

Бектенов. Е-е, барлық сыпайы сыпат, қасиеттің бәрін өз бойыңызға жиып отыр медіңіз!

С а р а. Бәсе, сол сыпайы – сыпайылық, такт... сіз келеке етерлік мінез емес... Сізге әсіресе қажет сыпат болар еді.

Бектенов. Ақыл айтпақ екесіз, ұғындыра айтсаңыз болар мекен?

С а р а. Біздің кей жастарда білімге жетіліп болмай, желіге шығатын ұрыншақтық қалмайды. Еңбегіңіз, тәжірибеңіз жоқ болса да, Балашовтың жағасынан алсам, жармасам көрінемін дедіңіз ғой осы жиылыста. Бекермеді?

Бектенов. Ал, құп дейік. Бұл жағымсыз мінездің бір шеті болсын. Бірақ оның екінші шеті тағы барын ойладыңыз ба?

С а р а. Оны білсеңіз, сіз айтарсыз.

Бектенов. Айтайын, ол дәл сіздің мінезіңіз. Өзін бастаған оқымыстының тәжірибесін сынарлық ойдан сақтанып, оның орнына тек соған сиынып өсу. Тек қана бағынып, көлеңкесі ғана боп өсу бар. Осы ма маған сіз ұсынар қасиет.

С а р а. Өзі біліп, өзі тауып болғанша ұрсысып өспей, ұғысып өсу бар жас оқымыстының жолы емес деңізші, кәні!

Бектенов. Рас, оңай жолмен олай өсетін де бар. Таласа жүріп, табысқа жететіні тағы бар.

С а р а. Дерексіз, іссіз талас – дилетант мінезі.

Бектенов. Бұны істеріңіз жеңген күні айтыңыз, білдіңіз бе.

С а р а. Жеңетініме мен сенсем, не дейсіз?

Бектенов. Ол сеніміңді келер қыста көрермін. Мойынқұмда құмдай шашылып жүрмесін сеніміңіз.

С а р а. Шашылмай, ақталып шықса не дейсіз.

Бектенов. Ендеше, мені кінәлап, айыптағыш сөзіңді сол күнге сақтаңыз, ұқтыңыз ба?

С а р а. Ұқтым... Сақтадым соған. *(Бұлар жүріп кетеді.)*

М о л т а й. Әсия, бүгін қойларыңыз жарысқа түскендей бір айқасу болды-ау. Қайран Сайлыбектің болмай отырғаны, бүгін оның шоқтығы шығар еді.

Ә с и я. Қойлар сыры байқасқанда, өзің жеңілген кісі төріздімісің?

М о л т а й. Дауа болмас. Қойың құмға бармай, бүйтіп өтіңді сыртыңа теуіп алыпсың, бөйге алсаң, мүлде жалыңнан да сипатпассың.

Ә с и я. Намыс шегіп, ертең қара жерге қараймын-ау десең, алдыңды көрер ақылың бар жігітсің ғой, отарыма келіп, шабаным бол.

М о л т а й. Айтам ғой тегі, тең праволы болмай, бағынушы бол де.

Ә с и я. Ісің тең болмаса, тең бол деп сені ардақтап, аялайтын менің не күнім түсіп еді!

М о л т а й. Бақыр басты еркек емеспін бе, алды-артыңды ойлай айт.

Ә с и я. Бұл сөзіңді озғын боп тұрған күңіңе сақтасаң етті, байғұс. Базарың өтіп бара жатқандай не көрінді? Жабайы күйінде салмақты сөзің де қаңбақтай.

М о л т а й. Мақұл, бұныңды достық ақыл дейін.

Ә с и я. Болсын, жақсылықта көріселік. *(Дәуренов, Бектенов, Балашовтар қайта келеді.)*

Б а л а ш о в. Менің шалымның құмға, сынға барар кезде алаңы көп. Осының үй ішінен басқа, менің сіздер атап отырған соңғы сында сеніп, сүйенер кісім тағы жоқ.

Д ә у р е н о в. Есеке, мына бауырыңдай боп кеткен Балашовың бар. Ер-азаматтан кем емес, келінің Әсияң бар,

қызың Қанипа бар деп естідім. Қажет болса, келер қыстың сынына тағы да қарт қажырды алаңсыз бір жиып салып, қасқарып көре аласыз ба? Жоқ па? Осыған не дейсіз?

Е с і р к е п. Азаматтарым! Мен осы күнде үлкен бір қапалықта жүрген адаммын. Қауқарым жоқ қой, менің бұ күнде.

Д ә у р е н о в. Неге, ақсақал? Бұ қалай, не қапалық?

Е с і р к е п. Жалғыз балам Сайлыбек әскерге кеткелі үш жыл боп еді. Содан бір жарым жылдан бері жарты ауыз дерек жоқ. Өзім хабар ала алмадым. Сұрау салып, дәл дерегін әперуші және болмады. Ауыр міндет артам дейсің. Барар-ақ ем. Бірақ баламнан хабарсыз, құмға жалғыз кеткесін қайғы мен мұң басып, біржола жасимын да, асыл шаруанды шашып аламын ғой.

Д ә у р е н о в. Солаймеді. Ендеше, Есеке, балаңыздан хабар әперуді мына Сәлім екеуміз міндетімізге алсақ қайтер едіңіз?

Е с і р к е п. Қарағым-ай, ол ауру да болса, кем де болса, тірі деген бір дерек әперсеңдер, мен жалғанның жартысындай салмақ салсаң да көтере бермеспем?!

Д ә у р е н о в (*ойланып, Есенов пен Балашовқа*). Іс тетігі Есекең. Ал, Есекең тетігі Сайлыбектің хабары болды-ау. Аман болғай-ақты Сайлыбек.

Б а л а ш о в } (қатар). Тірі болса екен тек.

Е с е н о в } Аман болса екен азамат.

Ш ы м ы л д ы қ

Екінші сурет

Жаз. Алатау жоны, тәжірибе базасының жайлауы – Үшқоңыр. Алыста қарлы асқарлар. Сахна жартасты, тасқын сулы, көк орай биіктері көп Шыңбұлақ бойын көрсетеді. Балашов пен Сейітова Сара әр отардың отбивка күнгі үлкен шаруасын жаңа бітіріп болған. Екеуі оңашаланып, сахна шетіндегі биікше көк дөңеске шығады.

Б а л а ш о в. Міні, көп күндерге созылған бір еңбекті, отбивканы аяқтап келдік. Қорытынды қолымызда. Ырза болатын қорытынды ма, Сара, қалай аңғардыңыз?

С а р а. Василий Иванович! Ақ қой туралы мен ғана емес, өзіңіз де ризасыз ғой деймін.

Б а л а ш о в. Семіруі жақсы. Жүні жақсы. Қозылары ерте піскен. Салмағы қазақ қойынан ауыр шығып отыр. Жазғы сында мойымас беріктігін, артықтығын анықтады.

С а р а. Есекеңнің үй іші тек бәйге үшін риза емес, қойларының барлық басқа қойлардан озғанына әсіресе қуанышты.

Б а л а ш о в. Мені Есіркеп табысы қуантады. Тек үлкен сын, анық сын алда, алыс құмда. Ауыр қыста.

С а р а. Ол сыннан ақ қойды алып өткізсе, өтетін кісі тек қана Есекең емес пе?

Б а л а ш о в. Әрине, соның отары, соның үй іші. Бірақ бір үлкен қиыншылығымыз бар, Сара. Сайлыбек жоқ. Есіркеп болса кәрі, әрі баласын ойлап көңілі жарым. Үй іші, көмекшілері әйелдер. Тек үш-ақ әйел. Ал, құм деген ат үсті, көп жүрісті, еркек қайратын керек етеді. Бүгінгі болған қозыларымен санағанда, ақ қой өзі мол отар, мың қой болды. Сол мың қойдың отарын тұтас жіберіп сынаймыз.

С а р а. Василий Иванович! Он үш жылдан бергі тәжірибе арқылы дүниеге жаңа келген тұқымның барлығы мың-ақ қой. Бүкіл дүние жүзінде бір-ақ мың қой екен. Бұлар жұтта қырылып қалса, нәсілге кім қалады? Жарым санын тым құрса жақын жерде, қатты қысылып кетсе сүйенерлік азық, пішен қоры бар жерде ұстамаймыз ба осы?

Б а л а ш о в. Сара, бұл жөнде ұғысып, келісіп алайық. Біз әуелі қыс жайылысына бұл тұқым қойларын ондап салдық, соңғы жылдар жүзге жеткіздік. Осыдан он жыл бұрын, ол шақта жасырақ едім рас, бәлкі, қиялшыл болған болармын, бірақ сондағы арманым осы тұқым санының мыңға жеткенін тосқам. Сол арманды жылым, барлық көп жылдардың қорытындысын жасайтын жылым – осы алдағы жыл.

С а р а. Бар жақсы ниет, тамаша еңбектер бір-ақ қыста төгілсе қайттік? Сараң дүлей, өлі құмдар арасында апақ сүйек боп, шашылып біте ме деп қорқамын.

Б а л а ш о в. Олай болса, бар тәжірибем, бар талабым тас-талқан боп желге ұшқаны. Жастық кезім болса бір сәрі. Өмірімнің ең өнімді, жемісті шағын Сартауқұм, Мойынқұм жеп, жұтқаны, желге шашқаны. Бірақ басқа жол жоқ, осыған бекінеміз де, соған басамыз. Мың қойсыз көп

сансыз тәжірибеде тиянақ жоқ. Оған сыншы жұрт құр ғана бір лаборатория табысы есебінде қарайды да тұрады. Қазақ “шешінген судан тайынбайды” дейді ғой. Біз бұл жолы, Сара, мынау Шыңбұлақтың қарлы, суық суына, ызғарлы тасқынына іркілмей түсетін боп отырмыз. Еңбек еш болса, амал не, дәрмен қайсы! *(Ойланып қалады. Екеуі де тас басында біраз үнсіз отырысады. Аздан соң.)* Біз қазір үш мың метрдей биіктеміз. Биікте әуе қандай таза. Дүние неткен жым-жырт.

С а р а. Биіктеген сайын үнсіздік мол, үлкен биіктің бәрінің басы ұзақ тиыштыққа шомып тұрады.

Б а л а ш о в. Дәл айтасыз. Биіктеген сайын үнсіз, мол сабырлы, кең тыныштық бар. Табиғат даналық танытады. Дүниеде, өмірде биіктің, үлкеннің бәрі айғайсыз, дырду-сыз келеді.

С а р а. Василий Иванович! Сіз табиғаттан сабақ алғандай, терең ой қорыттыңыз-ау деймін. Бірақ бір шындықты ескермей, елемей отырғаныңыз бар сияқты. Анау сарқырап жатқан Шыңбұлақ ше? Маған онда жым-жырт таудың жанды өмірінің үзілмес бір суылы бар көрінеді. Ол мәңгілік құздар, тектұрлардың, терең шаттардың үздіксіз демалысы сияқты, сарындаған тынысындай емес пе?

Б а л а ш о в. Сара, сіз мені ойшыл десеңіз, мен сізді ақын сезімін көрсеттіңіз деймін.

С а р а. Василий Иванович! Біз бір-бірімізді жақсы мақтастық қой деймін. Бірақ сіздің терең ойыңыз да, менің қиялым да, бір тәуірі, ақ қойлардан алыстамайтыны бар еді. Өне, анау беттен бері қарай асып жайылған сол Есекең отары, ақ қойлар жайылып шықты. Көп қасиетін жайылысынан да аңғаруға болады. Бүйір сүйесіп, тығыз жүріп, жабыса жейді. Тұмсығы тиген жерде тұрып қалады. Жайылған түрінін өзінде де өмір үшін, тірліктегі орны үшін, жабыса тырмысып, талаптанған асыл нәсіл.

Б а л а ш о в. Байқауыңыздың бәрі дұрыс, Есіркептің үй ішіне үйреткен мол тәжірибесінің бірі де осындай байқағыштық сияқты. Әсіресе қыстыгүні таңертең, түс, кеш кезіндегі қой мінездерін көз алмай, күн-түн сайын өзінше байқап отырады. Ғасырлар бойындағы тәжірибенің әрбір асыл жағын мен осы күнге шейін Есіркептен оқып жүргендей боламын.

С а р а. Менің де байқаған-тоқығаным болса, солардан.

Б а л а ш о в. Сондықтан да Есіркеп, Әсияларға сеніп, сүйеніп құмға жіберем. *(Шабандар әңгімелесіп келе жатады: Есіркеп, Бекбол, Молтай, Ұлбала, Дәмелілер бар.)*

М о л т а й. Сүйтіп, бұ шабанның қайсысы озған болды бәйгеден?

Б е к б о л. Бәйге алғанның бәрі озған, өзі емес пе көп алған.

М о л т а й. Қарт біздің шылдың етеді-ау. Озған өзім болсам, өзімді өзім танымаспем?

Ұ л б а л а. Бұршақта өлген он қозың сіледі-ау сені. Жас қозылардың обалы жіберсін бе? Енді, міні, байы әскерге кеткен менің отарымнан да жігіт басыңмен артта отырсың.

М о л т а й. Сенің байың жоқ болса, менің әйелім жоқ, менің қайта осыныма да шүкірлік десеңші.

Ұ л б а л а. Түк шүкірлік етсемші. Әйтеуір өзінді бұлдай бересің-ау. Түшкіргеніңе де жәрікімалда дей берсін дейсің бе.

Б е к б о л. Аз болса да бұның алғанының бәрі басынан садақа. Балашов бастаған осы топты бүгін қонақ ету Молтайға жол.

Е с і р к е п. Жолды айтып тұрған Бекболмысың тағы? Жолды білген айтпас еді, бастар болар еді ғой.

Б е к б о л. “Айтпас еді” деп, неге айтпасын?! “Алпысқа келгеннен ақыл сұра” деп неге айтты ендеше?

Е с і р к е п. Е-е, атаң қазақтың бар мақалын өз пайдана жаратып бақсаңшы, әйтеуір. Сүйтіп, алпыс жасыңды салар жерің осы деп тұрмең! Бірақ осыдан да жығыласың-ау, тегі.

Б е к б о л. Қайтіп жығылам?

Е с і р к е п. Жығылатыныңды айтайын. Ең әуелі – біздің мына жаңа заманымыз не дейді? Алдыңғы тәжірибелі аға арттағы жасқа үлгі көрсеткенде іспен көрсетсін дейді. Бұл бір ме? Екінші – ескі мақалды алсаң, “жол ағадан болғанда, тон – жағадан” деп пе еді, жоқ па еді? *(Күлкі.)*

Б е к б о л. Уа, жолың болғыр, ол айтқаны берермен емес, аларман жолы емес пе еді.

Е с і р к е п. Әб-бәсе! Көрдің бе қиялауын, тегі, бар жол-жораны жұрт тек Бекболдың пайдасына жаратқан дейім. Сен бермеске Бекбол болдың ғой. Текке Бекбол атандың ба?..

Бекбол. Жо, мен ең алдымен саған жол бермеске Бекбол болғам ендеше.

Есіркеп. Жол бермес емес, ас бермеске десеңші одан да. Жә-жә, мұртың қара құрттың мұртындай тікірейіп кеткен екен. Жарғыласқан болмаса, жарасуға келмессің бүгін. Жолың босын, жолың боғыр. Ендеше, бәрің тобыңмен біздің үйге жүріңдер. Әсия екеуіміздің қонағымыз болыңдар.

Сара. Рақмет, Есеке, біз онсыз да сіздің күндегі қонағыңызбыз ғой.

Есіркеп. Мейлі болсын, күнде болсаң, күнде көңілім өседі Балашов екеуіңе. Балжан бағанадан Балашовтар бүгін қонақпен келеді деп күтіп жүрген. Бекболды жәй қағытып тұрмын. Кемпірім бүгін түсінде ана Сайлыбегін көріпті. Қай бейнетте жүргенін кім біледі қарағымның. Әке-шешесін, жар-жаранын еске алып жүр ме деп, соның амандық, тіршілігіне ағайын-туған үйге келіп дәм татсын деп еді. Жүріңдер! *(Сара мен Молтай қалады, басқаларының барлығын Есіркеп ертіп кетеді.)*

Сара. Қайран Есекең баласын күнде айтады.

Молтай. Несін айтасың, Сара. Үй іші боп отырғанда қара өзектері қарс айырылады. Сайлыбек қандай еді, өзімнің де қимас досым еді. Кемпір мен шал түн ұйқысын төрт бөледі. Сендер әлі қысқа, құмға ақ қойды осылармен жіберем дейсің, қысқа шейін Сайлыбектен аман деген жақсы хабар келсе, онда мың қойыңа тағы мың қой қос. Жалғыз үй жіберсең де, жардай ауыр салмақ салсаң да, нардай көтереді. Ал, бірақ Сайлыбек хабарсыз қала берсе, қыс салмағын көтере ала ма, жоқ па, білмеймін.

Сара. Менің де ойымдағы уайым осы. Бірақ Василий Иванович Есекеңнің үйінсіз, басқа ешкімге сене алмайды. Тапсыра алмайды. *(Бектенов келеді.)*

Сара *(орнынан тұрып амандасып)*. Сапар! Қаладан келдіңіз бе?

Бектенов. Қаладан. Ерте келмек едім, бірақ бір жаңа хабар жөнінде Сәкең мен министр екеуі ақылдасып, солардың сөз байлағанын тосып, бөгеліп қалдым, Молтай.

Сара
Молтай } Не хабар? Не туралы?

Бектенов. Хабар Сайлыбек туралы.

Сара. Немене, айтыңызшы тез! Аман ба екен?

Бектенов. Министр мен Сәлім екеуі көктемде Есекеңе берген уәделері бойынша фронттың басынан төменіне шейін сұрау салып отырып, дерек алыпты. Сайлыбек Мәскеу түбінен жауды қуғаннан Смоленскіге жеткенге шейін анық арыстандай қайрат етіпті. Ленин орденіне ұсынылған екен. Бөлімінде ол қадірлі жауынгердің бірі бопты. Осы туралы өзі жаралы боп госпитальде жатқан командирі майор Сафронов фронт командованиесінің сұрауы бойынша мынадай хат жазыпты. Сайлыбек қаза тауыпты, командирі өз қолымен қойғызған жерін, қабіріне жазылған соңғы сөзін де келтіріпті, мінікі.

Молтай. Қайран Сайлыбегім, қадірлесім, қимасым-ай! Кеткенбедің сен келмеске. *(Жылайды, бәрі үнсіз.)*

Сара. Амал қані! Рас болды ғой. Әсия былтыр осындай бір жаманат хабарды өзі де алып еді. Бірақ дәл дерек болмас деп, үй ішінен жасырып жүр еді. Анықталды ғой. *(Тоқтап.)* Иә, Сапар, енді сізден менің өтінішім бар, бұл хабарды сіз Есекеңе айтып қоймаңыз, білдіңіз бе?

Бектенов. О не дегеніңіз. Айтсам қайтеді?

Сара. Айтсаңыз, біздің мынау биылғы ісімізге, отар ісіне залал келтіресіз. Бұнда Әсияның байлауы бар. Не хабар болса да Есекеңнен әзірше жасырмақ. Оны Әсия Балашов арқылы Сәлімге де айтқан, ұқтыңыз ба?

Бектенов. Сара, сіз мені не деп шегелеп отырсыз өзіңіз.

Сара. Қалай ойласаңыз, солай ойлаңыз, Сапар. Осыны сізге қатты ескерту міндетім.

Бектенов. Ә, сіз мені Балашовпен таласы болғандықтан әлденеге барады деп отырсыз-ау, ә?! Бұныңыз мен намыстанарлық мінез екен. Бірақ менің ғылымдағы таласым азаматтық, адамшылық қарызымды ұмыттырған емес-ті. Білдіңіз бе! Сіз асығыстық, жеңілдік еттіңіз. Ендеше, тыңдап болыңыз. Министр мен Сәкең жаңағы жәйді естіп, өздері көп ақылдасып, ойласып, Балашов пен сізге, Сара, айрықша сәлем айтты. Қазір тек Әсия мен Қанипаға ғана білдірсін де, қарттарға өлі-тірісі мәлім емес, бір соғыста хабарсыз кетті, әлде бір госпитальде жатқаны, я басқа бір жөннен, басқа бір жаққа ауысып кеткені белгісіз десін. Ол күнгі командирлері қаза тауып, жоқ болып кетті. Содан дәл дерек беретін кісі жоқ. Қаза тапты деп ойламаймыз деген

сияқты сөздер айтып, Сара мен Балашов қарттарды жұбатып қойсын, деп әдейі тапсырды. Міні, Сара, енді не дейсіз?

С а р а. Ой, Сапар, ең алдымен сіз мені қатты ұялттыңыз. Мен адасып отыр екем. Кешірім етіңіз, Сайлыбек хабары туралы сол айтқаннан артық ақыл да жоқ. Үміт пенен уақыт қарттардың емшісі болсын.

М о л т а й. Әй, жауыз дұшпан қанішер немістің пашисі-ай, қанқор жауыз-ай, сан асылды алдың-ау. Дүниеде сендей жауыз дұшпан болармекен? Серігім-ай, бауырым-ай! *(Жылап отырады. Әсия мен Қанипа келеді.)*

Ә с и я. Сара, қонақтар мен көкем сізді күтіп отыр, жүріңіздер.

Қ а н и п а. Сапар ағай да кепті ғой, жүріңіздер бәріңіз де. Біздің қонағымыз болыңыздар.

С а р а. Барамыз. Бірақ сәл аял етіндерші екеуің, Әсия, Қанипа.

Қ а н и п а. О не? Немене, Сара? Қаладан қағаз келді ме?

Ә с и я. Қағаз? Әлде бір хабар бар ма!

С а р а. Хабар, рас хабар...

Ә с и я. Әлде Сайлыбектен бе?

Қ а н и п а. Я сәт!.. Әлде ағатайымнан ба?

Ә с и я. Молтай! Молтай, бері қарашы! Құдай-ау, көзінде жас қой. Рас болғаны ма жаманат... Сұмдық хабар?! *(Қанипа мен Әсия жылап жібереді.)*

Ш ы м ы л д ы қ

ЕКІНШІ АКТ

Үшінші сурет

Сахна тойға арналған қызық сәні бар, өзгеше бір көріністі байқатады. Біріне-бірі есіктерін тақап, жиі қонған бес үй. Солардың ортасындағы дөңгелек алаңның үсті жабық. Ол жер көп боюлы, кең шатыр тәрізді. Әр үйдің есігі осы алаңға шығады.

Алаңда тойға жиылған мәжіліс. Әр үйде де қонақтар бары байқалады. Ән, айтыс, сауық, домбыра, баян, кейде скрипка лебідері естіліп жатады. Ортадағы алаңда, төрде Балашов,

Есіркеп, Бекбол, Бек, Сапар, Сара, Молтай, Әсиялар.

Бек (*қасына Молтай, Қанипаларды алып*). Қадірлі қонақтар! Мынау жас жолдастар тапсырып, мен бір өтініш айтқалы тұрмын. Рұқсат па?

Бектенов. Айт, дерек бер, деректір! Өтінішің керек түр.

Бек. Қалай ұйқастырады. Сүйтіп, бір акын дайын тұр деп қойындар, балалар.

Д а у ы с т а р. Айтыңыз, Беке! Бек!

Бек. Айтсам, біздің шаруа адамдарының бүгін бір жақсы бас қосуы екен. Алты ай жазды еңбекпен ада қып, енді қатты сыны бар қысқа тақап кеппіз. Малменен жан-жаққа тарап, айырыла көшеміз. Бұл сол малды ұзату тойы. Қыс боса қайтейік! Қысқа қарсы еңбек бар, қажырлы еңбек жеңбек бар. (*Молтайға.*) Ұйқасып кеткенін қарай көр! Ия, сүйтіп, шабан атаулы тойға кетсе, маман атаулы қойды қайтып амандайым деген ойға кетеді. (*Молтайға.*) Тағы ұйқасып шыққанын көрдің бе? (*Жастар күліп, қостайды.*) Біреу құмға кетеді, құмдағы сынға кетеді... Тағы ұйқасты ма? Ал, қадірлі қонақтар, осы менің аузыма өлең тегін түсіп тұрмаған білем... Қысқасы, мына жастар ән салайық, өлең айтайық, айтысайық дейді. Мақұл ма?

Д а у ы с т а р. Бәрекелде! Сөз-ақ! Ән... өлең, айтыс босын! Дегенің босын, Беке!

Бек. Дегенім босын ба? Олай болса, тойбастар мына үлкендерден босын да. (*Молтайға.*) Бұ да ұйқасқа жүре ме, Молтай?

М о л т а й. Е-е, шала-шарпы бұ да кәдеге жарайды. Айтысты өзіңіз бастасаңыз қайтеді.

Бек. Жоқ, жол ағадан болғанда, тон – жағадан.

М о л т а й (*өлеңдетін*). Арлан бөрі соғады тау сағадан.

Бек. Бәсе... Бекең бастайды ендеше.

Бекбол. Жә! Бір атаның ұлы, өзі ұлы орыс халқының азаматы мына Балашов бастасын.

Б а л а ш о в. Беке, мені қой, қойсаңшы.

Бекбол. Е-е, төскейде мал, төсекте бас қосылған Балашовсың. Бір ауыз ән таппайсың ба?

Б а л а ш о в. Жоқ, ауылдың алты аузы қайда? Әуелгі әнді Бекбол өзі айтады.

Е с і р к е п. Рас, жығылдың, Бекбол. Өзің баста.

Б е к б о л. Сен менің тек жығылғанымды бағып отырасың-ау! Кәрі басыммен бар жастың алдына түс дегенше, қорғамассың ба?

Е с і р к е п. Қорғап сені жау алып бара ма? Ағаң Жамбыл дүние жасының алдына түсіп, ән салғанда, кәрімін деп қашан іркіліп еді? Айт, баста!

Д а у ы с т а р. Бәрекелде! Мақұл айтты. Беке, көні, Беке!

Б е к. Әкпел домбыраны! (*Домбыраны Бекболға беріп жатып.*) Бәсе сөз жүйесін тапса, домбыра иесін табады. Тек бастап беріңіз.

М о л т а й. Е-е, алтын лебізіңізге құмармыз деңіз.

Б е к б о л (*әндепін*).

Уай, алтын Жәкем, ендеше,

Кешегі асыл ағам бар,

Ақындығы жора боп,

Содан бізге қаған бар.

Уа, мінеки, сөз тыңда,

Жиылған өңкей жарандар,

Азаматым КИЖ-дің,

Ұлы, қызы шабандар.

Уай, әуелі сөз тыңлағын,

Әуелгі өлең арнағын.

Сынға кетіп барасың,

Ісің жаман бомасын.

Күнге қалма көктемде,

Еткеніңді жамандар!

Уай, соңғы сөзім ән босын,

Уа, мінеки сауық сал!..

Әннен қалар болмасын,

Жүзден жүйрік болғанда,

Мыңнан тұлпар толғасын,

Уай, іркіліп сірә қамандар!

Ортаға түс әніңмен,

Қайсының да кәрідей,

Қандай өнер шамаң бар. (*Жұрт ду қостайды.*)

Бірақ жаңа мынау үлкендер маған айтқын деп зорлап еді. Мен бұларша бомайын, тегі. Мен бар кәрінің намынан айттым, әнді өзгең, жасың айтқын.

Б е к т е н о в. Жаңа Сара Балашов үшін айтатын тәрізді еді. Сол кісі айтса екен.

С а р а. Мен айтсам, сіз тек қалармын дейсіз бе, Сапар?!
Б е к т е н о в. Сізбен кетсем, қайда кетсем арманым жоқ десем не дейсіз?
С а р а. Бұл сіз айтатын сөзге ұқсамайды ғой? Ісіңіз бен сөзіңіз қайшы болғаны ма?
Б е к т е н о в. Ісім сізге қарсылық па еді?
С а р а. Сыншылық еді ғой. Бекер ме еді?
Б е к т е н о в. Сын түбінен шын достық тұмаушы ма еді?!
С а р а. Сыншылық – шартты достық қой.
Б е к т е н о в. Тұрақты достық сол емес пе екен?
С а р а. Достық қарауылсыз-ақ бірге көшіп, бірге көріп, бірге шыдасатын достық болсашы.
Б е к т е н о в. Ендеше, сынап жүрген мен өзім де сынаулы екем ғой.
С а р а. Енді не деп едіңіз? Кей сыншыны сыналушы дүниеде сынамаушы ма еді?
Б е к т е н о в. Түйдім, Сара...
Б е к. Ән, ән күтеді.
С а р а. Кімді? Нені?
Б е к. Сіздердің дауларыңыздың аяғын.
С а р а. Кім айтсын ендеше?
Б е к. Сіз айтыңыз.
Б е к т е н о в. Мен қосыла айтайын.
Б е к. Қысылғанда қосылып, кең-байтақта айырыла кететін сені қосып қайтеді кісі?
М о л т а й. Жеке босын, бірге босын, әйтеуір тегіс айтсын.
Б е к. Кімдер?
М о л т а й. Сіздер.
Б е к. Ендеше, Сара, бастап беріңіз.
С а р а (*Сапармен қосылып*).
Қарғалы ұзын өлке жерім деймін,
Көп шабан еңбек сүйген елім деймін.
Тәуекел өр қанаты деген күйде,
Қандай-ақ сөз бен сыннан жеңілгеймін.
Жол болсын, жонға, құмға барар достар,
Артында қайратыңды халқың қостар.
Қандай күн, қай шұқырда кетсең-дағы,
Ойлай жүр, мұнда қалған қалың дос бар.

Молтай. Жаса, Сара! Жақсы айтты. Естідің бе? Қайда, қайдасың, ақын шабандар! Ұлбала, Дәмелі, қарап қалар сендермең?

Бекбол. Айт, бөсе, шабандардың сендер де сәлем-қошын айтып қал.

Дауыстар. Ұлбала, Дәмелі!

Ұлбала } (қосылып).
Дәмелі }

Балашов Сараменен досымыз да,
Жазы, қыс бірге болар қасымызда,
Бейнетті берік болып, бірге көшіп,
Әніме әнін қосад босымызда.

Тағы да Сапар деген досымыз да,
Бірде бар, бірде болмас қасымызда,
Сыры бар бірде бие, бірде түйе,
Жақпадық кәріміз де, жасымыз да.

Бек. Ал, сыншы Сапар, халық сыны өзіңді қалай қармайды.

Бектенов. Аптықпа! Аңғарсаңшы! Жаққан күні өзімді табатын болмады ма, кәрі-жасы да?!

Ұлбала. Ағайын, ырза болғын осымызға.

Дәмелі.

Кезекті берген мақұл жасымызға.

Талайдан талғап озған Молтай отыр,

Тамағын кенеп отыр қасымызда.

Бек. Мақұл, ендеше, Молтай босын.

Шабан. Е-е, әріптесі кім болад? Молтаймен айтысатын әйел көні?

Ұлбала. Әсия ше, айтар ма екен?

Дәмелі. Шіркін, қандай айтушеді, тек Сайлыбек кеткелі әнді, өлеңді қойып кетті ғой.

Шабан. Бәрекелдай, Әсияны естірмеді, Беке.

Молтай. Ал, Әсияны тыңдағыларың келген екен, мен бір амал етіп көрейін де.

Бек. Кейітпейтін амал ма?

Молтай. Мен соқтығам.

Ұлбала. Қой.

Молтай. Уа, өзіне соқтықпаймын.

Бек. Енді кімге?

М о л т а й. Қанипаға... Қайын сіңлісі ғой.

Ұ л б а л а (*күлін*). Уа, ку-ай! Айласын қарашы. Қанипа ән білмейді, соны қысам дейді ғой.

Д ә м е л і. Қанипа қысылған соң, Әсия ара түседі дейді. Қарасаңшы.

Ш а б а н. Молтай, есебін таптың. Әсияны бір тыңдайық.

Б е к (*Молтайға*). Бас әніне! Қадірлі қонақтар! Енді мынау Молтай айтыс бастаймын дейді.

М о л т а й. Әнім – еңбегімнің әні. Еңбекте кіммен жарыссам, айтысымда да сонымен жарысам.

Қ а н и п а. Ой, бар боғыр. Тапқан екесің өзилдесінді.

М о л т а й.

Қанипа, ашуланба, өзінді айтам,

Өзіңе көптен іріккен сөзімді айтам.

Барады алты ай қысқа аулың алыс,

Мұнда айтпай, енді қандай кезімде айтам.

Жарыстан социалдық сөзді қозғай,

Айтысып көрші бізбен көпке созбай.

Биыл жаз отарыңмен жарысып ем,

Жеңдім деп тілің айтад, ісің озбай.

Е с і р к е п. Уай, өлеңмен өтірік айтушымеді?

Қ а н и п а. Мені айтыса алмайды деп есіп отыр ғой.

Е с і р к е п. Неге айтыса алмайды? Жіберме есеңді.

Б е к. Айт, есеңді жібересің бе?

Қ а н и п а. Жоқ, айтыса алмаймын, Жәке!

М о л т а й.

Айтысқа шықпағаның сақтанғаның,

Білместі сылтау қылып ақталғаның.

Жеңдім деп ел аулақта желдей есіп,

Бос болып шықпады ма мақтанғаның.

Е с і р к е п. Уай, ендеше, Әсия қарағым, өзің айт.

Қ а н и п а. Айтшы, Әсия, әдібін қолына берші осының.

Ә с и я. Әнді ұмытып та кетіп ем. Сөзде қаңқу жаман.

Б е к. Жарайды, рақмет. Ал, ана үйдегілерді тоқтат.

Ш а б а н

Ұ л б а л а } Уай, тоқтаңдар, Мұнда келіңдер тегіс.

Ж ұ р т. Бәрежелде сөз-ақ, Әсияны тыңдаймыз. Сағынып ек. Айтқын. Молтай да тыртысып бағар. Ал, Молтай, соқ, баста!

М о л т а й.

Әсия-ау, ісіңе әнің көрік екен,
Қасыңда Қанипаң бар серік екен.
Жарыста біз жеңдік деп лақап шаштың,
Жеңіліп, мен сыбаға беріппекем?
Отарды сен баққанда, мен де бақтым,
Табысты сен тапқанда, мен де таптым.
Сый берген Балашов пен Бектер отыр,
Жаланы сау басыма қалай жаптың.
Ш а б а н. Сөз, соқ! Соқ тағы!

Ұ л б а л а. Жабысты ма жез қармақ.

Д ә м е л і. Ойбай, бұл да жез таңдай.

Ә с и я.

Ей, Молтай, айтқаның жөн, қойың бақтың,
Мен қашан жақсы жүрсең жала жаптым.
Өз атын көкек өзі шақырады,
Қалайша он қозының жайын таптың?!
Мен сенің сол сырыңды ашпас едім.
Ес білсең қақпанды өзің баспас едің,
Жеңіліп, жығылғаның ұмыт болды-ау,
Өйтпесе, бүгін бүйтіп аспас едің.

Д а у ы с т а р. Сөз! Жаса! Соқ! Молтайды соқ!

Б е к. Ал, бәлем Молтай. Ақталып көр.

М о л т а й.

Жасырман он жас қозы бір күнде өлген,
Дауыл мен бұршақ соққан сүргінде өлген.
Мал түгіл, ажал келсе адам да өлер,
Талай да талай асыл күлгін де өлген.

Ә с и я.

Сол бұршақ келіппекен сені құрсап,
Қой, қозың өлер екен бұршақ ұрса-ақ.
Ол дауыл бізге-дағы баса соққан,
Қозыны қырмаспедік сенше тұрсақ.
Шыныңды айт шарай топқа, Молтай ерім,
Қозысын тастай қашқан асыл шерім.
Жеңіліп жөн сұрайсың бүгін бізден,
Мен айтсам, жеңілгенің, қашқан жерің. *(Жұрт қатты қостайды.)*

М о л т а й.

Қайраттан мен қаймығып қалғаным жоқ,
Олжаны жатып ішіп алғаным жоқ,

Сәтсіз күн, не сөзі бар шаруамен,
Ол мал басында болғаным жоқ.

Ә с и я.

Айтпағын сәт күніңді сәтсіз күн деп,
Қаштың ғой қозымен бір өлермін деп.
Амандап алтын басың алып қаштың,
Ұялма, қызғаншақтар сөйлер күндеп.
Бұл тойды жұрт аңғармас қандай той деп,
Мен тұрмын той қуанышы Молтай ғой деп.
Он қозы садағасы азаматтың,
Ер басы қор боса да алтын ғой деп.
Бұл тойдың мен айтайын тойбастарын,
Қызығын былай жауып қой басқаның.
Тойлайық, қуанайық барлығына,

Молтайдай елден асқан сер қасқаның. *(Жұрт ду күліп,*

Әсияны қошеметтейді. Молтайға айтқызбайды.)

Д а у ы с т а р. Өлдің, Молтай, мұрттай ұштың! Доғар.

Б е к. Төрелігі Бекендікі, Бекен айтсын.

Б е к б о л. Уай, айтып айтпай несі бар? Алып соқты,
жұлып соқты десең бәрі болды. Атаңа рақмет, Әсия шырақ!

М о л т а й. Жә, халайық, жеңілдім. Міні жолым, міні
сыбағам. *(Домбырасын Әсияның аяғына қояды.)* Ал, тек
бір-ақ ауыз – басқа бір бөгде сөз айтқызасың ба, жұрт?

Ә с и я. Айтсын, айт!

М о л т а й.

Ал, Молтай, жұрт алдында шекіскенің,

Жеңіліп осы болды жетіскенің.

Олжам бар, ойласандар, жоқ еді ғой,

Көп жылдар Әсияны есіткенің.

Әрине, жеңілген жер естен кетпес,

Сүйекке бұдан артық соққы да өтпес.

Жалғыз-ақ Әсиядан ән есіткен,

Молтайдың іші кепсе, іш нәрсе етпес. *(Жұрт қатты
күліп, бұны да жақсы қостайды.)*

Е с і р к е п. Уай, азамат, жеңілсең де жөнді білдің, ер
өзің болдың ғой.

Б е к б о л. Бәсе, жығылса да, жағаласа тұрғаннан без.

Е с і р к е п. Соны айтсаңшы. Айтыста алдырғанын
білмегеннен жаман бар ма?.. Ұялмас бетке жалықпас жақ
бітеді деп. *(Үлкендер тұрып, тарай береді.)*

С а р а. Молтай, мен де сондай ырзамын сізге.

М о л т а й. Е, Сара, оны айтпасаңыз да білемін ғой. Сіздер ақ қойды баққан Әсиядан кімнің озғанын сүйермін дейсіз.

С а р а. Жеңілгеннің бәрі тоқтар жерін сендей білсін де.

Б е к т е н о в. Бұныңызға дауым бар, Сара! *(Екеуі күліп кете береді.)*

М о л т а й *(Әсияға оралады. Орталық оңашаланған, тамақ тартыла бастаған. Кейбір үйлерден ақырын, баяу ән келеді)*. Әсия-ау, осы жұрттың бәрі жеңіп шыққан тап мендей, мені мақтағаны несі осы?

Ә с и я. Жұрт былай тұрсын, Молтай, мен де елден ерек сүйсініп отырмын.

М о л т а й. Әнің шыққанына бір ырза болып ем, әзіліңе тағы ырзамын десем бе екем?

Ә с и я. Қалжыңым топас болып, көңілің қала ма деп ем.

М о л т а й. Көңілі қалғанда мен нені ойсыратам, Әсия?!

Ә с и я. Жоқ, сені ренжітіп, мен несіне жетісем?

М о л т а й. Көңіл қалыспаған құрбыластығың ғой. Айтыспай біліскен қабақтан асыл бар ма екен?

Ә с и я. Сыйластық сақтамаған оңа ма?

М о л т а й. Айтыс былай тұрсын, көптен іш тартып сөйлескен де жоқ едім, шынынды айтшы, жалғыз жүріп, барынды жыр етесің бе, қалай?

Ә с и я. Жыр ететінім рас. Жаңғырығып жартас, тымтырыс тау тындап тұрғандай болған соң әр жайды тере берушем.

М о л т а й. Сондай оңашадағы сырынды да бір тындамаппын. Менен де мақрұм кім бар дейсің?

Ә с и я. Сыр деп менде қай жасырын бар деп ең?

М о л т а й. Өзіңдікін айтпайсың. Менікін сұрамайсың ғой.

Ә с и я. Сыр өзі ашылады. Қолқаға келуші ме ед.

М о л т а й. Ендеше, айыбы болса, бас үстіне, мендегіні бір тындашы.

Ә с и я. Өзім айтқызғалы отырмын ба осы?

М о л т а й. Өзің емес, өзегімді жарған өз ішімдегім еді. Күндер кетіп, жылдар жылжып жатыр ғой. Тірлік өз тілегін етпей қоя ма? Арзан тілек айтпаймын, Әсия. Бір жерде сен жалғыз, бір күйде мен жалғыз. Жастай білген қадірлесім ең. Ендігі қадіріңді мен сақтайын, келер өмірді екеуміз бір

қосайық десем, мен кімге тентек көрінер екем. Алдымен өзіңе жат көрінер ме осы сөзім?

Ә с и я. Ә-й, Молтай-ай, арада талай қиын асу жатқан жоқ па еді!

М о л т а й. Қай, қай асу, Әсия-ау?!

Ә с и я. Біз заманымыздың ұл-қызымыз, алдымызды аңдамасақ азаматтығымыз кәні? Соғыс анау, басың жас, денің сау. Артыңа алаң қалдырып қайтесің? Бұл бір деші.

М о л т а й. Отан қорғаудан тартылып, іркілген мен жоқ ем, бірақ мұндағы еңбегі керек деп жібермей жүр ғой.

Ә с и я. Мен де бұған өзiр емеспiн.

М о л т а й. Нелiктен олай дейсiң?

Ә с и я. Біздің ақ қойдың отары, бастығы Жәкем боп, биыл құмға, сынға барады деген сөз бар емес пе? Солай баратын болса, мен Жәкемді жалғыз жіберем бе? Және өзімнің де жеті жылдық еңбегім сіңген ақ қой екен. Соның қиын да болса, ең қызықты жылы биыл екен. Аяқсыз, тиянақсыз қалай тастайым?

М о л т а й. Әсия, бұл сөзіңнің бәріне құлдық. Ал енді, мен бір ақыл айтайын ба? Ақ қойдың құмға баратыны анық. Бірақ барғанмен, құмның аты құм. Жәкең кәрі, сендер әйелсің. Онда еркек қайраты қажет. Жас қайрат керек. Есекең осы жағынан қатты қорғанып, тартынып жүрген жоқ па! Ал мен болсам, бір басым, әке, шеше менде жоқ. Оның болса, баласы жоқ. Ол менің еңбек досым. Мен қайрат серігі едім. Сен екеуміз баласы неге болмаймыз, қанат, құйрығы неге болмаймыз Есекеңнің? Неге бірігіп болыспаймыз осы сында?

Ә с и я. Сен өз отарыңнан босай аласың ба?

М о л т а й. Ақ қой үшін, әсіресе биылғы жыл үшін кім босамайды. Бір Балашов емес, ол бәріміздің, барлық КИЖдің намысы емес пе?

Ә с и я. Бұл сөзің көңіліме қонды, Молтай. Ендеше, мен бұны Қанипаға дәл осылай айтамын.

М о л т а й. Ол қарсы болмас па екен?

Ә с и я. Ол маған қайын сіңлі ғана емес, мектепте бірге оқып, бірге өскен достығымыз бәрінен бөлек еді. Бүгін-ақ, ең алдымен-ақ ақыл қосарым сол. Ол мақұлдайды.

М о л т а й. Ол мақұлдаса, ендеше, құмға көшпес бұрын тойымыз босын, жарай ма?

Ә с и я. Босын, Молтай.

М о л т а й. Жаным Әсия. Арманым ең, асыл жар. Өзілмен айтыс бастап ем... Жеңілгенім бағым ба екен?

Ә с и я. Менің де мынау жарық айлы кештей, өшкенім жанған шағым ба екен?

Ш ы м ы л д ы қ

Төртінші сурет

Есеновтің кабинеті. Есенов пен Балашов.

Е с е н о в. Ал, Василий Иванович! Қыс тақап келеді. Өзіңіздің ең соңғы байлаулы сөзіңізді естімекпін. Қапыңыз жоқ па? Не айтасыз маған?

Б а л а ш о в. Сәлім Есенович! Мен әзірмін, бірақ мың қойды кіммен жіберемін, кімге сенемін дегенге келгенде, бір Есіркептен басқа жан жоқ. Есіркепсіз құмға бара алмаймын. Ал, оны зорлауға, күйін көріп отырып, тағы да бекіне алмаймын. Шал баласын ойлап, соны тосып көп жылайды.

Е с е н о в. Бұл халден шығыс бар ма, жоқ па, тегі?

Б а л а ш о в. Бір шығыс болуға мүмкін еді, бірақ...

Е с е н о в. О немене еді?

Б а л а ш о в. Әсия Молтайға тиетін болған. Ал, Молтай ақ қой отарына, Есіркепке көмекке биыл құмға баратын болған.

Е с е н о в. Я дұрыс, жақсы ғой, ақыл ғой осы.

Б а л а ш о в. Дұрыс еді, бірақ Әсия Молтайға тиіп, енді соны Есіркепке айту қалған еді. Той да әзірленіп болған еді. Дәл сол күні повестка келіп, Молтай әскерге кетті.

Е с е н о в. Содан соң!!

Б а л а ш о в. Содан соң не босын! Тағы да Есіркептен Сайлыбектің өлімін жасырып, Әсияның Молтайға тигенін тағы жасырып, бәрін жасырып қойды. Не істейді. Бірақ есі бар тәжірибелі қарттар емес пе, уайымнан босамайды.

Е с е н о в. Сүйтіп, енді тағы да бар тетік, бар байлау Есіркептің өз басында. Солай ма?

Б а л а ш о в. Өз басында, бір басында.

Е с е н о в. Ол кісі мұнда келді ме?

Б а л а ш о в. Кеше қалаға менімен бірге келген. Бүгін осында бірге келмек еді. *(Хатшы әйел кіреді.)*

Е с е н о в. Есекең келді ме?

Х а т ш ы. Келді. Жаңа келді, Сәлім Есеніч!

Е с е н о в. Мұнда шақырыңыз. *(Есіркеп кіреді. Сәлім орнынан тұрып.)* Әссәлаумағалайкүм, Есеке! *(Қолын алып амандасады.)* Исекең екеуіміз әдейі сәлем айтып, шақырып ек. Қазір мен министрге келгеніңізді хабарлайын. Сол кісіге барамыз! *(Телефонмен министр Дәуреновпен жалғасады. Телефонда сөйлейді.)* Исеке! Балашов пен Есіркеп келіп, менде отыр. *(Телефонды тыңдап.)* Ия, Есекең де келді. Дені сау, үй іші де амандық дейді. Ал, біз сіздің кеңсеге барсақ деп едік, қазір уақытыңыз бола ма? *(Тыңдап.)* Ә, онда тіпті жақсы, мақұл, мақұл, тосамын. *(Балашов пен Есіркепке.)* Министр өзі келмекші. Есекең келген болса, өзім барайын, сәлем берейін, мені сонда тосыңдар дейді. Қазір келеді.

Е с і р к е п. Рақмет, шырағым.

Е с е н о в. Есеке, осы күнгі шабанның көбі құмды қыстаудан тосаңсып кетті-ау, ә?! Құмның өзі де қыспен бірге қабағы салбырап, адамды жүдетіп тұратын ауыр өлке ғой?!

Е с і р к е п. Е, көптен құмға бармаған шабандардың шау боп кеткені бар ғой, Сәке? Бірақ өзіміз бала күннен-ақ сол құмның құланындай шұқырында туып, шоқысында ойнап өскеннен бе, құм қорқытады екен демейміз. Қайрат барда, көңіл берікте құм уайым, қыс уайым ба, тәңір. Кейде бір уайымға құмды айтсаң, екінші уайым қайрат қайтқан көрілік болады. Үшінші, үй-жәйдін, өмір жәйдің үзілмес мұңы тағы жүреді. Бәрінен де сондайды айтсаңшы.

Е с е н о в. Рас айтасыз. Құм да, құм емес те көңілде алаң болса, уайым болса, салбырап жүдеу көрінеді ғой. Сонда құм жүдеу көңілге әсіресе жадау болады ғой.

Е с і р к е п. Өзің құмда болғаның бар ма еді, тегі?

Е с е н о в. Бар еді, Есеке. Жаңағы өзіңіз нобайын айтқандай, басымнан кешкен бір ауыр шағым бар еді. Ол кезде жасым он бірде болатын. Өзім деген ағам бар еді. Әкеден ерте айрылып, сол ағамның тәрбиесінде өскем. Азамат соғысының уақыты, ол кісі большевик еді. Жұмыскерден шыққан, қазақтың алғашқы большевигінің біреуі болатын. Сібірге Колчак орнап, ағам қашқылықта жүрді. Бір шақ ақтар, алашордалар ұстап апарып, қатерге түсті. Кол-

чактың өлім вагоны деген вагонына салып, Сібірдің алыс бір жағына алып бара жатыпты. Сонда ағам жолдан қашып, аман-есен елге келді. Бірақ ауылға жетуі мүң екен, артынан он екі кісі отряд қуа келіп, тағы ұстап алды. Қасымыздағы орыс поселкесінің кедей крестьяндары ағаммен дос болатын. Түнде соларға шауып барып, хабар айттым. Әкем жоқ, өзге аға-бауыр жоқ. Шешеміз зарлап жүр. Әлімді отряд әкетіп барады деп жылап айттым. Сонда поселкенің жиырма шақты жігіті шапшаң қаруланып келіп, отрядты тегіс байлап алып, ағамды азат етті. Ағам Түркістанда большевик үкіметі бар, Бетпақтың құмынан өтеміз де, сонда барып, Отанымызды табамыз. Сені сонда оқытамын деп, мені ертіп алып, жол тарттық. Қыс түсті. Қалың құмның ішінде Шу аяғына тақай бере елге іліндік. Әлі де алда алыс жол бар. Елге іліндік те, жаңа бір көз ашыла ма дегенде, үлкен сорға түстік. Ағам сүзек болып ауырып қалды. Мен бала, жолдасымыз елді жөнді білмейтін тек бір момын адам еді... Құмды сонда көрдім. Үйге кірсем, ыңқылдап, өне бойы от жалындап, қиналып, азап шегіп жатқан ағам. Жалғыз ағам. Елдің көптігі, дүниенің кеңдігі немене. Менің басымдағы бар аспан жылап тұрғандай бір ағамның тілегіндемін. Тысқа шықсам, сонда құм, айнала құм, құлазыған өзі суық, өзі сараң, сұр дүние. Жасым он бірде-ақ. Қуат-қайратым да жоқ. Әрі жалғызбын. Әрі білген білігім де жоқ. Ағам жайланып жататын жақынымыз да жоқ, танысымыз да жоқ. Сол ыстығы асқындап тұрған қатты аурудың үстінде және бір ауылдан бір ауылға жылжып ауысып жүріп, ауырып келеді. Бір күні бір қадам болса да Түркістанға қарай, совет үкіметі бар жерге қарай жақындай бергіміз келеді. Алдымызда асқардай. Сол асқарға өрлеп шықсақ, ар жағында амандықтың, жақсылықтың, кішкене өмірімнің күні күліп шыққандай болады. Бірақ құм. Құм – тауымен, қу – шұқырымен, сараң шөп ыраңымен, сояу қурай сүткенімен күн сайын бір күйден аумайды. Жүдеу күй. Жүріс баяу, жол өнбейді. Күнде құм, күнде құм. Сол жолда жүре ауыра бейнет шеккен ағам, жер ортасы көктөбеде қаза тапты. Өлерінің алдында бір арманы мен едім. “ Әкеңнен бір жетім қалып ең, жетім етпеспін деп ем, менен тағы жетім қалдың-ау. Енді кішкене жүрегіңе қайраттан басқа жиярың жоқ. Өлмейсің. Құмнан да

қорықпа, басындағы ауыр күннен де қорықпа. Тарта бер, алға қарай тарта бер. Алдында Түркістан, большевик Отаны. Мынау менің хатым да арызым. Қай шаһарға ілінсең, сондағы партия, басшылық орнына көрсет” деп, қолыма қағаз берді. Мен сонымен бала өмірімнің ең алғашқы ауыр күндерін бастадым. Жаңа айттыңыз ғой, құмда көңіл орнында болса, бәрі оңай деп. Мен сонда ағам кішкентай сәл тәуір болғандай, бері қарағандай болса, қуанып қарағанымнан ба, білмеймін, құм таулары да, шұқырлары да, жайылған малы, жайғасқан елі де сондай бір жақсы рахат дүние сияқтанып кетеді. Ал, ағам қысылса, құм дегеніңіз мойныма түскен қыл тұзақтай, темір құрсаудай көрінеді құтқармастай. Сонда байқап едім, қайда жүрсе де кісіге құм қиын емес, көңілдегі күй қиын екен. Үміт пенен қуаныш, қуат серік көрінсе, ақыл, қайрат сүйеніш боп жүрсе, құм да бір, күз да бір екен.

Е с і р к е п. Ой, Сәке-ай! Сен де жас басыңнан осындай ауыр күй кешіп едім десеңші. Қабырғаны қайыстыратын жәй екен. Ібретті әңгіме екен ғой мынауың. *(Дәуренов кіреді, Есіркепке сәлем беріп, амандасады. Бектенов пен Бек бірге келген.)*

Д ә у р е н о в. Есеке! Сізге ақыл салудан бұрын, әуелі мына басқа жолдастарға бір жәйді мәлім етейін. Соңада, көктемде болған мәжілістен соң мен, біздің ЦК мен Министрлер Советінің рұқсаты бойынша, Москвада, Одақтық орындар алдына мәселе қойғамын, жаңа тұқымды ұсынғамын. Және осы қыс бойында, сол тұқым туралы бар сындарыңызды жасаңыздар. Көктемде, қой қоздар кезде, соңғы сындарыңызды ада қып, қорытындыңызды айтыңыздар дегемін. Соған бүгін хабар келді. Москвадан тұқымды сынап алатын арнаулы комиссия белгіленіпті. Бұл жерден сол сыншы комиссияға мүше қып біздің Першин мен мына Бектеновті алыпты. Сүйтіп, ол жақ ісімізді сынменен қорытуға осылайша әзір отыр. Жә, біз қалаймыз?

Е с е н о в. Біз сынға шыдаймыз да, барды саламыз дегеміз жоқ па?

Д ә у р е н о в. Ендеше, неге мына институттың директоры Бек жаңа маған келіп, әлі қалай бекінеріміз мәлім емес, қыс құмға барамыз ба, жоқ па, анық байлай алмай отырмыз дегені несі.

Е с е н о в. Рас, дәл сол жердің ақылдасатыны бар, Исеке.

Д ә у р е н о в. Сонда биыл қыс тағы созып, тағы құмға бармай қалу мүмкін бе? Онда сыннан өткеніміз қайсы? Тегі, құмнан өтпей, алты ай қыс сонда қыстатпай, сол құмда қоздатпай, қорытынды жасай аламыз ба? Бектенов, сіз не айтасыз?

Бектенов. Құмда қыстатпай, қорыта алмаймыз. Жаңа тұқым туды деп ауызға да ала алмаймыз. Қасиеті бар қойдан бөлек дегенде, құм мен таудың өзгеше қойы дегенде, нені айтамыз? Ондай халді профессор Балашовтың өзі де жақтамас деймін.

Б а л а ш о в. Құмда қыстатпай, соңғы сыннан, қорытынды сыннан тұқым өтті деп мен айтпақшы емеспін.

Бектенов. Қысқасы, жаңа тұқымға құмға бару қажет. Болмаса, Мәскеудің жаңағы, жолдас министр айтқан комиссиясы да қабылдамайды. Комиссияның бір мүшесі мен екем. Алдын ала айтып қояйын – көктемде құмға қоздатпайтын болсаңдар, сондағы нәтижелеріңді көзіммен көріп, қолыммен ұстап шықпай, ең алдымен мен өзім қостамаймын.

Б а л а ш о в. Қостамаңыз. Мен өзім де оны сізден сұрамаймын. Үйткені әзір емес бір қойым жоқ. Мың қойлы отарды жаңа тұқымның бар санын, жұтағаны жұтап қалар, түгелімен құмға, сынға салмақпын.

Д ә у р е н о в (*Бекке*). Бек, енді сені бөгеп отырған тұсауды айтшы. Сен неге осы ең соңғы жарым жылда, бір қысқа келгенде жалтақтап, күдіктене бересің?

Б е к. Исеке, күдік иесі тек жалғыз мен болсам, жарам оңай ғой. Тәжірибеге барып салғалы отырған профессор Балашов әзір. Бірақ бұ кісі бір жағынан әзір де, бір жағынан ауыр салмақ күдік айтады.

Д ә у р е н о в. Сүйтіп, бар байлаудың тірелген жері Есіркептің өзі десенші. Сөз жүйесін тапса, мал иесін табады демейсің бе!

Е с е н о в. Ал, ендеше, мал иесінің өзі айтсын да, Есекең айтсын.

Е с і р к е п. Сай сайға құяды, бәріңнің сөзің сарқып келіп, бір сағаға құйып жатқанын сезіп отырмын. Мен ойымда өзгем бар, бөлек жайым бар деп, ойдағымды айтып қайтейін. Менің де қазір көкейімде отырған біреу-ақ, тек сол он үш жылдың, мына Балашов бастаған еңбектің

бір тетігі, тиянағы болса екен деген арман. Бірақ жақсы болғанмен, серіктерің әйелдер, мен босам қайраты аз, шал боп барам. Балашовты аяймын. Малды аяймын. Мені осыдан азат қыл деп, ашып айтуым абырой ғой деп отырмын.

Дәуренов. Есеке, бұныңыз арзан сөз емес. Бұлдану емес, шыныңызды айтып отырсыз. Бірақ бұл қой тұқым болған күнде, шын асыл нәсіл болған күнде де, бақташыны ылғи тепсе темір үзетін жастан, сауыт киіп, сайман асынған батырдан, балғыннан ғана жиып береміз деп кім кепіл болады. Сөзді кесіп айтайын, асыл тұқым екені рас болса, со сіздің әлсіз күшіңізбен де асылдығын көрсетіп, ақтап шықсын. Біздің сенгеніміз сіз, сізге сенбейтін қой болса, онда өлмесе, ома қапсын.

Балашов. Рас айтады. Мың қойға жүз қойшы салып, жаңа тұқым таппай-ақ қойдым.

Есенов. Есеке! Бұл да бәріміз үшін керек және сізге де арылып алатын, ашық сөз. Ерекше қайрат тілемейміз, тек осы күнгі Есекендік қалпыңыздан басқа түк тілеріміз жоқ.

Есіркеп. Тәңір-ау! Құмға жалғыз өзім барып, жұтатып, қырып жатсам да, маған сын жоқ дегеніңіз бе?!

Дәуренов. Сын жоқ дегеніміз. Сіздің қолыңыздан жұтаса, сіз білген, сіз жайған құмды жерсінбесе, сын жоқ. Дегеніміз деген.

Есіркеп. Енді кесесе беріп, саудалай беріп қайтейін. Бұны да Отан тілегі дейін. Қартайсам да, бір майданның жекпе-жегіне бір шығып көр деген кезең екен. Майдан жалындаған жастың қыршын өмірін де қиып жатыр ғой. Соларды ойлағанда, менің аянар нем болар дейсің. Сүйтіп, мен барайын, Балашов жолынан немді аяйын.

Балашов *(барлық ырза болған адамдардың ырзалық сөздерімен қатар)*. Есеке! Рақмет! Ес білгеннен бергі еңбекті өмірімнің қақ жарымының қорытындысы еді. Сондықтан да сенсем саған ғана сенем деп, барымды берсем, сенің ғана қолыңа берем дедім. Менікі ғана емес, көп табысы өзіңдікі де. Барлық жәйді өзің таптың. Қадірлі қартым, досым, жолың болсын. *(Екеуі бірінің-бірі қолдарын қысып, қатты құшақтасады.)*

Ш ы м ы л д ы қ

ҮШІНШІ АКТ

Бесінші сурет

Қыс. Құм іші. Құм төбелер арасындағы шұқырда отырған жалғыз үй, Есіркеп үйі. Үйде Әсия, Қанипа.

Қ а н и п а (*тыстан келін*). Бүгін тағы тұрақтамайды ғой деймін. Шұбыра береді. Шұбыра береді.

Ә с и я. Тұмсығы ілінсе тұрып алушы еді, шөбі әбден біткен ғой, бұл қоныстың да.

Қ а н и п а. Қойдың бүйірі солып, ашыға бастағаны да бар.

Ә с и я. Қыс ортасы да болған жоқ. Бұл кезден жүдетсек не болады.

Қ а н и п а. Тағы көшпей, тағы құмға батпай болмас. Елден де шырқап ұзап барамыз жалғыз үй.

Ә с и я. Жәкем құмнан қоныс тауып келсе жарады. Оның да шөбі жаман боп жүрмесе...

Қ а н и п а. Онда жайылыс болмаса, қайда барарды кім білсін. Бұ да бір уайым боп тұр.

Ә с и я. Осындай күнде... Қыс қысылшаңына отар жаңа түскенде, қиын күнде мені айтсаңшы.

Қ а н и п а. Менің де ойым он бөлінеді. Қойды бір ойласам, сені екі ойлайым. Жәкем білсе, ол не дейді.

Ә с и я. Рас, айналаңның бәрі тығырық боп кетті.

Қ а н и п а. Япырай, Молтайға тигенінді күздің өзінде неге білдірмедік осы кәрілерге.

Ә с и я. Амал қанша, Молтай кетпесе, білдірер едік. Ол болса, әскерге кететін болды. Бірге тұрмайтын болды, әзірше. Ерте күйіндіріп қайтеміз демедік пе кәрілерді. Алғаннан айтпадық қой бұл кісілерге. Бір қыс та болса, мына қысқа әсіресе білдірмей-ақ сыр қып сақтайық демедік пе! Озің айтқан ақылың да сол емес пе еді?

Қ а н и п а. Айтып ем, рас... Бірақ сол енді қапы боп тұр ғой.

Ә с и я. Менің бүгінгі мына жәйім болмаса, ол қапы болмас еді ғой. Бірақ мынандай болады деп кім ойлады.

Қ а н и п а. Мен апамды бірдеме етіп жұбатар ем, тоқтатар ем-ау алдасам да, Жәкемді айтсаңшы енді.

Ә с и я. Апам не деді? Не деп жылап жүр? Қашан айтып ең?

Қ а н и п а. Бағана таңертең айтып ем. Қой шетінен қайтпай жүргенін көрмеймісің? Көз жасын үйде көрсетпейін деп жүр ғой.

Ә с и я. Қайран апатайым-ай! Шешемнен де жақын едің-ау. Не деді? Айтсаңшы!

Қ а н и п а. Қарғам-ай, Сайлыбекті не деп қиды деп бір жылады.

Ә с и я. Қайдан білсін? Молтайды білді ме?

Қ а н и п а. Айттым ғой. Соған тиетін болған, мен де сырларын білетұғын ем. Әлдекімнен дегізбей, әкесі бары да тәуір екен деп, оған біраз тоқтағандай болды.

Ә с и я. Үйтпесе апам бола ма?

Қ а н и п а. Қыс аяғына жеткенше жасыра тұрсаңдар нетуші еді деп те көрді. Баласы қозғалыпты деп ем, ендеше шал білмей қоймайды. Ол білсе, отқа түседі. Анық сормынау ма еді деп, осыдан соң ағыл-тегіл жылап жөнелді. Сайлыбек өлген ғой. Бұл – бір сұмдық емес, көп қаза ғой менің басыма келген. Айтпай тығып жүрсіндер ғой, өлген ғой жалғызым деп, Сайлыбекті жоқтап, дауыс айтып қалды. Ана жүрегі жаңыла ма.

Ә с и я. Соңғы тірегі сол үміті еді...

Қ а н и п а. Әлде бір ойдан екеуіне Сайлыбектің өлгенін естіртсем бе екен? Сонда сенің бар шыныңды да айтар едік. Қылмысты кісі болмай, жазықсыз болар ең. Әйтпесе бұлар көзіне ұятты кісі боп қайтіп жүресің.

Ә с и я. Жоқ, Қанипа. Бұны айтпа. Баласы өлгенін қазір білсе, мынау елсіз, күнсізде екі көрі жылаумен көздері көр болады. Түс көрсе, бал ашса, үмітпен жүр ғой. Мынау қинау қыста ендігі жалғыз тіректерін құлатпа. Онымен түзелетін дүние жоқ.

Қ а н и п а. Сенімен араз боп, саған лағынет айтса, әрі Молтай жоқ, әрі мынау шағында, сенің өзіңнен не қалады? Кінәсіз күйіп, отсыз өртенумен сен қайтіп жүресің?

Ә с и я. Мен жаспын ғой. Мен көтерем, өлер деймісің. Тек көрілерді өртеме. Бұныға рұқсатым жоқ.

Қ а н и п а. Барлық қиыншылықты бір басыңа алғаның ба?

Ә с и я. Қиыншылық деп қайтер дейсің. Арам жүріс емес. Өмірім де адал. Еңбегім де адал. Тек Жәкем ашу үстінде аулақ кет демесе болғаны.

Қ а н и п а. Оны да істемейді демейік, көрі кісі ғой...

Ә с и я. Тіпті қуса да, отар сыннан шықпай, мен тастай алам ба? Халық тапсырған қарызымды тастап қашам ба?

Қ а н и п а. Бәсе десеңші. Бірақ Жәкемнің ашуы қатты еді. Томырық қой, не деп, не қыларына көзім жетпейді. Не деп тоқтатарымды да білмей тұрмын.

Ә с и я. Мен де дәл өзіндеймін. Құр қысылғанымнан басқа ақыл да табар емеспін.

Қ а н и п а. Тым құрса осыны Молтай біліп жүрсе де бір сәрі еді.

Ә с и я. Соңғы хатым әлі жетпепті. Бірақ мынау алдыңғы хатында сондай бір жұбаныштар айтқан. “Асыл жар” деп өлең шығарып жазыпты. Мені сондай тілек, тірек барда қайғы жеңбес. Тек қарттарды қажытып алмайық. Онда отар ойран болады. Осыныма бақ.

Қ а н и п а. Сүйтіп, Жәкеме жәйді айтамыз ғой?

Ә с и я. Жүзім шыдамайды, бірақ енді жасыратын жәй қалған жоқ. Айт, өзің айт.

Е с і р к е п (*келеді*). Балаларым, менің үш күндей құм кезіп, не тауып келгенімді білдіңдер ме?

Қ а н и п а. Не таптың, Жәке?

Ә с и я. Шаршап, қажымадыңыз ба, Жәке? Үш күндей құмда түнедіңіз бе?

Е с і р к е п. Құмда түнемей, кім үйін тігіп тұр еді, балам-ау! Азығым бар, атым мықты. Құмға бір кіріп алған соң армансыз шолып алайын, қыс қыса берсе, ақ қойдың жаны қайда-қайда қалады деп, даланың тағысындай жорта бердім.

Қ а н и п а. Сүйтіп, енді құмға көшеміз ғой!

Ә с и я. Құм өзі жақсы ма екен? Бұнда қой жүдеп барады ғой.

Е с і р к е п. Қой жүдеп қапты. Жаңа жолай қарап кетіп ем. Енді бір күн аял қылмастан құмға тарту керек. Құмның бергі шеті соя екен. Бірақ арырақ кірсем, қызығы сонда шықты. Биыл изені етектей, еркек дейтін шөбі де тықыр боп, дәнді боп шығыпты. Балаларым, сендермен ақыл қосқалы отырмын. Жұртымыз сенді, азамат атаулы сендер мен Балжан төртеуімізді төрт батырдай көріп

отыр. Ақ қойдың отарын амандап ығамыз десек, енді артқа, өзге елге алаңдауды қоялық. Қыс ортасы осы ғой, құмның от жерлерін қуалап көше берейік. Қай шұқырда он күн, қайда он бес күн жайылыс бар, қай жерде отын болар сүткен бар, ескі көң бар. Бәрін тегіс болжап келдім. Осыдан көшкенде қонатын шұқырдың басына қарақшы да тігіп келдім. Енді екеуің отарыңды амандай, ілгері тарта беруге шыдаймысыңдар, жоқ па?

Ә с и я. Әттең, Жәке-ай? *(Шұғыл өзгеріп, шығып кетеді.)*

Е с і р к е п *(жалт қарап, сескеніп қан)*. Бұ қалай? Кебім жақпады ғой Әсияға. Бұған жақпаса, мен қайда барам. Тас дінгектей сүйенген, сенгендерім сендер емес пе ең? Әсия емес пе еді? Ол ұнатпады ма? *(Балжан кіреді.)* Енді қайтіп қойды амандаймыз? Не болған? Бұнысы қалай, Қанипа-ау. Ақылдасқысы да келмеді. Құмға да бармайық дегені ме? Айтсаңшы жәйін. *(Қанипа үндемейді.)* Сен айтшы тым құрса. Не болған өздеріңе, түгі? Әсия бұрынғы Әсия емес қой.

Қ а н и п а. Жәке, оның рас, Әсия бұрынғы Әсия емес.

Е с і р к е п. Не деп тұрсың? Маған өкпелі ме?

Қ а н и п а. Саған өкпелі емес, сенен ұялып, жүзіңе қарай алмай кетті.

Б а л ж а н. Ұялғанынан жерге кіргендей болады сорлы, бақыр. Менен де бүгін түскендей именіп жүр.

Е с і р к е п. Е, не ғыпты, не жазыпты ол?

Қ а н и п а. Жазғаны сол, Жәке, Әсия жүкті боп қапты. Ішінде төрт айлық баласы бар.

Е с і р к е п. Не дейді, не дейді, тәңір-ау, мына сорақылар. Аядай үйіме, аялап алақаныма салған күйіме, не деп тұрсың. Шын ба, сен, сен айтшы-әй!

Б а л ж а н. Не дейін, мен не дейін, байғұс-ау! Жаманат жалған болушы ма еді?

Е с і р к е п. Бұны естігенше, өл, жоғал десең етті. Сайлыбекті сүйтіп қор етті ме? Енді несіне жүр менің қасымда? Осындай жат па еді маған Әсия? Бұндай деп пе ем? Бұнысын білсем, сенер ме ем, биыл берер ме ем елге сертімді. Япырай, тірідей ел бетін көре алмастай, көрге көмді-ау мынау мені. Жоғалмай неге жүр? Қайтермін. Жоқ, өлсем де құтылам мұнан, кетсін, кетсін. Жоғалсын көзі. Қарасы өшсін, қараң өшкірдің. *(Әсия кіреді.)*

Қ а н и п а. Абайлап айтсаңшы, Жәке. Айналанды ойлап айтсаңшы.

Е с і р к е п. Ойлайтын нем қалды. Құрттыңдар ғой мені. Құртты ғой Әсия. Іште бір жара, тыста бір жара боп шықты ғой. Мал мынау. Қыс. Жұт алқымнан келгені тағы міні. Күзден неге өшпеді қарасы. Мені ел аулаққа, есізге, құмға әкеліп, көзімді оямын деген қастығы ма еді? Неге қалмай мұнда келді.

Қ а н и п а. Жәке, қатты айтсаң да, қата айтпасаңшы.

Е с і р к е п. Қай сөзімде қата бар екен?

Қ а н и п а. Әсия саған еріп келген жоқ. Шаруаға сенімен тең ие қып, өкімет жіберген соң келмеді ме?

Е с і р к е п. Менің үй ішім, менің балам боп келмеп пе еді, не айтып отырсың?

Қ а н и п а. Айтқаным сол, қорлама Әсияны. Өзі де жетісіп жүрген жоқ.

Е с і р к е п. Е, со жаққа шыққансың ғой, тегі.

Қ а н и п а. Айтарыңды айтып болдың, Жәке. Енді ойланып сөйле.

Е с і р к е п. Болыстым де сөйтіп.

Қ а н и п а. Болыстым, рас.

Е с і р к е п. Ә-е, солай ма? Ендеше, бірігіп ап аластағаның мен екем. Мен кетейін. Жақсы ит өлгін көрсетпейді деп еді. Ит құрым жоқпын ба? Жоқ болайын, бұл қорлықты көтеріп тірі жүргенше.

Ә с и я. Жәке, Жәкетай, сіз неге кетесіз! Сіз жан баласына жазықты емессіз. Кетуші табылады. Көзіңізге күйік болмай, кетейін, мен кетейін.

Е с і р к е п. Рас, Сайлыбектен жолыңды айырған соң, мені нағыласың. Бетіңнен жарылғасын.

Ә с и я. Жарайды, ендеше, сыйыса алмадым ғой, мен кетейін. Қаңғып кетсем де, қазір-ақ кетейін. *(Киімін қамдап, жөнелуге айналады.)*

Қ а н и п а. Тоқта, Әсия.

Е с і р к е п. Тоқтатпа.

Қ а н и п а. Осының шының ба, Жәке?

Е с і р к е п. Жәйіңе отыр, Қанипа, күйдірме!

Қ а н и п а. Олай болса, ал мынау үйіңде өзін қал. Жалғыз қал. Мен де саған жоқпын. Мен де кеттім. Әсия, аяғың ауыр күйінде есіз құмның ішінде қаңғыртпаймын жаңғыз сені, мен бірге кетем. Ала кет мені.

Б а л ж а н (*екеуін ұстан*). Құдай-ау, не деп тұрсың, түге? Сен екеуің мені көзіңе ілесің бе, жоқ па? Ұрысқан әкең, ал менің не жазығым бар еді? Мен анаң, мені қай жағына тастап барасың екеуің, тегі.

Е с і р к е п. Кетсін, түге. Кете берсін. Жоғалсын бар азғыны көзімнен.

Қ а н и п а. Кетеміз. Жібер!

Б а л ж а н. Кетпейді, кетпейсің. (*Ат дүбірі естіледі.*) О, тәңір, қарс айырылды ғой сорлы жүрегім. Сорлы басым қаңғыды ғой. (*Балашов, Бек кіреді. Амандық, үй іші жым-жырт.*)

Б а л а ш о в. Немене, амансындар ма? Шал, халің қалай?

Б е к. Әсия, Қанипа, дендердің сау ма? Малдарың аман ба? Шеше, күйің қалай? (*Амандық солғын.*)

Б а л а ш о в. Қойың жүдеп, қинап тұр ма, Есіркеп?

Есіркеп. Я, қой қинады. Қинады ғой, Балашов.

Б а л а ш о в. Қойыңды жаңа көріп келдік. Көп қойдың бүйірі солып қапты. Құмға жете алмай отырмысың?

Е с і р к е п. Менің қанатым қырқылып отыр.

Б е к. Не болған өзі? (*Әсияға қарайды, ол шығып кетеді.*) Немене, шығындарың асып бара ма?

Е с і р к е п. Шығыным асып тұрғаны рас. Бірақ әзір мал шығыны емес, адам шығыны. Баламдай боп кеткен мынау жаңағы келінім өліп отыр.

Б а л а ш о в. Не дейді. Қандай жұмбақ?

Есіркеп. Жұмбақ сол. Жақсы келдің. Келініммен айрылғалы отырмыз. Ол кеткелі жатыр.

Б а л а ш о в. Ол қалай, Әсиясыз бола ма?

Б е к. Онсыз отар не болады?

Е с і р к е п. Отарды ол ойлайтындай емес. Балам жоқта бала көтеріпті. Жүкті бопты. Кәрі мені құмға әкеп, жерге тықпақ бопты. Соны жаңа біліп, не ол кетсін бұл үйден, не мен кетейін деп отырмын. Оны кетірсең, мен бірге кетем деп, мынау қызым Қанипа жаңа бірге жиналды. Осы тойдың үстіне кеп отырған жоқпысың екеуің.

Б е к. Қанипа-ау, бұ не, жарықтығым-ау?

Қ а н и п а. Онысы рас, Әсияға Жәкем кет деді. Ол кетпек болды. Елсіз, күнсізге екіқабат Әсияны жалғыз жіберіп мен адаммын ба, жоқ қасқырмын ба жаны ашымас? Төрт

жыл күйеуін тосқан да сол еді. Бұзық емес еді. Соны ұғын-басақ, адам болғанымыз қані. Өзі де бір жағынан малды ойлап, бір жағынан Жәкемнен қысылып өлердей боп жүр, қайтейін, мен қайтейін.

Е с і р к е п. Балашов-ау! Қазақ пенен орыста, алыс пенен жақында қай күн қысылсаң, сол күн ақыл саларым өзің ең. Айтшы осы. Осындайға қай әке шыдайды? Мен осы бауыздалып өлсем, орынсыз деп айтар жан болар ма?

Қ а н и п а. Сөзі міні осы. Не кетем, не өлем дейді. Әкемдей болған едіңіз, Балашов, бабын табыңыз мына дертіміздің. Айтыңызшы ақылыңызды.

Б а л а ш о в. Есіркеп, маған ақыл саласың. Ал, мен айтатын ақылым, ойлансаң, ашуланбай ойласаң, өзің білмейсің бе. Сен өзің бар шабанға ақыл айтатын адамсың. Сенің келінің, қызың жаман адамдар ма еді? Бұзық емес еді ғой. Бірақ жас болған соң, жастық болмай ма? Соны білмесек, сені мен біз неге көп өмір жасадық, ойланбасақ бала болмаймыз ба. Бұл жерде сенен де, менен де Қанипа ақылды болып тұрған жоқ па? Ойланшы, қарт.

Е с і р к е п. Жоқ, жоқ, айтпа, Балашов. Кетір, кетір бірімізді. Айыр. Айырындар мені мына келінім, мына пәледен.

Б а л а ш о в. Ойланбадың ба? Сөзің тек осы ма, Есіркеп.

Е с і р к е п. Бұдан айырмасаң, мал да қырылады. Ақылдасым болған да қанатым еді. Енді үй ішінде оқтай атысып отырып, ол қайтіп малға қарайды. Мен қайтіп алаңсыз қайрат етем. Сөзім біреу-ақ. Айырындар. Әкетіндер ертең. Әкете көріңдер.

Б е к. Есеке-ау, үшеуден үшеу қалып, сілең қатады ғой.

Е с і р к е п. Сілем қатса қатсын. Соны жоқтатпасты өзіме алам. Өлсем де осы отарды амандап өлем.

Б а л а ш о в. Оған рұқсат берер біз емес. Сенің қолыңнан өлмеске жұмсайтын қасың біз емес. Әсиясыз күшің жетпейді. Босқа өлтіре алмаймын сені мен.

Б е к. Тым құрса біз қайтып кісі жіберейік, соған шейін шыдаңыз, Есеке!

Е с і р к е п. Жоқ! Оған да шыдарым жоқ. Бір күн бірге кешу жүз күн қуатымды алады. Сенемісің осыған, жандарым.

Б е к. Есеке! Біз сізге артқан міндетті Әсияға да артқамыз. Оның мойнында да өкімет алдында жауаптылық

бар. Жаңағы сөзіңізді ойланбасаңыз, сіз қателесесіз. Әсия сізге келін болса, өкімет алдында жауапты қызметкер. Мемлекеттік міндет үстінде тұрған қызметкер. Сіз босатсаңыз да, мына күнде біз міндеттен босата алмаймыз. Арттағы отарлардың не боп жатқанын білдіңіз бе сіз?

Қ а н и п а. Не боп жатыр?

Б е к. Көріп келдік. Осы құмға шейін қар қалың түсіп, сіреу боп қалды. Бар отарда жұт араласып отыр. Жем, көмек және жете алмайды. Аман қалсаң, қалатын тек өзін ғана деп келмедік пе?

Б а л а ш о в. Сонда да құм сақтайды деп, тезінен құмға көшіргелі келдік.

Е с і р к е п. Құмға мен өзім де бүгін кеткелі отырған жоқ па ем?

Б е к. Бәсе, онда біз бірге көшіріп, апарып саламыз. Ал, сізге құмда бір төрт емес, тағы төрт жерде төрт кісі болса да аздық қылмай ма. Әсия кетсе, бар тынысың біткені емес пе?

Б а л а ш о в. Тым құрса біз қайта қайтып, орнына кісі жібергенше, шыдам тап. Болмаса... Бітті, бәрі бітті. Қырылды деп біл. Бар еңбек... Бар мал. Өзім өртедім, жоқ қылдым де.

Е с і р к е п. Ойпырай, қинады-ау мені мына күн. Отқа салды-ау мына күй. Еркiммен кеп, ерiксiз торға түстiм-ау. Бүйткенше, бейбiтшiлiкте отырып бомбы түскендей, бұлан-талан үйде отырғанша, анау жемiт жауға қарғыс оғымды атып, жастығымды алып өлсем еттi...

Ш ы м ы л д ы қ

Алтыншы сурет

Құм шұқырдың ішінде Есіркеп үйі. Бұл сахнаның бір шеті.

Өзге жердің көбі сырт. Құм таулар. Үй биікше жерде.

Арырақ ойдым-ойдым, онда қой жатқан тәрізді. Түн.

Аспанда ауыр қара бұлттар көшеді. Әсия қой күзетіп жүр.

Ә с и я (*жалғыз, ақырын ән салады*).

Асыл жар ойлаймекен әріптесін,

Болғандай егіз қозы серіктесін.

Оны – еңбек, мені майдан сынаса да,
Тірлікте тілек аумас беріктесін.
Асыл жар, қажыр, қайрат серік босын,
Азамат қасиеті көрік босын.
Жалынмен жауды жойып, елге келед,
Деген ой жар көңілінде берік босын.
(*Қанипа шығып тыңдайды.*)

Сағынғаным,
Асыл жарым,
Өзіңді аман көрмек –
Көңіл зарым.

Асыл жар – берік серік, өмір досым,
Кеткелі бір өзіңмен көңіл қосып,
Қос қанат қуаныштың оты жанад,
Сәт сағат табыспақты жүрмін тосып.
Сағынғаным,
Асыл жарым,
Өзіңді аман көрмек –
Ынтызарым.

Қ а н и п а. Тыңдап қапшын. Әнге түскен бе, Молтай хатындағы “Асыл жар?”

Ә с и я. Дауылды түн болса да, адастырмас жұлдызымдай серігім болды.

Қ а н и п а. Аяғында қайырмасы жоқ еді. Өзің қостың ғой. Қалай дедің? (*Әндетеді. Әсия қосылады.*)

Сағынғаным,
Асыл жарым,
Өзіңді аман көрмек –
Ынтызарым.

Ә с и я. Хат та, хабар да жоқ. Молтай жәйі да мұң боп барады. Соны қосқаным ғой.

Қ а н и п а. Бүгін Молтайдан бір дерек болар-ау деп өзім де күтіп ем, болмады ғой.

Ә с и я. Бірнеше айдан бері бір тіл әкелуші жеткен екен. Содан Молтай хаты келмеген соң... Не болғанды кім біледі... Бірдеңе бұ да сезу ме... ішімдегі кішкентай құлыншағым да бүгін кеп қозғалады.

Қ а н и п а. Қойшы, апамша бал ашпай. Хаттар кешігіп келіп те жүреді ғой.

Ә с и я. Аз заманда кішкентай дүниеге келеді екен. Бірақ бұны бөтен көрер, жат көзбен қарар дүние жоқ па?

Қ а н и п а. Кішкентай балаға қанша дүние қажет.

Ә с и я. Жәкем әлі күнге маған бір ауыз тіл қатқан емес.

Қ а н и п а. Бір Жәкем бе?

Ә с и я. Одан басқа кімім бар?

Қ а н и п а. Одан басқа кең дүние, ел-жұртымыз бар.

Ә с и я. Олар менің бұл жайымнан не біледі? Білгенде не деп қарайды.

Қ а н и п а. Олар біледі және сені кінәлап отырған жоқ.

Ә с и я. Өзің де бал ашып тұрмысың, қайдан біледі.

Қ а н и п а. Таң атқан соң жарықта өзіңе көрсетіп, қуантайын деп ем. Газет бетінде біздің отар туралы, сын еңбегіміз туралы үлкен сөз жазылыпты. Жәкем мен сенің еңбегінді аса мақтапты. Екеуіңнің суретінді де басыпты.

Ә с и я. Не дейсің, айналайын-ау! Мені де шын жазып па?

Қ а н и п а. Жазғанда қалай! Суретінді тіпті үлкен қып, Жәкеммен бірдей етіп басыпты.

Ә с и я. Айналайын елім-ай! Әнеугүні суретімізді өкетіп еді. Балашов пен Бек қой, жәкетайларым.

Қ а н и п а. Оның үстіне министрдің өзі, Исекең өзі Жәкеме және хат жазыпты.

Ә с и я. Не депті?

Қ а н и п а. Әлі ашқам жоқ, Жәкем асын ішіп, жылынып, жайлансын деп қойдым. Қазір оқимын. Жүріп тыңдасаң қайтеді.

Ә с и я. Түн жаман боп тұр. Бұлтты көремісің, құм ұшқындайды. Аспан қап-қара. Дауыл бола ма деп тұрым. Күзетті тастамаймын. Бірақ жылдам барып оқы да, маған кеп айт. Бар, шапшаң. *(Қанипа кетеді. Әсия “Асыл жар” әнін салып кетеді.)*

Е с і р к е п *(үйде)*. Жаңа Қанипа қайда кетті? Исаның хатын оқып бермей.

Б а л ж а н. Әсияға кеткен ғой. *(Қанипа келеді.)*

Е с і р к е п. Әсияны да жазыпты. Кәзит Әсияның бұнда қандай боп жүргенін қайдан біледі.

Қ а н и п а. Білсе жазбас деппең, Жәке?

Е с і р к е п. Жазғанда мақтамай, жамандап жазар еді.

Қ а н и п а. Әсияның еңбегі өз еңбегіңнен кем бе еді?

Есіркеп. Онысы кем дедім бе?

Қанипа. Ендеше, сенің жаман деген жағыңа қарап отырған жоқ.

Есіркеп. Оны білсе, қарар еді.

Қанипа. Білсе де қарамас еді.

Есіркеп. Е, адамгершілік қайда?

Қанипа. Адамгершілікті жұрт сізше ғана ойлайды деп пе ең?

Есіркеп. Е, менің жұрттан өзге не сорақы ойым бар еді.

Қанипа. Жұрт үй іші тұрмысқа сіз сияқты ата-келін деп, баяғы бабамыздың көзімен қарамайды ғой.

Есіркеп. Жаманды жаман деп те қарамай ма сонда?

Қанипа. Сіздің жаман дегеніңіздің бәрі шын жаман ба екен?

Есіркеп. Қой, ақтамай! Айтпа ол сөзіңді!

Қанипа. Жәке, бір-ақ сөз сұрайын. Дәл осы істі Әсия істемей, Сайлыбек істесе қайтер ең?

Есіркеп. Қандай істі?

Қанипа. Мысалы, тіпті Сайлыбек осы жолдан басқа бір әйел дос тауып, соны үйіңе өзімен бірге ала келсе, қайтер ең? Үйге жолатпай, аулақ кет деп қуармең? (*Есіркеп үндемейді.*) Қумас ең. Той да жасар ең. Ал, біздің жұрт осындайда ер де, әйел де тең дейді. Сіз болсаңыз, келінім, жесірім деп отырсыз ғой.

Есіркеп. Жә, қой, ақтаушы болмай. Одан да ана Иса-ның хатын оқып бер маған. Сен ауламайсың менің көңілімді, сол дауалайды.

Қанипа (*хат оқиды*). “Қадірлі қартым Есеке! Тамам отардан бөлініп, жаңғыз өзің қалып, құмға жалғыз үй кеттің деп естіп жүрмін. Анау майданда жаумен жағаласып жүрген ерлермен өзің де теңсіз. Жұтпен жағаласқан кәрі батырымыз деп отырмыз. Тек жолыңыз болсын! Алыста, жалғыздықта жүріп әртүрлі мұң ойлайтыныңды да білеміз. Профессор Балашов бар жайыңызды айтып келген. Осының бәрінде жалғыздық қапалықта бір өзімау, ай далада жалғыздыққа тасталған, ұмытылған бір жанмын ғой деп ойлай көрмеңіз. Артыңда қамыңды бірге ойлап отырған елің бар. Өзіңіздей көпті көрген, көнеден

ұққан бір мысал сөзім бар еді. Соны айтайын. Бүркіт жұмыртқасын жалтыр тастың басына сақылдаған сары аязда, ақпан-қаңтарда салады екен. Салады да, өзі бауырына баспай, қасында бағып отырады. Тек күн жылынып, көктем болған соң ғана басады дейді. Жұмыртқасын балдыр күнінен ыстық, суыққа шынықсын деп сүйтеді. Қара өзегін қақ жарып шыққан өз баласын жақсы көргендіктен, өмірдің ауыр-жеңіліне шыдатып, солай қиында, қинауда өсіреді екен. Сонда кей жұмыртқасы аязға шыдамай шатынап, жарылып та кетеді. Сынбай шыдағанын кейін бауырына басып, бүркіт ана бала ғып өсіреді екен. Міні, сіз де барлық үйіңізбен, малыңызбен бұндағы жұртыңызға сол аязда туған бүркіт ұясындайсыз. Сүймегеннен, жөйіңізді ұқпағаннан есіз-елсізге жалғыз тастап отырғамыз жоқ. Тек осыны ескеріңіз. Не қиыншылық болса да, осыны ойлай шыдаңыз. Содан әрі өлмеген жанға жадырап жаз да шығар. Ұябасар ана қырандай, жылы ұясына Отаның, анаң да ала білер. Осыны ойлаңыз. Айтарым осы-ақ. Қош, Есеке. Інің Иса”.

Есіркеп. Япыр-ай, ө! Мынау жанашырдың сөзі-ау! Әкеңдей жанқиярдың айтатын сөзі ғой. Анада бір осы құмға кетуге бекінуіме себеп болған Сәлімнің де сөзі бар еді. Мынау мынадай жан сөзін айтып отыр. Бұл маған айтқан қамқор сөзі. Маған енді не тірлік, не жұбаныш қалды деп жүрсем, досың бармын деп отыр ғой. Мынау сөз.

Ә с и я (*сырттан*). Қанипа, ай, Қанипа!

Қ а н и п а. Немене, Әсия?

Б а л ж а н. Шықшы, бірдемеден қысылып жүр ме, немене?!

Е с і р к е п. Білші, дауылдан сескеніп жүр ме? Баршы! (*Қанипа киініп кетеді.*)

Б а л ж а н. Уа, о не, Әсия қарағым? Жаурап жүрсің бе? Үйге кірші.

Ә с и я (*тыстан*). Жаурағам жоқ. Бірақ дауыл қатайып, құм борап тұр. Қойлар ереуілдеп, тегіс тұрып алды, ығып кете ме жаурап. Және қасқыр ұлып тұр.

Е с і р к е п. Мен де киінейін. Шығамын өзір.

Қ а н и п а (*тыста*). Қасқыр қай жақтан ұлиды?

Ә с и я. Білмеймін, тілеуі құрғыр. Тегі-тегі, осы құмның бәрі қасқыр боп кеткен бе деймін. Жан-жақтан ұлып азан

сап тұр, жалмауыздар. Жүрші, қойдың ең шетінде екеу болайық тым кұрса. (*Екеуі де кетеді.*)

Балжан. Айналайын-ай! Түн боса тыным жоқ. Аяғы боса ауырлап жүргені анау.

Есіркеп. Әй, сен де бір, қойшы әрі. Аяғы ауырлағанда нең бар.

Балжан. Е немене! Сенің өзіңе не боп кеткен осы. Баласын қайтіп ойламайсың.

Есіркеп. Иесі жоқ, әкесі жоқ баласын сен ойлауың қалып па?

Балжан. Әкесі жоқ деп кім айтты?

Есіркеп. Е, не деп отыр? Білушімең әкесін?

Балжан. Білем.

Есіркеп. Не дейд?!

Балжан. Әкесі – Молтай.

Есіркеп. Не дейді мынау... Молтай?!

Балжан. Бәсе, Молтай. Ол әскерге кетпесе, Әсияны алмақ бопты ғой.

Есіркеп. Япыр-ау, әкесі бар, күйеуі бар. Ол Молтай ма еді?

Қанипа (*сырттан асығып үйге тақап кеп*). Жәке, Жәке, апа!

Есіркеп }
Балжан } О не, Қанипа? О немене?

Қанипа. Қойға ие болу қиын боп тұр. Қасқыр осы шұқырды тек қамап алғандай, айнала ұлып тұр. Тақап қалды тіпті. Шығындаршы.

Балжан. Жүгірші, ұмтылшы.

Есіркеп. Қазір, қазір! Япырай, қыс бойы жұт тұмсығын да, құс тұмсығын да тигізбей, өкпемді аузыма тістегендей аман сақтап кеп ем. Жүрші сен де, шықшы бір шетіне. (*Жөнеледі.*)

Балжан. Еңбегіміз шашылып, есіл мал кесірге ұшырар ма екен? (*Тысқа шығады. Әр тұстан қой күзеткен айғай, айтақтары естіледі.*)

Қанипа (*айғайлап жүгіреді*). Қасқыр, қасқыр!

Балжан. Қасқыр! Тілеуің құрғыр жалмауыз, айтақ, ұмтыл! О, сығыр, қырып кетті-ау. Қойды қақ жарды. Босып, шошып жүргенін қарашы жануардың. Әсия! Жаным! Әсия... Қасқыр... Кеп қалды ма?! Әні! Ойбай, міні, тажал, тажалдың иесі... Әсия... Е-е! Айналайын-ай! Сәулем-ай!

Әсия-ау... Қалқам-ау! Бәсе, бәсе, ұр, ұр! Серейттің бе? Сәулем-ау?!

Ә с и я (*бәрі шыға береді, қолында шоқпары, үлкен көкжалды сүйреп алып шығады*). Міні, апа! Мынау арланы. Бәрін бастап жүрген осы сұмы.

Б а л ж а н. О, сәулетайым. Азамат, еркек садаға кетсін сенен!

Ә с и я. Алдыма өзі келгені. Қойға аузын салып, көзі тұнып кеткенін көрмеймісің.

Б а л ж а н. Сәулем-ай, қайтіп шошымадың. Тыным алшы, малы құрсын.

Ә с и я. Жоқ, жоқ, атамаңыз, апа. Қойды бөліп әпкетті ме деймін масқара қып. Мынаны тағы ұрып, әбден өлтіріп ал. Мен бөлінген қойдың соңынан кеттім. Жәкеме айт, шапшаң атын тауып, атқа мініп, соңымнан жетсін.

Б а л ж а н. Тоқта! Өлесің ғой. Қайтіп жүгіресің, жаным-ау. Болмады, жан ұшырды-ау! Жүгіріп те кетті тіпті. Ә, сұм кадам, мө! Мө! (*Қасқырды ұрады*.) Осы шұқырдан басқа жер құрып қалды ма саған, жалмауыз!

Е с і р к е п (*жүгіре шығады*). Немене? Әсия, қап? Не боп кетті?

Б а л ж а н. Немене? Әсия, Әсиядан садаға. Көрдің бе?!

Е с і р к е п. Қарағым-ау, не дейсің?

Б а л ж а н. Әсия емес пе ұрып жыққан. Жанын сап жүрген осы емес пе? Жаңа бөлінген қойды тағы қуып кетті. Артымнан атпен жетсін деді.

Е с і р к е п. Бәсе, жаңа қатты үркіп жүрген қой тыныш тауып қап еді. Мынау күшік бөрілерді бастаған үлкені арланы ғой.

Б а л ж а н. Уа, айнал, айналсаңшы Әсиядан. Ұмтыл, мін, мінсеңші атқа.

Е с і р к е п. Мінейін. Жөнелейін. Айналайын-ай! Әсия-ай! Азаматым-ай! Серігім-ай! (*Жөнеледі*.)

Б а л ж а н. Айтақ, айтақ-ау! Айтақ!

Ш ы м ы л д ы қ

ТӨРТІНШІ АКТ

Жетінші сурет

Есіркеп отары. Айнала жаңа ғана көктеп келеді. Үйдің сырты көрінеді. Алысырақта жас қозы қамалатын жер үйшіктер нобайы білінеді. Үй жанында дінгектерге отыртқан шатырша – көлеңке. Онда сырмақ, алаша.

Б а л ж а н. Немене, енді қайтпексің?

Қ а н и п а. Қайтерді білмеймін. Қояр жер жоқ, қырылады-ау енді.

Б а л ж а н. Түні суық, биылғы қыстың бізден аяғаны жоқ қой, Ұлбала неге келіпті?

Қ а н и п а. Әсияның орнына кепті. Кісі келген соң, Әсия бұл үйден кетсін деген емес пе еді Жәкем?

Б а л ж а н. Босанғаны жаңа да, торалып болмай, қуатын болдық па? Не боп кеттік осы біз?

Қ а н и п а. Жәкем жылымастай кетті ғой, бір бетімен.

Б а л ж а н. Бала туғалы үйге тіпті басын да сұққысы келмейді.

Қ а н и п а. Ендеше әні, Әсияны кетіретін Ұлбала келді. Әсия мен кетсем де, Жәкем биылғы еңбегінен игілік көрсе екен дегенді өз басынан артық ойлайды. Есіл Әсия.

Б а л ж а н (*Әсия шығады*). Сен неге шықтың, әлі торалып болмай неге шығасың, жатсаңшы.

Ә с и я. Қайдан жатайын?

Қ а н и п а. Жазылып алшы, үйге бар!

Ә с и я. Жазылдым, қорықпа! Немене қозы көбейіп, қояр жер болмай, жастай суықтан қататын болды ма?

Б а л ж а н. Барар жер жоқ.

Ә с и я. Япыр-ай! Өлген қозы көп пе?

Б а л ж а н. Өлген жоқ, енді өлетін боп тұр. Шал да қысылып, безек қағып жүр. Әй, биылғы қыс-ай! Қу немістен кем болмадың-ау сен де маған.

Ә с и я. Балашовтар не дейді?

Қ а н и п а. Қозылардың салмақтарын өлшеп жатыр тартенге келгеннен бері, әлі түк айтқан жоқ.

Ә с и я. Қозыны үйшіктен шығаруға болмайды, әлсіз, өліп қалады десе, біржола сорладық қой!

Б а л ж а н. Карағым-ай, тым құрса босанған күнінде де тыным таппадың-ау, баршы үйге.

Ә с и я. Тоқтаңыз, Балашовтар келеді. *(Балашов, Сара, Есіркеп.)*

Қ а н и п а. Немене, Сара, қозылар қалай? Қайда қоямыз ендігісін?

С а р а. Тұра тұр. Василий Иванович айтады.

Б а л а ш о в. Салмақтар тегіс мәлім, сіз өлшеулеріңізді көрсетіңізші, Сара. *(Сараның қағазын алып қаран.)* Менікі де осындай. Қозылар туралы ғана емес, бұл ақ қойдың қыстан қалай шыққанының да соңғы дерегі.

С а р а. Шешуші дерегі. Василий Иванович, сіздікі мынау. Салмақ қандай жақсы, өлген бір қозы жоқ. Қатты жұттың өзінде де ақ қойдың күйлі шыққанынан осылай ғой.

Б а л а ш о в. Дұрыс айтасыз, Сара. Ендеше, Қанипа, қорқынышың бекер дейік.

Ә с и я. Я, сәт, не дейсіз?

Е с і р к е п. Немене, алғашқы туғандарын шығаруға бола ма?

Қ а н и п а. Қайдан шықсын, қатып өлмей ме?

Б а л а ш о в. Жоқ, Қанипа, бұларды ежелері мамық төсекте өсірем деп сертпен тапқан жоқ. Тәрбие, тәжірибе деген осы. Бұл тұқым он жыл бойында асылданғанда осымен асылданған болар. Шығарындар.

Е с і р к е п. Балашов! Асығыс емес пе?

С а р а. Былтыр да осылай етпеп пе ек!

Е с і р к е п. Жыл былтырғы емес, күн әлі суық қой.

Қ а н и п а. Былтыр мұндай көп қозы бар ма еді?

Ә с и я. Онда суық түндерде өлгені де боп еді ғой.

Б а л а ш о в. Саспаңдар. Былтырдан биылғы төл тағы аса түскен. Былтырғы жылы қыста туған қозыларыңнан, биылғы қатты қыста туған қозыларыңның алғашқы күнгі салмағы да артық тұр, міне.

С а р а. Ал, үш күн, бес күн тұрғандар салмағы және былтырғыдан әлдеқайда артық.

Б а л а ш о в. Бұ да биылғы құмның қосқан қасиеті.

С а р а. Биылғы сапасы бөлек.

Б а л а ш о в. Менің отаршы, зимовщиктерім, төрт геройым, үндемеңдер, шығара бер қозыны.

С а р а. Әні, сүйтіп қауіпті, күдікті ғой, Қанипа.

Балашов. Енді келсін комиссия, сыншы комиссия көріп шықсын даулы отар күйін.

Есіркеп. Бектенов те бар ма?

Балашов. Бар, одан басқа сынайтындар да бар. Әдейі қоздап жатқан күндердегі қой, қозы жәйін көріп қорытпақ. Сенің де, менің де – бәріміздің он төрт жылғы еңбегіміз өкімін олар бүгін айтпақ.

Есіркеп. Өздері өзге отарларды біле ме?

Балашов. Біліп келеді. Салыстырып сынаңдар деп өзге отарларға жібергем.

Әсия. Тек әділ босын комиссия.

Балашов. Әділ болмаса, тура айтатын кісілер де бар.

Есіркеп. Кімдер бар?

Балашов. Министр өзі бастап, Сәлім де келе жатқан жоқ па?

Есіркеп. О, не дейсің? Жаным-ау, бүгінгі күн бар күннің бәйгесі, таразысы десеңші.

Қанипа. Келді, келе жатыр. Әні, бері келеді. *(Дәуренов, Есенов, Бек, Бектенов, Першиндер.)*

Дәуренов *(Есіркептермен тегіс амандасады)*. Есеке, қыста, құмда келе алмасақ та, енді тым құрса мына қайтқан сапарыңызда жетпесек, айып болар деп келдік.

Есіркеп. Рақмет, Исеке, бұларыңа да рақмет, қарақтарым!

Есенов. Есеке, алты ай қыс құм мен жұты, қысы мен қасқыры бір сынап еді. Енді елге қарай басқанда алдымнан тобыңмен тағы тосып тұрма едің, тағы сынағалы жеттің бе? – деп ұрыспайсыз ба? Біз сынап шыққан топпыз ғой.

Есіркеп. Сәке, өзің айттың, ар жағын мен несін қазбалайын.

Есенов. Ендеше, бұнысы рұқсаты ғой Есекеңнің. Ал, сыншы комиссия, сіздер кірісе беріңіздер. *(Балашов, Бектенов, Першин, Сара, Бек, Қанипа, Әсиялар бөлек кетеді.)*

Есіркеп. Сынасын, әбден армандарынан шықсын.

Есенов. Қойларым айтарын айтып болған деңіз.

Есіркеп. Дейтінім рас.

Дәуренов. Бәсе, биылғы қыстан қиын болар дейсіз бе комиссия.

Есіркеп. Қыс қиын болды ғой, бірақ екеуіңізді тірі көрсем, бір алғысымды алдымен айтармын деп ем. *(Балжан шай жасайды.)*

Дәуренов. Есеке-ау, біз сізден наразы сөз есітеміз десек, әлі алғысың да бар ма еді?

Есіркеп. Адамға тірлікте не жақын? Жан жақын да! Сол жаным қысылып жүрген шақта, Исеке, өзін жазған хатың қандай болды десеңші. Одан бұрын, Сәлім, күзде бір айтқан міселің, жетімдік шағың о да үлкен тірегім боп еді. Екеуіңнің екі сөзің қыстайғы қорегім болды. Несін айтасың.

Есенов. Есеке, ол көмегіңізге жарайды деген кімнің ойында бар.

Есіркеп. Ойбай, не дегенің, Сәке, жақсы сөз – жан азығы. Басшысы патша болса, елі кеңе болады депті бұрынғы нақыл. Өнер атаулы еңбекпен, бейнетпен табылады. Маған соны тап дедің де, сынға салдың. Бірақ сала отыра, сүйеп отырмадың ба. Мен хатыңды дәл қойға қасқыр шабатын күні түнде жаңа оқып отыр ем. Сол бір сөздерден ұдайы жұбаныш тауып ап, сонымен әл жиып жүрдім ғой.

Дәуренов. Жақсы көп, Есеке. Үлкен қажырлы еңбек өзі адамға тәрбиеші тез де болады. Сіздің еңбегіңіз, еңбек үстінде тапқан мінезіңіз көпке жақсы үлгі. Сіз бізден нәр алдым дейсіз. Мен сіздің сырыңызды тындап отырып, өзіңізден сабақ алып отырғандаймын десем, не дейсіз.

Есіркеп. Тек сабақ жақсылыққа себеп болсын. Ісімді мыналарың не деп шығар. Бектенов, комиссия не дер. Мен осы отырғанда, тілім анау-мынау деп отыр ғой, ал көңілім алпыс жасты ұмытып, тап бір атқа шапқан баладай боп отыр. Сүйрендеген сөзуар шалдың малы мақтандырмаса, сүрен аттағаны со да. Осы ой бар ішімнің көкейін тескен ой десеңші.

Есенов. Осыншалық жанын берген еңбек құр кетер ме?

Есіркеп. Кім білсін, менің кәрілігім емес, еңбегімнің дәрілігі болса, соны таныса болат та Бектеновтер.

Дәуренов. Сынасын, армансыз сынасын. Өзімізге өзіміз кешірімпаз болсақ, қарқ болмаймыз. “Жеңсікшіл ел жетпей матайды, жел өкпелер шын деп ойлауының” керегі жоқ емес пе!

Есіркеп. Асыл сөз. Мен бұл Сапар деген баланың омырауын өз басым қатты қостайым.

Е с е н о в. Келе жатыр, не дер екен өздері. *(Комиссия келеді.)*

Д ә у р е н о в. Жә, комиссия деректері жетерлік пе?

П е р ш и н. Бізде өзге отардың бәрін қарап келген дерек бар еді. Мұндағыны және тегіс алып қарап, бұрынғы бірнеше жылғы белгілерімен салыстырып тұрмыз.

Е с е н о в. Деректер болса, жолдас министр, осыдан бір жыл бұрын қаладағы кабинетіңізде басталған мәжілістің аяғы бүгін мына қаншеңгелде, Есекең отарында, ақ қойлар жанында созылды деп жариялайсыз ба? Қайтесіз!

Д ә у р е н о в. Сондағы жиын түгел екен-ау. Ал, мәжіліс құмар болсаңдар, созылған дейік. Кәні, салыстырған деректеріңді айтыңдаршы.

Б а л а ш о в. Ақ қойдың Сара мен Есіркеп уәде берген әуелгі бір қасиеті – жүні жібек болмақ еді ғой. Әуелгі сынды содан бастайық. Саулық қойлар жүнінің әр талының жіңішкелігі бредфорд классификациясы бойынша 64 сапалы 21,9 микрон, еркек қойдікі — 60 сапалы 24,4 микрон. Дұрыс па осы айтқаным, жолдас комиссия мүшелері.

П е р ш и н. Дұрыс.

Е с і р к е п. Құм бұл қойдың жүніне әсіресе жәйлі болды ғой. Құмда құлпырды. Шудалана түседі екен құмда.

Қ а н и п а. Жәке, комиссия мақтасын да.

Е с і р к е п. Жаздым, бақтым аузымды. Сонысы бар ма еді.

Б а л а ш о в. Соңғы үш қыстың екі қысы, жұты қалың қыс еді. Сонда прекостан дөңгелек есеппен 10,4 процент шығын, қазақ қойынан 3 процент шығын. Ал, ақ қойдан 2,5 процент шығын шықты.

Е с і р к е п. Онда да бес қойды қасқыр өлтірді ғой.

Қ а н и п а. Жәке!..

Е с і р к е п. Болдым, қойдым.

Д ә у р е н о в. Бұл сан дәл ғой.

П е р ш и н. Дәл, дұрыс.

Б а л а ш о в. Өсіміне келсек. Соңғы үш қыстың салыстыру есебі бойынша қазақ қойы 100 саулыққа 105 қозы болса, ақ қойдың өсімі прекоспен тең түсті. 100 саулыққа биыл 135 қозы, тұсақ коздағаны 122 қозы, прекос та сондай.

П е р ш и н. Бұл есеп те дәл.

Д ә у р е н о в. Ал, осы сапалар, осы деректер жаңа тұқым, асыл тұқым туды деуге жетерлік не жоқ?

Б е к т е н о в. Жаңағы деректердің бәрі дұрыс, рас. Фенотиптік ерекшелік жағынан бұның бәрі нәтиже есебінде мәлім. Бірақ осыған биологиялық, жүйелік дәлелдер қажет. Оған химиялық анализ шарт. Сол жаңа тұқымның анатомиялық, физиологиялық қандай өзгерістері барын айта аласыз ба, профессор?

Б а л а ш о в. Оны әзір айта алмаймыз.

Б е к т е н о в. Бұл ғылымдық жағынан қажет жұмыс деп білесіз бе?

Б а л а ш о в. Қажет деп білемін.

Б е к т е н о в. Білсеңіз, ол деректің бүгін жоғын не дейсіз?

Б а л а ш о в. Жоғын жоқ дейміз. Ол біздің алдымызда тұрған міндетіміз, дұрыс көрсетіп тұрсыз дейміз.

Б е к т е н о в. Есеке, менің бір сұрағым сізде. Дәл осы қойыңмен сол Бозой, Мойынқұмда Шу қойы, не Еділбай қатар жайылса, қайсысы озар еді? Соны айтыңдаршы.

Е с і р к е п. Айтсам, мен өзім қазақ қойын, соның ішінде Шу қойын, тағы әлдеқандай бұ қойын түгел көрген кәрі қазақпын. Анау Арыстан бап, Әзіреті сұлтаннан мына шеті Алакөл, Ақсуға шейін, осы бір жағы құм, бір жағы Алатау ғой. Соның бәрін білген едім. Атам қазақ киіз туырлықты қазақ боп қой баққалы осы өлкеге бұндай қой салып көрген жоқ. Түкті қошқарым, құтты қошқарым, батпан құйрық, келенайым деген баяғы Қарынбай, Қарабай, Шығайбайдан бергі бар қойлы байды тірілтіп әпкелші. Мына қойды көрсе, соларың да бұрынғысын садаға қып, осыны әке деп құшақтай түсетініне қолыңды бері әпкел. Исеке, бар Қазақстанға тарат осы қойды.

С а р а. Бар Қазақстан емес, Есеке, Қазақстан қойының 50 процентін беретін түстік, шығыс облыстарға деп ұсынамыз біз.

Б е к. Ал, осы деректермен де комиссия қорытынды айта ма? Жоқ па?

Д ә у р е н о в. Жә, Бектенов, сіз қалай ойлайсыз?

Б е к т е н о в. Мен жаңағы профессор Балашовтың жауабынан соң, комиссияның қорытынды жасауына дерек-

тер жеткіліксіз бе деп тұрмын. Қорыту асығыс болар деймін.

Дәуренов. Сіз қалай ойлайсыз, Першин?

Першин. Жолдас Бектенов, асықпай қорыту жағында. Мен де соны теріс болмас деймін.

Дәуренов. Солай, сүйтіп комиссия қорытынды айтпайтын болды ғой.

Бектенов. Солай болғаны ғой. *(Тым-тырыс.)*

Сара *(Балашовқа)*. Василий Иванович! Сіз бұл байлауға қарсы пікір айтасыз ба?

Балашов. Жоқ, Сара, комиссия ерікті. Мен не айтам?

Сара. Ендеше, рұқсат етіңіз, жолдас министр, Василий Иванович айтпаса да, мен айтам. Комиссияның бүгін қорытынды жасаудан тартынғанына қарсы дау айтам. Рұқсат па?

Дәуренов. Рұқсат, Сара, айтыңыз!

Сара. Жолдас Бектенов, менің сұрағым сізде. Фенотиптік ерекшеліктерден, сізше, тектік жаңалық сыпат, тұқым өзгерту сыпаты танылуға бола ма, жоқ па?

Бектенов. Тұрақты ерекшеліктер болса – танылуға болады.

Сара. Он үш жылдық тәжірибе бойында, үнемі асылданып өзгеріп келіп отырса, ол тұрақты ма, жоқ па?

Бектенов. Он үш жылдық белгілерді тұрақтылық, мәңгілік деп сіз айта аласыз ба?

Сара. Ал, академик Иванов Аскания жаңа тұқымын он үш емес, тіпті он-ақ жыл тәжірибесімен тұрақты деп танытпап па еді?

Бектенов. Танытқан-ды, ол рас.

Сара. Бәсе, рас. Әрине, жаңа тұқымды қолдан тудырып болмайды. Ген билейді деген жол да бар. Менделизм, морганизм, Бетсон, Гермак та аз айтқан жоқ оны. Бірақ бұл біздің совет ғылымының жолы ма еді?

Бектенов. Жоқ, ол формальная генетика жолы. Бірақ біздің ғылымдық дәл дерек тілегеніміз теріс пе?

Сара. Рас, анатомиялық, физиологиялық өзгерістерді білу керек дегеніңіз теріс емес. Ол алдағы зерттеу міндеті. Бірақ мына қойдың бүгінгі осыншалық өзгешеліктеріне қарап, сол өзгерістер жоқ деп айта аласыз ба?

Бектенов. Айта алмаймын.

С а р а. Ендеше, жаңа тұқым туды, тұқымдық сипаты айқын демеске қандай хақыңыз бар? *(Бектенов үндемейді.)*

Е с е н о в. Өте дұрыс айтты, Сара. Комиссияның өз еркі. Ал, біз осыны анық табысымыз деп таныған жұртпыз. Енді осы Балашов тәжірибесін бар түлік малға тарату біздің мал шаруа институтының міндеті болады. Бұл – бір. Екінші, Исеке, Министрлер Советіне қаулы ұсынып, осы тұқымды келер жылдар он мың, отыз мың, содан әрі 48 жылға 70 мыңға жеткізуді колхоз-совхоздарға шарт етіп қоюыңызды өтінемін. Анық есептерім бар, зерттелген есептер. Қазір төрт облысқа, кейінірек алты облысқа осы тұқым таралатын босын деймін. Ал, өзім ғылым ордасы атынан-ақ тұқымды тудырған табысты Отанымыздың ең үлкен сыйлығына ұсынамын.

Д ә у р е н о в. Сәлім бір қорытындыны айтты, сол бағыт. Соғыс бітісімен алда бесжылдық қайта туын көтереді. Отан шаруасын тағы бастайды. Сол алғашқы бесжылдық міндетінің бірнеше облысқа белгіленетін бағыты шаруаның бір саласында, қазір осы Есекең үйінің жанында шешіліп отыр. Екінші міндет тағы тұр, ол құмға келетін осы малды өсіретін, қысы, жазы кешуден толасы жоқ мал иесі шаруалар қамы, адам қамы. Құм мал құты болса, адам бейнеті болмасын. Осы Есекең өз үйі, мынау жаңа босанған Әсия жағдайы қандай, жүрейік, соны шолайықшы біраз.

Б а л а ш о в. Бұл сөзді жақсы бастадыңыз, жолдас министр. *(Дәуренов, Есенов, Балашовтар жүріп кетеді.)*

Бектенов. Рұқсат етіңіз, Сара. Мен енді бір шындықты айтпасқа шарам жоқ. Үндемей, іркіп қалсам, қыңырлығым, ұсақ өзімшілдігім болар еді. Сіз мені қатты тоқтаттыңыз ғой. Сіздердің еңбегіңіз жеңді ғой...

С а р а. Сапар! Қандай жақсы еді мына мінезіңіз, Сапар! Енді тек осыны Василий Иванычқа өзіңіз айтыңызшы.

Бектенов. Сол маған сын ба еді?

С а р а. Біз сыналып болған күні сын сізге ауысады деп пе ек?

Бектенов. Ендеше, мен сіздердің тәжірибеңізден оқимын деймін.

С а р а. Сіздің азамат қасиетіңізді мен де барымша қадірледім, Сапар.

Бектенов. Бірақ мен әлі дәмем үлкен болғанмен, дерегіме жеткем жоқ қой. Менің ісім алда тұр. Қиялым әлі үлкен. Келер сын жылдарда сол өсе берсе деген ғылым қиялым барын білсін. Бір тұқым емес, сан тұқым. Бірінен-бірі асқан тұқымды Арқаға, Ертіс, Жайық, Сырға да бере берсем деймін.

С а р а. Соныңыз үшін мен сізді іштен көптен құрметтеуші ем.

Бектенов. Бірақ әлі біріне тәжірибем жеткен жоқ.

С а р а. Жетпеген арман емес. Талап жолындасыз. Жол алыс болса да жақсы, жарқын ғой.

Бектенов. Ендеше, сол алыс жолыма осы тәжірибе-нізбен ерер ме едіңіз, Сара?!

С а р а. Сізбен жер түбіне болса да бірге еруге бармын.

Бектенов. Сүйсіндім, Сара. *(Министрлер келеді.)* Василий Иванович! Биологияның жүйелік талаптары алдағы ғылымдық міндетім дедіңіз ғой. Соныңызда анық оқымыстының жауабы айтылды. Мен ойланып болдым, болдым да сізді құттықтаймын. Үлкен шын достықпен, сіз тапқан тәжірибеден өзім де оқып, үлгі алам деген сертпен құттықтаймын. *(Екеуі сүйседі.)*

Балашов. Менімен қатар, мынау қартты қоса құттықтаңыз. Әсияны да бірге құттықтаңыз.

Бектенов. О, қадірлі қарт, сенен де оқимын.

Е с і р к е п. Оқығаның сол босын, Сапар, тағы да осындай мен құмға алып кететін жаңа тұқым бер. Және сен соны бересің.

Бектенов. Беремін, Есеке. Айтқаның өмірлік міндетің деп тұрмын. Сол тұқымды тағы осы жақсы үйіңмен, мынау шешем, мынау Қанипа, анау батыр серігің Әсиямен бірге құмға алып көшетін күнді тосам.

Е с і р к е п. Дегенің босын.

Ә с и я. Жолыңыз болсын. Бірақ мен ол жолда болмаспын.

Е с е н о в. Неге! Әсия не деп тұрсың?

С а р а. Бәсе, мынау кішкенеңді неге алып тұрсың? Жүргелі тұрған кісіше?

Ә с и я. Жүрмей қайтем.

Қ а н и п а. Кеткелі тұрған жоқ па Әсия.

Б е к. Неге? Қайда кетеді?

Б а л ж а н. Менен кетем деп тұрған жоқ па бұным. Ішімнен тумаса да, қиын-қыстау бір кешіп, туғаннан артық жұбанышым болған жаным еді. Кетем, Ұлбала менің орныма келді. Жәкемнің айтқан сөзі орындалсын. Мен мына жаңа туған кішкентайыммен кеттім деп тұрған жоқ па.

Е с е н о в. Бұл қалай? Осылай ма еді, Есеке-ау?

Е с і р к е п. Ендігі сөз менде қапты. Сәке, Исеке! Менде екені рас. Мынау кішкентайға ат та қойылған жоқ еді. Жүзіне де қарағам жоқ ем. Әлі жүрегім жылынып болған жоқ-ты бұған. Бірақ, Әсия, сен сөзімді тыңдашы. Жадырап жаз да шықты. Қара тастан басқаның бәрі жібіп, ісініп, қуанышпен гүл атып тұрғанда, жібімес, иілмес мен бе едім. Молтай менің еңбек досым болатын. Бөтенім емес-ті. Өзім етіп өсірмесем, маған серт. Бөтен едің десе, бұған серт. Жеңдім кәріліктің кәрі күйін. Жауды құртатын жеңіс тақап келгенде туған қошақан еді бұл. Мені де жеңіп туды. Бұның аты Жеңісбек босын. *(Баланы қолына алады.)* Қошақаным, балбөпем, Жеңісбегім босын бұл менің. Сен ешқайда бармайсың. Бұл менің бауырымда өседі. Молтайын, әкесін тосып. Қал, кеш, балам, кәрі Жәкеңді. *(Әсияның бетінен сүйеді.)*

Ш ы м ы л д ы қ

1947

**ҒЫЛЫМИ
ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР**



“Ертегілер”

Ертегілер жөнінде М. Әуезов ерте кездің өзінен бастап-ақ зерттеулер жүргізіп келгені белгілі. Ол туралы алғаш рет сонау 1927 жылы Қызылордада басылып шыққан “Қазақ әдебиетінің тарихы” кітабында, одан кейін отызыншы жылдар ішіндегі әдебиет оқулықтары мен хрестоматияларында сөз болды. Бұл жөніндегі ойлары мен пайымдауларын әсіресе қыркыншы жылдары одан да әрі дамытып, тереңдетіп әкетті. Бұған әр кез, әр уақыт қайта-қайта айналып соғып отырғанына өз архивіндегі (“Әуезов үйі” ҚМО, 186, 187, 188, 189, 484, 516-бумалар) мол жазбалар толық көз жеткізе алады, осыларды тағы да басқа халықтар әдебиетіндегі толып жатқан еңбектерге көп үңіліп, көп ден қойғандығы және белгілі фольклор зерттеушілер ой-пікірлерінен жазып алған үзік-үзік үзінділер де толықтыра түседі. Мұның бәрі үлкен дайындықтың, жан-жақты ізденістердің белгісі болса, жазар алдында жасаған үлкенді-кішілі жоспар, эскиздері аз емес. Соның кейбірі мына төмендегідей болып келеді:

“План.

1. Ертегі не? Не деген сөз?
2. Қазақ ертегісі қандайлық? Кімдер жиған? Зерттеудің өзі бар ма?
3. Ертекті ғылым жолымен зерттеуде қандай міндеттер тұр? Қалай жазылу, жиналу керек? Өз топтары болуы керек еді, бізде аралас.
4. Ертектің проблемасы. Ертектің орны туралы. Қандай ертектілер болады. Ертегінің стилі ертектімен байланысты. Бізде әсіресе бүгінгі жиылып жазылған қалпы нашар. Фальсификация (орыста) болмау керек, жинаушының өз сөзімен жазылғаны – бұзылғаны. Жинаушы – өзі ғалым (орыста).
5. Ертегі жайындағы ғылым нені көрсетеді, нені шарт етеді. Халықтар ертегілерінің араластығы және әр халықтағы өздігі.

Ертектерді топтау, танудағы зерттегіш пікірлер. Сюжет араласы, ұқсастығы – ертектердегі қайталамалар. Сол арқылы ертектердің саны көп болғанмен, түрлерін жиып, санаулы, тұрақты мөлшерде разрядқа бөлу мүмкіндігі. Ахрис, Андреев үлгісі.

Айтушыға қарап жіктеу... Орыста жайылған үлгі... Толық қолдануға бізде болмайды. Келешекте осы да үлкен орын алу керек.

6. Біздегі бар ертектермен ғылыми зерттеуді бастауға болады. Ең әуелі негізгі түрлері туралы. Төрт түр (?). Араб, парсы ертектері бізге сіңгендері біздің қор, қазына болып саналады. Кемшін мағлұматтар бар. Бірақ әзір қолда бары да бірталай негіз құруға мүмкіндік береді.

7. Қазақ ертегілерінің жіктері. I. Қиял-фантастика. II. Хайуандар туралы ертегілер. III. Салт ертегісі. IV. Ертегі-легендалар, тарихпен байланысты әңгімелер. Күй легендалары.

8. Қиял-фантастика ертегілері. Бұлар ең көбі емес. Үйткені көнерек, көбірек өзгеріс көрген. Өзінің ең алғашқы қалпынан бұзылуы көп... өзге ертектерге бытырап шашылып, қосылып кетуі көп. Фантастикалы ер қалыпты сюжет өресі. Үнемі жүретін өзгеше персонаждар, герой, оған қас, дос ғажайып күштер, жалмауыз, пері, алып дию, қара құс, айдаһар, көмекші заттар – кілем, асжаулық, жүзік, айна, мысық, ит. Ертегі құбылыстар. Тау болу, әпсін оқу, құбылып, түс өзгертіп қашу, құбылып қуу, герой мұраты, ертегі түйіні. Жұмбақ жар, оның құбылысы, дос жар, қас жар, пері жар – тартыс бетін өзгертеді. Өлім тетігі, жау жаны сандықта, балықта, киікте... танып табудағы әрекеттер, қыз көмекші. Табылған жанмен іс ету... Алысу. Жау еркек – жалмауыз, мыстан, жалмауыз кемпір, қазық аяқ, қара тұмсық, жезтырнақ.

Фантастика ертегілеріндегі дүние жаратылысы. От пен судың орны. Дүниенің біреу емес, бірнешеулігі. Жер асты, көктегі пері мекені, су асты... от дариясының ар жағы. Күн астында Күнікей сұлу мекені. Жер тоқымдай. Басы алтын киік... Басы алтын балық...

Фантастика ерт. заттары – салт ертегілеріне, тарихи әңгімелерге араласып, әсерін тарататыны... Бұл түрдің көп екенін көрсетеді.

Фантастика ерт. стилі... өзгеше бастау, өзінше аяқтау... арада машықты жерде желдірту... өлендету... айнымас заттар... қыбылаға қарап, екі етегін белге түріп, темір етік, үш тарау

жол... қарақұлақтай аңдар, жоқ аңдар. Тіл бітетін ат, сөйлейтін құс – самұрық... киік, балық...

Герой кейде бірнешеу. Бір мұратқа бет қою. Өнер жарыстырып іс көрсету... сегіз ағайынды жігіт алып қара құстан қызды айырады. Кімге бұйырады? Жұмбақ ертеке... Қызық, өзгеше ертеке.

Айуандар туралы (бұл аз түр) батыста көп. Типичный образдары – түлкі, қасқыр. Мотив встречи, повторяемости, форма диалогическая по композиции, коммулятивные – цепевидные – қотыр торғай (коза за орехами).

Новелистич. план бытовой сказки (реалистич. сказки). Темы быт. сказок; женитьба героя, исправление мужем строптивой или ленивой жены, темы о добрых; благоразумных советах, об умном юноше или девушке, темы о судьбе и счастье, о разбойниках, ворах. “Идейные проблемы” – соц. неравенства, противопоставление – богатства... бедности, счастья и неудачи, добра и зла, ума и глупости, вопросы брака (верность, измена, обман). Контрастность в композиции и обрисовке героев.

Анекдоты и бытовые сказки имеют полную общность тематики, только в анекдоте еще больше реализма и бытовизма, больше соц. классовая заостренность и сатира, сюжетов о ловких ворах в русской сказке много, случайный отгадчик (знахарь-жучок) во всем мире и у казахов...” – деп жалғасып кете береді.

М. Әуезов бұл еңбектерін де орыс, қазақ тілінде бірдей жазған. Оның бірнеше нұсқалары бар, бір-екі варианты машинкада басылып, түптелген. Одан кейін де көптеген қосымшалармен толықтырып түзеткен, жетілдірген.

Өзі түсінікті қажет ететін мына сияқты бір сыпыра құжаттар мен деректерге, атаулар мен есімдерге сілтеме жасап көрсетіп, анықтама беріп отырған:

Ертегілер

1. 6-б. “...Шығыс елдерінің ертегілерімен ұқсастық бар екенін айтады” – *Алектров А.Е.* Астраханский вестник. 1889. № 1253, 1281.

2, 3. 8-б. “...жекеше кітап боп Москвада және Алматыда жарияланды” – *Казахские народные сказки.* Детгиз., 1951. *Казахские сказки.* Алма-Ата, 1940.

4. 8-б. “...Москвада профессор Сидельников басқаруымен және де басылып шықты” – Казахские народные сказки. М., 1952.

5. 10-б. ...“поэзия, тілден туған көркем шығарма еңбек екпінін қоздыра түседі” – Горький М. О литературе. 1937.

Қиял-ғажайып ертегілері

1, 2, 3, 4, 5. 13-б. “...аңшы-мергендер жайындағы ғажайып-қиял ертектірі болу керек. Бұлар: “Еділ-Жайық”, “Құламерген”, “Жерден шыққан Желім батыр”, “Аламан мен Жоламан”, “Күн астындағы Күнекей” сияқты ертектір – Тіл және әдебиет институты архивінен.

6. 18-б. “Ер Төстік” – ТӘИ архивінен.

7. 18-б. “Күнекей сұлу” – Сидельников В. Казахские сказки.

8. 18-б. “Елгезер батыр” – Астраханский вестник. 1897. № 2543.

9. 19-б. “Қанай-Жанай” – Березин жинағы.

10. 19-б. “Жалмауыз кемпір” – Акмолинск. обл. Ведомости. 1888. № 43.

11. 19-б. “Қарғабай” – Оренбургский листок. 1892. № 45.

12. 19–20-бб. “Тіл қататын хайуандар қатынасып жүреді” – Алекторов А.Е. Астраханский вестник. 1893. № 1253, 1281, 1288.

13. 20-б. “...солтүстіктегі орыс көршілерінің әсерімен де байи түскен” – Радлов В.В. Образцы народной литературы (предисловие).

14, 15. 20-б. “Тоғыз тоңқылдақ, бір шінкілдек”, “Қаңбақ шал” – ТӘИ архивінен.

16. 20-б. “Үш ағайынды жігіт” – Оренбургский листок. 1894. № 94.

17. 20-б. “Хасен” – Астраханский вестник. 1894. № 10, 15.

18. 20-б. “Айлакер шал” – Волжский вестник. 1895. № 219.

Хайуанат жайындағы ертегілер

1, 2, 3, 4. 22-б. “Қасқыр мен жігіт”, “Сырттан”, “Көгершін ертегісі”, “Байғыз” – ТӘИ архивінен.

5. 26-б. “Түлкінің алдағаны”, “Түлкі, түйе, қасқыр, арыстан, бөдене” – *Сидельников В.* Казахские народные сказки.
6. 27-б. “Аю, түлкі, қойшы” – ТӘИ архивінен.
7. 27-б. “Арыстан, қасқыр, түлкі, түйе” – ТӘИ архивінен.
8. 27-б. “Түйе, қасқыр, жолбарыс” – Киргизская степная газета”. 1896. № 43.
9. 28-б. “Түлкі, аю, қойшы” – ТӘИ архивінен.
10. 28-б. “Арыстан, қасқыр, түлкі, түйе, бөдене” – ТӘИ архивінен.
- 11, 12, 13. 28-б. “Құйыршық”, “Қотыр торғай”, “Мақта кыз бен мысық” – ТӘИ архивінен.
14. 28-б. “Шудалы торғай” – Березин материалынан.
15. 28-б. “Күшік пен мысық” – ТӘИ архивінен.
16. 29-б. “Бөзінген” – Ауызша әңгімеден.
17. 29-б. “Тепецкөк” – ТӘИ архивінен.

Салт ертегілері

- 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23. 35–39-бб. “Білгір адам”, “Қарттың ұлына өсиеті”, “Үш ауыз сөз”, “Үш өсиет”, “Өнеге”, “Алпысқа келгеннен ақыл сұра”, “Үш кеңес”, “Жалайдар хан мен Сағат”, “Жақсы әйел”, “Қарт пен тапқыр жігіт”, “Кесір хан мен тазша”, “Бақа”, “Жалғыз балгер”, “Ойда жоқ”, “Ши бұт, қағанақ бас, қыл тамақ”, “Ұр тоқпақ”, “Қаңбақ шал”, “Байбай шал”, “Айлалы тазша”, “Қу тазша”, “Тазшаның қырық өтірігі”, “Қу бала”, “Екі еріншек” – ТӘИ архивінен.

Қиял-ғажайып ертегілері

1. 61-б. “...қолдануының ролі өзгеше болғанына күдіктенуге болар ма екен” – *Горький А.* Предисловие к сказкам “Тысяча и одна ночь”.
2. 61-б. “Өгей шеше қастығы” – ТӘИ архивінен.
3. 61-б. “Кісі етіне жерік қатын” – Березин материалынан.
4. 61-б. “Аталықтың шеше кегін алғаны” – Астраханский вестник. 1893. № 1302.

5. 61-б. “Дудар қыз” – Радлов В. Образцы народной литературы. Ч. III.

6. 61-б. “Ағасы мен қарындасы” – Тургайская газета. 1898. № 24.

7. 61-б. “Ұядағы хан баласы” – Тургайская газета. 1898. № 24.

8. 61-б. “Қыдыр, бақ, ақыл” – Потанин Г.Н. Приложение к журналу “Живая старина”. 1916.

9. 61-б. “Уәзір қызы” – ТӘИ архивінен.

10. 62-б. “..сөз кілемінің сұлулығымен қаптай түсті” – Горький М. Предисловие к сказкам “Тысяча и одна ночь”.

11. 62-б. “...аз және көмескі сөйлейді” – Горький М. Предисловие к сказкам “Тысяча и одна ночь”.

12. 63-б. “Патша қыз бен күл” – Тургайская газета. 1904. № 18.

13, 14, 15. 65-б. “Қу бас”, “Ұядағы хан баласы”, “Ескендірдің мүйізі” – Потанин Г. Живая старина (приложение). 1916.

16, 17, 18. 65-б. “Қызыр”, “Қыдыр, бақ, ақыл”, “Атымтай” – ТӘИ архивінен.

Хайуанат жайындағы ертегілер

1. 67-б. “Түлкі мен қоян” – Астраханский вестник. 1898. № 1302.

2. 67-б. “Кедей шал” – Оренбургский листок. 1894. № 41.

3. 67-б. “Түлкінің арыстанды өлтіргені” – Этнографические материалы. Средняя Азия. 1911. № 1.

4, 5. 67-б. “Кім неден күшті”, “Күшік пен мысық” – ТӘИ архивінен.

6. 67-б. “Қоянның ерні” – Сидельников В. Казахские народные сказки.

7, 8. 68-б. “Тышқан мен жылан”, “Көгершін ертегісі” – ТӘИ архивінен.

9. 68-б. “Үш жігіт” – Радлов В. Обзорение. Ч. III.

10, 11. 68-б. “Түйе неге артына қарайды”, “Қасқырдың қойдан қорыққаны” – Сидельников В. Казахские народные сказки.

12. 68-б. “Түлкінің арыстанды жойғаны” – Этнографические материалы. Средняя Азия. 1911. № 1.

13. 68-б. “Тепеңкөк” – ТӘИ архивінен.

14, 15, 16, 17. 68-б. “Бәйге құла”, “Тұлпар”, “Сәйгүлік”, “Шұбар ат” – Сидельников В. Казахские народные сказки.

18. 68-б. “Жауыздық неден” – Киргизская степная газета. 1895. № 2.

19, 20. 69-б. “Кедей мен қасқыр”, “Байғыз” – ТӘИ архивінен.

21. 69-б. “Сүлеймен пайғамбар” – Астраханский вестник. 1893. № 1308.

Салт ертегілері

1. 71-б. “...таптық жиреніш тәрбиелеу дұрыс емес” – Горький М. О литературе. 1937.

2. 71-б. “Ежігелді” – Горький М. О литературе. 1937.

3. 4. 71-б. “Молданың үйінде оқыған бала”, “Өгей шеше қастығы” – Радлов В. Образцы. Ч. III.

5. 72-б. “Үш қыз” – ТӘИ архивінен.

6. 72-б. “Жұпар қорығы” – Ел аузынан.

7. 72-б. “Хан қатыны” – Астраханский вестник. № 1316.

8. 72-б. “Айлалы шал” – Волжский вестник. 1895. № 210.

9, 10. 72-б. “Кедейдің үш баласы”, “Үш өсиет” – ТӘИ архивінен.

11. 73-б. “Кәрі жілік” – Тургайская газета. 1895. № 47.

12. 73-б. “Сараң үш терек” – Особое добавление к Акмолинским ведомостям. 1891. № 39.

13. 74-б. “Орыстың молдасы мен жалшысы” – Березин материалы.

14. 74-б. “...мешкейліктің, сарандықтың, жағымпаздықтың, арсыздықтың өкілі” – Белинский В. Письма.

15, 16, 17, 18, 19. 76–77-бб. “Қарынбай бай”, “Зар жылатқан Зарлықбай”, “Төлебай”, “Түсіп”, “Өзгерген өмір” – Қарағанды экспедициясының материалы.

“Ертегілер” – 1948, 1961 жылдарда шыққан “Қазақ әдебиетінің тарихына” (бірінші кітап) енді, 1956 жылы “Әдебиет және искусство” журналының екі санында жарияланды, 1957 жылы “Мектеп” баспасынан жеке кітап болып басылып шықты. “Әр жылдар ойлары” (1959 ж.) мен жазушының он екі томдық және жиырма томдық шығармалар жинағының 18-томында (Алматы: Жазушы, 1985. 189–265-бб.) да жарық көрді. Енді аздаған түзетулермен сол он екі томдықтағы басылымы ұсынылып отыр.

Т. Әкім

“Жолы кең жазушы”

Бұл мақала жазушы С. Мұқановтың шығармашылық еңбегіне 25 жыл толу қарсаңында жазылып, тұңғыш рет “Жолы кең жазушы” деген тақырыппен “Социалистік Қазақстан” газетінің 1946 жылғы 27 қаңтар күнгі № 20 жексенбілік санында басылса, іле осы жылдың 1 ақпанында “Лениншіл жас” газетінде “Жалынды жазушы” деген атпен жарияланған. Мақаланың қолжазба нұсқасы сақталмаған. Бұдан кейін жазушының он екі томдығының 11-томына (Алматы: Жазушы, 1969. 257–261-бб.), жиырма томдығының 18-томына (Алматы: Жазушы, 1985. 283–287-бб.) енгізілді. Осы аталған төрт жарияланымды өзара салыстырып қарағанда, айтарлықтай айырмашылықтар кездеспеді. Тек 12, 20 томдықтардағы саяси түзетулер газет нұсқасымен (“Социалистік Қазақстандағы”) тексергенде байқалды. Бұлар: 3, 5-абзацтардағы “Ленин-Сталин партиясы”, “Ленин-Сталин жүйесі”, “Ленин-Сталин басшылығымен” деген сөздерде “Сталин” аты түсіріліп берілген.

Жазушының академиялық толық жинағына алғашқы басылым газеттегі нұсқа негіз болғандықтан, біз аталған есімдерді толық енгізуді жөн көрдік.

М. Әуезовтің “Социалистік Қазақстан” газетінің 3-бетіндегі “Республикамызбен бірге өскен жазушы” деген айдарға үн қосып, С. Мұқановтың өмірі, өсу жолы, шығармашылығына жасалған ғылыми талдау мақаласы ешбір өзгертусіз, толық күйінде академиялық жинаққа жіберілді.

Е. Қаныкейұлы

“Ворошилов атындағы колхозда”

Жазушының шаруашылық тақырыбына жазылған бұл очеркі 1946 жылы “Социалистік Қазақстан” газетінің 20 қазандағы санында шыққан. Очерк газеттегі нұсқасы бойынша М. Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағының 8-томында (1981. 123–127-бб.) басылды. Очерктің қолжазбасы сақталмаған. Шағын очеркте қазіргі Қарасай (бұрынғы Қаскелең) ауданының жерінде орналасқан Ворошилов атындағы колхоздың бір күндік тыныс-тіршілігі суреттелген. Аз көлемді мақалада колхоз шаруашылығының бірнеше саласы нақты деректермен, дәл де әдемі суреттермен оқушының көз алдына келтірілген. Мінсіз стильмен, ұтымды құрылыммен жазылған. Көркем очерктің классикалық үлгісі. Аздаған идеологиялық сарын ол уақыт үшін қалыпты үрдіс. Жазушының көркем шығармаларына тән әдемі пейзаж, бірер штрихтармен ғана берілген танымдық образдар бар. Колхозшылардың еңбегі мен ауылшаруашылық техникасының жұмысы дәл, нақты суреттелген. Тақырыпты беруде артық-кем кеткен жер жоқ. Очерк техникасы өте жоғары деңгейде. Очеркте аталған аудан аты мен кейбір географиялық атауларға (Үшқоңыр, Үш Қасқасу) қарағанда, ол кездегі Ворошилов атындағы колхоз тұрған жер қазіргі Жандосов атындағы елді мекенге келеді (Қарасай ауданы).

Очерк бұл томға жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 8-томындағы нұсқа бойынша берілді.

Р. Әбдіғұлов

“Проблемы изучения истории казахской литературы”

Бұл – М. Әуезовтің 1946 жылы 1–7 маусымда өткен Қазақ КСР Ғылым академиясының бірінші сессиясында жасаған баяндамасы. “Труды Первой сессии Академии наук Казахской ССР” жинағында (1946. 330–334-бб.) шыққан. Осы жинақтан алып, жүз дана кітапша шығарылған. Баяндама “Әр жылдар ойлары – Мысли разных лет” (1959. 467–479-бб.), “Мысли разных лет” (1961. 212–226-бб.), “Таңдамалы” (1997. 370–377-бб.) атты жинақтарында берілді.

Баяндамада М. Әуезов сол кездегі КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының тіл, әдебиет секторы дайындап жатқан төрт томдық “Әдебиет тарихының” жұмыстарын жүйелі түрде баяндап берген. Әдебиет тарихын жасаудың принциптері мен талаптарына тоқталып, сол кездегі қазақ әдебиеттану ғылымының даму деңгейі мен мүмкіндігін бағалаған.

Жақсы басталған жұмысты 1947 жылы 21 қаңтарда шыққан ҚК(б)П Орталық комитетінің “Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты жұмысындағы өрескел саяси қателіктер туралы” қаулысы жоққа шығарып, берекесін кетірді. М. Әуезов, т. б. ғалымдар жобасын жасап, жақсы жүргізіліп келе жатқан жұмыстар тоқырады. Қазақ әдебиетінің тарихынан М. Әуезовтің баяндамасында айтылып, жоғары баға берілген қазақ эпосының керемет үлгілері, тарихи жырлар, халық әдебиетінің кейбір түрлері ондаған жылдарға аласталды. Бұл баяндама-мақала – атышулы “тарихи қаулы” алдындағы қазақ әдебиеттануындағы бағалы, жарқын ғылыми еңбектердің бірі.

М. Әуезовтің 50 томдық толық шығармалар жинағының бұл томына 20 томдықтағы мәтін алынды.

Р. Әбдіғұлов

“Века и годы”

Мақала Қазан революциясының 30 жылдық мерекесіне орай арнайы жазылып, “Литературная газетаның” 1947 жылғы 7 қазандағы санында жарияланған. Бұған дейін М. Әуезовтің орыс тілінде шыққан мақалалар кітабына енбей келген. Кезінде Қазан төңкерісіне арнап барлық ұйымдарда жиындар өткізіліп, баяндамалар жасалып, маңызды мемлекеттік шара ретінде атап өтілетін. Осындай жиын Мәскеу қалалық кеңесінде өтіп, онда В.М. Молотов үш бөлімнен тұратын үлкен баяндама жасайды. “Литературная газетаның” аталған санында осы баяндама түгелімен жарияланып, оның 4-бетінде “Думы о Родине” деген айдармен М. Әуезов, Я. Колас, А. Караваеваның мақалалары, Г. Табидзе, М. Алигердің өлеңдері берілген. Одақтық деңгейдегі орыс тілінде тарайтын үлкен газетте осы қаламгерлермен қатар, М. Әуезов Қазан төңкерісінен бергі отыз жылда Қазақстанның мәдениетте, экономикада, халықтың әлеуметтік тұрмысында жеткен табыстарын атап өтеді. Мақала М. Әуезовтің 50 томдық академиялық басылымына газеттегі нұсқасы бойынша өзгеріссіз жіберілді.

К. Рахымжанов

“Тезисы к докладу “История казахской литературы”

Тезистер мәтіні “Әуезов үйі” ҒМО-ның қолжазба қорында сақталған (239-бума, 1–7-бб.) Мәтіндер алдында “Статьи и тезисы” деген жалпы атау қойылған. Мәтін бұған дейін еш жерде жарияланбаған.

1947 жыл тоталитарлық идеологияның өрістеуіндегі кезенді жыл болды. Соғыс жылдарындағы идеология, руханият саласындағы “жылымық” артта қалып, идеологиялық қысым, солақай сын қайта қарқындай бастады.

Октябрь революциясының отыз жылдығы жақындап келе жатқандықтан, идеологияның барлық салаларын әр деңгейдегі партия ұйымдары қатаң бақылауға алды. Кеңес Одағының барлық республикаларында ұлттық интеллигенция өкілдерін бақылау күшейді. Бұл жағдай Татарстан мен Қазақстанда ерекше етек алды.

1947 жылдың ақпанында ҚК(б)П Орталық комитетінің “Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өрескел саяси қателіктер” атты қаулысы шыққаннан кейін, ең көрнекті ғалымдарға солақай шабуыл басталып, баспа беттерінде жала, арыз сипатындағы мақалалар жариялана бастады. Бұлардың қатарында М. Ақынжановтың “Профессор Марғұланның қателері” (Әдебиет және искусство. 1947. 14 наурыз) деген мақаласы, С. Бәйішевтің атышулы “Профессор М. Әуезов өткендегі қателерінің шырмауында” (Социалистік Қазақстан. 1947. 14 наурыз) деген мақаласы, сонымен қатар республиканың бас газеті “Социалистік Қазақстанның” 11 шілдедегі санында шыққан “Ғылымдағы идеясыздық пен бейсаясатсыздыққа жол берілмесін” атты (С. Бәйішев, Қ. Шәріпов, А. Қайыргелдина) мақалалар бар.

Сонымен қатар жоғары оқу орындарының ғалым-оқытушыларына да идеологиялық шабуыл басталып, М. Әуезов осыған

орай студенттердің құрамындағы жергілікті ұлт қатарының өсуі, ұлттық филологияның дамуына зор әсер еткен қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының маңызы туралы баяндамасының тезистерін дайындаған.

Бұл кезеңде өмірлік тәжірибесі бай М. Әуезов идеологиялық солақай соқтығудан қорғанудың амалдарын амалсыздан жақсы меңгеріп алған болатын. Мұны біз томға беріп отырған материалдардан, осы жылдардағы жазушының басқа мақалаларынан көреміз. Осы мақсатта ол партиялық құжаттардан цитаттар алып, өз еңбектерін “қауіпсіздендіріп” отырған. Ғылымға тағылған көптеген айыптарды ол “ғылымның жастығымен, ғалым кадрлардың аздығымен” ақтап алып отырады. Материалдардың мазмұнына қарағанда, 1947 жылдың наурыз, көкек айларында жазылған болу керек. Бұрын баспа бетін көрмеген бұл тезистерді М. Әуезовтің өз қолымен жазған нұсқа бойынша беріп отырмыз.

Р. Қайшыбаева

“Письмо с Востока”

М. Ритман-Фетисовпен бірлесіп жазылған мақала “Правда Украины” газетінің 1947 жылғы 1 қарашадағы санында жарияланған. Ресейден кейінгі дамуы жағынан ілгері тұрған достас республика жұртшылығы үшін кеңестік Қазақстан өмірінен деректер алу қажет болатын. Авторлар қазақ елінің арғы-бергі тарихын шола отырып, жақсылықтың дені жаңа дәуірде келді деп көрсетуге тырыспауы мүмкін емес еді. Абай есімі де ежелгі қыр халқының енжарлығын сынауы тұрғысынан еске алынады. Сол дәуірдегі ірі көрсеткіш ретінде академик Қаныш Сәтбаев аталады. Өнеркәсіп, ауыл шаруашылығындағы, білім жүйесіндегі нақты істерді санмен дәйектеп жеткізуге ұмтылыс байқалады. Мақала елу томдыққа өз уақытының қажеттілігінен туғандығы ескеріліп, ғылыми бейтараптылық ұстаным бойынша сол газеттегі қалпында, қысқартылмай беріліп отыр.

Б. Майтанов

“Жамбылдың айтыстағы өнері”

М. Әуезовтің 1946 жылы Жамбыл Жабаевтың жүз жылдық мерекесінде жасаған баяндамасы. Баяндама-мақала 1948 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының “Хабарларында” (Әдебиет сериясы. № 6. 5–24-бб.) жарияланды.

“Әуезов үйі” ҒМО қолжазба қорында баяндама-мақаланың машинкаға басылған қолжазбасы (249-бума, 15–34-бб.), осы мақаланың орыс тіліндегі нұсқасы (1–14-бб.) және жазушының өз қолымен жазған екі мақала тезисі бар. Бірінші тезис (43–56-бб.) екіге бөлінген жазу қағазына күлгін сиямен жазылған. Екінші тезис (71–83-бб.) бүтін жазу қағазына түсірілген. Екеуі де М. Әуезовтің өз қолтаңбасы. Тезистерде баяндамада айтылған мәселелер түгел дерлік қамтылып, әр мәселеге қатысты абзацтар нөмірленген.

Баяндама мәтінінің бір нұсқасы Қазақстан Ғылым академиясының ОҒК қолжазба қорында сақталған (93-бума). Бұл қолжазбаның үстінен мақала авторы өз қолымен елеулі редакциялық жұмыстар жүргізген. Бірер абзацты, сөйлемдерді алып тастап, кей жерлеріне жаңа сөйлем, тіркестер, жеке сөздер қосқан, стильдік өзгертулер кіргізген. “Әуезов үйі” ҒМО қолжазба қорындағы мәтін үстінен қара қарындашпен, күлгін сиямен жасалған аздаған өзгерістер бар. Бірнеше жаңа сөз қосылып, кейбір жерлерде қосымшаларды өзгерту арқылы сөйлемдерге стильдік өзгерістер кіргізген. Бұл мәтіннің бірнеше жерінде жеке абзацтар, сөйлемдер қызыл қарындашпен жақшаға алынып, тұстарына сызық түсірілген. ОҒК-дағы қолжазба мәтінінде осы жерлер алынып, редакцияланған. Осындай абзац, сөйлемдердің мысалдары:

“Сталин дәуірінің, гүлденген Отанының ескек, дана жаршысы болған Жамбыл, айтыста самғап жүрген Жамбылдан мүлдем басқа ма, жоқ па? деген сұрақты және де қоюға болады”.

“Шынында, бүгін кітап соңынан кітап әрі көрікті, әрі кенеулі болып шығып жатқан Жамбыл жинақтарының қатарын алсақ, айтыс өнерінің сол жинақтардан алатын орны онша мол емес. Әсіресе, мезгілінде, ерте заманда жазылып, хатқа түсіп қалмағандықтан, ерте күндегі Жамбыл атын данқтандырған көп айтыстарын жадында сақтап жүрген айтушылар сирегендіктен, ақпа ақынның көп айтысы қазір қолымызда жоқ. Бізге жетпей жоғалып қалған. Соған қарап, бүгін көпке мәлім болып отырған Жамбыл өлеңдерінің тобындағы орны оншалық мол емес. Айтыстарын ерекше бөліп, айрықша талқылаудың қажеті қанша деуге де болар еді.

Бірақ Жамбылды анық терең ұғынам деген зерттеуші, сыншыға және жалпы Жамбыл өнерін сүйіп, қадірлейтін оқушыға мәселе олай көрінбеу керек”.

“Бүгінгі жыры бұрынғы Жамбылдың азаматтық, арнайы арманынан туатынын талдап көреміз”.

“Өнердің өзін бағалағаның шын болса, төркінін, тегін алдымен таны десе де болады. Жамбылдың бұрынғы қалпын білмеген, 1936 жылдан бері қарайғы ақындығын білу арқылы оны осы бергі-ақ кезде пайда болған ақын, одан бұрын мәлім ақын емес еді, – деуші кейбір ұшқары оқушыға тарихи түсініктер беру қажет. Ол тарихи шындыққа шынайы әділ қараумен парпар дейміз”.

М. Әуезовтің осындай мағынадағы абзац, сөйлемдерді қысқартуы сол кездегі идеология талаптарынан болу керек. 1936 жылдан бері шыққан Жамбылға қатысты мақалалардың дені солақай идеологиялық сипаттағы публицистика болатын. Осындай жерлермен қатар, автор редакциялау барысында Ворошилов, Молотов, Каганович аттары келтірілген сөйлемдер мен айтыс жанрының зерттелуіне қатысты тұстар қысқартылған. Жазушының жиырма томдық шығармалар жинағына ОҒК-дағы мәтінді автордың редакциялаған қалпында алған.

1. 126-б. “...бағалы еңбек сіңірген әдеби хатшысы **Ғали Орманов**” – 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің декадасынан кейін Жамбыл шығармашылығына қаты көңіл бөлініп, хатшылар, аудармашы тағайындалған. Жамбылға хатшылық қызмет атқарғандардың ішінде ұзағырақ болып, ақын шығармаларын қағазға түсірген **Ғ. Ормановтың** Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мұрағатындағы “Ғ. Ор-

манов қорында” Жамбылдың өмірі мен шығармашылығына қатысты мол материалдар бар.

2. 126-б. **“Сапарғали Бегалин жиған материалдардан...”** – Орталық ғылыми кітапхананың қолжазба қорында С. Бегалиннің “Жамбылдың өмірбаянына қосымша материалдар” атты бумасы бар. Мұнда Жамбылдың өмірі ата-бабаларынан бастап жүйелі түрде баяндалған. Жамбылдың жүз жылдық мерекесіне орай жасалған бағдарламаның бір пунктінде С. Бегалин жазбаларын кітап етіп шығару туралы айтқан. Белгісіз себептермен бағдарламаның осы пункті орындалмай қалған. Бұл еңбек 1996 жылы Жамбылдың 150 жылдық мерейтойы кезінде кітап болып шықты. Еңбек роман делінген. Бірақ көркем шығармадан гөрі өмірбаяндық шығармаға келеді.

3. 128-б. **Есмағамбет** – Есмағамбет Ысмайылов. Әдебиетші ғалым. Халық ауыз әдебиетіне қатысты іргелі еңбектердің авторы (Ақындар, 1956). Жамбылтану ғылымының негізін салушы, халық ақынының шығармаларын жазып алуда басты роль атқарған ғалым.

4. 130-б. **“Онда Жамбыл үш кезең жауап айтып, Домалақ, Сұраншы, Саурық үшеуі туралы үш тамаша дастан жырлап шығады”** – Жамбылдың әр жылдары шыққан шығармалар жинағында берілген Сарбаспен айтысында толыққанды екі жыр бар. Домалақ ана, Сұраншы батыр туралы фабуласы, сюжеті дамыған көркем жыр айтылса, кітаптағы нұсқаларда Саурық батырға қатысты сюжетсіз мадақ өлең бар. Ғылым академиясының ОҒК-да Сарбас пен Жамбыл айтысының 1924 жылы Сабыр Шарипов жазып алған нұсқасы сақталған. Қолжазба араб жазуында. Бұл қолжазбаның көлемі Жамбылдың шығармалар жинағында беріліп жүрген нұсқадан үш есе артық. Бұл нұсқада Саурық жайлы толыққанды жыр бар. Айтыстың Шарипов жазып алған толық нұсқасы 1998 жылы “Жұлдыз” журналының 1-санында жарияланды.

5. 133-б. **Тәйті** – Жамбылдың әкесі Жапаның інісі. Қажылық сапарында Мекке қаласында қайтыс болған.

6. 135-б. **“...Жамбыл айтқан мысқыл қалжыңдарын еске алайық”** – С. Бегалиннің “Жамбылдың өмірбаянына қосымша материалдарында” ақынның қара сөзбен айтқан қалжың мінездемелерінің ондаған мысалдары бар. Ақын дүниетанымының бір қырын көрсететін бұл бірқақпайлар өткір тілімен, дәл ба-

ғаларымен, психологиялық тереңдігімен ерекшеленеді. Жамбылдың адам танығыш қасиетін көрсетеді. Жамбылдың жүз жылдық мерекесіне орай жасалған бағдарламаның бір пункті прозалық мұрасынан тұратын кітап шығару болатын. Бағдарламаның бұл пункті де орындалмай қалған.

Р. Әбдіғұлов

“Қазақ әдебиетінің тарихын жасау мәселелері”

М. Әуезовтің 1947 жылы Ұлы Октябрь социалистік революциясының 30 жылдығына арналған Қазақ КСР Ғылым академия-сының мерекелік сессиясында жасаған баяндамасы. ҚР ҒА-ның архивінде сақталған құжатта (ф. 2, оп. 1, д. 87, 12, л. 4, 5, 25): “11 декабря. Фонд отделения общественных наук. Сессия Отделения общественных наук АН КазССР, посвященная XXX-летию Великой Октябрьской социалистической революции (начало в 1 часов в помещении Каз. гос. консерватории, проспект Сталина, 64а). Доклады: 1. Акцентуация в казахском языке. Действ. член АН КазССР С. Кенесбаев. 2. Об основных проблемах научной работы по истории каз. лите-ры. Действ. член АН КазССР М. Ауэзов...” деген деректер бар.

“Әуезов үйі” ҒМО қолжазба қорында баяндаманың мәтіні сақталмаған. Баяндама 1948 жылы “Әдебиет және искусство” журналының 2-санында шыққан. Кейін М. Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағының 17-томына (1985. 205–221-бб.) журналдағы нұсқа бойынша берілген.

1947 жылы 21 қаңтарда ҚК(б)П Орталық комитетінің қаулысында (ол кезде “тарихи қаулы” деп қатты даурықтырған) “Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты жұмысындағы өрескел саяси қателіктер туралы” айтылды. Сол кезде жемісті жұмыс істеп, қазақ тілі мен әдебиетінің тарихы мәселелерін зерттеп, үлкен жетістіктерге жеткен, қазақ әдебиеті тарихының төрт томдығын жоғары деңгейде дайындаған институтты солақай идеологиялық сынға алды. Қаулыдан кейін баспасөз бетінде осы бағыттағы көптеген материалдар шығып жатты.

М. Әуезов бұл кезде Қазақ КСР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының фольклор бөлімінің меңгерушісі, ірі ғалым ретінде қазақ әдебиеті тарихының төрт томдығы жұмыс-

тарының басшыларының бірі болған. Орталық комитет қаулысында сыналған осы еңбектің қазақ фольклорына арналған томы ғылыми тұрғыдан уақыт талабына сай дайындалған еді. М. Әуезовтің 1927 жылы қазақ фольклортану ғылымының іргесін қалаған “Әдебиет тарихы” монографиялық еңбегін шығарып, осы тақырыпта бірталай ғылыми еңбектер жазғаны белгілі. Бұл еңбектер әлемдік фольклортану ғылымының деңгейінде жазылған болатын.

М. Әуезов аталған мерекелі сессияда жасаған баяндамасында өзінің бұрынғы біраз ойларын жоққа шығаратын пікірлер айтып, қаулы талаптарына сәйкес әдебиет тарихының төрт томдығын жүйелі түрде талдай келіп, біраз идеологиялық сындар айтқан. Баяндамада басқа республикалардың ұлттық әдебиеттерінің жайына шолу жасалып, халық әдебиеті үлгілерінің қаулы талаптарына сай келетін түрлерін атаған. Баяндама барысында Маркс, Энгельс, Ленин, Лафарг, Герцен, Чернышевский, Белинский, Добролюбовтарға тоқталып, әдебиеттің халықтығы мәселесін сөз етеді. Фолклорлық жанрларды ғылыми тұрғыда ретімен саралай келіп, талдау барысында атышулы қаулы сыны тұрғысынан да сөйлеуге мәжбүр болды. Өзі 1947 жылдан бұрын да, кейін де биік ғылыми деңгейде талдаған “Қозы Көрпеш – Баян сұлу”, “Қыз Жібек” жырларын қаулы “талаптары” тұрғысынан талдамақ болғанмен, халық ауыз әдебиеті поэтикасын терең түсінетін ғалым ретінде аталған жырлардың көркемдік қасиеттерін жоғары бағалайтынын байқатып қояды. Батырлық эпосты да осы тұрғыда сөз еткен. Баяндамада аталған қаулыдан кейін қазақ әдебиетінен аласталған “Қобыланды”, “Тарғын” жырлары жайында “...мысалы, “Қобыланды”, “Қамбар”, “Тарғын” сияқтылар да халықтық сапаға жақын және кейбірінде таптық қайшылықтар да (Қамбар) айқын көрінетіні ашыла тексеріледі,” – дейді. Баяндама мәтіні – кеңестік идеологияның, солақай саясаттың қысымынан туған шығарманың үлгісі. М. Әуезовтің фольклортану саласындағы кейінгі еңбектері қайтадан таза ғылыми арнаға түскен. Баяндама мәтіні 50 томдық толық шығармалар жинағының бұл томына жазушының 20 томдық шығармалар жинағындағы мәтін нұсқасы бойынша берілді.

Р. Әбдіғұлов

“Өткен жыл жемістері, жаңа жыл мұраттары”

Мақала алғаш рет “Социалистік Қазақстан” газетінің 1948 жылғы 1 қаңтардағы санында жарық көрді.

Қолжазбасы сақталмаған бұл мақалада Қазан революциясының 30 жылдық мерекесі қарсаңында атқарылған жұмыс ретінде Академиялық драма театрының репертуарына арналған “Асыл нәсілдер” пьесасының жайы, баспаға дайындалуы сөз болған. “Қазақ әдебиеті тарихының” 1-томы авторларының бірі, әрі жауапты редакторы ретінде, Академиялық опера театры қойған “Төлеген Тоқтаров” операсының (композиторлары: А. Жұбанов, Л. Хамиди) либреттосы жайлы Жаңа жыл қарсаңында жылдық есеп беретіндей.

Кейін ешқайда жарияланбаған. Бұл томға газеттегі шыққан нұсқа мәтіні ішінара орфографиялық түзетулермен, толық өзгеріссіз жіберіліп отыр.

С. Майлыбай

“Қыз Жібек”

1948 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты дайындаған төрт томдық “Қазақ әдебиеті тарихының” бірінші томына М. Әуезов “Қыз Жібек”, “Қозы Көрпеш – Баян сұлу”, “Айтыс өлеңдері” тарауларын жазып, институттың фольклор бөлімінің меңгерушісі ретінде томды дайындауға басшылық жасаған. “Қыз Жібек” жыры жайында 1927 жылы шыққан “Әдебиет тарихы” оқулығында жазды. Осы оқулықтағы “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырына арналған тарауға қарағанда көлемі шағын. Тарау “Қыз Жібектің” қысқаша әңгімесі”, “Қыз Жібек” әңгімесінің мәні” деген тақырыптарға бөлінген. 1948 жылы дайындалған әдебиет тарихының 1-томындағы “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырына арналған тарауда жырдың жиналуына, зерттелуіне үлкен көлем арналса, мұнда жырдың нұсқалары, жариялануы туралы қысқаша мәліметтер берілген. Жұмыстың негізгі бөлімінде көркемдік талдау өте жоғары деңгейде жасалған. Кейіпкерлер жан-жақты талданып, жазба әдебиетке қатысты зерттеулердің деңгейінде психологиялық, этикалық тұрғыдан талдаулар жасалған. Жырдың тақырыптық, идеялық қырлары ашылып, этнографиялық, әлеуметтік мәселелер ашып көрсетілген. “Қыз Жібек” тарауын халықтық эпосқа қатысты зерттеулердің үздік үлгісі деп айтуға толық негіз бар.

Тарау орыс тіліне аударылған (Ы. Дүйсенбаев, Е.В. Лизунова). М. Әуезовтің бұл еңбегі кейін “Әр жылдар ойлары – Мысли разных лет” (1959. 467–479-бб.), “Мысли разных лет” (1961) жинақтарында, 20 томдық шығармалар жинағының 17-томында (1985. 258–279-бб.), ұлы жазушының жүз жылдық мерейтойы кезінде шыққан “Таңдамалы” жинағында басылды.

Бұл томға “Қыз Жібек” еңбегінің мәтіні аталған кітаптардан алынып, салыстырылып барып берілді.

Р. Әбдіғұлов

“Состязательные песни и искусство импровизации у Джамбула”

Жамбылдың жүз жылдық мерекесінде жасалған баяндама-мақаланың орысша нұсқасы. Бұл нұсқа еш жерде жарияланбаған. Машинаға басылған мәтіні М. Әуезов мұражайының қолжазба қорында сақталған (249-бума, 1–14-бб.). Бұл бумада баяндаманың қазақша мәтіні және екі бөлек жасалған, мағыналық бөліктері нөмірленген тезистер бар. Қолжазбаның бірінші бетінде, мақала атауының жоғары жағында “М. Әуезов” деп жазылған. Атаудың үстіндегі “тезис доклада”, алдындағы “по теме” деген сөздер қолмен сызылған (күлгін сиямен). Мақала атауының соңына жақшаға алынып, жазушының өз қолымен “сокращенный перевод доклада” деп жазылған. Баяндама атауының астында “К юбилейному пленуму ССПК” деген ескертпе бар.

Баяндаманың орысша мәтінін қазақша қолжазба мәтіндерімен салыстырған кезде автордың қысқартқан, алып тастаған жерлерінің аударылмағаны байқалды. Баяндама мәтінінің қалған бөлігі түгел аударылған. Абзац көлемінде, сөйлем ішінде ықшамдалып аударылған тұстары кездеседі. Мәтін орыс тілді тыңдаушы мен оқырманның түсінігіне ыңғайландырылған. Орыс тіліндегі мәтіннің стиліне, автордың өз қолымен жасалған түзетулеріне қарағанда, аударма М. Әуезовтің өзінікі. Жамбылдың жүз жылдық мерекесіне арналған Қазақстан Жазушылар одағының арнаулы пленумында М. Әуезовтің баяндаманы қазақ тілінде жасағаны белгілі. Қазақ КСР Ғылым академиясының “Хабарларында” (Әдебиет сериясы. 1948. № 6. 5–24-бб.) шыққан алғашқы жарияланымы да қазақ тілінде. Баяндаманың қазақша мәтінін автордың мұқият өңдегені байқалады. Орысша мәтінге автор қолымен бірер ғана сөз қосылған, негізінде машинаға басушыдан кеткен қателерді түзеген. Осыларға қарағанда, баяндаманы орыс тілінде жариялау жоспарланбаған сияқты. Орысша мәтінді дайындаудың бір себебі – Жамбылдың

жүз жылдық мерекесі үлкен үкіметтік шара болғандықтан, тиісті орындарға баяндаманың орысша мәтінін алдын ала өткізу керек болған. Екінші себеп – Жамбыл мерейтойы шараларының Мәскеудегі жиынына байланысты болу керек. Бұның дәлелі ретінде “М. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресіндегі” деректерді келтірейік (Алматы: Ғылым, 1997. 315-б.): “1 июня (1946 г.) Протокол № 1 совещания комиссии по проведению 100-летия со дня рождения Джамбула. Присутствовали: Скосырев, Евгений, Минкина, Тарловский, Ерусалимчик.

Слушали: № 1. Об организации, посвященного 100-летию со дня рождения Джамбула в Колонном зале.

Постановили: 4. О программе вечера. Вечер просить открыть т. Тихонова или Лебедева-Кумача. Вступительное слово – Мухтара Ауэзова. Переводчики: Маршак, Тарловский, Сельвинский, П. Кузнецов, Адалис.

(Архив СП СССР, фонд Бюро нац. комиссии, оп. 14, д. 40, № 7)”.

Бұл ресми құжат болса, дәл осы бумадағы мына жеделхатта Мәскеудегі мерейтойға алдын ала негізгі баяндамашы ретінде М. Әуезовті таңдағанын көреміз.

“17 июня. Телеграмма: Алма-Ата, Пролетарская 3, Союз писателей. Муканову. Вечер столетия Джамбула в Колонном зале устраиваем второго июля, молниуйте кто приедет докладом, желательно Мухтар Ауэзов...”. Осы құжаттарға қарағанда, Мәскеудегі баяндаманы М. Әуезов жасаған. Баяндама біз осы томға беріп отырған мәтін болуы мүмкін. Мәтін 249-бумадағы қолжазба бойынша автордың аздаған түзетулері ескеріле отырылып дайындалды.

Р. Әбдігүлов

“Любимый поэт”

Көлемі өте шағын болғанмен, әдеби, әлеуметтік мәні зор бұл жиһатты “Правда Востока” газетінің 1948 жылғы 15 мамырдағы санында жарияланған нұсқасы бойынша, сол қалпы беріп отырмыз.

Газеттің бұл санында өзбек халқының ұлы ақыны Әлішер Науаидің 500 жылдық мерейтойына байланысты әр ұлт әдебиетінің көрнекті өкілдері атынан құттықтау лебіздері берілген. Мәселен, К. Симонов, Б. Кербабаетың, М. Тұрсын-зада, С. Ұлұғ-зада, М. Миршакаровтың, т. б. шағын пікірлері немесе өлеңдері орын алған. М. Әуезов қазақ әдебиеті атынан сөз алған. Ә. Науаи мұрасына назар аударып, шығармашылық өнеріне тағылым еткен ақындардың қатарында Абаймен бірге Шәңгерей, Шәді және Ақан серінің аталуы дәстүр жалғастығы мәселесін кең ауқымда қарастыруға мезгейтін әдістанымдық тұрғыны аңғартуымен қызықты.

Б. Майтанов

“Үшқоңыр жайлауында”

Жазушының ауыл шаруашылығы тақырыбына жазылған көркем очеркі. Кейбір нақты деректер алынғандығы болмаса, әңгіме жанрына да келеді. Бірнеше кейіпкер образдары көркем проза тәсілдерімен берілген. Образ өзіне тән мінез, сөзге ие. Диалогтары да көркем шығармаға келеді. Очерк авторы нақты тапсырыспен арнайы іссапарға шығып, бір топ жазушылармен, аудан әкімшілігі өкілдерімен малшыларды аралаған. Очерктегі Үшқоңыр жайлауы, “ауыл шаруа ғылымының тәжірибе институты КИЖ” (қазір Мыңбаев атындағы Қазақ мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты) Алматы облысы Жамбыл ауданының жерінде. Іссапарда көргендерін қағазға түсіргенде автор очерктік, газет мақаласы сипатынан көркем баяндауға ойысып кеткен. Очеркте пейзаждың, этнографиялық суреттемелердің керемет үлгілері бар.

Очерк 1948 жылы “Әдебиет және искусство” журналының 7-санында шыққан. Жазушы мұражайының қолжазба қорында очерктің машинкаға басылған қолжазбасы бар (56-бума, 1–11-бб.). Қолжазбаның үстінен автор өз қолымен елеулі түзетулер жасап, жаңа сөз, сөйлемдер қосқан. Очерктің қолжазба нұсқасындағы атауы – “Тау жайлауда”. Бұл атау “Үшқоңыр жайлауында” деп түзетілген. Очерктің редакцияланған нұсқасының машинкаға басылған данасы да мұражайдың қолжазба қорында (56-бума, 12–21-бб.) сақтаулы. Редакциялау барысында автор бірнеше сөйлемді түгелімен алып тастап, кейбір сөздерді ауыстырып, жаңа сөз, тіркестер қосып отырған. Мұндай жұмыстардың нәтижесінде очерк ықшамдалып, мағыналық жағынан да, түрлік жағынан да ширай түскен. Мысалы, алғашқы нұсқасындағы “Биікте, төбенің басынан ой жақта көкжиек шексіз жиһан бар екенін танытады”, – деген сөйлемді “Биіктен қарағанда көкжиек шексіз боп кеңейіп, жырақтаған”, – деп өзгерткен.

Алғашқы мысалда да табиғат көрінісі әдемі суреттелгенмен, соңғы мысал шағын көлемді очерк табиғатына дәл келіп тұр. Осындай өңдеудің дәлдік тұрғыдан ұтқан мысалының бірі: “Қыбырлап мал, үн қатып адам, маңырап-кісінеп қой-қозы, ат-айғырлар тыныш жайлауды жаңғыртады” – сөйлемін автор “Қыбырлап мал, үн қатып адам, маңырап-кісінеп қой-қозы, ат-айғырлар тыныш жайлауды оятты”, – деп өзгертіп, очерктік мазмұнға ыңғайлап, деректілік сипатын күшейткен. Очеркті кейін жазушының 20 томдық шығармалар жинағына дайындағанда (8-том, 116–123-бб.) “Әдебиет және искусство” журналында жарияланған нұсқамен салыстыра келіп, мұражай қорындағы автордың өз қолымен редакцияланған нұсқаны алған. Әуезовтің 50 томдық толық шығармалар жинағының бұл томына очерктің 20 томдық жинақтағы нұсқасы берілді.

1. **196 -б. “Ат үсті жиынға жаршылар өлеңдетіп жар айтып жүрді”** – Қазақ ауыз әдебиетіндегі аз зерттелген, жете көңіл бөлінбеген жанр – жарлау, жар айту. Қазақ арасында суырыпсалмалық қасиет, есте сақтау қабілеті жоғары, көтерілуі жеңіл ақындардан жаршы сайланған. Жаршы ақын ел жиылған жерлерде жиынның бағдарын, тәртібін өлеңмен айтып, ұйымдас-тырушылық тұрғыда үлкен роль атқарған. Осындай жерлерде ел білуге тиіс хабарларды айтып, жаңалықтарды жеткізіп отырған. Жер дауы, жесір дауы сияқты мәселелер бойынша да жаршылар қызметі қажет болған. Жоғалған малдың жөнін, түр-түсін айтып, білген елден хабар беруді сұраған. Жаршының т. б. қызметтері болған.

Р. Әбдігүлов

“Қозы Көрпеш – Баян сұлу”

М. Әуезовтің 1948 жылы шыққан “Қазақ әдебиетінің тарихының” 1-томына жазған тарауы. Кейін 1959 жылы шыққан “Қазақ әдебиеті тарихының” 1-томында, “Әр жылдар ойлары – Мысли разных лет” (1959), “Мысли разных лет” (1968) жинақтарында, 1997 жылы жазушының жүз жылдық мерейтойына орай шыққан “Таңдамалы” жинағында берілді. Тарау орыс тіліне аударылған (Ы. Дүйсенбаев, Е.В. Лизунова). М. Әуезовтің “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырын талдаған алғашқы еңбегі – 1925 жылы жазылып, 1927 жылы Қызылордада Қазақмембаспасынан шыққан “Әдебиет тарихы” монографиясындағы тарау. Онда жырды “Ел поэмалары” деп аталған бөлімде алып, “Қозы Көрпеш – Баянның” қысқаша әңгімесі және “Қозы Көрпеш – Баянның мәнісі” деген тараушаларға бөліп талдаған. Талдау деңгейі кітап шыққан уақыт үшін өте жоғары. Сонымен қатар 1936 жылы шыққан “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” кітабына алғы сөз мақала жазған. Бұл кітаптағы “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырының ел арасында тараған Жанақ ақын жырлаған нұсқасын М. Әуезов жазып алған. Бұл жыр жайында фольклор тақырыбындағы басқа да зерттеу мақалаларында айтып өтеді.

“Әдебиет тарихында” жыр екі тақырыпшаға бөлініп, алғашқысында жыр фабулалық тұрғыдан талданса, екінші бөлімінде жырға көркемдік талдау жасалған.

Біз қарастырып отырған 1948 жылғы нұсқа үш бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлімде академиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарының үлгісінде жырдың нұсқалары, жиналуы мен зерттелуі жайында жүйелі мәліметтер берілген. Жырдың шығу тегіне, таралуына тоқталып, ұлтаралық сипаты бар екенін көрсетеді. Бұл тараудан автордың жан-жақты ізденгені анық байқалады. Радлов, Уәлиханов, Саблуков, Кастанье, Мелиоранский, Березин, Абрамов, Потанин, т.б. жинаушы-зерттеушілердің жұмыстарын

көрсетіп, әрі қарай қазақ зерттеушілеріне тоқталған. Жырдың шығу тегіне байланысты этнографиялық, географиялық талдаулар жасалған. Тараудың екінші, үшінші бөлімдерінде “Әдебиет тарихындағы” сияқты жырдың фабуласы мен сюжеттік құрылымын талдап, бір бөлімді жырдың поэтикалық ерекшеліктерін ашуға арнаған. 1927 жылғы нұсқадан талдау деңгейі, ғылыми сипаты анағұрлым жоғары. М. Әуезовтің бұл еңбегінде “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырының жиналуы, зерттелуі, нұсқалары, таратушылары, сюжеттік, фабулалық құрылымы, образдар жүйесі жайында негізгі, тұжырымды ұстанымдар айтылған.

М. Әуезовтің 50 томдық толық жинағының бұл томына 20 томдық жинақтың 17-томындағы нұсқа алынды.

Р. Әбдігүлов

“Ұлы ойшыл, сыншы”

Орыстың ұлы сыншысы В.Г. Белинскийдің қайтыс болуына жүз жыл толуына орай жазылған М. Әуезовтің бұл мақаласы 1948 жылы “Социалистік Қазақстан” газетінің 6 маусымдағы санында жарияланды. Мақаланың қолжазбасы сақталмаған. Жазушының жиырма томдық шығармалар жинағының 18-томына (301–307-бб.) енген. М. Әуезовтің елу томдық шығармалар жинағының осы томына газеттегі нұсқасымен салыстырылып, өзгеріссіз беріліп отыр.

Орыс халқының ұлы ойшыл философы, әдебиет сыншысы және демократ-революционері В.Г. Белинскийдің қайтыс болғанына 1948 жылы 7 маусымда 100 жыл толды (1811 ж. 11 маусым – 1848 ж. 7 маусым. Петербург). Жазушы Белинскийдің 37 жасында дүниеден өткенімен, оның орыс әдебиеті мен сынының іргесін қалағанын, бар күш-жігерін реалистік әдебиет туғызуға арнағанын, орыс халқын шын жүрегімен сүйген ерекшелігін айтып өткен.

Мақалада М. Әуезов В.Г. Белинский еңбектерінің үш түрлі сипатын, өзіндік ерекшеліктерін, оның орыс мәдениетінде азаттық қозғалыстың ірі өкілі, шығармаларды әділ талдайтын, мінеп, мақтап сөйлейтін сыншы екенін көрсетумен қатар, сапалы әдебиет пен әдебиеттің халықтық сипаты жөніндегі ойларына саралау жасап, оның маңыздылығы жайында өз ойларын қорыта айтқан.

В.Г. Белинскийдің ойлары мен тұжырымдарының, өзіндік көзқарастарының әсері XIX ғасырдағы қазақ халқының ағартушы-демократтары Шоқан, Ыбырай, Абай шығармаларынан көрініс алуын жазушы Абай өлеңдерін талдау арқылы көрсеткен.

А. Болсынбаева

“Біздің елдің салт-сауығы”

М. Әуезовтің бұл мақаласы 1940 жылдардың орта шенінде Шығыс Түркістан (Шынжан) қазақтары үшін Алматыда болатын жиынға орай дайындалған. Алғаш рет “Қазақ елі” (кейінірек “Жаңа өмір”) деген атпен қазақ, ұйғыр тілінде шыққан журналдың 1948 жылғы № 3 санында жарияланды. Қазақтың ұлттық салт-сауығының өткені мен қазіргі қалпы салыстырыла отырып баяндалатын, қолжазбасы сақталмаған мақаланың журналдағы нұсқасы, ішінара орфографиялық түзетулер жүргізіліп, жиырма томдық шығармалар жинағында (Алматы: Жазушы, 1985. 18-т. 266–272-бб.) шықты.

Бұл томға мәтіні толық өзгеріссіз ұсынылып отыр.

1. 245-б. **“Қынаменде”** – Қазақтың ұлттық ойын-сауығы. Қына – өсімдік, гүлзарларға сәндік үшін өсіретін гүлдің бір түрі. Оны шаш, тырнақ бояу үшін қолданады. Тұрмыста гүлдеген кезде, сабағының сарғыш түсті сығындысын пайдаланады. Қазақта үйдегі үлкен кісілер алыс сапарға кеткенде, жастар, қыз-келіншектер жиылып бастанғы, яғни қынаменде жасайды. Шаш, тырнақтарын осы қына сығындысымен бояп, ойын-сауық өткізетін болған.

С. Майлыбай

“Әлішер Науаи”

М. Әуезовтің бұл мақаласы өзбек халқының ұлы ойшыл ақыны Әлішер Науаидің туғанына 500 жыл толу мерекесіне орай жазылып, 1948 жылы басылған “Әлішер Науаи” жинағына алғы сөз (5–17-бб.) ретінде жарияланған.

Мақала жазушының он екі томдық шығармалар жинағының он бірінші томында (276–284-бб.), жиырма томдық шығармалар жинағының он сегізінші томында жарияланған нұсқасы мен газеттегі басылымы салыстырылып, М. Әуезовтің елу томдық академиялық басылымының осы томына өзгеріссіз беріліп отыр.

Бұл көлемді мақалада М. Әуезов Әлішер Науаидің шыққан заманын көрсетумен қатар, сол кездегі тарихи оқиғаларға шолу жасаған, сондай-ақ оның ақындығын, әкімшілік, қоғамдық қызметін, еңбектерін саралап, оларға қысқаша түсініктеме берген. XV ғасырдың орта кезі – білім мен өнердің өрістеген дәуірі. Ғират (Герат) сол кездегі Қорасан орталығы болды. Оған Орта Азия мен Ауғанстан, Иранның жарты бөлігі қарады. Ғират XV ғасырдың орта тұсында саясаттың, мәдениеттің, әдебиеттің дамуының орталығы болды. Осы кезде Иран, араб әдебиетінің мәдени әсерін игерген Лутфи (1366–1465 жж.), Атаи, Сәккәки сынды ақындар өзбек халқының көркем поэзиясының өркендеуіне өз үлестерін қосты. Бұлардан кейінгі Әлішердің де мол мұрасы өзбек әдебиетін биік сатыға көтерді. Ә. Науаи әдебиет пен өнерде өз туған тілі, яғни түрік тілін қалыптастыруға, өзіне дейінгі араб, парсы тілдерін ығыстыруға бар күшін салды.

1948 жылы Науаидің 500 жылдығына орай Қазмемкөркем-әдебиет баспасы ақынның “Таңдамалы шығармалар жинағын” жарыққа шығарды. Оның редакциясын басқарғандар: М. Әуезов, Ә. Тәжібаев, Қ. Әбдіқадыров. Кітапты аударып, өңдеген – Қ. Әбдіқадыров. Мұнда Әлішердің “Шардеуанға” кірген “ғазал-

дарының” (сыршыл жырлардың) үлгілерімен қатар, “Фархад – Шырын” дастанының үзінділері берілген. Бұл бастама негізінен өзбек ақыны Әлішердің шығармашылық мұрасын қазақ оқырмандарына таныту еді. Қазіргі таңда Әлішер Науаидің көптеген еңбектері қазақ тіліне аударылуда.

1. 253-б. **Абдурахман Жами (1414–1492)** – орта ғасырдағы шығыс ойшылдары мен ақындарының ішінде өзінің ақындығымен танылған, парсы-тәжік әдебиетінің негізін салушылардың бірі. Жами – лақап аты. Ақынның толық аты – Нараддин Абдурахман ибн Низаматдин Ахмад ибн Шамсаддин Мұхаммад. Жами төрт жасынан хат таныған. Ә. Науаи Жамиден сабақ алған. Науаи “Нақшбандий” софылық ұйымына кірген кезінде Жамиді өзінің рухани ұстазы санаған. Жами Әлішердің ғазелдерін (жырларын) оқығаннан кейін оны жаңа әдебиеттің, яғни түркі тілінің негізін салушы деп таныды. Жамидің белгілі дидактикалық шығармасы “Бахаристан” – “Көктемгі бақ” он жасар ұлы Зийадин Жүсіпке өсиет ретінде арналған.

А. Болсынбаева

“Живой Навои”

М. Әуезовтің бұл мақаласы 1948 жылы “Казахстанская правда” газетінің 15 мамырдағы санында жарияланды. Жазушының “Таңдамалы” жинағында (Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1997. 368–370-бб.) басылды. Аталмыш мақаланың 1948 жылы 15 мамырда “Социалистік Қазақстан” газетінде жарияланған “Ақынның өзбек өнеріндегі бейнесі” деген қазақ тіліндегі нұсқасы М. Әуезовтің елу томдық шығармалар жинағының 21-томында берілді. Мақаланың қолжазбасы сақталмаған. Газеттегі орысша нұсқасы осы томға өзгеріссіз беріліп отыр.

Мақалада жазушы өзбек халқының ұлы ақыны Әлішер Науаидің жарқын бейнесі ақындардың жырлауында, мүсінші, суретшілердің бейнелеуінде халықтың есінде мәңгі ескерткіш болып қалатындығын айтқан. Әлішер шығармаларының негізінде көптеген пьеса, либреттолар (“Фархад – Шырын” музыкалық драмасы, “Ләйлі – Мәжнүн” операсы) жазылды. Өзбекстандағы академиялық опера театры Науаи атымен аталынды. “Әлішер Науаи” кинофильмі, “Әлішер Науаи” драмасы қойылды, өзбек халқының белгілі жазушысы Айбектің “Науаи” романы жарық көрді. Айбек осы романы үшін 1946 жылы бірінші дәрежелі Сталиндік сыйлыққа ие болды. Науаи мұралары жайында ақын-ғалым Ғафур Гулям, Максуд Шейхзадениң ғылыми жұмыстары да белгілі.

А. Болсынбаева

“На крыльях Алып-каракуса”

Мақала “Казахстанская правда” газетінің 1949 жылғы 1 мамырында жарияланған. Газеттің осы 2-бетінде халық ақыны Қалқа Жапсарбаевтың И.В. Сталинді мадақтайтын орысшаға аударылған өлеңі де бар. Замана тынысын осыдан-ақ түсінуге болады.

М. Әуезов социалистік дәуірдегі қазақ қоғамының жетістіктерін дәріптеу үшін ертегі, мифтегі алып қарақұс бейнесін салыстыру белгісі ретінде алады. Автор мадақтайтындай жеке бас бостандығы, нақты бір жалдаушыға тәуелсіз еңбек, өндіріс пен ғылым, білім, өнердегі жетістіктердің рас болғанын қазір де ешкім жоққа шығара алмайды. Сахара тұрғындарының бұрынғы өміріндегі оқу-ағарту, кәсіппен тиімді айналысу, құрылыс жүргізу сияқты қарапайым салалардың өзінде ескі сарында қалуын әлемдік өркениет қалаған жоқ. Бай-мырзаның аузына қараған теңсіз өмірдің жағымсыз нышаны – әйгілі шахтер Түсіп Күзембаев бетіндегі жаралар дағы поэтикалық теңеу ретінде келтіріледі. Қаламгер ойшыл өнер адамы болғандықтан, сол кездегі қазақ халқының тіршілік тынысын капитализм елімен қарама-қарсы ұтымды салыстырулар арқылы, көпшілік қауымға ұнайтын қоғамға разылық рухында көрікті бейнелерді, теңеу мезеттерін еркін пайдалана отырып, дәлелі мол пайымдаулар жасайды. Саясат үшін ірі тұлғалардың мұндай ой-пікірлері зор идеологиялық тірек-таяныш болатын. Дегенмен, М. Әуезовтің советтік жүйедегі жұртшылықты халық ұғымында аса ұнамды көріне бермейтін “алып қарақұсқа” балауынан жыртқыштық ниетті мансұқ етпейтін дүлей күш туралы кері мағына астарын да табуға болар еді. Ол бүгінгі күннің райына жақын. Алайда олай бал ашудың жөні келе бермейтін тәрізді. Айқын дәйек қажет. Әр туынды бірінші кезекте өз уақыты тұрғысынан бағаланады. Тарихқа өңдеу жүргізбесек те, М. Әуезов таланты мен кісілік тұлғасы әрдайым биік тұғырынан түспейтіндей.

Б. Майтанов

“Игілікті сапар”

М. Әуезовтің Мәскеуде өтілуге тиіс қазақ әдебиеті мен мәдениетінің онкүндігіне байланысты жазған бұл мақаласы “Социалистік Қазақстан” газетінің 1949 жылғы 10 мамырдағы санында жарияланып, осы нұсқа бойынша жиырма томдық шығармалар жинағында (Алматы: Жазушы, 1985. 18-т. 272–275-бб.) басылған. Мақаланың қолжазба нұсқасы сақталмаған. Қолда бар осы екі нұсқаны салыстырып қарағанда, айтарлықтай айырмашылық жоқ. Тек азат жолындағы үшінші сөйлемдегі “жағдайға”, “жасалды” сөздері газетте “жағдайды”, “жасады” деп берілген.

М. Әуезов бұл мақаласында Мәскеуде өтілуге тиіс қазақ әдебиеті мен мәдениеті онкүндігінің мәні мен маңыздылығына тоқтала келе, одан күтетін игі нәтижелерді атап көрсетеді.

Екі ел арасындағы мәдени байланыс, әдебиеттегі жетістігіміз, оның ішінде түрлі жанрдағы табыстар және сондай-ақ достық пиғылдағы әділ сын айтылуы сияқты келелі мәселелер тар мінбеден ғана емес, отандық баспасөздерден көрініс тапса, осындай жетістіктердің ғылыми нәтижесі ретінде құнды кітаптар, монографиялар дүниеге келсе, жалпы қазақстандықтардың, қазақ елінің өрелі жетістіктері әлемдік деңгейде таныла білсе, осы аталған онкүндік сапардың дйттеген мақсатына жеткендігі болар еді деген тұжырым жасайды.

Мақала М. Әуезовтің 50 томдық академиялық басылымына кітаптағы мәтін бойынша әзірленіп, өзгеріссіз жіберілді.

А. Пірімбетова

“Бағалы еңбек”

М. Әуезовтің “Бағалы еңбек” атты мақаласы 1949 жылы 14 тамызда “Социалистік Қазақстан” газетінде шыққан. Кейін “Уақыт және әдебиет” кітабының (Алматы: Қазмемкөркемәдеб-бас., 1962) 305–312-беттерінде; он екі томдық шығармалар жинағы (Алматы: Жазушы, 1969) 11-томының 35–55-беттерінде; жиырма томдық шығармалар жинағы (Алматы: Жазушы, 1985) 18-томының 336–344-беттерінде жарияланған.

Мақала жазушы-драматург Әлжаппар Әбішевтің “Бір семья” атты пьесасының Қазақтың академиялық драма театрында өткен кезекті қойылымына байланысты жазылған. Онда кейінгі кездегі театр репертуарындағы спектакльдер ішінде аталған пьесаның өзіндік орны бар, көрермен жылы қабылдаған туынды екені атап өтіледі. Шығарманың ішіндегі өзіне тән сәтті ізденістері мен сол уақытта жазылған кеңестік драматургияның кейбір өзекті мәселелері жөнінде автор осы пьесамен байланыстыра отырып пікір білдіреді. “Бір семья” пьесасы Қазақтың мемлекеттік драма театрында қойылып жүрген шығармалар арасында кеңестік әдебиеттің социалистік реализм әдісі қойған талаптарына толық жауап беретін туынды есебінде алдыңғы қатардан орын алатын белгілі туынды еді. Пьесаның көркемдік жетістіктері ретінде жазушы шығарма кейіпкерлерінің толық сипаттағы, қоғамда өз орны бар, адамгершілік жағынан кемшілік-мінсіз жақсы адамдар ретінде суреттелуін атаса, кей тұстағы алынған оқиғаның жасанды түрде берілуіне жетіспей жатқан олқылық есебінде сын пікірлер білдіреді. Бұл айтылған мәселелер тек осы пьесаға ғана емес, кеңестік кезеңде жазылған көптеген драмалық туындыларға тән ортақ сипат еді.

Жазушы аталған пьесаның көркемдік ерекшелігін, мазмұн жүйесін ғана сөз етіп қоймай, театрда өткен қойылым кезінде сахнада қалай ойналғанына да назар аударған. Спектакльдегі

негізгі рольде ойнаған кейбір актерлердің шеберлігіне, көрсеткен өнеріне жоғары баға береді.

1. 278-б. **“Ең әуелі сондай хал Корнейчуктің “Платон Кречетінде” жазылған”** – Корнейчук Александр Евдокимович (1905–1972) – Украин драматургі. КСРО Ғылым академиясының академигі, 1941 жылы “Платон Кречет”, “Богдан Хмельницкий” пьесалары үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығын алған.

2. 280-б. **“Спектакльді қоюшы Дьяков жолдас реалистік спектакль жасау жөнінде көркем шындықты көп көздегенге ұқсайды”** – Дьяков Сергей Викторович – орыс актері, режиссер. ҚазКСР-нің еңбек сіңірген артисі.

3. 280-б. **“Жанар ролінде Римова...”** – Римова Бикен (1923–2000) – актриса, Қазақстанның халық артисі.

4. 280-б. **“...Айдостың роліндегі Өгізбаев...”** – Өгізбаев Жағда (1912–1962) – актер.

5. 280-б. **“Ол – Богданов роліндегі Сыздықов, Мәжел роліндегі Сәлменов”** – Сыздықов Мәнтай (1915–1975) – актер, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген артисі. Сәлменов Рахметолла – актер, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген артисі.

6. 280-б. **“Телғараевқа Қоқым образының өзі екіұдай болғандықтан, әзірше қояр кінә да жоқ”** – Телғараев Сейфолла (1910–1975) – актер, Қазақ КСР-нің халық артисі. Негізінен комедиялық рольдерде ойнаған.

К. Рахымжанов

“Асыл нәсілдер”

(әңгіме)

Әңгіме алғаш рет “Әдебиет және искусство” журналының 1947 жылғы 3-санында жарияланды, бұдан соң бесжылдықтың қайраткерлеріне Қазақстан Жазушылар одағы арнайы шығарған көркем шығармалар жинағына (Алматы: Өрлеу, 1997) енді. Осыдан кейін жазушының он екі томдық шығармалар жинағы (Алматы: Жазушы, 1967. 2-т. 189–235-бб.) мен жиырма томдықтың 2-томында (Алматы: Жазушы, 1979. 370–418-бб.) ба-сылды.

М. Әуезовтің осы әңгімесі кей тұстарда повесть деп те айтылып жүрді. Қаламгердің өз мұрағатында әңгіменің үш түрлі нұсқасы (47, 48, 49-бумалар) мен басқа да жинаған деректері және жоспар түріндегі араб әрпінде жазылған қолжазбалары да сақтаулы тұр. Бұлардан барлық кезде де өз туындысын бірден бірге жетілдіріп, дамытып, жаңа, тың ойлармен толықтырып отырғандағы ізденістері көрінеді.

Қазақстанда мал тұқымын асылдандыру ісіне қатысты сөз, әсіресе соғыстан кейінгі жылдары баспасөз беттерінде жиі-жиі көрініс беруі қаламгер ойын аудармай тұра алмады. Сол саланың мамандарымен пікір-ой алмасу мақсатында Алматы маңындағы ауылдардың мал жайылымын аралауға шықты. Осы сапарларының әсерлері очерк болып та (“Үшқоңыр жайлауында”, “Ворошилов атындағы колхозда”) қағазға көшті. Сол тұстағы малшылар өмірін, тұрмыс-халін көзімен көріп, жанымен сезініп қайтқаннан кейін, олар жөнінде прозалық та, драмалық та шығармалар жазудың жол-жобасын қарастыра бастады. Алар тақырыбының өзегі мал басын көбейту, оны асылдандыру, оның ғылыми негіздерін жасау төңірегінде болған соң, алдымен өзі біліп-сезінуі, көз жеткізуі үшін оқып, ізденудің терең ағыны-

на түсіп кетті. Сондағы алдымен қолға алғандары Ч. Дарвин мен К. Тимирязевтің биологиялық, физиологиялық, И. Мичурин мен К. Мыңбаевтың селекциялық еңбектері болды. Испан, Американың, Аргентина, Уругвай, Австралия, Жаңа Зеландия, Қытай және ағылшын мериностары төңірегіндегі ғылыми тұжырымдар жасаған М. Ивановтың, қазақтың биязы жүнді қойын жетілдірумен айналысқан В. Бальмонттың, будандастыру тәжірибесімен шұғылданған М. Ермековтің кітаптарын конспектіледі. Бальмонт әсіресе қазақтың биязы жүнді қойын шығару, яғни асылдандырылған жаңа қой тұқымын шығарудың теориясы мен практикасын дамытумен қатты айналысты, осы еңбегінің нәтижесі “Кроссбредное овцеводство”, “Овцеводство Казахстана” деген кітаптарында айрықша көрініс тапты. Ол басқарған ҚМИ-дің (Қазақтың мал шаруашылығы институты) ғалымдары Американың “рамбульесін”, Англияның “перекосын”, Батыс Еуропаның “вюртенбергін”, Шығыстың “гиссоры” мен “саргиджасын” арлыберлі араластыру арқылы қазақ қойының жаңа тұқымын шығару нәтижесіне қол жеткізді.

Қаншама еңбектерді мұншалықты тереңдеп оқып, зерттеп, ізденулерге баруы көлемді шығармалар жазу ойында болғандығын елестетеді. Ол ойларының жүзеге асуына Академияның жоспарлы ғылыми жұмыстары мен “Абай жолының” кейінгі кітаптарын жинастыру қажеттігі және елуінші жылдары белең алған мінеу, айыптаудың айтыс-тартысы мүмкіндік бермеді.

Бұл туындысында жаңа заманның ғалымдары мен еңбек адамдарының іс-әрекеттерін, олардың жаңа ізденістерде табысты нәтижелерге қол жеткізулерін көрсетуге бекінді. Ондағы Есіргеп, Балжан, келіні Әсия, қызы Қанипа сияқты жандар ҚМИ-дің дүниеге келтірген қойларын бағып, күтеді. Есіргеп пен Балжанның жалғыз ұлы армияда, қолдарындағы келіні соғыста хабарсыз кеткен ұлынан емес, бөтен адамнан бала күтуі Есіргепті қатты азапқа салады. Оның осындай хал-күйі ерекше күтімді тілейтін қойдың жаңа түріне кесірін тигізе жаздайды; қалпына келген үй ішінің ынтымағы асыл тұқымды малды қатал қыстың боранында ит-құсқа жем қылмай алып шығартады. Міне, жазар дүниесін әбден зерттеп, анықтап, көзі жеткенде ғана барып қолға алатыны бұл шығармасын жазу барысынан да көрінеді. Бәрін де алдымен өзі ұғынуы керектігін о баста ұстанған қаламгер бұл жерде де сол әдет-машығы тұрғысынан табылады.

Шығарманың үш түрлі нұсқасындағы жөндеп-өңдеулері, жетілдіруі, қысқартуы, саралаулары да әртүрлі. Осындайда шығарманың көркемдік кестесіне лайықталып жүргізілген әртүрлі жөндеу-өңдеулер шеберлік арттырудағы еңбек процестерінен хабардар етеді. Әрқайсысындағы түзетулер, қосымшалары, өңдеулері немесе қысқартып алулары болсын айтарлықтай айырмашылықтар барлығын сездіреді. Мысалы, екінші нұсқасын жазардағы өзгерістерін бірінші нұсқасына жүргізсе, үшінші нұсқасын жетілдірудегі жазбаларын екінші нұсқасына қосады. Олардың шағын сөйлем, абзацтардан бастап, бірнеше бетке жалғасатын тұстары бар. Осындай жөндеулердің барлығы да әңгімедегі оқиғаның өрбуіне, адамдардың психологиялық жағынан ашылуына, дәлелдене түсуіне жаңалықтар әкелгендей сезіледі. Әңгіменің бірінші нұсқасындағы: “Қанипаның күткені Әсияның осындайға кесіп айтқан жауабы болатын.

– Айтқаның болсын тегі, тыңдамағың осы жауабың еді, Әсия, енді сен алаң болмағын, тегі, қалған сөздің бәрін өзіме бергін, – деді.

Келешек екеуіне де мәлім емес болса да, үмітшіл жас, көңілді жас, қажыр-қайратты екі дос әйел алдағыны өз кезіндегі мезгілдің шешуіне беріп, Әсияны талай күннен сенделткен жайдың алғашқы бір шешуін осымен доғарысты” (47-бума, 18-б.) – деген тұсына шығарманың екінші редакциясында: “Қанипа оны жұбатпақ, тыныштамақ болады: – Уайымды қойғын, тегі. Алаң болмағын. Ендігі қалған сөздің бәрін өзіме бергін! – дейді. Бірақ келешек екеуіне мәлім емес. Бір кезек екі дос әйел алдағыны мезгілдің шешуіне бергендей болады” (48-бума, 16-б.) – деп, өзгеріс енгізілген. Осы екі қолжазбаның үшінші нұсқасы мынадай болып қалыптанған: “Қанипа оны жұбатпақ, тыныштамақ болады.

– Ұялғанды қойғын, тегі. Алаң болмағын. Ендігі қалған сөздің барлығын өзіме бергін! – деді. Бірақ келешек екеуіне де мәлім емес.

Молтайдан амандық хабар келмегенге де бірталай болды. Ол хатты жиі жазушы еді. Неліктен хабары үзіліп тұрғаны мәлім емес, бұл бір күдік. Ол өзі жалғыз жігіт еді. Артында Әсиямен екеуінің сырына ие боп қалған ата-анасы да жоқ. Әсия болса және сондай. Бұның әкесімен туысқан көп балалы ағасы болмаса, өзінде шешеді бір туған жоқ. Егер Әсия бұл үйден кетсе, қазіргі екіқабат жайында сүйеу болар кісі жоқ. Есіргеп-

ке бар шынды ашайын десе, оған Сайлыбектің өлімін ең алдымен естірту керек. Бұған Қанипа бекінсе де, Әсия рұқсат бермейді. Өзінің қысылғаны үшін қарттарды ауыр уайымға сала алмайды. Олар жарасын мезгіл емдер. Өздері жүре-жүре күдер үзер десті екі дос әйел... Оның үстіне, қазіргі сынға шыққан үлкен еңбек сапарында оларды зор уайыммен қажытуға болмайды. Көп шабандар ортасында отырса бір сәрі. Бұл отардың бар адамы алған мемлекеттік зор міндет бар. Социалистік жарысқа отар мен отар боп түскен серттері бар. Енді бұлар бірінен-бірі ажыраса, ол бір сергелдең. Осындай ойлар екі әйелді көп толғандырады. Ас қыларды шеше алмайды. Тым құрса КИЖ-ден біреу келсе екен деп, дос көңілге үміт артысады. Бір кезек екі жас әйел алдағыны мезгілдің шешуіне бергендей болады” (47-бума, 12-б.).

Осы жетілдірілген үш түрлі редакциядан автордың бір жазғанын қайта-қайта өңдеп-жөндеуден жалықпағандығы, ұдайы жаңартып, жаңғыртып отырғандығы көрінеді. Адам мінездерінің иірім-іздерін қуалап, психологиялық жағынан кеңейте беруге, байыпты суреттелуіне ерекше назар аударады. Бұған Әсияның іштей толғануы, өзімен-өзі сырласуы дәлел. Сондықтан да жөнделіп-жетіле түскен тұстар Әсияның ішкі ой-сезіміне, қиналысына байланысты беріледі. Егер осындағы жекелеген сөз-сөйлемдерге келсе, осының жайынан талай қызықты мысалдарды, ерекшеліктерді келтіруге болады.

Т. Әкім

“Асыл нәсілдер”

(пьеса)

Пьеса алғаш рет жазушының он екі томдық шығармалар жинағының 10-томында (Алматы: Жазушы, 1969) басылды. Осыдан кейін 1982 жылы жиырма томдық шығармалар жинағының 11-томына (“Жазушы”, 239–296-бб.) енді. Бұл басылымға қаламгер мұрағатының 114-бумасында сақталған нұсқасы негізге алынды.

М. Әуезов әңгімесі сияқты пьесасын да бірнеше нұсқада жазды. Солардың барлығы да толықтыру, қысқарту, қосу, алу сияқты жөндеп-өңдеулердің иір-қиыр жолдарынан өтті және әрбір сурет, актылардың мына секілді жоспарлары жасалынды: “Жетінші сурет жоспары: “Қанипа, Балжан қысылады, қыстан аман еді, қасқыр да шығын емес еді... 4. Министр: салыстырыңдар, Бектенов, Першин өзге отарлармен салыстыру” (115-бума, 32-б.). Алғашқы нұсқасындағы оқиғаға қатысатын адамдар саны 21 еді, одан кейінгі өңделуінде – 18, ең соңғысында – 15-ке түсіп қалды. Орыс тіліндегі нұсқасын “Стойкое племя” деп, “Арқалық” деген бүркеншік атпен бәйгеге де ұсынды.

Пьеса 1947 жылдың 19 қыркүйегінде Жазушылар одағының арнайы ұйымдастырған жиынында талқыланды. Онда жазушылар, өнердің мына секілді мүшелері мен қайраткерлері: С. Мұқанов, Ә. Әбішев, Ә. Ахметов, Ғ. Мүсірепов, Ә. Тәжібаев, С. Бегалин, Қ. Сатыбалдин, М. Ақынжанов, Е. Ысмайылов, Ж. Саин, М. Иманжанов, Қ. Бадыров, Ш. Аймановтар өздерінің пікір-ойларын, ұсыныстарын айтты (ҚР МА 1. 8,1-тізбе, 392-іс, 105-парақ). М. Әуезовтің Қасым Аманжолов екеуі Бакуде Низамидің тойында жүргендігіне байланысты жиын алдында пьесаны Шәкен Айманов оқып таныстырады. Сонда Мүсірепов, Мұқанов, Бадыровтар едәуір сын айтып, драманы автор қайта

жөндесін дегенге тоқтайды. Бұл еңбек Октябрьдің 30 жылдығына арнайы жазылып, театрдың жоспарында да тұрған болатын. Сол талқылаудың әсері болу керек, сахнаға шықпай қалды.

Ал, осындай сын ескертпелерге автордың қаншалықты құлақ асып, аспағандығын дөп басып айту қиын. Әрбір нұсқадағы өңделіп, жөнделулері, жаңа ой, тың қосымшалармен толықтырулары мүмкін сондай пікір, ұсыныс, ескертпелерден кейін болған шығар. Сондағы оның ғылымдық ой-тұжырымдарын осы саланың үлкен маманы Кәрім Мынбаев сияқты ғалымдар мақұлдайды. Әңгімеге қарағанда пьесадағы ғылымдық ой арналары ауқымдырақ. Осы істің баянды болуы үшін күрескен оқымыстылармен бірге, әлеуметтік мүддесі, өресі өсе түскен қойшылар да көрінеді.

Т. Әкім

М А З М Ұ Н Ы

I. МАҚАЛАЛАР, ЗЕРТТЕУЛЕР	3
Ертегілер	5
Жолы кең жазушы	78
Ворошилов атындағы колхозда	83
Проблемы изучения истории казахской литературы	88
Века и годы	103
Тезисы к докладу “История казахской литературы”	107
Письмо с Востока	116
Жамбылдың айтыстағы өнері	122
Қазақ әдебиетінің тарихын жасау мәселелері	137
Өткен жыл жемістері, жаңа жыл мұраттары	153
“Қыз Жібек”	155
Состязательные песни и искусство импровизации у Джамбула	178
Любимый поэт	188
Үшқоңыр жайлауында	189
“Қозы Көрпеш – Баян сұлу”	197
Ұлы ойшыл, сыншы	236
Біздің елдің салт-сауығы	242
Әлішер Науаи	249
Живой Навои	259
На крыльях Алып-каракуса	265
Игілікті сапар	270
Бағалы еңбек	273

II. ӘҢГІМЕ	281
Асыл нәсілдер (бірінші нұсқасы)	283
III. ПЬЕСА	331
Асыл нәсілдер	333
IV. ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР	391

ӘУЕЗОВ МҰХТАР ОМАРХАНҰЛЫ

Шығармаларының елу томдық толық жинағы

28-том

Академиялық ғылыми басылым

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
ғылыми кеңесінде бекітіліп, баспаға ұсынылған*

Баспа жобасының жетекшілері:
С. Назарбаева, Б. Қанапиянов

Редакторлары: *Б. Хабдина, Б. Мұсахан, А. Шаихова*
Көркемдеуші редакторы *С. Оспанова*
Техникалық редакторы *Н. Ромахова*
Компьютерде беттеген *И. Селиванова*

Басуға 10.07.2014 ж. қол қойылды.
Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$, Офсеттік қағаз.
Қаріп түрі “Таймс”.
Шартты баспа табағы 23,1.
Таралымы 4000 дана.
Тапсырыс № 1329.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru

“Жібек жолы” баспа үйі
050000, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 50.
Тел.: 272-65-01, 261-11-09.

ISBN 978-601-294-170-8



9 7 8 6 0 1 2 9 4 1 7 0 8